

**ҚАЗАҚСТАН
ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ
ӘДЕБИ-ӘЛЕУМЕТТІК
ЖУРНАЛЫ**

1922 жылдан шыға бастады

ҚҰРЫЛТАЙШЫ –
Қазақстан Жазушылар одағы

**РЕДАКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ –
Мереке ҚҰЛКЕНОВ**

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

АМАНШАЕВ Ермек

АХМЕТБЕКҰЛЫ Алмас

БЕГМАНОВ Қасымхан

ЕЛУБАЕВ Смағұл

ЖАҚЫП Бауыржан

ИМАНҒАЗИНА Бибігүл

КОЖАХМЕТОВА Мағира

КОЙГЕЛДИЕВ Мәмбет

МАТЫЖАНОВ Кенжехан

МӘЖИТОВ Марат

МЕНДЕКЕ Әмірхан

НҰРЖЕКЕЕВ Бексұлтан

ОРАЗАЛИН Нұрлан

ОРАЛБАЙ Өтеген

СЕГІЗБАЙҰЛЫ Кәдірбек

ТҮЙМЕБАЕВ Жансейіт

ФАЗЫЛЖАН Анар

ЫБЫРАЙЫМ Бекен

ІЗМҰХАМБЕТОВ Бактықожа

БАС РЕДАКТОР

Дәурен ҚҰАТ

**БАС РЕДАКТОРДЫҢ
ОРЫНБАСАРЫ**

Дархан БЕЙСЕНБЕКҰЛЫ

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

Нұрлан ҚАМИ

ART-РЕДАКТОР

Марат СӘБДІКЕН

ТІЛШІЛЕР:

Жұмабай ҚҰЛИЕВ,

Бектұр ТӨЛЕУҒАЛИҰЛЫ
(Маңғыстау облысы),

Нұрдәулет АҚНАЗАРОВ
(Атырау облысы),

Сабырбек ОЛЖАБАЙ
(Оңтүстік өңірі),

Толымбек ӘБДІРАЙЫМ
(Арқа өңірі).

КОРРЕКТОР

Бағдижамал ТӨЛЕШҚЫЗЫ

КЕЗЕКШІ РЕДАКТОР

Дархан БЕЙСЕНБЕКҰЛЫ

Редакцияға түскен шығармалар редакцияланбайды. Қолжазба қайтарылмайды. Көшіріп басқан жағдайда «Жұлдызға» сілтеме жасау міндетті.

Жарияланған дүниелердегі деректердің нақтылығына авторлар жауап береді. Пікір-толғамдар редакция көзқарасымен сәйкес келе бермеуі мүмкін.

© «Жұлдыз»

МАЗМҰНЫ:

Жыр алыбы

Қансейіт ӘБДЕЗҰЛЫ
**ҒАСЫРЛАР ҮНІН
ЖЕТКІЗГЕН ЖЫРАУ**..... 3

Жамбыл ЖАБАЕВ
ӨТЕГЕН БАТЫР. Дастан 8

Жадындағы жазбалар

Тұрсын ЖҰРТБАЙ
БЕСҚАРАГЕР. Соңы 21

Ой-қазына

Бексұлтан НҰРЖЕКЕ
ЖАН-ЖАНУАРЛАР ЖАҒДАЯТЫ
немесе ақсақалдың танымдық
әңгімесі 54

Поэзия

Толқын ҚАБЫЛША
**ЖЫП-ЖЫЛТЫР АДАМДАРДАН
ЖАЛЫҚТЫМ МЕН...** 77

Жас қалам

Әділет ШОПЕН
**БОЛМАҒАНМЕН ӨҢІМДЕ,
ЖОҒАЛМАШЫ ТҮСІМНЕН...** 80

Ділде УӘЛИБЕК
МҰҢЛЫ ҚОҢЫР 83

Серік НҰҒЫМАН
**ҚАЛТАРЫСТА
ҚАЛҒАН АДАМ.** Хикаят 87

Нұрлыбек САМАТҰЛЫ
АППАҚ ҚЫЗДЫҢ МӘЙІТІ. Әңгіме 142

Дәурен ҚУАТ
**БРУКЛИН КӨПІРІНДЕГІ
КЕЗДЕСУ.** Хикаят 150

Сөз сөзлесі

Қанипаш МӘДІБАЕВА
**ШЫҒАРМАДАҒЫ
ДІНИ АРҚАУ.** 183

Қуиіс қанат тырналар

Голи ТАРАҒИ
**ШАМИРАН БАҒЫТЫНДАҒЫ
АВТОБУС.** Әңгіме 191

«Жұлдыздың» шеберлік мектебі

АКУТАГАВА РЮНОСКЭ 202

Тілде сүйек жолы

**ТОТИЯЙЫН ТІЛДІ
ТАРЛАНДАР** 206

ҚАДІРЛІ ҚАЛАМДАС!

Қазіргі нарық қыспағында қай басылымның болса да шекесі шылқып тұрмағаны белгілі жай. Сол кепті біз де киіп отырмыз. Әлем әдебиетінің жауһарларын, қазақ қаламгерлерінің маңдайалды туындыларын, соның ішінде Сіздің де шығармашылығыңызды насихаттайтын «Жұлдыз» журналына өзіңіз бас боп жазылып һәм айналаңыздағы сөзіңіз өтетін ағайынның да жаздырып алуына ықпал етсеңіз, қарлығаштың қанатымен су сепкеніндей жәрдем болар еді.

Алдағы уақытта редакцияға шығармаңызды жолдарда журналға жазылғандығыңызды куәландыратын **төлем қағазының** көшірмесін қоса жіберуді қаперіңізге саламыз.



Жыр алыбы

Қансейіт ӘБДЕЗҰЛЫ,
ф.ғ.д., профессор



ҒАСЫРЛАР ҮНІН ЖЕТКІЗГЕН ЖЫРАУ

Өткен 2025-ші жыл – еліміздің өмірінде, қазақ қоғамында Абай жылы ретінде тарихқа енді. Себебі, өткен жылы қазақтың ұлы ақыны, кемеңгер ойшылы, Хакім Абайдың жүз сексен жылдық торқалы тойын мемлекеттік деңгейде, ұлттық ауқымда атап өттік.

Міне енді биылғы 2026-шы жыл – жыр алыбы Жамбыл жыраудың да жүз сексен жылдық мерейтойы ұлттық деңгейде аталып өтетін жылымыз. Атақ-данқы әлдеқашан әлем жүзін аралап кеткен, қолымызда қалған мәңгілік рухани мұрасы алыстан көз тартатын айыр көмей, абыз ақынның, жыр жампозы, жырау Жамбылдың мерей жасын Алты алаштың баласы түгел бас қосып, атап өтетініне күмәнім жоқ.

Қазақ ұлты, қазақ елі қай ғасырларда болмасын дарындарға, таланттарға кенде болған емес. Әсіресе, әдебиет және өнер саласында. Осы бағытта қазақ руханиятының бай да байтақ тарихын мақтанышпен айта аламыз.

Ұлт руханиятының ұлы ұстындары болады. Сол ұстындардың бірі әрине сан ғасырлық тарихы бар қасиетті қазақ әдебиеті.

Ал қазақ әдебиетінің алтын дінгектері – Абай, Жамбыл, Махамбет. Бірнеше мыңжылдықтардан тамыр тартатын ұлттық поэзиямызды, яғни түркілік поэзияны халық ауыз әдебиетін, фольклорды, ұлан ғайыр жыраулық мұрамызды аттап өтіп әңгіме өрбіту мүмкін емес...

Мұхиттай терең халық ауыз әдебиетін, әлемдік деңгейге кетіп қалған ұшы қиыры жоқ бай фольклорымызды айтпағанның өзінде бес ғасырға жуық дәуірлеген жыраулық поэзиямызға ғана тоқталсақ туған әдебиетіміздің терең тарихы көз алдымызға келеді.

Жыраулық поэзияның біздегідей көтерілген деңгейін бірде-бір бүгінгі түркі халықтарының әдебиетінен таппайсыз. Бұл – бұлтартпас шындық. Жыраулық поэзияның классикалық үлгісін тек қана қазақ жыраулары мен жыршылары дүниеге келтірді.

Он бесінші және жиырмамыншы ғасырлардың арасында шарықтап көтерілген, қазақи дүниетаным мен қазақи поэтикалық көркемдік қабылдаудың еңбір ғажайып туындыларын туғызған қазақ жыраулары өткен ғасырдың ортасында өздерінің тарихи миссиясын аяқтады.

Жыраулық поэзия әсіресе өз алдымызға бөлек мемлекет болып өркендеген хандық дәуірімізде айырықша жарқырап көрінді. Сыпыра жыраудан бастап Асан қайғы, Ақтамберді, Бұқар, кешегі Махамбет жырау, Жамбылға дейінгі алыптарымызды санамалап шыққанның өзінде әдебиетіміздегі осынау феномендік көркемдік құбылыс болған поэтикалық үдерісті ой елегінен

өткізуге болады. Біз соның бір белесіне ғана, яғни жыр алыбы Жамбылдың шығармашылығына ғана сабақтастырып әңгіме өрбiтудi мақсат еттік.

Осы орайда Жамбылдың алдында жыраулық өнердің баға жетпес үлкен мектебі жатқанын да ұмытпауымыз қажет. Соның бірі Жетісу ақындық мектебінің алтын діңгегі болған (Мұхтар Әуезовтің бағасы) Сүйінбай ақынның да әсер-ықпалын аттап кете алмаймыз.

Сүйінбай Аронұлының тұтас қазақ ауыз және жазба әдебиетіндегі, қазақ поэзиясындағы тарихи орнын бағалағанда оның қазақтың сан ғасырлық жыраулық дәстүріндегі өлшеусіз еңбегін ұмытпауымыз керек.

Сүйінбай, әрине қазақ әдебиетінің өлең, жыр және айтыс жанрында үлкен мектебін қалыптастырды. Бұл мектептен тәлім, тағылым алған, үйренген, шығармашылығына дарытқан қаншама айтулы қазақ ақындары өз туындыларында жаңа табыстарға қол жеткізді.

Сүйінбай ақын Оңтүстік, Шығыс, Орталық Қазақстан елін түгел аралап, күллі қазақ жұртын өз өнерімен сусындатты. Өзіне дейінгі ақындардан өз атасы Күсептің жырларын, Жанкісі жыраудың дәстүрін тереңдете меңгерді.

Аға буын ақындардан Қабан жырау (Қабылиса), Жанак, Түбек, Шөжелермен қатар ғұмыр кешті, талай өнер сайыстарына қатысты.

Өзімен тұстас Майлықожа, Майкөт, Қантарбай, Тезекбай, Бақтыбай, Қатаған сияқты өнер майталмандарымен жолығысқан, біразымен айтыс өнерінде сайысқа түскен. Осынау әдеби орта Сүйінбай шығармашылығына, әсіресе оның жыраулық дәстүрдегі туындыларына ерекше әсер еткен. Айталық, Сүйінбай ақын халық батырларын биік көркемдік деңгейге көтеріп, олардың дара образдарын сомдап, бейнелеп, елге үлгі етіп, қаһармандық жырлар толғаған эпик ақын.

Сұраншы, Саурық, Сыпатай, Тотан, Ботпай, Бөлтірік, Жабай, Мүйізді Өтеген батырлар туралы жырлар шығарған. Жыраулық дәстүрдің басты белгілерінің бірі – авторлары, яғни жыраулар өз туындыларын таңды таңға ұластырып, күнді күнге жалғап, сөткелеп жатқа жырлайтын болған. Ел сілтідей тынып жыраудың өнерін жалықпай, сүйсіне тындауды өздеріне абырой санаған.

Хандық дәуірде әсіресе өнердің осы түрі елге кең жайылды. Атақты жырауларымыздың әйгілі эпостық жырларды, «Көрұғылы», «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Ер Қосай», «Қырымның қырық батыры», тағы да басқа күллі түркі жұртына ортақ көркемдігі аса құнды айтулы эпостық туындыларды түгелдей жырлап бере алған.

Осы дәстүрді Сүйінбай заманында да әйгілі жыраулық дәстүрдің туын биік ұстаған, болашақ ұрпаққа аманат етіп табыстаған бір шоғыр ақындарымыз да осынау жыраулық дәстүрімізге адал болған. Сондықтан да қазақ поэзиясында, жалпы қазақ әдебиетінде Сүйінбай ақын қалдырған жыраулық дәстүр оның шәкірттерінің шығармашылығында да жаңаша түрленіп, жаңа поэтикалық арнада жалғасын тапты. Соның бірі – Жамбыл шығармашылығы.

Мен мақаламды ұстазым, Жамбылтануға теңдессіз үлес қосқан, олжа салған санлақ ғалым, профессор Мырзатай Жолдасбековтің бір ауыз сөзімен бастағым келіп отыр. Тура осыдан отыз бес жыл бұрын Мырзатай ағамыз Жамбыл шығармашылығынан докторлық еңбегін қорғады. Бішкек қаласында. Алматыдан арнайы академиктер Серік Қирабаев, Зейнолла Қабдолов, Зәки Ахметов, Тұрсынбек Кәкішев ағаларымыз барып сөз сөйледі, баталарын берді. Жамбыл туралы тұңғыш қорғалып жатқан докторлық жұмыс болғандықтан.

Сонда ұстаздарының шапанын көтеріп, бірге ілесіп орта буыннан ғылым докторлары: Рымғали Нұрғалиев, Сейіт Қасқабасовтар да жүрді. Оларға ілесіп бір топ шәкірттері, жас ғалымдар Жанғара, Зейнол, мен және Қамбар Керейқұлов бірге бардық. Қырғыздың төрінде, Бішкектің аспанында Жамбыл бабамыздың есімі, атақ, абыройы, жырлары асқақтап қол жетпес шырқау биікке көтерілді.

Қырғыз Ұлттық ғылым Академиясында қырғыз-қазақ ғалымдары бас қосқан сол Алқалы жиында мінберге көтерілген Мырзекең өз баяндамасын былай

деп қорытындылады: «Жамбыл – халық мүддесін ғасырлар бойы армандаған қажымас қамқордың дәстүріндегі жыршы, елдің мұңын мұндаған мүддегер, жыраулықтың көшпелі академиясы, ойшыл, данышпан ақын, туған халқының ар-намысы, үні, жүрегі және ақиқат шындығы.

Ол – эпик әрі айтыс ақыны, абыз жырау, жауынгер жыршы, шын мағынасындағы заңғар поэзияны жасаушылардың ең ұлысы. Жамбылдың құдыреті оның осындай асқан шеберлігімен ғана емес, халық поэзиясының бұтақ жайған алып бәйтерегі болуымен де, халық ақындарының жаңа көшін бастаған даралығымен де әлемді таң қалдырған болатын.

Байтақ қазақ даласын жырға кенелткен, осы бір тендесі жоқ өнерді биікке көтерген, ілгері дамытқан даңғыл жыраулардың ең соңғы үздігі – Жамбыл!», – деді.

Әрқашан тереңін қазып, тамырын аршып шешен сөйлейтін, төгілте баяндайтын, тосыннан қиыстыра білетін Мырзекен Жамбыл феноменінің алтын өзегін дәл ұстап, дәнін қолға ұстатқандай айтты. Сүйсінбеске амалың жоқ...

Жамбылдың жыраулық дарынын, жыраулық поэзияға қосқан баға жетпес олжасын ақынның өнерпаздық қырының ең басты қасиеті ретінде неге айшықтап айтамыз? Оның сыры тереңде...

Жамбылтану ғылымы ешқашан тоқтамайтын, суалып бітпейтін, таусылмайтын мәңгілік тақырып. Оның мұхиттай терең түбіндегі інжу-маржанын әр ұрпақ, әрбір замана көшіне келетін келесі буын өз биігінен зерттейді, зерделейді. Өзіне керегін алады, үрім-бұтағына аманаттайды. Жиырма бірінші ғасырдың ұрпағы біздер де өз сөзімізді айтамыз, саралаймыз, жүрек көзінен өткіземіз.

Бәрімізге белгілі, ғасырдан ғасырға жалғасып, атадан ұрпаққа мирас болып келе жатқан қазақ сөз өнерінің айшықты бір саласы – телегей-теніз жыраулық поэзия. Сақ, ғұн дәуіріндегі ар жағына бармай-ақ, берідегі Түркі империясы тұсындағы Йолығ-тегін, Тоныкөк, Қазақ хандығы салтанат құрған жүз жылдықтардағы жырауларымыз: Сыпыра, Асан қайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Ақтанберді, Доспамбет, Жиёмбет, Бұқар, Махамбет, Шөже, Майкөт, Марабай, т.б. Жыраулар көшін ары қарай да жалғастыра беруге болады, оның тамырын түркілік мың жылдықтарға тереңдетуге негіз бар.

Қазақ жыраулары тарихты түптеп таратып айтатын шежірешілер, миллиондаған жыр жолдарын жадында сақтай алатын құдыреттер, ұлы даланың ұлы тарихын таңнан таңға ұрып, сөткелеп, сағаттап жырлап, тындарманын үйіріп, селт еткізбей уысында ұстап отыра алатын сөз сиқырының иелері.

Жамбыл да күллі мұсылман жұртына кең тараған, әлемдік рухани мұраның үздік үлгілері болып табылатын Шығыстың қисса, дастандарын, лиро-эпостық жырларын, әйгілі туындылар «Көрұғылы», «Манас батыр», «1001 түн», «Шахнаме», «Ләйлі-Мәжнүн», «Орақ-Мамай», «Сейіт-Баттал», «Тотыкамал», «Қыз Жібек», «Едіге», «Шора Батыр», «Қабанбай», «Бөгенбай», «Ерназар мен Бекет» және өзінің төл дастандары «Сұраншы батыр», «Өтеген батырды» да ұзақ-ұзақ жатқа айтатын болған.

Жыраулардың барлығына табан астында суырып салып айта жөнелетін төкпелік, тапқырлық, көріпкелдік, данагөйлік, яғни импровизаторлық өнер тән. Керек болса Жамбыл әрбір дастанын жырлағанда шабыт орайына қарай, тындарман ортасына байланысты дастандарының бірнеше нұскасын айтатын болған.

Осы орайда ақындық өнер тарихын терең зерттеген біртуар ғалым, академик Есмағамбет Ысмайыловтың төмендегі пікірінде жыраулық поэзияға кең, ауқымды баға берілген. Профессор: «Жыраулар да ақын, көркем сөз шығарушы, өнерпаз, ауыз әдебиетінің өкілдері.

Жыраудың ақыннан өзгешелігі шығармаларының сарыны мен тақырыбы бірыңғай болып келуінде. Адам баласындағы қайғыны, зарды, ел ішіндегі ауыртпалықты толғау, әлеуметтік, елдік мәселелерді көтеру, болашақты болжап, ақыл айтып, батагөйлік ету, шешендік түйіндер жасап, терең ой қозғау

– жыраулардың дәстүрлі ерекшеліктері», – деп атап көрсетеді.

Сондықтан да бүкіл ел жыраулардың айтқанына құлақ түріп, әрбір сөзіне тоқтайтын болған. Ханнан бастап қарашаға дейін. Рухани байлықтың, ақындық өнердің ең биік шыны жыраулық поэзиядан көрініс тапқан.

Ел тағдыры, ұлттық мүдде, елдің ауызбірлігі, тұтастығы, халықтың болашағы туралы айтылатын жыр-толғаулар да жыраулық поэзияның тұсында шарықтау биігіне көтерілген. Қазтуғанның, Ақтанбердінің, Доспамбеттің, Бұқар жыраудың, Махамбеттің, Сүйінбайдың толғауларында, өлең-жырларында елдік, ұлттық тақырыптан басқа тақырыптарды таппайсыз. Ұлттық сарын, ұлттық рух, ұлттық мүдде, тәуелсіздік үшін күрес – жыраулық поэзияның ең басты арқауы. Алтын дінгегі.

Ал енді Жамбыл жырларын, әсіресе толғаулары мен дастандарын алсаңыз да дәл осылай. Жамбыл ақындығының ең басты арнасы, алтын жүлгесі – ұлт тағдыры, ел тағдыры.

Жамбыл өз шығармашылығына елдік мүдде, ұлттық сана, ұлттық құндылықтар биігінен көз салады, толғанады, алдымен халық тағдырын жырына арқау етеді. Ақынның суреткерлік таным көкжиегі кейде одан да биік деңгейге, жалпы адамзаттық құндылықтар деңгейіне дейін көтеріледі. Бейбіт өмірді мұрат ететін, күллі адамзаттық аңсарды, гуманизмді жырлайтын әйгілі «Ленинградтық өрендерім» жыр-толғауының әлем тілдеріне аударылуы соның бір ғана мысалы.

Әлемдік деңгейдегі шынайы гуманист тұлғалар – қазақ жыраулары болған. Солардың бірі, әрі бірегейі – ұлы жырау Жамбыл.

Даналықтан тұратын, данагөй жырдың тұнығын ғана ағыл-тегіл төгетін табиғи таланттың иесі Жамбылдың барлық жанрадағы туындыларын алып қарасаңыз ақынның әр алуан тақырыптарды толғағанын аңғарамыз.

Өсиет, ұлағат, тәлім, тәрбие, тағылым тақырыбын былай қойғанда, бір ғана – ерлік, батырлық, халықтық тақырыпты көтеретін Жамбылдың қос дастаны: «Сұраншы батыр» мен «Өтеген батыр» эпостық жырлары жыраулық поэзияның ең үздік үлгілері. Екі дастан да тұнып тұрған тарих. Ел тарихы, ұлт тарихы.

Автор эпостық таным, эпостық поэтика биігінен биігінен ой толғап, өз туындыларында халық тағдырын тарихи ретроспектива аясында суреттейді. Тарих көші мен ұлтының жүріп өткен жолын бас кейіпкерінің тағдыр жолымен тұтастыра, тоғыстыра бейнелегенде бір халықтың тарихи тағдыры көз алдымыздан өтеді.

Метафоралық тенеулер арқылы қазақ даласындағы барлық тарихи жерлер мен тарихи оқиғаларды қамтып, айшықтап жеткізетін дастан жолдарын тебіренбей қабылдау мүмкін емес...

«Өтеген батыр» жырын Жамбыл:

Қырғауыл ұшып, қаз қонған,
Аққу келіп, жаз болған,
Алтайға қара маралды!
Балығы таудай тулаған,
Бақасы қойдай шулаған,
Шортаны шоршып ойнаған,

Алтын қаймақ Аралды.

Қазақ бұрын құл болған,
Күн көруге мұң болған.
Күнді көрдік, ел болдық,
Асу бермес, өр болдық.
Осы бақ қонған таңымда,
Саған да ортақ, маған да!»,

– деген жыр жолдарымен аяқтайды.

Ақтамберді, Қазтуған, Жиёмбет, Марқасқа, Бұқар, Майлықожа жыраулар үлгісімен, жыраулық сарында, философиялық астармен толғап, адам өмірінің әрбір белесін өлең жолдарына түсіреді.

Жалпы жыраулық поэзияда замана көшіне, яғни уақыт пен кеңістік аясындағы қоғам дамуына, сол қоғамда тіршілік кешетін адам пенденің өз ортасымен, тарихи оқиғалармен қарым-қатынасына, өмір белестеріне құрылатын өлең-толғаулар, сюжетті дастандар көп кездеседі. Сондай өлең-толғаудың үлгілерін Сүйінбайдан да жиі кездестіреміз. Мысалы, бір толғауында:



Дастан

Қазақ халқының рухани әлемінде айрықша орны бар Жамбыл жырау өз ғұмырында ел тарихын, халық тағдырын, ерлік пен бірлікті жырына арқау етті. Сол асыл мұралардың бірі – «Өтеген батыр» дастаны. Бұл шығармада Жамбыл XVIII ғасырда жоңғар шапқыншылығы тұсында ел қорғаны болған Өтеген батырдың ерлік тұлғасын халық жадында сақталған аңыздар негізінде көркемдік биікке көтереді. Ақын батыр бейнесін тек найзаның ұшымен, білектің күшімен өлшенетін қаһарман ретінде емес, халқы үшін қоныс, жер, болашақ іздеген кемеңгер ретінде суреттейді.

Дастанның өн бойында ерлік рухпен қатар терең философиялық ой, елдік мұрат айқын сезіледі. Табиғат көріністері мен мифтік бейнелер арқылы Жамбыл жырдың көркемдік кеңістігін кеңейтіп, Өтегеннің жолын халықтың тағдыр жолымен астастырады. Ақын «халық айтса, қалып айтпайды» деген ұстанымын берік ұстап, ел аузындағы шежірені жыр тілімен сөйлетеді. «Өтеген батыр» – өткен дәуірдің шежіресі ғана емес, елдікті, жерге деген сүйіспеншілікті ұрпақ санасына сіңіретін рухани туынды. Ұлы жыраудың 180 жылдық мерейтойы аясында бұл дастан халық жадындағы батырлық пен отаншылдықтың мәңгілік жыры ретінде қайта жаңғырып отыр.

Редакция

Жамбыл ЖАБАЕВ

ӨТЕГЕН БАТЫР

Ақ көбікке оранып,
Толқыны тоқсан бұралып,
Арықтай аққан арналы,
Жамбыл бір жыр жырласын.
Жұрт хикая тындасын,
Өтеген батыр туралы.
Хикая емес бұл өзі,
Өз жанымнан шығарған,
Есімде жоқ осы жыр –
Қайдан, қалай алынған.
Мұны, ызындап даладан, –

Жырлаған, ескен жел маған.
Бұл жырды мен естігем –

Тағы құлжа үнінен.
Бұл жырды мен естігем –
Бұлбұлдың тәтті күйінен.
Бұл жырды мен естігем –
Ер Өтеген туралы,
Санқылдап шыңның қыраны,
Аңыз еткен күнінен.
Бұл жырды мен естігем –
Тулаған толқын теңізден.
Бұл жырды мен естігем –
Шебінен, дала гүлінен.
Бұл жырды мен естігем –
Жұлдыздың аққан көгінен.
Бұл жырды мен естігем –

Өрінен өскен желінен.
 Бұл жырды мен естігем —
 Сай-саланың шегінен.
 Бұл жырды мен естігем —
 Безіп жүріп ауылдан.
 Бұл жырды мен естігем —
 Жыршыдан, ақын, қауымнан.
 Ай айналып, жыл озып,
 Өтеген өліп, қол үзіп,
 Сапар шекті келместей.
 Алайдағы тарихтың,
 Аузында халықтың —
 Аңыз қалды өлместей.

Сол туралы, мінекей,
 Домбыраны сөйлетем.
 Өтегенді мадақтап,
 Жырға қосып тербетем.
 Халық айтқанын қостаймын,
 Артық сөзді қоспаймын,
 Жырымды желше гулетем.

«Халық айтса, қалпы айтпайд»
 Мен де сонан асырман.
 Шынайы берген тұлға еді,
 Келе жатқан ғасырдан.
 Жаздың жылы түні еді,
 Өтегеннің тууы:
 Жетісу еді мәулеті¹.
 Сырымбет еді әулеті,
 Дулат еді руы.
 Түннің желі бесік боп,
 Тербеткен бөбек уызды,
 Қасара біткен маңдайдан,
 Жан еді қос мүйізді.
 Бала жастан әлпештеп,
 Баққан оны гiл кісі ед.
 Қасара біткен қос мүйіз,
 Батырлықтың белгісі ед.
 Жеңілмес жалын боп өскен,
 Ақылға, күшке, болжауға,
 Тартқан сымдай тал бойы,
 Ұқсаған тағы құлжаға,
 Өсті батыр тұлғалы,
 Жолбарыстай қарулы,
 Қырандайын қырағы,
 Арыстандай айбарлы.
 Жүз кісінің ішінде,
 Ол бір жүрген жолбарыс,
 Бір өзі батпан бірегей.

Аң аулауда, бәйгіде.
 Атағы шыққан әр елге.
 Жан еді бір думанда
 Жабықпаған жалғанда.

Мейірімді ана иетін,
 Бөбегін сүйіп, өрімін.
 Сондай-ақ о да сүйетін,
 Көшпелі қазақ өмірін.
 Жетісу қазақтың ежелгі қоныс еді,
 Мамығы майда оралған,
 Күндер болған бір кезде
 Сол жер қанға боялған.
 Бір кездерде алакөз —
 Болған сол жер аймағы.
 Ұрыс, қағыс болған кез.
 Қырғыз, қазақ, қалмағы.
 Найза ұшталып тұлпарлар,
 Жортып, жебе жарқылдар.
 Күндер болған өлікке,
 Қара қарға қарқылдар.
 Он сегізінші ғасырда,
 Далада, қырдың басында,
 Ақ жағалы, жез топшы,
 Патша жорық ашуда.
 Дүре соғып дүрілдеп
 Бүлдірген елді біріндеп,
 Атуға да асуға.
 Көшпелі елді жәбірлеп,
 Бұзып, қырып, өртеді.
 Ол күн қара борандай
 Болып кетті ертегі.
 Еміренген дала күңіреніп,
 Жайлауларда, тауларда —
 Жетісу бойы тебіреніп,
 Қуырылған патша, хандарға.

Өтеген сонда ойкастай,
 Талабынан таймастай,
 Ызаланып, ершігіп,
 Тұлыбы тола тершігіп,
 Бұл қорлыққа көнбеді.
 Қарсы шықты жанбастай.
 Күшінен бірақ танбады,
 Суарылған алмастай.
 Жұрт білмегенді ол білді,
 Боларын сезді бір сұмдық.
 Патша тігіп ордасын,
 Халықтың бұзып қордасын,
 Қан төгерін керемет,

¹Мәулет (арабша) — мәулид — туған жері. Отан, туған уақыты.

Жұрттан бұрын ол сезді.
 Қайғыға халық түсерін,
 Патша алдында бас иіп,
 Хандардың ант ішерін.
 Өтеген сезді хандардың,
 Арам, пасық ниеттерін,
 Халықты сатып, патшаның,
 Киерін шенін, шекпенін.
 Ер Өтеген олардан,
 Қорықпады – шынықты.
 Ұзақ сапар шегуге,
 Дайындады жорықты.
 Жинап болып нөкерін,
 Жаркылдады ол қырандай.
 Батыр барлық халықпен
 Ақылдасты, ұрандай:
 Арыным – батыр арыны,
 Дабылым – халық дабылы,
 Ақ жағалы патшаның,
 Жақындап тұр жорығы.
 Жетісуға жендеттің,
 Түскелі тұр құрығы.

Жетсе жендет нөкері,
 Халықтың сөзсіз құруы.
 Айдан анық қан қылып,
 Ұл, қызды тұтқын қылуы.
 Малды айдап, жерді алып,
 Таялды қуып шығуы.
 Олар келіп халықты,
 Көк өспейтін жерге айдайд,
 Көрместей ғып жарықты,
 Күн түспейтін жерге айдайд,
 Күнге қақтап, көктемде,
 Су түспейтін жерге айдайд,
 Аспанда ыстық күн шыжып,
 Жел еспейтін жерге айдайд,
 Сағым ойнап, құм қайнап,
 Үйлеспейтін жерге айдайд,
 Сондай жерге шыжыған
 Кім барғысы келеді.
 Барған адам ол жерге,
 Жапан түзде өледі.
 Жерді, суды патша алад,
 Жүрегім соны біледі.
 Ауылды апат күтіп тұр,
 Кім белсенед, кәнекей,

Күшін жинап жорықта?
 Үйірінен айдатып,
 Тұлпар атын байлатып,
 Қайсың әзір шығуға,
 Өтегенмен жорыққа?
 Өтегеннің талабы,
 Келген кезде кезегі,
 Дүние жүзін кезеді.
 Қара қазан, сар бала,
 Қамы үшін қамдана
 Қонысқа жер табады!
 «Мен табамын – табамын,
 Бұлақ аққан жерлерді!
 Көгі көктеп, гүл жарып,
 Құрақ атқан жерлерді!
 Төрт түлікке ыңғайлы,
 Толқын көлі, тоғайлы,
 Көгінен нәубет, жерден нұр,
 Құлап жатқан жерлерді
 Жұт болғызбай, құт қонған,
 Қой үстіне боз торғай,
 Жұмыртқалап, бақ қонған,
 Сүйікті қазақ халқына,
 Ұнап жатқан жерлерді».

Өтеген карап жатпады,
 Пайдасыз сөз айтпады.
 Ұрандап елді шақырды,
 Батыр кіріп қақпады.
 Елу жігіт бел байлап,
 Мақұлдасып, ыңғайлап
 Ақылға айтқан тоқтады.
 Ұрыс, керіс тоқталып,
 Насырға – айғай шаппады.
 Қай үйден кім шығады,
 Санап жұртты саптады.
 Өтеген бастап бұл ісін,
 Жорыққа оны-мұнысын,
 Екі жылға жеткендей –
 Етіп бал, шай, күрішін,
 Бөліп үйір жылқысын,
 Жібек жал тұлпар бұлдысын,
 Қыздың сұлу, құндысын,
 Жігіттің балуан, ірісін,
 Таңдап алып жер төлежіп²,
 Өткір көзбен жер сүзіп,
 Тұлпарының тұяғы

²Төлежу – ажарлану, керкею мағынасында.

Саз балшықтай тасты езіп,
 Жөнелді батыр жорыққа,
 Нөкерімен түзеп жүрісін!
 Жортқан жолдың шаңдағы,
 Ақ бұлттайын алысқа,
 Бұрқырап атып жол тартты,
 Қытай жақ. Күншығысқа.
 Жүрді олар жорықта,
 Жол тартқандай Меккеге,
 Таудан, күздан, өзеннен
 Кездесті талай өтуге.
 Жүре-жүре өздері
 Алтын күннің аясы,
 Көрінді түскен қарасы,
 Жакындады Пекинге³.
 Ол жердің миуа, жемісі –
 Күнге күйіп қабысқан.
 Даласында жүр кісі –
 Бүгіліп жерге жабысқан.
 Ұлтарактай өлкесі,
 Адамы көп, жері тар,
 Өтегеннің көзіне,
 Көрінді ол жер – қыспақ жар.
 Өліп-өшіп ондағы ел –
 Күріш еккен алқына.

Қытайда қоныс болмады,
 Қоныстар қазақ халқына.
 Жігіттер шаңға шалдығып,
 Азап тартты, түн қатты,
 Ол жерден қоныс таба алмай,
 Ізінше кері жол тартты.
 Өтегеннің нөкері,
 Сонда да қажып қайтпады.
 Жетті жортып Еділге,
 Көңілсіз Еділ бойлары,
 Ерлерді құп алмады,
 Тұнжыраңқы аймағы,
 Жабырқаңқы жан-жағы
 Ол кез Ресей патшасы,
 Еділге бұғау салғаны,
 Сезілді езіп зарлатқан,
 Салғаны елге найзаны.
 Осыдан бастап патшаның,
 Тігілді орда, іргесі,
 Көшпелі қазақ еліне,

Ол орда болды түрмесі.
 Арандайын ашылды,
 Қорқау патша құлқыны,
 Қызды күн ғып зарлатып,
 Айдап алды жылқыны.
 Өтеген батыр айқайлап,
 Түсті сыпыра жортуға,
 Дабыл ұрып жарқылдап
 Тағы да тау, құз жол тосып,
 Алдында жел аңғылдап,
 Үйсіз-күйсіз Өтеген,
 Жиһан кезіп ертеден,
 Кешке дейін салпылдап.
 Суыққа тоңып қысты күн,
 Ыстыққа күйіп, жазды күн,
 Қобызындай Қорқыттың
 Безілдейді қалтылдап.
 Таң атып, күн батқанша,
 Жұлдыз сөніп жатқанша,
 Жел аударған қаңбақтай,
 Жортуылда жортақтай,
 Аттың басын тартпады.
 Өтеген қазақ еліне,
 Қоныстар жерді таппады.
 Аттың басын доғарып –
 Тойғызып, жемдеп суарып,
 Өтеген енді бет қойды,
 Ақтөбеге⁴ қайтқалы.
 Қылыштары жарқылдап,
 Ер-тұрманы жалтылдап,
 Жорытқанда жер тарпып,
 Ойнақтады аттары.
 Басып өтті белінен,
 Талай асқар құздардың,
 Естілді үн көлінен,
 Қанаты талған қаздардың,
 Жер танабын қуырып,
 Сарбаздары серілді.
 Бір уақытта жарқырап,
 Ақтөбе де көрінді.
 Көзбен шалып сол кезде,
 Қара жолдан қиырды,
 Шалқыған өзен бойына,
 Үй тігуге бұйырды.
 Өзен ағып күрілдеп,
 Сай-саланы, даланы,

³Пекин – Қытайдың ірі қаласының бірі

⁴Ақтөбе – Өтегеннің өз қонысының аты.

Алып жатты гүілдеп.
 Соқты салқын самалы,
 Сапырулы сар қымыз,
 Мұрын жарып барады.
 Жігіттердің отырған,
 Ашылды сонда-ай қабағы.
 Тіл қатпады Өтеген,
 Ұштасып ойдың сабағы.
 Құстай ұшып ұшқыр ой,
 Көздің де шырымын алмады.
 «Әйелімді алыста,
 Өксігіп үйде қалдырдым.
 Жапан түзде жол шегіп,
 Қорқыттай-ақ қаңғырдым.
 Күн күркіреп аспанда,
 Нажағай ойнап жатса да,
 Жанарымды жандырдым.
 Мен халқымды сүйемін,
 Оған қоныс табармын,
 Шалқып жатқан шалғынның
 Шұрайлы жерін алармын», —
 Өтеген отыр тұнжырап.
 Түн көрпесін тұйықтап,
 Үнсіз дала, көк шатыр,
 Астында аспан жұрт жатыр,
 Жігіттер қалды ұйықтап.
 Көктегі нәзік алтын ай,
 Құлындай сұлу айқын ай,
 Жұлдызды көгін жайлауын,
 Жайлаған жанып жарқырай.
 Тынышы кете жыбырлап,
 Сөйлескендей сыбырлап,
 Жұлдыз бен жұлдыз қалтырай.
 Бір уақытта сырылдап,
 Шөптің басы шуылдап,
 Ескендей жел ышқынып,
 Жұрт та шошып оянды,
 Аттардағы пысқырып,
 Жұрт үрпиіп тұрысты,
 Бір-біріне ығысты.
 Мұрын жарған күлімсі,
 Сезді бір жат иісті.
 Иіс мұрын жарғандай,
 Қонырсып киіз жанғандай,
 Жігіттер көзге жас алды,
 Шын бір сұмдық болғандай.
 Кейбіреуі — ойбайлай,
 Айдалада қалғандай.
 Жүректері қысылды,

Тарылып дем алғандай.
 Жігіттер тұрып дүрлігіп,
 Бір-біріне тығылып,
 Біреуі сонда сөйледі:
 «Біздер болдық сор маңдай,
 Осы түн естен таңғандай,
 Секілденіп сезілді,
 Құрығын ажал салғандай».

Құралайды көзге атқан,
 Өтеген мерген толғанбай.
 Қорқуды еш ойланбай.
 Тұрды жалғыз сескенбей,
 Қорқуды еш ойланбай,
 Тұлыптан шыққан тұлғасы,
 Майданда қанат жайғандай.
 Ол сабырлы дауыспен,
 Жігіттерге тіл қатты,
 Иісті сезіп тұрғандай:
 «Бұл күлімсі зәрлі иіс,
 Айдаһардың иісі.
 Болар жылан ордасы,
 Қорқыныш емес мұнысы.
 Тойып ұйықтап айдаһар,
 Жатқан шығар, саспаңыз,
 Не болса да күтелік,
 Жігіттер, қорқып қашпаңыз!
 Зәрлі аш жылан болса егер,
 Айбат шашып шабар ед.
 Нар тарпыған шыбындай,
 Бізді жалмай жарар ед.
 Бізге айбат шашпаса,
 Осы жерде болалық,
 Ашық аспан астында,
 Тынығып дем алалық».

Күншығыс жақ өртке ұсап,
 Күн шығарда қызарды.
 «Көріп тұрмын — қозғалды,
 Айдаһарды у-зәрлі».

Жігіттер де қалшылдап,
 Қалмайды үрей-үрейден.
 Күн де шығып, таң атты,
 Қорқыныш, бірақ, тым қатты,
 Түнеріңкі түніңнен,
 Біріне-бірі тығылып,
 Жұрт қысылып жаншылды,
 Оскырып, зәрді сезгендей.
 Ат құлағын шаншады,
 Қара терге шомылып.
 Өтеген батыр бұқпастан,

Қорқып-сасып жатпастан,
Атына мінді аршындап,
Шімірігіп қас қақпастан.

Бітімге келер кісідей,
Өтеген батыр сассын ба,
Айдаһарға түп-тура
Қарсы жүрді бет бұра.
Баратқандай секілді,
Таксыр қарсы тақсырға.
Ысқырғанда айдаһар,
Тізе бүкті жас тұлпар,
Өтеген барып айқасты,
Өтеген желдей дем алып,
Айдаһар мың бұралып,
Ауыздан жалын, от шашты.
Қозғалған таудай қалтырап,
Найзағайдай жарқырап,
Толқындайын таулаанып,
Қомданды жылан қос басты.
Шұбарлана шабынып,
Күн көзіне шағылып,
Жылтырап әйнек қос көзі,
Шатынады жарылып.
Шатыната жартасты.
Өтеген сонда баптана,
Қаруланып қаттана,
Тұлыптан түгі шықты да,
Тұлпарының қос көзін
Бір қолымен жапты да,
Шамырқанып, шамданып,
Соғысуға қамданып,
Қос тізгінін жай тартты.
Айдаһарға шүйіліп,
Сөйтті дағы тіл қатты:
«— Әй, керемет мақұлық,
Жатып ап зәр шақырып,
Отты аузыңды ашасың,
Айбатыңды шашасың,
Бүйтіп неге тасасың?
Шаша берсен зәрінді,
Жылқымыз безіп қашатын?!
Қимылдасаң қылт етіп,
Қалтырап дала босатын,
Жолды байлап өткізбей,
Жігіттерді кеткізбей,
Тоғыз жолдың торабын,
Неге бүйтіп, тосасың?
Мен бір батыр Өтеген,

Жетісуда жұртым бар,
Шалқардай шалқып қайнаған
Қуатты менің халқым бар.
Ұзақ жолға жорытқан.
Сапар шеккен қалпым бар.
Мені ыстық күн жандырған,
Мұздақ жаңбыр тондырған,
Шөліркетіп шөл дала,
Еліркеткен ен дала.
Жол қатам деп қақтығып,
Аузым дәм татпаған.
Бір жыл емес көп болды,
Мен шыққалы елімнен.
Қиялай жортып асқанмын,
Талай таулы жеріннен!
Көзімше менің күнің жоқ,
Қызара барып шықпаған,
Көзімше менің күнің жоқ
Өртене барып батпаған.
Қыспағы жоқ, көңілді,
Жайдары, жайлы өмірді,
Іздегелі көп болды.
Қондыру үшін ен жарып,
Бақыт келіп, бақ дарып,
Тұратұғын оңдалып,
Халқымды, қазақ елімді!
Қарасам сондай іренің,
Сенің де мендей жүрегің,
Іздегендей тыныш жер.
Жүрер шағым жетіп тұр,
Ойымда өмір бекіп тұр.
Халқым асу күтіп тұр,
Бөгеме, өткіз, жолды бер!..»

Ирелендеп айдаһар,
Құбылған түгін ондады.
Көзін ашып, құлағын,
Тіге сөзді тыңдады.
Өтегеннің жалынды,
Батырлық сөзін орынды
Тыңдады да, қолдады.
Денесін ішке жиырып,
Дегендей «мақұл» иіліп,
Өтегенге жол беріп,
Сапарын қолдап, жолдады.
Күн сәулесі құлпырды,
Жігіттер жолға ұмтылды,
Жортуылға түскен соң,
Қорқыныш, түнек ұмытылды.

Токтады тағы топтанып,
 Айдаһар шықты оқталып.
 Өтеген енді мұнысын,
 Көрейін деп ұрысын,
 Қарсы жүрді тағы да
 Қарыс жауып қабағын,
 Суырып қыннан қылышын.
 Айдаһар жатып ышқынды,
 Тұндыра құлақ ысқырды,
 Құйрығымен жерді ұрып,
 Жер сілкінте күш қылды.
 Айдаһар енді шамданып,
 Көбік шашып шорланып,
 Тауға қарай талпынды,
 Ишарамен білдіріп,
 Өтегенді шақырды.
 Жүз құбылып толғанып
 Мұнарланған тауына,
 Шымырқатып шабына,
 Шұбар жылан жауына,
 Өтеген де жөнелді,
 Айқаспақ боп қомдана.
 Олардың сол кез алдынан
 Өрмелеген тауынан,
 Екі тасқын гүрілдей,
 Өрден тасып бүлкілдей,
 Толқыны тулап, тасқа ұрып,
 Ақ көбігі күркілдей,
 Тауды орай аққаны.
 Көктегі қосақ кемпірдей
 Ақты таудың жарынан,
 Таудағы сайдың төрінен,
 У шашқандай зәрінен,
 Тұра қалды ысылдап,
 Айдаһар таудың бауырынан,
 Жақындап барып Өтеген,
 Қарап таудың қуысын,
 Айдаһарға беттеді.
 «Шық, тезірек шық!» – деді,
 Жарқылдатып қылышын.
 Жер астынан ышқынып,
 Айдаһар қатты ысқырып,
 Шық дегендей майданға,
 Тұрғандай-ақ жалмауға,
 Шығарды даусын күштірек.
 Өтеген тұрды долданып,
 Салқын қанмен шамданып,
 Айдаһар шықты бір кезде,
 Үсті қанға боялып.

Екеуі қарсы кездесті,
 Шамданысып, шендесті,
 Дауысымен ақырған,
 Айдаһар қорқып батырдан,
 Бұққан шақта, тіл қатып,
 Өтеген былай тілдесті:

«Ей: әбжылан, тауып су,
 Денеңдегі қанды жу,
 Сүйт те ініңе қайта кір,
 Қарсыласқан жауды қу.
 Майдандассан мен әзір,
 Соғыссан қазір белді бу!»
 Айдаһар кірді ініне,
 Қара жердің түбіне,
 Тау жырадан ащы айқай,
 Шықты, бақсаң үніне.
 Сол кезде іннен қан зулап,
 Өзендей ақты төгіле.
 Іннен қан мен су шықты,
 Бүмен бірге шу шықты.
 Бірін-бірі шағысып,
 Біріне-бірі тұншықты.
 Іліп зәрлі тырнаққа,
 Бірін-бірі улап та,
 Жанталасып алысты.
 Жас жылан болмай қарысты,
 Айбат шегіп шабысты,
 Жасының ойы сондағы:
 Керісін қуып у шашқан,
 Інін тартып алмаққа.
 Кәрісін шақ дәрменде,
 Нәр қалмады әлден де.
 Өтегенге ол қарады,
 Кел дегендей жәрдемге...
 Көздеп тұрып Өтеген,
 Көзіменен жетеген,
 Жас жыланға оқ атты,
 Атқан оғын жасының,
 Маңдайынан қадатты.
 Оғы мұрттай ұшырып,
 Жас жыланды құлатты.
 Мергендігі батырдың,
 Жігіттерді таңғалтты.
 Қарт айдаһар қуанып,
 Тасқын суға жуынып,
 Үстегі қанын тазартып,
 Түлете түгін жайнатты.
 Қонақтарын күтуге,

Құрмет етпей қалмапты.
 Бәрін жинап, жартасқа,
 Сый көрсетіп сырласқа,
 Өтегенге, бишара –
 Көрсетіп сыйлық ишара,
 Асқан батыр екен деп,
 Күшіне оның таңғапты.
 Онан да асып Өтеген,
 Таудан, тастан, төбеден,
 Іркілмей жортып отарып,
 Жетті қалың орманға.
 Деген кезде күн батты,
 Есін жиып әбжылан,
 Ізінше тауға қайтадан,
 Жылмаң қағып жорғалап,
 Жігіттерге қарауға,
 Қорқып, бұғып, қорғалап,
 Мекеніне жол тартты.
 Орманда, жерде күз күні,
 Жерде шық бар, сыз күні.
 Қарағайдың түбінде,
 Тұрған жақсы ақ үйді,
 Келе жатып шалады,
 Өтегеннің көздері.
 Атыменен Өтеген,
 Жетіп келді үйге нақ.
 Жеткенде үйден үн шықты,
 Күркіреген күндей-ақ:

«Өтеген деген сенбісің,
 Қамалды бұзған ермісің?!
 Мың күн жортып жол-жолай,
 Тауда безген құлжадай,
 Жиһанды кезіп жүрмісің?!
 Неге тыныш таппайсың.
 Үйіңе неге қайтпайсың?
 Шарламаған жерің жоқ,
 Судан өзге құрлықты,
 Жол ғып жортып таптайсың.
 Мықты болса білегің,
 Түкті болса жүрегің,
 Атыңнан түс те, үйге кір.
 Қарағайдың түбіне,
 Жігіттерің тоқтасын!»
 Аттан түсіп батырың,
 Үйге кірді ақырын.
 Кіріп ед үйге жайменен.

Қарсы алып Ғайып-ерен⁵
 Деген кәрі көрінді,
 Аппақ қудай сақалды,
 Жарқыратып ақ басын,
 Үйдің жары жақпардай,
 Қырау шалған ақ қардай,
 Сәлем беріп Өтеген,
 Жөн сұрауға төтеден
 Сөйледі, тіл қатқандай:
 «Ақ сақалды, ақ шашты,
 Қария, ата, көп жасты.
 Жортар жолым мың тарау,
 Шаршадым рас, өң қашты.
 Маған қажет ел табу,
 Кері қайту, үй табу,
 Жүретін жолым тұйықтау,
 Қиынырақ жол табу.
 Жиһанда жол көп, я өлу
 Керек я маған жер табу.
 Жетісу, елім, аймағым,
 Қыстауым да жайлауым,
 Соған алып баратқан,
 Бар жаңалық хабарым.
 Елім жаңа қонысқа,
 Қонса ұшырап ырысқа.
 Күткен өмір жайнауын.
 Құмырсқа да илеуін.
 Шегіртке де жырасын,
 Іздемей ме жайлы орын,
 Бозторғай да ұясын.
 Әркім жайды көздеген.
 Балық та су іздеген,
 Халқым үшін мен қалай,
 Сұлу жерді іздемен?!
 Көрдім, талай көремін,
 Жиһан кезіп келемін.
 Халқым үшін бас қиып,
 Не болса да көнемін!»

Деді оған Ғайып-ерен:
 – «Жолың болсын Өтеген!
 Сен мұзбалақ қырансың
 Түйілетін төтеден,
 Алтайы жүйрік маралдай,
 Қашсаң құтылып, қуғанға
 Қас қаққанша жетеген.
 Алдында сенің майдан бар,

⁵Ғайып-ерен – Ислам діні бойынша көрінбей жүріп қолдайтын әулие, күш мағынасында.

Оған айтар, айлап бар;
Түнде барма үйіне,
Күндіз барсаң жайдан бар.
Жұмыста да соғыста,
Ақылыңды ашу қыспасын,
Ашушаң болсаң, сол қолын,
Оң қолыңды ұстасын!»

Өтеген иіліп, бүгіле,
Ұсап туған ұлына,
Рақмет айтып кәріге,
Аттаңды жортып жолына.
Тағы да жазық, тау, дала,
Жақпарланып, жалдана,
Мұнарланып көрінді,
Шапқан жолы шаңдана.
Жылаған даусы естілді,
Желінен жазық даланың,
Секілді емес ол дауыс,
Яки, аңның, адамның.
Бұл дауысты Өтеген,
Жігіттерге айтты да,
«Білейін» — деп жөнелді,
Құйындатып шапты да:
«Жау болса, табанда өлтірем,
Дос болса, бірге келтірем;
Айғайға қарсы шаппасам,
Батыр боп не бітірем?»
Оқтап мылтық, қылышты,
Білуге шыққан дыбысты,
Барса Өтеген айдаһар,
Талықсыған тынысты.
Айдаһардың жүрегін,
Шаққан екен әбжылан.
Шашқан екен у-зәрін,
Сусылдаған әбжылан.
Шаққан зәрі жүрекке,
Дарыса дем алмас ед,
Ол айдаһар ол кезде,
Жерде тірі қалмас ед.
Өтеген сондай ойлап кеп:
«Тимесе егер атқан оқ,
Әбжылан оқтай зымырап,
Секіреді-ау, маған деп;
Оқ тиіп егер әбжылан,
Сеспей қатса қылжия,
Болар еді-ау, деді шын,
Айдаһар маған риза».
Алып келіп жіберді,

Тек «күрс» етті оқ күшті.
Быт-шыт боп басы әбжылан,
Өрен қауып оққа ұшты.
Сонан кейін Өтеген,
Жігіттерге оралды.
— Не болды? — деп, анталап,
Жаудырды олар сұрауды.
«Түнде текке кетем бе,
Әбжыланға оқталдым,
Сеспей қатты әбжылан,
Айдаһарды құтқардым.
Ал, ұйықтандар, жыланнан
Пәле келсе көрермін.
Айдаһардың, тірі аңның,
Сазасын өзім берермін!
Айдаһар исін сезсеңдер,
Ойланбаңыз қорқуға.
Ол келсе тек келеді,
Бізге сыйлық тартуға.
Енді бізге қауіпті,
Жыландар да жолықпайд,
Аң да аңғарған шығар-ау,
Аннан жүрек қорықпайд,
Ағашты қойып еселей,
Ұйықтап жатқан кісідей,
Етіп, басына ер жастап,
Үстіне шапан жабамыз.
Кісі екен деп аң келсе,
Бағып тұрып аламыз».
Сүйтті соған тоқтады,
Жел де самал соқпады.
Бағып қана күткендей,
Түн бойы от жақпады.
Түннің толған ортасы ед
Шөпті де сыбырлатпады,
Сусып жылан жорғалап,
Көк жұлдызсыз қорғалап,
Айды бұлт қаптады.
Ысылдаған айдаһар,
Көрінді жалын атқаны.
Ажал оғы келе ме,
Деп біреуі біріне —
Жігіттер тағат таппады.
Тал бойы талдай бұралып,
Өтеген тұрды сұрланып.
Қорықпады — басынан,
Талай майданды ақтаған.
Құс оянып таң алды,
Шырылдап, шырлап ән салды.

Ұйықтаған боп қатты ағаш,
Кісі орнына жатты ағаш.
Киіммен жауып тастаған,
Айдаһарға басына,
Жігіттер жетті қасына,
Айдаһардың үстіне,
Қараса басын ішіне,
Жиырып алып, шықпаған,
Жыланның басы талпынған,
Қапталған толып алтыннан.
Адам ойлап таппаған,
Сары құмандай алтынды,
Өтеген алып жалқынды,
Деді Өтеген: «бұл екен,
Айдаһардың сыйы екен,
Беруге бізге сақтаған,
Ізгілік, достық істесек,
Алтын, күміс береді.
Егер қастық істесек,
Зұлымдық уын төгеді.
Ізгі болсақ, біз егер,
Әділдіктің жолында.
Ешуақытта болмаймыз,
Зұлымдықтың торында.
Халық үшін қасық қанымыз,
Аяусыз болсын жанымыз.
Болысалық әрдайым,
Жетім-жесір момынға.
Еңбек еткен емеді,
Еңбексіз жан өледі.
Жалқау болсаң жабылып,
Жұрт өзіне күледі».
Өтеген батыр атақты,
Нөкерге осы сөзді айтты.
Сүйтті де таудан, тастардан
Асып асу асқардан,
Кент аралға жол тартты.
Кент арал деген бос арал,
Болып шықты тас арал,
Құмды, сулы аралдан,
Сусыз, шөлді далаңнан,
Жігіттерін ертіп,
Өтеген кетті жорытып,
Аш бөрідей жаланған.
Түзеп алып жорықты,
Бір кең ашық алаңда,
Қарағайлы, қайыңды,
Қара орманға жолықты.
Қабағын жапқан қара орман,
Келе жатқан бұрыннан,

Ертегі әнін соғыпты.
Қызыл іңір түнеріп,
Шық түсіп жер мұнартып,
Өтеген батыр нөкері,
Сол орманға қоныпты.
Қара орман қалғып жайнады,
От жағылып парлады.
Қара қазан асылып,
Оттан жалын шашылып,
Ішінде қойдың сорпасы,
Бұрк-бұрк етіп қайнады.
Қараңғы түнде қылмиып,
Жағылған отқа жылмиып,
Келеді екі сұлу қыз,
Шолпандай туған таңдағы.
Беті қызыл алмадай,
Қара шашы құндыздай,
Көздері жанған жұлдыздай.
Киімінен құлпырған,
Інжу-маржан ойнады.
Өздері аппақ кудай-ақ,
Күлкісі сылдыр судай-ақ.
Сүйдіргендей әдеппен,
Әзілдеп, күліп ойнады.
От басында отырды,
Жұртқа көзін салмады.
Қадала қарап жігіттер,
Сұлудан көзін алмады.
«Хош келдіңіз!» дегендей,
«Асқа өрлеңіз!» дегендей.
Иба қып батыр қарады,
«Палауыңыз майлы» — деп,
Сыйлығына сұлулар,
Отырмады, бармады.
Еттің майын ағызып,
Жігіттер құмар қанғызып,
Ет жескенде, сұлулар,
Сыңқылдап, күліп, мазақтап,
Көз астымен барлады.
Бір жігіттер көрікті,
Кеміргенде сүйекті,
Сұлулар, тағы күлісіп,
Әзіл сөзбен тиісіп:—
«Тірі сүйек тырбиған,
Өлген малдың сүйегін,
О несі екен, сындырған?» —
Деп сөзбенен қармады.
Сылқ-сылқ етіп, күліп боп,
Сұлулар кетті ғайып боп.
Қимылымен сұқтана,

Таңқалдырған тек қана,
Жігіттердің есінде,
Көрген түстей қалғаны.
Қас қарайып, түн тынып,
Шөп қимылсыз, жел тынып,
Өтеген ойлап: «ол мұндар
Манағы келген сұлулар,
Сықыр екен деді шын.
Ол жезтырнақ болғаны,
Сұлу боп түнде жүргені,
Сықырлана келгені,
Жанды бүред болаттай,
Тырнағымен бүргені.
Біз сөйлесіп тұрғанда,
Көздері жанды жарқырап,
Олар – нағыз жезтырнақ.
Келгені бізді шолғаны,
Жылмандаған жезтырнақ.
Жауызырақ аңдардан,
Түсіре алмас біздерді,
Сұмдығын оның аңғарғам.
Ағашты қойып еселей,
Ұйықтап жатқан кісідей,
Етіп басына ер жастап,
Үстіне шапан жабамыз,
Кісі екен деп ол келер,
Бағып сонда алармыз», –
Деп жасырынып кетісті,
Әр бұтақтан сығалап,
Жезтырнақты күтісті.
Түн түнеріп томсарып,
Түннен түнек төгілді,
Жүгіргендей сұр қасқыр
Көзге елестеп көрінді.
Жұлдыз да жоқ, ай күңгірт,
Қара бұлтқа көмілді.
Өтеген күшті түрінде,
Қарағайдың түбінде,
Мылтығын оқтап кезеніп,
Күш құрыстап керілді.
Әлденелер қараңдап,
Қараңғы түнде жарқырап,
Шөптің басы қалтырап,
Көрінді бір зат қылт етті.
Сол арада тарс етті,
Өтегеннің мылтығы.
Мұрттай ұшып жезтырнақ,
Ажалы жетіп бұрқырап,
Қаны судай төгілді.
Танертенгі самалмен,

Таң құстары сайрады.
Жастанған ер де, шапан да,
Қарайып жерде қалмады.
Үйге ағаш қатарда,
Жамылдырған шапан да,
Жезтырнақпен быт-шыт боп,
Қалды тек жер шандағы.
Онан да асып құтылды,
Жігіттер де жұтынды.
Жорыққа тағы аттанды,
Жезтырнақ та ұмтылды,
Өзен, дала, таулар да,
Орман-тоғай, баулар да,
Көрінді көзге бұлдырап,
Артта қалған сықылды.
Желеңдеп тек жел ойнап,
Дөңгеленіп көк ойнап,
Көбікті теңіз толқыны,
Жарына соғып бұлқынды.
Қырық күн жел желеңдеп,
Бұлқынып толқын елендеп,
Жатқан қарап теңізге,
Тіл қатпастан Өтеген,
Үдете берді жортуды.
Теңіз тұманданғанда,
Көрініп таудай құмдар да,
Аспан жерге түскендей,
Күн өртеніп жанғанда.
Тұңғиық құм шөліркеп,
Жапанда жұрт талғанда,
Көз ұшында нардай боп,
Күнге күйген жардай боп,
Көрінді көзге бір шаһар,
Өлуге енді қалғанда.
Онда, сусып құм көшіп,
Тек қана ыстық жел есіп,
Өлген түйе сүйегі,
Қадам бассан кездесіп,
Көрінед көзің салғанда.
Құдықпен құдық арасы,
Айшылық десем жалған ба.
Жету үшін құдыққа,
Үйреткен жаңа құрыққа,
Он жорғаны ұтылап,
Мінсең-дағы жетпейсің,
Айырылып естен танғанда.
Айшылық жүрсең ол жерден,
Кездеспейді жалғыз көл,
Шөл далада қалғанда.
Өтеген батыр жорытып,

Ортекедей орғытып,
Қырық күншілік жол жүрді,
Көрмегенді ол көрді,
Жапан түзде жалғанда.
Құмайтты, құмды, құмықты,
Торлаған қара бұлтты,
Асу аспан шындарды,
Шулаған қара орманды,
Көрді Өтеген сарбазы.
Таудан, тастан таймады,
Шыңнан шыққан шынардай,
Қоршап алдын тұрғанда,
Өтеген батыр түн қатып,
Қырық күншілік жол қатып,
Көктей өтіп орманды,
Тауды, тасты жарғанда.
Ақыры, жаздың көктемі,
Қара орманның көктеуі,
Түлеп тоғай, шалқар көл,
Сезілді жаздың жеткені.
Бұлақ ағып таулардан,
Гүлдер жарып баулардан,
Тұрған шақта Өтеген,
Жолды тауып төтеден,
Жиделібайсын еліне,
Көрінді көзге өткені...
– Өтеген сенің іздеуің...
Жер-жиһанды кезгенің.
Іздегенде осындай
Жер еді ғой көздеуің.
Жер жаннаты кез болды.
Көре ме сенің көздерің?
Қарашы, қызыл арайға,
Көресің бе, ұнай ма,
Дақсыз ашық аспанда,
Балықша бұлттың жүзгенің?
Көрдің бе таң шапағын,
Жердегі гүлдің тізбегін.
Малынған бау-бақшада,
Жемістің жер сүзгенің.
Ауызға түскен жалғанда,
Жемісі тәтті балдан да,
Жерді жыртып егілген,
Дәмі тәтті дәннен де.
Ақ мақтасы – күмістей,
Жері кілем – пүліштей.
Өтеген! Анық көрдің бе,
Мұнан басқа тағы да,
Бар ма артық іздерің?
Ту тушадай қояны,

Қырандай ірі торғайы,
Көресің бе әнеки,
Жайбарақат малдары,
Жайлауда жусап жандары
Рақаттанып жүргенін.
Ешкілері жылқыдай,
Ылағы бағлан тоқтыдай,
Ертегі болған домбай да,
Осы жерді сүйіп ыңғайға,
Қоныстауға меңзеген.
Меруерттей суында,
Қаз бен қу жоқ жүзбеген.
Туған шақта жаздары,
Қоңыр ала қаздары,
Көздеген жерден кез келген...
Қазақ халқы белгілі,
Осы жерден бақыт ілгелі,
Тұрғандай-ақ сездірген:
«Осы жерде Өтеген,
Демінді ал, көзің сал,
Кезе бермей қияны,
Осы жерде демінді ал!»
Арпалысқан атынан
Өтеген түсіп ерім тал,
Жанаттанып құлпыра,
Шөбін иіскеп қарады,
Жайлы ма деп жылқыға.
Жылқыға жайлы емес деп,
Қайтып келді жұлқына.
Жылқыға шөбі жақпаса,
Жылқыға жайлым таппаса,
Шоғы сөнген отындай,
Келмейді деп қалпына.
Отыра қалып сол жерде,
Қоныс таппай бұл елден,
Өтеген батыр жылады,
Балапандай талпына.
Ойын күңгірт басқандай,
Тілегі оның ұшқандай,
Алтын ойын мыс қылып,
Салы суға кеткендей,
Астында тұлпар аты өліп
Ақырғы демі біткендей,
Састы батыр сарқыла... –
Әй, Өтеген, Өтеген!
Ер едің сен ертеден.
Жетісудан – даладан,
Алатаудан, қиядан,
Жамбыл жаңа хабарды
Жеткізеді жанарлы,

Шар тарапқа шарқ ұра,
 Қалпынды бұзып жыланған,
 Қайта тұрсаң молаңнан,
 Молаңнан шығып, оянған,
 Жетісуға, қарасаң, —
 Көрер едің көз салсаң
 Бақытынан нұр жауған.
 Көрер едің бақытты,
 Қазақстан халқынан.
 Бастап Тянь-Шань тауынан,
 Алатаудың бауырынан,
 Оралға дейін созылып,
 Шалқып жатқан аулынан.
 Көрер едің ел болып,
 Бағынның нұрын артылған,
 Қазақстан аймағы,
 Туын тігіп жайнады,
 Тудағы бүгін көремісің,
 Алтын орақ, балғаны....
 Қазақ халқы құлпырып
 Бұлбұл болып сайрады.
 Гүрілдеген заводтар,
 Қала, дала, қырдағы.
 Көр, жолдастар, қараңдар!
 Көр достарым, жараңдар!
 Қазақстан бақыттың,
 Кені болды арналы.
 Қорғасынды көрдің бе,
 Аққан Қаратаудағы.
 Алтын шыға Алтайдан,
 Жарқырап күндей жайнады.
 Қарсақпайдан мыс ағып,
 Бұлақтайын саулады.
 Мақта көктеп Шымкенттен,
 Күріш гүлдеп Жәркенттен,
 Ақтөбенің егіні,
 Өрге өрлеген өнімі.
 Түтіні тұлпар жалданып,
 Ырғып, созып ырғалып,
 Арғымақтай Түрксіб,
 Желе-зырғып заулады.
 Жүк тиесп Қарағандыға,
 Ызғытып вагон айдады.
 Ембі-нефті жерінен,
 Мұнай атып парлады.

Асқарлаған аспанға,
 Алатау қызыл алмалы.
 Даласында гүл көктеп,
 Гүлмен қабат мал қаптап,

Аспандағы бұлттай,
 Төрт түлігі қаулады.
 Алтын жалды бедеулер,
 Жел-аяқ жүйрік денелер,
 Тағасымен тас тарпып,
 Құлағымен ойнады.
 Жарқырап күндей нұрланып,
 Семіріп сиыр қорланып,
 Желінін керней сүт ағып,
 Бауырынан бұзауын,
 Емізіп уыз құнарын,
 Өрбітті де, баулыды.
 Күн батып, жұлдыз туғанда,
 Малдың төлі думанда,
 Төл тұяғын ірікпей,
 Ойнақтатып киіктей
 Шабандар бақты, талмады...
 Бұғыдайын бұзауын,
 Маралдайын ылағын,
 Сипап бота тұлымын,
 Алтын жалды құлынын,
 Жайнатты да, жайлады.
 Суыққа төлді тоңғызбайды,
 Боранда да қалғызбайды,
 Алтын аймақ жеріне,
 Төрт түліктің төліне,
 Қауіпсіз боран, қардағы,
 Тыңда, жолдас, сөзімді!
 Ашып қара көзіңді!
 Қырғауыл ұшып, қаз қонған,
 Аққу келіп, жаз болған,
 Шортаны шоршып ойнаған,
 Алтын қаймақ Аралды,
 Дала суға шомылған,
 Елге қоныс табылған.

Құйылған, жолдас, нұрды көр,
 Баққа шомған тау мен ер.
 Осы бақ қонған танымда,
 Маған-дағы, саған да!
 Құлпырған жайнап жерді көр,
 Құлшынған қайрат ерді көр.
 Осы бақ қонған таңымда,
 Маған да, жолдас, саған да!

Қазақ бұрын құл болған,
 Күн көруге мұң болған,
 Күнді көрдік, ел болдық,
 Асу бермес, өр болдық.
 Осы бақ қонған таңымда,
 Саған да ортақ, маған да!



*Жадылдағы
жазбалар*

**Тұрсын
ЖҰРТБАЙ**



БЕСҚАРАҒЕР

«СІЗДЕРДІҢ АРАЛАРЫҢЫЗДА «РЫЦАРСТВО» ЖОҚ...»

(Тахауи Ахтанов)

(Жалғасы. Басы өткен санда)

Иә, бұл өтірік айтуға, жалтаруға болмайтын, бүкіл ұлттың, оның ішінде ұлттық зиялылардың жүйке-тамырлары психологиялық тұрғыдан іштей ширыққан, аға буын өкілдерінің де бұрынғы идеологиялық қысымнан жасқануды қойып, ашына бастаған, өткеннің тістескен шырғалы шындықтарын ашыла айтуға бет бұрған тұс еді. Біздің де ойымыз кермек татып, кексе тартқан шағымыз болатын. Асылық деменіздер, сол Жазушылар Одағының ішінде жүріп үлкенді-кішімен етене араласып, бүкпесіз сөйлесе алатындай тәжірибе жинақтап, Мұхтар Әуезовтің алаш қозғалысы тұсындағы қилы тағдыры туралы «Бесігінді түзе!..» атты толғау-эссем «Жұлдыздың» үш санына қатар жарияланып, сол үшін «ең жас алашшыл жазушы» деген атпен Орталық комитеттің «Қазақ ұлтшылдығы» туралы өтуге тиісті пленумның Бас баяндамасының жобасы мен қаулысына атым кіріп, шетқақпайлана бастаған едім. Егде тартқан әйел жазушының «Жас алашордашылдан сақтанайық!» атты көлемді мақаласы «Қазақ әдебиеті» редакциясының тартпасына келіп түсті. Оны маған хат бөлімінің меңгерушісі Шәкизада Құттыаяқов жасырын оқытты. Бірақ, Пленум кейінге ысырылып, мақала жарияланбай қалды. Және 1987 жылы 13 қаңтарда Бірінші хатшымыз Олжас Сүлейменов маған Праволық комиссия құрып, желтоқсан оқиғасына қатысушылар мен алашорда қайраткерлерін ақтау туралы деректер жиюға тапсырма берді. Соны орындау үшін идеологиялық күреске кірісіп, астыртын жұмыс жүргізуге әдістене бастаған едім. Сол мақсатқа жету үшін ең алдымен 1943-1953 жылдар арасындағы Қаулы арқылы тыйым салынған «Зар заман» жыраулары (Дулат, Шортанбай, Мұрат, Ғұмар Қараш, Абайдың ұлтшыл ақын шәкірттері, Кенесары туралы шығармалар, тыйым салынған «Едіге», «Қарасай-Қази», алашорда әдебиеті өкілдерін, тіпті, 40-жылдары жазылған кеңес ақын-жазушыларының шығармалары туралы Орталық комитет Қаулыларының күшін жою үшін арнайы комиссия да құрылды. Ол үшін сол дүлей науқанның арандатулары мен әшкерелеулеріне белсене қатысып, пікір білдірген тұлғалармен қалайда кездесіп, пікірін ауызша не жазбаша алу қажеттігі туды. Әрине, олардың бәрі жазбаша түсінік беруден бас тартты. Мені менсінбегендері де, сенбегендері де болды. Тек Әлжаппар

Әбішев, Қалижан Бекхожин мен Хамит Ерғалиев, Қайым Мұхамедханов, Ғалым Ахмедов секілді дегдарлар ғана үйіне шақырып, сол уақыттың қас-қабағы, ішкі шарпысу, «топшылдықтың» себептері туралы екі-үш күн қатарынан ашық және еш жалтақсыз әділ пікірлерін айтып берді.

Сөйте жүріп, алаш идеясын Мұхтар Әуезовтің тағдыры арқылы жеткізуге арналған роман-эссенің екінші кітабына дайындалып, 1937-1938 жылдардағы және 1947-1953 жылдардағы қысым-сүргінді, сол кезде бірін-бірі әшкерелеуге ұмтылған зиялылардың «ашық арандатулары» мен «доностарын» талдап, оны сол желтоқсанның қысталаң күндердегі оқиғаларды емеуірін ете отырып жазу үшін архив деректерін ақтардым. Әуезовті «алашордашыл-ұлтшыл» ретінде әшкерелеуге қатысқан көзі тірі жеке тұлғалармен ашық сөйлестім және оларға сұрақты турасынан қойдым. Олардың арасында бұрынғы «үйреншікті ғадетіне» басып, арнайы мекемелер арқылы қорқытып, тіпті, үйіне шақырып қаһарын төгіп, жасқағысы келгендер де, арандатқандары да, тиісті мекемелерге айтып, архивке жолатпауға тырысқандары да болды. Бірақ, ол кезде қандай қақпайдын да бетін қайтаратындай мыс пен сес жинақтап қалғам, астыртын қолдаушылар да көп болды. Онсыз желтоқсан мен алаш қайраткерлерін қалай ақтарсын?

Уақыт арасы жақын болғандықтан ба (30 жыл), кім білсін, 1947-1953 жылдардағы қысым мен бопсаға, ашық арандатуға қатысқандар, соның ішінде, Тахауи Ахтанов марқұм да алғашқыда әңгімеден бас тарта берді. Ол кісінің мені, жатырқаса – жатырқай қабылдайтындай жөні бар еді. Өзім әдеби өмірге араласқан сол он-он бес жылда Тахамен жекелей сұхбаттасудың еш реті келмепті. Сондықтан мен туралы мағлұматы да өзге сыпаттама берушілердің «анықтамасы» мен «мінездемесінің» деңгейінде ғана болды. Дегенмен, заман талабы өзгерді, жоғарыдағы қоғамдық пікір мәселесі күн тәртібіне қойылып, оған қалай да жауап беру қажеттігі сезіле бастады. Біздің мақсатымызды біліп, назар аударып, аңысымызды байқап, тиісті дерек-мағлұматтар жиса керек. Әлде «Бесігінді түзе!..» толғау-эссесінің бірінші бөлімі әсер етті ме, бәлкім менің бұл мәселеге тоқталмай өтпейтінімді білген шығар, әйтеуір 1987 жылы қараша айында Тахаң – Тахауи Ахтанов дегдардың өзі қоңырау шалып: «Біз кездесуіміз керек екен. Сенің мақсатың мен ұстанған бағытыңды түсіндім және шыншылдығына сендім. Бәрін айтуға дайынмын. Одақтың Әдебиетті насихаттау бюросының бөлмесіне ертең сағат 10-да кел», – деді. Әңгіме 3 сағатқа созылды. Сол әңгімеден туындаған сұрақтарды талқылау үшін 1988 жылы қаңтардың басында тағы да кездестік. Мен М.Әуезов мұражайына ауысқаннан кейін екі рет өзі іздеп келді. Алғашында сырқаты басталған, соңғы жолында дерт мендеген кезі еді. Әуелгі жолы жан сырын айтты, соңғы жолы өкінішке толы өсиет сөзін айтты (мен солай түсіндім). Сондықтан да, асылық деменіздер, өз басым жазушылардың арасынан таланты пен танымы, білімі мен көркем парасаты арқылы ұлттық көркем ойдың иесі атануға Мұхтар Әуезовтен кейінгі толық лайық тұлға деп есептейтін Тахауи Ахтановпен арамызда болған осынау ашық сұхбаттарға қатысты қозғалатын әр сұрақтың себебі мен салдарын, түйіні мен түйткілін «Тілше» дәптеріме түсірілген жазбалар мен сол мәселеге қатысты деректер бойынша, шашыраңқы пікірлерді реттеп, осы естелік арқылы ашық, кей жағдайда емеуірін арқылы жеткізуді мақсат еттім.

* * *

– Таха – Тахауи аға, ашық әңгімеге келіскеніңізге және оның мақсатын түсінгеніңізге, мені баласынбай бауырыңызға тартқаныңызға шын жүректен ризашылық білдіремін. Мен сіздің «Нар идірген», «Қаһарлы күндер», «Махаббат сыры», «Боран» (Алғашқы аты – «Дала сыры») атты шығармаларыңызды мектеп қабырғасында жүргенімде-ақ ерекше ынтызарлықпен оқып, әдебиет үйірмесінде баяндама жасап, талқылағанбыз. Одақта өтіп тұратын түрлі жиындардағы сөздеріңіз де жадымда. Сондықтан сіздің сыр-сипатыңызға ықыласым ерекше. Таха-Тахауи аға, мына әңгіменің қабағы жат, сұрағы

салмақты, талқылы болмақ. Оны өзіңіз де аңғардыңыз. Ал, одан жалтара тартуға менің де амалым жоқ. Түбінде бір талқыға түсетін тақырып. Қауесетті қаулатпас үшін, нақты жауабын білу үшін алдыңызға кеп отырмын. Турасына көшейін.

— Сұрақ: Сіз бір майданнан шығып, тыныштық іздеп келгенде бейбіт өмірдегі екінші майданға, рухани майданға қалай тап болдыңыз?

— Дұрыс айтасын, мұнда да өз шебінді тандауға тура келді. Бұл мен үшін өте күрделі, түсінікті әрі түсініксіз, күтпеген жағдай еді. Өйткені, Орталық комитет тарапынан жасалған саяси-идеологиялық қысым мен қасақана ұйымдастырылған өзара бақталастыру әрекеті жазушылардың бірін-бір арандату майданына ұласты. Оларға еркін ойлы жазушыларды уысында ұстап отыру үшін сәт сайын әшкерелеп отыратын «халық жаулары» керек болды. Мен Жазушылар одағының табалдырығын аттаған кезде Сәбит пен Мұхтардың арасы өте шиеленісті еді. Сәбең Мұхтардың соңына шырақ алып түсті. Тамыры тереңдеп кетіпті, қарама-қарсы көзқарастар қақтығысы — оларды жеке жекекөрушілікке, өзара өшпенділікке жеткізіпті. Жазушылар үштік майданның (Мұхтаршылдар, Сәбитшілдер және «салпанқұлақ тыңшылар») сарбаздарына айналыпты. Сондықтан шындық қайсы, жалған-жаласы қайсы, кімдікі дұрыс, ажырату мүмкін емес еді. Ал, кез-келген қаламгердің сол үш майданның бірін қаламауға ешқандай амалы жоқ. Еріксіз араласасын, өзіңше амалдайсың. Сол жағдайларға қатысты дәл қазір айтайын дегенім немесе кезінде айтқан пікірлерім де субъективті! Өзімнің жеке әсерім мен өзімше түйсінуім. Бұл әңгіменің мағынасы мен мазмұнын солай түсініп, солай сараларсың. Сенің қандай да бір пікіріңе өкпе артпаймын. Өйткені, ол — сенің өзіңнің жеке-субъективті пікірің.

Мен 47-жылы әскерден елге демалысқа келдім. Жақанмен (Сыздықов) бірге санаторийда жаттым. Сол кезде Жазушылардың Кеңесіне шақыру алдым. Билет берді. Жас ақындармен соғыстың алдында танысып кетіп едім. Кеңесте Зейнолла Қабдолов пен Аманжол Шамкеновті мүшелікке алды. Содан кейін мінбеге шығып, әдебиет туралы ойларымды айттым. Айтқан пікірлерім жұртты елең еткізді. Сол сөзімнің негізінде Жазушылар одағының мүшелігіне қабылдандым. Одақ төрағасы Сәбит (Мұқанов) мені бөлмесіне оңаша шақырып, есікті жауып алып, 40 минут сөйлестік. Бұл оңаша әңгіме бізді сырттай бақылап тұрған Әбділдәға (Тәжібаев) ұнамапты. Сонда да мені үйіне қонаққа шақырды. Міне, Жазушылар одағындағы жікшілдік туралы алғашқы мағлұматтарды осы екі адамнан естіп, бағыт-бағдар алдым.

Ашығын айтайын, Сәбеңнен көрген жамандығым жоқ. Бірақ, ол кезде іштей Мұхтардың жағында едім. Және Белинскийді оқығанмын, ақынның, жалпы ақындықтың не екені туралы түсінігім бар болатын және көркем әдебиеттің теориясынан да хабардар едім. Шынайы көркем шығарманы түсініп, талдай алатындай сыни қабілетім де болды. Әсіресе, «Татьянаның қырдағы әнін» (1937 ж.) оқып, тамсанып: «Өмір-ай десеңші! Нақ өмір ғой, мынау!» — деп сүйсінгенім есімде. Ол әңгіме мені бір түрлі «смуточный» сезімге бөлеген. Мұхтарға деген симпатиям зор болды. Сондықтан да Сәбиттің Мұхтар туралы айтқан сөздеріне елікпедім. Мұхтарды жақсы көруім — өз-өзінен (автоматический) қалыптасқан талғам түйсігі еді. Ал, ол кезде Мұхтар, Сәбит, Ғабит үшеуінің арасында еркін жүретін адам Әлжекен (Әлжаппар Әбішев) ғана еді және сол үшеуі бірінің бетіне бірі тура айта алмайтын сөздерді Әлжаппар арқылы жеткізетін. Бұл берекенің сөзі ме, әрекенің сөзі ме, анық білмеймін. Өзі берекеге шақырып жүрдім деп есептейді. Оның шындығы да бар. Әсіресе, «Абай» романының екінші кітабы талқыға түскен жылдары Әлжаппардың шырылдағаны, Сәбит демалысқа кеткенде партия ұйымы арқылы романды баспаға жіберуге ықпал еткені анық. Оны жоққа шығаруға болмайды.

Сұрақ: — Ол оқиға туралы Әлжекеннің мынадай естелігі бар: «Әлі есімде, 47-жылдың көктемі еді. Бұл кез Мұхаңның Ғабең катты өкпелеп жүрген кезі болатын. Күндердің бір күнінде Мұхаң телефон соқты. Ол кісінің бір әдеті, біреумен өкпелесе қалса оның фамилиясын айтатын. Амандық сұрасудан кейін

сол әдеті бойынша: «Ана Мүсіреповтің менімен кінәласқысы келеді екен, оған сенің алдында ғана кінәласамын дедім. Сені қалаған себебім...»,— деді де менің астыма бүкіл қазаққа жететіндей бір қалың көпшікті қойып жіберді... Қойшы, Ғабен де телефон соқты... Мен Мұхана телефон соғып, қашан, қайда кездесетінімізді сұрап едім: «Ертең кешкі сағат сегізге маған келіндер деді»,— дейді. Біз айтылған кезде бардық... Бұл екеуінің өкпелесуіне себеп болған жай: Ғабеннің сол жылдың бас кезінде Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші секретары Жұмабай Шаяхметов баяндама жасаған қалалық бір үлкен жиналыста Мұхаң туралы сөйлеген қатаң сөзі болатын. Бұл екі алыптың дәл осы тұстағы кездесулерінен екі асқар таудың соқтығысын көретіндей сескенген едім, көргенім күткенімдей болып шықты. Оның мынадай екі түрлі себебі бар... Біріншісі: өзі кінәласуға барып отырған Ғабен сол жиналыстағы қатал позициясынан қайтпауға бекініп, Мұханның тағдыры үшін оның өзімен айтысуға барыпты. Бүгінгілер үшін қайталап айтайын, ол Мұханның тағдыры үшін оның өзімен айтысуға барыпты. Оның ойынша: Мұхаң сақтанбаса, өзгелеріміз сақтандырмасак, одан айырыламыз. Одан айырылу — Абайдан да айырылу. Егер қазіргі бетінен қайтпаса халықты осындай апатқа ұшыратушы — Мұханның өзі болуы мүмкін. Ғабен сөзді осылай бастады. Екіншісі: Мұханның өмірінің соңғы кезінде өз бойынан өзі тапқан, бірақ түгел жоя алмай кеткен бір қыңырлығы... Егер авторымен жақсы болса, оның жаманы да жақсы. Ал өзімен араз болса, оның жақсысы да жаман болатын. Ғабен жанағайдай қатал ойға бекініп барса Мұханның оған қарсы әзірлеген жауабы да осал емес екен. Ол көргісі келмеген кезінде аспандағы күнді де көрмей кететін қыңырлығын қырлап алып, Ғабеннің бойынан ешқандай жақсылық көрмеске, оның ақ дегенін — қара, қара дегенін — ақ деуге әбден бекініп алыпты. Ғабен өзінің жиналыстағы сөзіне талдау жасап, қырық минуттай сөйлеп еді, кезек алған Мұхаң одан екі есе асырып жіберді. Таулардың нағыз қактығысы екінші сөзден басталды. Бір ғажабы, екеуі бірін-бірі қимастан, аямастан қинап отыр... Тіпті сөз таластырғысы келген шақтарында үн қатпастан тек ауыр ыңыранып, тына қалады. Қанша қатты сөз естісе де сөз киліктіру жоқ. Ашынған кездерінде мүлдем аспандап кетеді екен. Бір минут толастамастан төрт жарым сағат бойы сайысканда екеуінің түйілген қабағы бір ашылған жоқ...

— Мен борышымды өтедім, — деу болды Ғабеннің соңғы сөзі. Ол соны айтты да орнынан түрегелді. Мұхаң сазарып үн қатқан жоқ.

— Шалдар-ай, шаршаттындар-ау, — деп мен де түрегелдім. Шынында да қатты шаршадым. Өмірімде Мұханның үйінен күрсініп шыққаным сол күнгі түн болды. Мұханның бұл қыңырлығы кейін «Абайдың» екінші кітабына салқынын тигізе жаздады. Өйткені бұл екеуінің араздығын пайдаланатындар арамыздан біраз табылатын», — деп еді және оны естелігінде толықтырып жазды. Бұл, тыңшылық, сөз тасу емес, үшеуін тіл табыстыруға ұмтылған нағыз жанашырлық емес пе. Соған қарағанда, Әлжекеңе қатысты айтылатын сөздерде ғайбаттық, шын ниетін түсінбегендік бар сияқты және сол пікірін қалыптастырғысы келетіндер қазір де баршылық. Бұл арандату емес, азаматтық мінез ғой...

— Жаңа айттым ғой, сол жағдайларға қатысты дәл қазір менің де айтайын деген немесе кезінде айтқан пікірлерім де субъективно! Сен өз пікіріңе өзін жауап бересің. Ашық әңгіме болған соң, оны көңіліме алмаймын.

Сұрақ: — Мұхаңмен қалай жолдарыңыз тоғысты?

— Мен Мұханды алғаш рет 40-жылы көрдім. Онда 16 жаста едім. Қаз Пиде баяндама жасады. Орысша ма, қазақша ма, нақты есімде жоқ. Әй, қазақша жасаған сияқты. Әрине, қасына жолай алғам жоқ, сыртынан қарайлап жүрдім. Содан кейін, 1948 жылы Одақта бетпе-бет кездесіп қап, амандасқан соң сөйлесейін деп ыңғайланып ем:

— Шырағым, мені Сәбит деп тұрған шығарсың? — деді.

— Жоқ, Мұха, сізді танып тұрмын, — дедім.

Ол жолы сыпайы сәлемнен арыға бармадық. Содан, одақтағы кезекті бір мерекеге байланысты шараға барғанда Сәбит, Ғабит, Мұхтар үшеуін қатар көрдім. Әскерден жаңа босаған кезім. Үстімде гимнастерка, галифе шалбар, аяғымда етік. Үшеуіне барып амандастым. Ғабит киіміме қарап:

– Сен, жігітім, әскерден босанбап па ең? – деді.

– Ой, Ғабе, қарын мен костюм адамға бірден қона кетпейді ғой, – дедім.

Содан кейін, алдында Ақтөбеде 2 күн бірге жүрген таныстығымызды пайдаланып, Сәбен мені Мұхана таныстырды.

– Тахауи дейсің бе? Аты да, өзі де өзбекке ұқсайды екен, өзбек пе? – деді.

– Пәлі, нағыз қазақы жігіт. Құдай қазаққа қысық көз бен пұшық мұрынды ғана беріп қойып па. Нағыз қазақ, – деді Сәбен.

Бұл кездесу менің бетімді ашты, бірте-бірте Мұханмен жақындата түсті. Алайда, бауырына басқан сырласына айнала қойғам жоқ. 1949 жыл болатын. Барлық баспагерлер бір жерде отыратын. Ақын Қасым Аманжоловпен көршімін. Ол мені бауырына тартып, өзімсініп жүретін. Содан Қасым ағама: «Абай» романына Сталиндік сыйлық берілгені туралы хабардың газетке шыққанын айтып ем:

– Ойбай, ертең барып құттықтайық, жоқ, қазір барғанымыз дұрыс, – деп елпільдете жөнелді.

Ол кезде Мұхан қазіргі Опера театрының қарсысындағы 3 қабатты үйдің үшінші қабатында тұрады. Қалибек, Құрманбек бастатқан артистер отыр екен. Жұрт дуылдап сөйлеп жатты. Мен оларға қарағанда баламын, үнсіз отырдым. Мұны өзінше түсінген Қасым ақын сыртқа шыққан соң:

– «Үндемей боқтаған – көп боқтайды» деген. Мұханды ішіңнен боқтап отырдың ба, немене, үндемедің ғой, – деді. Мен:

– Жоқ, іштей шын ниетіммен сүйініп, жақсы көріп отырдым, – деп жауап бердім. Сонда Қасым мені бас салып құшақтап, қарқылдап күліп, бетімнен сүйді.

Бұдан кейінгі күнделікті тіршіліктегі Мұханның есте қалған бір сөзі мынау. Бірде Әбдіжәмилдің «Курландия» романы талқыланды. Көлемді туынды. Баспа директоры Ғалым Ахмедов:

– Редакторы Ғабдол Сылановтың редакциялауына көнбеді. Сосын ғой жалпып жатқаны, – деді стол үстінде жатқан кітапты көрсетіп. Мұхан кітапты қолына алып, салмақтап көрді де:

– Тегін емес, – деді. Оған Ғалым Ахмедов:

– Жаман емес. Бірақ, авторы шамшыл, – деп жауап беріп еді, Мұхан:

– Пәлі, нағыз шабына қол апармайтын кезі ғой қазір, – деп сөздің аяғын жайбарақаттандырып жіберді.

Содан кейін аты шулы Кенесары туралы найзағайлы майдан тосыннан басталып кетті.

Сұрақ: – Таха-Тахауи аға, тосын дейсіз бе? Менің ойымша, бұл кездейсоқ емес, КПСС Орталық комитетінің үгіт-насихат бөлімі бес жылдан аса ыждағатты түрде дайындалған жазалау науқаны болатын. Оқырмандарға тақырыптың қас-қабағы ашылу үшін анықтама бере кетейін, Ұлы Отан соғысы кезінде Едігелеп, Абылайлап, Кенесарылап ұрандаған аз ұлттардың өкілінің ерлігі басымдық таныта бастаған соң: олардың беделі орыс халқынан асып барады, қалайда кедергі жасау деген саяси пәтуә болады. «Оған Орталық комитеттің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Г.Ф.Александров, оның орынбасары П.Н.Федосеев, «Правданың» бас редакторы П.Н.Поспелов қол қойыпты» («Вопросы истории», 1991, № 1, 188-205 беттер).

Бұл бағытта Қазақстан БК(б)П Орталық комитетінің үгіт-насихат бөлімі және оның жауынгері «Правда» газеті төрт-бес жыл қатарынан табанды түрде жұмыс істегені архив құжаттары арқылы дәлелденіп отыр... 50-ші жылы 26-желтоқсанда «Правда» газетінің «Қазақстан тарихы мәселелері маркстік-лениндік тұрғыдан зерттелсін» деген мақаласы қазақ тарихшыларын, оған

қоса басқа қоғамдық ғылымдар саласында қуғын-сүргіннің бастамасы болды (Мақала авторлары Т.Шойынбаев, Х.Ф.Айдарова, А.Якунин).

1950 мамыр-маусым айларында «Қазақ ССР Ғылым Академиясының саяси көзқарасы жат мамандармен нығыздала толтырылғаны» туралы «Правданың» Алматыдағы тілшісі Черниченко мен Т.Шойынбаев ұйымдастырған арызды тексеру үшін БК(б)П Орталық комитетінің үгіт-насихат бөлімі нұсқаушылары П.Апостолов, Б.Н.Митрейкин, партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдары бөлімінің нұсқаушысы А.Петровский Қазақстанға келді. Олар өздерінің «әшкерелеуші қорытындысын» 1950 жылы 29 маусым күні БК(б)П Орталық комитетінің хатшысы Г.М.Маленковқа жолдады... Бұл мәселенің «беті кері қайтпайтындай теріс бағып кеткенін» 1950 жылғы 12-желтоқсан күнгі «Правданың» бас редакторы Л.Ф.Ильичевтің БК(б)П Орталық комитетінің идеология жөніндегі хатшысы, әлемге «коммунистік идеологияның сұр кардиналы» деген аты шыққан М.А.Сусловқа тақырыбы «Қазақстан тарихының мәселелері маркстік-лениндік тұрғыдан баяндалсын» деп қайтадан өзгертілген қызмет бабындағы мәліметтік жазбасы анық дәлелдейді.

«(...) Известно, что национальный вопрос в разные времена служат различным интересам и принимает различные оттенки, в зависимости от того, какой класс и когда выдвигает его. Кенесары Касымов и окружавшая его феодальная верхушка, увидев как невыгодно было им потерять старые привилегии и могущество начали борьбу за возрождение средневекового ханства. Все исторические данные говорят о том, что движение Кенесары не было ни революционным, ни прогрессивным. Это было реакционное движение, которое тянуло казахский народ назад, кукреплению патриархально-феодальных устоев, и реставрации средневековой ханской власти, и отрыву Казахстана от России и великого русского народа», – деп (әдейі түпнұсқалық мәтін алынды) пікір білдірді.

1951 жылғы 11-12 наурыз күндері Қазақ ССР Ғылым Академиясының Тарих институтындағы талқылауда «Правда» газетіндегі мақала толықтай мақұлданып, Кенесары және тарихшы Е.Бекмаханов «қазақ халқының жауы» болып жарияланды. «Кенесарының жолындағы талмайтын күрескер, оның меншікті қорғаушысы, және хан тұқымдарының тұрақты алдияры» атанған Е.Бекмаханов, Е.Исмайылов, Қ.Мұхамедханов, Б.Сүлейменовтің қатарында аталған адамдарды әшкерелеп сөйлеген Қ.Жұмалиевтің өзі де қамауға алынып, жиырма бес жылға кесіліп, Семейге жер аударылды. А.Черниченко талқылаудың есебін «Правданың» бас редакторына жіберді, ал ол 13-наурыз күні Ильичевтің ілеспесімен Сусловқа жеткізіліпті.

Осыдан кейін 20-сәуір күні Жазушылар Одағында «Кенесары – халықтың қас жауы» атты тақырыпта партия ұйымының ашық жиналысы өтті. Жиналыста Одақтың жауапты хатшысы Қ.Жармағамбетов көлемді баяндама жасады. Талқыдан салындысы шыққан М.Әуезов мәжілістің соңында:

«Мектеп оқушыларынан, студенттерден бастап көпшілік қауымның санасына дейін улаған зиянды тамырларға балта шабуға деген партиямыздың қарымды бастамасы мен ұмытылысына көмектесу – біздің парызымыз... Мен сөзімді өзімнің қателерімнен бастаймын... «Хан Кене» пьесасы мен сол кездегі өзімнің саяси қателіктеріме бүгінгі өтіп жатқан әдебиетшілердің арасындағы осы мәжілісте кеңірек түсінік бере кетуді жөн көріп отырмын», – деді салы суға кетіп.

– Әрине, ондағы алашапқынның куәсі ретінде бұл мәселені жақсы білесіз.

– Иә, атышулы сол мақаладан соң 1951 жылы Кенесары науқаны басталды. Әуелі Ғылым Академиясының Тарих институтында, одан Әдебиет институтында Ермұқан Бекмахановтың «ұлтшылдық идеологияны дәріптеген» Кенесары көтерілісі туралы еңбегіндегі орыс халқына қарсы «қасақана» бағытталған саяси көзқарастарын әшкерелеуден басталған идеологиялық өрт әуелі Әдебиет институтын шарпыды. Ол өрттің өреки өршігені сондай,

«зар заман» ақындарынан басталып, ең соңында Абайдың төңірегін түгел өртеп, айналасын жалаңаш қалдырды. Абайдың ақын шәкірттері туралы Мұханның ғылыми еңбектері, «Хан Кене» мен «Еңлік-Кебек» пьесалары өрттің тамыздығына айналды. Бұл дауылды өрт Есмағамбет пен Қайымды түрмеге жабумен аяқталды. Абайға қойылған жойқын өрт саябырлай бастағанда, қызуын баса алмаған бұл науқан, енді эпостардан ұлтшылдықты іздеуге және оларды әшкерелеуге көшті. Оған тарихшылар да, әдебиетшілер де, жазушылар да білегін сыбана кірісті. 1953 жылы майда эпос туралы жиналыс өтті. Мәліктің (Ғабдуллиннің) баяндамасы алдын-ала 200 данамен басылып шығып, таратылды. Сонда: «Профессор М.Әуезов...өзінің қазақ эпосы туралы еңбектерінде орысқа қарсы реакциялық-пантүркістік және буржуазиялық-ұлтшыл көзқарасты ашық насихаттады, «қазақ батырларының негізгі мақсаты ұлтшыл (быть националистам) болу, содан кейін діншіл адам болу» деп сендірді. Сөйтіп, М.Әуезов қазақ жастарын батырлардан үлгі ала отырып, ұлтшыл (быть националистам) болуға шақырды» – дегенге дейін барды. Қалған «айыптаулары да» бірінен-бірі өткен бетшарпу еді. Толық мазмұны қазір есімде жоқ.

Сұрақ: – Иә, өзіңізбен алдын-ала келіскеніміздей, сұрағымыз нақты болуы үшін, сол кезде жарияланған деректердің көшірмесін ала келіп едім. Рұқсат етсеңіз оқып берейін. 1953 12-көкек күнгі дискуссияның бет алысы Мұхтар Әуезовті түңілдіріп тынды ғой. Мәкеннің – Мәлік Ғабдуллиннің төрт жарым сағатқа созылған баяндамасындағы тағылған айыптардың негігі мазмұны мынадай:

М.Ғабдуллин: «Профессор М.Әуезов... өзінің қазақ эпосы туралы еңбектерінде орысқа қарсы реакциялық-пантүркістік және буржуазиялық-ұлтшыл көзқарасты ашық насихаттады, қазақ халқының патриархалдық өткен өмірін әспеттеді. Мысалы, ол өзінің «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» атты мақаласында эпостар туралы айта келіп, өтіп кеткен феодалдық-хандық дәуірді мадақтап, «қазақ батырларының негізгі мақсаты ұлтшыл (быть националистам) болу, содан кейін діншіл адам болу» деп сендірді. Сөйтіп, М.Әуезов қазақ жастарын батырлардан үлгі ала отырып, ұлтшыл (быть националистам) болуға шақырды»;

«1932 жылы М.Әуезов баспасөз беттері арқылы буржуазияшыл ұлтшылдармен өзінің байланысын үзгенін мәлімдеп еді. Оған өзінің «қылмысты ұстанымын» қайта қарауға, өзінің бұрынғы буржуазияшыл-ұлтшыл қателіктерін жеңуге мүмкіндік берілді. Алайда, Қазақстан Компартиясы ОК идеология мәселелері жөніндегі шешімдерінде және баспасөзде бірнеше рет аталып көрсетілгеніне қарамастан, М.Әуезов осы күнге дейін уәдесін жүзеге асырмай отыр»;

«...еңбектерінде М.Әуезов қазақ эпосының тарихын антмаркстік «сана ағымы» теориясы тұрғысынан баяндайды, өткеннің эпикалық мұраларына сыни тұрғыдан келу туралы лениндік-сталиндік ілімді көзге ілмейді, қазақ халқы орыстарға қарсы, Иван Грозныйға қарсы күресті-міс делінетін өзінің ескі көзқарасын қайталайды. «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» («Литературный критик» журналы, №1, 1940) атты мақаласында ол халық қарақшысы Едіге туралы: «Едіге батыр және халықтың жоғын жоқтаушы, бәріне сүйікті кейіпкер», – деп жазды»;

«...М.Әуезов партияның шешімдерінен тиісті қорытынды шығармады. Керісінше, ол бас редактор ретінде халық жаулары Исмайылов пен Жұмалиевтің буржуазиялық-ұлтшыл және кенеске қарсы көзқарастарының таралуына жағдай жасады»;

«Өзінің әдебиеттанушылық еңбектерінде осындай өрескел саяси қателіктер мен бұрмалаушылықтар жіберген М.Әуезовтің осы уақытқа дейін баспасөз арқылы жіберген қателіктерін мойындамай, сынға алмай келуі – өзінің бұрынғы жіберген қателіктерін үнсіз және табанды түрде қорғағаны емес пе екен?», – деген саяси айып тағып, салмақты сұрақ

қояды (Қазақ эпосының жағдайы мен зерттеудің міндеттері туралы. Вестник Академии наук Казахской ССР, 1953, № 4).

– Бұл – ұсталсын деген үкім еді. Сол кезде Сәбеңнің күні туды. Құдайы берді. Әр сөзінің мәтеліне айналған «ұлтшылдық» деген мәселені қара борандата жөнелді. Мәлікті сөйлетіп тұрған да Сәбит еді. Ол (Мәлік) соның (Сәбиттің) ықпалында болды. Ал, Кенесарының талқысының соңында Мұхаң жаздым-жаңылдым – деп сөйлеуге мәжбүр болды.

– Кейін Мәлік сол баяндамасы үшін кешірім сұрап, «Қазақ әдебиеті» газеті арқылы ашық хат жариялады («Кірбіңі кеткен көңілден», «Жұлдыз», 1985, №8). Мұхаң кешірімі мол адам еді. Кекті ұзақ сақтай алмайтын. Олар қайта жарастық тапты.

Сұрақ: Иә, 1953 жылы 30 қаңтарда «Правда» газетінде жарияланған «Сынау орнына мадақтау» атты мақала Мұхтар Әуезовтің басына қатерлі күн туып келе жатқанын анық танытты. Мұны саясаттың ығына ықтап тақыстанған, «құйрығы бурылданған» (С.Мұқановтың теңеуі) Мұхтар Әуезов тез аңғарды. Аңғара сап, мақаланы талқылау барысында сөйлеген сөзінде:

«Топшылдық мәселесі жөнінде тағы да мынаны айта кетейін: маған Қазақстан Жазушыларынан басқа жақын орта, олардан жақын адам, олардан артық тығыз араласқан дос жоқ. Олардың арасында менен жасы үлкендер де, 20 жылдан астам уақыт бойы таныс жазушылар да бар, мысалы, Қалмақан, Жақан, Сапарғали, Асқар, Ғали, Әбділдә, Тайыр. Сендерден сұрап тұрмын, айтындаршы, Мұқанов жолдасқа қарсы топ құру үшін сендерді қандай бір кезде болмасын – үгіттедім бе, жолдарыңнан тайдырдым ба? Біздің қатарымызда жас жағынан алғанда кіші: Жұмағали, Әлжаппар, Әбу, Дихан, Дмитрий Снегин, Леонид Макеев, Хамит, Мұқан, Сейтжан, Жұбан және басқа көптеген жазушылар бар, қане сендер де айтындаршы, Мұқановқа қарсы күресуге сендерді қайрап салдым ба, тіпті, бір ауыз сөзбен емеуірін таныттым ба? Жоқ! Ондай оқиға болған емес! Соған қарамастан жікшілдік болды, бұл жөнінде бүгін осында сөйлеген жолдастар дұрыс айтты. Біздің осы қырғиқабақ қарым-қатынасымыз, жікшілдігіміз оқырман қауымның да «тілін емізіп» жүр. Егерде бұл туралы «Правданың» өзі жазып отырса онда шынымен де асқынып кеткен екен», – деп ант-су ішіп, зар сырын айтуға мәжбүр болды ғой.

– Иә, бұл Мұқаңның ант мезгілі алдындағы жандүниесінің жанталасуы еді, сол тұста тура солай демеске амал-лажы да жоқ еді. Өйткені, «Правда» арқылы сыналу – өміріннің жаналқымға алынғанын ескертеді. Шындығында да мұның алдындағы шарпысқан науқанның барлығы жәй құйындатқан шолақ өрт болып шықты. Ал, біз саясаттың бетті қарыған табына ғана қыздырынып жүріппіз. Оны кейін түсіндік. Қастан шықпағыр аяр саясаттың түпкі мақсаты Қайым сияқты жас теректерді емес, Мұхтар мен Сәбит сияқты емендердің айналасын тазартып алып, сосын түбірімен қопарып тыну екен. Оны бұл «қара дүлейдің» (смерч) қатерлі құйыны Жазушылар одағына қарай ауысқанда бір-ақ аңғардық. «Правда» газетіндегі мақала тура осы екі тұлғаға қаратылған соңғы және шешуші шабуыл еді. Мұны Сәбең де түсініп, бір сәт буыны босай қалған.. Сонда да оның сөзінің жалыны бұрынғыдай бет шалмаса да шарпуын тоқтатқан жоқ.

– Сұрақ: Осы эпостар жөніндегі талқылаудың тұсында университеттен шеттетілген Төлеген Тәжібаевтің орнындағы ректордың міндетін атқарушы Асқар Закарин сақтық шарасын қолданып, Мұхтар Әуезовті ұлтшыл ретінде жұмыстан шығарды. Сталин өліп, бүкіл Кеңес Одағы қара жамылып жатқан азалы күндер де Қазақстандағы «ұлтшылдықты әшкерелеу» науқанына тосқауыл қоя алмады. «Ұлы орыс халқына» қарсы бағытталған «қазақ ұлтшылдығын» әшкерелеу, оның тамырына балта шабатын идеологиялық қасапхана жасақталды. Нысанаға аталған басты құрбандық Мұхтар Әуезов болды. Әшкерелеуші міндет – Кеңес одағының батыры, профессор Мәлік

Ғабдуллинге жүктелді. Оның жәй-жапсары туралы ұстазымыз Мәкен – Мәлік Ғабдуллин дәріс үстінде бізге:

«Бұған Қазақстан К(б)П Орталық комитеті және оның идеология жөніндегі жаңа хатшысы М.Сужиков пен бөлім меңгерушісі Н.Жанділдин бір жыл үш ай дайындалды... 1952 жылы 14-қазан күні түнде М.Сужиков мені, ол кезде Абай атындағы педагогикалық институттың ректоры едім, шақырып алды да: «Уақыт жағы тығыз. Өзіңізге мәлім, әдебиет мәселесіне арналған республикалық айтыс алдағы ноябрь айында өткізілуге тиіс еді. Ал баяндамашылардың жаңадан белгіленуіне байланысты айтыстың мерзімі үш айға кешіктірілсін деп отырмыз... Айтысты өткізу мерзімін енді кешіктіруге болмайды, қайтсе де оны өткізуіміз керек... Және есіңізде болсын, бұл баяндаманы Орталық комитеттің Сізге берген арнаулы тапсырмасы деп түсініңіз», – деп сөзін нығыздай отырып эпос туралы баяндама жасауды тапсырды. Баяндаманы дайындау үшін Орталық Комитет мені уақытша жұмыстан босатып, арнайы пұрсат берді. Мен еш қарсылықсыз: «Көпшілік солай деп ұйғарса қарсы болмайын», – деп мойынсал бола кеттім», – деп айтып беріп еді.

Тура сол тұста Берия тұтқындалып, оған үкім дайындалып жатқанда бұл күрестің нәтижесі қалай аяқталатынына алаңдаған орта, кеңестік билік жүйесі әшкерелеудің жаңа науқаны басталады, – деп күтті. Сондықтан да олар өздерін сақтандырудың шараларын қамдастырды. Осындай талмалы тұсты қапы жібермеу үшін М.Әуезовке ең соңғы, ең қастан шықпағыр, ең қиянатты соққы берілді. Қазақстан КП-ның Орталық Комитеті мен жазалау мекемелері құдіретті жез тырнағын М.Әуезовке тағы да батырды. Солардың сүптеуімен 1953 жылдың 2-маусымы күні «Казахстанская правда» газетінде белгісіз автордың «По поводу романа М.Ауэзова «Абай» атты мақаласы жарияланды. Қазақ руханиятының аспанын тағы да бір сойқанды найзағай осып өтті.

– Мұханның атына ілініп тұрған жалғыз «Абай» романы еді. Оның атын сақтап, абыройын ұстап тұрған сол роман болатын. Енді соған кезек келді... Бұл – Мұхтар Әуезовтің толық талқандалып, қазақ ұлты «Абай» романынан айырылуының алғашқы қаралы дабылы әрі қазақстандық идеология жасақтарының қауқарсыз қалмағанын сездіретін «айбарлы шара» еді.

Сұрақ: – Сол «айбарлы шараға» жалғыз Сәбит Мұқанов емес, оған «майдангер жазушылар», мысалы, М.Ғабдуллин, С.Бақбергенов, Сіз және тағы басқалар қосылды. Сталиннің қазасы да тоқтау сала алмаған бұл қандай жанығу? Сіздер науқанға әдейі тапсырмамен араластыңыздар ма, жоқ, өз еріктеріңізбен бе? Майдандағы бетпе-бет келген ажалдан қорықпағанда бейбіт күнде неге сескендіңіздер, әлде, «топшылдардың» (сол кездегі термин) торынан шыға алмадыңыздар ма?

– Орынды сұрақ қойып отырсың. Бұл сұрақ түптің-түбінде алдымнан шығарын және оған жауап беру керек екендігін өзім де білгенмін. Бәрі де жаңа өзіннің ұстазын Мәлік айтқандай тәсілмен өтті. «Казахстанская правда» газетінің 2 маусым күнгі санында «Абай романы туралы» атты Мұхтар Әуезовтің «Абай» романын құл-талқан етіп сынаған, сойып салған редакциялық мақала жарияланды. Басты идеологиялық қорытындысы: бұл кеңестік реализмге жат шығарма, «Идеализация байского прошлого» – деген тұрпайы байбалам. Ешқандай көркем-сыни пікір жоқ. Бірақ, «Абай» романын жариялауға тыйым салып, авторын түрмеге қамауға толық жарап жатқан айыптау емес, үкім еді. Біз де үрпиісіп қалдық. Егер Мұхтар түрмеге қамалса келесі күні Сәбит те ұсталады, сөйтіп кезек түптің-түбінде бізге де келері анық еді.

Сұрақ: – Бұл – Орталық комитеттің тарапынан бір күнде, бір айда, бір жылда емес, ондаған жылдар бойы дайындалған «саяси тұжырым» ғой. 1947 жылы жарияланған Орталық Комитеттің идеология бөлімінің меңгерушісі Б.Степановтың мақаласындағы: «Көшпелі өмірдің салт-дәстүрін әсірелеп суреттеуді біз жазушы М.Әуезовтің «Абай» романынан кездестіреміз. Сол кездегі қазақ ауылын жазушы адамзаттың жұмағы (коммунизм – Т. Ж.) етіп

көрсетеді. М.Әуезовтің жазуы бойынша ауылдың жайлауға көшуі салтанатты саяхат сияқты: қыздар да, әйелдер де жас мөлшеріне карамастан үлде мен бүлдеге оранып, сайлы сәйгүліктерге мініп жүреді. Мыңғырған малы бар ірі байларды және олардың қалай уақытын өткізгенін моншақтай тізіп, революцияға дейінгі қазақ ауылын тым мадақтап, үлгі еткен автор кедейлердің ауыр тұрмысын ықылассыз баяндайды» («Большевик Казахстана», 1947), — деген сәуегейлігімен тікелей астасып жатыр ғой. Сол кездегі Одақтың бірінші хатшысы Әбдірахмен Жаймурзин: Баяндаманы сауатты, әдебиет теориясын білетін, «топшылдардан» тыс партия мүшесі Тахауи Ахтановқа тапсыру керектігін Орталық комитетпен алдын-ала келістім» деп еді өзара сұхбатымызда. Сонымен...

— Иә, Орталық комитеттің хатшысы Сужиков шақырып алып, қатан дауыспен «аса жауапты партиялық тапсырма» берді. Баяндаманы орыс тілінде жасау керек екен. Ол кезде кез-келген баяндама екі сағатқа лайықталатын. Баяндаманың көлемі 50 бет және ол маусымның 1-не дейін әзір болуы тиіс. Айтулы күні Орталық комитеттің бөлім меңгерушісі Н.Жанділдин оқып шықты да бетін санап отырып: «Тағы да толықтырып жаз. Мынауың аз, тағы да үш бет қос. Міндетті түрде сын болсын», — деп қадап айтты. Амал қайсы, не шара бар, еріксіз көніп, түнімен отырып жаздым, бетін көбейттім. Жағымды пікірлерді кырнадым.

Сұрақ: — «Абай» романының тағдыры талқыға түсіп жатқанда Мәскеуде бас сауғалап қалуға болмайтынын М.Әуезов білді. Сондықтан Алматыға аттануына тура келді. Артында алаң қалмас үшін «Литературная газетаның» бас редакторы К.М.Симоновқа аманат тілше қалдырып кетіпті...

— Иә, оны да білемін. Қауіпті сапар екенін, оған сақтық жасамаса болмайтынын, енді Мәскеуге қайтпай қалуы да мүмкін екенін ойлады ғой. Мен де Мұқанның Мәскеуден келуін күтіп жүргем. Баяндама жасардың алдында, демалыс күні Мұхаңа бардым. Үйіне таңертең келіп, кешке бір-ақ шықтым. Сол күні Мұханның үйі тым-тырыс боп тұрды. Сырттан телефон шалған, не келген адам болмады. Не звонок шалған бір адам жоқ. Бір оңаша қолыма түскені осы болды. Емін-еркін сөйлестім. Әр нәрсені сұрай бердім. Айтқандарынан есімде қалғаны: Абайдың ажарына қатысты: «Үндемейтін кара кісі» — деп қысқаша қайырды. Айгерімді көргенін, өзіне шәй құйып бергенін айтты. Нұрғаным Бердіқожақызы ұзатылғанда 25 жаста екен. Өзі есіктен сыймайтын семіз адам болыпты. Фаэтон мініп жүретін. 25 жылы өлді. Көкбайға обал болды. Жақсылығын көріп ем, — деді. Есік алдына шыққанда:

— Мәлік солай деді, — деп өкпесін білдірді. Мен:

— Мәліктің сыны үшін сізді ұстап әкетпес. Сәбит пен Мәліктікі дұрыс. Егер Сәбит: Мұхтардың әрекеті олай емес, — деп «ход» жасаса, онда өзі де қамалар еді. Сіздердің араларыңызда рыцарство жоқ, — дедім. Мұхаң төмен қарап:

— Ой, шошқа деген хайуан болады. Басын жерден көтермейді. Ол — сол, — деді.

Байқаймын, Сәбеннен әбден көңілі қалыпты. Қалса — қалатындай-ақ еді. Сәбеннің іс-әрекетіне біз де күйіп-пісіп жүретінбіз. Е, ол кісі де тарихқа кетті.

Айтпақшы, баяндама жасар алдында мені бір адам сақтандырды. Киностудия директоры Райхан Жуминнің інісі КГБ-да басқарма бастығы болып істеуші еді. Екеуміздің көңіліміз жақын болатын. Сол: — Тахауи баяндама жасамай-ақ қойшы. Ол кісінің халі қиын, — деп ескертті. Ол да майданға қатысқан. Бірақ, мен Мұхаң үшін аз да болса жаланы жеңілдетуге септігім тисін деп көзсіз ерлікпен дүлейдің (смерч) ішіне қойып кеттім. Ол: «Егер демалыста звандамасам, онда бітті, түрмеде деп есепте», — деді.

— Сұрақ: Мақаланың авторларын, біреулер газет редакторы К.И.Никитин десе, хаттаманы жақсы білетін Әбілмәжін Жұмабаев — А.Брагин деп анық сеніммен айтты. Алдыңғысы Қазақстанда көп тұрақтай алмады, ал Брагин сұлдерін сүйретіп ұзақ өмір сүрді. Солар туралы не айта аласыз?

— Жиналыс кешке басталды. Кешігіп қалыппын. 2-ші линияда тұрамын. 4-

трамвай көп тостырды. Комсомол (Төле би) көшесінен түсіп, жоғары жүріп, қазіргі Жастар театрына келсем, жұрт кіріп кетіпті. Ауызда Малиновский деген «Казправданың» әдебиет бөлімінің менгерушісі тұр. Көңілсіз екен. Қолы қысқа (шолок) еді. Жалғыз өзі ғана: «Нас бить будете? Заходи! Снимай нас с партий!» – деді. Ішке кіргенімде Н.Жанділдин: «Галстугің неге жоқ, неге тақпағансың?» – деді. Сужиков үндемеді. Ал, Малиновский неге есік алдында мені күтіп тұрды, неге «снимай нас» деді, ол арасын түсінбедім. Ол кезде мен, мақаланың авторы сол екен деп ойладым. Ал, сен айтқан мәліметті білмеймін. Әбілмәжін Жұмабаев айтса біліп айтқаны ғой.

Сұрақ: – Сонымен, 1953 жылы 11-12 тамызында «М.Әуезовтің «Абай» романы туралы» интеллигенцияның қалалық мәжілісі өткізілді. Талқылауға сол тұстағы «өсіп келе жатқан» партияның жас қырыпсалы» Нығмет Жанділдин қатысып, «Казахстанская правда» газетінің ұстанымын қызғыштай қорғап, «алдыға қойған міндетті орындау үшін» романның көркемдік жетістігін баса атағандарға ескерту жасап отырды. Ал, Одақтың бастығы «Ә.Жаймурзин өзінің кіріспе сөзінде романның үш кітабы туралы пікірін білдірді. Ашық жақтамағанымен де, Абайдың сүйікті ұлы Әбіштің немересі Ай атты қызға үйленіп отырған Ә.Жаймурзин М.Әуезовтің бағасын көтере сөйледі» – деп шу шығарды ғой (С.Бакбергенев). Ал, Сіз...

– Жаймурзинді Одаққа басшы етіп Орталық комитет жіберді. Ол Мұхана көп көмектесті. Сәбит пен Ғабитті тырп еткізбей ұстап отырды. Алды қатты еді. Жаймурзин: «Бұл талқылауда мен баяндама жасаймын. Ол романды маршал Ворошилов мақтаған», – деді. Сөйтіп, булығып тұрған қыстығуды босаңсытты.

– Содан кейін сіз мінбеге көтерілдіңіз.

– Мен президиумда Ахаң (Ахмет Жұбанов) мен Мұханның (Әуезов) қасында отырдым. Қандай қысылтаяң шақ болса да Мұхан өзінің бала мінез аңғалдығын көрсетіп алды. Ол Ахана:

– Сен Тахауиды білесің бе? – деді.

– Е, білмей не бопты?

– Жоқ, сен білмейсің. Ол – көшелі, салихалы, сабырлы кісі, бірақ..., – деген кезде мен мінбеге көтерілдім.

Баяндаманы тыңдап отырып, сынаған тұстарыма келгенде: «Пәлі, мына Тахауи қып-қызыл белсенді боп шықты ғой!» – депті. Ішінде арамдығы болса – ірі жазушы болмас еді. Сенгіш, аңғал адам еді Мұхан.

Сұрақ: – Сондағы айтқандарыңыз есіңізде ме, «көркем шындық пен тарихи шындықты ажырата білетін салиқалы жазушы» (Ә.Жаймурзин) ретінде және «Орталық комитеттің тапсырмасы бойынша» қандай сын-ескертпелер жасадыңыз?

– Мен «Абай» романына көркемдігіне және саяси ұстанымына зияны тиетіндей ешқандай айып таққан жоқпын. Ал, сын пікір айтпауға болмайтын. 50 беттік баяндаманың 3 беті ғана сынға құрылған. Жекелеген детальдар мен көріністерді сынаған болдым. Қазір толық есімде қалмапты. Баяндаманың ұзын сарыны былай болса керек.

Гуманизмнің ең қымбат құндылығы – адам өмірінің тіршілігі. Әуезов өзінің алғашқы шығармасы «Еңлік-Кебектегі» штрихтар арқылы көркем ойдың әрін ашып кетті. «Абай» романындағы Құнанбай – қазақтың тума төлі, ал Абай – кірме ойдың жемісі, яғни өзі айтқандай, «Құнанбай – ескінің соңы, Абай – жаңаның басы» – дей келіп, 6 түрлі сын айттым. Оның барлығы да сол шарпулы заманның лебі еді. Ал, менен кейін сөйлегендердің арасында: «Абай» – роман емес, өткенді әспеттеген, таптық мүддеге қарсы жазылған дұшпандық пиғылдағы насихат құралы» – дегендері де болды. Ал, сен сонда айтылған сынды біліп отырсың ғой, журналдағы нұсқасын көшіріп алып келем деп едің. Оқышы, қане!

Сұрақ: – Жарайды, сіздің рұқсатызбен тура сол араны талдаған қолжазбамды оқып берейін. «Бұл жолғы басты баяндама Тахауи Ахтановқа тапсырылды.

Талқылауға сол тұстағы «өсіп келе жатқан» партияның жас қырыпсалы» Нығмет Жанділдин де қатысып, «Казахстанская правда» газетінің ұстанымын қызғыштай қорғап, «алдыға қойған міндетті орындау үшін» романның көркемдік жетістігін баса атағандарға ескерту жасап отырды. Тарихи уақыт пен көркем заңдылықты жетік білетін Т.Ахтанов та өзінің баяндамасында романның, көркем өнердің табиғатынан тыс талаптар қойды. Негізінен К.И.Никитиннің (Т.Ахтановтың айтуынша редакциялық мақаланың авторы – Т.Ж.) «Казправдадағы» солақай пікірлерін жұмсарту мақсатын көздесе де, «партиялық қатаң тапсырманы орындауға мәжбүр» болды. Ол негізінен тарихи көркем тартысты таптық тұрғыда құруға кеңес берді және:

«Бірінші: «ең алдымен, «Абай» романының бірінші кітабында қазақ ауылындағы таптық қайшылықтардың жете көрсетілмегенін атап кету керек. Жазушы сол дәуірдегі қазақ қоғамының саяси өміріндегі таптық күрестің ара салмағын кемітіп алған. Оның есесіне ру тартысын суреттеуге көп көңіл бөлген. Қазақ кедейлерінің байларға қарсылығы әлсіз көрінеді. Кедейлердің байлардан көрген қанауы, олардың мұн-мұқтажы бірінші кітапта өзіне тиісті көркемдік дәрежеде суреттелмеген. Әсіресе, бірінші кітапқа тән кемшілік – жазушы әлсіз рулардың кедейлерінің өмірін мол көрсетсе де Құнанбай сияқты бай ауылдың кедейлерінің тұрмысына атүсті тоқталады. Бұл сияқты ірі кемшілік романның идеялық өткірлігін біраз мұқатып тұр...

Екінші: романдардың бірінші және келесі кітаптарында жазушы Абайдың адамгершілігін баса көрсетпек болып, оның ауылындағы таптық қайшылықты ұмытып кетеді, сөйтіп жеке адамның адамгершілігі таптық теңсіздікті жояды деген утопиялық қате ұғымды үнсіз жақтайды.

Үшінші: патриархалдық-рулық қоғамның салтын суреттегенде автор кейде орынсыз бейтараптыққа ұрынады. Бөжейдің асын суреттегенде жазушы асқа байланысты әдет-ғұрыптарды толық көрсетуге елігіп, оның таптық негізін ұмытып кетеді. Бөжейдің атын ту қып ұстаған байлардың әсіре сөздері автор елегінен өткізілмегеннен кейін Бөжейді мадақтау болып естіледі... Бөжей асы бүкіл халықтық мейрам болды деген ұғым туғызады. Жазушы атак-даңққа ие болып жатқан Байдалы, Сүйіндік сияқты феодалдар екенін ашып көрсетуі керек еді. Қысқасы, ол үлкен астардан рубасы байлардың жақсы атак алып, саяси капиталға ие болатынын, ал астың ауыртпалығы жай халыққа, кедей ағайындарға түсетінін – яғни астың таптық себептерін көрсетуге тиіс еді».

«Романға Абайдың барлық ағайын туысқандарын кіргізе беруі орынсыз екенін автор түсінбеген сияқты. Абайдың Құдайберді деген ағасы бары, оны Абайдың жақсы көргендігі кімге керек, сол сияқты бала жігіт Шәкені, оның аң аулағанын суреттеудің қанша қажеті бар. Осы сияқты өмір материалдарын шығармаға керектігіне қарай дұрыс талғап алмау авторды кейде қатге де ұрындырған. «Абай» романының екінші кітабында екі жерде Абайдың кіші баласы Тұраштың аты аталады. Айталық, ол биографиялық деталь дәрежесінде кішкене бала кезінде-ақ көрсетілген болсын. Бірақ оның аты Абайға абырой әпере ме? Жок. Қайта, алашордашыл байдың атын кітапқа енгізу – автордың саяси қатесі», – деген пікірге үнсіз ғана күрсініспен жауап берді.

Ал, бүкіл шығарманың ең құнарлы, бояуы қанық, көркем шырыны мен салтанаты, нағыз тарихи және көркемдік шындыққа құрылған көшпелілердің жайлау көші мен Бөжейдің асы тамылжыта суреттелген тұсты алып таста деп кеңес беру – «Абай» романын «жазба» деген үкіммен тепе-тең еді». Міне, Н.Жанділдин қостырған үш бет сын осы болуы керек».

– Расында да солай жазыппын ба? Журналдық нұсқада да жарияланып кеткен екен ғой. Әйтеуір, мұнда ешқандай ұлтшылдықты әшкерелеу мен саяси айып жоқ екен. Бір қарағанда, қырнап, түзей салатын ескертулер сияқты көрінуші еді өзіме.

Сұрақ: – Иә, бір қарағанда жеңіл-желпі сияқты. Ал, бүкіл шығарманың ең құнарлы, бояуы қанық, көркем шырыны мен салтанаты, нағыз тарихи және

көркемдік шындыққа құрылған көшпелілердің жайлау көші мен Бөжейдің асы тамылжыта суреттелген тұсты алып таста деп кеңес беру – «Абай» романын «жазба» деген үкіммен тепе-тең еді. Бөжеймен қоса: суреткердің еншісіне тиесілі тарихи уақытқа, кейіпкерлер коллизиясына, көркемдік тартыс пен шешімге сыртқы күштің араласуы салдарынан жазушының бастапқы нысанасынан ауытқуына тура келді. Қосымша «қыстырмалар» (Д.Әбілов) кіргізіп, «Қарашығын» сияқты тарау қосылды. Әкесі Құнанбай мен ағасы Тәкежан және Әзімбай сияқты жағымсыз кейіпкерлерден басқа Абайдың айналасында туыс қалмады. Бәрінен тазартылды. Тұрағұл іспетті бесіктегі сәбиінің мандайынан иіскеудің өзі таптық-идеологиялық қылмыстың қатарына жатқызылды. Өзге-өзге, тарихи көркем шығарманың заңдылықтарын жақсы білетін оқымысты жазушы Тахауи Ахтановтың өзі кейіпкер Абайдың туған ұлы Тұрағұлдан бас тартуын талап етті. Шығармадағы Абай мен бесіктегі Тұрағұл суреттелген тұста «Алаш» партиясын былай қойғанда, алаш көсемдерінің өзі мүшел жасқа толмаған болатын. Міне, сөйтіп, тарихи көркем уақыт пен жетекші кейіпкер тұлғалардың «табиғи қарсылығына» қарамастан кіріктірілген қондырғы идея мен тартыс М.Әуезовтің ең қасиетті авторлық құқына қол сұқты».

– Солай ма? Шынымен де артық кеткен екенмін. Енді, сол кездегі саяси жағдай мен қысымды, мәжбүрлікті талдап, амалсыз барғанымды түсіндір. Ол кезде баяндама жасаған адам, тіпті, Толстойдың өзі болса да міндетті түрде сынауға тиіс болатын. Ол сынды Орталық Комитеттегілер қатаң қадағалап қарап, зорлықпен жаздырды. Ондай пікірді Мұханның өзіне де айтуға мәжбүр етті. Ал, менің әр сөзімді сығалап қарап, «таптық сана» дегенді сыналап тұрып қостырды. Өйткені ол, «примитивный социологияның» құтырып тұрған кезі еді. Қап, журналға кетіп қалғанын қарашы. Заман сөзі ол. Біз қайбір шындығымызды айтып үйренді дейсің. Керегін өзін іріктеп алып, талқыларсың.

Сұрақ: – Екі күнге созылған ырғасуы мен іресуінің бар мазмұнын баяндап шығу мүмкін емес және ол біздің мақсатымызға да жатпаса керек. Тек ескерте кетеріміз, бұл талқылау бұрынғы талқылаудан өзгеше өтті. Мысалы, ел ішіндегі оқырман Ділдәбеков мінбеге: «Басқа уақыттың келгенін, ескі саясаттың ескіргенін», «ендігі оқырмандар, қазіргі халық өкілдері солақай сынға көнбейтінін, сүйікті жазушыларын арандатушылардан жанын салып қорғайтынын» мәлімдеді. Алайда Досалиев сияқты «кір суды» Әуезовтің мойнына сарылдатып төге салғандар да болды. Сондай-ақ бұл жолғы талқылаудың баяндамашылары да сыни ойлау жүйесі басқа деңгейдегі жаңа толқын өкілдері болатын.

– Дұрыс айтасың, бұл талқылаудың арнасы бұрынғы байбаламдардан басқа және теориялық деңгейі жоғары болды. Тек, бір ғана адам Әуезовке ашықтан-ашық қарсы сөйледі. Өзі мөжантопайлау адам болатын. Қараптан-қарап романдағы табиғат суреттеріне (пейзажға) тиісті. «Жамбыл ол кезде түн болған еді» – десе, Мұхтар «Күн» – дейді. Бұл қалай? – деп шаптықты. Досалиев деген кісі. Қазір де тірі (1987 жыл, қараша) екен. Қалғандары да ашына сөйледі, бірақ Мұхтарды жақтады. Мұханның өзі қорытынды сөз сөйледі. Есімде қалғаны: бұл обществонның зрелосының (қоғам мүшелерінің парасатының) өскенін көрсетеді. Осындағы шығармаға ара түсіп, арашалап алуы – соны, сананың өскенін көрсетеді, – деген сөзі.

Сұрақ: – Осы талқылаудан кейін Мұханмен екіарадағы қарым-қатынастарыңыз қалай дамыды. Реніш, базына болды ма?

– Енді кірбіңсіз болды деп айта алмаймын. Бірақ, сол баяндама арамдызды жақындата түсті. Екеуара сенім орнатты. Әсіресе, сол 1953 жылы жиі кездесіп, көп әңгімелестік. Біраз ойларын айтты. Сонда әлі ақтала қоймаған, аты аталмайтын тілші ғалым Құдайберген Жұбановты қатты мақтады. «Нағыз ғалым. Ахмет оған қарағанда әлі бала ғой», – деді. Ол кезде бұдан артық мақтау айту мүмкін емес еді. Бірде оңашада Мұхан маған:

– «Алашорда» үкіметі Колчактан автономия сұрағанда Колчак: «Проклятый киргизский вопрос мучает меня», – депті. Сонда, Чернцов деген біреу:

Помилуйте, я сделаю, – депті. – Как? – дегенде: – Олардың аз ғана интеллигенті бар. Солардың басын аламын. Содан соң, мәселе өзінен өзі шешіледі» – депті. Бұлардың қазіргі арандатулары да соны көздейді. Байқарсың, Тахауи, – деген шын сөзін құпиялап жеткізді. Осындай ұлттық сарындағы біраз жайларды сыр ретінде айтты. Зады: Құлағында жүре берсін. Түбінде бір ес кіргенде есіңе түсер – деген болуы керек. Солай ғой. Әр айтқан әңгімелерінің сондай астары бар еді.

Бір жыл өткен соң Әбдірахман Жаймурзин: «Мен жазушы емеспін. Мені мұнда партия жіберді. Енді бұл жұмыстан бас тартамын. Партия қайда жіберсе сонда барамын», – деп жазушылық билетті кері тапсырды. Ол жоғары жақпен ақылдаса келіп, Ғабиденді өзінің орнына қойды. Ғабиден: «Білімім жеткенге дейін әділ боламын», – деді. Содан мені Ғабиден шақырып «Жұлдызға» бас редактор етіп тағайындады. 54-жылы Одаққа хатшы боп сайландым. Реті келгенде айта кетейін. Бір жолы Мұхаң телефон шалды.

– Тахауи, орнында боласың ба? Өзім келемін. Сөз бар, – деді.

Бір сағат сөйлестік. – Ғабиденнің мінезі ноқайлау ғой. Әлжаппарды Президиумның мүшесінен шығарып тастапты. Мен: «Неге шығардың? Қалдыр», – деп ем, көнбеді. Қыжырынып отырып алды. Қиқар. Бұл – Әлжаппар, Сәбит, Ғабит үшеуміздің ортамызда жүріп, атқа мініп үйренді. Ол туралы бір татар жазушысы: – Қазақтар татардан озды. Өйткені, татарлардың ортасында Әлжаппар жоқ» – деп күліп алды да: – Президиумның жиналысына қатысып жүрсін. Енді Ғабиденге сен айтып, көндірі. – деді. Ғабиден неге ондай шешім қабылдады, білмеймін. Жалпы, Мұхаң да онша қиылып сұрамаған болуы керек. Әйтпесе, Мұхаңның өзі қойған адам, сондықтан да оған тікелей қарсы келмесе керек еді.

Содан 1954 жылдың басында Пономаренко Орталық комтеттің бірінші хатшысы болып келді. Әдебиет пен өнерге жақын адам екен. Бір айдың басында 10 жазушыны қабылдауына шақырды. Арамызда Ғабит пен Хамит болды. Өзі ұзын столдың басында отырып: – Темекі шегулеріңізге болады. Күлсалғыш әкеліндер, – деп көмекшісін күлсалғышқа жұмсады. Содан еркін әңгімеге көшті. Қойшы, содан жазушылардың жағдайын егжей-тегжейлі сұрастыра келіп, бір кезде: – Өуезов қазір қайда? – деді. Үнсіз тына қалдық та, біреуіміз: – Мәскеуде, МГУ-де сабақ беріп жүр, – дедік.

– Сонда біржола ауысып кетті ме?

– Жоқ.

– Ендеше маған келсін. Жүздесейік. Академик Греков те кадеттің Орталық комитетінің мүшесі болған. Ал, «Алашорданың» сүйегі қурады. Сондықтан да, ондай үлкен адамды біз де ортамызға тартуымыз керек. Алаштан үрікпендер, – деді.

Сонымен, Мұхаң Мәскеуден қайта Алматыға оралып, Пономаренкоға кірді. Ол Мұхаңды үйіне қонаққа шақырып, түн ортасына дейін әңгімелесіпті. Содан бастап Мұхаңның басынан бұлт айықты.

Бұрынғыдай жасқануды қойып, енді өзі батыл сөйлеуге көшті. Жазушылардың съезінде мен хатшылыққа сайландым. Сол съезде Мұхаң Әбділдә Тәжібаевтің «Дубай Шубаевич» атты пьесасын қатты сынады. Біз таңданысып қалдық. Өйткені, Әбділдә – Мұхаңның лагеріндегі жанашырлардың бірі еді. Сол съезден кейін Мұхаң маған оңашада: «Тахауи, сен Мұхтардың басына бұлт оралғанда Әбділдә оның қасында болып еді. Енді бұлт кеткен соң, Әбділдәні неге тастап кетті дейсің-ау, осы», – деді.

– Ия, Мұха!

– Ендеше, тында. Кеше, жұрттың бәрі жабылғанда, маңайыма келгеннің қайсысын қуатындай күйім болды. Ал, бірақ осылар, Шахметі бар, әсіресе, олардың қатындары Мұхтарды бөзек қып, анда-мұнда жұмсағысы келеді. Мұхтар басыммен қалай барамын ондайға? Сондықтан да арамызды үзіп тастайын деп шештім. Болмаса, құтыла алар емеспін. Сондықтан да қатты кеттім. Бірақ, обал іс болды, – деді дауысы бәсеңдеп.

Мұхаң 1959 жылы Лениндік сыйлық алды. Мұхаң Мәскеуде, больницада екен. Мен де Мәскеуге съезге барғам. Жұрт топырлап барып жатты. Мен бара алмадым. Съезге қатысты. Жолыға алмадым. Кейін Мұхаң «Москва» қонақүйіне орналасыпты. Онда да бармадым. Ыңғайсыздандым. Бар дырдудан кейін қалып, соңынан бардым. Сол күні «Огонек» журналындағы кроссвордты шешіп ем, бір тұсына «Ауэзов» деген сөз дәл келді. Содан атып тұрып, қонақүйге келдім. Диванда шынтақтап жатыр екен. 2 әйел отыр. Маған бірден:

– Жасы да – сен, аяғы ауыры да сен болдың ғой, – деді.

– Ой, Мұха, «Огонек» журналындағы кроссвордтағы сіздің фамилияңызды шешемін деп кешігіп қалдым, – дедім.

Отырғандардың бірі Сұлтанбек Қожановтың қызы екен. 1920 жылы туған. Өзі дәрігер. Мұхаң Қожанов туралы әңгіме айтты. Отырысымыз екі сағатқа созылды. Содан, МГУ-дің студенттеріне лекция оқуға кетті.

– Сол жолы Сіздің шығармаңыз да сыйлыққа қатар ұсынылды ғой. Іріктеу кезінде өтпей қалғаны көңіліңізге қылау түсірген шығыр. Ыңғайсызданғаныңыздың себебі сол болды ғой. Әрине, өзінің «Өмір мектептері» ұсынылған Сәбит Мұқанов та салқынқабақ танытып, романның тарихи кейіпкерлерінің ұрпақтарының атынан арыз ұйымдастырғаны да қазір құпия емес. Ол табиғи нәрсе ғой.

– Мүмкін, оны қалай түсіндіре аламын. Арамызға кірбің түсіп кеткені анық еді. Содан кейін, Алматыда, Жұмағали Саиннің жерлеу рәсімінде кездестік. Мұхаң: – Жұмағали жұтандау өмір сүруші еді. Керегіне жаратындар. Арақ ішілмесін, – деп 100 сом берді де маған: – Москвадан күт. Сонда кездесеміз, – деді. Содан, 1961 жылы Әлжаппар, Қалтай үшеуіміз идеология жөніндегі жиналысқа бардық. Мұхаң да келіп, үстіміздегі қабаттан бөлме алды. Келімді-кетімді кісі көп. Сонымен, үш күн қатарынан үзбей дуылдаттық. Мен тост сөйлеуге ұмтылғанымда: – Отлично скажет. Послушайте! – деп өзгелерге ескерту жасады. Үшінші күні таңертең телефон шалып: – Тұрдыңдар ма? Онда келіндер, – деді. Дастарханға өзі тапсырыс берді. Жеңіл тағамдар. 3 сағат отырдық. Сол кезде Қазақстанның мәскеудегі өкіл Бакытжан Ысқақовпен бірге ақ халатты денелі орыс дәрігері кіріп келді. Түсі суық, тура қасапшы сияқты көрінді. Жүрегім біртүрлі шаншып кетті. Больницаға әкетуге келіпті. Мұхаң:

– Мен – полип екем. Бұдан былай күшім азая береді. Мықты кезімде жасатып алайын – деп тұрмын, – деді.

Біз шығарып салдық. Мұхаң шофердің қасына отырды. Бір түрлі мұңлы, төмен қарап, жүдеп кетті. Бізді байқап қап, қайта басын көтеріп алды. Сол мұңлы күйінде: – Қайтып келгенде аля-фуршет жасап беремін, – деді.

Бірақ, басқаша келді ғой...

Соңғы көргенім сол Мұханды. Мұханның сол соңғы суреті көз алдымда...

Сұрақ: – Иә, өзінің Абайдың өліміне қатысты жазғанындай, «алып бәйтерек құлады» деңіз. Соңғы бейнесін көз алдыңызға сақтап, соңғы сөзін ойда ұстап қалғаныңыздың өзі үлкен жұбаныш қой.

– Солай. Бірақ мені көп ойландырып, көп толғандырған, есімнен кетпейтін, үнемі жадымда ұстап, жаңғыртып отыратын, Абайды түсінуіме ұмтылдырған бір өсиет сөзі мынау.

1957 жыл. 60 жасқа толуына орай жасалған дастархан басы. Қонақ та, сөйлеуші де көп. Бірінен бір асырып мақтайды. Кезегі келгенде Академияда істейтін бір жігіт: – Мұха! Абайды – Абай еткен сізсіз, – деді. Мұхаң түсі бұзылыңқырап орнынан ширақтау атып тұрды да:

– Абай, ол – Абай! Ұлылыққа сыймайтын данышпан ақын. Мен Абайды түсініп, түсіндіруші ғанамын. Мұндай сөз бұдан былай біздің үйде айтылмайтын болсын! – деді шамырқанып.

Шынын айтқанда, менің түсінігім де, ойым да содан алыс емес-тін. Мұханның сөзін: Жай «кокетничество» – дейтінмін іштей. Ойымның асылық екенін кейін білдім. Абайды кейін, 40-тан асқан соң түсіндім. Абай айтпаған

ынтызар қалмапты. Мұхаң түсінген Абайдың тылсымын түсіндім. Өзім арнайы уақыт бөліп, тереңіне үніле оқыдым. Тұңғыық. Әрине, Абайдың поэзиясы аудармаға келмейді. Пушкин де солай. Ұлттық ақындар аударылмайды. Өз халқының жүрегіне жетсе де ұлы олжа. Өз халқын ақыл-оймен асырау да оңай салмақ емес.

Осы арада, Мұхаң туралы сөз қозғалғанда міндетті түрде еске түсетін және айтпай кету мүмкін емес екінші тұлға – Сәбең – Сәбит Мұқанов туралы өз көзқарасымды, Мұхаңмен – Мұхтар Әуезовпен салыстыра айта кетейін. Сәбең – шығармаларын ауызекі сөйлеу мәнерімен, күлді-көмеш сөздер мен баяндауларды араластырып жаза беретін. Көркемдік мәселесіне салақ қарайтын. Байқағандарымды байыптай келіп, жетпісінші жылдары Сәбең туралы Эзоптың тілімен «разговорный язык», «примитивная интонация» деп өткір мақала жаздым. Аямай сынадым. Әдебиет туралы мақалалар жинағымның редакторы Сағи Жиенбаев есікті жауып алды да: «Ойбай, қандай сойқан бастағалы жүрсіз», – деп қатаң ескертті де жазғанымды кітапқа енгізбеді. Қазір өткеннің бәрін қопаратын, өзімнің де күнәмді жуатын, өлген соң шығатындай етіп бір мақала жазбақ ойым бар. Сәбит – нағыз қазақы, ру тартысының деңгейіндегі «непосредственность». Ал, Мұхтар да қазақы, бірақ оқыған, салиқалы, интеллигентный, просвещенный адам. Білімі мол ғұлама, дана адам. Мұхаң – «вспышка нашего национального ума». Онда ұлттық характер, мощь бар. Оған бір мысал келтірейін. Қазақ университетінде Мағжанды ақтау туралы пікір алысу кешін өткіздік. Александр Жовтис, Махмұт Хайруллин және мен сөйледім. Сол арқылы ұлттық намысты қозғадық. Диспуттың хаттамасы Орталық Комитеттің бюросында қаралып, талқыланды. Сонда Сәбит сөйлеп: «Мағжанды «через мой труп» ақтайсындар», – деп қарғана сөйледі. Ал, Мұхаң болса сөзсіз ақтап сөйлер еді. Екі тұлғаның арасындағы ерегес те, бірін-бірі мойындамайтындары да, керістің себебі де, міне, осындай кереғар көзқарастан басталып, ақыр соңында бір-біріне сондай төзімсіздікпен қарайтын жағдайға жеткізді. Бұл да ұлттық трагедия...

Сұрақ: – Таха-Тахауи аға, енді мына бір заңды да кездейсоқ жайды қараңыз. Арада тура отыз жыл өткенде «қазақстандық сенімді адамдардың ақпаратымен қаруланған» мәскеулік Алла Марченко тура осы сынның ықпалымен қосылған тарауларды «роман-эпопеяға жат, шынжырлап жалғасқан жалған желі», – деп «Дружба народов» журналында мақала жариялады. Сонда, Т.Ахтанов: «Бұл біз алатын биік емес» деп жауап жазып, тағы да төрелік айтты. Сөйтіп, сіз екі рет, әуеліде саяси айыптаудан, екінші рет жалған сыни жаладан Мұхтар Әуезовті арашалап қалдыңыз. Сіздің азаматтық және жазушылық арыңыз таза. Ал, А.Марченкоға ақыл айтып, дерек беріп, өзін ұстазы Әуезовтен жоғары қойғысы келген «досыңыздың» атын атай аласыз ба? Ол неге былай арандатты және оған мәскеуліктерді қалай көндірді? Соңғы сауалым, қазіргі жазушылар одағындағы пленум мен жиналыс сайын, әсіресе, басқарма сайлауы тұсында жанталаса ушығып кететін бет жыртысулар сол бір жандайшап науқанның сарқыны емес пе, жоқ, шынымен де шығармашылық көзқарастан туған шамырқану ма? Сіздің де бір-екі рет мінбеден сөйлегеніңіз есімде... Сіз, жоғарыдағы ««Бұл біз алатын биік емес» атты жауап мақалаңызда: Шығарма – көркем идеяға құрылуы тиіс. Идея, оқиға, тартыс, көркемдік шешім ғана шығарманы даралайды – дедіңіз ғой. Мысалы, «Боранның» (Мен үшін «Дала сыры») көркем идеясы, оқиғасы, шешімі бұрын-соңды жазылмаған психологиялық роман. Одақ сыншылары Ш.Айтматовтың «Боранды бекетінің» идеясы мен ұзына желісі «Боранды» еске салады, сондағы көркем идеяның сорабы – дегендей дақпырт сөз айтып жүрді. Осы талап тұрғысынан алғанда, сіздің «Шырағың сөнбесін» атты дилогияңыздың көркем идеясы мен оқиғаның ұзына сорабы Әди Шәріповтің «Партизан қызын» еске салады. Мектепте, Қабікен Жұмабаев деген ересек оқушы әдебиет үйірмесінде екеуін жарыстыра баяндама жасап еді.

– Жә, ол мүлдем бөлек әңгіме және сенің тақырыбыңа еш қатысы жоқ нәрсе. Ал, Жазушылар одағындағы «бетжыртысуларға» қатысты айтарым,

шамаң жетсе, одан аулақ жүр, ол жылымнан шыға алмайсың. Ал, әңгіміміз үш сағаттан аса уақытқа созылып кетіпті. Осы арада бір тыныстап, бойды да, ойды да суытып алайық. Сұрағынды келесі кездесуге қалдыр. Ол әңгіменің сарыны мен әуені жат. Мазмұны үйлеспейтін сөздің басын қоспайық, — деді орнынан көтеріліп.

— Мақұл. Сау болыңыз, — дегеннен басқа амал қалмады.

1987 жыл, қараша — 1988 жыл, қаңтар.

Әлқисса: Тахаңмен — Тахауи Ахтановпен бұдан кейін қайыра еркін сұхбаттасудың орайы келмеді. Анда-санда байсалды басып, кеудесін тік ұстап, Одаққа келгенінде әдеттегі кішіпейілдіктің ізетінен әрі асқам жоқ. Кейде тоқтап, сараң сөзбен ғана жөн сұрасады, кейде басын изеп маң-маң басып кете барады. Оның үстіне, қат-қабат толқынды, ең қарбалас, ең тәуекелді және рухты тәуелсіздікке ұмтылу күндері басталып кетті. Бірінші хатшымыз Олжас Сүлейменовтің тапсыруымен Жазушылар одағының жанынан құрылған Праволық комиссияның алдына қойған міндеттері: желтоқсан оқиғасына қатысты жанталаса астыртын да, ашық та мәлімет жинау, Жоғары сотта қаралып жатқан алаш қайраткерлерін ақтау туралы сот ісіне әдеби кеңесшілік ету және Қауіпсіздік комитетінің архивіндегі тергеу ісін қарастыру сұхбатымызды кейінге ысыра берді. Таханның да жүрісі баяулап, аяғы ауыр тартып, көпшілік ортасына сирек келетін болды. Мен, Ләйлә Мұхтарқызы Әуезованың: «Егерде Әуезовтің әруағын сыйлайтын болсаңыз, өтінішімнен бас тартпаңыз» — деген сөзіне жығылып, одақтан М.Әуезовтің мұражай-үйіне ауыстым. Тәуелсіздіктің буырқанысы қиын күндердің тұрмыстық тапшылығын да елетпеді. Жасамыс біз көндіккенмен егде адамдарға ауыр тиді. Бұрынғы жиған қаражаты желге ұшты. Мұқтаждыққа тап болды. Тахаң да — Тахауи Ахтанов та сол мұқтаждықты басынан кешірді. Денсаулығы күрт төмендеп, жүрек демікпесі қысып, екі аяғын баса алмай, қиналып жүрді. Тоқсан үшінші жылдың күзінде, Ләйлә апай дүниеден өткен соң мені іздеп мұражайға келді. Таң қалдым. Сөйтсем: «Апайыңнан айырылып қалдың. Соған көңіл айтайын деп арнайы келдім. Сен жалғыздықты енді көресің-ау. Енді өзге деңгейдегі ырғасу мен бопсаға түсесің. Ол қиын. Менің де күшім кеміп барады. Отасыз болмайтын сияқты. Ол үшін мол қаражат керек екен. Менде ондай мүмкіндік жоқ. Өзің емеуірін еткен достың алақанына қарап қалдым. Ол КРАМДС-тегі Орталық комитеттің жарна қаражатына ие боп қалды ғой. Білмеймін, қыржиып теріс қарайды. Шындығыңнан қайтпа. Өзіне сен. Сен өткенде маған: аңғалсыз, сенгішсіз, бопсаға түсіп қаласыз. Бұл өзіңізге қаншама зиян әкелді десеңізші — дегенінде мойынсал болмап ем. Сыналатын кезі енді келді. Ал, Әуезов саған аманат, Мұхаңның, шалдың рухы қолдасын», — деп сөзін аяқтады. Сосын мен танитын кинорежиссер ұлының тағдырын айтты. Оның астарын түсіндім. Шығарып салуға ризалығын бермеді. Баяу жүрісін маған көрсетуге өзіне намыс тұтқан сияқты.

Соңғы көруім... Ол тағы да ұстазының мұражай-үйіне келді. Иә, сол жолы Таханды — Тахауи дегдарды соңғы көруім мені дос атаулыдан түнілдіріп жібергендей болды. Әбден жүдеген, жағы суалған, шашы ебедейсіз дудыраған, қара көзілдірік көлегейлеген көзінің шарасына үмітсіздіктің мұңы ұялаған. Баяу, әзер сөйледі: «Мұхаңның — қара шалдың рухымен қоштасайын деп келдім. Түнілдім, бәрінен түнілдім. Достан да... көңілім қалды. Қатты қалды. Сонымен қосақталған өмірім — бекер өткен өмір болды. Қаншама аранға түскем. Соның бәрін қалдырмай, күнделігіме жазып қойдым. Есінде сақта. Ал, қайыр-қош. Қош, Мұха!», — деді жасыған көңілмен сыбырлап қана.

О, тәубә! Қайран арыстан жалды Тахаң-ай! Кеудеме өксік, көзіме жас тығылып, отырған орнымда қала бердім. Ол кісі шығарып салғанды ұнатпайтын. Ілби басып, иығы сөлбіреп, таяғына салмақ сала Құрманғазы көшесін төмен бойлап, күнге қарсы жүріп, тік қарайтын ажарлы бетін батысқа бұрып, Алатауға арқасын беріп, теріс қарап кетіп бара жатты.

Өзі айтқандай: «Әй, өмір-ай!» — дедім іштен құмығып. Шындығында, Мұхтар Әуезовтен кейінгі ұлы қабілетке ие тұлға осы Тахаң — Тахауи Ахтанов еді. Міне, бар өкініші еңсесін басып, бойын көтертпей кетіп барады. Не үшін сонша өкінді екен деші, кім білсін. Барлығын «Күнделігіме» ашық жаздым деп еді.

Енді ол шындық мәңгі құпия күйінде қалады. Өйткені, әлгі «досы» «Күнделікте» не жазылғанын біліп, оны қояр да қоймай жүріп сатып алыпты. Көрген адам мен куә адам бар. Тек оның көзін жойды ма, жоқ, тылсымның түбіне тығып кетті ме, ол жағын білмеймін. Қайран, Таха, өзіңіз айтқандай, «араларында рыцарство жоқ» достардың заманына өміріңіздің тап келгенін қарашы. Ал, Сіз «рыцардың» — серінің нақ өзі едіңіз.

6 қазан, 2025.
Астана. Жеті қазына.

СЫРМІНЕЗДІ СЫПАЙЫ

(Әбілмәжін Жұмабаев)

Сыпайы, сырмінез, Абай айтқандай, «жасынан түсін билеп, сыр бермеген» сарабал қазақ зиялысының бірі — сақа журналист, ақтанкер аудармашы, байыпты баспагер, ысылған идеология қайраткері Әбілмәжін Жұмабаев ағамыз еді. Жиырма бес жасынан бастап Орталық партия комитетінің идеология бөліміне қызметке шақырылып, елуінші жылдардағы қырғи кезеңдегі «қилы наұқанның» қитұрқы шарпысуларына тікелей куә болған адам. Шарпысуларға тікелей қатыспаған, ал, соларды бақылап отыруға мәжбүр болған. Ал, баспа ісіне еңбегі сіңген үлкен-кішімен сыпайы сөйлесетін. Етене қолтығына тартпаса да менің жазған алғашқы «Аэродром», «Бесқарагер» атты хикаяттарыма пікір білдіріп, жабық конкурста бірінші бөйге алуына себепші болыпты. Кейін: «Сенің анау аспандағы жұлдыздар туралы суреттегенің көңіліме ерекше әсер етті. Ал, Мұхаң туралы еңбектеріңді жоғары бағалаймын. Қадағалап жүремін», — деп еді. Кезінде жеке жолығып, тереңдеп сұхбаттасудың реті келмеді. Содан 2003 жылы 29-шы желтоқсанда ұстазымыз Темірбек Қожакеев дүниеден озып, үйіне көңіл айта бардық. Сонда келімді-кетімді адамдардың аяғы саябырлаған кезде: «Сен Мұқаңның тағдырын табандап зерттедің. Осы арадан басқа ретті жерді таппай отырмын. Енді бетпе-бет кездесеміз бе, жоқ па, кім білсін. Мына адамдар да естіп қалсын», — деп «Күнделікке» түсіп қалған төмендегі әңгімені айтып берді. Иә, әдебиет тарихы үшін және Мұхаңның тағдыр-талайын талқан еткендердің есімін біле жүру үшін терімге шығардым.

12 ай, 30 желтоқсан, 2005 жыл.

Кеше ұстазымыз Темірбек Қожакеев дүниеден озды. Азалы дастархан басында замандастары, соның ішінде курстасы Әбілмәжін Жұмабаев отыр екен. Сәлден соң:

— Сен, Тұрсын, Мұхаңның өмірін тереңдеп зерттедің. Тағдырын араластыра жаздың. Қысым көрген кезеңдерді де қамтыдың. Соның ішінде, «Казахстанская правда» газетінің 2-ші маусым күнгі санында «Абай романы туралы» атты Мұхтар Әуезовтің «Абай» романын күл-талқан етіп сынаған мақаланы кім жазғанын айтып берейін, — деп сөз бастады.

— Басымыздан небір қиын кездер өтті ғой. Соның бірі елуінші жылдардың басындағы саяси аласапыран. Соның ішінде Мұхтар Әуезовтің тағдыры ешқашан естен кетпейді. Мен өзім көрген жайларды ғана айтайын. Тура сол кезде, елуінші жылдардың басында КПСС Орталық комитетінен: Мұхтар Әуезовтің «Абай» романында қазақтың өткен өмірін әсірелеу бар. Шығармаға сенсек, қазақтар коммунизмнен баяғыда өтіп кеткен сияқты суреттеледі. Дереву

талқыға салындар – деген пәрмен түсті деген нұсқау келді. Қазақстанның ОК хатшысы Храмов пен Иманов (?) «Социалистік Қазақстан» мен «Казахстанская правда» газетіне әшкерелеу материалын жариялау туралы тапсырма берді. Сондағы, «Казправдадағы» «Абай» романы туралы» атты атышулы макаланы жазған Алексей Брагин, өндеген Эдуард Мацкевич болатын. Оларға дем берген Сәбит Мұқанов екен деген сыбысты да естідім. Нақты анығын білмеймін. Арада екі апта өткен соң «Ленинская смена» газетінде Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі» туралы бір бетке жуық мақала шықты. Оны жазған Бернштейн деген жойыт. Мұрны, көзі, әрекеті нақ еврейдің өзі еді. Бұған да А.Брагин кеңесшілік етті деп естідім. Онда Сәбит Мұқановты тас-талқан еткен.

Бұл пәрмен «Социалистік Қазақстан» газетіне келіп түсті. Бас редакторымыз Қасым Шәріпов оны бөлім меңгерушісі Төлеубай Ыдырысовқа тапсырды. Төкең – Төлеубай ағамыз көп ойланып отырып, ашулы кейіпте (бірбеткей адам еді) бас редакторға барып:

– Мен мына тапсырманы орындай алмаймын. Себебі, бірінші, бұл – әділетті іс емес, жала. Партбилетті қан майдан кешіп жүріп, адал болуға ант беріп алдым. Сондықтан өтірік айта алмаймын. Жалған жала жаба алмаймын. Екінші, «Абай» романына I дәрежелі Сталиндік сыйлық берілді. Ал, мен Сталин жолдасқа ешқашан қарсы шықпаймын. Үшінші, мен роман туралы сыңаржақ сыншылардың пікірлерімен келіспеймін. Сондықтан партиялық тәртібімді қарап, жұмыстан шығарамын десеңіздер өз еріктеріңіз. Бірақ, партбилетті қан майданда алдым, оны ешкімнің қолына ұстатпаймын, – деді.

Сонда бас редакторымыз Қ.Шәріпов: – 1. Мен де майдангермін, мен де партбилетті майданда алғамын. 2. Майдангерді – майдангер жұмыстан шығармайды. Орныңнан алуға да қақым жоқ. 3. Сен коммунистсің. Өз пікіріңді айтуға қақың бар. Сондықтан бұл мәселені тура Шаяхметовтің өзіне барып айтайын, – деді. Сөйтіп Қасым Шәріпов Орталық Комитеттің бірінші хатшысы Шаяхметовке барып:

– Әуезовтің «Абай» романы туралы нұсқауларыңызды орындай алмаймыз. «Казправдадағы» сын – әділ сын емес. Тіпті, редакция алқасы екі бөлініп кеткелі тұр. Орталық комитеттің өзі жауапкершілігіне алсын, – депті.

Сонда Шаяхметов:

– Ендеше, идіріп-тартып тұра беріндер, – депті.

Сөйтіп Мұхтар Әуезовті әшкерелеген мақала «Социалистік Қазақстан» газетіне шықпай қалды. Кейін Пономаренко М.Әуезовті түнде шақыртып алып, таңға дейін әңгімелесіп, бар жағдайды қалпына келтірді. Храмов дегенді Қостанайға бірінші хатшы етіп жіберді, 8 айдан соң Ленин орденімен марапаттап, пенсияға шығарды. Ал, Брагиннің сұлдері Сәбеннің көлеңкесі боп қалды. Бертінге дейін өмір сүрді. Міне, сен біле жүретін жәй осы. Қандай қиын кезде де қандай жазаға тартылатынына қарамастан Төлеубай Ыдырысов пен Қасым Шәріпов сияқты рухты, өжет, қайсар азаматтар болған. Есінде болсын, – деп Әбекен әңгімесін аяқтады.

Әбекеннің – Әбілмәжін Жұмабаев ағамыздың өзі де ұстаздарындай адал, әдепті адам еді. Шіркін, аудармалары қандай тамаша, еш мүдіріссіз оқылады, оқыған сайын аңсарың ауады да отырады. Бұл да үлгі тұтарлық тағлым.

ӨЖЕТ ОЙЛЫ СЕРГЕК СЕРІ

(Сафуан Шәймерденов)

Жүрегіне кір сақтамайтын, жан сыры мен аңсары қаламы арқылы шығармасына діл боп құйылатын шынайы таланттың шығармасы – мінезіне, мінезі – шығармасына тартады. Сондай өзі де, сырты да сылаң, еңсесі өр, бойы да, ойы да сұңғыла, адымы ашық, қадамы нық, еңсесі биік, Абай айтқандай: «Жасынан түсін билеп, сыр бермеген, Күлсе де, ренжісе де білдірмеген»,

тасқаяқ ойнағанда да бас имей, кеудесін тік ұстайтын, өжет ойлы, сергек сері, ер мінезді жазушы – Сафуан Шаймерденов болатын. Өзін топтан саяқ ұстап, ұмсынған адамға жалтақтамай, жүзін жылытып, батыл басып баратын, сөзді қысқа қайырып, қайтадан бойын тіктеп, алған бетінен бұра тартпайтын. Сырын білмеген адамға кісі жатырқайтын саяқ жан сияқты көрінетін. Бірақ, өзін Ғабеннің – Ғабит Мүсіреповтің ет бауырындай сезініп, соған «ұқсап бағатын» (Абай) Сафакеңнің сыртқы сырбаздығы тартқанмен, жан дүниесі мүлдем ашық, ойындағысын ешкімнен еш қаймықпай табан астында айтып салатын, содан кейін, тура Ғабит ағасы «Ғажап бір адам» деп жазғандай: «Айтарын айтады да, содан кейін ешкімнің сөзіне құлақ аспайтын мінез көрсетіп, жұртқа ұп-ұзын мұрнын тосады да қатып қалады, ал мұрны құрғыр еш нәрсеге түсінер де, қысылар да емес, қоңыр бір собалақ, дүлей, мелшиеді де қалады» («Күнделіктен», 198-бет). Ғабен «Бір ғажап адам» деп «ұзын мұрнын» да қосып бағаласа – бағалағандай, «ұзын мұрнын» бас бармағы мен сұқ саусағының арасына сүйкей сипап қойып, ашық қаз дауысымен қадала сөйлеп кететін Сафакеңнің мәнері де соған сай еді. Ұмтылса бітті, алған бетінен ағасы да қайтара алмайтын және айтпай тынбайтын. Мен оның тура сондай өрлігі мен ерлігінің үш рет күәсі болдым. Сөз басындағы, шығармашылығы мен жеке мінезіне жеке пікірім дербес талданғандықтан осы үш батыл сөзін ғана тәмсіл етіп, сырт көзге онша мәлім емес Сафакеңнің азаматтық үш мінезінен мағлұмдар етпекпін.

Ол бір желтоқсан оқиғасынан кейінгі ұлт басына булығы мен шарасыздық орнаған, тұла бойыңды ызалы бұлқыныс пен кек наласы билеген қамкөңіл күндер еді. Ұмытпасам, желтоқсанның 30-ы күні. «Ұлттың рухани тамыры, санасы – жазушылар. Халық соларға қарайды, соларды тыңдайды. Сіздің кім екеніңізді Қазақстан жұрты білмейді. Сондықтан мына орын алған оқиғаны, ұстанатын бағытыңызды, жастарға қолданатын шараларыңызды түсіндіріп, әрі өзіңізді таныстырсаңыз. Біз сізді білуіміз керек», – деген Жазушылар одағының бірінші хатшысы Олжас Сүлейменовтің ұсынысынан бас тартудан қаймыққан Колбин келісімін беріпті. Қара жамылған, долы наразылығын ішіне жасырған, қабақ түюлі, мойны салбыраған қаламгерлер мәжіліс залына лық толды. Колбин екпіндеп кіріп, грузиндерден жұққан алкеуделікпен жиналғандарға мекірене қарап, еш мағынасыз лепірме деммен сөйледі. Күткен деңгейден табылмады. Кәдімгі можантопай мұжық екені бірден байқалды. Жұртшылық қабылдамады. Алғашқы сөзді қасиетіңнен айналайын Жұбақаң – Жұбан Молдағалиев алып, бірден: – Бейбіт күнде автомат асынып, қолдарына гүрзі алып, жастарды тепкілеп, қан жоса қылған солдаттарды көргенде, мен өзімнің майданнан тірі келгеніме өкіндім. Көрмеуім керек еді. Ұлдарымды тепкілеп, қыздарымның шашынан сүйреткенді көру үшін қан төктім бе?! Онымен қоймай, мындап түрмеге қамап жатыр. Әскердің бейбіт жұртты жазалауына бұйрықты кім берді? Сіздің қандай қатысыңыз бар? Бұған қалай баға бересіз? Ал, біз, қазақстандықтар, оның ішінде мен майдангер ретінде қарсымын. Коммунист ретінде сізден ашық жауап күтемін! – деді. Өзгені білмеймін, өзімнің тұла бойым тебіреніп, көзімнен ризалықтың ащы кермек жасы сорғалай берді. Сол кезде алдыңғы қатарда отырған Сафуан Шаймерденовтің: – Олжас, мен сөйлеймін, маған сөз бер, – деп жауабын күтпестен мінбеге шықты да: – Мен сізді аса құрметті Геннадий Васильевич дей алмаймын. Өйткені, Сіздің сөзіңіз көңілімді қатты қалдырып, ренішімді туғызды. Сондықтан, Геннадий Васильевич, өзіңіз Қазақстанға бірінші рет келіп тұр екенсіз, бұрын қазақтармен араласпапсыз. Ендеше, олардың шетінен грузиндерден өткен ұлтшыл екенін қайдан білдіңіз? «Қазақ ұлтшылдығы» деген терминді неге сүйеніп айттыңыз, дәлеліңіз қайсы? Бір топ жастардың талабына, меніңше, әділ талабына қарап, бүкіл қазақты ұлтшыл етіп масқараламақсыз ба? Ертең Пленумда айтылып, қаулы қабылданатыны сөзсіз. Онда, бүкіл Кенес Одағы «қазақтар

ұлтшыл» деп әшкерелеуге көшеді. Саяси айыптаудың және оның қалай жазаға ұласатынын біз, аға ұрпақ, білеміз. Сонда сіз қазақ ұлтын масқаралау үшін келдіңіз бе? Сенбесеніз дәл осы кеште Сіз екеуміз көшеге шығып, не бір сойқанды жерді аралайық. Сонда, ешбір қазақ сізге «Орыссың!» деп қол көтерсе сол арада өзімді-өзім қасым етейін. Бірақ, ондай оқиғаның болмайтынына ант беремін. Қызметіңізге сай сабырға кеп, салауатты шешім қабылдаңыз. Ал, жастардың мына жаппай түрмеге қамалуына біз, жазушы азаматтар, қарсымыз. Осы есіңізде болсын! – деп сөзін аяқтап, жауап күткендей Колбинге қадала қарап тұрды да иіні басылған «Васильевичінің» сұрқын көріп, тура бағанағы Ғабен суреттегендей: «айтарын айтып алды да содан кейін ешкімнің сөзіне құлақ аспайтын мінез көрсетіп, жұртқа ұп-ұзын мұрнын тосты да қатып қалды», Колбинге қасқая қарап отырды.

Жұбақан (Ж.Молдағалиев) мен Сафақеннің (С.Шаймерденов) мына сөзінен кейін еңсені басқан бұлт ыдырап, бас көтеріліп, сенім қуаты бойды биледі. Колбиннің басы иіліп, жауырыны күдірейіп, содан кейінгі даусы бәсен шығып, мысы басылып қалды. Тек Шеголихин деген дәрігер-жазушысымақ қана Колбинді жұбатқандай боп: «Қазақ ұлтшылдығы бас көтергені рас. Қазақ бала бақшасының салынуынан соны байқауға болады», – деп мінгірлегенін залдағы қарсы шыққан ашулы дауыстар тұншықтырып тастады. Мәжілістен соң Сафақен ештеңе болмағандай басын тік көтеріп, кеудесін көтере ұстап, ешкіммен шүйіркелеспей, өжет ойлы, сергек сері қалпында жалғыз өзі үйіне қайтып бара жатты. Несіне аландасын, айтарын – айтты, елінің бір намысын алып берді. Жанайқайын жеткізді.

Міне, Сафақеннің азаматтық ерлігі мен өрлігі. Шығармалары да осындай ашық шындыққа құрылған. Сонысымен де тұмса, тума талант.

Екінші, азаматтық-адами мінезін, бір жарым айдан кейін, ақпан айының ортасынан аса көрдім. Таңғы сағат сегізде Олжас ағамыздың кеңесшісі Сүният Бәкенов телефон шалып: – Тез Одаққа кел. Сағат 10-да Қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары Қопабай Әбдірахманов келіп, Праволық комиссияның мүшелерімен Желтоқсан оқиғасы және алаш қайраткерлерін ақтау мәселесі жөнінде әңгіме өткізеді. Олжекең келісіп қойыпты, ағалар алқасы мен өзің сенген комиссия мүшелерін шақыр, – деді. Табан астында айтқан адамдарына хабарласып, жылдамдатып Одаққа жеттім. Олжекең: – Егер сұрай қалса, пікірлеріңді ашық айт. Алаш туралы да батыл сөйле. Ақсақалдар да жасқанып қалмасын, – деп ақылын айтты. Тура сағат онда Комитет төрағасының орынбасары Қ.Әбдірахмановпен бірге басқарма бастықтары жеті полковник келді. Олжекең өзіне тән өткірлікпен: – Біз, жазушылар, бәрін де ашық білуіміз қажет. Жазушының санасына ұялаған күмән жасырын сынақтан қауіпті, өйткені олар қоғамның қас-қабағы, сөйлейтін мінбесі. Барлық адамдар өздерінің сұрақтарына жазушылар арқылы жауап алғысы келеді. Біз сол үшін де адамдардың, оның ішінде, бүгінгі таңда аландатып отырған ең ділгір мәселе – Желтоқсан оқиғасы туралы толық мағлұматты білгіміз келеді. Қанша адам ұсталды, қанша адам тергеуде, қанша адам құрбан болды және олардың құқын кім қорғайды, әлде жасырын соттала бере ме? Екінші үлкен мәселе, қазақ сөз өнері сталиндік бұғаудан толық құтылып болған жоқ. Ұлттың рухани ұстаздары Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов сияқты алаш қайраткерлерінің азаматтығы да, шығармалары да ақталған жоқ. Саясатты қайта құру, жариялылық дегеніміздің түпкі мақсаты да сол емес пе? Сондықтан бар мағлұматты сол істермен тікелей айналысып отырған сіздердің мекемелеріңізден, сіздердің өз ауыздарыңыздан естігіміз келеді, – деді. Қ.Әбдірахманов дайындап әкелген мәліметтеріне көз қырын сала отырып: – Желтоқсан оқиғасының тергелуі толықтай Мәскеудің қолында. Олардың мағлұматы бізден құпия сақталады. Ал, біздің есебімізде тергеуге алынғандар бір жарым мың, түрмеде отырғандар үш жүзге жуық, ісі сотқа берілгендер жиырма шақты адам (Ол

накты санын көрсетті, ол есеп жазылған менің жеке дәптерім кейін қолды боп кетті, көшірмесін қапелімде таба алмай отырмын, мөлшермен осындай). Саяси мәселе болғандықтан баға беруге құқымыз жоқ, тек мәліметтерді ғана береміз, — дей келіп, сөзінің соңында: — Алаш қайраткерлері туралы қозғаған мәселелеріңіз орынды. Ашығын айтайын, оларды, соның ішінде Мағжан Жұмабаевты ақтау туралы Қауіпсіздік комитеті келісімін берген кезде «оларды мәңгілік ақтауға болмайды, олар ақталса ұлтты бұзатын ұлтшылдық идеологиясы қайтадан қозады. Оған Жазушылар одағы көне алмайды», — деп қарсы болған және жаптырып тастаған Сіздердің өздеріңіз, яғни, Жазушылар одағының қарсылық білдірген хаты, — деді. Аға буынның: — Не дейді? Кім? Мүмкін емес. Атын айтыңыз», — дескен жан дауыстары шығып кетті. Төрағаның орынбасары күмілжіп, жауаптан жалтара берді. Сол кезде Сафакең — Сафуан Шаймерденов орнынан тұрып, көзі ұшқын атып: — Жолдас Әбдірахманов! Сіз біздің арамызға үлкен күдік тудырып, араздық пен алауыздықтың шоғын тастап отырсыз. Егделер — бір-бірімізге, жастар барлық аға буынға жеккөрінішпен қарайтын болады енді. Сондықтан мекемеңіздің үйреншікті әдісімен әдейі арандату үшін келмесеңіз сол адамның накты атын айтыңыз. Егер бұл жолы айта алмасаңыз, онда біз жазушылар атынан Орталық комитетке ашық хат жазып, Сізді арнайы есеп беруге шақырамыз, — деді шириғып. Мұндай батыл да батымды сөзді қаймықпай тура қарап айтып, қадала отырып жауабын күту тек Сафуан Шаймерденовтің ғана қолынан келетін. Қ.Әбдірахманов біраз қозғалақтап отырды да папқасынан бір бет қағаз алып Хаттын мәтінін оқып берді. Қол қойған адамның атын айтпады. Енді отырғандардың наразы дауысы естілді. Сол кезде Қ.Әдірахманов: — «Жазушылар одағының екінші хатшысы Әбділдә Тәжібаев» — деп ресми хатты көрсетті. — Не дейді! — деген Әлжекеңнің дауысы қатты шықты. Орнынан атып тұрған Сафакең: — О, қарабет! Сен де сондай ма едің?! Маскара! «Әбділдә жылап жүріп жазанды береді» — деген Мұханның (Мұхтар Әуезовтің) сөзі рас боп шықты ғой! — деп ұзын бойы бүгіле еңіреп жіберді. Көз жасын сүртпеді де, одан қымсынған да жоқ. Жазушылар абдырап қалды. Олжекең томсырайған тыныштықты бұзып: — Міне, арлы, адал жазушылардың көзқарасы осындай. Әбдірахманов жолдас, енді бұл мәселені жабық қалдыруға болмайды. Біздің Праволық комиссиямыздың атынан алаш қозғалысынан дипломдық жұмыс қорғаған («Қазақ» газетіндегі публицистика», бірақ қорғау алдында ұстазым Хайыржан Бекхожин басқа тақырыпқа өзгертіп жіберген) мына Тұрсын Жұртбаев Қауіпсіздік комитетінің архивіндегі алаштықтардың тергеу ісімен танысып, бізге бар жағдайды түсіндірсін және Жоғарғы соттағы талқылауда әдеби кеңесші болсын. Сіз қалай қарайсыз?» — деп мәселенің шешімін ұсынды. Қ.Әбдірахмановтың келіспеуге амалы қалмады. Сөйтіп Сафакеңнің өжет те өткір мінезінің арқасында алаш қайраткерлерін ақтау мәселесі табан астында шешіліп, жаңа бағыт алды. Он бес күннен кейін Олжекең мені Жоғары сотта қаралып жатқан «Алаш ісіне» әдеби кеңесші етіп жіберді. Наурыз айында Қауіпсіздік комитетінің архивіне рұқсат берді.

Міне, ары мен адалдығына өткір мінезі мен өжет ойы қосылған Сафакеңнің «көз жасымен» жуылған алаш қайраткерлерін ақтау науқаны осылай күтпеген жерден қарқынды түрде басталып еді. Әйтпесе, жаналқымнан алған сол сөздер болмағанда мекемелер арасындағы хаттар мен жауаптардың «жорығы» жылға созылар ма еді, кім білсін.

Адамның бойына біткен алымды ажар мен өтімді өжеттік, адалдық пен аңғалдық, серілік пен сенгіштік — үнемі жарасым тауып, үйлесе бермейді. Бұл мінездің иесінің қапысын табу да оңай, әсіресе, жаны аярлықтан ләззат алатындар үшін таптырмайтын олжа. Сол мінез Сафакеңді де сан рет сан соқтырған болуы керек. Ұстараның жүзі сияқты қылпылдаған оның өтімді де өткір жүзі өзінің де жанын жаралаған болар. Оның анық-қанығын білмеймін, бірақ өзім аңғарып қалып, сақтандырған бір шағымды

да шымбайлы шындықты жасырып қалғым келмейді. Сол «желтоқсанның қара суығы» азынап тұрған кез. Бір адамның ту желкесінен екінші бір жақын тұтқан жаныңның сұқсыр көзі қалғымай қадалып тұрғанын анық сезініп жүрген шағым. Өйткені, 1988 жылы 24 сәуірде алаш қайраткерлерінің азаматтары ақталған Жоғарғы соттың қаулысы шығып, енді саяси тұрғыдан ақтау үшін партиялық комиссия құрылды. Қаза тапқан және сотталған Желтоқсаншылардың тізімі жасалып, СССР Жоғары кеңесінің депутаты О.Сүлейменовтің атынан: желтоқсаншылар саяси айыпкерлер болып табылады, сондықтан да оларды кәнігі қылмыскерлермен бір камерада отырғызбау, қысым көрсетпеу керектігі туралы түрме бастықтарына хат жолданып, кейбіреуінен жауап келіп жатқан. Сондай-ақ, қазаға ұшырады деген жеті адамның үшеуінің (және үшеуі де қыз бала) ауылдарына арнайы адамдар жіберілсе де әке-шешелері шындықты жасырып қалған көкшетаулық және меркелік қыз балалардың деректері расталмай жатқан. Себебі, оларды Қауіпсіздік комитеті әбден үрейлендіріп қойса керек. Алдында, Тұрсынбек Кәкішев пен Адам Мекебаев растап берген жайды Коммунар Табеев ресми анықтауға барғанда бәрін жоққа шығарып, мойындаудан бас тартыпты және соның алдында ғана екі ересек адам барып, шындықты айт – деп қатқыл сөйлесіпті. Кім? Астыртын істің талабы бойынша, мен тапсырма берген адам өзінің кіммен сөйлескенін маған да айтпауы тиіс. Сақтық керек. Сонда да, «жас ұлтшыл» деген Партиялық қаулының тізіміне ілініп үлгеріппін. Ал, жанағы үш адам Алматының демалыс паркінің жанындағы жәбірленгендерге де барып өздерінше ақпарат алмақ болған. Әрине, олар шындығын айтпаған. Суреттеп берулеріне қарап іштей шырамыттым. Қауіптісі – егдесі Олжастың қыр соңына түсіп, соттатпай тынбаймын деп жүрген әйгілі жәміл. Ал, сенгендері «ұзын бойлы, ұзын мұрынды» Сафуан ағам болып шықты. Бір-екі рет бетпе-бет келгенде сәлемімді салқын алған. Содан, екі жағымыз да бұрылып кете алмайтындай қыспақта кездесіп қалдық. Сәл бәсеңдете: «Ана істерің не болып жатыр, бірдене шығара аласыңдар ма? Біз де қарап жатқамыз жоқ», – деді. Енді шегінудің реті жоқ, демімді ішіме алып: «– Білемін. Онсыз да шошынып қалған балаларды үркітіп біттіңіздер. Сіздер барған үш жердегі жастардың тізімдері алынып, ісі сотта ақталуға жіберілді. Өзіңіз бастаған іске өзіңіз неге селкеу түсіресіз? Сізге сенемін. Ал, ана «егденің» көздегені жастарды ақтау емес, Олжастың үстінен арыз жазу үшін іздеп жүрген «дерегі». Оның алды Орталық комитетке жолданыпты. Мен танысып шықтым. Содағы мақсатыңыз не? Олжас үшін балаларды және олардың ата-аналарын қиянатқа қиясыз ба?» – деп едім: – Ойбай, не дейсің?! Түскен екем ғой «егденің» тұзағына! Ендеше «сенен басқа ешкім істей алмайды, жастарды өзіміз қорғайық. Бізге қосыл» – деп жүргені сол екен ғой. Кешір, айналайын! Кеш. Алла, аңғал басым-ай, алдап соққан екен ғой!», – деп сол арада ауыр да болса шындықты мойындады. Қарсы уәж айтпады, орынсыз ақталмады. Құшағын айқара ашып құшақтап, батасын берді. Біз – Жоғары соттың мүшесі Қ.Кенжебаев, басқарма бастығының орынбасары М.Нәрібаев (Кейіннен Бас Прокурор болды), адвокат Сыздыкова бәріміз О.Сүлейменовтің атынан Анықтама дайындап, Қазақстан Орталық комитетіне және СССР Жоғары кеңесінің Президиумына жолдадық. Оның бір данасын депутаттыққа кейіндеп сайланған М.Шаханов сұратып алды, ақыры ол СССР жоғары кеңесінің сессиясында кеңес одағына жария етті. Бір кездесіп қалғанда: «Мұхтар мәліметті сендерден алды ма? Мен күткен нәтиже сол еді. Бөгетіміз тие жаздапты-ау. Құдай сақтады», – деп арқамнан қақты.

Осынау өжет мінезді, өткір сөзді, тәуекелшіл мінезді Сафакеңмен арадағы соңғы көрініс туралы жақ ашпауыма да болатын еді. Бірақ, өзінің оқыс кеткен аңғал тұстарын ашық мойындай білетін адамның, нағыз адал, батыл мінезді, арына кір жұқтырмайтын сергек сері мінезді Сафакеңнің адами болмысын жасырып қалуды жасықтық санадым. Ал, бұл – әр адамның бойынан табыла

бермейтін «Ғас әл-Ғас» («Толық адамның» деңгейіне сай ең асыл) адамның ғана болмысына тән қасиетті сипат.

Ал, Сафакеңнің — Сафуан Шәймерденовтің сондай «Ғас әл-Ғас» деңгейіндегі толық адам екеніне жоғарыдағы үш мінезі толық дәлел.

Тіршіліктің мүддесі тірі адамды тоғыстырмай тұрмайды. Әрине, жоғарыдағыдай сын сағаттардағы сынақтардың сыны мен сыры бір басқа. Сафакең сырбаз, сері тұлғасын көріп, көзайым болған ширек ғысырдың ішінде өзара пендешілік базына да орын алып тұрды. Дүниеден озар ант мезгілі шағында ажалға қарата: «Осыншама өмір сүруге мүмкіндік бергеніне рахмет», — деп сыпайы ризашылықпен аттанған аса кішіпейіл, биік мәдениет иесі Мұқан Иманжанов марқұм сүрлеуін салған қазақ прозасындағы алғашқы ірі интеллектуалды роман «Инештен» бастап «Ағалар алақанына» дейінгі аралықта Сафакең ешқандай атақ-дәрежеден дәмәтпей, даңғазадан бойын аулақ ұстады. Соңғы шығармасы мемлекеттік сыйлыққа ұсынылғанда акырын ғана: «Бұл өзі бір түрлі дүние. Жұрт түсіне берер ме екен. Сен қалай ойлайсың?», — деді сыпайы ғана кездейсоқ кезігіп қалғандай болып. Емеуірінін түсініп, «Аз сөздің астары» атты мақала жазып, жарияладым.

Жолыққанда басын изеп ризашылығын білдірді. Соған да қанағат еді. Бір жолы Баянғали Әлімжанов екеуіміз Одақта Сафакеңе қарама-қарсы кеп қалдық. Баянғали өзімсі сөйледі. «Жә, Баяш, сен сәл екпініңді бас. Мына Тұрсынға бір кішіпейілдік жасағым кеп тұрғаны. Борыштармын. Жүріндер», — деп «Қаламгер» кафесіне ертіп барды. Отырар-отырмастан менімен емін-еркін тәжікелесе беретін Баянғали Әлімжанов: «Сафаке, мұны несіне еркелете бересіз? Керей-керей деп жездемсініп, апайыма арқасүйеп, барлық керейге ертоқымын теріс ерттеп мініп, күн көрсетпейтін болды. Кегімді бір алып беріңізші», — демесі бар ма. Сонда Сафакең: «Қой, барлық керейді басына бермес. Солай ма, Тұрсыкен?» — деген кезде: «Маған бәрібір, тек таза керей болса бітті, кез-келген керейдің шаруасын үш-ақ минутта бітіріп беремін», — деп жауап беріп ем. «А, солай ма, солай де. Жарайды, оны да көрейік» — деген. Соны Сафакең Ғабене айтып: «Тұрсын бізді сөйтіп бір шоңқитып кетті. Сізден басқаның тісі батпайды. Өзін ұстап алып бір тұқыртып, кегімізді қайтарып беріңізші. Сіз де керейсіз ғой», — депті. Сөйтіп, Ғабеннің «мен де кереймін ғой» — деп «де»-ні қосып қойып, екі жарым сағат тұқыртқаны бар» (Естеліктен»). Ол мұғжиза өмірі естен кетпестей боп есте қалды. Адал, таза жанды Сафакең қандай да бір көңіліне келген кілттипанды ұмытпай, ойлағанын міндетті түрде орындап тынатын. Кәдімгі астарлы әзілден кеткен есесін сөйтіп, Ғабеннің «мысты миығымен» басып қайырғаны бар.

Соңғы рет Сафакеңді Астанада, Ғылым министрінің қабылдау бөлмесінде тосыннан жолықтырдым. Бесінші қабаттың терезесінен аспанға қарап, көзі мұңға толып, сондай бір шарасыз күйде тұр екен. Көңілсіздеу қалыпта сәлемімді алды да: «Солай, Тұрсын, мен келетін мекеме емес қой бұл. Саянымның (үлкен ұлы, атакты хоккейші, әлем чемпионы) жайымен жүрмін. Жағдайы болмай барады. Астанаға келген екенсің. «Ел ауған жаққа құт ауады» деген» — деп ықыласын білдірді. Сол салқын, көңілсіздеу көңіл райында қоштастық. Бұл менің «өжет ойлы сергек сері» Сафакеңді — Сафуан Шәймерденовті соңғы рет көруім екен. Араға жыл салып барып дүниеден озды. Жалған-ай, қандай азапқа салсаң да баланның жаназасына қатысудан асқан қасірет бар ма! Өмірден көрген ең ауыр жазасы ғой ол. Сафакең өмір тозағының сол қинауын да көріп кетті. Иілмейтін бас иілді, мүжілмейтін жігер кемірілді, жанына жуытпайтын шерлі уайым өрнегін салды. Не шара. Хақ иесі ондай жазаны ешкімнің пешенесіне жазбаса екен.

ӨТКІРДІҢ ЖҮЗІ (Шерхан Мұртаза)

Тіршіліктегі толайым күндерде томаға тұйық тартып, сыртынан ғана сыйласып, сын сәттерде ғана еш алдына барып, жаныңды булықтырған тәуекелді ойларды тайсақтамай тура айтып, сол арада ол да тәуекелді жауап-шешімін айтып, бекінген ісіңе сеніммен кірісуге қуат беретін батыл тұлғалар болады. Жайшылықта жаттай көретін адамың содан кейін бауырыңды жылытатын көкбауырыңа айналады. Тура төрт мүшел – қырық тоғыз бойы бауыр боп – бауырына кіріп кетпей, жат боп – жатырқамай, Тайыр ақынның өлерде айтқан:

Жан сүйер сөз саулықта,
Айтыла бермейді екен ғой.

Жандарыңды жай уақта,

Азырақ ұққан екем ғой, – деген сөзін қазір жиі еске түсіретін тұлға Шер-аған – Шерхан Мұртаза.

Иә, мен Шер-ағанның қолтығына емін-еркін кіре алмадым, той-думан, ойын-сауықта бірге жүрмедім, мүшелтойларының шашбауын көтерушілердің де қатарында болмадым, бірақ, ол кісі мені іштей ішіне тартуын, ал мен – діліммен бауырына тартылуымды еш сәтте доғарғамыз жоқ. Мұны «іштей түсіністік» деп атаса керек-ті. «Мен Шерханның шапанынан шыққанмын», – деген Оралханның өзі де екеуінің ықыласты ыстық демі бір-біріне тартылып тұрса да сондай бір аралық сыралғы сабырлы салқындықты сақтайтын. Мен мұны Оралханның етбауыры ретінде жақсы сезінетінмін. Оралхан демекші, мені Шер-ағанның бауырына үнсіз басқан да осы Ор-аған болатын. Мүмкін, Оралхан ағама бауыр басып кеткенімді білететін Шер-аған маған да сол «саясатты» ұстанды ма екен, кім білсін?.. Мен де сол «саясатты» ұстанып, Шер-ағанмен түйсікпен түсініскен сәттерге ғана тоқталамын.

Ал, Оралханның бауырына салып берген де осы Шер-аған болатын.

Әлі есімде, он жетіден енді асып, он сегіздің табалдырығын сол кездегі біз үшін аты аңызға пара-пар «Лениншіл жас» газетінің табалдырығымен жарыстыра аттадым. Қазіргі Абылай хан мен Жібек жолының қиылысында. Жүрегім лүп-лүп соғып екінші кабатқа көтерілгенімде қияқ мұртты жігіт (Кәдірбек Сегізбаев) «Келе ғой, қалқам, кімді іздеп жүрсің? Ә, өлең әкелдім дейсің бе? Онда әдебиет бөлімі ғой. Міне... Ораш, мына бала саған келіпті», – деп кіргізіп жіберді. Самсаған сайлы жігіттер. Соның ішінде, шашы арқасын жаба дудыраған, арқасын орындаққа шалқақтай тіреген Орағанды – Оралханды бірден тани қойдым. Әңгімелерін сүйсіне оқығам. Өлендерімді шалқая отырған күйі алып, іле столдың үстіне еңкейіп оқыды да: «Мына бала сендерден көрі ақын (Қазір өленді қойдық қой, сондықтан асылық болмасын, шыны солай), глянцеваый қағазға суретке түсіп кел. «Тұсаукесерге» береміз. Сен өзің кімсің, қайдан келген данышпансың?», – деп өршіл үнмен тіл қатты. Ес қалсын ба, суретіне түсіп, ертесіне апарып бердім. Тура бірінші тамыз күні суретіммен өлендерім жарқ ете қалды. Қуанышта шек жоқ деген бергі сөз ғой, масаттанып сала бердім. Алғыс айтуға барып едім, әй-шәй жоқ: «Жүр. Бас редакторымыз, Шер-аған сені көрсет деген», – деп ерте жөнелді. Шерхан Мұртазаевтің өзіне ме? «Табылған теңіз», «Бұлтсыз күнгі найзағай» атты хикаяттарын оқығам. Қабағы түйінкі, қасы қалың, ерінді, түрі сұсты келбеті елестей қалды. Төрде көп қағаздың арасына есіктен кірген маған сүзе қарады: «Әлгі айтқан балаңыз осы», – деді Ор-аған. «А, отыр. Жөнінді айт», – деді. Не жөн айтам. – Рахмет! – Саған рахмет, бізге жұмыс тауып берген. Әлі мұртын алынбапты ғой, – деп қайта қағазға үңілді де Ора-ағаңа қарап: – Ие бол! – деді. Ор-аған да басын шалқайта бір сілкіп: – «Ие бол» деді ғой. Ие болайын. Келіп тұр. Әуелі оқуыңа түсіп ал, – деді. Бұрын енселі есікті ашып, енселі

адаммен сөйлесіп көрмеген мен түс көргендей болдым да қалдым. Шер-ағанның сол сүзіле қараған суықтау бейнесі әлі көз алдымда. Сөйтіп, бір ауыз сөзімен Оралханға теліп берді. Әрине, ол тізгінді Ор-ағаң да босатқан жоқ, мен де тартыншақтамадым. Бауыр бастым. Шер-ағаң сол аралықты сақтады да сәлемімді алады, кейде оқыс сұрақ қояды, кейде бүйірімнен қатты нұқып жібереді, кейде алара, кейде күле қарайды. Әйтеуір, көз алдынан кетірмеді. Ал, сол бір: «Ие бол!» – деген бір ауыз сөзбен менің әдеби тағдырымды шешіп беріп еді. Сол үшін де әруағыңызға тағзым, Шер-аға!

Міне, бұл мені алғаш рет өзімсініп бауырына басу және содан бастап қашан дүниеден өткенше кеудемнен кері итерген жоқ. Қайта бір сәлемге келесі сәлем ұласып, камшының өріміндей, оның әр өріміне кәдімгі тіршілік пен тағдырдың тарамыстары алмаса өріліп «ол да өтті жалғаннан» – деген суық сөзбен аяқталды. Жылдардың салмағымен қоса Шер-ағанның қаламы да салмақтанып, оқығанда жүрегіңді тылсым емеуірінімен шымырлатып жіберетін «Тілсіз қоңырау», «Алтын қоңыз», «Ұзақ командировка», «Шекшек әні» атты шағын әңгімелері романға ұласты, «Жұлдыз» журналының бас редакторы болғанда Оралхан, Сағат, Марат, Кәрібай сияқты жауынгерлерін өзімен бірге ала кетті. Сондай тұста тағдыр иірімі екі рет тосын жағдайда тоғыстырды. Айтуға – жаныңды шымшиды, айтпасқа тағы болмайды, 79- жылы Дегелеңдегі атом сынағының астында қалған қарындасым Төлеу ақ қанмен ауырып, ота үмітсіз аяқталған. Алакеуімде операция нәтижесін күтіп тұрғанымда кенет өкпе тұсыман Шер-ағаң мен Сейдахмет Бердіқұлов шыға келді. Зады бас дәрігерде жұмыстары болған болуы керек. Мені көре сап Шер-ағаң адымдай басып келді де қапсыра құшақтап: «Зауал! Зауал дейді мұны. Шара қайсы!» – деп күнірене жұбатып, күрсініп алып, теріс бұрыла берді. Демек, Төлеудің үмітсіз тағдырын және оның себебін дәрігерден біліп келе жатқан болды ғой. Қыстығып шыққан Шер-ағаң мені көргенде өзін-өзі ұстай алмай қалса керек. Қалай шыдасын. Улы уайымға тұншығып мен қалдым. Мұндай сәттегі мұндай зауалды хабарды қалай ұмытарсың. Сол сәтте мен үшін, тіпті мен үшін ғана емес, өмір мен өлімі сынақ астында сыналған жалпы қазақтың тағдыры үшін Шер-ағанның қабырғасы сөгіліп бара жатқаны анық еді. Соры қалың жетімнің тауқымет-қасіреті таусылған ба. Сөйтіп, өксіп жүргенде арада екі жыл өткен соң бес жасар ұлым Алмас суға кетіп қалды. Қаралы күндерден соң одақтың екінші қабатына көтеріле бергенімде ту сыртымнан көріп қалған Шер-ағаң: «Тағдыр! Тағдыр! Жазмыш дейді мұны!» – деп жеделдете басып кеп, құшақтай көрісті. О, өткен жолы зауал, бұл жолы тағдыр жазалаған мен кеудесіне басымды қойып еңкілдеп жылап жібердім. Осы екі көріністен-ақ сырты суық, түсі қатал көрінетін Шер-ағанның өзі де шерлі тағдыр иесі екенін анық сезінесің. Қуанышты білмеймін, уайымды бөлісе білетін адам еді. Бұл оның жандүниесін булықтырған тағдырдың буырқанысы еді. Әйтпесе, лауазымды адамдар сияқты «бауырымдамай-ақ» сыпайы сыбырлай салса да олқы соқпас еді. Бірақ, ол – Шерхан ғой, шерлі хан. Осындай тағдырлы иірім емеуіріндер оның шығармасының басты құлақ күйі болатын. Бір жолы, Одақтың алдында Ғабенді – Ғабит Мүсіреповті қолтықтап бара жатыр екен, Ғабене еркіндей амандасып, Ғабен де алақанын жазып (қолын беріп) еді, маған алара қараған Шер-ағаң: «Уһ ты, смотри!» – деді. Ондағы таңданысы: Ғабеннің алдында еркіндеу сөйлеуім. Ал, ондай мінезді Ғабен «кешіре» бермейтін.

Желтоқсан оқиғасынан кейін қоғам ғана емес, адамдардың да арасы сыналатын қауырт күндер басталды ғой. Сенгенің – секемшіл, өзімсігенің – өгей тарта бастаған шақ туды. Сондай шақтарда өзінің ішкі қарсылығын сақтап қалған, «Қазақ әдебиетінің» бас редакторы ретінде дымын ішіне тартып, еріксіз басуға мәжбүр болған алмағайып жағдайды Шер-ағаң да басынан кешірді. Сексен жетінші жылы О.Сүлейменов: желтоқсан оқиғасына қатысқандарды қорғау, алаш қайраткерлерін ақтау, бұрын рұқсат етілмеген шығармаларды жариялау туралы арнайы құқық комиссиясын құрып, Төрағалық міндетті маған

жүктеді. Оған басты себеп, мені университетте жүргенде ұстазым Хайыржан Бекхожин алаш қайраткерлерінің өмірі мен шығармашылығы туралы арнайы дайындықтан өткізгенін Олжекең білуші еді. Комиссияның алғашқы отырысы боларда Шер-ағана барып, жағдайды түсіндіріп, қалай «Қазақ әдебиетінің» ол туралы хабар беріп отырғаны дұрыс болар еді – дегенді айттым. – Дұрыс. Шамаң жете ме? Жағдайды білесің, бүркемелеп жеткіземіз. Кімді таңдайсың? Коммунар Табеев дұрыс, – деп табан астында тапсырма берді. Жарияланған есептер қысқа, астарлы мәтінде жарияланып отырды. Арада ай салғаннан кейін Сәтімжан Санбаев онаша шақырып ап: Мамырда өтетін Орталық комитеттің қаулысының нұсқасы дайындалыпты. «Қазақ ұлтшылдығын» оятқан жеті жазушы аталыпты. Ішінде, ең жас алашшыл ретінде сенің де атың бар, – деді. Бір қысымның түсетіні анық. Сол кезде, әдебиеттегі ұлтшылдықты оятқан шығарма ретінде марқұм Илияс Есенберлиннің тарихи романдарын сынаған Бас тарихшының мақаласы газеттің екі санына қатар шықты. Бұл – әшкерелеудің басы. Ментуралыда бір қартамыс әйелдің мақаласы келіп түсіпті. Оны Шәкизада Құттыаяқов көрсетті. «Сұрағың болса келіп тұр» – деген сөзін малданып Шер-ағана бардым. Бірден: «Білем! Білем! Шара жоқ. Екі қол байлаулы. Іш қайнайды. Ол менің пікірім емес. Сен не ақыл айтасың!» – деді. Астыртын жұмыстың өз тәжірибесі бар. Әлем, орыс, әсіресе, Латын Америкасы, Балтық жағалауы мен Палестина жазушыларының өз еліндегі жазалау саясаттарын астарлы мысалмен әшкерелеген шығармалар туралы айттым. «Мысалы, бізде кім бар?» – деді. Сол кезде Несіпбек Айтұлы аударып біткен Әлішер Науаидің «Ескендір қорғанындағы» патшаның өз халқын қырғынға ұшыратқан қасап майданы туралы айтып ем: «Әкелсін!» – деді. Несіпбек кешіктірмей апарып берді. Іле сол тарау газетте жарық көрді. Көзі қаракты оқырманның бәрі де онда желтоқсан оқиғасы емеуірін етіп отырғанын білді. Орталық комитеттегі досы Камал Сейітжанов түсіне қойып, сақ болуын ескертіпті. Батылдық па бұл – батылдық, шын елін сүйген ер ғана баратын тәуекел іс. Ондай редактор жоқтың қасы еді. Міне, содан бастап Шер-ағанның «Бұлтсыз күні найзағай» (Өзінің хикаятының аты) ойнатуы басталды.

Сол бір қысылтаяң кезеңде Шерхан Мұртазаның шығармашылық тұрғыдан ширыққан тұсы сексенінші жылдардың ортасынан, «Сталинге хат» және «Бесеудің хаты» сақналық трагедиясымен және «Қызыл жебенін» екінші кітабы жарық көрген соң басталды. Қаламгерлік қарым-қабілетін және талант қабілетін, шыншыл қаламын ерекше бағаласам да қырық жылдың әлетіндегі әдеби талқылауларда, қалай екенін білмеймін, бір де бір рет Шер-ағанның шығармаларына ашық пікір білдірмеген екенмін. Мүмкін, тақырыбымыздың әр бағытта өрістегені болар. Дегенмен сексенінші жылдардың соңына қарата тақырыбымыз тоғыса қалды. Мен М.Әуезовтің «Қараш-Қараш оқиғасы» хикаятындағы өмірлік және көркемдік шындықтың ара салмағына салыстырмалы талдау жасауға ниеттеніп, Рысқұл Жылқыайдаров туралы архив деректерін қарастырдым. Көзім бірден қаттаулы істегі Рысқұлдың суретіне түсті. Бұрын ешкімге белгісіз сурет. Апырмау, сонда Шерхан Мұртаза архивтегі бұл суретті көрмеген бе, көрсе – жариялар еді ғой. Екінші, Қазақстандағы аштықтың жағдайы туралы Сталинге қаратылған 200 бетке тарта көлемді Есеп-анықтаманы дайындаған сол кездегі Өлкелік комитеттің екінші хатшысы Ораз Исаев. Ал, Т.Рысқұлов соны өңдеп, қысқартып, қосып, өз атынан көсемнің қолына табыстаған. Осы екі деректі Шер-ағанның өзіне оңаша айттым: «Дұрыс. Білем. Енді сынайсың ба?» – деді. Сасқалақтап: «Жоға, Шер-аға! Әдеби-сыни көзқарас тұрғысынан алғанда сіздікі дұрыс. Өмірлік шындық біткен жерден көркемдік шығарма басталады. Ең бастысы, осы екеуі де көркем идеяға қызмет етуі тиіс. Сіз ашаршылықты әшкерелеп тұрсыз. Екеуі де соған қызмет етіп тұр», – дедім. «Солай ма? Мен Сайлауға айтайын ана сурет туралы. Түсірсін. Менде бар сияқты еді өзі...» – деді. Бірер жылдан кейін архив ісін қайта қолыма алғанда Рысқұлдың суреті жоқ боп шықты. Кім алды? Іштей түйсінемін, әркімнің

жазғанынан құрап диссертация қорғаған, өзі әдебиетші емес бір адам бар еді. Кәдігім сонда. Осы әңгіме өзара шығармашылық ықыласқа жетелеп, өзімнің ойларымды 50 жасқа келгенде жазылған мүшелтой мақаласында білдірдім. Әрине, жоғарыдағы архив деректері мен өмірлік және көркемдік шындық туралы ләм дегем жоқ (Ол жарияланымды соңына дербес келтіремін). Әрине, алаш қайраткерлері мен Тұрар Рысқұловтың арасындағы күрделі қарым-қатынасты екеуара талқылауға ықыласты бола қоймадық. Тек мен Тұрардың көрсетінділері мен жаппай тәртілге үндеген мақаласын ашық пайдаландым. Кейіпкер мен тарихи тұлғаның ара-қатынасы туралы көзқарастарымызды өзара ертерек бөлісіп, «шекарамызды анықтап» алғанның да бір септігі осы тұста селбестік танытты. Шер-ағанның мүшелтойына орай Оралхан: «Міне, Сіз 60 деген асуға шықтыңыз, төменге қараңызшы, Аға, мен көрінем бе екен?» – деп емеуіріндете айтқанындай, содан кейін тіпті биіктеп, жазушылық ортадан алыстап, мемлекеттік қайраткерлікке қарай ойысты. Сөйтіп, біз оның көзіне күнде көріне бермейтін болдық, бұрылыстардың бұрышында, қалын қабырғалардың қалтарыстарында бас изесіп қалатын күндерге кезек бердік.

Ал, Шерхан Мұртазаның тәуелсіздік дәуіріндегі сол биіктеген «найзағайлы дәурені» 1992 жылы Президентпен болған сұхбаттағы: «Жоғары Кеңестің сегізінші сессиясының екінші жартысы басталған 17 маусым күні Үкімет үйінің іргесінде рұқсат етілмеген митингі басталды. Оны ұйымдастырушы жас партиялар көрінеді. Олардың талаптарының кейбірі: қазіргі үкімет орнынан түссін – дейді, жекешелендіру тоқтатылсын – дейді, коалициялық жаңа үкімет құрылсын, оған жаңа партиялардың өкілдері енгізілсін – дейді. Партия мен комсомолдан өткен халық депутаттары орындарын босатсын, олардың орнына жаңа партияның өкілдері сайлансын – дейді, АҚШ-пен ядролық қару жөніндегі келісім шарты бекітілмесін – дейді. Ресей және басқа елдермен жасалған келісімшарт бекітілмесін – дейді. Осыған қалай қарар едіңіз?» – деген сауалдан екпін алды.

Бұған сол кездің аумалы-төкпелі жағдайы мысалға келтіріле отырып жауап берілді. Бірақ, ол жауап қоғамды бұрынғыдан бетер ашындырмаса саяси әптік басылмады. Қоғамның арасына «темір сына» қағылып, барған сайын қақырап, жарықшақ үдей түсті. Оған жер және мемлекеттік тіл, қазба байлықты шетелдіктерге сату мәселесі қосылып, тіпті ушығып кетті. Мұнын соны тұрақты экономиканың қолдан жасалған арандатулар арқылы күйреуімен аяқталды. Менің білуімше, алғашқы үлкен нәпақа Ақтөбенің 3 килограмм қызыл сынабының (Онсыз атом өнеркәсібінің атауы өшіп тынатын көрінеді және шет жағалап байқағаным бар, делдалдық етуші Машкевич болатын) 3 миллиард долларға сатылуы мен Мыс комбинатының «кимнисидердің» меншігіне берілуі барысында «ұры қалтаға» түсті. Шер-ағаң екі оттың ортасында оппозиция мен өкіметтің ортасында алма-кезек қақталды. Екінші бірін таңдау ол кісі үшін мүмкін емес еді. Әсіресе, мемлекеттік тіл мәселесі кезінде жан дауысы шықты. Өйткені, «мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп конституцияда бекіліп қойған заңды кері қайтарып, «ұлтаралық тілді» ойлап тапқанда Шер-ағанның мен Мұхтар Шахановтың жан дауысы шықты. Өзім куә болған бір жайтқа ғана тоқталайын. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл болып Жоғарғы Кеңесте бекітілді. Сол кезде Олжас ағамыз: «Шерхандар бүгін зорлап бекіткенмен, ертең оның күшін өзі дауыс беріп қайта жояды. Әсіресе, шетелмен байланыста орыс тілінсіз қазір аттап басу мүмкін емес. Сондықтан қашан қазақ тілі халықаралық байланыс құралына айналғанша белгілі бір кезеңге дейін мемлекетаралық тіл ретіндегі статусы сақталуы керек», – деген пікір айтты. Қоғам іші екіге бөліне даурығып, Олжасқа қарсы қатты сөздер айтыла бастады. Ал, орыстілді, кейін министр болған жауапты дипломат (К.Тоқаев емес): «Мен сыртқы саясатты қазақ тілінде жүргізу үшін басымды ауыстыруым керек. Бұл мүмкін емес», – деп кекжең қақты. Кекжеңдесе – кекжеңдегендей жөні бар, ол жылдары шет елдермен қазақ тілінде ресми хат жазысатын маманның саны – екеу не үшеу

ғана еді. Сондықтан, «басын ауыстыра» алмайтынсың. Оны білсек те, оған ешкімнің көңісі келмеді. Соның біреуі өзіммін. Қатты ширығып, бұл пікірінің қате екенін өзіне айтқым кеп Олжекеңе – Олжас Сүлейменовке барып: – Сіздің бұл пікіріңізді түсінбедім, қолдамаймын. Сонда: желтоқсан оқиғасы, алаш қайраткерлерін ақтау, «Семей-Невада» қозғалысы жәй ғана желпуіш болып қалғаны ма? Сіз – отаншылсыз ғой. Мұны қалай түсінеміз, қайтыңыз пікіріңізден, – дедім. Олжекең іле жұлып алғандай: – Иә, отаншылмын. Мен ол көзқарасты елуінші жылдың соңынан бері ұстанып келемін. Шетелге менен көп шыққан қазақ жоқ. Мен әр сапарымда бұрын колония болып, кейін тәуелсіздік алған мемлекеттердің тағдырына, әсіресе, тіл мәселесіне қатты назар аудардым. 1948 жылы Израиль жеке мемлекет болғанда иврит тілін білетін бір саясаткер жоқ болатын. Кнессет: Тура он жылдан кейін мемлекет иврит тіліне көшсін. Оған дейін тілді үйренсін – деп үкім шығарды. Еврейлер он жылда емес, бір жылдан соң жаппай еврей тіліне көшті. Содан кейін, 1949 жылы Гаага келісім шарты бойынша, отардан жаңа құтылған мемлекеттердің тілі – 10 жылдан кейін ұлтаралық тіл боп танылсын, – деді. Индиядан басқа мемлекеттер солай істеді. Ал, Индияның мемлекетаралық тілі қазір де ағылшын тілінде. Біз де сол 10 жылды және оның жүзеге асатын нақты күнін белгілеуіміз керек. 10 жылдың ішінде, бүгін мектепке барған бала қазақ тілін толықтай меңгеріп шығып, іс қағазын жүргізуге толық қабілетті болады. Қазіргі 20 мен қырықтың арасындағылар ресми хаттама жүргізу деңгейіне көтеріледі. 50-ден асқандарға зейнетке шыққанша ауызекі тілде жетеді. Көресің, бір-екі жылдың ішінде бұл заңға өзгеріс кіреді, орыс тіліне – мемлекетаралық не ұлтаралық тіл деген статус беріледі. Содан кейін жағдай өзгереді екен деме. Тіл саясаты – саясатқа айналған соң, 15-20, тіпті 30 жылда да жүзеге аса қоюы неғайбыл. Саясаттың бұлтағына түскен іс ешқашан тез шешілмейді. Ал, Гаага келісім шартына сүйеніп 10 жыл уақыт берсе, онда шет елдің бәрі, соның ішінде Россия да мойындар еді. Ал, біз ана Танькаларға: «он жылдың ішінде тіл үйрене алмайтын топассың ба?» – деп ашық айтар едік. Мен мұны, ұғын, Тұрсын, тілімнің мәңгілік тұрақты болуы үшін айттым. Сенбесең, біраз шыда, көресің», – деді. Халықаралық тәжірибе, орынды пікір. Бірақ, ішімнен Олжекеңнің ол пікірімен келіспедім. Шер-ағаның қызмет бөлмесіне барып, қынжыла отырып, Шер-ағанның пікірін қостайтынымды білдірдім. Басын көтере дауыстап: «Түсінемін. Бірақ не істейміз енді? Балтаның жүзін бүгін қайырып тастай алмасак, күні ертең мойнымызды қиып түседі. Мен тілдің жолында жанпидамын», – деді. Бірақ, осыдан кейін екі тұлға бірінің атын бірі атап, кінәласпайтын болды. Өйтпеске екеуінің де шарасы жоқ еді. Өкінішке орай, Олжекеңнің айтқаны келді: араға жыл салып ол заңды қабылдаған парламент заңсыз таратылды, «мемлекетаралық және мемлекеттік қарым-қатынас тілі» деген жаңа заң қабылданды. Оның соңында, Т.Квятковская деген орыс журналисінің ұсынысымен парламент таратылғанда Олжекең айтқан: «Парламентті – Ресейде танкілер, ал Қазақстанда Танькалар (Татьяналар) таркатады», – деген калька ғана қалды. Қазақ тілі саясаттың салындысына ілесіп, әлі қалтақтап келеді.

Бұл Шер-ағанның жанартау сияқты көтеріліп-басылып жүрген мазасыз да шарасыз шағы еді. Сондай бір шағымды шақта, Абайдың туғанына 150 жыл толуына орай Семейде өткен тойда қалың жазушылармен, соның ішінде Шер-ағанмен де бірге сергудің сәті түсті. «Үйірімен үш тоғыз» болған сол түн мен күнді өмірімдегі ең бір сәтті күннің есебіне қосамын. Ондай ұлан-асыр той өзім көрген өмірде болған жоқ. Тек Алматының өзінен күндіз-түні ағылып жатқан арнайы көлікпен – ұшақпен, пойызбен барған тойлаушылардың ресми түрде тіркелген саны 20 мың! Ал, шет елдер мен 19 облыстардан келген өкілдер мен бейсауат келгендердің ұзын-қарасы 90 мың десті, анығын Алла біледі. Дидахмет бастатқан жазушылардың негізгі тобы арнайы жасақталған составпен кетті. Менің бала-шағамды Әшімханов ертіп кетті. 264 жазушының ұшаққа алған билеттерін үш-төрт адам тіркеуден өткіздік. Кім жоқ дейсің!

Ұшақтың іші де көңілді, қарсы алғандар да көңілді, көшедегі халықтан көз сүрінеді, орман ішіндегі «Құрылысшы» демалыс үйіне тек қаламгерлер орналасты, олар тіпті көңілді. Мұншама адамның қайда сыйып жатқанын құдай білсін. Әй, ертең Қарауылға жол тауып барудың өзі қияметке түспесін. Ел-жұртым емес пе, бәрі де құтты болсындатып келіп, жөн сұрайды. Есім шығып жүріп, кеше кеткен бала-шағаны әзер таптым. Кешке Ертістің бойында кемеде сауық-сайран, отшашу, осындағы үш жүз жазушы да сол сауықты тамашаламақ екен. Жүзтаныс емес пе, күтуші мекемелердің адамдары да: «Көз қырыңызды сала жүріңіз. Сізге сүйенеміз» – деп қасымнан шықпай, жұмыстарын маған тапсырады. Әйтеуір, екінтідегі асқа төмендегі ресторанға бәрі түсті. Шолып шықтым: Әшімхановтан бастап орта буынның өзі, Қалихан Ысқақов пен Қадыр Мырзалиевтер қостап, Қасым Қайсеновке дейінгілердің ұзын саны түгел. Үйреншікті думан басталды. Алла, мұншама у-дуды қалай игеремін, біреуі қалып қойса тағы ұят. Көңіліме алаң кіре бастады. Сол кезде Әдебиет институты директорының орынбасары, ғалым Серікқазы Қорабаев дастарханға келіп: «Түрсеке, амалын таппасаңыз, шашыңыз бүгін түннен қалмай ағарады. Мен бір амал айтайын. Ертең Қарауылға апаратын автобустар дайын тұр. Сол автобуспен түнге қарамай, осы ас кезінде бір-бірлеп жиналып, ешкімге айтпай жолға шығып кетейік. Мен келісіп қойдым. Он-он бес адам болады, – деді. Қуанып, келісе кеттім. Күтуші мекеменің бастығын жекелеп шақырып ап, жазушылардың сыры өзіме мәлім, барынша жетерліктей азық-түлікті басыртқысымен қосы жәшіктеп салдырып, орнынан тұра бергенімде Сәкен Жүнісов ағам жетіп келді де: – Ей, Тұрсын, мен бәрін естіп алдым. Сендер жүргелі тұрсындар. Мен де сендермен жүрем. Жалғыз өзім. Ешкімге айтқан жоқпын, – деді. Қалай жалтарасың? Ғимараттың артындағы автобуска кіргенше әр теректің түбінен бір-бір ақын-жазушы қосылып отырды. Әрине, Қадыр ағам да бар ішінде. Енді ішіне кірейін десем орын жоқ! Тура бірінші орындықта алып денесі аспан мен жерді тіреп Қасым ағам, Қасым Қайсенов отыр. – Ей, мен де ілестім саған. Ауылың ғой, қалдырмассың! – деп гүж ете қалды. Келесі орындықта Қалихан мен Сайын ағам бастағандар жайғасыпты. Үй-іші ортаға ала ілініп, төртеуі бір орындықты иеленіпті. Қасым ағамды көрген соң ол кісінің тәбетін жақсы білгендіктен де қайта түсіп, бес коньяк, үш шампан алдырып: «Міне, енді ағаңызға өзіңіз жауап бересіз. Ие болыңыз», – деп Қалихан ағамның алдына қойды. Сондай бір ептілікпен жамбасының астына баса қойды. Екінші жүргізушіге арналған алдыңғы терезенің алдындағы орындыққа отырдым. Әйтпесе, өзім тапқан автобуска өзім сыймай қалатын түрім бар. Қозғалды. Қала ішіне кіріп, Ертістен өттік. Аспан айқыш-ұйқыш айқасқан түрлі-түсті жарық, даңғаза музыка. Ай сүттей жарық. Күндізгіден де шырайланып кеткен. Қаланың іргесіндегі Шағылға келгенде: – Ай жарық екен. Жер тарихымен таныса отырыңыздар. Бастарыңыз қосылғанда үнсіз қалғаным болмас. Мынау – әйгілі Шағыл. Таң біліне қаладан атпен шыққан адам осы араға келіп, ат басын шалдырып, белін босатады. Абай да әр жолы аялдап отырған. «Сұрғылт тұман дым бүркіп» деген әнді Ақылбай осы арада қобызға сүйемелдеп шығарып, әнші Әлмағамбет Абайға орындап берген...», – деп өзімше жерді таныстыра бастап ем, алдыңғы орындықтағы Қасым ағам: «Қалихан!...» – деп сыбырлады. Ол кісінің сыбырының өзі айғайға бергісіз. Қал-ағаң Қаскеннің тостағанын алып, шөлмекті шылдырлата бастады. Лық толы адам біртіндеп қозғалақтап кетті. Іле: – «Мен мұндамын!» – деген Сәкен ағамыздың дауысы естілді. Сол кезде мүлгіп отырғандардың бәрі бір кісідей бастарын көтеріп алды. Енді Серікқазы орнынан тұрды. Жәшік ашылды, шылдыр, сыңғыр көбейді. Бір кезде: – Тұрсын, мен мындамын! – деген Қадыр ақынның дауысы шықты. Өзгелері де өздерінің ояу екенін әр түрлі қимылмен білдіріп жатыр. Бір уақытта орта тұстан: – Біз де бармыз! Сенің осы таныстыруыңды естігіміз келді! – деген арыстанның созылыңқы дауысы шықты. Астафиралла! Шер-ағаң, Шерхан ғой. Өзге-өзге, Шер-ағаңның «ұры

жолаушы» боларын кім білген. Іле автобустың ең соңғы орындығында аяғын созып жатқан адам да басын көтеріп, шашы дудырап: – Әй, Тұрсын, мен де бармын! Сен кіргізбей қоя ма деп, әдейі артына тығылып жатырмын – дегені. Әкәу, Қалтай ағам ғой, Қалтай Мұхамеджанов! Танданысып та, күлісіп те жатырмыз. – Жазушылар одағының басқарма мүшелері түгел. Енді, сөзіңді жалғастыра бер, – деді Қадыр ағам. Сайын аға бастатқан «сабырлылар» үнсіз жымып отыр. Қойшы, сонымен «көшпелі пленум» басталды да кетті. Бір сағаттан соң Күшікбайдың бұлағына кеп, су ішіп, бет жуып, сергіп алып, Қанайдың карағанының орнын көріп, түнгі сағат 2-де Мұхтардың мұражай-үйіне кеп бір-ақ тоқтадық. Әйгілі шежіреші, сөзуар Бекен Исабаев ағамды төсегінен суырып алып, баласы Шағжанға бір жәшігін арқалатып, мұражайға алып келдім. Қасым, Қалтай, Шерхан, Сәкен, Қабдеш, Қалихан, Сайын, Қадырды көргенде: – Алла, жауыз-ай, мына арыстандарға қалай ие боп жүрсін, – деді де Шағжанға сыбырлап бірдеңе айтып, өзі оң қолының сұқ саусағын шошайтып: – Міне, құдайы қонақ деген осындай болады. Сіздер соның нағыз өзісіздер. Құт келген екен елімізге. Ал, мынау, «Мұңлы, қоңыр туған жерім Бөрілі» дейтін Мұхтардың туған үйі. Жүріңіздер! – деп таныстыруды бастап жіберіп, шабыттана сөйлей жөнелді. О, Алла, бәрі сөздің ділмары, біреу бір артық сөз айтсашы. Құлақтарын тосып, үнсіз тура 45 минут тыңдады. Сол аралықта Шағжан мен қарындасым Гүлжанат дастарханды жайып жіберіп, ортаға қойдың басын қойып, рюмкелерді тізіп, суын құйып дайындап қойды. Тек, Қас-ағана үлкен кесеге коньякті толтырып, шампанды екінші үлкен кесеге божылдата құйғанымда екеуінің де көзі бақырайып кетті. Есіктен шыға салған бетте қолына ұстата қойып ем, басына бір-ақ көтеріп, «Уһ!» дегенде екеуінің де жүрегі орнына түсті. Мұражайдан шыққандар да дуылдаса дастархан басына жиналды. Түгендесем, Шер-аға мен Бекенім жоқ. Мұражайдың ішіне кірсем Шер-аға ана көрменің қасына кеп үңіліп бір сұрақ қойып, мына көрменің қасына кеп бір сұрақ қойып жүр екен. Есік алдына шыққанда анадай жерде төбедегі Мұхтардың әке-шешесі мен ағасының жаңа салынған мұнарасын көрсетіп ем, баруға ыңғай білдірді. Күңіреніп біраз тұрды, алысқа қарады. Мен шығыс жақтағы белді нұсқап: – Ақылбайдың қыстағы ана белдің астында. Ділде мен Айгерімнің зираты да сонда, – дедім. – Екеуі бір зиратта ма? – Иә... Ділде Жидебайдан шеттетіліп, осында жіберілген, – дедім. – Тағдыр-ай, заман-ай! Тірісінде – күндес, өлісінде – бейіттес еткен! Сенің соныңнан дұрыс ерген екем. Қой, аналарға барайық», – деді. Сусап, сілкініп, сергіп алған ағаларым дән риза. Бекен риза болмасына қойсын ба! Сағат үш жарымда қозғалдық. Жолда Абай бұлағынан өтіп, Еңлік-Кебектің зиратына келдік. Көкжиек сыз беріп, ай нұры бозалаң тартқан. Сонда да төбеде тұрып, Орда, Ақшоқы, Ералы жазығы, Еңлік пен Кебектің ат құйрығына сүйретілген Үңгіртас, алдағы Шіліктікезен, Мамайдың зираты сияқты тарихи орындарды қолыммен нұсқап, оқиғаларын баяндап бердім. Әркім сұрақ қойғанмен бұл жолы Шер-аға үнсіз тыңдады. Көлікке отырғанда Қал-ағанның Қаскеңнің құлағына: – Осымен бітті! – деп сыбырлағанын естіп қалдым. Неткен жүйке! Бес шиша коньяк бітіп қалыпты. Әйтеуір, бір шампан қалған. Оған да шүкіршілік. Өзге сусыннан кемшілік болған жоқ. Жарайды, камдаушы жігіттер! Екі жарым сағаттық жолға тоғыз сағат жүріп Қарауылға кеп, әкімдіктің алдына тоқтадық. Әркімге бөлінген қазақ үйдің ретін білдік. Сол кезде біреу қолымнан тартады. Қарасам Сәбит Мұқановтың ұлы – Мұрат Мұқанов. Оған орын берілмепті. О, алла, Мұхан мен Сәбең тірісінде егесіп өткені аздай, енді сол сыбаға ұрпағына бұйырмақ па! Таңғы сағат бес! Әкім Жәнібектің ағасы Өнер Ғаббасов болатын. Телефон шалып, дауысымды нық шығарып, жаңағы сөзді айттым. Тапсырма берді, тапсырған жігітін қасыма ертіп алдым. Сенім жоқ, кім біледі, тағы да... Әкімдіктен шыға бергенімде Шер-ағанды көрдім. Неғып тұр, бәрі іште ғой. – Бөрінестідім. Жарайсың. Ердің кегін – елұмытпайды, – деді. Қарауылтөбенің

Қыдыр бетіне самсап тігілген 500 ақшанқан қазақ үйі көздің жауын алады. Бастаушы жігіт әрқайсысын тізім бойынша күтушілерге тапсырып жатыр. Мұрат қашан бөлінген үйге кіргенше қасында жүрдім. Бір қарасам, Ер-аған тұр бір үйдің алдында. Қасымды көре сап ұмтылды, Қасым да «Өй, Еркеғали!...» деп гүж ете қалды. Коньяқтың мәселесі шешілді! – деген ойдың қылт ете қалғаны есімде. Қаскенмен бірге бір топ жазушы қоса кетті. Шұбартаулықтар тіккен сол үйден олар қайтарда бір-ақ шықты. Шер-аған мен Қал-аған өздері бөлінген үйге беттеді. «Уһ» – деп демімді алып, өз ауылымдағы сыныптастарым тіккен үйге барып, бала-шағамды орналастырдым. Іле бізге қосылмай, дәлірек айтқанда, сыймай қалған жазушылар да келді.

Той – тойдың төресі осындай-ақ болар дегендей өтті. Жидебайдағы Абайдың зиратының басына бардық. Бәйге, қыз қуу, күрес. Несін айтасың, Шер-ағана ғана тоқталайын. Екінші күні түстен кейін тағы да ертерек қамданып, үй-ішімізбен көлікке отыра беріп ек: – Ей, жігіттер кеттік! – деген дауыс естілді. Қарасам, әр үйден сол кешегі жолаушы жазушыларым едел-жедел басып келе жатыр. Ширақтау аттап Шер-аған мен Қал-аған да келеді. Бұл жолы суыт жүрдік. Кешкі сағат алтыда Алматыға ұшамыз. Аэропортқа келіп ек, күтушілер: – Ұшақ кешігіп, түнгі онда ұшады. Қайтадан отырыңыздар. Қарағайлыға барамыз, – дейді. Ондағы жәй өзіме мәлім. Үй-ішім поезбен қайтпақ. Мен Қарағайлыға бармай, аэропортта қалып қойдым. Енді шылым шегуге ыңғайлана беріп ем: – Сен қайда барсаң да соныңнан қалмаймын. Әдейі қалдым, – деп Қадыр ағам дауыстап бір бұрыштан шыға келді. Енді кафеге баруға тура келді. Барсам, теріс қарап қонжиып Шер-аған отыр. – Ә, келдін бе? Осында соқпай кетпес деп күтіп отыр ем. Жарылқасаң сен ғана жарылқай аласың. Мұнда сусын сатпайды екен! – дейді. О, құдайдың салғаны! Енді қайттім? Қадыр ағам қасымда, семейлік таныс іздей бастадым. Қарасам, Жәнібектің сүйікті шәкірті, туған ағасы Мұхамеджан мен әнші Бекболат бауырым кетіп барады. Айғай сап тоқтаттым да бұйымтайымды айттым. – Ой, аға, маған болмайды, харам ғой ол! – деді. Дауысымды сестендіре шығарып: – Ей, мына қасында шұбырып жүргеннің бәрі етегіне намаз оқымайтын шығар. Білмеймін, қайдан болса да тауып әкел. Екі аған сусап отыр, – дедім. Мені сыйламаса да ана екеуінен қалай аттап өтсін, біраздан соң серіктері қағазға орап, бұйымтайымды әкеп берді. Ол сусынды аэропорттың сыртындағы Жәнібек, Несіпбек үшеуімізге таныс қалтарыста отырып, үш сағат бойы тамсап отырдық.

Мәселе онда не айтылғанында емес, жастары әр мөлшердегі үш мүшелдің иелерінің бір-бірін өзімсінген жылы пейілінде. Ал әлгі сусын жай талғажау етудің сылтауы ғана. Оны айтпасаң мына әңгіменің қиюы келмейді, жазушылардың өз арасындағы өзімсінген мінездері ашылмай қалады. Әйтпесе, ол кісілерді бір-бір көлік күтіп тұрғаны анық еді. Міне, Шер-ағанмен осылай сапарлас болдым.

Тіршілік бұйырып, дәм жазып, Абайдың 180 жылдық тойына бардым. Халық саны 60 мыңға жуық еді. Айналам толған шәкірттерім болса да жалғызсырап жүрдім. Теледидар тілшісі сұхбаттың соңында: – Абайдың 150 жылдық тойы мен 180 жылдық тойының арасындағы айырмашылық қандай? – деп сұрады.

Қарауыл төбенің басына, алпыс мың адамға қарадым, ат бәйгесін, сақына өнерпаздары, тіпті, президиумда отырған қонақтар мен жазушыларды да есіме алдым. Төбе құйқам шымырлап кетті: – Айырмашылық бар, орны толмайтын айырмашылық бар. 150 жылдықтың кезіндегі жердің беті астына түсіп, оның орнына жер астынан жаңа өскін өніп шығыпты. Қалай дейсің бе? Мен 150 жылдықта бірге келген 263 жазушының, осы жерде мені қарсы алған сыныптастарымның біреуі де жоқ, олардың бәрі жер астында жатыр, ал, мына жүрген жастар кейінгі алшындар, – дедім.

Иә, сол мен іздеп, еріксіз мұңға батырған адамның бірі – Шер-аған, Шерхан Мұртаза. Мен бұл арада тақырыптың талабы бойынша Шер-ағана ғана қатысты сезім пернесін бастым. Ал, сапарлас ағаларымның әрқайсысының көңіл-күйін

шертсем, симфонияға айналып кетеді. Шіркін, сол бір қызықты күннің қызуын енді жер көріп жатыр. Жердің бауыры жылы дейтініміз де сондықтан шығар. Ал, менің бауырым әзірше суый қойған жоқ.

Себебі, оның отаншыл ыстық айқайы: «Қазаннан қақпақ кетсе иттен ұят кетеді» – дейді. Біздің жас мемлекетіміздің қақпағы ашылып қалған көрінеді. Сондықтан ұяты кеткендер талан-таражға салып жатқаны ашылып жатыр. Жай жалаң сөз емес, нақты-нақты фактілермен айтты. Естіген құлаққа, түсінген миға бәрі жетіп жатыр. Осындай күдік көбіміздің көңілімізде жүрген бұрыннан. Қайда кетіп жатыр бұл Қазақстанның байлығы?! – деген. Ал, бірақ нақ басып, тап басып ешқайсымыз айта алған жоқпыз. Қазір соның барлығы фактілермен ашылды. Мына жерде мынау табыс, кіріс көзі дейтін де, бәрі бар, салықтан түсетін, анадан түсетін, мынадан түсетін кіріс, иә, астық сатудан түсетін кіріс, ал, бірақ мұнайдан түсетін, көмірден түсетін, алтыннан, күмістен түсетін, мыстан түсетін кіріс деген жоқ мынаның ішінде», – деген жан шымбайымызға батып, бойымызға намыс қуаты мен жігер берді.

Мен оның осындай намысты сөздерін естігенде өзімді Шер-ағанның майдандағы жақтастарының қатарында сезіндім. Бірақ, біз аңсаған қоғамның беті теріс баға бастады. «Ақындар қаңғып, жендеттер билеп жүрген ел», – деп ақын Зейнолла Тілеужан айтқандай, ел – сандала сабылып, алыпсатар мен алаяқтардың есірік тайраңы басталды. Ашық та, астыртын да наразылық көбейді. «Халық қалаулылары» тек ханның «қалаулыларына» айналды. Осылай екіпін алған «негелер» барған сайын көбейіп, барған сайын тамыры тереңдеп, барған сайын ширғығып, барған сайын қоғам шиеленісе берді де ақыры саясаттың сақнасынан бір-ақ шықты. Бұл күйді толықтай сезіне отырып ашынған депутат Шерхан Мұртаза, енді Президенттің қабылдауында Елбасының тікелей өзіне: «Сізге ақыл үйретейін деген ниеті жоқ. Бірақ, халық айтады. Халық не дейді? Араны ашылған хан, тойымсыз хан, не аңды алады, не аңшының өзін алады – дейді. Осыған тапсырма (түсінік мағынасында) берсеңіз», – деп «туғаны жоқ тура бидің» мінезін танытты.

Елбасы не десін, ақталды, ашу шақырды, ақыл айтты. Бірақ, тура осы кезде ашылған араның тәбеті тым асқынып кетіп еді, ол тәбетті тоқтатуға өзі де дәрменсіз еді. 2021 жылдан бастап Елбасымен жікарасы ашыла бастаған досы Әбіш екеуі ақыры парламенттен шеттетіліп тынды. Міне, содан бастап, «бірі кем дүниеден» бойын аулақтата беріп, ақыры уытты ойы мен жалғыздықтың ащы дәмін татып, туған жері Тараздағы жалғыз үйде жалғыз өзі жазмыштың бұйрығымен бетпе-келіп, өмірден озды. Бұл жалғыздықты өзі қалап алды ма, жоқ, жалған-дүниеден көңілі қалды ма, әлде соңғы он жылда ағасын әкесіндей күткен журналист інісі Асқар Ахметовтің айтуынша: «Еш нәрсеге өкпем жоқ. Өзіме-өзім өкпелімін. Қызмет деп жүріп бала тәрбиесіне көңіл бөлмеппін. Нақ кем дүние – немере сүюді маған жазбаған екен», – деген озанды жалғыздық па?.. Көңілін сұрап, сәлем бере барғандардың айтуынша, Шер-ағаң жалғыздықтың шапанын қымтана жамылып, күрсіне демалып отырады екен. Әлде табиғи мінезі ме? Өйткені, қандай салтанат пен думанды орта болса да Шер-ағанның сәлден кейін өзінен өзі оңашалана беретін әдеті бар еді. Бұл оның жетім балалықтан қалған нәумез көңілінің әсері ме екен? Әйтеуір, жалғыздық – Шер-ағанның жан әлдиі болатын.

Ол жалғыздықты жолдас ете жүріп, оңаша ойын қайраған өткірдің жүзі еді. Беделі мен ожданын тот бастырмай, жасығанын жанға көрсетпей өмірден озды. Ал, арман-мұны «Бірі кем дүние», «Ай мен Айша», «Тілсіз қоңырау» боп соңында қалды. Шығармалары туралы ойымды көзі тірісінде білдіргендіктен естелікке оны араластырмадым.

Соңы.

*8 қараша, 2025 жыл.
Жеті қазына, Астана.*



Ой-қазына

**Бексұлтан
НҰРЖЕКЕ**



ЖАН-ЖАНУАРЛАР ЖАҒДАЯТЫ

немесе ақсақалдың танымдық әңгімесі

АРНАУ

Ей, қазақша білетін, білгісі келетін; қазақша оқитын, оқығысы келетін балаларым! Мен жазайын, сендер оқыңдар! Мен де атам мен әжемді тыңдап, өзге аталар мен апалардан үйреніп өскен адаммын. Көп білетін адам болады, бірақ бәрін білетін адам болмайды. Сондықтан өзгенің білгенін оқу, үйрену арқылы ғана адам әрі білімді, әрі мәдениетті болады.

Ал бастадым.

Жаны бар нәрсенің бәрін қазақ **жануар** (жаны бар) дейді. Сол тұрғыдан қарап, ғылым адамды жануарға жатқызады. Жер бетіндегі жалпы адам баласын **адамзат** дейміз. Адамзаттан өзге жануарлар айуанға, яғни **хайуанатқа** жатады. Хайуанаттың асырандысын **мал**, жабайысын **аң** дейді. Қазақтың малы төртеу-ақ: түйе, жылқы, сиыр, қой-ешкі, оларды «Төрт түлік» дейміз. Аң мен құсты қазақ етін жеуге болатын **адал** және етін жеуге болмайтын **арам** деп екіге бөледі. Қазақ құрт-құмырсқаның бірде-бірін жемейді. Ал балықтың бірін жесе, кейбірін көрмеген де шығар. Соның бәрін сөз ету арқылы қазақтың қандай халық екенін де біле түсерміз деген ойдамын.

Қазақ – астарлап сөйлегенді ұнататын халық. Сондықтан оны түсіне қою онайға түспейді. Мен қазір сексеннен астым. Сексен деген сегіз жыл емес, әжептәуір ғұмыр. Бір көргенімді айтайын.

Орта жастағы кезім. Мен сықылды орта жастағы біреу қазақты сөкті. «Адамның ақылына сыймайтын нәрсені айта салады», – деді. «Нені?» – дедім мен түсінбей. «Мысалы, шалдар: «Топырақтан жаралдық, топыраққа барамыз», – дейді. Адам жаны жоқ топырақтан қалай жаратылады? Соны да сөз деп», – дегенді айтты. Қатты ренжіп айтты.

Ал сендер қалай ойлайсыңдар? Сол ағаларыңның айтқаны дұрыс па?

Менің ойымша, ол замандасым қазақтың сөзін түсінгенмен, сөзінің пәлсәпалық (философиялық) мәнін түсінбеген. «Топырақ» деп қазақ жалпы жердің бетін айтып отыр. «Жердің бетінде жаралдық, енді жердің астына барамыз» деп отыр. Демек оның сөзінде ғылыми да, қазақи да қателік жоқ.

Сондықтан, балалар, сөздің сыртына ғана емес, ішіне де үңіліп үйрену керек. Адам сонда ғана білімді болады.

Әңгімемізді жануарлардың ең ақылдысы Адамнан бастайық.

АДАМ

Дене құрылысы мен мүшелері

Адам саналы жануарға жатады. Оның өне бойы немесе тұла бойы жалпылай **дене** деп аталады. Ал дене ірілі-ұсақты көптеген бөлшектерден тұрады, оның әрбірі – жеке мүше. Қазақ: «Денім сау болса», «Басым аман болса», «Топырақтан тысқары болсам», «Қол-аяғым аман болса», «Құдай бұйыртса» деп отырады. «Барам», «Келем», «Көрем» деп кесіп айтпайды. Адамның бүкіл денесін сыртынан **тері** қаптап тұрады. Терінің астында **еті**, еттің астында **сүйектері** болады. Кей жерде **көк еті**, етке ұштасқан **шандыры**, буын-буынды біріктіріп, байланыстырып тұратын **сіңірі** мен **тарамысы** тағы болады. Адамның денсаулығы үшін соның бәрі маңызды, бәрінің де өзіне тән қызметі мен қасиеті бар.

Мүше жан-жануардың бәрінде бар. Олардың адамдікіне ұқсайтыны да, ұқсамайтыны да бар. Адамның дене құрылысын, жан-дүниесін жақсы білген жан өзге жануарлардың да жағдайын жаңылмай түсінеді. Өйткені адамда бар жан жануарлардың бәрінде де бар. Сондықтан адамның өзін өзі танып білуі білімділіктің басы саналады. Білгісі келмейтін, білімді болуға тырыспайтын адам бұл өмірде бола қоймас деп ойлаймын. Ал, балалар, білуге қарай оң аяғыммен бір адым аттайын. Кісі бетін солтүстікке, яғни Солтүстік мұзды мұхитқа немесе Темірқазық жұлдызына қаратып тұрған кезде, күншығыс жағы – оң жағы (оң қолы, оң жамбасы, оң аяғы, оң көзі, оң құлағы, т.с.с.), күнбатыс жағы – сол жағы; ал солтүстікке қарап тұрған жағы – бет жағы немесе алды; оңтүстікке қарап тұрған жағы – арқа жағы немесе арты болады.

Оң қолымен жазатын, сызатын, жақсы лақтыратын, ұстайтын адамды **оңқай**, ал керісінше соның бәрін сол қолымен жақсы істейтін адамды **солақай** дейді. Қазақ оңқай болғанды ұнатады.

Кез келген нәрсенің басы мен аяғы болады. Адам да сондай: басы, аяғы бар. Басы мен аяғының ортасында **денесі** бар.

«Бас» сөзі – көп мән сөз. Оның негізгісі – адамның басы. Қалғаны – туынды сөздер: бастау – судың басы, жерді басу, ел мен жерге бас болу – басшы, бастық болу, т.т.

Бас. Адам денесінің ең үстіңгі, жоғарыдағы мүшесі. Оның сыртқы бітімін құрап тұрған – бас сүйек. Ал оны қастерлі етіп тұрған сырты емес, ішкі **миы**. Ми бастың ішінде «оң жақ жарты шары», «сол жақ жарты шары» деп аталатын екі жарты шардан тұрады. Сыртында жұқа қабығы бар: **миқап**. Ми адам бойындағы бүкіл тыныс-тіршіліктің бәрін орталық жүйке жүйесі арқылы басқарады. Адамның қандай адам екенін миы немесе мисыз екеніне қарап айтпаймыз ба? Миы адам – ақылды адам. Отбасын да, халық пен мемлекетті де ақылды адам басқаруы керек. «Миы адам» деген – миы жақсы істейтін адам. «Мисыз адам» деген «миы жоқ» деген сөз емес, миы нашар жұмыс істейді дегенді білдіретін сөз.

Адам миының орташа көлемі 1250-1400 грамм аралығында.

«Балық басынан шіриді» деген халықтың сөзі мемлекеттің нашарлануы мемлекетті басқарушының нашарлығынан басталады дегенді білдіреді. «Еркек – бас, әйел – мойын» деген де бар. «Бастан құлақ садаға» деген де бастың артықшылығын айтып тұр.

Адамның бойындағы ең жоғарғы нүкте төбе, оған шыққан шаш – **төбе шаш**. Қатты қорққан кісі: «Төбе шашым тік тұрды», – деп жатады. Төбе шаштың дәл ортасында солға қарай бір иіріліп, оралып тұрған шашты **орай** дейді. Орайы дәл төбесінде емес те, екі орайы бар адам да кездеседі. Төбе шаштан төмен – мандай шаш, оны қырмай, алмай, әдейі өсірсе, оны кекіл, ал төбе шашты

алмай қоя берсе, онда үлдікін — **айдар**, қыздікін **тұлым** дейді. Әрбір адамда төбе шашпен қатар маңдай шаш, желке шаш және самай шаш болады.

Ми — адамның ас қорытуын, тыныс мүшелерінің қызметін, қан айналымын, көңіл күйін, естуін — бәрін бақылап, басқарып отыратын орталық. Шындап келгенде, басты бас қылып тұрған да осы ми.

Төбенің артқы жақ астында — **қарағұс**. Ол — бас сүйектің ми тұрған сопақша сүйегінің тұсы. Оның астында тұрған сүйек — **шүйде**. Сондықтан шоқпармен соғысқан заманда батырлар бір-бірін шүйдеден ұруға ұмтылған.

Шүйденің асты — **желке**. «Желкенді үзіп жіберейін бе?» — деп кіжінейтіндер бар. Өкпелеген адамына: «Енді сені желкемнің шұқыры көрсін!» — деп ренжиді. Себебі ешбір адам өзінің желкесіндегі шұқырын көре алмайды.

«Айдарынан жел есіп», «Тұлымшағы желбіреп» деген сөз тіркестері соған байланысты айтылады.

Маңдай шаштың астындағы шашсыз жер — **маңдай**. Маңдайы кере қарыс кісіні мақтап, қушық маңдайлыны даттап жататын әдет бар. «Ашық маңдай», «жазық маңдай», «кең маңдай» деген тіркестер бар.

«Аққан тер маңдайымнан тамшылады», — деп әндетеді Қанапия Басықара деген әнші.

Төбе мен маңдайдың ортасындағы шеміршек сүйек **енбек** деп аталады. Баланың енбегі бірер жасқа дейін қатпай былқылдап тұрады.

Маңдайдың екі жақ шеті — **шеке**. «Екі шекесі торсықтай», — деп, жас балаға сүйсінеді. «Шекесін шеруен атқандай қылдым», — деп те айтады. «Содан шекең қызса, көрермін», — деген де сөз бар. Жазда қыздар шекесіне гүл қыстырып сәнденеді.

Шекенің құлақ жақ үсті — **құлақ шеке**. «Құлақ шекесінен ұрдым», — деп жатады.

Бас сүйектің бүкіл сырт жағын көмкеріп тұрған тері — **құйқа**, бастың құйқасы.

Маңдайдың астыңғы жағы — **қабак**. Екі қабақтың үстіне шыққан қылшық жүн — екі **қас**. Аталарымыз өз баласына Қабақ деп те, Қас деп те ат қойған. Кіші жүз ішінде Қабақ атты ру бар. Қабақ деген кісі, шамамен, XVII-ғасырдың соңы мен XVIII-ғасырдың басында өмір сүрген.

«Сұрасаң руымды, Тілеу — Қабақ,

Керілер әнге салсам, қас пен қабақ», — деген ән бар. «Қыз Жібек» жырындағы Бекежан батыр — осы Қабақ руынан шыққан адам. Оның балалары — Тайлақ, Қайрақ, Байрақ батырлар — 1729-жылы көктемде өткен Аңырақай шайқасына қатысқан. Ал Қас деген әжеміз үйсін күнбиінің бір қатыны болған деседі. Іле дариясының бас жағындағы Қас өзені, сол әжеміз мекен еткен жер болғандықтан, сол кісінің атымен аталған деген аңыз дәйек айтылады.

Балуан Шолақ бабамыз «Ғалия» дейтін әнінде «Оң қабағым тартады күлімдесең», — демей ме? Ашуланған кісінің қабағы түсіп, тұнжырап кетеді. Адамдар бір-біріне қас-қабағына қарап, сыйласып жүреді.

Қабақ пен қастың астындағы — **көз**. Аспанның астындағы, жердің үстіндегі бүкіл тіршілік пен құбылысты адам көзі арқылы көреді. Ақын Қасым Аманжолов:

«Екі көз — екі жұлдыз маңдайдағы,

Көруші ең құбылысты қай-қайдағы», — демей ме? Ең жақсы көретін адамына: «Көзімнің ағы менен қарасындайсың», — дейді ғой қазақ. Көздің ішіндегі аласын — **ағы**, қарасын — **қарашығы** дейміз, баламызды: «Қарашығым!» — деп құшақтаймыз, «Жанарым!» — деп айналаймыз.

«Ажарың аппақ екен атқан таңдай,

Нұрлы екен екі көзің жаққан шамдай», — дейді ғой Сегіз сері өзі «Ғауһартас» деп атаған Мақпал сұлуға.

«Көкем, көкем!

Көкем-ай!

Қасы-көзі қиылып,

Қай жерде отыр екен-ай!?» – деп шырқайтын Қазақстанның халық әртісі Рәбиға Есімжанова.

Бота көз, қара көз, жайтаң көз, қой көз, бадана көз, құралай көз, қыли көз, шүңірек көз, көк көз, ежірейген көз, сығырайған көз, сықсиған көз, қыран көз, жігі көз, көреген көз, боз көз, күлім көз, тағы – тағы түрі көп.

Қабак пен көздің асты қарауытқан белдеумен шеңберленіп тұрса, ондай көзді «қораланған көз» дейді.

Көздің үстінгі және астыңғы шетінде өсіп тұрған ұзын қылшықты **кірпік** дейді. «Женешемнің кірпігі-ай,

Жуандығы соншама,

Әрбір талы шырпыдай», –

деп таңданған ғой Оспанхан Әубәкіров ағамыз.

Түнімен қой күзетіп ұйықтамаған қойшы: «Кірпік қақпай күзеттім», – дейді.

Одан кейін – көздің асты, көздің екі шеті – **қиық**; адам жан-жағына «көзінің астымен», «көздің қиығымен» қарайды.

Әдепті әйелдер бөтен еркекке тіке, бедірейіп қарамайды, көзінің қиығымен ғана барлайды. Қиықтап қарау – байқатпай қарау.

Қыздың әдемісін қиғаш қасты, қолаң шашты деп суреттейді. Бұрынғылар «қолаң шаш» деп ұзын шашты айтады. «Қолаң» дегені – ұзын дегені. Бұрынғы дәстүрге берік қазақтар әйелдің шашын кесуді жаман ырым санаған, өйткені тұтқынға түскен әйелді жаулары шашын кесіп күң еткен. Шашын өрмей, жайып жібергенді де жөн көрмеген, өйткені күйеуі өлген қатын ғана шашын жайып жіберіп жылаған, жоқтау айтқан.

«Сүмбіл шаш» деп жіңішкелеп өрген, ұшы сүйір шашты айтса керек.

Қабак пен қастың екі көздің сырт жағы – **самай**. Қартайған кісінің алдымен самай шашы ағарады. «Зергер бұйым соғады қалайыдан, Аққан тері сорғалап самайынан», – дейтін өлең бар. Самайдың артқы жағында, желкенің алдыңғы жағында қалқайған **құлақ** бар. Құлақ – бүкіл тіршіліктің үні мен тынысын еститін, ең керекті мүшенің бірі. «Құлағыңа жетті ме шыққан даусым?», – деп жатамыз. Қалқанының көлеміне қарап, «қалқан құлақ», «сақ құлақ», «жалпақ құлақ», «тік құлақ», «шұнақ құлақ» деп ерекшелеп айтамыз. Дулаттың алғашқы әңгімесі «Шойынқұлақ» деп аталған.

«Көз көрмеген, құлақ естімеген сұмдық!» – дейтін оқиғалар болған. Тарихта «құлдық дәуір» деген кезең бар. Сол кезде құлдан басқа адамдарды ажырату үшін, құлдардың құлағын кесіп, «ен» салып қояды екен. «Құлақ кесті құл» деген – сол заманды елестететін сөз.

Құлақтың алды, құлақтың арты, үсті, іші, ұшы болады. Үстінгі жағында шекемен жалғасқан жерін «құлақ шеке» дейді. «Құлақ шекеден ұрдым», – деп жатамыз.

«Құлақтан кіріп бойды алар,

Жақсы ән мен тәтті күй», – деген ғой Абай.

Сан алуан дыбыстарды, ән мен күйдің, сөздің әуезділігін тек құлақ арқылы ажыратамыз. Айналадағының бәрін естіп қоятын кісіні «сақ құлақ», бәрін естуге әзір тұратын құлақты «түрік құлақ» дейміз.

Тарихқа 552-жылдан бері белгілі Түрік бабамыздың аты да, «Түрік» деп, ал оның ар жағында біздің дәуірімізге дейін өмір сүрген бабамыздың да атының «Сақ» болуы осы сөздердің өте мәнді екенін білдірсе керек. Алты баласы «Алты Арыс» аталып келген Арыс бабамыз (Анарыс, Анахарсис) сол сақ дәуірінде өмір сүрген.

Құлақтың ең төменгі жұмсақ еттен ғана жаралған бөлшегін **сырғалық** дейді. Қыз-келіншектер оны тесіп, сырға тағады. Ал құлақтың ішіндегі жұқа әрі сезімтал, дыбысты естігіш үлдіректі **жарғақ** деп атайды. «Жарғақ құлағым жастыққа тимей» деген сөз тіркесі бар. Айтқан сөзін ұқтыра алмаған адамға: «Саған айтқан сөз оң құлағыңнан кіріп, сол құлағыңнан шығып кетеді», — деп ренжіп жатады. Сыртқы пошымы құлаққа ұқсағанмен, ештеңені естімейтін өсімдікті қазақтар «Саңырауқұлақ» деп атайды. Аса шабандоз адамды «Аттың құлағында ойнайды» деп мақтайды.

Құлағының жарғағы зақымданған кісі нашар естиді немесе мүлдем естімей қалады, оларды «керен», «саңырау», «тас керен» деп дәрежелейді.

Әлемде бар иістің бәрін сезетін, ауаны ішке кіргізетін де, шығаратын да мүшеміз — **мұрын**. Қыруар аң мен мал бір-бірін де, жемтігін де иіс арқылы ажыратады. Адам да көп заттың қасиетін иісі арқылы біледі. Хош иісті гүлдей тәнті болып, бір-бірімізге ұнау үшін, үстімізге әтір құйып, денемізге иіс майын жағамыз.

«Мұрның барда бір сінбір» дейді, мүмкіндігін барда ойындағы істі атқарып таста дегенді білдерді.

Мұрын қабақтың қақ ортасынан басталып, екі көздің дәл ортасымен төмен созылады. Ауа кіретін, шығатын, яғни дем алатын екі тесігі — **танау**. Оны көмкеріп тұратын жұқа, майысқақ сүйек — **шеміршек**. Қабақтың ортасынан танауға дейін созылып жатқан қуыс — **кенсірік**. Адамның әдемі көрінуі де, көп жағдайда, мұрынның тұрқына байланысты.

«Ер жігіт мұрынды келеді, жүйрік ат ерінді келеді» деген сөз бекер айтылмайды.

Мұрын болған соң, оның сан түрлісі кездеседі, мысалы: шоң мұрын, су мұрын, тәмпіш мұрын, келте мұрын, жалпақ мұрын, т.т.

«Мұрыныңды бет қылып жіберейін бе?» — деп, кіжініп жатамыз ғой.

Жігіттің әдемісі қыр мұрынды, қыздың әдемісі пісте мұрынды келеді. «Пісте» деген — ұшы сүйір, түбі доған, ішінде шағып жейтін дәні бар жабайы жеміс. Түркістан облысының Түлкібас ауданында ғана өседі. Сол өңірде туған белгілі жазушы Мархабат Байғұттың ауылы «Пістелі» деп аталады.

Көне жырлардың біразын бізге жеткізген Мұрын жырау атты бабамыз болған. Найман тайпасынан тарайтын Мұрын руы Бәйдібектің сол аттас қызынан тарайды деген пікір де бар.

Мұрын сөздің дұрыс айтылуына да көп үлес қосады. Әртүрлі аурудың салдарынан мұрны пұшық болып қалған адамның үні бұзылып, мыңқылдап шығады.

Мұрынның астында, жігіттердің жүзіне көрік беріп тұратын қылшық жүнді **мұрты** болады. Мұрт — есеюдің бір белгісі, өйткені ол бала кезде шықпайды, ал әйел баласында мүлде болмайды. Мұрттың оң жағы және сол жағы бар, дәл ортасын **суағар**, ал екі шетін **шалғайы** дейді. Орбұлақ шайқасының бір батыры, Елтінді батырдың досы Ұзын мұрт Ұзақ батыр мұртының екі шалғайын екі құлағына қыстырып қояды екен.

Құлақ пен мұрынның ортасындағы садақтың адырнасына ұқсас ішке қарай иілген имек сүйекті **жақ** дейді. Сол ұқсастыққа байланысты, «садақ аттық» дегенді «жақ тарттық» деп те жатады. Сол екі жақты да көмкеріп жатқан еттің сырты **бет** болады. Алманың жұмыр әдемілігіне ұқсатып, «екі беті алмадай» деп сүйсінеді. Беттің ұшын «беттің қызылы» деп те айтады.

Бет жан-дүниенің айнасы секілді, соның құбылуына, өзгеруіне қарап, кісінің көңіл күйін де аңғарады. «Бет моншағы үзілген» деп ұяты барды, «екі беті табақтай» деп ұнатпаған адамын айтып жатады, «екі беті бедірейген», «екі бетінің кіріне екі ит тойғандай», «бетінен қақпай өсірген бала», «беті қалың

кісі екен», «бетіне кісі тура қарай алмайтын адам», «бетінен сідігі шығып тұрған долы» деген бейнелі сөздер бар. «Бетім барда кім шыдар?» – деп, бетінің ажарын өз пайдасына жарататын әйелдерді сөгеді. Ауруға ем қона бастағанда, «Беті бері қарады», – деп хабарлайды.

«Бет» дегенді аңғартатын бірмән сөздер біршама: жүз, дидар, өн, түр, түс, пішін, келбет, кескін, ажар, ұсқын, шырай, сүдіні, кейіп, сұс, пошым, бет бітімі, орал, әлпет, бет бейнесі, түр-тұрпаты, т.т.

Беттің көркін мұрынның астындағы **ауыз** да кіргізеді. Қазақ қыздың қылықтысын «Оймақ ауыз, күлім көз» деп мақтайды. Дәу ауызды «жайын ауыз» десе, кішкентай ауызды «шөкімдей» дейді. «Аузың қисық болса, айнаға өкпелеме» деген мәтел бар. «Аузы қисық болса да, байдың баласы сөйлесін» деген де бар.

«Айтылған сөз – атылған оқ» деп, аузыңнан шыққан сөзіңді қайтарып ала алмайсың, сондықтан байқап сөйле дегенді ескертеді.

Ауыздың көркі **ерінге** де қатысты. Қызыл ерін, үлбіреген ерін, дүрдік ерін, бота ерін, салпы ерін, жұқа ерін, тағы басқа да түрлері болады.

Ауыздың екі жақ шеті – **езу**. Екі езудің арасы алыс болса, ол – дәу ауызды адам. Піскен астың үстіне келген кісіге «аузы салымды екен» дейді. «Алма, піс! Аузыма түс!», – деп, жалқауларды келеке етеді.

Қуанған кісіні «Екі езуі құлағына жеткенше күлді» деп бейнелейді. Екі езудің құлаққа қарайғы сырт жағы – **миық**. Сыпайы адамдар аузын ашпай, миығынан ғана күледі.

Ауыздың астында доғаша иіліп тұрған – **иек**. «Дәметпе» дегенді бейнелеп айтқанда, «иегің қышымасын» дейміз.

Иектің үстіне айнала шыққан қылшық жүн – **сақал**.

«Мұртқа өкпелеп жүргенде сақал шықты» деген сөз адамның одан ары есейіп бара жатқанын аңғартады. Мұртқа жалғастыра иегін орай қойған сақалды қазақ **қыпшақ сақал** дейді.

Самайдан иекке дейінгі аралыққа өскен сақалды **жақ сақал** десе, жақ сақалы мен иек сақалын қоса жіберген сақал **қаба сақал** аталады. Иек сақалы шелектің түбіне ұқсап, ал жақ сақалы оның тұтқасына ұқсап тұрса, ондай адамды **қауға сақал** десе, астыңғы еріннің дәл ортасына ғана шығып, иектегі сақалға қосылмай тұрған бір топ кішкене сақалды **ата сақал** дейді. «Ата сақалың аузыңа түскенше (шыққанша) ақылың кірмепті», – деп жатады. Ал сақалын өсірмей, қырып тастап жүрген кезі – **қырма сақал** кезі. Иегінде ғана шошайып тұрған сақалды **шоқша сақал** дейді. Түсіне қарай «ақ сақал», «қара сақал», «бурыл сақал», «боз сақал», «сары сақал», ал тұрқына қарай «ұзын сақал», «найза сақал», «дөңгелек сақал» дегендер де болады.

Иегіне мүлдем сақал шықпайтын да еркектер болады, оларды **көсе** дейді. Соның бірі – ауыз әдебиетіміздің әйгілі кейіпкері Алдар көсе.

Иектің астынан тамаққа дейінгі жерді **бұғақ** дейді. Бұғағы салбырап жүретін жандар да кездеседі. Жақтың құлақ астынан иекке қарай иілетін жерін **шықшыт** дейді. Қатты ұрғанда, шықшыттың орнынан тайып шығып кетуі мүмкін.

Жеген тамақ, жұтқан ауа – бәрі ішке **ауыз** арқылы барады. Даусымыз, сөзіміз, түкірігіміз – бәрі сыртқа ауыз арқылы шығады. Ауыздың іші – жеген асымызды өңдейтін, жұтуға әзірлейтін зауыт.

Әр адамның аузында отыз-отыз екіден тіс болады. Оның жартысы ауыздың астына, жартысы үстіне орналасады. Ауызды ашқанда, дәл алдында тұратын екі үстіңгі жалпақ тіс – **қасқа тіс**. «Қасқа тісінді қағып түсірейін бе?» – деп, төбелескен кісілер алдымен ауыздан ұруға ұмтылады. Қасқа тістің екі жағындағы бір-бір тіс және астыңғы тістің төрт, алты өткір ұшты тісі **күрек тіс** деп аталады. Ауыздың түп жағындағы қалған тістер **азу тіс** деп аталады.

Олардың беті жалпақ, түбі мықты болады, өйткені жеген астың бәрін адам азуымен шайнайды. Қасқырда, итте болатын имек әрі өткір ұшты азу тіс адамда болмайды.

Біліктілігі де, білімі де, сөзін тыңдайтын, пікірін қолдайтын елі де бар адамды «азуы алты қарыс» деп бейнелейді.

Кештетіп, адам ересек тартқан кезде шығатын азу тісті **ақыл тіс** деп атайды.

Жас баланың тісі **сүт тіс** болады. Жасы жетіге келгенде бала пісейді, яғни сүт тістері түсіп, оның орнына жаңа әрі тұрақты тістері шығады. Қатайған кісінің тісі ептеп сарғая бастайды. Үлкендердің жастарға: «Ақ сақалды, сары тісті бол!» – деп бата беріп жататыны содан.

Алды-артынды ойлап, байқап сөйлеу керегін ескертіп, бұрынғылар: «Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарайды», – деген.

Тістер айнала орналасқан тұғырды **қызыл иек** дейді. Қызыл иегі мықты адамның тісі де мықты болады.

Астыңғы тістердің дәл ортасында, қасқа тіске қарай созылып **тіл** жатады. Оның ұшы – сүйір әрі жан-жағына, жоғары-төменге емін-еркін қозғалып тұрады, ал тілдің түп жақ асты қозғалмайды. Адам тілі арқылы сөйлейді, үн шығарады, ән айтады. «Тіл» сөзінің тағы бір мағынасы халықтың, ұлттың қай тілде сөйлейтінін де білдіреді, мысалы: қазақ тілі, түрік тілі, қырғыз тілі, т.т. Адамға зор зиянын тигізетін, бірақ үні бар, сөзі жоқ табиғи апаттарды қазақ «тілсіз жау» деп атайды, мысалы, олар: боран, суық, сел, жер сілкінісі, т.т. Ал жануарлардың бәрінде де тіл бар, бірақ адамнан басқасы сөйлей алмайды.

Тілдің үстінде – **таңдай**, ол ауыздың өргі жағында, сөйлегенде, тілдің ұшы кейде тиіп, кейде оған тимей кетеді. Сөзшең кісі таңдайы тақылдап сөйлейді. Ұлбике ақын: «Өлеңнің таңдайымда ұясы бар», – деген. Астың дәмін адам тілі мен таңдайы арқылы ажыратады, дәмсіз болса, «Таңдайыма татымады», дәмді болса, «Таңдайымды суырып ала жаздады», – деп бағалайды.

Ауыздың екі жақ бүйіріндегі үстіңгі қызыл иек пен астыңғы қызыл иектің арасын **ұрт** дейді. Ұрты томпайып та, қабысып та тұратын адамдар болады.

Тіспен шайнаған, тіл мен таңдай дәмін татқан астың, яғни тамақтың бәрі тамақтан өтеді. Қысқасы, тамақтың барар жері де тамақ. «Сені ойлап сағынғанда тамағымнан ас өтпейді», – дейтін жағдай бар.

Тамақтың дәл үстіңгі ортасында төңкерген конус сияқты кішкене ғана тілшік бар, оны **бөбешік** дейді. Суық нәрсе ішкеннен немесе суық нәрсе жегеннен тамаққа суық тиіп қалса, әлгі бөбешік қисайып, түсі қызарып, тамаққа жабысып, кісінің қызуы көтеріліп, ауырып қалады. Ондай аурудың қазақша аты – **баспа**, ғылыми аты – **ангина**.

Тамақтың қуысы – **көмей**, айналасы – **көмекей**.

Адамның үнін шығаратын солар. Адам үнінің зор болуы, бәсең шығуы – бәрі көмейдің кендігі мен кемдігінен.

Атақты Майра әнші:

«Қызы едім Уәлидің атым – Майра,

Отыз тіс, көмекей мен тілім, сайра!» – дейді ғой.

Сазгерлігі мен әншілігі Майрадан бір де кем емес Шолпан Жанболатқызы атты Сыр бойының өнерпаз келіншегі өзінің «Ах! Ау!» – демей» деп аталатын әнінде:

«Ах! Ау!» – демей,

Тіл мен көмей,

Жанған жүрек басылмас,

Сәулем келмей», – деп шырқайды.

Тәшкенде Әбубәкір Диваев өткізген ән байқауында бірінші орын алған Шолпанның бұл әнін алғаш шыққан дауыс жазғышқа жазып алынған екен,

әлі жетілмеген техниканың анық шықпаған үнінен жұрт бұл әннің «Ах! Ау!» – демей» дегенін «Ахау, Семей» деп таратып әкетеді де, кейбіреулер әлі күнге дейін солай айтып жүр. Шолпан жайында Айтбай Ханелдін деген ағамыз «Қараторғай» атты шығарма да, мақала да жазған. Ол ағамыз – Шолпанмен ауылдас болған, сан рет кездесіп, сөйлескен кісі. Шолпанды шешесі еркелетіп «Қараторғайым» деп атап кетіпті. Шолпанның шешесіне: «Құс болсам, жібектен бау тағар едің, Мәпелеп, сылап-сыйпап бағар едің... Салайын мен әніме «Қараторғай», – деуі содан. Шолпан жайында А. Затаевич те жазған, «Қараторғай» әнін нотаға түсірген.

Тіспен шайнаған тамақтың да, мұрын мен ауыздан кірген ауаның да адам ішіне қарай өтетін және жүретін жолы – **жұтқыншақ**. Жұтқыншақта екі тесік болады, бірі мұрын мен ауыздан кірген ауаны ары қарай жібереді және кері қарай өткізеді, оны ары-бері тасымалдайтын – **кеңірдек**: бұрандалы сақина секілді шеміршек түтік. Оның төменгі ұшы екі ашаланып, бірі оң жақтағы, екіншісі сол жақтағы **өкпеге** жалғасады. Өкпе ауаны ішке де тартады, сыртқа да айдайтын көрік секілді. Асыққанда «екі өкпемді қолыма алып жүгірдім» деп жатамыз. Қатты жүгіргенде, «өкпем өшіп кетті ғой», – деп те айтамыз. Адамның тынысын, дем алысын жүзеге асырып тұратын, тынымсыз жұмыс істейтін мүше.

Ал жұтқыншақтағы екінші тесік кеңірдек секілді шеміршек **өнеш** болады. Ол арқылы ішкен ас **асқазанға** барады. Ол – ішкен астың жиналатын қазаны, оны **қарын** деп те атаймыз. Ал, шын мәнінде, ол – асқазан, қарын емес. Қарын негізінен малдарда болады, іші түкті, сырты шандыр секілді домалақ болып келеді. Асқазан болса, сопақша имектеу мүше. Оның сырт жағын «қарын» деп те, іш деп те айта береміз. «Қарны қампиып», «іші томпайып» деп жатамыз. Оның ішінде астың қортылуын қамтамасыз ететін бірнеше нүктелер мен тетіктер бар. Сопақша қарынның соңғы жағы жіңішкере келіп **ұлтабарға** жалғасады, ол – он екі бунақты жуан ішек. Ол, бір жағынан, **аш ішектің** басы болып табылады. Ол ішектің ұзындығы алты метрге жетеді. «Аш ішекше шұбатылған» деген сөз бекер айтылмаған. Аш ішек әрі қысқа, әрі жуан **тоқ ішекке** жалғасады. Өнештен өткен ас тоқ ішекке жеткенше қорытылып, бойға сіңіп бітеді. Сіңбегені **көтен ішек** арқылы сыртқа шығып кетеді. Ол ішекті дәрігерлер осы күні «тік ішек» деп жүр.

Адам ағзасының құрылысын, қызметін білген адам өзіне қай тамақтың жағатынын не жақпайтынын жақсы біліп, тамақ жеудің дұрыс тәртібін өзі қалыптастырып алады.

Адамның басы мен денесін жалғастырып тұрған жұмыр дене – **мойын**. «Өленді жатып та айтам, тұрып та айтам. Мойнымды бір жағыма бұрып та айтам», – депті ғой Иса Байзақовтың ұстазы Құдайберген Әлсейітұлы.

Мойынның төменгі екі жағы екі **иыққа** ұласады. «Екі иығына екі кісі мінгендей», – деп, ер жігітті мақтайды.

Адамның арқасы мойынның астынан басталады. Арқадағы екі иықтың сырт жағы – **екі жауырын**. Балуандардың жауырыны қақпақтай жалпақ болып келеді. Ешкімнен жығылмайтын балуанды «Жауырыны жерге тимеген» деп мақтайды, «Жауырыны қақпақтай» дейді. Екі иық пен тамақтың асты – **кеуде**. «Кеудесі аяқ қаптай» деп те «кеуделі жігіт» деп те жатамыз. Оны бейнелеп **«көкірек»** деп те атайды. «Өркөкірек» деп менмен адамдарды, «көр көкірек» деп түк білмейтіндерді айтады. «Өр кеуделі» деп өжеттерді бағалайды. Кеуденің екі шетінде екі **емшек**, еркектікі – бедеу емшек, ал әйелдікі – баланы асыраушы. Әйел емшегінің сүт жиналатын жерін **үрпі**, сүт шығатын жерін **ұшы** дейді. Бала үшін ананың ақ сүтінен артық азық жоқ. Екі иық пен тамақтың астын кеудемен қоса жинақтап **омырау** деп атайды. Омыраудан төменде –

кіндік, ол — адам денесінің ең ортасы, одан өргісі — жоғарғы жақ, кіндіктен төмені — төменгі жақ. Кіндіктің ішкі оң жағында — **өт**, одан сәл төменде зәр жинайтын орын — **қуық**. Оның зәр өтетін жолында **қуық** безі болады. **Без** адамның біраз жерінде бар. Құлақ пен жақтың ұштасқан жерінде **сілекей безі**, тамақта, емшектің ішінде де без бар, ұлтабардың астында **ұйқы безі**, қолтықта, тағы басқа жерлерде де без бар. Қазақ безі бар жерлерді айрықша күтеді, суықтан, бір нәрсеге соғып алудан сақтайды, «безі шошымасын» дейді. Еш бір безді жемейді.

Адамның әр жерінде қап-қара болып бадырайып **қал**, көрінер-көрінбес **мең** болады. Оларға тиіспейді, емдемейді де, құпиясы көп нәрсе деп қарайды. «Меңсұлу», «Қалдығыз» деп қыздарға ат қояды.

Екі иыққа жалғасқан екі **қол** бар. Қол, жалпы, екі бұғана мен жауырыннан басталады. Екі қолы болмаса, адам — кемтар, қор болмай ма? Қолмен ұстамай, көзбен көрмей, мұрнымен иіскемей, қай заттың кәдірін білуге болады? Адамды сабырға шақырғанда, «Сол қолыңды оң қолың ұстасын!» — демейміз бе? «Қолмен істегенді мойныңмен көтер!» — дейміз. Қолымен әр нәрсені жасай білетін кісіні ісмер, шебер, ұста деп дәріптейміз. «Қолымда бір қамшым бар бүлдіргелі, Өзіңе бір сөз айтсам күлдіргелі», — деп әндетеміз.

Қолдың ұзыны да, қыскасы да, жуаны да, жіңішкесі де, ептісі де, ебедейсізі де болады. Оң қол оң иықтан, сол қол сол иықтан төмен қарай созылады. Иықтан төменгі ара — **тоқпан жілік**, оның бұлшық еті адамның күшін айқындап тұрады. Балуандардың бұлшық еті ойнап тұрады. Қолдың ішке қарай иіліп тұрған жағы — **қолдың қары**, сырты — **шынтақ**. Қолдың одан төменгі бөлігі — **кәрі жілік**, кәрі жіліктің сырты — **білек**. «Білегі күшті бірді жығады, Білімі күшті мыңды жығады» деген бар. Білектің жіңішке ұшы — **білезік**. Қыз-келіншектер білезік тағатын жері.

Жас кезінде оқи алмағанына өкінген Абай: «Қолымды мезгілінен кеш сермедім», — деген ғой. Білектен төмен қолдың басында — **бес саусақ**. Өмірі жұмыс істемеген, еңбек етпеген адамды **аксаусақ** дейді. «Қолы ұзын» деп билігі бар, жақсылық жасауға да, жамандық істеуге де мүмкіндігі бар адамды, ал «қолы қысқа» деп соған керісінше жағдайдағы кісіні бейнелеп айтады.

Боксшының қолы қатты, балуандікі қарулы келеді.

«Мен сені танымаймын, тоның жаман,

Қарға тұяқ секілді қолың жаман», — дейтін өлең бар.

Қолынан іс келмейтін, түк істей алмайтын, икемсіз кісіні **қолапайсыз** дейді, ақын-жазушылар оқырмандарына кітабін **қолтанба** жазып сыйлайды. Қолмен жасалатын барша бұйымдарды **қол өнер** деп жүрміз.

Бір жаққа баруға мүмкіндігі жоқ адам «қолым тимейді», ал жаман бір нәрсені істегісі келмесе, «қолым бармайды» дейді. Ұрының бір аты — суық қолды адам. Қолды суықтан, жарақаттан сақтау үшін сыртынан киетін киім — **қолғап**, оның сан түрі бар: жүн қолғап, тері қолғап, былғары қолғап, синтетике қолғап, т.т.

Оң қолдың да, сол қолдың да басындағы бес саусақтың әрбірінің өз аты тағы бар. Бірінші тұрған әрі қысқа, әрі жуан саусақты **басбармақ**, екіншісін **сұқ қол**, үшіншісін **ортан қол**, төртіншісін **аты жоқ қол**, бесіншісін **шынашақ** дейді. Бұларды бейнелеп былай да атайды: 1. Басбармақ, 2. Балалы үйрек, 3. Ортан терек, 4. Шілдір шүмек, 5. Кішкентай бөбек.

Бес саусақты ішіне қарай жұмып тұрғанда, сырт жағын **жұдырық**, іш жағын **жұмырық** деп айтады. Әлдекімге бағынышты, соның ықпалынан шыға алмайтын кісіге қарап: «Ашса, алақаныңда; жұмса, жұмырығыңда», — деп жатады.

Бес саусақтың түбінен қолдың қызтоймасына дейінгі аралықтың ішкі

жағын — **алақан**, сырт жағын — **қолдың сырты** десе; ал шынашақтың бүйір жақ тұсын **қолдың қыры** дейді. Басмармақтың сырт жақ түбіндегі ойпаң шұңқырды **қызтоймас** деп атайды. Оның мәні қыз бала тамақты аз ішуі керек дегенге саяды. Бала қуанғанда, алақанын соғып қуанады, үлкендер шапалақтайды; қайыршы алақанын жайып көмек сұрайды, қайыр тілейді. Балгерлер алақанына қарап бал ашады. Жақсы көрген кісілер бір-бірін алақанымен сипайды, мейірін алақанының жылуы арқылы білдіреді. Әке-шеше баласын алақанына салып мәпелейді. Қазақ қол беріп, алақанға алақанын тигізіп амандасады.

Қолдың қары мен дененің түйіскен асты — **қолтық**. Адам әр нәрсені қолтығына қысып әкете береді.

Әр саусақтың сырт жақ ұшында тырнақ өседі, оны әлсін-әлсін алып тұрмаса, тырнақ пен саусақ етінің арасына кір жиналып қалады.

Тырнақ пен саусақтың бір-біріне жабысып тұрған арасын **көбе**, тырнақтың көбесі дейді. Көбесі сөгілсе, тырнақ тырнауға жарамай қалады, бірақ оның орнына жаңадан тырнақ өсіп шығады. Әр саусақтың бүгіліп-жазылатын жері **буын** болады. «Буынсыз жерге пышақ ұрма!», — деп, ең жанды жеріме тиме дегенді аңғартады.

Адамның басынан басталып, бүкіл арқасын алып жатқан ең ұзын мүше — **омыртқа**. Оның жоғарғы жағы — **мойын омыртқа**, ал мойын омыртқаның ең жоғарғы шеті — **ауыз омыртқа**, ең төменгі жағы **құймышақ**. Ойыны бар, шыны бар, оны «құйыршық» деп те, «құйрық» деп те айта береді. Әр омыртқа бір-бірімен жұмсақ шеміршек арқылы жалғасады. Мойын омыртқа — жетеу, кеуде омыртқа — он екі, бел омыртқа — бесеу, сегіз көз — төртеу, құймышақ омыртқа — төрт-бесеуден болады.

Әр омыртқаның жан-жағында жұқа-жұқа қанаттары, ал бүкіл ішкі қуысында созылып жатқан — **жұлын**, ол бастың миына ұқсас жұмсақ әрі ұзын, ішекше созылған нәрсе. Ми орталық жүйкенің жұмысын басқарса, жұлын бүкіл дененің жүйке жұмысын басқарады. Жұлын омыртқаның бас жағынан басталып, беломыртқаға (белдемеге) дейін созылады.

Беломыртқаның астында — **жамбас**. Жамбас сүйегінің бас жағы — **мықын**. Ол жамбастың жарты бөлігін алып жатады. Мықын біткен жерде жамбастың дөңгелек шұқыры болады, оған **ортан жіліктің** басы кіріп тұрады, оны ұршық дейді. Сол ойық шұңқырдың ішкі жағы — **шат**, сыртқы жағы — **шонданай**, екі ортасында — **сегіз көз**. Омыртқаның екі қанатында төрт-төрттен тесігі (көзі) болғандықтан, солай аталған.

Мықынның сырт жағын, дөңгеленіп тұрған бұлшық етті **бөксе** дейді. Әсіресе қыз-қырқынның бөксесі әдемі болады. Ал мықын мен бөксенің үстінгі жағы, яғни шалбар мен дамбалдың рәзіңкесі ұстап тұратын араны **ышқыр** деп атайды.

Бел омыртқадан бастап, одан төменгілердің ішінде жұлын жоқ, тек шеміршек бар.

Шыңғыс хан заманында жауларының омыртқасын, белін үзіп өлтірген. Жұлыны үзілген жануар атаулы өмір сүре алмайды. Баласын қазақ: «Құлыным! Жұлыным!» — деп жақсы көретіні содан.

Адамның қаншалықты мықты, күшті болуы белінің мықтылығына қарай.

Бір кісінің бойы ұзын болса, бірінікі қысқа болып жатуы омыртқаның көптігі мен үлкендігіне де байланысты. Әр адамда орташа есеппен 30-32-ден омыртқа болады, кей біреуінікі одан да көбірек болуы мүмкін.

Адамның кеуде тұсындағы майлы, кемікті шеміршек сүйекті **төс** дейді. Сол төстің оны мен солынан шығып тұрған он екіден — жиырма төрт — **қабырғаның** бәрі омыртқаға барып тіреледі. Төстің ең үстіндегі жуан қабырғадай сүйек екі ашаланып иыққа барып бітеді, оны **бұғана** немесе **бұғана** қабырға дейді.

Бұғананың басы ұршықтың басындай қозғалып тұрады. Әлі ержете қоймаған баланы «әлі бұғанасы қатпаған» дейді. Байқамаса, ұясынан шығып, бұғананың тайып кететін жағдайы да кездеседі.

Қазақ халқында төске байланысты біраз әдет-ғұрып бар: құда мен құда, сағынысқан адамдар бір-бірімен төс қағыстырып амандасады немесе жақынынан айрылған адамды төсіне басып көріседі; шеше жылаған баласын төсіне басып жұбатады; күйеуге немесе жездеге төс тартады; жігіт пен жігіт дос болғанда, төс қағыстырып ант береді, т.т. Өйткені төс – әрі біріктіруші, әрі қорғауыш мүше: қабырғаның басы төске бітсе, аяғы омыртқыға жалғасады, қабырғаның ең үстінде тұратын бұғана иыққа барып жалғасады, қабырғаның төменгі жағын алып жатқан **сүбе** өкпе мен бауырды және бүйректі жауып тұрады. Күйеу мен жездеге де төс тарту – төске ұқсап екі елді әрі біріктіріп, әрі қорғап тұрса деген тілектен туған жақсы салт. Отыз омыртқа, жиырма төрт қабырға бірі артынан, бірі алдынан төсті де, төстің қасындағы өзге мүшелерді де қоршап, қорғап тұрады.

Адам бойында 62 тамыр бар деседі. «Алпыс екі тамырымды иіткен», – деп, баласына еміреніп отыратын аналарды көрдік. Сол тамырлардың ең үлкені және бүкіл денені аралап өтетін негізгісі – **күре тамыр**. Күре тамырдан жан-жаққа қан таситын тағы талай тамыр тарап жатады. Соның бәрін қозғайтын, бәріне жан кіргізетін мүше – **жүрек**. Ол үнемі соғып, дем алмай қанды адамның өне бойына айдап тұрады. Жүрек соғуын тоқтатса, адамның өмірі де тоқтайды. Сондықтан жұдырықтай жүректің қызметі – тіршіліктің көзі. Абай қатты налығанда, «Жүрегім, соқпа, қой, тоқта!» – деп түңілген ғой. «Қайран менің жүрегім!» – деп, бірі өлеңін жазып, бірі әнін шығарып, өмірден Нұрғиса ағамыз бен Тұманбай ағамыз да өтпеді ме? Абайдың: «Жүрегімнің түбіне терең бойла!» – дегеніне өмір бойы құлақ асып келеміз.

Жүрек адамның сол жақ кеудесінде болады, оның қанды кіргізіп, шығарып тұратын қақпақшалары бар. Ештеңеден қорықпайтын кісіні «жүректі адам», керісінше қорқақты «жүрексіз», «қоян жүрек» дейді қазақ.

Жүректің оң жағы, сол жағы болады. Оның қақпақшаларынан шыққан қан **қолқаға**, одан өкпеге барады. Адам ағзасының аса бір қажеттісі. Қазақ жақсы көрген адамына: «Сен менің қолқа-жүрегімсің», – деп, жүрек екеуін қосарлай сөйлейді. Оның бағасы содан да байқалады.

Қазақ атаулының аузына ең көп түсетін, ең жиі айтатын сөзінің бірі де, жүрек қатарлы ең қымбат мүшесі де **бауыр**. Америка жеріндегі үндістердің білімпаздары адамның жүрек соғысын тоқтатып, оның қызметін бауырға істететін ілім жолын біледі екен. Сонда адам өлген сияқты, бірақ бауырымен дем алып жатады екен де, білімпаздың «әмірімен» бір кезде қайтадан тіріліп кетеді екен. Бауырдың қаншалықты қымбат екенін содан-ақ аңғару қиын емес. Бүкіл жеген асымыз бен ішкен тамағымызды өне бойымызға сүзіп тарататын бауыр екен. «Бала – адамның бауыр еті», – деп бекер айтпаған ғой. Бірге туғанды да, бірге тұмаған қимастар мен сыйластар да бір-бірін «бауырым» деп бағалайды. Қаза болған кісіні қазақ «бауырымдап» жылап жоқтайды.

Бауырдың салмағы – бір жарым келі.

Қабырғаның астында, бауырдың қасында **көк бауыр** бар. Ол – қан жинайтын да, қан сақтайтын да мүше.

Оның қасында **өт** бар. Ол – алмұрт секілді түтік, ас қорытуға көмектесетін адам ағзасы. Бауыр да, өт те адамның оң жақ бүйірінде орналасқан. Өт бауырдан шыққан заттардың қышқылдығын да реттеп отырады, оның ішіндегі сұйық у секілді, жарылса, адам ағзасын улап жібереді. Сөз көтере алмай ашуланып қалған кісіге: «Немене, өтің жарылып кетті ме?», – деп, жазғырып жатуымыз содан.

Зәрдің адам бойынан дұрыс шығуына, дұрыс сүзілуіне бастан-аяқ **бүйрек** «жауап береді». Бүйрек те адамның тыным таппай істейтін мүшесі. Жақсы көрген біреуге бүйрегін бұрып тұрады. Кейбіреулер бүйректен сирақ шығарып, бәле қуады.

Бүйрек екеу: сол жақ және оң жақ бүйрек, екеуінің де көлемі жұдырықтай ғана. Бүйректен шыққан зәр **қуыққа** жиналады, содан ары сыртқа шығады. Қуыққа 300-500 мили литр зәр сияды.

Қуық астында **без** бар, ол ауырып асқынса, адамның зәр шығаруы қиындап, тіпті зәр шықпай қалуы да мүмкін. Адамның зәрі мен ұрығы бір өзекшеден өтетіндіктен, ол безді күту – адам үшін өте қажет.

Ғалымдардың айтуынша, адам денесінде 200-ден (екі жүзден) астам ірілі-ұсақты **сүйек**, алты жүзден астам үлкенді-кішілі **бұлшық ет** болады екен. Әрбірінің өз орны, өз қызметі бар.

Адамды тік тұрғызып, ары-бері жүргізіп тұрған мүше – **екі аяқ**. Оның адамды апармайтын жері бар ма? Бәрін аяқтың арқасында аралаймыз, барамыз, көреміз, көргенімізден ой түйеміз. Аяқ – денеден төмен қарайғы жер, оны жамбастан басталады деуге де болады. Өйткені адамның ең ұзын жілігі **ортан жіліктің** басы – ұршығы – жамбастың шұңқырына кіріп тұрады. Қазақ жамбасты да «жамбас жілік» деп атап, жілікке жатқыза беретіндіктен, одан кейінгі сүйекті «ортан жілік» деп атайды. Ортан жілікті ішкі-сыртқы бұлшық еттерімен қоса **сан** десе, бұлшық еттерін ерекшелеп, «сан еттерім ауырып қалыпты» деп те отырады, кейде соның бәрін бір ұғымға сыйғызып, «бұт» дей де салады. Ал сол екі бұттың бір-біріне қарама-қарсы ішкі жағы – **тақым**. «Жалғыз ұлы атқа шапса, шешесі үйде тақымын қысып отырады» деген сөз бар. Жігіттер көкпарды тақымына қысады.

Санның бітетін жері – **тізе**. Тізенің астыңғы жағы – **тірсек**. Мұздаған адам: «Тірсегіме тірсегім тимей кетті ғой!», – деп жатады. Тізесінің ішке бүгілетін жағы – **аяқтың қылтасы**. Ал тізенің ішіндегі қозғалмалы сүйек – **тізенің ұршығы**.

Тізеге жалғасатын сүйек – **асықты жілік**, бұлшық еттерімен қоса айтқанда, **балтыр** немесе **сирақ**. Бізден бұрынғы қазақтың қыз-келіншектері сирақтарын ашып жүрмеген, ондайларды «сирағын сидандатып» деп сөгер болған.

Асықты жіліктің арт жағында жіңішке **шыбығы** болады, ол жілікке сіңір мен бұлшық ет арқылы бірігіп тұрады. Ол асықты жілікпен бірге бұлтиып тұрған сүйек – **толарсаққа** – барып жалғасады. Бұрынғы батыр бабаларымыз «толарсақтан саз кешіп» елді қорғаған. Толарсақ – асықты жіліктің басында томпайып тұрған домалақ сүйек. Толарсақтан төменгі табанға жалғасатын сүйек – **жіліншік**. Ол кішкентай ғана, айналасын сіңір қаптаған, буын аралығындағы сүйек.

Жіліншік пен аяқтың ең төменгі жағын жалғастырып тұратын мүше **тобық**.

«Мінгенім астымдағы торы құнан,

Ақсайды торы құнан тобығынан.

Ат болып торы құнан шыға келсе,

Әкемнің қалмас едім жорығынан», – дейтін қара өлең бар.

Аяқтың жерді басып тұратын ең төменгі әрі бүкіл денені көтеріп тұратын бөлігі – **аяқтың басы**. Оның жерге тиіп тұратын асты – **табан**, оның бас жағында бес **башпайы** немесе бақайы бар, іш жағындағы ең үлкені – **бас башпай**, одан кейінгілері сыртқа қарай бірте-бірте қысқалау бола береді. Аяқ басының ең артқы жағы – **өкше**, ол сірі болып қалған мүйіз секілді ет. Жіліншік пен өкшені жалғастырып тұрған қатты сіңір – **тілерсек**. Ол кесіліп не үзіліп кетсе, адам жүре алмай қалады. Аяқтың басы мен өкшенің дәл ортасында, табанның ішкі жағында жарқабақ тәрізді ойыс бар, оның кілдіреген жіңішке сүйегі

болады, сол араны **үзенгілік** дейді. Атқа мінгенде, аяқты үзенгіге үзенгіліктен ары кіргізуге болмайды. Өйткені оқыс бір жағдайлар бола қалса, аяқ үзенгіден шықпай қалып, ат адамды сүйреп кетуі мүмкін.

Кей адамның табанында үзенгілік болмай, табаны түп түзу жалпақ болса, ондай кісіні **тобанааяқ** деп атайды. Ондайлар өз денесін көтере алмай, жүре алмай қалады, сондықтан ондай кемістігі бар адамдар ерте бастан емделуі қажет.

«Аяғы жаман төрді былғайды, аузы жаман елді былғайды» деген де бар. Жылқының жүріскерін «төрт аяғын тең басқан» деп мақтайды.

«Кәрілік ә дегенде аяқтан алады» деген бар. Әркімнің кәрілігі әр түрлі болатын да шығар.

«Басасың аяғыңды ырғап-ырғап,

Ырғалып құлағыңда алтын сырған», – деген ғой өзі «Гауһартас» деп бағалаған Мақпалға Сегіз сері де.

Екі санның ішкі жағын **шап**, екі санның түйіскен түп ортасын **шат** дейді. Оқыс талтайып жығылған кісі: «Шатым айрылып кете жаздады», – деп жатады.

Желкеден белге дейінгі аралықты **арқа** десе, одан төмен құймашаққа дейінгі жерді **бөксе**, ал иықтың жауырынға жалғасып жатқан тұсын **жота** дейді. Ауыр затты жігіттер жотасына көтеріп әкете береді.

Адамның айта да бермейтін, көрсете де бермейтін ең ұятты мүшесі – **абұйыр**. Бұл – адамның жыныс мүшесі. Онсыз ешқандай тіршілік өсіп-өнбейді.

Аталық мүше мен аналық мүшенің басты айырмашылығы сол: аталық мүше ер адамда, аналық мүше әйел адамда болады.

Кісінің көзінше адам абұйырының атын естіртіп айту әдепсіздікке жатады. Сондықтан жас баланың мүшесін ғана «насыбай», «әпшу» деп ишаралайды. Насыбай атқан адам «әпшу» деп түшкіреді ғой, ол ат соны меңзейді.

Қыз баланың басты тәрбиесі – **тыйым**. Сондықтан оған қалай болса солай сөйлей салуға жас кезінен жол бермейді: ол айтпайтын сөздер, ол істемейтін қылықтыр өте көп. Кез келген ата-ана қыз балаға: «Ойбай, өйтіп айтпа!», «Бөтен кісінің бетіне тесіліп қарама!», «Төсінді жап!», «Абұйырынды жауып жүр!», «Кісінің алдына барып тоңқайма!», «Етегінді тізеңнен жоғары көтерме!» деп безек болады. Қазақтың ұғымында қыз баланың құпиясы көп болуы керек. Құпиялы қыз – қадірлі қыз.

Ананың **жатырында** пайда болған шақалақ нәресте тоғыз ай, тоғыз күн толғанда анасы толғатып, жарық дүниеге шығады. Ана құрсағында **кіндік** арқылы дем алып келген нәрестенің кіндігі кесіліп, содан былай өз бетінше дербес өмір сүруі басталады. Кіндігі кесілгеннен кейін нәрестенің азығы емшектен шыққанша анасының сүті болады, ал ананың сүті емшегіне жиналады. Емшекті бір жасқа дейін, одан да көп уақыт еметін балалар болады. Бала әуелі еңбектейді, сонан соң жүрмей, қозғалмай, бір орында қаз-қаз тұрып үйренеді, көбінесе бір жастан асқан соң, тәй-тәй басып жүре бастайды.

Қысқаша айтқанда, адам денесінің жалпы құрылысы мен орналасуы, атаулары осындай. Бастан-аяқ тоқталып өттік.

ЖАЛПЫ СИПАТЫ

Адам деген ат **Адам** ата, **Хауа** анадан басталады. Оның ақылы, білімі, мәдениеті, ой өрісі, сезімі бар. Сөйлейді, оқиды, ойлайды, жазады, жылайды, күледі, ән айтады, сурет салады, еңбек етеді, мемлекет құрады, туған жері, ұлты, Отаны, отбасы, туған-туысы, ата-бабасы, бала-шағасы болады. Екі аяғымен тік жүреді. Керек бола қалса, еңбектей де, жер бауырлап жылжи

да алады. Миының салмағы 1250 – 1400 грам аралығында. Ақылды адамды «милы», ақылы азды «мисыз адам» дейтін дағды бар.

Әрбір адам өзінің өне бойын, бүкіл денесін күтіп ұстауы керек. Кез келген күтілмеген нәрсені кір басады. Кір басқан нәрсенің түр-түсі де, қызметі де өзгереді, нашарлайды. Шын мәнінде, ешбір адам нашар, өзгеден кем болғысы келмейді. Ал өзгемен тең болу немесе өзгеден кем болу ақыл мен мидың, білім мен оқудың аз-көбіне байланысты.

Аса миы, ақылды адамды **дана**, **данышпан** дейді. Ол атқа арғы заманда өмір сүрген Арыс бабамыз, орта заманда өмір сүрген Фараби бабамыз, бергі замандағы Абай атамыз әбден лайық.

Адам өзінің дүниеге келген жерін **туған жер** дейді. Әке-шешесі, ата-бабасы өмір сүрген жерді **атажұрт**, **атақоныс** немесе **атамекен** дейді. Өзі дүниеге келген елді мекенді **туған ауыл**, сол ауылда өзімен бірге өмір сүріп жатқан адамдарды **ауылдастар** немесе **жерлестер** деп атайды. Елді басқару жүйесіне лайықтап бөлуге байланысты, әрбір адамның **туған ауданы**, **туған қаласы мен туған аймағы – обылысы, туған отаны** болады.

Бір тілде сөйлейтін, бір тұрақ-мекенде өмір сүретін, қаржы-қаражаты ортақтандырылған, салт-дәстүрі ортақ, мінез-құлқы ұқсас адамдардың бірлігін **ұлт** дейді. Қазақ өзінің ұлттық тілін **Ана тілі** деп атайды.

Бұрын халықты сақ, құн дәуірінде **шәнүй**, үйсін мемлекеті кезінде **күнби**, Шыңғыс хан заманында **хан**, ал бірнеше хандықтың одағын **қаған** басқарған.

Халқымыз Оғыз хан, Шыңғыс хан дәуіріне дейін тәңірге табынған. Адамзатты хан билеген, тәңір жаратқан деген ұғыммен еліміздің ең биік тауын Хантәңірі атаған. Ол тауды сақ дәуірінде Арыс бабамыз мекендеген. Қазір Алматы облысының Нарынқол ауданына қарайды.

Ханның ел басқаруға көмектесетін серіктерін **уәзір** деген. Әскерді басқаратын адамды қолбасы, **қолбасшы** деп дәріптеген. Әскер басшыларын жалпылай **сардар** деп, ал олардың қол астындағы әскерлерді **сарбаз** деп атаған. Он мыңға жететін әскерді **түмен**, сардарын **түменбасы**, мың әскердің сардарын **мынбасы**, жүздікін **жүзбасы**, ондікін **онбасы** деп атаған. Жаудан елін қорғайтын, жауды жеңіп жүретін ержүрек адамдарды **батыр** санаған, солай атаған.

Ерте кезде, біздің дәуірімізге дейінгі, яғни 1-жылға дейінгі заманда, халқымыз **сақ**, **құн** деген тайпалық одаққа, Үйсін, Қаңлы, Құн мемлекеттеріне біріккен.

Біздің дәуіріміздің **552 – жылы Буман қаған** («Тумын» деушілер де бар) бабамыз Ұлы түрік қағанатын құрып, содан бері **түрік** атанғанбыз. Одан беріде Көктүрік, Түргеш, Қарахан, Оғыз елі атанғанбыз. Шыңғыс хан заманына дейін халқымыз ұйғыр (ой-қыр, ойғыр), татар атанса, Теміршың (Шыңқұз хан – Шыңғыс хан) бабамыздың тұсында моңғол, мүнұл немесе моғол болғамыз, мемлекетіміз Моғолстан (дұрысы – Моңғолстан) атанған. Тарихты бұрмалаушылар ол кездегі еліміздің «мұң ұл» – «мұңғұл» атын қалмақпен шатастырған, өйткені олардың қазіргі «моңғол» деп отырған халқы – халха моңғолдар, оларды қазақ ежелден «құба қалмақ» деп атаған. Ал қазақтың ешқашан қалмақтармен туыстығы болған емес, бұл екі халық 1758-жылға дейін, яғни «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламағанын» аяғына дейін бір-біріне атажау саналған. Сол қалмақ мемлекеті жойылған соң, әлсіреген қазақ та орыс патшалығына бодан болып қалды. Содан кейін 1917-жылдан 1991-жылға дейін Советтік Социалистік Республикалар одағының – КСРО-ның – құрамында болдық.

XV-ғасырдың ортасында Керей хан мен Жәнібек бабамыз қазақ хандығын құрған.

Екеуі де Шыңғыс хан бабамыздың ұлы Жошы ханның ұрпақтары. Елімізді үш жүз жыл бойы билеген хандардың бәрі – Шыңғыс хан ұрпақтары, яғни төрелер. Жошыға дейін Шыңғыс хан бабамыз Бөртеден бір ұл сүйген, бірақ одан бала қалмаған, оның аты – Биін.

1917-жылдың 25-қазанында төңкеріс болып, патша өкіметі құлады да, оның орнына кейін «Советтік социалистік республикалар одағы» деп аталатын (қысқаша – ССРО айтылуы – Ес-Ес-Еро) мемлекет құрылды. Оған он шақты ұлт бірікті, халықтар достығы негізінде құрылған мемлекет боламыз деп жарияланды. Алайда бірте-бірте «халықтар достығы» дегенінің астарында өзге халықтарды бір халыққа айналдыру саясаты бар екені әйгілене бастады. 1986-жылы 16-желтоқсанда Қазақстанды басқарып отырған қазақты орнынан алып, оның орнына Қазақстанда туып-өспеген бір орысты басшы етіп тағайындағанға қазақ жастары үлкен қарсылық білдіріп, Алматы қаласының орталық алаңына шықты. Оны Мәскеулік басшылар аяусыз жазалап, жастарды қуғын-сүргінге ұшыратты. Оған қатысқан Ербол Сыпатаев ауруханада, Ләззат Асанова белгісіз жағдайда, ал Қайрат Рысқұлбеков түрмеде қаза тапты.

Мұндай наразылықтар Қазақстаннан кейін Естонияда, Литвада, Латвияда, Грузиндерде жалғасын тапты. Ақырында 199-жылы тамызда Мәскеудің ішінде төңкеріс болды да, ұзамай Ресей мемлекетінің басшысы Ельцин, Украина басшысы Кравчук, Беларусь басшысы Шушкевич – үшеуі біріккен келісім негізінде 8-желтоқсан күні ССРО мемлекеті іс жүзінде жойылды. Ал 1991-жылдың 25-желтоқсан күні ССРО Бас хатшысы, ССРО-ның ең тұңғыш әрі ең соңғы президенті М. С. Горбачев өз қызметін тоқтататынын ресми жариялады.

Кенестер одағының мемлекеті ыдыраған соң, қазақ халқы 1991-жылдың 16-желтоқсанында өзінің тәуелсіз мемлекет құрғанын жариялады. Ал жеке мемлекет құрылуы жайындағы декларациясын сол жылдың 25-қазанында жария еткен-ді.

Біздің қазіргі Отанымыз – Тәуелсіз Қазақстан. Ол – дербес мемлекет, оның ресми аты – **Қазақстан (айтылуы – Қазағыстан) Республикасы**. Оны **Президент** басқарады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – **қазақ тілі**. Қазақтар өз халқының неге «қазақ» аталғанын сан қилы түсіндіреді.

XV-ғасырда өмір сүрген, «Тарих – и рашиди» атты кітап жазған Мұхамед Хайдар Дулати бабамыз «қазақ» дегенді ешкімге бағынбайтын, еркін өмір сүретін адамдар деп түсіндіреді. Сол дұрыс болу керек. Өйткені ата-бабаларымыз өзінің рулық, тайпалық одақтарын мағынасы нашар атпен атамаған. Мысалы, бабаларымыздың ең алғашқы одағы немесе мемлекеті «сақ» деп аталған. «Сақ» сөзі қазақ тілінде қазір де бар, қырағы, сергек деген мағынаны білдіреді. «Сақтық», «сақтаған», «сақшы» сөздері сол «сақ» деген түбірден туындайды.

Ақын Олжас **шүмер** халқының одағын да бабамыз санайды. Ол да шындыққа сай келеді. Өйткені олардың тіліндегі «бау», «қу», «кемел», «шер», тағы басқа сөздері қазіргі қазақ тілінде әлі сол мағынасымен қолданылады. Сақтан кейін белгілі тайпалық одақ «құн» аталған. «Құн» сөзі де әлі күнге дейін қазақ тілінде бар, әр нәрсенің парқын, құнын, бағасын білдіретін сөз. Оның қарсы кермән мағынасы – парықсыз, құнсыз, бағасыз. «Құнды», «құнсыз», «құны» (бар) сөздерінің түбірі – осы «құн» сөзі.

Үйсін мемлекетінің аты «үй» сөзінен өрбіген болу керек, бір жерге, бір орталыққа үйілуді, бірігуді білдіреді. Қазіргі «үй» сөзі де бір шаңырақтың астында бірігуді, бірге тұруды білдіреді. «Бір жерге үй!» деген мен «Бір жерге жина!» дегеннің мағынасы қазір де бірдей.

Үй+сін тәрізді сөзжасам түрі тілімізде көптеп кездеседі: күй+сін, сүй+сін,

ал+сын, кел+сін, бер+сін, түй+сін, тағы сол сияқты (т.с.с.)

«Үйсін» сөзі «ұйысу» деген мағынаны да білдіреді. Ежелгі қытай жазбаларында сақ мемлекеті «се» деп аталса, үйсін мемлекетін «ұсұн» деп жазған. «Үйілу», «үйлену», «үйлесу», «үймелеу», «үйір» сөздерінің түбірі де, тегі де «үй» сөзі. Бір жерге жиналған тасты «үйген тас» деп жазуымыздың төркіні де бірігу мағынасын білдіреді.

«Түрік» сөзі де түрік мемлекетінің сипатына сай келеді. Ол сөз де тілімізде әлі бар: сақ, құлағы түрік, сергек деген мағынаны білдіреді. Түрік аталған тұста ата-бабаларымыздың аса қуатты болғаны байқалады. «Түрік тілі» деген сөз сол заманнан қазірге дейін сақталып келеді. Түрік тілді халықтың бәрі бір-бірін бауыр, туыс санайды, тарихы мен тегі бір екенін бәрі біледі, бәрі мойындайды. Қазақ, өзбек, Анадолы түріктері, қырғыз, түрікмен, әзірбайжан, шуаш, тыба, сақа, татар (бұлғар), ұйғыр, қақас, қарайым, ғағауыз, теле, теленгіт, төленгіт, телеуіт, башқұрт, құмық, ноғай, қарашай, қарақалпақ, балқар, мардыба, марый, шор, бестермен, салар, долған, хатон, тофа, сойот, табасаран, азых, құмандықтар, тат, болған, ұранқай, барна, тағы басқа ірілі-ұсақты елдер түрік текті болып табылады.

Көне тарихи жазбаларға қарағанда, Шыңғыс хан (Шыңқұз хан) заманында қазақтар **мұңұл** (мұңғұл), **моғол**, **жете**, **татар** деп те аталыпты. Тіпті бүкіл түрік халықтарын **татар** деп, ал ортақ мемлекетін **Татария** (Тартария) деп атапты. Өйткені қазір біз «Түрік шежіресі» деп жүрген Әбілғазы баһадүр бабамыздың кітабі түпнұсқасында «Татарлар жайындағы түп-тұқиян тарихы» деп аталады, орысшасы – «Родославная история о татарах».

Біздің ұлт болып қалыптасу кезіміз қазақ хандығы құрылған тұсқа тура келеді.

Қазіргі «қазақ» сөзінің ежелгі түбірі «қаз» болу керек: тік, тура, түзу, қақайып, қаз тұру деген мағынаны білдіреді. Ол сөз тілімізде қазір де бар: жаңа жүре бастаған, аяғын енді-енді тік баса бастаған баланы «қаз-қаз» деп қошеметтейміз, «Қаз тұрды!» – деп қуанамыз.

«Қаз-қаз, қаз басқан,

Екі аяғын тең басқан» – дейді ғой қазақ.

Ал «тік тұру» мен «тік жүрудің» арғы мағынасы өз тізгінін өзі алып жүру, яғни еркіндік, тәуелсіздік емес пе? Тарихшы бабамыз Мұхамед Хайдар Дулатидың да айтып отырғаны сол мағына емес пе: еркін жүретін, ешкімге бағынбайтын, біреуге басыбайлы болуға төзбейтін халық болғамыз.

«Қаз» сөзінің бір мағынасы тік тұруды білдірсе, екінші мағынасы төмен қарай шұңқыр қазуды да білдіреді, ол да тік төмен қазылады.

Жасалу жолына қарағанда, «қаз» бен «қазақ» сөзі – өте ертедегі сөз. Өйткені жасалу жолы өте көне. Мысалы, сол тектес жасалған «кон+ақ», «тұр+ақ», «ор+ақ», «сұра+қ», «қала+қ», «құра+қ» сөздерінің қалыптасуы жолы тым әріде жатыр. Өйткені олардың «қаз» деген түбірі мен түбірге жалғанған – **ақ** жұрнағын ажырату қазір тіптен мүмкін емес.

Ең тура, әділ сөзді айтатын адамды қазақтар «қазы»дейді. Ол сөздің де негізінде «қаз» сөзі тұр. Тура жүретін, тіке айтатын, ешкімге бас имей әділ сөйлейтін қазақтың ұрпағы болу қандай бақыт?!

Қазіргі орыс халқының ішіндегі «казак» аталатын топтың да аты біздің осы «қазақ» сөзімізден тарайды. Олар да өздерін ешкімге бағынбайтын, еркін өмір сүретін халық санайды. Олардың арғы тегі – орыстанған түріктер, нақты айтқанда, қыпшақтар. Әбілғазы бабамыз солай дейді.

«Қаздыып отыр» («тік отыр»), «қаққан қазықтай» сөздерінің түбірінде де «қаз» сөзі жатыр. Шыңғыс хан заманында, яғни XII-ғасырда бабаларымыз **қазақ арба** мінген. Ондай арбаның болғаны тарихта жазылып қалған. Қазақ

шежіресі бойынша, арбаны алғаш жасағандар – қаңлы тайпасы. Арбаның дөңгелегінен шыққан дыбыс қаңқылға ұқсағандықтан, арбаның «қаңқылы», оны жасаған адамдарды «қаңлы» деп атаған.

Жер бетінде жүздеген ұлт пен халық өмір сүріп жатыр. Әрбірінің тілі де, мәдениеті мен салт-дәстүрі де алуан түрлі. Сол сияқты қазақтың да өзіне тән ұлттық ерекшеліктері бар, оның бәрін айтып та, жазып та тауысу оңай емес. Әйткенмен негізгілерін атай кету, әрине, артық болмайды.

ҰЛТТЫҢ ӨРІСІ

Халықтың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін мемлекеттің заңы мен діни талаптар қалыптастырады.

Қазақ халқының ата-баба діні – тәңір діні. Көк тәңіріне табынған. Аспанды көк деп атаған, әлі де солай атайды. Орта ғасырда құрған мемлекетін «Көк түрік» деп атауы да тегін емес.

Ертеде бабаларымыздың өз жазуы болған. Оны ғалымдар «сына» немесе «танба жазуы» деп атайды. Сақ, яғни Арыс бабамыздың дәуірінде де, үйсін кезінде де өз жазуымыз болған. Сол сына жазуымен батыр бабамыз Күлтегіннің басына қойған құлыптасқа Йолыктегін атты бабамыз тарихи жыр жазып қалдырған. Ол кез – сегізінші ғасыр. Тоғызыншы ғасырлардан бастап қазақ жеріне мұсылман діні тарай бастаған. Қашқарлық бабамыз Махмұт Қашғари XI-ғасырда «Түрік сөздігін» арап әрпімен жазды.

Қазіргі қазақтың көптеген әдет-ғұрпы осы екі діннің талап-тәртібі нәтижесінде алғаш қалыптасқан.

Әр мемлекеттің ішкі-сыртқы қызмет жүйесі сол мемлекеттің белгілі бір заңы арқылы басқарылады. Соның нәтижесінде де әр халықтың өзіне тән әдет-ғұрпы қалыптасады. Сақ, құн, үйсін, қаңлы дәуіріндегі әдет-ғұрыптар әзірше терең де, таяз да зерттелмеген. 1155-жылы туып, 1227-жылы дүниеден қайтқан Шыңғыс хан өз мемлекетінің басқару заңын «жосық» деп атаған. Қазіргі қазақтың «жосықсыз адам» деп тәртіпсіз, мәдениетсіз адамды; «жөн-жосықты білмейтін кісі» деп ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін ажырата бермейтін кісіні атайтыны – сол Шыңғыс хан заманынан қалған әдет.

Содан кейін қазақта «Қасым ханның қасқа жолы» аталған заң болған. Қасым хан – Шыңғыс ханның ұрпағы, бейіті қазіргі Атырау облысында. Оның заңы – Шыңғыс ханның жосығын жаңғыртқан заң.

XVII-ғасырда «Есім ханның ескі жолы» аталған заң болды. Есім хан да Шыңғыс ханның ұрпағы. Оның да заңы Шыңғыс ханның жосығын өз заманына сай жаңғыртты.

XVIII-ғасырда өз Тәуке хан «Жеті жарғы» заңын шығарды. Тәуке – Есім ханның баласы. «Жеті жарғы» заңын жасауға қазақтың атақты үш биі – Төле, Қазыбек, Әйтеке (Айтық) – қатысты деген ауызша дерек бар. Қожаберген жырау да үлес қосқан деседі.

Қазақстан Республикасының негізгі Атазаңы «Қазақстан Республикасының Конституциясы» деп аталады. Ол заң қабылданған күн 30-тамыз жыл сайын айрықша атап өтіледі. Қай елде, қай мемлекетте болмасын, мемлекеттің заңын бұлжытпай орындау әрбір адамға міндет саналады. Мемлекеттің заңы – ханға да, қараға да бірдей міндет.

Халықтың табиғи мінез-құлқын білмей тұрып, ол халықты сыйлау да, сую де мүмкін емес. Сондықтан әр ұрпақ халқының мінез-құлқын біліп өсіуге міндетті. Біздің мақсат – соған көмектесу. Сондықтан біздің адамды таныстыруымыз – бұрынғы қазақты бүгінгі қазаққа таныстыру.

Қазақтың ауызша тарихы саналатын шежіреге жүгінсек, қазіргі бүкіл қазақ

Арыс бабамыздың үш ауылынан тарайды. Арыс бабамыздың шын аты — Анарыс. Ол біздің дәуірімізге дейінгі алтыншы-жетінші ғасырлардың бірінде өмір сүріпті. Сақ деген тайпа одағын басқарған ақсүйек әулетінен шығыпты. Оның шешесі, яғни біздің ұлы анамыз грек қызы болыпты. О кісі Анарысты еркелетіп «Арысым!» дейді екен, содан Анарыс бабамыз Арыс аталып кетіпті. Біздің бұл күнде айтып жүрген «арыстай азамат» деген сөзіміз — сол заманнан келе жатқан сөз, ол «үлкен», «зор» деген мағынаны білдіреді.

Арыс — өмірде болған тарихи тұлға. Оған дәлел — тарих атасы саналатын грек оқымыстысы Геродоттың жазып кеткен мағлұматы. Ол Анарысты Анахарсис деп жазады. Тегі сақ екенін, Грекияға олимпияданы көру үшін келіп, сонда ұзақ уақыт қалып қойғанын жазады. Ақсүйек әулетінен екенін, қазасы өз бауырының қолынан болғанын, грек елінде әйгілі жеті шешеннен кейінгі шешен болғанын баяндайды. Грек оқымыстылары мен пәлсәпәшілері бабамыз жайында жеті ғасыр бойы жазып тұрған. Одан бұрын Грекияға сақ елінен Тоқсары атты кісі келгенін, оның грек жерінде әйгілі емші болғанын, Анахарсис пен Тоқсаридтың туыс екенін солар жазып қалдырған. Арыс бабамыздың тапқыр, табан астында қиын сұраққа жауап қататын білгір болғанын гректің бірталай оқымыстысы сүйсіне жазған.

АТА ТЕГІ

Қазақтың шежіресі бойынша да Арыс бабамыз ел басқарған әулеттің, яғни сақ патшасының ақсүйек тұқымы болған. Шешесінің шет елдік екені айтылғанмен, грек екені шежіреде анық айтылмайды. Ілім-ғылым үйренем деп, шет елге туысқаны Тоқсары деген кісімен бірге кеткен деп айтылады Ата шежіреде. Шет елде үйренген ілім-білімін өз елінде жүзеге асырамын деп, өз бауырының қолынан қаза табады. Патша бауыры оның ол қылығын сатқындық деп түсінеді.

Арыстың алты ұлы болыпты. Екі үлкені Ақ пен Пан аталады, екеуін еншілеп «Үлкен ауыл», яғни «Ұлы йозы» атайды. «Йозы», «йазы», «йүзі» сөздері айтыла келе «жүзі» болып өзгерген. Әр кезде әр нұсқада айтылған бұл сөздер бұрын «ауыл», «мекен» деген мағынаны білдірген. Ұйғыр халқы әлі күнге дейін ауылды «йазы» дейді. Үлкен ұлдың ауылын сол ұлдың атымен Ақ Арыстың ауылы деп атаған, сол кездің сөзімен айтқанда, «Үлкен йозы» немесе «Ұлы йозы». Келе-келе оны «Ұлы жүз» деп кеткенбіз. «Ақ Арыс» дегеніміз «Арыстың баласы — Ақ» дегенді білдірген. Қазір «Ақ Арыс — Ұлы жүз» дейміз, онымыз «Ақ Арыс — үлкен ауыл» деген сөз болып шығады. «Үлкен» дегенді бабаларымыз бұрын «Ұлы» деген.

Ақ пен Пан қыс ішінде жылқы күзетінде жүріп, Хантәңірінің түбінде үсіп өледі. Ағайынды екі бауыр өлген айды қазақтар «Екі ағайынды өлген ай» деп жүріп, «Екі ағайынды» атап кетеді. Келе-келе «Ақ пен Пан өлген ай» деп жүріп, ол ай «ақ+пан» — **ақпан** аталып бізге жетеді. Ақпан айы — қазір қыстың соңғы айы.

Арыстың өзара еншілес екі ортаншы баласы Жан және Бал аталған. Ортаншы екі ұлдың үлкені Жан болғандықтан, олардың ауылын «Жан Арыс ауылы», яғни «Орта жүз» немесе Ортаншы ұлдардың ауылы аталған, «Жан Арыс — орта жүз» дейтініміз содан қалған.

Екі кіші ұлды да бір-бірімен еншілес қылып, Бек пен кенже Болдың ауылын «Бек Арыс ауылы», яғни «Кіші ұлдардың ауылы» — Кіші жүз деп атаған.

Ұлы жүз, орта жүз, кіші жүз — үшеуі де Арыс бабамыздың алты ұлына қараған ұрпақтардың ауылы. Тарихта шығу тегі дәл мұндай анық, нақты айтылған халық әлемде тек қазақ қана. Ата шежіреде Арыстың ар жағындағы

бабаларымыз да айтылады. Бірақ олар туралы Геродот секілді әйгілі тарихшылар жазба дерек қалдырмаған. Ауызша деректе азды-көпті ауытқу болуы мүмкін, ал хатқа түскен дерек — сенімді дерек. Қазақтың бүгінгі үш ауылы — Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз — сол Арыстың ұрпақтары, яғни бүгінгі барша қазақ — осы үш ауылдың шаңырағына біткен бір ұлт. Ұлы жүзді жалпылай «үйсін» деп те атайды. «Бөлінгенді бөрі жейді» деп бабаларымыз бекер ескертпеген, ол «Бәрің бір атаның баласысыңдар, бір-біріңнен бөлінбей өмір сүріңдер!» — дегені. Оны орындау — әр қазақтың қасиетті міндеті. Әйгілі ақын Мұқағали Мақатаев та:

Мен — Үйсінмін,
 Қауға берсең, қауға бер,
 Қан ағызып, үйренгем жоқ жаулап ел.
 Дауы да жоқ, жауы да жоқ, тып-тыныш,
 Бауырларым, біздің асқар тауға кел!
 Мен — Үйсінмін,
 Мал бақ десең, мал бағам,
 Еш жамандық көргенім жоқ қауғадан.
 Мен — Үйсінмін,
 Ұлы жүзбін, ұлымын,
 «Ұлымын» деп ұлыққа да бармағам.
 Ортадан да, Кішіден де кішімін,
 «Ұлымын» деп көрсетпеген қысымын.
 Ел басына екіталай күн туса,
 Екі інімнің найзасының ұшымын.
 Мен — Үйсінмін.
 Ұлы десең, ұлымын,
 Кісіліктің, кішіліктің құлымын.
 Бөлінбеген еншім даяр, екі інім,
 Желпілдетіп жетіп келсе тұлымын, — дейді.

Бұл өлең — қазақтың бірлігіне ұран болатын өлең. Әлдекімдердің бауырлар арасына от тастап араздастыруына, ары тарт — бері тарт деп бөлінуіне қарсы жазылған өлең. Абай атамыз: «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп», — десе, Мұқағали бүкіл қазақтың бір-біріне бауыр екенін жыр етеді.

Арыстың екі үлкен баласы өлген соң, төрт баласы қалмай ма? Міне сол кезде «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді; төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген ұлағатты сөз дүниеге келген болу керек.

Халық арасында «Ұлы жүзді қауға беріп, малға қой, Орта жүзді камшы беріп, дауға қой. Кіші жүзді найза беріп, жауға қой!» деген мәтел сөз бар. Мұқағалидың өлеңі — сол мәтел сөздің тарихи мәнін ашатын өлең.

Қысқасы, қазақтың бүкіл тіршілігі «Бірлік барда — тірлік бар» дегенге саяды. Ұлттың бірлігі әр ұл-қызының бірлігінен құралады.

БОЛМЫСЫ

Әр адамның ғұмыры балалықтан басталады, сондықтан біз де әңгімемізді баладан бастаймыз.

Қазақ баласын еркелетіп **ботақаным, құлыншағым, қошақаным, сары (қара, ақ) лағым** деп өзі бағатын, өзін асырап келе жатқан төрт түлік малдың баласына тенең жақсы көреді. Сонан соң барып **күшігі** Шыңғыс хан Түрген, Сөгеті тауларында аң аулап жүрген шағында оны керей ханы шабады. Екі жақ Іленің сол жақ жағалауында шайқасады. Керейлер жеңіліс табады. Сол ұрыстан кейін Шыңғыс хан баласы Үкітайды таба алмай қалады да, тау

ішінде нөкерлерімен түнейді. Ертесі бір серігі жаралы Үкітайды мінгестіріп әкелгенін көргенде, Шыңғыс ханның көзінен жас шығып кетеді. Жұрт қатыгез санайтын әйгілі ханның бұл қылығы қазақтың балаға деген жандүниесін барынша жақсы көрсетеді: хан да, қара да балалы өмірді ең бақытты өмір санаған. «Жаным!» десең, жан семіреді», – дейді қазақ. Баласын «жаным» деген қазақ «сен менің бойымдағы жаныммен бірдейсің» деп жақсы көреді. «Айым, Күнім, Жарығым!» – дегені – жарық дүнием сенсің дегені. Сөздің ең асылын баласына арнаған қазақтай халық бар ма, жоқ па, – білмеймін. Маған жоқ сияқтанады. **Айым, көгершінім, бөпем, алтыным, жарығым, сәулем, күнім, көкетайым** деп, тағы басқа да түрлі-түрлі атпен ардақтайды. Халқымыз «Балалы үй – базар, баласыз үй – мазар», «Бала – адамның бауыр еті» десе, Абай атамыз: «Адамның бір қызығы – бала деген», – деп жырлаған.

Шыр етіп дүниеге келген баланың кіндігін, егер жаугершілік кез болмаса немесе айдалада басқа ешкім қасында болмаса, тек әйел адам ғана кеседі, оны «Кіндік шеше» деп құрметтейді. Әрбір қазақ баласы өз кіндік шешесін біліп өседі және өле-өлгенше сыйлап өтеді.

Жаңа туған балаға алғаш кигізген жейдені **итжейде**, ал үсті-басын ораған матаны **жөргек** деп атайды. Шыңғыс ханның екінші үлкен ұлы Жошы (Жолшы) жол үстінде дүниеге келгендіктен, оны қамырға орап жергөк еткен. Жеті күннің ішінде баланың азан шақырып атын қояды, шілдехана, яғни шілде тойын жасайды. Ал қырық күннен кейін нәрестені қырқынан шығарып, шашын, тырнағын алып, қырық қасық тұзды суға күміс салып шомылдырып, сол күні бесікке бөлейді. Ал баланың аяқ-қолын, үсті-басын орап ұстауды **құндақтау** дейді. Баланың бәрі, ұл-қызына қарамастан, шыр етіп жарық дүниеге келгенде қызыл шақа болады. Біздің бала-шаға деп жүргеніміз сол «шақа» сөзінің үндестік заңына сәйкес өзгеріп айтылуынан. Жаңа туған баланы «шарана» деп те жатады. Әрбір жаңа туған ұл-қыз **перзент** аталады, жөргөктен шыққанша **нәресте**, сонан соң **бөпе, бүлдіршін**, одан кейін **бөбек, сәби** саналады. Адамның еркек баласын **ұл**, ұрғашы баласын **қыз** дейді. Он үш пен он алты жас аралығында **ұл – бозбала**, **қыз – қыз бала**, он алтыдан кейін **ұл – ержеткен**, **қыз – бойжеткен**.

Қыз бала шашын қақ айырып өріп, ұшына әшекейлі **шашбау** тағады да, арқасына қоя береді. Ондай өрген шашты **бұрым** дейді. **Қолаң шаш** деген – ұзын шаш деген сөз. «Құралай көз, қолаң шаш, Сүйген сәулем Қарлығаш», – дейтін Ахмет Жұбановтың «Қарлығаш» атты әні бар. Жасының ұлғаюына қарай ер бала өсе келе **жігіт** атанады. Сол арада үйленеді. Қосағы бар жігіт **жігіт ағасы, отағасы** аталады. Одан ары **орта жастағы адам, қарт кісі, егде адам, шал, қария, ақсақал** деген атқа ие болады. Елдің сөзін сөйлеп, қамын жеп жүретін жігітті **азамат** деп, ал ақылгөй, елдің сөзұстары данагөй ақсақалды **абыз** деп бағалайды.

Жас мөлшеріне қарай күйеуге жаңа тиген әйелді **келіншек, жас әйел**, одан кейін **орта жастағы әйел, сары қарын әйел, егде әйел, бәйбіше, кемпір, кейуана** дейді. Бұрынғы кезде аталарымыз өз зайыбын «жұбайым» немесе «қатын» деген. Ол өте беделді сөз саналған. Тарихта жақсы әйелді «қатын атына ие болды» деп жазады.

Қазақ халқы адамның өмір жасын он екі жыл сайын бір белеске бөліп, оны **мүшел** деп атайды. **Бірінші мүшел он үш жастан басталады**. Он үш жасында ұл да, қыз да дене құрылысы мен жыныс жағынан да, ақыл-ойы жағынан да пісіп жетіледі. Сондықтан «Он үште отау иесі» деп есептейді. Бұрынғы кезде ата-бабамыз он үш жасында үйленіп, отау құратын болған. Мәселен, Шыңғыс хан он үш жасында Бөртеге үйленген. Он төрт жасында тұңғыш ұлын сүйген. Кейін ол ержету мен бойжету жасы он алты жасқа жетсе, кейінірек он сегізге

тоқтаған. Осы күні он сегіз кәмелетке толған жас саналады. Жасы ұлғайса, ұлым үйленбей қала ма, қызым тұрмыс құрмай қала ма деп, «Тең теңімен, тезек қабымен» дегендей, әр ата-ана өзі деңгейлес жандармен құда болуға тырысқан.

Қазақ халқының басына «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» атты зобалаң туған кезде, яғни он сегізінші ғасырда, он алты жастағы жігітті бес қаруын асындырып, жауға салтанатты түрде аттандырып салатын дәстүрі болған.

Он үштен кейінгі мүшел он екі жыл сайын айналып келіп отырады. Ал сол он екі жылдың реті мен аты мынандай: 1 – Тышқан жылы, 2 – Сиыр, 3 – Барыс, 4 – Қоян, 5 – Ұлу, 6 – Жылан, 7 – Жылқы, 8 – Қой, 9 – Мешін, 10 – Тауық, 11 – Ит, 12 – Доңыз.

Егер бала тышқан жылы туса, келесі тышқан жылы ол он үшке толады. **Бірінші мүшелдің он үш жаста болатыны содан.** Он үш жасында, мәселен, 22-мамырда туған адам, сол күні мүшел жасқа кіреді де, келесі жылы он төртке толғанда, 22-мамырда мүшелден шығады, яғни мүшелге толады.

Қазақ күнтізбесі бойынша, әр жылда он екі ай бар, олар мыналар: наурыз, көкек, мамыр, маусым, шілде, тамыз, қыркүйек, қазан, қараша, желтоқсан, қаңтар, ақпан.

Қазақ әр жаңа жылды наурыз айының 22-сінен бастайды. Сол күні басталған жыл келесі жылғы 22-наурызда бітеді. 22 – Наурыз ұлыстың ұлы күні саналады. Сол күні түн мен күннің ұзақтығы бірдей болып, екеуі теңеседі. «Нау» деген – «жаңа» дегенді білдіретін көне сөз, ал «рыз» деген – «ырыс», «ырыздық», «ырызық» сөзінің үндестік заңының ықпалымен өзгерген түрі. Сонда «Наурыз» сөзі «жаңа ырыс», «жаңа күн» дегенді білдіреді.

Көкек айын «сәуір» деп кеткеніміздің себебі кенес заманында өтетін партия жиналысын «көкек пленумы» деуден қашу болды.

Екінші мүшел – жиырма бес жас. Жігіттік пен жастықтың ең жалындап тұрған шағы саналады. Жас жігіт жиырма беске толғанда ер жігіт екенін білдіріп, мұрт қояды. Жиырма бес жасты мадақтап жыр жазбаған ақын-жырау қазақта кемде-кем.

«Айхай, жиырма бес!» – деп, Жамбыл атамыз да 25-ті аңсап әнге қосқан. Зілғара Қаратоқаұлы атты сазгер әйгілі «Жиырма бес» әнін шығарған.

Баласы Қаратоқа Зілғара едім,
Алмаған әке тілін бір бала едім.

Кешегі жиырма бес қайтып келсе,

Төрт бұрышын дүниенің шырмар едім, – дейді ол. Бұл әнді Е. Брусиловский «Қыз Жібек» операсында Бекежанның ариясы етіп пайдаланады.

Жалпы, қазақ ерте тұрмыс құрған қыз бен ерте үйленген жігітті жақсы көрген.

Үшінші мүшел – отыз жеті жас. Бұрын бұл жас орта жас саналған. Қазіргі күнде жігіт ағасының жасы саналады. Отыз жас, жалпы, орда бұзатын жас деп бағаланады.

Бұрынғылардың айтуынша, әрбір адам мүшел жасында әрнәрседен сақтанып, байқап жүруі тиіс. Себебі мүшел жасында адамның ішкі, сыртқы құрылыстарында өзгерістер болады, қаны жаңаланады. Мысалы, бала көтермей жүрген келіншек бала көтереді, сауыға алмай жүрген жігіт сауығып кетеді, ал егер сақтық жасалмаса, бәрі керісінше болып кетуі де мүмкін.

Төртінші мүшел – қырық тоғыз жас. Бұған адам аса үлкен дайындықпен келуі керек. Ерте қартаю, әртүрлі ауруға шалдығу осы мүшелден басталады. Бұл мүшелге толған адамға аса үлкен күтім қажет, мезгілсіз шау тартып қалмау үшін, еркек пен ұрғашы өз қамын өзі жасауы тиіс.

Бесінші мүшел – алпыс бір жас. Адамның ақылы әбден толысады, ой өрісі

жететін жеріне жетеді. Өзі егде тартып, өзінен туған, өзінен өрбіген бала-шағаның қызығын көре бастайтын, адамның кемел шағы. «Баланды ер жеткенше бағасың, немеренді өле-өлгенше бағасың» деген сөз бар қазақта. Бұл мүшел – немере бағатын, немеренің қызығын көретін жас. Бала-шағаның әке-шешесіне қарасатын кезі де осы кезден басталады.

Қазақ 63 жасты **пайғамбар жасы** дейді. Өйткені сүннит мұсылмандар ең соңғы пайғамбар санайтын Мұхамед пайғамбар осы жасында дүниесіне келген.

Алтыншы мүшел – жетпіс үш жас. Мұны «Кәрілік мүшел» дейді. Біреу ерте, біреу кеш қартайды дегенмен, жасы ұлғайған сайын адам бойында өзгеріс жасаруға емес, қартаюға бағытталады.

XIX-ғасырда өмір сүрген Қолан ақын деген кісінің «Әудем жер» атты әні бар.

Әудем жер жүре алмаймын аяғымнан,

Ұстаймын екі қолдап таяғымнан.

Сайраған орта жүздің бұлбұлы едім,

Кәрілік, келіп қалдың қай жағымнан? – деп анырайды сол жарықтық. Кәрілік келетін кезінде рұқсат сұрамай-ақ келе салады. Кәріліктен құтылатын жол жоқ, оны тек ұзартатын ғана жол бар, оның бастысы – ешкімге қиянат жасамай, жақсы өмір сүру.

Жетінші мүшел – сексен бес жас. Ол жасқа жеткен де бар, жетпеген де бар. Біреуге арман болған, біреуге артта қалған жас.

Болғанда артым – жетпіс, алдым – сексен – депті Кәкітай ақын.

Қит етсе, «Кәкітай қылды» деуші едіңдер,

Ал мен кеттім, орныма егін ексең, – деген көрінеді. Өлгелі жатып олай деу, әрине, ерлік. Қазақ өлімнен қорықпаған, оған өзін дайындаған. Жасы келген адамдар: «А, құдай, бала-шағамның алдында ал!» – деп сыйынып отыратын болған. Сексенге келіп, селкілеп жүретін де, секіріп жүретін де кісі көп. Тәніңді таза күтсең, жаныңды таза ұстасаң, сексеннен де секіріп өтесің.

Сегізінші мүшел – тоқсан жеті жас. Одан артық жасайтын жандар да болады. Дені сау адам – ұзақ жасайтын адам. Ұзақ жасау үшін, тек дененің саулығы емес, жанның саулығы да қажет. Жамбыл – Жәкеннің «Тоқсан бес» аталатын әні бар.

Мен өзім тоқсан беске биыл келдім,

Өмірдің алуан-алуан сыйын көрдім.

Сәулетті Сталиннің заманында,

Келеді әлі талай жасай бергім, – дейді.

Демек заманның жақсылығы мен жайлылығы да адам өмірін ұзартады.

Тоқсан жеті жас, сірә, ең соңғы мүшел саналады. Себебі одан кейінгі мүшел жүз тоғыз жас болуы керек, бірақ ол мүшел жайында қазақта ешқандай әңгіме жоқ. Алайда қазақта жүзден асқан адамдар жайында азды-көпті әңгіме сақталған. Бұқар жырау бабамыз осы мүшелге жетіп қайтыс болған деген сөз бар. Сол рас та шығар. Өйткені тоқсаннан асқан кезінде де о кісі Абылайдың жорығына қатысып, жанында жүрген.

Ұзақ жасағанды кім ұнатпайды дейсін, қазақ та ұнатқан. Сәлем салған келіндеріне, қолына су құйған балаларға қарт кісілер: «Көп жаса, қарағым!» – деп бата береді. Алайда жасы келіп қалған, егде тартқан кісілер: «А, құдай, адал ақ өлімді бер!» – деп тілеп отырады. Соған қарағанда, қазақ – бәріне, барға да, жоққа да шүкіршілік ете білетін халық. Өмірдің қызығына да, қиынына да көне білетін халық. «Қанағат қарын тойғызады, қанағатсыз жалғыз атын сойғызады», – деп, тойымсыз, шүкіршілік жасай білмейтін жандарды сөгіп отырады. «Барымен базар болып» отырғанды жақсы көреді.

«Ертеде Ұлықман хәкім деген адам мың жасаған екен», – деген әңгіме бар. «Апырмай, мың жасаған да адам болған екен-ау!?!» – деп, біреулер таң қалады.

Сонда қарттар: «Жақсымен бас қосып сырласқан әр күнін бір жасқа санаған көрінеді», — деп жауап беретін. Соған қарағанда, «Жақсы сөз — жарым ырыс» деген бекер айтылмаған.

«Ұлықман» деген «үлкен адам» дегенді білдірсе керек. «Ұлық» деген — «үлкен», «басшы» деген мағынаны білдірсе, «ман» деген «адам», «кісі» дегенді білдіреді. «Ұлық болсаң, кішік бол» деген мәтел үлкен қызметке қолың жетсе де, кішіпейіл бол дегенді айтады.

Ұлықман емші, дәрі жасай білетін де адам болыпты. Өзі ұзақ жасаумен қатар өзгенің өмірін ұзартуға да көп үлес қосқан кісі болса керек. Түрікмен ақыны Мақтымқұлы:

Зұлқарнайдай алсаң да әлем қаласын,
Ұлықпандай тапсаң дерттің дауасын,

Сонда да бір жермен жексен боласың, — дейді. Демек туғаның, өмірге келгенің қалай хақ болса, түбі бір өлетінің де хақ. Пәни дүниеден баки дүниеге бармайтын адам болмайды. Сондықтан бұл өмірде қанша жасасаң да, ешкімге қиянат жасамай, ешкімнің обалына қалмай өмір сүруден артық бақыт болмайды. Жақсы өмір сүру — білімді мен ақылдың ғана қолынан келетін бақыт.

Көзің қара ағаштың көміріндей,
Бойың түзу мылтықтың теміріндей,
Сеніменен өткізген жарты күнім
Жаманның өте шыққан өміріндей, — деп, жақсы адамды қазақ осылай бағалаған.

Алманың көгінен де ағы жақсы,
Жаманның барынан да жоғы жақсы.
Жаманға бір сөз айтсаң, қорс етеді,
Балқыған қорғасындай қайран жақсы, — деген де қара өлең бар. «Қорс етеді» дегені — қорс ететін хайуанмен бірдей дегені.

Өнердің бәрі — ән де, өлең де, әдебиет те, сурет те — жақсы адамды үлгі етеді. «Ұлттың ұлы ұстазы» деген мәртебелі атқа ие болған Ахмет Байтұрсынұлы: Алаштың адамының бәрі мәлім:

Кім қалды таразыға тартылмаған.

Дегендер: «Мен жақсымын» — толып жатыр,

Жақсылық өз басынан артылмаған, — депті. О кісінің бағалауынша, ең үлкен жақсылық — ел үшін жасалған жақсылық.

Бұрын ерлі-зайыптылар қазақта ажыраспаған. Некені бұзу үлкен қылмыс саналған, ол тек әйелдің бөтен еркекпен төсектес болғаны дәлелденген жағдайда ғана жүзеге асып, еркек әйелді талақ ететін болған. Талақ ету — діни рәсім, мұсылман дінінің талабы. Ал халқымыз тәңірге табынған кезінде ажырасу жағдайы мүлдем тарихта кездеспейді. Өйткені еркек те, әйел де бала-шағасын тірі жетім етуді құдай-тәңір алдындағы ең үлкен күнә санаған. Бала-шағаны жетім ету оларды өлімге қиғанмен барабар саналған. Сондықтан соғыста өлген бауырларының бала-шағасы бағусыз қалмасын деп, тірі жүрген бауырлары олардың шешесін нәменгерлік жолмен өзіне әйел етіп алатын болған. «Нәменгерлік» сөзінің мәні «намы» дегеннен шығады. Жесір, яғни күйеусіз қалған әйел сол әулеттің намынан шықпай, өзі қалаған біреуіне тиюге тиіс болған. «Намынгер», «нәменгер» деп, тіліміздің үндестік заңына сәйкес құбылта жүріп, ақырында бұл сөз «әменгер» болып қалыптасқан.

Мысалға алсақ, інісі Оспан өлген соң, алдында ағасы Тәңірберген тұрса да, Абай келіні Еркежанға оның өз қалауы бойынша үйленген. Жесір әйелге: «Өз жаныңды өзін бақ», — деу қазақ үшін өте ауыр қиянат, әрі обал, әрі адамгершілікке жат әрекет саналған. Әменгерліктің мәні — әйелге қамқорлық әрі ұрпақты бағу-қағусыз қалдырмау.

Жалғасы келесі санда



Поэзия

**Толқын
ҚАБЫЛША**



ЖЫП-ЖЫЛТЫР АДАМДАРДАН ЖАЛЫҚТЫМ МЕН...

Дейсін бе, әлде,
ұғына алсаң, ғаламды ұқ?
Мұнша сұлу болармысың, адалдық?!
Неге біздер, ғарышта емес, жердеміз,
Неге біздер канатсыз боп жаралдық?

Жанарыма жазықсыз бір жас тұнды,
Жан-тәнімде бір сағыныш асқынды.
Іңкәрлікте болмайды екен басқа жол,
Нәзіктікте болмайды екен басқа үлгі!

Жер менен көк қайталамас сәт дедім,
Жаратқаным, сен осынша пәк пе едің?
Періштенің сезіндірген шын хәлін,
Күнәһардың сезіндірген әттенін.

Қандай қуат, жаратты екен,
жан, арды?
Қандай қуат, жалт еткізді жанарды.
Қандай тұнық, біздің осы сағыныш?
Қандай сұлу, біздің осы адалдық?!

Сені жырлау болсын енді маған құт!

* * *

Бір күндері,
Біз жәй ғана малтатасқа айналып,
Жәйтастардай уақыт мүжіп, шайналып.

Көзден ұшып,
бал-бұл күндер шалқыған,
Арқыраған қуат кеміп нарқыңнан.

Географтың картасындай қолдағы,
Жер бетінің секілденіп соңғы әні.

Біз жәй ғана өткен болып қаламыз,
Біздер жайлы айтыла ма бар аңыз?

Солтүстіктің ендігіндей жырақтап,
Варварлардың мұздағында тұрақтап.

Біз бір күні жәй елестей мұнартып,
Өткен күнге,
кеткен күнге мұң артып.

Күмілжумен күрсінгенде даламыз.
Біз жәй ғана сағыныш боп қаламыз.

Сағымға ұқсап із жатады артыңда,
Өлгендердің болар ма құн даңқында?!

Ұрпағымыз бір ұлағат іздесе,
Үркердейін бір үмітті үзбесе.

Кім біледі,
артар мүмкін бағамыз?
Ал, әзірше,
өткен күннің бәрі аңыз.

* * *

Көрдің бе анау,
қараңғы кәрі ағашты?
Қатал күзге бар тәнін жалаңаштап.

Жапырағын жоғалтқан жесір қалпы,
Көз жасымен ұқтырып өмір даңқын.

Дат айтпақшы болады мына әлемге,
Қайран жастық,
ол мәңгі тұра бермес.

Біз кейде байкамаймыз айналаны,
Кәрі ағаштар тербелген
кайғы алаңын.

Мәңгі сұлу болардай, мәңгі жасыл,
Ұшырамыз көңілдің қарлығашын.

Қанатынан қайрылған өмір құсын,
Көрсең дағы сен қалай, көңілдісің?

Сезбейсің бе,
Тым қатал өмір заңын,
Көз алдында мезгілдер құбылғанын.

Анау кәрі ағаштай ертең бәрі,
Қуаныш пен
бақыт та, келтең дәмі.

Құлпырып бүгін жүрсең,
көктем болып,
Қартайғанда күдікке өкпең толып.

Қимай-қимай іздейсің жастығыңды,
Сұлулыққа, сезімге мас күніңді.

Оралмайды ол көктем,
жаз да сұлу,
Жылап қалған өмірде аз ба сұлу?!
Неге, ендеше, қашамыз ақиқаттан?..

Қарашы,әне!
Өлеңнің періштесі,
Аңғалдығын ғаламның сеніп кешіп,
Адалдықты сүюден жалықпайды.
Қанатымен қауырсын қалықтайды.
Алданбаған арманның иесіндей,
Мөлдір таза бір мұңның киесіндей,
Жараланып жатса да нәзіктігі,
Іздеймейды ол, кінәлі, жазықтыны.
Сатқындықты сезінсе, жылап қалып,
Тағдырының әр сәтін сұраққа алып,
Сол періште күйімен кешірімді,
Өлең болып тербейді бесігінді.
Өмір болып оятып сәби күнді,
Өмір болып жұбатып фәни мұнды.
Саф ауасы секілді ғаламыңның,
Тұнықтығы секілді жанарыңның.
Аңғырттығы күн кешіп бала шақта,
Үміт сыйлап барады болашаққа.
Көзің салшы, періште жыр құсына...

Жүз жыл уақыт,
Болсаң да көзден жырақ,
Бойымда әлі, сол бір күн сезген қуат.
Өмір сүрдің жүректің түкпірінде,
100 жыл уақыт,
дәл бұлай күтті кімдер?!
Құрсақтағы сәбидей ең кінәсіз,
Кеудемдегі сенімдей ең шүбәсіз,
Өмір сүрдің, жазықсыз өлеңімде,
Саған сенген риясыз әлемімде.
Мен ұнатқан аяулы таң шығында,
Жанарымнан сырғыған тамшы мұңда.
Мезеттерде алғаусыз ғашық болған,
Сәттерімде бақыттан тасып, толған.
Үміт артқан кезім боп елжіреген,
Қарашықта сезім боп мөлдіреген.
100 жыл уақыт —
өлмеген ғасырымдай,
100 жыл бойы аңсаған асылымдай.
Сыр сандықта жасырған
алтынымдай,
Жанардағы сөнбеген жаркылымдай.
Өмір сүрдің мәңгілік арман болып,
Мені алдаған ең сұлу талғам болып,
Мен өзіне серт берген сағыныштай,
Қалай жүргем,
сонша жыл алып ұшпай?
100 жыл уақыт ,
Аз емес тағдырыма,
Жасынына, жүректің жаңбырына.
Сен мәңгілік екенсің, Құдайым-ау,
Мен тағы да тәптімін жарлығыңа!

Адалдық жайлы айтылса бір сөз,
Келесің көздің алдына.
Келеді бейнең, келеді көзің,
Болады оған жан куә.
Алдасам аппақ аңсар үміттей,
Тұрады сенің шық бейнең.
Арылып сосын күллі күдіктен,
Алдарқата алмай көп күйбең,
Ақжелкен мұңның жалауын құшып,
Арзу айтқым кеп аспанға.
Адалдық жайлы ешкім жазбаған,
Жазғым келетін дастанға.
Қайталап айтып, сенің атыңды,
Күбірлеп іштей Тәңірге.
Мінәжат етем, мінәжат етем,
Сен туған көктем, сәуірге.
Алғыс айтамын, Ғаламға сосын,
Өзің боп құшқан мезгілге.
Адалдық жайлы жыр жазып жүріп,
Өзіңді таптым, сездің бе?

Алладан басқа құдірет жоғын,
Тәу етіп тағы мойындап,
Сен туған күнді, өлкені, жылды,
Сүйген сәт, уайым жойылған.

* * *

Сағыныш дейтін алапат мұнның,
Шарпыса бір сәт жалыны.
Тағы да сенің көздерің тұрады,
Қиылып карап, сағынып.
Көздерің тұрар, соншалық сұлу,
Соншалық таза, күнәсіз.
Сол қарашықтың ішінде қалған.
Сезім де сұлу, шүбәсіз.
Өзгенің бәрін тәрк еткім келер.
Сол арман, сол күй, аңсарға.
Көзінде сенің жалт еткім келер,
Жалт еткен әр күн, жан сауға.
Түп-тұнық ардың ұстынындай боп,
Тұрады сенің кескінің.
Жалғыз-ақ сені құшқым келеді,
Ақ сезім жырды кешқұрым.
Сүйініп кешсем, ғұмырды мына,
Тап-таза ғаламшарыңды.
Өзіне ғана ақтарып айтсам,
Жасырмай жан аңсарымды.

Адалдық десе, өзінді ойлаймын,
Жоқ сынды өзге ешкімім.
Ақжауын күндей сезімді ойлаймын,
Болса да жалған бес күнім.

Бейопа күннен, бейопа жылдан,
Бодау күй кешкен арманнан.
Шын бақыт тілеп, шын бақыт сұрап,
Қол жайып күткен таңдардан.

Жаратқан сені жолдаған сынды,
Ақжүрек мендік қалыпқа.
Ақжүрек сенің болмысың, білсең,
Ұқсайды мендік жарыққа.

Безбені бақтың немен өлшенген?
Байыбын оның кім білген?
Бағамы, оның сәттерде, бәлкім?!
Бақытты болып үлгерген...

* * *

Иесі болмасаң да бесігімнің,
Киесі болмасаң да есігімнің,
Адалдықтың еншісі секілденген,
Әр әрпі ізгілік қой есіміңнің!
Көкжиектен қарайтын
Күн көзіндей,
Сен тағы күліп тұрсың, Кешірімдім!

Сен тағы күліп тұрсың,
Жан-Жүрегім!

Жан-жүрегім!
Сен неткен тағдыр едің ?!
Мені мұңаймасын деп күн кешетін,
Сенің нәркестігіңде бар тілегім.
Мен өзінмен биікпін, аспан тектес,
Сен жаңбырсың,
сүйетін жанды керім.

Ұғындырған ең сұлу ар қадірін,
Ұғындырған ең тұнық жан қадірін.
Жаратқаным секілді тым кінәсіз,
Сен өлеңсің,
сыйлайтын жанға тыным.
Арманымның алауы секілденген,
Сен бар жерде, үміт бар,
Жап- Жарығым!

* * *

Сені көрсем,
рухым түлеп,
жан күліп,
Күйкі мұнды қыр астына қалдырып,
Жадырайды мына мендік бар болмыс,
Рауандайды таң күліп.
Ғұмыр күннің жалғыз сендей иесі,
Қарашыққа сіңіп қалған таңғы үміт.

Қанатыңды көк аспанда талдырып,
Қияларды шалдырып,
Сен келген сәт,
Мен ғаламға айналам,
Жер-жаһанды махаббатым
таң қылып.
Өзің болып өлең құшар кеудемді,
Ғайып болып бар күдік.

Хақ Тәңірдің қабыл алып жарлығын,
Елеместен дүниенің тарлығын.
Тәрк етемін тіршіліктің бодауын,
Тәрк етемін бар мұңын.
Сені көрсем, алаулайды бір арман,
Жанарымды шырағдандай
жандырып.

Жыр-қанатым!
Алқаракөк жолдаған,
Бақытым сен,
базарымсың болмаған.
Мәңгі көктем жүрегімсің сен менің!
Жан гүлісің солмаған.
Жаратқанның шуағысың білемін,
Мені мәңгі қолдаған,
Мені мәңгі қорғаған.



Мас қалам

**Әділет
ШОПЕН**



БОЛМАҒАНМЕН ӨНІМДЕ, ЖОҒАЛМАШЫ ТҮСІМНЕН...

(«Жаңа Қазақстанның әдеби-танымдық панорамасы» жобасы аясында жарық көрген «Түсіме салынған үй» поэзиялық кітабынан үзінді)

ИМАНТАУ КӨЛІ

Бір қарасаң жылап тұрған,
бір қарасаң күле қалады
Имантаудың* ортасы — жүрек аралы.

Аралары көп елесті алып ұшқан,
Пайда болған
жер ме екен ғашықтардың
Ішіндегі әлдебір жарылыстан.

Имантаудың жан-жағы орман дейді,
Қасіретінен құс ақсақ болған дейді

Орман іші көп жүрер жаралы елес,
Көл ортасында орын бар —
маған емес.

Су ұқсайды сұлудың күлкісіне,
Топырақ кіріп суыйды құрт ішіне.

Адамзаттың алғашқы армандары,
Мына арал алдымен жұмақ болған,
Содан кейін қалғандары.

Қалың ұйқы есінер кәрі ағаштан
Қарағаштан қаншама жалаңаш тән

Суға қарай жүгіріп түскен сынды,
Түскен сынды бір бұғы ішкен суды

Ішті бұғы суда тұрған өз бейнесін,
Бірде жүрек, ал бірде көз кейде — су.

Рудакидың бір жырын оқымаған,
Өлең жазып жүр дейді соқыр адам.

Әкетіп өзге әлемдік кезге сені,
Сен емес, ол сенімен кездеседі.

Келген түрің білмеймін
кімге қалай, —
Қайтып бара жатады үйге қарай.

Өзіме солай бір сырды
ашып қалдым,
Қай жерде аяқталды басталмастан
Дастаны ғашықтардың?

Мына жер шыныменен
бар ма жоқ па?
Дейді жұрт бір кездері
тамған көп қан

Сол қаннан көл жағалай өскен жидек,
Көз жасынан бұл арал
көшкен Үй боп,

Көрген түстен күн сайын
ұзын болдық
Келмек ойдан келесі бұрын қондық,

* Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданында орналасқан көл.
Егер биік шыңнан қарасаңыз мұндағы арал жүрек тәріздес

Имантау Айыртауда сұлу өзен,
Су бетіне салынған сұлу қорлық!
Аралы!

* * *

Сен мені атам мен әжеме туа сап
берсең де,
мен сені ұзақ тастап
кете алмадым,
жүрдек пойыздай.

белгісіз бекеттен
қозғалып болмайтын,
түсі жоқ үзілісті арамыздағы
өрмекші торлаған
үнсіздікке жалғап,
ол торға.

саған айта алмаған
сөздерім шырмалған.
қозғалыс сүйетін көзқарасым
саған келгенде сараң,
менің қазір құдай берген.

үш қызым бар,
төртіншісі боласың ба Анам?
(Жарым да бар ғой,
балана айналса ол жаман.)
қасымда болшы
қызғанса да Ата-енең,
сені қорғай алсам ғой.

сүренсіздеу өмірден,
қатыгездеу әкеден.
шошып оянып
сені іздегенде
өлілер қолдаған,
содан бері
мен өлгендердің.

тірі жалғасымын,
жантәсілімдегі соңғы сәтімін.
көп сәтің есімде болмаса да
келмейді ұмытқым,
жансыз жиһаздар ғана.

емдейді адамның
жанды жарасын,
...түсімде.
сенің шын екенінді білу үшін.
бетіңнен сүйем деп,
естелігіңді сүйіп тұрыппын ғой,
Анашым.

өзінді тапқан тұманда,
өзінді жоғалттым.

болмағанмен өнімде,
жоғалмашы түсімнен,
сені жинап алғым келеді
балалық шағымдағы.

ойыншық толы себеттің ішінен.
мен сені түсінем.
түсінгіш келеді ғой
мұңы бар жан,
сен қасымда болмаған күннен бері
өзімді ішімнен іліп алғам.

* * *

Алтыным,
Шығарып қап-қара тірліктің
ағарған сүйегін,
Ішімдегіні түсінбеген сайын
мен сенің ішіңнен сүйемін.

Әлі де келеді арқама көтергім,
Сен бақыттан айқайлаған кезде
Жаныңда тұрып қасыңда
болмаған екенмін.

Қуаныш жасайын жаныңа,
қанымнан
Тәнің – жалғыз үйім ғой
көзіме салынған.

Есігі табылмас түстерде адасып,
айналдым жындыға
Есімің – өзімді-өзіме
қайтарар бір дұға.

Шырағым,
Сені сүйетініме өзім күемін.
Бақыт мойынын
кездейсоқ бұрған кезде
Жарқырып сенің
көздерің тұрады.

Өзімнен ұшамын,
құшағыңа құлаймын,
Жай ғана сен сүйген
құдаймын.

Тек сені үнемі
қасыма ертейін,
Таңның ақ шапағын
шашыңа өртейін,

Тұру үшін тек
мәңгі кара боп,
Сенің есіміңмен атауға
лайықты қала жоқ.

Білдің бе,
Босатпай қойғанда мұң мүлде,
Сені ренжітіп алған сайын
түнімен түсімде
ағып шығады
мұрыны кесілген бір мүрде.

Ұйқы Мұхитына
жіберіп құм толы бір кеме,
Өлсем өлейін өзіңмен бірге мен.

Бола ма, айтуға?
Енді ешқайда ешқашан
кетпеймін жай,
тура келмес үшін
ешқашан ешқайдан қайтуға.

Енді мен,
Өзімді өзіңе сөндірем.

Ұғыншы,
Сезіміңе ең алғашқы
соңғы боп келсем де,
«Мен сені сүйем» деп
айтамын бірінші.

* * *

Көше басындағы алғашқы бұрылыс
Әлдебіреудің күзгі
жөтеліне ұласады, —
Сары түске шалынып құлас күз.

Келгенін білмей қалған неге ертерек,
Қыркүйек жылытады өзін-өзі
Менен құлаған қысқа көлеңкеге.
Жалыныма өртеніп ұмытардай,
Мен отырмын сөзімді суыта алмай.

Күз менің алтын тісті ақымағым, —
Аспанды алмастыра
салатын жапырағы.

ЕШТЕҢЕ

Бесін-ді.
Әлдебір көшелердің
қиылысындағы
арзан кафеде отырсыз.

Бағдаршам салтанатты түрде
«қызылды-жасылды»
көздерін жағады.
Сіз ештеңені көрмейсіз.

Соқырсыз
Даяшының сізге әкелген тамағы —
Сіздің Францияда
отырмағаныңызды білдіреді.

Болашаққа деген сағынышты
көп сақтайды жады...
Есепшот еріксіз күлдіреді.

Бұл жердің
Лондон емес екенін
мәлімдейді тағы
Сол жағыңызда
министрліктер үйі,
оң жағыңызда ұлттық музей.

Немесе керісінше.
Бәрібір түкте өзгермейтін
бақыт —
Қиялыңызбен ойыңыздың
Өрісінше.

Төңкеріс жасауға
ең қолайлы уақыт.
Шексіздікке жұтылған
көшелер, адамдар
Өзінен безінген.

Болашақты ойлауға да
миыңыз бата алады.
Сіздің бойыңыздан бұрыннан
геометрияға деген әлсіздік сезілген

Ол —
«Жалғыздық»
деп аталады.
Оқу да жоқ,
жұмыста жоқ
біз бе дейсіз,
Енді қайтіп өмір сүрдік
ботам-ай?..

Жоқ,
сіз осы жолы ешкімді
іздемейсіз, —
Өйткені
тірі жандардан гөрі,
елестер мен архитектураны
шақыру оп-оңай —
Миыңызда.



Мас қалам

**Ділдә
УӘЛИБЕК**



МҰҢЛЫ ҚОҢЫР

(«Жаңа Қазақстанның әдеби-танымдық панорамасы» жобасы аясында жарық көрген «Дегелең» кітабынан үзінді)

«..Бес болыс тобықтының отыз екі мың халқынан қырқынышы жылдарға небары үш жарым мыңы ғана ілініп-салынумен әрең дегенде аман ілініпті».

Қайым Мұхаметханов

Осы қоңыр мекенде ауыл болған деседі,
Қауым болған деседі
қоңыр ғана күн кешкен...

Жолдар ұзап әкеткен,
жылдар ұзап әкеткен
Қайырыла кеп соғыпты мұңлы қоңыр бір бала,
Қоңыр төбе басында ұлылықпен тілдескен.

Апаратын жолдардың барлығы да орнында,
тау-қыры да орнында,
калып кеткен қалпында.
Бәрі бар да, өзі жоқ, өзегі жоқ тек қана.
Көшкен жұрттан із қалар жеткізетін жетектеп,
Өшкен жұрттың орнында –
көп елес пен көп мола...

Көп елес пен көп мола – мұңлы қоңыр сағыныш,
қоңыр қозы балалық,
қоңыр күндер қорымы.
Сөгітілген ел іші, үгітілген қабырға.
Туған үйдің шам түспес терезесі ешқашан –
суырылған жүректің үнірейген орыны.

Қоңыр төбе үстінде ауыл болған деседі,
Қауым болған деседі
қоңыр ғана тірлігі...

Бұйығы інір басқанда әлдеқайдан жетеді,
әлдеқайдан еседі қобыз үнді қоңыр жел —
айтылмаған ақтаңдақ өткен күннің шындығы.

Қоңыр бала туған үй — қазір ашық жәдігер,
Түгін де бар он-шақты,
тірлік кешкен жері — осы.

...Мұңлы қоңыр төбені кезіп жүрер кешқұрым
Қобыз үнді қоңыр жел,
қоңыр ауыл елесі.

ҚҰРҚҰДЫҚ

Құрқұдық — біздің көкірек...

Көмусіз қалған қаншама шер мен нала бар,
Жасыра салған қаншама сызат,
жара бар.
Табуға оны тағы бір ғасыр керек-ау,
Шығару үшін қатепті неше қара нар...

Суалған, кепкен,
жанардай мәңгі құрғаған,
Құрдымдай кейпі төңіректің көркін ұрлаған
құдықтан осы,
шұңқырдан осы бір кезде
Тұнық су шыққан дегенге сенбес бір де адам.

Қозғауға қайта қорыққан,
мүмкін ұмытқан,
Шындық бар мұнда шырылдай алмай құмыққан.
Дәл сондай құдық кез келген көңіл көмбеден
шығуы мүмкін
кез келген бұрылыс-бұрыштан.

Аруланбаған нала мен шердің кеселі —
жоғалмайды да,
оналмайды да,
Көшеді.
Құрқұдық — біздің шерменде, көрдей көкірек,
Көмусіз қалған мұң менен зардың мекені.

СЕМЕЙ

Өз өртіне өзі ғана өртеніп,
Өз мұңына өзі ғана тұншығып,
Сыр білдірмей, жаны сірі үмітпен
тілімделген, тыртық-тыртық қос қолын,
келер күнге,
келешекке ұмсынып

күткен қала.

Бәлкім, түк те күтпеген.
Өкпесі жоқ, ешкіммен жоқ қақ-соғы.
Қара нардай мөлдіреген көзінен
қатарласып сорғалаған бақ-соры

шерлі қала.

Шетсіз-шексіз шыдамы,
рухын таптап тастай алмас тақсырет.
Қамқа тоны өрім-өрім бекзада,
Аппақ жүзі шұңқыр-шұңқыр ақсүйек.

Өзі жырлап,
өзі тындап өз зарын,
Өз жасына өзі ғана булыққан
Тағдырының берген уын қасқайып
Мыңқ етпестен маңғаздана қылғытқан

сабаз қала.

Айқайға жоқ, сөзге жоқ,
ісі де жоқ данғаза мен дүрмекте.
Саған барам,
саған соғам айналып,
Болмысыма үңілмекке, білмекке

кім болғанмын?
қандай едім?
қандаймын? —
сансыз сұрақ мазаласа кейде осы.
Сен — қазақтың дәл бір ғасыр бұрынғы
көмескілеу,
бұлдыр-бұлдыр бейнесі.

Тілімделген, тыртық-тыртық қос қолын,
келер күнге,
келешекке ұмсынар,
Азаптаған, атқанға да өлмеген
сенде Алаштың оянбаған рухы бар.

* * *

Дүниедегі ең аяулы дүние —
естеліктер,
Аяусызы да — дәл солар.
Жанталасып жармасың жібермей,
Қасірет боп жабысса да қанша олар.

Көшіресін
өнге,
өлеңге,
басқаға

Сурет қылып сақтайсың,
Жүрегінді жатқанменен паршалап,
Өзің оны паршалауға батпайсың.

Одан асқан жоқ жылу,
Одан асқан жоқ ызғар да,
жоқ суық.
Олар мәңгі ізім-ғайым жоғалса,
Өзің қоса жоғалардай аптығып,

көзің қимай,
көкірегің жібермей,
оралардай,
сезім кешіп не түрлі.
Лақтыруға қимай қалған қоқыстай,
Ең сүйікті тозған жейдең секілді.

Жүрегің бос қалатындай,
құтылсаң,
Жаның қоса кететіндей,
тастасаң.
Сен оларды аяулы деп ойлайсың,
Олар сені аямаған ешқашан.

* * *

Шеңберден шыға алмай калудан қорықпа,
себебі,
сен одан бәрібір шықпайсың.
Тағы да жаттанды мысал сол —
от пенен көбелек,
дәл соған ұқсайсың.

Шеңберден шыға алмай қалам деп қамықпа,
өйткені
жоқ одан шығар жол.
Болса да,
тағы бір дәл сондай шеңбердің ішінде қаласын
сыртынан қоршаған.

Ал оның сыртында тағы бір қоршау бар.
Кім білген, бәлкім ол төртбұрыш пішіндес,
бәрібір аумайтын бастапқы шеңберден
өзгеше түкте жоқ ішінде еш.

Дейінгі — есте жоқ,
кейінгі — беймәлім,
Біз бәлкім тіпті де қамауда емеспіз,
бәлкім тек уақытша қамалдық.
Бәлкім біз осынау шеңбердің ішінде
асықпай,
жанықпай.
жай өмір сүруге жаралдық.

*Лукаят***Серік НҰҒЫМАН**

ҚАЛТАРЫСТА ҚАЛҒАН АДАМ

Аралықтың қанша екенін анық шамалай алмады, сонау көз талығар қашықтықта бұлдырай шаңытып болар-болмас саңылау ағарандайды. Кең жайылып, еркін жамырай алмай тұрған тұсаулы түріне қарағанда, таяу маңнан түскен әлсіз жарық емес, сыртта шашыраған мол шұғыланың жолдағы қатқабат бөгеттерді бұзып өтіп, ішке тараған соңғы жұғыны – сарқыншақ сәулесі секілді. Аса күнгірт, тым бұлыңғыр. Назарға зорға ілініп, санаға әзер жетеді.

Алғашында сол маңнан әлдененің бозғылт жұқанасы назарына шалынғандай болған. Артынша, сонда шынымен-ақ бірдеңе бар ма деп тігіле телміргенде, қадалып тұрған қарашығының қарауытқаны, әлде әлгі жұқа мұнардың жылжып кеткені белгісіз, орнын дереу қараңғылық басып, жер түбінен жанған жалқы үміттей жылтыраған ақ жолақ жалт беріп адастырып кетті. Болған жайға көңілі сенбей, қайырылып қайта зер салғанда тағы да тапты о баста көрген сұйқыл тұманын. Бір өкініштісі, қайыра қауышқан «асылын» бұл жолы ұзақ тамашалап үлгерген жоқ, тұншыға мүлгіген бозамық нұр ауаға сіңгендей сейіле берді де шыңырау түбіне шым батқандай құлағы шыңылдап қала берді.

«Менің дәм-тұзым осы араға төгілген, дән тарпыған тауықтай соны тірнектеп жиып, жыбыр-жыбыр күнелтуім керек» деді ішінен. Неше жылдың алдында лақса төбеттей ұлып жұртта қалып, талай күн іш бұраған аштыққа ұрынып, айларға созылған шатқаяқ, түлкіқұрсақ тірліктен әрең құтылып, үзіліп кетермін деген үрейден арылып (қалай болғаны әзір есінде жоқ), әйтеуір аман қалып, содан барып, ақтық демі бітуге тақағанда жасаған ақырғы байламы осы. Иә, бұрнада ондай қиындыққа ұшырап көрмеген соң қайдан біліпті, басында түкті де байқамады. Өзі не күйде, жағдайы қай деңгейде екенін соңыра пайымдап, ақылы кіргенде бәрінен кеш қалғанын шамалады. Құдай қайтадан басқа салмасын, аяғын тік басып жүруге әлі келмей, мүлде сарқылуда тақап, таусыншақ сәттерінің соңғы демдерін алып, сілелеп жатты бөлмесінде... Есік қағылып, ізінше мұның үнінің босағаға жетпейтінін білсе керек, ішке рұхсатсыз енген осы маңайдағы бір танысы таяп келіп: «бір жұмыс бар, істейсіз бе?» деді сынап қарап. Жылы хабарды естігенде, жүрегі шоршып, қатты қуанбағанмен елен етіп, еліте құлақ түрді. «Қандай жұмыс?» деді тарығып жүріп тірелген тығырықтан шығар төте жол табылғандай ынталанып. «Осы өзіңіз тұрып жатқан бес қабат ғимараттың

дәліздерін тазалайсыз» деді анау тік қадалып тұрған көзін ала беріп. Ұсынған жұмысының бұған бап емес екенін өзі де білетін сияқты, назары тайқыған замат ақталғандай, «күніне емес, екі күнде бір» деді үстемелеп. Төбесінен бір шелек суық су төгіліп кеткендей иіні төмен тартып, басыла берді. Тұнжырай тұқырып, үнсіз қалды. «Қиналып жүргеніңізді байқап, көмектесейін дегенім ғой. Ұнамаса, басқа біреуге беріңіз деп айтармын бастыққа» деді танысы, айтқан сөзі көмек емес, мұның намысына тигендей болған соң тез жиналып. «Түріне қарамай тәкаппарын қарай гөр өзінің» дегендей қайта қатайып, кері бұрылып жүре берді. Шығып бара жатқан оның ту сыртынан қадала қарап, не екенін өзі де білмейтін бір алақұйын сезімнің құшағында аңырып, сұмдық қорланып қала берді. Тық-тық басқан өкше тықыры ұзын дәлізді жаңғыртып алыстап кеткен соң да итжығыс түскен ерегеспе ойын жиып, бір жағына шыға алмай, әрі-сәрі күйде ұзақ отырды. Істемейін десе, өзек тырнаған аштық, оның ар жағында әне-міне төбесі көріне бастаған қап-қара құрдым – өлім жаман еді. Ал бос орынды басып қалайын десе, кежегесі кейін тартып, өз-өзінен ынтасы іріп, алдыға қарай аттап бастырмай діңкесін құртты. Сөйтіп, жай таңдау үлкен таласқа айналып, іш жағының туталақайын шығарды. Қуаныш әкелуге тиіс қош хабар солайша өліспей беріспейтін іре тартысқа ұласты да, кескіліскен дода көкпар қып тартып, екі жақтың тақымына кезек түсіп, жұлмаланып кете барды.

Айтқан әлгі «басқа біреуі» әлі табылмаған ба, тазалықшы орнының сол күйі бос тұрғаны құлағына тағы жеткенде арада және біраз күн өтіп еді. «Жүгірген жетпейді, бұйырған кетпейді» деген, осы шығар, сірә. Пешенеге жазылған бұйрықтың сол екенін сезіп, шарасыз мойындап, сол мезет ұстай қалған керібақпа қырыстығының қанша жерден кері тартқанына қарамай, тұйықтан шығар басқа жолдың дәл қазір көрініп тұрмағанын ескеріп, жұмыс берушіге барды. Қырсыққанда, алдыңғы кесірі аз болғандай, айлығын тіке қолдан емес, айдың аяғында әрбір үйдің есігін қағып, тентіреп жүріп өзі жинап алады екен. Бұл шарт жанына әуелгіден бетер батты. Өзінің кім екенін анық біліп, орнының қайда екенін соншалық дәл болмағанмен жобамен шамалап, бәріне әбден мойынсал болғанына қарамай, қырын қараған әлдененің ішкі жағында қасарыса қатып, илкітirmeй тұрғанын да қапысыз сезді. Не еді ол қазықтай қақайып, ыңғайға жығылмай шіренген шалқақ пәле? Ойлана келе ұзамай-ақ шырамытты: кеудесін тіреп, шалқалатып баққан қарыспа сұм, сірі сіреспе сол баяғы менмендік екен. О, сұмырай! Пенде баласын кеудесіне жан кіргеннен шалқақтатып, кері бақтырып қоятын кесір-кесапат! Мерейі асып, шарықтап шыңға шыққанда ғана емес, ит көз, түгін танымас болып сүмірейген, кісіге кіріптар боп, күнің қараң болған кезде де пендені оқтау жұтқандай кегжитіп, кесірлендіріп қояды екенсің ғой, қарғыс атқан қу! Сондағы көксегенің не, сүмелек? Шалқайған күйі нәр татырмай жанымды алып, күмірем қаптыру ма, әлде жоқпен алдап, ар-ұжданымды жұлып жегізіп, көтере алмас жүк арқалатпақсың ба? Айтшы, кәне, қайсысын істемексің? Қайтсем құтыла алам сендей ілгері аттатпас етекбасты масылдан, оны да айт! Сенің басыңды игізіп, мысыңды құртар жалғыз құдірет, бәлкім, ішті тырнап, жүректің қанын сорған бұралқы аштық шығар. Таттық қой оның да дәмін бір кісідей. Жетіскеннен өзге біреудің босағасын аттап, құзырына жүгініп, қарамағындағы елдің есігінің алдын аш мысықтай адақтап, сыпыруға келісім беріп отыр деп пе едің? Одан да осыған жеткізбей жоқтауымды асырып, көкірегімді тілімдеп, босқа азапқа салмай, ерте-жарықта көзімді құртуың керек еді! Мынаның аты не енді? Дәрмен бітіп, жан тапсырар алдында жалған намыс деген өртке салып өртемекпісің, найсап?!

Кеуде қуысында өрлік буына семірген тәкаппарлық пен жер бауырлай ыңырысқан дәрменсіз ақыл итше таласқан қиян-кескі арпалыстан кейін

өзін-өзі зорға жемді. Тәлейіне тап келген шаруаны қолға алып, істеуге бекіді. Қажетті зат, керекті құралдар беретін шығар деп сипақтап еді, хабар болмады. Сонда барып оны өзі табуы керек екенін шамалап, ілби басып, кері бұрылды.

Ұрыста тұрыс болған ба? Бастап кетті жаңа жұмысын көпке қалдырмай. Артынан білді, атқарар міндет қанша кешігіп, артқа шегерілген сайын сонша еселеніп, көбейе түседі екен. Армансыз қалындаған аткөпір қоқыс алдынан шықты айқара құшақ жайып. Солай болар жөні де бар сияқты, мұнда тұрақты тұратыны, уақытша келіп-кететіні бар, қайшыласқан көп халық кіргенде, шыққанда әйтеуір бірденелерін артына тастап, қалдыра береді. Құрып қалғаны аузындағы сағзының қалдығын түкіріп, қолындағы жанып бітуге айналған темекісінің тұқылын лақтырады. Қараң қалғырлар-ай десеңші! Бұл жәйт осы жұрт жөніндегі осыдан көп бұрын қалыптасқан онсыз да мызғымас, тұрлаулы тұжырымын одан сайын бекітіп, нығайта түскендей болды. Дүниедегі ең лас, жалқау, икемсіз халық – осылар! Міне, мына заттар соның нақты айғағы. Сенбейтіндер өзі келіп көрсін. Кісі өмір сүретін, адам баласы жасайтын жер осындай да бола ма екен? Мынау не енді? Шылымның сүзгісі мен шәйірдің сарқыншағы ең төменгі, астыңғы жағы ғой. Не жоқ дейсің ішінде!

Бір жақсысы, ол кезде келесі басына көз талығып әрең жетер дәліздің ұзына бойы самсаған самала жарық еді ғой, шіркін! Кеңес кезінен қалған соңғы бір береке, нұр тарайтын көздердің бәрі керек, керек емес демей, барлық уақытта бақырайып жанып тұратын... Шығар есікке тақалған сайын шаруа бірте-бірте жеңілдей түскен. Түкпірден қашықтап, баспалдаққа жақындаған сайын еден тазарып, реттеле береді екен!

Сол күнгі таңмен таласа басталған тірлік түс ауа, көлеңке басы шығысқа ауған тұста әрең бітіп, соңына шығып еді-ау. Бір тәуірі, жұмыстың ең салмақты бөлігі сол, ауырлығы айқын білінген алғашқы күні атқарылып кетіпті. Кейін өздігінен орындала қоймағанмен, бастапқадай қиын болмады. Әлдеқайда жеңіл, жедел еңсеріліп жүрді. Мейлі ғой. Мандайға жазылған жалқы нәсіп көзі, қалай болғанда да істелер еді.

Шаруасын аяқтаған соң құрал-сайманын көтеріп, сұлдерін сүйретіп үйіне келген. Бұрын істемеген ісі болғандықтан әбден шаршап, қалжырап қалыпты. Күйбендеп, тұяқ қыбырлатып жүргенде ештеңе білінбеп еді, бөлмесіне кіріп, шамалы қисайған соң, бойы босап, денесі дел-сал тартып, ауырлап бара жатқанын сезді. Сірә, бар шаруаны көбінде екі бүктеле, еңкейіп атқарғаннан шығар, белі ауырып, қара саны алдырмай қинады. Оның үстіне, талайдан бері қарны тойып тамақ жемей, титықтап біткен әлсіздік қосылып, әуелгі сергек қалпына келе алмай, жантая кеткен жерінде қыбыр етпей ұзақ жатты. Денің сау болмаған соң көңілдің көгін қаптап, бұлт басатыны әдегі емес пе, әр нені бір ойлап, қаңғыма қиялдардың жетегіне еріп, одан сайын жабығып, жабырқай түсті.

Ғажап! Түсі әлде өңі екені белгісіз, бір кезде өзінің әлдебір ары-бері сабылған бейтаныс адамдардың ортасында сілейіп жалғыз тұрғанын сезді. Жан-жағынан жанаса сүйкеніп өтіп жатыр әлгі шіркіндер. Әлдеқалай іркіліп, мойын бұратын емес. Бетін беріп жақындап келген сұлбалар демде алыстап, ту сыртын көрсетіп ұзап бара жатады. Қалай қараса да қайшыласқан қара нөпір, ығы-жығы халық, кісі біліп болмайтын сапырылыс.

Не себеп болғаны мәлімсіз, осы аралықта бұлдыраған шәлкемшалыс күйден суырылып шығып, есін жиды. Басын көтеріп қараса, сол күйі төсегінде жатыр екен. Айнала тып-тыныш. Содан барып өз дауысымнан оянсам керек деп топшылады. Аз жатқан соң маужырап, қайта ұйықтап кетті ме, білмеді, санасында басқа бір өмір сәулеленіп, соның құшағына ендеп еніп бара жатты...

...Іші-сырты бірдей ақ гранит таспен қапталып, құлпыра сағым атқан еңселі ғимараттың кең есігінен тіп-тік сырт келбетінен аса қатал, тәртіпке берік жан екені білініп тұрған сұңғақ бойлы, сыпайы партиялық стильдегі ақсұр киімі қыпша бел, керме иық, кербез сымбатына құп жарасқан жалындаған жас комсомол қыз шалқақ басып кіріп келе жатты. Босағадан озып, ұзын дәлізге өткенде жан-жақтан байқап қалғандар оның кермаралдай керілген келісті жүрісіне таң қалып, жапа-тармағай ұмтыла қарасты. Дүниеге иек астынан немкетті ғана көз салған тәкаппар бойжеткен ештеңеге мойын бұрмаған қалпы аққудай қалқып әлгілердің тұсынан өте берді. Айнадай жарқыраған шыт жана жатақхананың кең, ұзын, еңселі дәлізіндегі тілмен жалағандай ерекше таза еденге төселген ауа түстес шыны шаршыларды кере қарыс биік өкшесімен тық-тық жаншып, екпіндеп келе жатып ештеңеге назар салмаған болып маңайды жағалата бір шолып шықты.

Уысқа ерте түспегендіктен болар, ілкіде мүлде байқамапты, жұмыстың... жоқ, қайдағы жұмыс, зор лауазымның беделі көбінде оның кімге жүктелгеніне, қандай адамның иығына артылғанына байланысты екен. Оның теренге шөккен сырын енді, осы күндерде, өзі зау біліп, қабылдап алған қызмет құзыретін сарқа пайдаланып, толық атқарып жүрген шақта анық аңдады. Аздың алдында құмырсқаның илеуі құсап былығып, бықсып жататын аты шулы жынойнақ мекенді аз уақыттың ішінде есілген жіптей етіп тынды. Алды партиядан қуылып, ортадан аласталды: ондай надандар данқты, мінсіз ұйымның кіршіксіз абыройына дақ түсіруге, асқақ мұратты коммунистер сапында болуға қақылы емес еді, керегі сол болатын оларға. Айыбын арқалады да қалаған жақтарына кете барды сүмірейіп. Ал арты, соңғы бір жұғын-жұқанасы тәртіптік жауапкершілікке тартылып, тиісті сыбағаларын алды. Ұлы көсемнің «Женіс – тәртіпте» деген өшпес сөзінің балталасаң бұзылмас ақиқат екенін сонда тағы бір рет тастай қылып дәлелдеді. Еңбек жемісін жеу дегеніміз оның ақырғы нәтижесін көріп, мәуелі миуасының дәмін татып, бал шырынын құныға жұтудан алатын шексіз ләззат екен! Тап-тұйнақтай бопретке келген жайлы тұрақты аса бір қанағаттанған марка көңілмен, бір тиындық жұмысы болмаса да, арнайы уақыт бөліп аралап шығу сол тұстағы барақат табар жайлы сәттерінің бірі болатын. Сол үшін ғана соншама ұзақ жолды ерінбей басып өтетін. Содан кейін ғана лауазымына, әкімшілік дәрежесіне сай етіп әлемештеп жасалған, ақ сарайға бергісіз алып бөлмесіне қарай маңдай түзейтін. Талшыбықтай бұралған сұлу мүсінін көптің көзіне кезекті рет тосып, жарқылдаған ашқарақ жанарлардың сұғанақ сұғынан сұмдық қанағат тауып, жұбаныш алып, бір кезде жайлап келіп кеңсесіне кіретін. Өз меншігіндегі ат шаптырым аумақты кабинетті қабырға жағалай айналып барып, былғары тысты жұмсақ креслосына отырған кезде дүниеде жоқ бір ұнамды, тәтті сезімнің құшағында делсал болып, маужырап, уылжып отырып қалатын!.. Содан кейін ешкімге ешқашан ашпаған, жан-жүрегінде мәңгілік құпия боп көмулі қалар жасырын сыр ғой, балғын тәнін бір мамырлаған зауық буып, ынтығы артып, мауыға жөнелетін бір бәдік сезімдері мияулап, сондай бір қуатты құшақтың құмарын қандырып ыңыранта қысуын үзіле аңсайтын... талыға қалайтын! Өліп-өше үздігіп, таусыла зарығатын! Сөйтіп, елжіреп, езіліп отырып, кейде андаусызда тақымына ие бола алмай, махаббат сөлін бойынан лақ еткізіп ақтарып алатын... Содан соң барып сәл сабыр тауып, байсал тартатын. Қанша дегенмен ішіндегі жаланған жыланның басы алынды, өзінің де мәйегі төгіліп, былғанып қалды, лып көтеріліп, беті-қолын жуып келуге түкпір жақтағы демалыс бөлмесіне қарай беттер еді.

Сондағы бебеулетіп белін қысқан мекер тілегі, амал нешік, ешқашан орындалмады. Оған өзінің «партиялық этиканы сақтау керек» дейтін ішкі тежеуі себеп болды, әйтпесе, емінген, бір сәттік сүйкеніс үшін неге болса

да дайын көзсіз көк аттылар өріп жүрді маңында. Қандай ниетте екендері жырынды қарашықтарынан шайтан отындай жылт-жылт етіп, жымия жақындап, таяп келгенімен, аздан соң, түнере тұнжырап ұзап бара жататын. Біреуін де көзге ілген жоқ. «Еліктіріп қоям деп еркімді алдырар жайым жоқ, аулақ ары» деп жанына жолатпады. Сонысы қандай оң болған! Басы азат, тізгін-шылбыры қолында, еркін жүрді жұмыс барысында! Тек тіке бағынышты бастығымен ғана аздап көңіл көтергені болмаса, әйел болып өңгеге өнеші үзіліп, емеісіген жоқ. Бастығының айтуынша, партия мүшесі жоғарының айтқанын екі етпеуі керек екен. Қандай мәселеде болсын. Жазылмаған сол ережеден шыға алмай, өзінің адалдығын дәлелдеу мақсатында бір-екі жолы кеңшілік қылып, тежемін ағытты. Соны есепке алмағанда, ешқашан былғанған жоқ. Таза атқарды мойнындағы міндетін. Есесіне, екпіні ерек, қарқыны қатты болды. Арыны арта түсті. Себебі, қара нардай қолдаушысы бар ғой жоғарғы жақта. Өзіне деген риясыздығын білген соң ба, ол байқұс та қашан қызметінен босап, орнынан кеткенше, қолдауын тоқтатпады. Тек уақыты тым аз боп қалды. Жасы келген кісі болатын, біраз жыл тұяқ қыбырлатып келіп-кетіп жүріп, жайлы орындығында құлап қалмай жарбиып отырды да, бірде, шамасы, ары қарайғыға шыдамаған болу керек, кетуге өтініш берді. Кезекті бір қабылдауында өзі солай деді. Құдай атып, оның уақытша бос қалған орнынан дәмеленіп, иек қышытқаны бар далбасалап. Қанша дегенмен, бұлағынан су ішкен адам ғой, сол жақсылығын ұмытпай, үміткерлер қатарында есімімді атап кетті ме деп, жоққа елендеп, жел жаққа ұзақ құлақ түрді. Қалауы болмады, бағына шын бұйырғаны әуелгі орны екен, ешбір жылы жел соқпады өр жақтан. Тырс етпеген күйінде тас керек боп жатып алды. Сонда барып әрең-әрең үміт үзгені бар әлгі орыннан, ұят-ай десеңші! Содан көп ұзамай кейінгі аласыпыран басталып кетті ғой! Біреуді біреу білмейтін заман туды. Соңы шылпара боп күйреп тынды...

Байтал түгіл бас қайғы, аспан асты кісі танымастай бүлініп, ию-кию боп кеткен уақытта кім келіп қол ұшын бере қойсын, біржола құрдымға кетті. Тістегеннің аузында, ұстағанның қолында қармалып, баяғы өзі басқарып тұрған тұстағы зор салтанатынан түк қалмаған тоз-тоз жатақханадан бір бөлменің бұйырғаны кейін ғана... Соқа басымен қаңғырып далада қалған соң арада қаншама айлар өткенде көз көрген ескі таныс қой деп бұл кезде қаусаған кәрі шалға айналған, кезінде тіке қарамағында істеген бастығының үйіне барды жылап-сықтап. Құдайға қараған кісі екен, сол байқұс ортаға түсіп, қол ұшын созды. Ұзақ жыл партиялық қызметте болған, жоғарғы-төменнің бәрін танитын, одан қалды тәрбиелеген шәкірттері билік тарауларының әр буынына берік орныққан тамырлы адам ғой, көмектесетінін айтып, шығарып салды. Қоштасар сәтте: «сен өте тәтті қызың» деді. Нені меңзегенін білген жоқ. Үзіліп бара жатқанда қармайтын бұтақ табылып, қолы қуыс күркеге жететін болғанына қуанып, алғысын айта-айта жолына түсті. Әлденеге икемделген сынайына қарап, басқа бір өтініш айта ма деп сезіктеніп еді, ондайға бармады. Өзі де ілкідегі үлбіреп, үзілгелі тұрған бұла бойжеткен емес қой, кезіндегі керемет ләззаттың әлі ұмытылмаған шырын дәмі есіне түсіп, сол толқытып, тосын қимылға апарған шығар деп топшылады әлгі әрекетін...

Бар деген күні барса... барғанда, салып ұрып бір кезде тізгін-шылбырын өзі ұстап, тәртіпке келтіріп, жымдай қалған жатақханаға барды. Әкімшілік сол ғимараттың астындағы бір бүйірден ұрланып кіретін, жертөле қабаттағы жатаған бөлмелерге орнығыпты.

Әлі есінде, тәлейіне бұйырған бәсірелі бөлмелерінің кілтін қолдары жетіп, қош көңілмен тарап бара жатқан қара құрым жұмысшының үстінен түсті. Тек әлдебір себепті сүйектен қағылған соңғы салымсыз біреулері ғана қайда барып арызданарын білмей, сол маңды айлаңқастап жүр екен. Кір деген

кеңсесіне кіріп, өзінің кім екенін айтып еді, түкпірдегі әлекедей жаланған ақ келіншек орнынан көтеріліп, шын-өтірігі белгісіз, жылы шырайлы қарсы алып, ықыласты амандасты. Сол бойда оңашалап, ішкі бөлмелердің біріне бастады. Қайта-қайта жалтақтап, ана сүйегі саудыраған көккөз көкенің кімі боласың дегендей, күдігінің жауабын дәл қазір тауып алғысы келгендей тігіліп, үніліп қарай береді.

Шамалыдан кейін сыртына қарай сәл қайырылған қып-қызыл түрік ерін көсіле сөйлеп, жыбырлап отырды қарсысында. Жаман да болса баспаналы болатынына қуанып, басы айналғандай болып, әлгі әйелдің айтқанын мақұлдай берді, одан да асып, алдына түсіп далақтай шауып, басын жиі-жиі изеп, қоштады да отырды. Соншама ұзаққа созылған түсініктемеден ұққаны: жатақхана кеше ғана, бұл білген мезгілде емес, неше айдың алдында, ауқымды мемлекеттік науқан аясында жекешеленіп кетіпті. Жоқ, жатақхана емес, жатақхананы құрамына алған тұтас құрылыс компаниясы. Тік секіріп, әлдекімнің қолына өткен. Ал жатақхана, саяси мақсат үшін, елдің тыныштығына бола жұмысшыларды далада қалдырса, олар көшеге шығып, онсыз да толассыз жөңкілген аш шуылдақтан көше мен алаң босамай жатқан мезгіл ғой, от емес, лаулаған өртке одан сайын май құятын болғандықтан, әлдебір тойымсыз дөкейдің мұнсыз да тоқ жемсауына жұтылып кетуден аман қалыпты.

Алдындағы келіншек, неге екенін, өңменнен өткендей тіміскі жанарымен жан дүниесін оқымақ болғандай тінткілей бір қарап алып, ұзақ баянын қазақша бастады. Сол кездегі жаңа ене бастаған үрдістің әсері болар, солай кірісті әңгімеге. Алғашында түсінбей қалды. Қазақша сөздерді емес, түкке керегі жоқ тілде сөйлеп, өзін төмендетіп отырған осынша мәдениетті, салауатты кісінің санаға сыймас өрескел қылығына.

Екі тілге бірдей екен. Кей атаулар сәтінде тандайына тақ ете қалмай, мүдіре берген соң ыңғайлы, әбден жатталған ұлтаралық тілге көшті кешікпей. Ойлы-шұңқыр жерде аяғын дұрыс баса алмай, кібіртіктеп келе жатқан су жорға кенет тақтайдай тегіс жолға шығып, бауыры жазыла бір тайпалғандай қарқыны қатайып, әй келіп төрт тағандап көсілді дейсің! Екпінінен тау жығылардай өршеленіп, құйғытып берді. Құлақ қажағандай қораш сөздерді қопсытқан алғашқы қылығы өзін «ауылбай» санап, көзге ілмегендей аса ыңғайсыз тиіп, қиналып отыр еді, мына тым ақылды шешімнен кейін орны дереу көтеріліп, тосын өрлегендей, қарсы жағымен бір деңгейге шығып, құқы кенет тенелгендей, өзіне деген құрметі еселеніп, жаны кіріп, жырғап қалды. Орыс тілі деген де бір ұлы тіл ғой, байлығын, әуезділігін былай қойғанда, көздеген жерге дөп тиетін дәлдігі, түсініктілігінің өзі мақтан тұтуға артығымен жетеді. Қандай данышпан ойлап тапты екен, таң шығындай мөлдіретіп! Ауылдағылар көркем, бай деп қанша кеу-кеулегенімен, қазақтың қарабайыр қауқылдағынын ол деңгейге жетуіне қайда әлі... сірә, ешқашан табан тірей алмас-ау ондай биікке... Әңгіме аяқталған соң «түсінікті» дегендей еруліге қарулы ізет жасап, басын аса бір ілтипатпен иіп, алғысын айтып, сыртқа беттеді.

Артынан естіді, әлгі келіншек кезінде Алматының иін тірескен көп үйін соққан алып зауыттың орталық аппаратында есепші ме, заңгер ме, әйтеуір, жоғары мен төменнің арасын жалғайтын аса бір маңызды бөлімде істепті. Кейін өндіріс тұралап, еңбек мүлде қаңтарылған тұста не себепті, қандай мақсатта екені белгісіз, қаланың қақ ортасындағы дулы жатақханаға келіп, әуелі қайта құру, артынан ықшамдау, жекешелендіру науқанын ұйымдастыруға белсене атсалысыпты. Шаруа орайында кейін бір емес, тағы бірнеше мәрте кездесуіне тура келді. Бекер обалы кәне, өзіне деген алғашқы ықыласы бір мысқал кемімеген қалпында жайдары, жарқын жүзді қарсылап, сол пейілмен шығарып салып жүрді. Ештеңесін бөліп бермегенмен, артық нәрсе де талап етіп, қинаған жоқ.

Кейін әлдебір әңгімелер айтыла бастады. Түзде жүрген жолшыбай біреулер емес, бәрі сол атақты зауыттың ежелгі жұмысшылары, ескі жатақхананың талайғы тұрғындары. «Далада жатқан дүние жоқ, иеленген әр бөлмелерің үшін толық құнын болмаса да, аздап ақы төлейсіңдер» деп қиғылық салып жатыр деп гулетті бірде. Мұны естіген онсыз да қам көңіл жұмысшылар бірігіп, наразылық білдіріп, көшеге шығатындарын айтып, қыр көрсеткенде барып, алғашқы арынынан қайтып, «мен жоғарғы жақпен сөйлесейін» деп түлкі бұлаңға салыпты түрік ерін келіншек. «Түлкі бұлаң» болатыны, жұрт та ақымақ емес қой, қарап жатпай, өр жақтағылармен тікелей болмаса да, таныс-біліс арқылы, тіпті, кейде, ол кез бәрі ақшаға айналып кеткен заман емес пе, жең ұшынан алақағаз жүгіртіп болса да, жанама байланысқа түсіп, хабар-ошар алыпты. Сөйтіп жүріп білгендері «жұмысшылардан ешқандай ақша алынбайды» деген нақты жауап болады. Ал аз күннен кейін алдына келгендерді қабылдаған жаңа бастық, «Бар білетін жақтас сөзімді айтып, жалынып-жалпайып жүріп, өлгенде әрең көндірдім: жоғарыдағылар ешқандай ақша алмайтын болды. Тек жекешеленген бөлмелерді рәсімдеуге кететін тиын-тебенді төлесендер болды» депті. Алдарындағы ашық ақпаратқа, әлде қағаберісте қолға тиген ақылы мәліметке сенерлерін білмей дағдарған топ оңбай ошарылды. «Сонда қанша?» дейді осы кезде ортадан біреу суырылып шығып. «Екі жүз доллар. Қыздар, шын айтам, купля-продажа, техпаспорты бар... осының өзі жетпей қалады. Аржағын өзім бірдеңе қылып толтырармын» дейді екі көзі шырадай жанған сұлу келіншек қып-қызыл оймақ ерні дөңгелене қайырылып. «Қыздар, айрылып қалмай тұрғанда осыған ептеп жасатып алайық» дейді әлгінде қанша төлейтіндерін сұраған қыз әлде келіншек оны қостай жөнеліп. Ештеңенің байлауы болмай, құбылып тұрған айнымалы уақыт, ертең осының өзінен айнып қалса кімді барып шауып алғандайсың. Оның үстіне, осыған дейін талай нәрсенің қол созымнан желге ұшып, жоғалып кеткені бар, сондайды көп көріп әбен естері шығып қалған көпшілік батылсыздау үн қатып, мақұлдаған болады. «Енді анау-мынау әңгіме, қылтың-сылтың болмасын» деген шартпен келісімдерін береді анталап тұрған ошарлы топ. Бұдан былай ештеңені еш өзгертпеске уәде береді қарға ауаған түлкідей жұтына құлпырған жас әйел. Қайнар көзі бір болғанмен қос айырық жолмен жеткен жұп ақпарларының ортасындағы сәйкеспейтін, үңірейген алшақтыққа илана алмай тандана тарасқан көптің көкейінде басы ашылмаған күпті күдік кетеді. Кешікпей, шын, өтірігі белгісіз, күндері қолына қарап қалған иелері — иненің жасуынан өткендей самдағай келіншектің жең ұшынан жалғасқан сыбайласы екені туралы сыбыс тарады желдей есіп. Білетіндердің айтуынша, әуелгі ақпарат елді үлкен қаржымен селк еткізіп, бір шошытып алу; ал кенет құлдаған екінші мәліметтегі баға алдыңғыдан тіксініп, іштей бәріне дайын болған жұртты оқ шығармай-ақ, үзеңгімен «ұрып» алу екен. Қандай ұтымды әрі кісі ақылына кірместей жымысқы амал десеңші! Екі жүріс — бір нәтиже. Дауы жоқ, дамайы жоқ алақанға кеп қонақтаған қомақты олжа. Мейлі қандай көзден болсын алынған қос ақпараттың ешбірінің рас-жалғандығына ешқашан көз жеткізе алмайсың. Өйткені, жоғарыда отырғандар (шын мәлімет солардың қолында) ортадағы өзі ұмтылып, есігіне келген «белсенділерді» осылай көрінбес қолдармен жер түбінен иіріп, іске қосады. «Белсенділердің» де ұпайы толық, өргілерден кем болғанмен, далада жатқан мұндай батпан құйрықтан қалай бас тартсын. Ал төмендегілердің өлген-тірілгені ешкімге керек емес. Байқұстардың қолдарында қалған соңғы қаруы ереуілдеу, жиналып алып шулау болса ұрандап көшеге шыққанда да тапқандары шамалы, ұтқандары мардымсыз... әлдеқалай құлағына жеткен осындай таңғажайып «жүріс», ұтымды «ұрыстарды» естігенде, таң қалғаны сонша, шалқасынан түсе

жаздады. Қалай қайран қалмассың бұған, дүние не болып кеткен бүгінде? Аспан астын қандай пәле жаулап алған сұмандап? Сүйікті кеңес өкіметі құламай (шіркін-ай десеңші!) тұра бергенде осындай сұмдықтар болар ма еді бұл елде? Болмас еді ғой! Әлгінде баяндалғандардың бәрі рас болса неге қарап отыр бұл қауым қотарыла аттанып, бір күнде түп тамырымен қопарып, алып тастап, кеңес үкіметін қайта орнатпай! Жок әлде кезінде қадірін білмей, бір-ақ күнде құлатып тастаған топастықтарының жазасын Құдай осылай беріп жатыр ма? Ол да мүмкін. Тіпті, бұларды одан сайын қақсатып, зарлатып, ес жиып, жөнін тапсын деп істеп жатқан әдейі қысасы шығар! Әйтпесе, мынау енді адам сенетін сөз бе, тәйірі!

Күн өткен соң өзінің ел түскен бұлтаққа түспей, сарсаң сабылыстан қалай аман қалғанын білмей дал болды. Қалай? Әлде кезінде сол маңда жақсылы-жаман біраз жыл жауапты қызмет атқарды деп есіркеді ме екен? Олай болса, алдында неге далаға тастап, басы артық заттай лақтырып кетті? Әлде... әлгі бір десі жүріп тұрған заманында қамқорлық жасап, қолтығына алған, «тәтгісін» деп еміне тамсанған сіңіріне ілінген тірі қаңқаның ықпалы әлі сарқыла қоймаған ба? Неге екенін, осы болжамның қисынына жығылып, қисая берді. Шалмен болған бір кездегі жылы қатынасын соншалық бір ризашылықпен болмаса да аса бір борыштылықпен еске алды. Қай-қашанда айтқанында тұрып, қандай жағдайда да тұрғысынан айнымайтын, сөзге берік кеңес адамдары-ай десеңші! Кім тәрбиеледі екен сол бір алғашқы буын, өз ісіне берілген, қайда жүрсе де бір ниет, бір тілекте болып, сондай тоғысқан жүректерімен қатар, қосыла қимылдайтын бекем білектерінің арқасында адамзаттың асыл арманы болған, мейірімге, ықыласқа толы жып-жылы, баяшат қоғам құрған асыл адамдарды кім дұрыс жолға салып, құрыш қылып құйып шықты екен?! Иә, болған шығар, ұзаққа созылған еңбек жолында кейде бір коммунистік этика өлшемдерінен мүлт кетіп, қызылға, көздің құртты қызға, әйел баласына емініп, үздіге көз салған, сезімге бой алдырған тұстары, пенде емес пе, болды. Өйтпесіне де қоймайды ғой қылымсыған қылықты шайтандар. Керек десеңіз, олар өздері келіп ұрынады қарадай. Өйткені, тепсе темір үзетін атпал азаматтар ғой олар, күш деген жеткілікті... қаусырып әкететін қуатты құшақтарына кіруді кім аңсамайды олардың. Өліп-өшіп құмартады. Енді бір есептен, не бопты, өйтсе?.. Әлде олар татымай ма соған? Сондай биіктегі алтын жігіттер қыз-қырқынның арманына айналып, көкейлерін құрт болып тессе не бүлініпті? Жер бетінде бұрын-сонды болмаған ұлы мемлекет орнатып, ұжмақ қоғам құрған ондай жандар неге болса да арзиды. Керек болса, жанын берсін, онсыз да көше кезген сатымсақ салдақылар! Есесіне олар өз идеяларына берілген, соңына дейін күресуге дайын, ешқашан мойымайтын, жақсы көрген жандарын ешқашан, ешқандай ахуалда сатпайтын, сыртқа теппейтін, қараусыз қалдырмайтын құрыштан құйылған қорғандар... мызғымас қамалдар. Өйткені, олар бір сөзді коммунизм жауынгерлері! Бір сөзді болмаса сол бір жүрек қақтырған жылы ұшырасудан, жабық кездесу, тәтті тоғысудан кейін қаншама жыл өтті? Міне, соншама уақыттан кейін де қанатының астына алып, әлі де қорғап, қолдап келе жатыр! Қазаны бір-ақ рет қайнайтын қазіргінің қайырымсыз пенделері болса осылай тікесінен тік тұрып, түбіне дейін шыдар ма еді? Жок, төзе алмас еді. Себебі, көзім анық жетті, ендігі кездің қағидаты – «сауда сақал сипағанша». Қарсы жақ иегін сылап болмай шаруаны тындыруың керек, әйтпесе, қиын. Үлгере алмадың ба, бітті, түкке қол жеткізе алмай, жер тырнап қаласын. Сол үшін... жасасын бір сөзді кеңес адамдары! Сендердің жолдарыңа бәрі құрбан! Мен де құрбанмын!..

Қайбір жолы жылы жымығанда көзі күн боп күлімдейтін әлгі келіншектің кеңсесіне барды. Шаруасының жайын білмек еді. Өмірде мұндай да

сәттіліктер бола береді екен, пәтерінің дайын болған құжаттарын қолына ұстатты. Қалай, қалай емес деп, ішке кіруге батпай, сыртта тұрып хабар беріп еді, өзі шығып, алақанына әкеп салды. Сатып алу-сату актісі, тех-паспорт, қосымша тағы бір топ қағазы бар, бау-шуымен, толық күйінде.

— Қолға тигені осы болды, — деді кешіктіргеніне қынжылғандай қиыла қарап. — Басқалардікі алда...

Демек, олардікі әлі бітпеген. Өзінікінің қалай елден озып, күн ілгері әзір болғанын ойлап жатпады, шаруасы көп екенін айтып, ғафу өтініп, жылдам бұрылып жолына түскен жарылқаушысының соңынан көзін сатып, «рахмет» деген жалғыз ауыз сөзден басқа аузына ештеңе түспей, толқи тебіреніп, телміріп қала берді. Көңілі шалқып лепіргенмен, әлденеге айызы қанбаған бір қоңылтақ күйде еді. Кім-кімге де әншейін айта салатын жай алғыстан гөрі үлкен, шын ризашылығын төкпей-шашпай жеткізетін бір мелжемді алқау айтпақ ниетте еді, қырсыққанда ондай ештеңенің шілдей шашырап тіл ұшына үйіріле қоймағаны.

Бұрынғы бұрынғы ма, соңғы аста-төк жақсылығынан кейін одан бетер жақсы көріп кетті иненін жасуынан өткендей ыспор келіншекті. Кім не десе о десін, бұдан былай зор құрметінен ешқашан айнымасқа бекіді. Өзі де бір үріп ауызға салғандай көркем жан ғой, шіркін, көңіл марқайтқан көл-көсір жәрдемінен соң тіпті сұлуланып, жұлдыз боп біржола аспанға шығып кетті. Жылтырай сыланған әрлі ажары гүлдей жайқалып, жайнай түсті. Бір ғажабы, сол нұрлы дидаш шуақты күйінде көкейіне қонақтап, ұзаққа қалып қойыпты. Жанашыр жақындарының біріндей жадында берік сақталыпты.

II

Несін айтасың, ақ түйенің қарны жарылған ақжарылқап күн туып еді ғой кешікпей! Көктен тілегені жерден табылып, тар болса да баспанасы бар, ертең қайда қалам деп уайымдап, берекесі кетпейтін, оған дейін көрген қиыншылықтарының бәрі сырғып артта қалған барқадар уақыт басталды. Алда қайғысыз, қамсыз ғұмыр кешетініне кәміл сенді.

Дегенмен, тынбас тіршіліктің кедір-бұдыры таусылып біткен бе, арада ай өтіп жарытпады, кілкілдеген уайым қайта келіп алды кеңірдектен. Басы бүгін басыңа жазылып, тұтастай қарамағыңа көшкен меншікті тұрағыңды бұрынғы тұрғынынан босатып, толыққанды құзырыңа алу деген дүниедегі қиямет істердің бірі екен, ілгері бір қиялына кіріп шықсашы! Не басталса, соның көлеңкесі құсап тағы бірденелер қабаттасып жүретін шақ еді ғой, «Біраз адамның құжаты жалған боп шығыпты» деген сыбыс тарады кешікпей тұрғындар арасында. Ал келіп жүрегі атқалақтап аузына тығылсын! «Біреулер алданыпты. Арзанға жасатамыз деп өз қолдарына алған екен, алаяқтар отырғызып кетіпті» деген тағы бір қауесет желдей есті. Ал келіп ұйқысы безіп, мазасы қашсын! Кірпік ілуді ұмытты. Қалғи бергені сол, біреу келіп, «үй менікі, босат үйді» деп, бүйірінен түртеді де орнынан атып тұрады алақтап. Ол өткелектен де өтті-ау, әйтеуір, тісін тісіне басып жүріп аржақ жағада тұрды бір күні ентігіп. Ешкім келіп түртпектеген жоқ. Өз күдігінен өзі үркіп, берекесі кетіпті. Бірақ, «айналдырған ауыру алмай қоймайды» деген рас екен, ең ақырғы өткел оңайға соқпады. Қанырап бос қалған үй болған жоқ қой ол заманда, ұзақ жыл сонда тұрған, қырсық шалып, соның алдында ғана жұмыстан қысқарып, үлес алуға құқылы болмай қалған жалғыз басты ананың қолында екен бұған тиесілі бөлме кілті, ал шығарып көр оны! «Келіндер, көз алдарыңда өзімді өртеймін! Онсыз да аянатын ештеңем қалған жоқ!» деп бір-ақ кесті. Әбден тозып біткен репетсіз өң-тұрқы-ақ айтып тұрды, оның бәріне тастүйін дайын екенін. «Ештеңеден тайынбайтын көкайыл адам» деді жайын

білетін көршілері тұтанған отқа май құйып. Бұдан бұрын да жетісіп жүрмеген болар, соңғы кездері тіпті асқынып, құтырып кетті деді ежелгі таныстары. «Екі балама ғана қарайлап жүрмін, әйтпесе не қалды бұл тіршілікте мен қимайтын» депті таяуда бір күреңқабак боп қалған біреулерге. Онсыз да сырына қанық кісілер пәледен аулақ деп, содан былай үндерін шығармай, аяқтарының ұшымен басып, желіп өтетін болыпты маңынан. Оған тағы «Кетсем де тек кетпеймін, жастығымды ала кетемін» деп тістене, ызбарлана, зәрлене айтқан, соңғы мәлімдемесі іспетті, ескертпеге толы екпінді сөздері де еселеп үрей қосты.

Бірақ, бұл дүниеде алынбайтын қамал, асу бермейтін асқар болған ба, не сиқыры бар екенін, оның тілін де мың болғыр әлгі түрік ерін келіншек тапты. Жөнге тоқтап, ештеңеге илікпей қойған соң барып, мән-жайды баяндап еді, «саспаңыз» деді. Арада екі күн өткен соң жеке шығарып, жайлап сөйлесті де шамалыдан кейін жынын алған бақсыдай қылып қайта жетектеп келді қасына. «Ертең босататын болды. Жинала беріңіз!» деді. Айтқандай-ақ, ертесі бір сеніп, бір сенбей, екі өкпесін қолына ұстай ұшып жетсе бөлмесі бос тұр екен. Егде жастағы жұмысшы әйелдің екі баласымен қайда қаңғып кеткенін ойлап басын ауыртқан жоқ, соншама долы, дауасыз әйелді көкейінен орын алған көркем жанның қандай айламен арбауына түсіріп, айтқанына көндіргеніне ақылы жетпей қала берді. «Не айтып, қандай амал қолданды екен?» деген шешілмес шиіе қалды көкейінде. «Не істесе де... керемет екен!» деді ешбір жіп ұшын тауып, ойын ары жалғай алмаған соң ақыры шарасы құрып.

Бұрын тұрып келген жері алтынмен аптап, күміспен күптеген хан сарайы болмағанмен, айналасы ашық, маңайы гүлзар, кәдімгі үй еді. Есік алдына шықса саябақтың бүйіріндегі жалғыз кісілік темір есікке тап болады. Бекер обалы кәне, соның тұтқасына қол ұзартсаң, арғы жақ – кең аула, қызыққа толы қызылды-жасыл әлем-ді. Асықпай аралап, бір сәт сарығынды басып, самалдап қайтуына артығымен жететін. Негізі, сенің, сендей адамның маңдайына жазылуға тиіс бәсірелі орын, түбелікті тұрақ сол еді. Қайтесің енді, теңшелмеген дүние ғой бұл, ол маңнан тар болса да жалғыз ауыз тас босаға бұйырмады. Күптеген жерден жекешеленіп, әлдекімнің тақымында қысылып, сытылып кете берді де сен болсаң аңырап далада қалдың. Оған дейін – анық сыртқа тебіліп, шет қақпай көргенінді білгенге дейін ештеңенің парқына бармай, дымның қадірін ұқпай, босқа салақтап, текке бой соқтырып келіпсің. Бұқаның мұрнын жұдырықпен тескендей сол жолғы жойдасыз зорлықтан соң аяқ асты келген панасыздықтың түртпегінде дүниенің басқа бағытқа бет алып, лағып бара жатқанын әрең пайымдадың. «Қайда кетіп барады бұл дүние?» деп әуелі өзіне үлкен сұрақ қойып алдың да артынша «Көрініп тұрған жоқ па, тіке құрдымға қарай маңдай түзеді! – дедің оған өзін зілдене жауап беріп. Өйткені, айла-шараң тақа таусылған еді. «Адамдар неге мұны байқамайды? Неге сәтінде сезіп, дер уағында амал қолданбады?! Ешбір қарсылықсыз, тіпті, тұяқ серіппей қарсы алып, үнсіз келіскені, күрессіз көнгені несі бұл зобалаңға? Ертең жауап бермей ме осы қимылсыз, әрекетсіз қылмыстары үшін?!» дедің сен тағы әлдекімге еріп, қиян шетке қаңғып кетіп, ақыр аяғында адасып, жапанда жалғыз қалған жалқы жаяудың күн қағып, шөл қысқан, әлденеге зар болып, дәрмені құрыған жадау халін кешіп.

Иә, сол тұс қой... ешбір шүбәсіз сол кезен... өзіңнің ешкім емес екенінді, бірден құлдырап, түкке керексіз болып, қайранға шыққан балықтай шалажансар күйге енгенінді анық сезіп, жұртта қалған иттей ұлып, арыз-арманыңды, мұң-зарыңды көкке қарап ақтарып, әй келіп бір арыла аңырағаның! Құлындаған дауысың көкке жетті. Оңай ма енді, аздың алдында ғана өзінді дүниенің қожасы есептеп, ештеңеге мойын бұрмай, ешнәрсеге алаңдамай, дым түйсінбей келіп, бір-ақ күнде, әне-міне дегенше болмай,

сымпыып күл-қоқыс толы күресіннен бір-ақ шықсаң! Дүние тосын артын беріп, айнып кеткен құбылмалы мезетте шақша басың шарадай болып, жан ұшыра ойбайладың. Бұрын неге уайымсыз, қайғысыз жасап келіп, енді неге алтын басынның бағасы кеміп, құның көк тиынға татымай қалғанының себебін ақылың жеткен шектен ойша бір шолып өттің ебіл-дебіл күйінде. Бірақ, түпсіз айдынға ойда жоқ тастай салған жалаң қармаққа бірден кеп іліне қояр қайдағы олжа? Талайға дейін қиял мініп сабылғаныңмен қармай алмадың ештеңенің құйрығын. «Қайдан болды мұның бәрі? Неден?..» дедің сосын әнтек тізгін тартып.

Сөйтсең, ілкіде бір ден қойып, байыптасаң, қара басынның қадірі садағасы кеткір кеңес үкіметінің кепиетіне мықтап байланған екен, әлдеқашан бір дене болып біте-қайнасып, бөліп-жаруға келместей бірігіп кетіпсіңдер, тұтас тұлғаға айналып. Нар көтере алмас өлшеусіз нарқың бір кезде жарқыраған шам сынды бүкіл әлемге нұрын шашқан социализмнің шуағы мол сәулелі өміріне тікелей қатысты екен! Ешбір күдікке орын жоқ, басы ашық ақиқат. Ал соңғы кезде салмағың тосын жеңілдеп, қаңбақ боп қаңғып кетсең, ол әлгі берік тұтасқан алып діндердің, болат дінгектердің тосын босап, түбі орныққан тұғырларының кенет шіріп, жеміріліп кетуінен бастау алыпты, сол тұстан сыздықтап арна тартыпты бері қарай... «Күңсіздерге күн болған қайран кеңес өкіметі! Шынымен-ақ көз жазып қалдық па сенен! Біз секілді миллиондаған шаруа, еңіреген еңбекші халықпен қоса, өз қамқорлығыңда жаңа қаз-қаз басып, қалыптасып келе жатқан қазақтың жап-жас жұмысшы табын далаға тастап қайда кеттің? Бұл олардың өсіп-өркендер ең керекті мезгілі еді ғой, аса қажет тұсы-тұғын, қаңғыртып, зар еңіретіп орта жолда лақтырып кеткенің қайткенің?! Аса қат едің сен бізге! Әбден нығайып, ешкімге есе бермес болғанға дейін сенің әкелік қамқорлығың ауадай зәру едік. Солай болғанда, біз қолымыздағы билікті қандай жағдайда да басқаларға бермес едік. Даңқты орыс жұмысшы табы секілді әлеуеті асқан, қуаты кемел сұрапыл күшке айналар едік толықсып! Дүниені өзгертетін ең маңызды алғабасар топ болып пісіп-жетілетін едік. Осы зәрулік үшін қайтып кел, ұлы кеңес билігі, бізді орта жолда қалдырып кетпе! Ұстаз деген осындай да бола ма екен?!

Аспан асты, жер үстіне шұғыла шашып, дәурендеп тұрған заманыңда өмір есігін ашқан біздің буын – жас ұрпақтың құны қазіргіден әлдеқайда жоғары болды! Біздей даңқты жолға шын берілген жалынды жастардың шалқып-тасуы тікелей сенің арқан! Біз сенен басқаны қаламаймыз! Басқаны білмеймін, әйтеуір, өз басым сені бар болсаң да, жоқ болсаң да мәңгі сүйіп өтем! Себебі, бұл дүниеде сенен асқан бақыттың жоқ екенін анық сезіп, көз жеткізіп жатырмын! Орнымның, дәрежемнің сенімен ғана биік екенін анық пайымдадым! Жасасын күңсіздерге күн болған даңқты партия! Мәңгі жасасын нұр шуақты кеңестер билігі!» Осылай деп зарладың сен артынан.

Ал жаңа қоныстағы тәлейіңе тап келген, тұңғыш көргенде-ақ «О, Құдай!» дегізіп озандатып, құлындаған дауысыңды көкке жеткізген ендігі қоңсыларың кім еді десеңші?! Басқа ешкім емес, кешегі қаптап жүрген кеңес адамдары екен. Бірақ, өспей, өркендемей, жетілмей, жер бауырлаған күйінде жатып қалған, соншама ұзақ тәрбие көре тұра, мұндай да бола береді екен, санасы сол баяғы өтіп кеткен, әлемде өзі түгіл, көлеңкесі де қалмаған феодализмнің шырмауына шандылған, салбөксе сасық қазақтар! Бұл қызықты көріңіз енді! Сол кездегі және бір таңқалған нәрсен, кеше ғана осы жатақханаға күн құрғатпай келіп-кетіп жүргенде көретінің ақ-бозы аралас сүп-сүйкімді, биік санаттағы бірегей кісілер еді, енді бажайласаң, олай емес. Әлде өздеріне ығын беріп, ыңғай танытқан тарихи қолайлы уақытты пайдаланып, жең ұшынан жалғасып, бір-бірін тартып, осында қоғамдасып, жиналып алған, қара құмырсқа құсап жер-көкке сыймай қаптап, өріп жүрген таңқы танау, жалпақ

бет азиаттар — күн қақтаған күрең жүзді қоңырқай мәмбеттермен бетпе-бет келдің. Анда-санда емес, аттап басқан сайын. Бұлармен бірге өмір сүріп ит болғанша осы қорлықты көрмей-ақ күн ілгері өліп кеткенің артық еді, амал қанша! О баста пешенеңе жазылған, қалайтын-қаламайтының жайлы ешкім сұрамаған ащы шындықтың ашық ақиқатын қабылдай алмай қатты қиналдың. Не істерге білмей дал болдың. «Үш күннен соң көрге де үйренесің» деген сөз рас екен, кейін амалсыз көндіктің, безіп кетер басқа жерің болмаған соң шарасыз тұсалдың. Уақыт өте келе қазан-аяқтарың араласып, тым жақын болып кетпегенмен тату жүріп, сыпайы сыйластыңдар. Тәрбиелі кісі болғандықтан жасырып-жаппай, шынын айтқан дұрыс, жақсылығын көріп, дәмін татқан кездерің де болды бұлардың дастарқанынан, үйінде тіске басар азық қалмай, қарадай аш қалған шағыңда.

Сондай бір көкірегің ризашылыққа кілкіген сәтте ғой, о бір кезде, заманның оң уағында, бұлардың осында — қалаға келгісі келген бір-екеуіне, қанша дегенмен адам баласы ғой және кеңес азаматы, әрі кеңес үкіметінің ардақты атын алға тартып алдына келген соң, қарап тұра алмай, ықыластана кол созып, көмек бергенің есіңе түсті. Соған қарағанда, адамның өзгелерге жасаған жақсылығы ешқашан ұмытылмайтын болса керек. Бөтен біреу емес, осы мекеменің сырт жердегі бір бөлімшесінің көп жылғы, былайша, еңбегі сінген сақа жұмысшысы екен. «Бала-шағам бар. Барлығы да болашақ коммунизмнің сенімді ізбасарлары. Қалада тұрып, дұрыс білім алуы керек. Өзің білесің, біздің қазақтар көп оқымайды. Қалада тұрғысы келмейді. Тау сағалап, тағы боп, мал соңында жүргенді артық санайды. Содан барып түгел надан, дөкір боп қалған. Ал мен балаларымның ондай болғанын қаламаймын. Оқытсам деймін. Ұлы кеңес өкіметінің алақанының жылуын онсыз да сезіп жүр, одан да жақын жерден тіпті де анық таныса, жақсы болар еді. Сен де бір сондай, кеңес үкіметі тәрбиелеп жеткізген, көзі ашық, саналы қызсың, айналайын... жақсылығыңды екі дүниеде де ұмытпайын, көмектес жеткіншектеріме» деді. Тақ осындай өз жұртының кемшілігін айқын танып, соған сәйкес дер кезінде шара қабылдап, өсу, жетілу жолына түскен немесе түсуге бел байлаған, көкірек көзі жарқырай ашылған қазақты бірінші рет көруің! Таң-тамаша қалдың! Таңғалып қана қойған жоқсың, айтқандарын естіп «қандай ақылды адам, кеңес үкіметінің қадірін ерте сезінген қандай көреген кісі» деп, қарап тұрып толқып кеттің. Көзіңнен бір-екі тамшы ыршып кетті ме, ол жағы есіңде жоқ... тебірене ұмтылып, қолынан ұстай алдың әлгі әйелдің. Мәймөңкелеп жатпай, «көмектесем, — дедің үзілді-кесілді уәде беріп. — Кеңес үкіметінің адамдарға деген ең негізгі және басты қамқорлығы тәрбие беру емес пе, олардың көзін ашу, содан соң барып, нұрлы болашағына жол сілтеу... шала сауат екеніңе қарамай, осыны тани алғаныңа тәнтімін! Жан түбіңе жеткен екен ғой самала сәулелердің соңғы жұғындары! Күдігің болмасын, көмектесем».

Сол бір жүрек елжіреткен толқымалы шақта сен, негізі, өзіңе емес, тағы да құшағы кең, өзім дегеннің бәріне шапағатын аямай төге беретін ұлы кеңес өкіметіне сенген едің. Барлығы айтқаныңдай болды. Сәті түсіп, босай қалған жатақхана бөлмесінің біріне әлгі жесір әйелді лып еткізіп орналастыра қойдың. Кілтін алақанына салған сәттегі бой кернеген масат, мақтаныш сезімнің қуаттылығын атама, әлдененің ыстық ағыны жөңкіліп келіп, кеуденді дамыл-дамыл соқты да тұрды. Соның әсерінен болар, желпініске толы сол бір жеңісті мезет сол күйі мөлдіреп жадында қалыпты! Ол да болса артында тіреп тұрған, кісіге көмектесе алатын әлетке жеткізіп, қатарға қосқан, әлеуетті кісі қылған шапағаты мол кеңес өкіметінің арқасы еді. Болмаса, сен кім едің жақсылығың өз басынан артылып, басқаға тиетіндей? Кеше ғана қара түнек басқан надан ауылдан келіп, қалада оқып, көкірек көзі ашылған жесір

қатынның қызы болатынсың. Міне, бүгін, шуағы мол нұрлы күннің шүлен шұғыласына бөленіп, жоғарылап оқудың арқасында біраз нәрсеге қолың жетті, сонымен ғана тынбай, реті келіп, өзіндей тағы бірнеше болайын деп тұрған баланың бағын ашып, келешегі жарқын даңғыл жолға салып жібердің. Кеңес өкіметі болмаса осы теңдесі жоқ игілікті істі істей алар ма едің? Қайда, ештеңенің ебін таба алмай, тентіреп жүріп не істей алғандайсың... түк те жасай алмас едің! Жасасын, кедейлерге... тоқта! Қайдағы жасаған... ол жарық күн баяғыда батып кеткен жоқ па қайта шыға алмас ұясына барып! Қайдағы жасаған?..

Осы бір жүрек қарыған суық хабар санасына келіп қалай ұрылды, өткенді ойға алып, шамалы шалқып кеткен көңілі солай басылып, дауыл ұрғандай есеңгіреп, күйреп қалды. Отырған орнында теңселіп кетіп, зорға оңалды. Еңсесін тіктеп, арқасын артындағы қабырғаға тіреді. Алдыңғы жағы әлі сол қап-қараңғы көр қалпы екен. Сәуле жүгірмепті, саңылау сығаламапты. Өзі білер қисынға салса, осылай болар жөні де бар еді. Бір тоқтап қарағанда дәл осы заматта ғана емес, әлгі бір қарғыс атқан қаралы хабарды естігелі бері әлемнің жартысы түртініп, қараңғы жамылған осы бір қара түнекте өмір сүріп келе жатқандай сезіледі! Бағыт-бағдар баяғыда адыра қалған. Алыстан өшіп-жанып өзіне шақыратын, алда-жалда адасып бара жатса, жөн сілтеп, қайта әкеліп дұрыс жолға салып жіберетін асыл шырақ – төбе басында сорайған жалғыз көзді жол нұсқаушы да жоқ қазір. Төрт құбыла түгел ашық болғанмен мақсат, мұрат деген бұйдаұстар бастаушыдан мақұрым қалған томағалы хал. Желкен көтерер жетекшіге зәру, ешкім келіп маза алмайтын, ешкім келіп шылбырға жармаспайтын құлағы бітеу түпсіз түнек. Маңдайыңды қалай түзесең де тұңғиыққа барып батып, біржола жоқтауың асар жосықсыз жылым. Жуық маңда айдынын ашып, аясын кеңейтетін емес. Дәл мұндай күні тұтылып, айы күйген тұтқыр заманмен салыстырғанда бұрнағы жарық дәурен... төбеден нұры төгіліп, шуағы себілген қайран кеңес билігі! Қайдан іздеп табарсың оны... теңі де, теңдесі де жоқ ондай жарылқаушыны енді кімнен қалап, сұрап аларсың!.. Осы отырғанда сарыла күткен жарық та түбі бір күн келер-ау, қайда кетер дейсің, оралады – шырақтар да бір кезде қайта самала боп жанар, бірақ, шын мәніндегі шуақты сәуле – күн сипатты қамқоршымыздың нағыз жүрек жылуын, махаббат мейірімін ешкім бізге қайтарып бере алмайды! Жолына нені құрбан етіп шалсам екен ондай әлемде жоқ асылдың? Бодауыңа нені атасам қайтып келесің, күнсіздерге күн болған ұлы жарық?!

Осылай деп іштей қыстығып жыладың. Өзінді өзін тоқтата алмай ұзақ еңіредің. Қолқа қуысың шер-шеменге толып қалған екен, аздан кейін кәдімгідей босап, жеңілдеп қалғаныңды сездің. Кісінің көз жасы, соған қарағанда, шараға толған сұйық, мөлдір зат емес, көкірек тырнаған күйіктің тамшыға айналып, қыл кірпіктен сорғалаған сығынды сөлі болғаны ғой. Шамалы жайланып қалғаныңның себебі, сірә, содан.

Сол кеніп қалғанның әсері болар, артынша көтеріліп, қанаттанып, желпініп отырғанда, дәл алдыңғыдай, сәті түсіп, тағы бір кісіге жақсылығыңның өткені қаперіңе ұрылды. Жасаған зор көмегің үшін емес, енді ойласаң, артынан естіген сұмдық жаңалығына бола біржола жадында қалыпты тасқа ойылған жазудай таңбаланып. Бір күні өмірі көрмеген бейтаныс адам күтіп алды кеңсенің алдынан. Ертеңгілік уақыт болатын. Жұмысқа деген ынта-жігерің қолды-аяққа тұрғызбай алып-ұштырып тұрған шағы. Кесікті мезгілден жарты сағат бұрын жетіп едің желпініп, соның өзінде әлгі кісі келіп алыпты. Аса маңызды шаруасы барын сол оза шапқан озат белсенділігінен айтқызбай-ақ білдің. Қалыптасқан дағды бойынша, аса сызылып кетпей (ондай әдет бойында онсыз да жоқ болатын), салқын райда, сәлемдесу ырымын жасап,

ерін жыбырлатып өте шықтың жанынан. Әуелгі екпінінен жазбай бірден ішке ендің. Орнына әбден жайғасып, орнығып алған соң, хатшы қыз арқылы хабар салып, алдына шақырдың бұрын көрмеген күтпеген қонақты.

— Тыңдап тұрмын, — дедің сосын маңғаз қалыпта, қарсына келіп жайғасқан көлденең кісіге көзіңді қадап.

Сонда көрдің, егделеп қалған адам екен. Қалалық не ауылдық екенін (негізі, бұл өте маңызды) ажырата алмадың. Дегенмен, көпті көріп ысылған ысқаяқтың өзі екенін қапысыз шамаладың. Өзің де талай өткелектен өтіп, біраз жайды андап, ширап қалған кезің, әуселесін көрейін деп түйдің ішіннен. Алда басатын әккі қадамын қай тұстан тастар екен деп, сақтана аңдып, жіті бақтың сақа қарсылас жүрісін.

— Қызым, мен...

— Қыз-мызды қойыңыз, бейтаныс жолдас! — дедің сен осы тұста, ауыз ашқаннан кеңселік әдепті ұмытып, жабайылыққа көшкен ауылбай шалды ап дегенде бір сүріндіріп алмақ болып. Одан аман өтсе де құлағына қамшы тиген жаман аттай жаскана басып, сақтана ілгерілеп отырар деп топшыладың іштей. — Қайда отырғаныңызды ұмытпаңыз. Адамды өз аты-жөнімен атаған дұрыс. Басқаны болмаса да осыны білетін уақыттарыңыз болды ғой, — дедің артынан тағы тықсырып.

Ауыл қазақтарының бар атақ-дәреженді, лаузым-мансабынды бір жаққа сырып қойып, өзім білемге басып осылай жаймашуақтатып сөйлейтіні шынымен ұнамайтын. Өздері, тіпті, жыланның аяғын көрген қу. Түрлеріне қарамай, жақын тартқан боп, әуелі сенің кім екенінді өзіңе ұмыттырады. Ал кім екенінді ұмытқаның — бұлардың айқара ашқан құшағына өздігіннен барып құлап, түбіне сүңгіп кетуге өз қолыңмен есік ашқаның. Ары қарай өздері билеп-төстеп, білгенін істеп, еркін жайлап, кеуделеп жүре береді. Сөйтіп қарап тұрып айбыныңнан айрылып, бүгежектеп қаласың. Сауданның бір демде біткенін байқамайсың да. Сондықтан, бұл жымсыма шабуылдың алдын алып, қолма-қол қарсы шара қолдануың керек. Алдыға қарай еркін аттатпай, бастаған жерден тиып тастасан, тасырқаған ат құсап байқап басатын болады табанының астын.

— А!.. Ондайы бар ма еді тағы... — деді сасып қалған шал жан-жағына қарап, демде берекесі кетіп қалыпты. — Кім біліпті... — деді сосын қарадай сипақтап. Суық тер бұрқ еткен болу керек, іле алақанын маңдайына апарды. — Күнде бет көрісіп жүрген қанық кісілер емеспіз. Жад да тозған... Есімің кім еді, қарағым...

— Есіктің сыртында жазулы түр үлкен әріппен.

— Жана бір қарай салмағанымды қарашы! Онсыз да біраз тұрып едім... енді қиын болды ғой...

— Осы сіздер қызықсыздар... жұмыстарыңыздың біткенін сонша қалайсыздар, ал оны шешетін кісінің кім екенін, тиесілі аты-жөні бар екенін қаперге алмайсыздар. Сіздер үшін ол шаншып қойған қурай... лауазым-мансабының да көк тиындық құны жоқ. Дәл осы қарапайым нәрсені үйреніп алу үшін тағы қанша ғасыр керек сіздерге?

— Әй, соны үйрене алмадық қой, әйтеуір, Құдай атып... әрі сен өзіміздің... — Шал солай деп барып, тағы бір пәлеге ұрынам ба дегендей сөзінің соңын жұтып, тежеле қалды.

— Жарайды. Болар іс болды, қарт жолдас. Айта беріңіз енді келген шаруанызды...

Алғашқы соққыдан-ақ есенгіреп қалған егде кісі талайға дейін ес жия алмай, қарадай берекесі қашып отырып қалды. Сондай бір ыңғайсыз күйге түсті. «Өзіне сол керек! — дедің ішіннен рахаттана масайрап. — Сендерді анда-санда осылай ұшықтап қоймаса болмайды».

– Қысылмаңыз... кәне, айта беріңіз, – дедің сосын өзіңе аса риза көңілмен қанағаттанып. – Асығып отырмын...

Шал сонда барып зорға дегенде бойын жиып, сөйлеуге икемделді.

– Мен сен өскен ауылдан келдім. Өзімсініп «қызым» деп отырған себебім сол...

– Айта беріңіз... «Тапқан екенсің өзіңе қыз болатын адамды».

– Жақын туыс боламыз....

– Иә. Айта беріңіз... «Білем, мұқтаждық кейде кісілерді тым тез туыс қып жібереді»

– Біздің үйде бір сіңлің бар. Осы Алматыда жақында оқуын тауысты. Қалада қалсам дейді... Ары қарай оқысам, қызмет істесем деп талаптанып жүр. Өзінді біледі... үлгі тұтады. Жақыннан бері маған «бар» деп қоймай жүр... соған қол ұшын бере ме деп келіп едім...

«Айласын қара бұл мыжырайған шалдың! «Өзінді біледі... үлгі тұтады» дейді. Соны жалау етіп көтеріп, «ішке» ену ғой көксегені. Тапқан екенсің ақымақты. Дегенмен, артын бағайын. Бұдан ары не дер екен?» дедің ішіннен.

– Қол ұшын бергенде... нақты не керек? Не істей алам қызыңыз үшін? Аспанның бір шетін тіреп тұрғам жоқ...

– Жоқ. Сен үлкен жұмыс істеп жатырсың, қызым. Кешір... біз сені мақтан тұтамыз.

«Солай ма? Мақтан тұтамыз дейді. Онысы қызық екен? Сонда мені ауыл... алыстағы жұрттың бәрі білетін болғаны ғой... Әлде қармақ қаптырмақ болғандағы шырғасы ма екен? Көрейік онысын да ары қарай...» Ерніңді үйіріп, икемдегенің болмаса дымыңды шығармай, іштен айттың бұл сөздерді де.

– Солай деңіз... – дедің ілгері ұмсынып, сол күйі үнсіз қала алмай.

– Солай, қызым. Сен үлкен жұмысқа тұрып, көп адамның үстінен қарайтын партияның сенімді адамы болдың. Соны естігенде ауыл болып қуандық.

– Сіздер де естіген екенсіздер ғой...

«Бұл қызықты көріңіз енді! Ауылдағылардың естігені қандай жақсы болған. Кезінде көзге ілмей, қор қылып еді. Бәлем, енді таныған шығар менің кім екенімді» дедің ішіннен.

– Естідік, қызым. Қуанышымыз қойнымызға сыймады. Өзің білесің, біздің ауылдан оқыған адамдар көп шықпаған. Қыз да болсаң, сол олқылықты толтырып, өрге жүздің. Бағың жанды. Біз де ризамыз...

Неге екенін, үстел үстіндегі қағаздардан көзінді алмай, үніліп қалдың. Соған қараған болып тырс етпей отыра бердің. «Кейде бұлардың... ауыл адамдарының кісіні осылай желпіндіріп тастайтын тазалығы, кіршіксіз көңілі, соқпа желпімесі бар. Өздері қарабайыр болғанмен, жүректері пәк. Толымды тәрбие жетпей жүр ғой, әйтпесе, әлдеқашан-ақ тік көтеріліп, жетіліп кетер еді. Міне, мына қарт жолдас – солардың ортасынан шыққан көшелі адам. Оқымаған демесең, пейілі – ақ, ниеті – таза. Айтқандарының бәрі рас. Біз жақтан әлі ешкім биік қызметке жете қойған жоқ. Үкіметтің арқасында, әйтеуір, біраз адамның үстінен қарайтын әлетке мен жеттім. Соны біліп, бағалап, мақтан тұтып жатса, бұлардан неге айналмасқа. Бірақ, байқау керек, әуектетіп алып, ертең құтыла алмай жүрмейін».

– А, қайдағы... Біздікі әншейін жұмыс қой... Дегенмен, рақмет, қарт жолдас, жылы лебізіңізге! Кішілікпен алғыс білдіремін! Сонда не істеуім керек... айтпадыңыз ғой...

– Жаңағы айтқан сіңліңнің қалада қалуына көмектес, айналайын! Екі дүниеде ұмытпайын! «Бар», «бар» деп, жанымды қоймаған соң келдім кәрі жанымды сүйреп.

Шал алға қарай ұмсынып қойды. Ортада қалыптасқан жылымық жағдайдан қанаттанып, қайта көтеріле бастаған сынайы бар. Жүзіне күлкі үйіріліпті.

– Қызыңыз не оқып еді?

– КазГУ-ден физика-математика бойынша...

– Біз құрылыс компаниясымыз ғой...

«Мына шалдың есі дұрыс па!» – дедің іштей.

– Жок, қызым, сен түсінбедің. Қазір түсіндірем... оның жайы былай, қалада қалу үшін кісі қалада тұрақты тіркеуде тұруы керек екен. Сол бізде болмай тұр...

– Оны кім айтады?..

– Ол бұрыннан солай, қызым. Ежелден солай. Сен жассың ғой, саясаттын ұңғыл-шұңғылын әлі білмейсің. Қала тұрғындарының санын шектеу мақсатында қолданылған сондай жабық саясат бар ішкі жақта. Сондықтан, жұмыс тапқанымен, тұрақты тіркеуін болмаса, қалада қала алмайсың.

– А-а? О жағын білмедім... Сонда менен қандай көмек керек?

«Сауап болған екен бәлемдерге. Әйтпесе, жер-әлемге сыймай, қаптап кетпей ме бұлар шұлғауын сүйретіп».

– Жатақханаға тіркеп бер, айналайын!

– Компанияда жұмыс істемейтін адамды қалай тіркеймін?

– Онда... алдымен жұмысқа ал... әрине, уақытша... – Шал өзінің тапқырлығына қуанғандай кеңк-кеңк күлді.

«Мынаның әккісін қара, алай бұлтарсаң, алай, былай бұлтарсаң, былай орағытады алдыңнан».

– Мамандығы сәйкес келмейді ғой. Әрі ғалымдықтың оқуын оқып алып, жұмысшы болып жүргені дұрыс емес, – дедің аузына өзге сөз түспей.

– Қала тізіміне ілінсінші әуелі... қалғаны кейін бірдене болар...

Сен ойланып қалдың. «Ауылбай деп менсінбей отырған балшық табан шалым жер түбіндегіні білетін сұңғыла пәле екен және құрған жоспарының тастайын көр өзінің. Жапсарынан жел өтпейді». Не істесең екен? Орын жағына келсең, есінде бар, көп ұзамай бір орын босауға тиіс. Босамаса да, жұмысшымыз деп тіркеп, артынан жұмыс тауып беруге де болады. Оған кеңшілік те, мүмкіншілік те жетеді. Ал, алмасаң... қабылдамасаң не болмақ? Аспан құлап түспейді, әрине. Бірақ, біріншіден, өмірінде бірінші рет туып-өскен ауылыңнан кісі екен деп, жақын тұтып іздеп келіп тұр. Қол ұшын берер деген үміті бар. Өзі жөн білетін, арғы-бергіден хабары бар, көзі қаракты жан екен. Көп оқитын болуы керек, қызметің өскенінен де хабардар екен. Сонда... бұл жаңалық жер түбіне жетіп қойған болды ғой. Сен әлі ешкім білмейді деп жүрсең. Демек, сөйлеген сөздерінен байқалып тұрғандай, сауатты, салауатты кісі. Әйтпесе, оқу, білімге жарымаған ауылда кім біліп жатыр есейіп қалған кезінде қалаға кетіп қалған сені?! Сол үшін болса да көмектескенің жөн. Ал, екіншіден, өз бетімен алға ұмтылған қазақ екен. Алыс-жақындағыны түгел білетінімен қоса, қызын оқытыпты. Бұл деген көмектесуге тұратын іс қой. Бір адам болса да жасап жатқан заманының шуағына шомылып, ыстығына жылынса, жүрегіне нәр құйылып, отанын шын сүйетін өзім секілді патриот болып шықса жаман ба? Сол үшін де жәрдемдесу керек, бұл партияның күткен үмітін ақтап, үкіметті жақыннан қолдағаным болмады. Қайда кетпеген көмек, кімге көрсетілмеген қолдау, демеп жіберейін күні түсіп келген болашағы зор, қыршын жас кеңес адамын. Мүбәдә, бас тартсам, қиналғандарға қол ұшын беру сынды комсомолдық борышым өтелмей қалатыны өз алдына, ауылға барып анау-мынау деп жүрсе, естіген құлаққа ерсі ғой. Тәуекел, көмектесейін.

– Жаксы, – дедің ақырғы байламың пісіп, соңғы шешімге келгеніңді аңғартып. – Орын бар-жоғын сұрастырып көрейін. Қызыңыз келесі аптада келіп, жауабын білсін.

Арғы жағы есінде қалмапты. Бірақ, шал айтқан әлгі бір «жабық саясат» жайы, тосындау естігендіктен болар, жадына таскене боп жабысыпты. Әлі күнге сайрап тұр ақыл сарайында. Себебі, күн өткен соң ол сөздің алып-қашпа қаңқу емес, айнамас ақиқат екені қапысыз дәлелденді.

«Шақырып жатыр» деп хатшысы хабарласқасын бастығына құстай ұшып бардың қос өкпенді қолына алып. Өзінің қашанғы ешқашан іш бермейтін, тек көргеніне қуанышты екенін ғана сыздықтатып жеткізетін ескі дағдысына басып, басқа ештенеден дерек білдірмей, маңғаз жымыспен жылы қарсы алды шұнақ шал. Күткеніндей болмаса да ретін тауып, орнында отырып-ақ кәдімгідей ілтипат көрсетті. Саған бұл кісінің дәл осы тым байсалды, нағыз коммунисттерге тән сабырлылығы ұнайтын! Әр жолы келген сайын адам басқару өнеріндегі жаңа қырларын ашып, өзіңнің тәжірибенді толықтырып, зор әсермен желпініп кері қайтатынсың. Бұл жолы да солай болды. Әуелі соншама салмақтылықпен ана-мынаны сұрап, жұмыс жайынан мәлімет алды суыртпақтап. «Дұры-ы-ы-с» деді бір кезде бәрін мұқият тындап болған соң, алдындағы текеметтей жайылған кең үстелге қарай итініп келіп, доғал жиегіне шынтағын қойып. Мүйіз жақтаулы қымбат көзілдірігін алып, қағаздарының үстіне қойды. Бар болмысымен ошарылып, алға ұмсынған бұл әрекетінен аса маңызды нәрсе айтпаққа ниет қылғанын андадың. Көп істес болған бастықтың белгілі бір мағыналарды білдіретін қимыл-қозғалысы ешкім айтпай-ақ сананда сақталып қалады. Соған сай, әрине, сен де еруліге қарулы, «дайынмын» деген бір «жауап» жасауың керек. Онсыз да әуеде қалқып тұрғандай, астындағы орындықтың бір шетіне ғана ілініп отырған жеріңнен жылжып, одан сайын ернеуге тақалып, шын «адалдығыңды» сездірмек болғанда жасайтын, өзің ғана бара алатын, өз ойыңша, әлемдегі ең жағымды, сүйкімді қылық жасап, қылмың етіп, бетінді төрге бере көзінді төмен қарай қиғаш тастап, бар ықыласпен қос құлағыңды тігіп, еміне қалдың. Жүрегің де езіліп, елжірей бастап еді осы сәт. Бұл дүниеде жетекшінің аса зор сенім білдіріп, өзіңе үлкен міндеттер жүктеген кезінен асқан әсерлі шақ болмайтын шығар-ау, тегі. Бойыңды тәтті діріл басып, соншалық қатты толқымасаң да іштей еміреніп, қорғасындай балқыған толқымалы күйге ендің.

— Жақсы. Жұмысыңды осылай атқара бер. Партия өзің секілді жас кадрларға үміт артады. Өзің білесің, компартия басшылығындағы социализмнің ұлы міндеттерін о баста соншама балаңдығына қарамай алғабасар жастар атқарған. Сол себепті, партиямыз жас адамдарға үлкен сенім білдіреді. Соған сәйкес, әрине, жастар да өздерін үнемі жетілдіріп, ширатып отыруы керек, міндет алуға қашанда дайын болуға тиіс. Жұмысымыз сонда ғана іркіліссіз алға басады, — деді сұңғыла басшы бір дамылдан кейін. Іле сөзін қайта жалғады. — Бүгін басқа шаруамен шақырып отырмын. Мұқият назар сал.

Басшының алдында отырған соң қағаз-қаламсыз бола ма? Қалыптасқан дағды бойынша, айтқандарын түртіп, хатқа түсіріп алуға ыңғайланып, дайын отырғаның. Қолыңды жиып, алдыға ала қойдың. Кім себеп болғаны, қашан орныққаны белгісіз осы мызғымас әдеттің кейде үлкен пайдасы бар: бар ықыласыңды беріп, жүзінді төмен салып, естігендеріңді жылдамдата сүйкектетіп отырғанда, сөйлеушінің түп назары сенде болады. Басқаны қайдам, бұл өзіңе бұрнадан қанық жай — ылғи да солай. Алдындағы тапсырма беруші жүктеп жатқан міндеттерін сыртылдатып қағазға түсіре бастағаннан-ақ тақ бір ертең артығымен орындалып кететіндей риза болып, үңіле түсер еді... Әлде басқа бір құпиясы бар ма, өзінен өзі жымыып, көзі сенің ашық ажарыңа қадалып, өліп-өшкен улы шегір қарашығы оқ болып телміруден жазбайтын. Айтарға болмаса, бұл ынталы қарас сені де рахатқа бөлейтін. Неге олай болмасқа... қарт коммунист, тәжірибелі жетекші, одан да маңыздысы, қанша айтсаң да еркек кіндікті ғой, кезінде талайдың қол жетпес арманы

(өзі солай деп біледі) болған келбетті жігіт, бүгін сырттай білдірмегенмен өзі дегенде өліп қалуға дайын іштей лаулаған зор махаббат иесі атпал азамат сол барша адамдық ұлы сезімін жанарынан жаңбыр ғып төгіп, ішіп-жеп тігіле қараса не болыпты. Кішкене жасамыс тартқаны болмаса әлі де сиқы қашып, сыны кете қоймаған сайыпқыран. Осы түрімен-ақ таяу мандағы талай төмен етектіні көрген сәтте қылмындатып жіберетінін талай байқаған. Не сиқыры бар екенін, орыстың қыз-қырқыны ерекше әуес. Құшағына құлай кетуге шақ тұрады. Енді сол өзгенің қолы жетпеген ыстық ықылас үйіріліп сенің үстінде тұрса, өзі келіп қонған толағай бақты, оның ойда жоқ желпіп өткен жылы самалын сезінбей, түк білмес болып қалай тымырайып отыра бермек. Қобалжыр еді. Жамалын алыстан аймалаған асыл пейілдің қызу табы сәлден соң ішке өтіп, жүрегіне жетер еді. Іле бойын айтып жеткізгісіз бір масаттану кернейтін. Осындай бір жалын шарпып, аптап ұрған шетін сәттер бек ұнайтын. Әйтпесе, жады тозған қаусаған кәрі емес, бастықтың аузынан шыққанды, қанша көп болса да және қанша жылдан кейін сұраса да үтір-нүктесіне дейін қалдырмай жатша судыратып беру деген не, тәйірі, барлығына тастүйін әзір болатын. Бірақ, бүгін не пәле қаққанын, жаны сүйетін сол жосын – бұлжымас қағидаға айналған қалыпты сүрдек кенет сүрлеуінен жаңылыпты, еш себепсіз қажет болмай қалған. Жетегіне алған жалғыз жолбасшысы түбіне дейін бойлап кететін сол терең ләззаттан мезгілсіз айырып, айтқанымды хатқа түсірме, қағазға алма дейді. Одан да... сен маған ұнамай қалдың, саған бұдан ары екі көзім жебедей қадалмас деп «гүрс» ете қалғаны әлдеқайда рауа еді. Олай болғанда істің мәнісі түсінікті болар еді. Мынауы көңілге көлеңке түсірер аса томпақ жай болды. Не боп қалды екен сонша? Бүйте қояр жөні жоқ еді ғой. Әлде көре алмас біреулер құлағына бірдеңелерді сыбырлап кеті ме екен?.. Жә! Болар іс болды, енді тағат қылып артын баққаннан өңге түк қалған жоқ, сонын күтейін. Бірдеңе болса, өзі де бір белгі берер...

Тосын бұйрықтан тосырқап, алдындағы ашық жатқан блокноттың жаялықтай бетін жауып, аңыра қарсы жағына қарадың. Өзің күткендей алып бара жатқан ештеңе жоқ секілді, жайбарақат қана бір шолып өтіп, сыздыктатып әңгіме бастады қарт коммунист.

– Маған жоғарыдан қоңыраулатып жатыр. Өзің білесің, қаланың халқын белгілі шектен асырмай, тұрақты деңгейде ұстап тұру деген ішкі пәрмен бар. Әрине, бұған байланысты басқаша ой тумауы керек. Бұл халықтың тікелей өз мүддесі үшін, астананың әлеуметтік жағдайына бола жасалған оң шешім. Оның үстіне, Алматы сейсмикалық қауіпті аймақта орталасқан. Сақтану керек. Мұны былайғы жұрт көп біле бермейді. Өзің секілді партияға шын берілген, сенімді адамдар болмаса... Соны есіме салып, қайта-қайта хабарласып жатыр. Тексеру нәтижесіне қарағанда, жабайылар... тойс, қалалық емес адамдар... басқа тесік таппағандықтан, жақыннан бері түрлі мекемелердің жатақханаларын жағалап, соны ішке өтер тұрақты дәліз қылып алыпты. Бізде де біраз жатақхана бар ғой. Тіркелуге болатын біреуін біраздан бері өзің басқарып отырсың...

Аздың алдында ғана тал бойын шарпып өткен «басшының өткір сұғына қақталудай рахат істен қағыс қалдырдың» деген болмашы өкпе, әйелдік наз кенет сейіліп, орнын демде сұп-суық тіксініс, тіпті, өзі де түсіне алмаған бір сызды тітіркеніс басып бара жатты. Есіне бірден өткендегі қарт ауылдасы түсті. «Қырсық! Оны қайдан біліп қойды екен? Әлде артымда аңдитын біреулер бар ма?.. Бәлкім, сол шалдың өзі мені қайтер екен деп сынап көруге барған тексеруші шығар... пәле деген, міне, аяқ асты!» деді ішінен қалтырап кете жаздап отырып.

– Жоқ, – деді сосын бастықтың бақылай қараған тіміскі жанарынан жалтара беріп. – Ондай жағдайды білмедім. Бізге таяу уақыттан бері екі адам

ғана тіркелді. Біреуі өзіміздің аймақтан келген жұмысшымыз. Екіншісі, жаңа оқу тауысқан қажетті маман. Басқа... басқа ешқандай тіркелу болған жоқ. «Соларды бекер жолатқан екем-ау» деген ащы өкініш те тұрды қайбір жерін жараға сепкен тұздай ашытып. Осы сөздерін бастаудың алдында қарсыдағы кісінің құрметті аты-жөнін атауы керек екені іс біткен соң барып есіне түсіп, жылдам серпіліп қоса қойды. — Кешіріңіз, Иван Васильевич!

— Онда тіпті жақсы, — деді бір сәт айтқандарың рас па дегендей жүрегінің түбіне дейін үніле қараған бастық өзі әкеп қамаған тұйықтан өзі оңай алып шығып. Шыны керек, мұның өзі әкеліп тіреген дағдарыстан өзі тез құтқаратын осы мінезі де бек ұнайтын бұрыннан. Сірә, кәнігі тәсілдерінің бірі, лып еткізіп бір қысып алып, іле қапысын тауып қайтадан қол ұшын созып, бір демнің ішінде өзіне қарыздар етіп тастайтын кісіні. Ұтымды-ақ жүріс. Мұндай ұпайлы қадам көпті көрген көшелі жетекшілерде ғана болады. — Сақ болуымыз керек, — деді сосын арқасын кеңге сала, қайта артына қарай шалқайып. Төніп келген қауіптің жете бере тайқып, жанап өтіп кеткенінің белгісі еді бұл.

— Бұл жайында ілгері ескертпеген менде де жауапкершілік бар. Ендігі жерде есінде болсын! Осындай жұмыстарға кез болып жатсаң, негізі, ерінбей, маған бір құлаққағыс етіп ал. Қанша дегенмен, жоғарғы жақ қырағы көзбен қадалып отырған шаруа ғой. Ши шығарып алсақ, жарамайды. Өзің білесің, қазір жағдай күрделі. Біреулер аңқау, ақ қағаздай тазалығынды өз пайдасына жаратып кетуі мүмкін. Екінші жағынан, соншама алаңдайтын да ештеңе жоқ. Жатақхана тек бізде ғана емес, талай мекемеде бар. Кілтін сол жақтан шаң берген болуы ықтимал. Дегенмен, бұл жағдай жұмысқа атүсті қарауға себеп бола алмайды. Түсіндің ғой?

Түсінгенде қандай! Көкейіңе құйып, көкірек түбіне тас қылып жазып алып қайттың. Бері шығып, «үһ» деп бір бел жазған соң есіңе тағы әлгі «жабайы» шал түсті. Қандай пәлекет еді өзі! Сонау шалғай — айдалада жатып жер түбі қияндағы, жабық есік, бітеу тамның аржағындағы құпиясы қалың, сыры шүңет жасырын жайларды біледі екен. Білгені ештеңе емес-ау, оған қарсы қолданған «шарасының» ұтымдылығын көр өзінің! Сұмдық қой мынау! Партия саясатына ашық қарсылық болмағанмен, соған паралап құйтырқылық!

Көлденең пәлеге шатылып қала жаздап, аман қалғаныңа төбе шашың тік тұра шошып, шүкіршілік айттың! Бұдан кейін өңге тұрыпты, көрде жатқан әкең тіріліп келіп өтініш айтса да көмектеспеске, тіпті, мойын бұрмасқа өзіңе нық сеніммен уәде беріп, үсті-үстіне ант ішіп кеңсене жеттің.

Қиоы қашқан дүние-ай десенші! Бір кезде сол жабық тапсырма, жымысқы жарлықпен жан сала қорғаған қамалы мықты жайлы жатақхана енді бүгін... иесіз қалып, есігі айқара ашылғанда, кебісін сүйретіп кімдер келіп алмаған десенші! Құмырсқа болып өріп жүр әншейін, суқаны сүймейтін ауылбайлар. Сеңдей соғылысады. Оны айтасың, кердеңдей басып, көзінді бақырайтып қойып таптап кете жаздайтынын қайтерсің! Адам екен деп елемейді. Көбі кеудесіне нан піскен желөкпелер. Ненің не екенін айырудан қалған парықсыздар!.. Осындағы бұрынғыдан қалған соңғы бір сарқыншақтар әлі де болса именіп, аяқтарын тартып басады алдында. Соларды көргенде ғана өзінің кім екені, кезінде кім болғаны есіне түсіп, кәдімгідей еңсесі көтеріліп қалады. Бірде сол екпінімен барып, әкелерін көздеріне көрсетіп, өздерінің қайда жүргендерін қаперлеріне салып, тәубелеріне түсіріп қоймақ болып қабақ шытып, тәртіпке шақырып еді, жабайының аты қашан да жабайы екен, дауа жоқ оларға, өзіне шапшып, бетін тырнап, өткір тырнағымен бет-жүзін оңдырмай орып тастады. «Кімсің сен? — деді жетіп келіп, жеп жібере жаздап тепсініп. — Қайдан жүрген немесің? Неге әкірендейсің? Не, біз өз еліміз, өз

жерімізде жүріп... еркін жүріп-тұруға қақылы емеспіз бе? Әлде сенің сатып алған құлынбыз ба, айтқаныңды істеп, айдағаныңа көніп, алдына түсіп өңкілдей беретін? Жайыңа жүр! Ұнамаса көшіп кет басқа жаққа!». Енді болмаса, жұмарлап жұтып қоярдай, тап-тап берді көзапара. Не құдіреттен қуат алып тұрғаны белгісіз, баяғы өзі білетін жасқаншақ, жалтақ, төменшік сорлылар енді нығызданып, анау-мынау бопсадан ыға қоймастай нығайып алыпты. Онымен қоймай, екпіні қатты, өздерінше асқақ кейіпке еніп, есіріп алған. Айтарға болмаса, қарадай сасып, жасып қалды. Үндей алмадың. Сондағы сағың сынып, көңілің ит ұлығандай құлазығаны-ай! Жүрегің өткен бір асыл дүниені аңсап, қарадай алабұртып, ішің қан жылады. Уа, қайран, күнсіздерге күн болған...

Кейін уақыт өте келе білді. Сөйтсе, айықпас аласапыранда ертеңгі күнім не болады деп есі екеу, түсі төртеу боп сансырап жүргенде асыл жатақхана саусылдап далада қалған екен, артынан жемтік іздеген иттей шұбырып қалаға ағылған қалың тобырдың қолына өтіпті. Жекешеленіп, іле-шала сатылып кеткен. Меншік иесі ауысқан соң кіндік байлайтын тұрғындары да өзгереді екен. «Жарайды, жекешеленіп-ақ кетсін... – деді бірде бір нәрсеге ақылы жетпей тосылып. – Қазір не жекешеленбей жатыр, одан әрмен құри берсін. Бірақ, сонда... әлгі көз алдымызды гүлге толтырып, өздері де гүл-гүл жайнап жүретін ақ нәсілділер қайда? Оларға ешкім тиіспеген секілді еді ғой бұл маңда?..»

Көмейінде сондай бір сұрақ қалып еді түйіліп, көп ұзамай жауабын естіді. Бұрыннан таныс, көне көздердің бірі айтты: «Ұрғаны бар ма олардың мұндай жаман жатақхананы! Шуылдақтардың ортасы арман болса, саған ғана арман. Олар үшін түк емес. Жер түбіндегіні еститін ұзынқұлақтардың дегені өтірік болмаса, жатақхана, негізі, дәл солар үшін жекешеленген. Олардың наразылық танытып, буырқануынан сескенген үкімет баршаға ортақ қылып қыл үстінен үлестіріп беріпті. Ал үлесін алған «құрметті кісілер» құмырсқаның илеуіндей құжынаған, әбден былыққан, өңкей жоқ-жітік, жарлы-жақыбайлардың бас сауғалар ұясына айналған сұрқай мекенде тұра ма, иттермен бірге ит болып... бәрінің әлдеқашан алып қойған үш-төрт бөлмеден үйі бар екен, бағасы келген жерден келісіп, ойланбай-ақ сатыпты да жөніне кете беріпті» деді осыларды бірге жүріп істегендей өз сөзіне сенімді кейіппен. «Солай ма!» деп жағасын ұстап қала берді. Нанайын десе болады деп ойламаған жәйт, иланбайын десе естіген сөзінің тастай берік қисыны қия бастырап емес, есі ауысқандай әңкі-тәңкі боп тұрып қалды. Қалай болғанда да, ұзақ жыл кенес тәрбиесін көрген, жылы алақанда жетілген адамдардың істейтін ісі емес еді бұл. Өте-мөте, аналарға... ұстаз болып, алға жетектеп жүрген ұлы ұлт өкілдерінің мінсіз бойына жараспайтын-ақ қылық. Іштей қимай, тотийын құйып жібергендей өзегі дуылдап ашыды дейсің! Демек, олардың да жайы белгілі болды... Құлағына жеткені ғана емес, қуә болғанының өзі қалыптасқан қасиетті ұғымдарға кереғар еді. Мың құбылған дүние-ай! Кеше ғана жылтыраған бетінді көріп жүр ек, енді бүгін шімірікпей артыңды да бағуға тура келген екен ғой!

«Бұл не? – деді сосын әрең анық таныған дүниесінің шын кеспіріне әлі толық сене алмай. – Әлде әлгі... пәлесі осы ма? Әлгі не еді? Сатқындық! – деді сәлден соң айтуға дәті бармай тұрған сөзді тіліне орап, аузынан зорға шығарып. – Сатқындық! Қандай аянышты еді! Кім ойлаған адам баласының мұндай да сұрқиялыққа баратынын! Басқа-басқа, естияр халықтың өкілдері өнге емес, өздері жемісін жеген ұлы мұраттарды, төбесін көкке жеткізген ұлы идеяларды тәрк етпеуі керек еді ғой! Амал қанша, шыққыр көзім мұны да көрді. Кімге сеніп келгіміз сонда? Бүйтері бар, сол баяғыда-ақ босқа талпындырып, жоқтан дәмелендірмей жөнімізге жібергенде құда да тыныш,

құдағи да тыныш, жайымызда қалар едік қой. Ешқашан далбасалап, мына күйге түспес едік. Бұл тұрғыдан көз салғанда, жетеміз деген әлгі... жүзеге асады деп күткен әлгі ұлы үміт... бос әңгіме болғаны ма?..

Ары қарай ойлағысы келмеді. Анығында, бұл туралы толғануға дәті жетпеген. Өйткені, ол ұлы арманды... адамзаттың соңғы мұратын іштей қимайтын. Әлдебір болмашы нәрселерге бола соншама көркем дүниенің жүзіне селкеу, сызат түсіріп алғысы келмейтін. Сол себепті, шалқып кеткен шалқымасын осы арадан доғарып, назарын қайта жиып әкеп қоңсылардың төңірегіне қоғамдады.

«Сонда мына сендей соғылысқан сұмырайлар солар лақтырып кеткен сүйек-саяққа қолдары жетіп, жетіскен жеңімпаздар екен ғой. Мәре-сәре, мәз-мейрам әншейін! Қағанағы қарық, сағанағы сарық деп осындайды айтатын шығар. Бет қарататын емес. Қалалық атанып бір жетіссе, алда да көздеген биік мақсаттарына талпынып, тынымсыз өрлей бергілері келетін тәрізді өздерінің. Сырт кейіптерінен сондай бір зор өлермендік, табандылық байқалады. Ешкімнің қаладан қуып шыға алмайтынына көздері әбден жеткен түрлері бар, ештеденен айбынбайды. Ешкімге дес бермейді. Оны айтасыз, өздерін әлдененің жалғыз дара қожасы сезінеді. Кеуделері аяққаптай. Осы жаман жатақхананы мекендеп, базардан тірнектеп табыс тапқандарының өзіне шат-шадыман... Балақтағы бит басқа шыққан алмағайып заман орнапты... алда не болмақ?»

Басқалардың қамын жеп, қайғырғаннан айтқан сөз емес, шегіне жете нашарлаған өз халін уайымдап, сескене қойған сұрағы еді бұл. Адам деген пәленің қиыншылығы бір бітсеші! Күні кеше ғана барар жер, басар тауы қалмай, тентіреп жүріп, пана болар осы қалқаны әрең тауып еді және бар мәселе түбегейлі шешілді деп ойлаған, сөйтсе өмірі толмайтын құлқын деген құдық бар екен ғой... жұртта қалған жаман күшіктей ұлып алдынан шықты кешікпей. Енді не істесе екен... Қайда барса екен емініп?..

Әлі есінде, біраз күн елден сұрап, ұят-намысты қойып (әншейінде үзеңгі бауы алты қабат болғанмен, ол дағы бір тоқшылық белгісі екен), қошыналарының буы бұрқыраған тамақтарының үстінен түсіп, өзек жалғап жүрді. Нәр татырмай қуып шыққандары да болды араларында. Ондай имансыздар да бар екен момын қазақтың ішінде. Әншейінде «үйге кірген жыланның да басына ақ тамызып шығарамыз» деп күпінгенімен жеме-жемге келгенде жағдайлары белгілі екен, арты қуыстары да жетерлік болып шықты. Дегенмен, көзінің бір анық жеткені, сұрларына қараймай, өздерінің аузының салымы мол-ақ, дүкен біткен қаңырап бос қалып, ел сатып аларға ештеңе таппай сасқанда да қайдан іліктіретіні белгісіз, бірдене алып келіп үйінде шыжылдатып қуырып жатады. Онысын кейде жасырып, былайғылардың назарына түсіргісі келмей, жатып кеп тыққыштайтынын қайтерсің. Бірақ, көзің болған соң көресің... Әрі таң атқаннан кеш батқанша баққаның солардың қара қазанының шұрқылы болса қайтесің енді... сыбыс шығармай жайғап тастамақ болған арам ниеттерін табанда әшкерелеп, хабар салып отыратын жаңылмас, жазбас «тыңшы» – еш қайырмаға көнбейтін, қандай тосқауыл болса да не тесіп, не айналып өтетін, сөйтіп, жұпар лепті өле сағынып отырған аш, ессіз танауға дәл уағында адастармай жеткізетін ұры иісті қалай бөгеп қала алмақ... мұрнынды бір тартып қойып, соның меңзеген жағына қарай етегің желбір қағып ұшасың да кете бересің. Жетесің сосын түк білмеген болып таныс есіктердің біріне. Мүлт кетпейсің. Үстінен дәл түсесің. Жиып алуға үлгермей қалады. «Бет көрсе жүз ұялады» дейтін қазақ баласы қанша жерден жақтырмай тыжырынып, тістерін қайрап тұрса да «кел... кел» деген болады. Ал қабақтары түксиген, қар жауып, аяз бүріккен күйінде қала беретіндер де бар. Мейлі ғой, оған қарап, тосылып тұратын уақыт па, тәйірі?

Барлығын түгел қайырып қойып, төрге озбай (онда тым артық кетесің), сол кірген жердегі төмен жақтан орын алып, беттен қағылудан қанша алаңдасаң да шыдамай, емініп, өңмендеп келіп дастарқанның шетіне ілінесің. Арғы жағың бөрідей шулап, ұлып жатса да, қанша дегенмен кісінің үйі, өзі кедей, соған қарамай шұбырған көп баласы бар, иығын жұлып жеген құтырайқындыныңды күшпен тежеп, тартына қимылдап, қасықты табакқа қарай сирек созасың. Соның өзінде, қалай болғанда да, шақырылмаған қонақсын, үй иесінің кірпігінен жебедей атылып, инедей қадалған суық сұғы сенде... сенің қасық қармаған сұғанақ қолында. Оған аса сәп салып жатқан сен де болмайсың, сәп салар болсаң, әрине, онда сенделіп бармас едің... қызыл кезеңнен асырып, аржаққа шамалы ел қондырып алғасын, астың соңын күтпей, әлдене сылтау айтып, шыға жөнелесің. Аяғына дейін отырсаң, өз есебіңше, тамақ іздеп келген сұрқия атанасың, арам пиғылың әшкереленіп қалады. Сол себепті көп бөгелмей, құйрығыңды бұтына қысып зытып беруің керек. Табалдырықтан аман аттасаң болды, құрсағыңа құйып алғаныңның өзі неше күндік азық, соның қуатымен талай жерге шауып, біраз аралыққа жетіп аласың ілдалдалап.

Көршілер кейін, тым тасжүрек екен, есіктерін тас қылып бекітіп алып, ілгектерін ашпайтынды шығарды. Әр есікті қаға-қаға бір күні дәрменің құрып, құлап түстің бір босағаның түбінде. Адамдар дәтінің тым берік екенін алғаш сезгенің сол жолы, біреуі келіп тұрғызып алуға жараматты. Онда да... дәл қазіргідей көзің қарауытып барып, түнекке сүңгіп кеттің. Қай уақ екені белгісіз, бір заманда есінді жисаң, тас қараңғы үнгірдің түбінде жатыпсың есеңгіреп. Оны сонау алыстан жаңа сыз берген күнгірт сәуленің болмашы үзігін көргенде білдің. Тірсегің майысып, қисая берген сәтте сол күйі қырқылып, үзіліп кетпей, барып-барып кері бұрылыпсың – көрер жарығың бар екен, тірі қалыпсың. Жер түбінен сыздықтаған өлмелі саңылау әлі жанып бітпеген тіршілігіңнің соңғы ұшқыны екен. Артынан күшейе келе алауға айналып, жарқырап жана түсті. Оған аса қуана қоймадың. Өйткені, оны септеп, ары жалғау таусылып бітпейтін азап еді, қиямет-қайым болатын.

Содан сәл кейін ғой әлденеден дәмәтіп мешітке барғаның! Қайтесің енді, көзің бақырайған күйі үзіліп бара жатсаң! Аштық қысып, жаныңды қоярға жер таппай қысылған сондай күндердің бірінде бошалаған інгендей басың ауған жаққа тартып кеттің. Қайда баратының, не іздейтінің өзіңе де беймәлім. Болса бір үзім нан табылар, болмаса онсыз да құр бекер жатырмын, бір айналып келейін деп тәлтіректей басып жүріп кеттің. Құдай ондағанда, тұяқ қыбырлатуға дәрменің жететін.

Базарға бардың бастабында. Қара қазандай қайнаған «Тастақ» маңы. Сонда ірге тепкен ежелгі көкөніс жаймасынан ендеп өтіп, арғы беттегі жаңа бой көтерген сауда алаңын араладың бірдеңе алатындай тіміскілеп. Еш мақсат, мұратсыз. Қайтарыңда әлдеқайдан бабына жетіп піскен семіз мәңтінің ақылдан адастырғандай иісі келді мұрнына. Танауыңды жарып кете жаздады. Жаныңның терен түкпірінен құлындай көтерілген құмарлық, оңаза ындын, соған жанасалай қосылған тежеусіз аштық дедектетіп сүйреп әкетті. Есіңді алып, дәрменіңді құртып бара жатса не істейсің енді? Біреу келіп құлағына жақсы хабар сыбырлағандай асығып, аптығып, алақтап кете бардың. Бірақ, алысқа ұзамадың, маңдайыңнан біреу шокпармен қойып қалғандай дір етіп, кенет жөнге келдің де пенде баласынан табылмайтын шыдамдылықпен өзіңді іркіп, тізгініңді тарттың. Бірақ, соншама шұғыл тежелудің себебін түсінбедің. Ілгеріде келіп бір онбай меселдең қайтты ма екен, әлде өзінді әулиелерге тән төзімділікпен меңгеріп, нәпсіге бой алдырмайтын беріктігінді дәлелдегін келді ме, межелі маңға қарай аттап басуға құлқың болмай, бағытыңды дереу басқа жаққа бұрдың. Солай бет алып, адымдай жөнелдің. Сол бойда көшенің

қарсы тарабына өтіп, жиектегі жіңішке жүргіншілер соқпағына түстің. Сол мезет тік төбеңнен тосын озандап азан дауысы қалықтады. Қалт тұра қалып, өрден саулаған оқыс үнге қыбырсыз құлақ қойдың. Осы маңда қаншама жыл жүргенде мұнда мешіт бар екенін байқамапсың. Жаңа біліп, қайран қалдың! Әлдебір қамқор құтқарушын алдыңнан шығып, тосын ұшырасқандай аса бір үміткер күйге ендің. Ғибадат үйін жоқ-жітікке қол ұшын созатын жомарт мекен деп білетіңсің, беретінін қай тұстан лақ еткізер екен деп жан-жағына жұтына қарадың. Сонда көрдің, темір қолшаудың сыртында сенсіз де «жетім-жесірлер» тола екен. Әлдекім бірдене беруге уәде етіп, соны алуға асыға жеткен адамдай көп мұқтаждың арасындағы бір ашыққа барып, қаздырып тұра қалдың. Арада шақ өткен жоқ, көкжелкеңе кеп киіле кеткен әлдене қуатты құрсау алапат әлеуетпен тік көтеріп, өлген-тірілгеніне қарамай, аяғыңды салақтатқан күйі тырбандатып апарып, андай жердегі қазан шұңқырға тастай салды дік еткізіп. Бар салмағыңмен топ еткен орныңнан, өзің ойлағандай қирап қалмай, тіпті, еш жерін ауырмай, аман қалғаныңа шүкіршілік етіп, білегіне таяна түзеліп, тіктеле бердің. Сүйретіліп тұрып келе жатқанда не болғанын, қандай жағдай орын алғанын аңдаған жоқсың. Тек бір бет қаратпас сұрапыл күштің ызғарлы үрейінен ығып, алды-артына қарамай безе жөнелдің. Ұзаққырап шыққасын ғана зор қауіп құрсауынан құтылдым-ау дегендей батылсыздау бұрылып, артына қарадың. Сонда көрдің, жанағы бос деген орнында басына дағарадай етіп сәлде ораған, ет-жеңді, енгезердей біреу тұр екен. Қолтығында балдақ, мүгедек екен байқұс. Ал сол жарымжан түріне қарамай қарының қайратты, тегеурінінің тебінділігін атама, тура тау көтергендей екен, шеңгеліне іліп, әуелетіп әкеткен сәтте буырқанған бұла қарымның дүлей пәрменін қапысыз сезіп, зәрең зәр түбіне кетіп еді, сондағы үрейің әлі толас таппапты, қашықтап кеткен қазіргі мезетте де дененді қалтыратып, дәрменінді құртып, қуырып тұр. Артық бөгелген жоқсың, жіті басып жөнәй бердің. Кімнен естігенің және қалай түсінгенің белгісіз, ілкіде бір тегін дүниенің бәрі сол маңда тау болып үйіліп жатқандай, иесін күтіп сарылып тұрғандай боп сезілуші еді, сөйтсең, бекер екен. Өз басыңнан өткерген соң ғана анық көзің жетіп, күдерің үзілді, түк те жоқ екен онда, қаңырап бос жатыпты. Құдайдан шын тілеген тілек қабыл болады деуші еді, азан дауысы құлағыңа жеткенде бір жылт етіп, қайта жоғалған зар тілегінді ескерген шығар, өшіп бара жатқан үмітің мешіттен алыстап, бері шыққан соң барып әрең ақталды. Жаратқан жарылқаймын десе пендесін құлшылық үйінің босағасында емес, айдалада, еш қисыны жоқ ашық аланда, төңірегінен түк табылмас тақыр түзде де жақсылығына кенелте береді екен – қисынсыз жерден ебін тауып, біразға жетер ырыздық нәсіп етіпті. Кәдімгідей аулақ кетіп, жолдағы бір бұрылыстан айнала бергенің сол еді, жабық тұрған есіктің сыртына ілінген, үлкен әріптермен қыңыр-қисық қып қалай болса солай жаза салған «жұмыскер аламыз» деген жазуы бар қатырма қағазды көзің шалды.

Сөйтіп, көп ұзамай үзіліп кетеді-ау деп қауіптенген өмірің жіңішкеріп барып, ширыға түскен бір сәтте кенет созылып, ары жалғанды. Тар жерден талқан тауып жеп, таңдайынды жібіттің. Сондай ес жиып, ақылын кірген тәлейлі күндердің бірінде ғой бір кезде ашсаң алақаныңда, жұмсаң жұдырығыңда болған салтанатты, думанды жұмысшылар тұрағының не күйге түскенін байқағаның. Оған дейін қалай назарыңа түспеген, шамасы, басыңмен қайғы боп кеткен шығарсың, жұлығы шығып, жұлым-жұлым боп түтіліп бітіпті. Іші ғана емес, сырты да кісі танымастай болып тозған. Ат шаптырым айналасымен қоса көнеріп, итаяққа айналған алтын астаудай сыры ғана емес, сыны да қашып, оңып тыныпты.

Әуелі іштегі «өзгерістерді» көрдің. Ортадағы неше жүз қадамға созылатын ұзын дәліз әуелгі орнында. Ал оның екі қапталы тұтас бекітіліп, бітеу қабырғаға

айналып, жым-жылас болыпты. Аралықтағы ілкіде жиналып теледидар көретін, бөлініп ап үстел доп ойнайтын бір емес, бірнеше кең зал, кір жууға және оны жаюға арнап қалдырған, тіпті, жай отырып әңгімелесуге, темекі шегуге бөлінген, терезесі ғана бар бос кеңістік, ашық бөлмелер болушы еді, соның бәрі түгел көзден бұл-бұл ұшыпты. Жеке-жеке үй болып, орнатылған есіктерге үлкен-үлкен қара құлпылар ілініп, тұмсығынан сыздана салақтайды – қатар самсап күзетте тұр. Екі қанатты тура ортадан қақ бөліп, астыдан өрлеп шығатын баспалдақты қоспағанда қарашық талып зорға жететін ұзын дәліз сыртқы әлемнің ұланасыр мол жарығынан мүлде қағылып, аузы-мұрны жоқ тұйық үңгірге айналыпты. Үміт артқан жалғыз жылт көзі төбедегі сүзіліп сәуле себетін жұдырықтай ақ жұмыртқалар әлдеқалай сөне қалса, сыз исі тараған қамырық кеуек бір пәсте-ақ шөгіп, түнектің түбіне кетердей.

Ал сонан соң... содан сәл кейін, сәті түсіп, сен сырттағы... аңырайған ашық ауладағы «жаңғырып-жаңаланудан» гөрі еніс құлдаған, біржола ылдига кеткен «азып-тозуды» көргенде, тіпті, шалқақнан түсе жаздадың. Өз көзіне өзін сенбей, дал болдың. Бірақ, амал не, бет тырнай бақырайған шімірікпес шындық осы еді.

Төңірек түгел қоқсық пен сыпырындыға толыпты. Ыбырсыған керексіз зат. Қарыс жерде тұрған қорапқа апарып тастай салуға ерінген тұрғындар қолындағы жарғақ қалталарын жолай әлде терезеден, бәлкім сыртқа шығып, есік көзінен серпе лактырып, айналаны аузы-мұрнынан шығара көміп тастапты. Жүрер жолда, басар жерде өкшеңе жабысып, аяғына оралып, аш ішекше шұбатылып әлек қылады. Кейбірі, тіпті, артыңнан қалмай еріп, сүйретіліп қайта кіреді үйге. Құшақ айқастырып, біте қайнасып, айырылмас болып бірігіп кеткен етене дүниелер әншейін. Кеше ғана жылан жалағандай боп жарқырап жататын таза маң еді десе ешкім сенбестей.

Алғаш көргенде... төбе шашың тік тұрып, зығырданың қайнады. Жаныңды қоярға жер таппай, ызалана тызақтадың. Аз күннен кейін кіреберістен сәл қашық жердегі түбінде ғана жылтырап ағып жатқан шалшық суы бар арықты көргенде біржолата құладың. Жүдә үнің өшті. Қанша дегенмен, кешегі еткен еңбегіңнің көзге көрінген нәтижесі еді, қарап тұрып селге кеткеніне өлердей налыдың! Бүкіл Қазақстанның түбі тесіліп, босап қалған күллі сусын құтысы, арасында әйнек, шыны, пластмасы бар, үлкенді-кішілі барша шөлмегі түгел осында жиналыпты – көзіне күйік, кірпігіне тікенек боп қадалып қарсы алдында үйіліп жатты. Қағаберіс қалқасы осындай болғанда, тұтас Алматы... бір кездегі гүл жайнаған бау-бақшалы шаһар баяғыда-ақ алапат қоқыс алаңына айналып, тұншығып қалған болды ғой! Сірә, сөйткен болар!

Ал оны дәл мынандай қажетсіз қалдықтар ордасына кім айналдырып жүр?.. Осы сұрақ қалай санаға сап етті, солай есіңе бір кезде шұлғауын сүйретіп іздеп келген ауылбай шал айтқан, естігенің болмаса көзіңмен көрмеген, мүлде хабарың жоқ әлгі бір «жабық саясат» жайы оралды. «Қандай көрегендік, неткен данышпан шешім!» дедің ішіңнен сүйініп. Сондай жасырын әрі қатаң саясаттың арқасында қылауы қисаймай аман қалыпты ғой ару Алматы! Алманың отаны! Қандай жақсы болған! Олай болмағанда, дәл солай көздің қарашығы құрлы қорғалмағанда әлдеқашан шаң-тозаң басып, тау-тау күресіннің астында қалғандай екен ғой әлемде тендесі жоқ әсем қала, аяулы астана. Әкелік қамқорлық деп осыны айтады! Тарихында (сол өзі бар ма екен осыларда) үлкен қала емес, бес түгіннің басы біріккен қожалақ қыстақ салып көрмеген жабайылар күтпеген жерден аласапыран басталып, анырая ашылған қақпа күзетсіз қалғанда, тиегі ағытылған алапат бөгеннің көзсіз құлаған суы құсап лап қойған екен ғой, жау шебіне атой сап кірген жаракты жасақтардай. Әуелі түгін қалдырмай тонаған болуы мүмкін. Әй дейтін ажа, қой дейтін қожа жоқ, иесіз қалған бас шаһарда еркін сайрандауға тиіс. Ал

артынан, қалада не көп – базар көп, соларды қарамағына алып, топырлап толып алыпты әншейін. Ал дулы, шулы, бас-аяғы ат шаптырым жайқын жаймада қоқыс неге аз болуға тиіс? Алматы аз жылдың ішінде кісі танымас болып өзгеріп, жиналған сыпырындыға кеңірдектен мелдектеп көмілген де қалған. Содан кейінгі лас ауаға ғана емес, қойын-қонышын сіреп, жайлап алған қалың-қалың қалдыққа да тұншығып, еркін дем ала алмай, алқынып жатқан байқұс қаланың бар сиқы осы болмай, не болушы еді? Аздан соң-ақ тынысы мүлде бітіп, құрдымға кетердей әбден әлсіреген. Ал онымен мүлде жұмысы жоқ жабайылар есіре сайрандап, білгенін, ойына келгенін қылуда. Құтыра түсіп, екілене тайрандауда.

Баяғыдакүллі Алматыда текекі-үшжерде ғана базар болған. Қашықтығынан қажып, әбден зәтте болғанда кейде соны неге сонша қасқалдақтың қанындай сыздақтатып қойды екен деп ойлаушы еді. Енді шамаласа, солары бекер емес екен. Бәрін бастан өткеріп, тікелей куә болған соң барып толық көзі жетті, астарында үлкен себеп бар екен. Тазалық үшін қажет болыпты ғой ол. Еркіне жіберсең, жертөленің қырықаяғындай қаптап, бір демде өріп шыға келетін сауда алаңдарын барынша тежеп, қатаң тізгіндемесе, көретінің осы екен. Екінші жағынан, ол елдің ниетін, пейілін бұзатын, өзінің ұлы мұратын өзіне ұмыттыратын сиқырлы жылым екен ғой, енді пайымдап жатыр, содан елді аулақ ұстау үшін барынша құрсаулап, жан сала шектепті. Жұрттың көкірек түбінде жым-жырт ұйықтап жатқан аш арыстандарын түртіп оятып, күндіз-түні ұйқы көрсетпей әлекке, арпалысқа салатын қоздырмасы бар қызыл көз шайтан екен пәлекет. Байқамасан, тереңіне тартып, батырып әкететін жұтпа тұңғық секілді... Ойласа болды, жүрегі дірілдеп, жаны жылайды: қайда кешегі жетпіс жыл бойы бар ынтасымен беріле тәрбиелеп, жетектеп жүріп өсірген, шарболат қылып шыңдаған, нұрлы болашаққа жебе қылып жебеген нағыз коммунизм жауынгерлері, даңқты кенес адамдары?! Қайда?.. Базар-нарықтың бір сілкігеніне шыдамай, жаһаннамға аттанып кеткені ме бәрінің?! Әлде...

Дәл сол алмағайып тұста ғой... сол бір аласапыран кезде титықтатқан аштықтың кесірі, әлде буындырған ашудың салдары, екі арасын ажырата алмаған, жүйкесінің «тыз» етіп сыр беріп, әлдебір заржақ қоңыз құлағына кіріп кеткені. Құтыла алсашы! Күндіз-түні тынбай, төбесін тесердей зар қаға шыңылдайды әлгі сұм. Әлденеге қасарысып, ерегескен біреу таяу маңға әдейі келіп, тұрақтап орнығып алып, шарыққа ұстап балта қайрап жатқандай. Жүре келе білді, бұл жай ғана бастамасы екен, кейін тіпті асқына түсіп, темір кесетін алмас арамен білектей жуан болат шыбықтарды тура шықшытының түбіне әкеп бажылдата турағанда неше мәрте есінен танып, неше мәрте оянды. Кей кезде не әсер еткені белгісіз, сәл саябырлап, тыншығандай болады, ізінше, соның жақсы хабарын естіп қойғандай-ақ келесі бір қоздырғыш құтырып шыға келеді... Жазатайым ұстап қалса, жүйкесін жүн қылып түтетін ащы шыңылдан басын алып қашып, жанын шүперекке түйіп, тызақтап жүрген мазасыз күндердің бірі еді, ит жарыстырып ойнауға болатын кең әрі ұзын дәліздің бойы данғаза-дабыры көкке ұласқан шу-шұрқанға айналды да кетті. Көшіп кіріп, қотарылып шығып жатқандар өз алдына, енді күрделі жөндеу жұмыстары басталды. Біраздан бергі тапқан-таянғанын жұмсап, сатып алған қуықтай бөлмелерін ретке келтіріп, әрлемек қой баяғы. Қалаға қоныс аударды ма, қалалықтарға ұқсап таза бөлме, жайлы орында жайнап жүруі керек. Өздерінің әбден былыққан қоқыс полигонына көшіп келгендері естерінде жоқ, әлденеге талпынбақ, бірнәрсеге талаптанбақ. Бір есептен оларға сын да жоқ-ау, ілкіде таза ортада тірлік кешіп көрмесе қайдан білсін қаңғырып қайда келіп қалғандарын? Сонау бір жылдары атакты Париждің өзімен бәсекеге түсуге жетіп-артылатын көркі болған Алматы ғой бұл, ертедегісінен

хабарсыз болған соң, көздері әбден үйренген бүгінгі қалпында екен деп жүр ғой байғұстар, қайтсін! Түрлеріне қарамай, өз қиялдарындағы шоң шахарға сай болып өмір сүрмекке ұмтылып, аяқ асты желпініп, жедел жұмыс бастап кетіпті.

Талайдан бері жайма жағалап, тірнектеп тапқан азды-көп табыстары бар, соны елге көрсетсек деген іштерін тесіп, өлтіріп бара жатқан жымысқы пиғылдары бар, қызу еңбек тосын екпін алып кетті. Бір байқағаны, тобырдың мінезі қызық екен: біреуі қыбырлап бірдененің шетін қылтитса, соның өзі жетіп артылатын болып шықты... Қалғандары сол дүрмекке еріп, әлі келсін-келмесін бәрібір, айғайға аттан қосып, далбақтап шаба жөнеледі. Басқаша бір ой, өзгеше өрнек, оқшау жаналықты былай қойғанда өзіне ғана тән даралық, басқалар қайталай алмайтын бәсірелі бөгенай деген атымен болмайды екен шіркіндерде. Әрлеу жұмысында алғашқы пәтердегілер жасаған әсерлі айшық, болар-болмас қана бірдене қосылып, соның өзі кең етек алып, келесі пәтерлердің қабырға-керегесін қуып, еденін жағалап, еркін жайылып кете барды. Араларында ептеген қазақы бәсекенің белгісі білінетін жапалама тірлік күн өткен сайын өрге шапшып, үзенгі қағыстырып, қызыл танауланып қыза түсті. «Қазақ жылқы мінезді» деп текке айтылмаған сияқты. Маңайынан дүбір естілсе елендемей қалатын қылқұйрық бар ма? Шамасының жеткен-жетпегеніне қарамай өре түрегеліп, жаныға ұмтылған іргелес қызуқанды қызғаншақ топтың тұяқ дүрсілінен қуат алған қара нөпірдің жол таласқан мағынасыз жарысы ұзаққа созылды. Қандай тауды тесіп, нендей тасты кесіп жатқандары белгісіз, сәт сайын тарсыл, замат сайын гүрсіл таласып, талайға дейін толастамады. Күндізді түгел қамтып алып, бәзде шырын ұйқының есебінен жеті түннің түнлігін түріп, еңбек жалауын желпілдетті-ай келіп. Қала дегенде заң, тәртіп, ереже атты көпке арналған қатаң тыйымдар болатынын қаперге алмастан иықтаса ырғасып, жандаса байқасып, биттерін сала бастырмалатып жатты. Шаруалары ілгері басса болды, қалғанының құны көк тиын тәрізді. Айналаның тыныштығын да, басқасын да ұмытқан дүлей дүрмек барған сайын дүркіреп, дүбірлете түсті. Жаралғанда жабысқан жабайылық дегенді қойсаңшы!

Бас-көз жоқ сабалай берсе сабырдың да сарқылатын шағы болады екен, төзімі әбден таусылып, шыдамы біткен күндердің бірінде тып-тыныш тұрған мылқау телефонның тұтқасына қол созды. Маңайында не болып жатқанын тиісті мекемеге хабарлады. Ар жағы не болғанын білмеді, содан былай түннің бір уағына дейін толас таппайтын тарсыл қылышпен қиғандай кесіліп, қырқыла үзілді. Қазақстанда өлгеннің артынан өлмеген, аруақпен бірге кетпеген көзі тірі үкімет деген пәрменді күш барын сонда ғана білді. Басқасын қайдам, тәртіп сақшысы жұмыс істеп тұрыпты бұл елде!

Қайран қалды! Айран асыр болды! Қойын дәптеріне қашан түртіп алғаны белгісіз ежелгі бір нөмірді шарасыз теріп, тіршілік белгісін бермегенде езілген халықтардың қамқоры, заң-законның мызғымас кепілі болған Кеңес Одағы құлап, келмеске кеткелі (айтуға ауыз бармайды) өзінің тұяқ қыбырлатып, итшілеп болса да тірлік кешіп жатқанын былайғы жерде бірде-бір рет сездіріп көрмеген әжептәуір құзыретке ие биліктің бар екенін, әлі де түртініп ғұмыр кешіп жатқанын сол күйі ұмытып кеткендей екен. Бұған да шүкір! Бар екен! Ешқайда кетпей, осы манда жүріпті. Іздейтін бір жоқшысын көп жылдан соң қайта ұшыратқандай қатты қуанды. Қажет болған кезде іркілмей қоңырау соғып, хабарласып тұрды содан былай. Бірақ...

Бірақ, баяғыдай тұрғындарға жығылып жастық, иіліп төсек болатын қамқор үкімет қайда... қайдан болсын ондай! Ол да бір армансыз сүрген дәурен екен, шіркін! Артында тірегің, маңайында қалғымас қорғаушың бар алаңсыз өмір екен ол. Білінбей жылжып, өтіп кетіпті басынан. Ал мына талай

жылдан кейін ойда жоқта қайта тапқан оқыс қуанышы ұзаққа созылмады, аз күннен соң телефонды алған адам өзіне қайыра сұрақ қоятынды шығарды дiкeңдеп. «Қазiр сағат қанша?». «Бiлмеймiн» дедi бұл тiксiнiп. «Түскi екi ғой!». «Бола берсiн... сонда не демексiң?». «Күн төбеде шаңқиып тұрған күндiзгi уақытта құрылысқа... жөндеу жұмыстарын жүргiзуге ешқандай тыйым жоқ». «Бiрақ менiң жүйке ауруым бар ғой». «Онда дәригерге көрiнiңiз». Соны айтып, тастай салды тұқаны. Ал керек болса! Қапыда қауышқанда қабағат шаттанған қайырымды құтқарушысы, сөйтiп, бiр-ақ сәтте жалт берiп, құба шөлге лақтырып, адастырып кеттi. Далада қалды құлазып. Өзiнiң шын иесiз екенiн жан-жүрегiмен сезiнiп, бүкiл болмысымен анық ұққаны сол сәт, сол шақ болды. Сондай бiр жабыққан, жалғызсыраған жаман көңiлмен нағыз жетiмнiң күйiн кештi. Артынша онсыз да ызындап тұрған құлағы одай сайын шыңылдап, дәрменi құрып, құлап бара жатқандай болды тiзесi бүгiлiп. Есiн жиса емханада жатыр екен. Жоқ, емханада емес, санасына сәуле жүгiрiп, өзiнiң тiрi екенiн бiлгенде тас қараңғы зынданның түбiнде жатты талықсып. Жан-жағын сипалап көрдi. Саусақ ұшы барып әлдебiр жұмыр темiрге тигендей болды. Иле орнынан қозғалып кеттi ме, астынан сықырлаған дыбыс шығып, жамбас тұсы саз бетiндей ойылып, былқ ете түстi. Сонда ғана серiппелi темiр төсек үстiнде есенгiреп жатқанын аңдап, көкiрегiне дем кiрiп, кеудесiне жан шақырды. Түнектi тiнтiп, алысқа көз тастады. Иле сонау бiр жер түбiнен өлеусiрей жылтыраған болмашы саңылауды көрдi. Қадалып қанша қарағанмен ненiң сарқыншақ сәулесi екенiн, қайдан түсiп тұрғанын айыра алмай, мысы құрыды. Солай телмiрiп, кiрпiк iлмей жатып таң атырды. Сөйтсе, шыңырау түбiнде емес, жер бетiнде, жарығы сөнiп қалған емханада екен, есi кiресiлi-шығасылы. Әлдебiр мұсылман қоңырау соғып, содан құлақтанған жедел жәрдем тiзгiн ұшымен жетiп, алып кетiптi. Тексеру әлi аяқталмаған. Содан кейiн тағы қанша күн сүйреледi, тозығы жеткен түрлi ескi аппараттар түк таппады. Ең аяғында «бәрi әлсiздiктен болған» деген қорытынды шығарды. «Бұдан кейiн жақсылап күтiнiңiз. Қаныңыз азайған. Сорпа iшiп, дәрумен жеп, әл-қуат жинауыңыз керек» дедi аз күн қарап, шамалы тәуiрленген соң үйге шығарар алдында жауапты дәригер. Анау-мынау дәрiлер берген болды. Өзiне салса, шыққысы жоқ жылы палатадан. Аңдамұнда сүйреп, мазалайтыны болмаса өзi бiр жайлы жер. Үш уақ, жоқ, арадағы тағы бiр жеңiл-желпi азықты қосқанда төрт рет тамағың дайын, мына қыспақ заманда Алатауды алты айналсаң да таптыра ма мұндай далада жатқан батпан құйрық. Осындай жер үстiндегi ұжмақты қалай қиып тастап кетпек?.. Тастап кетпес едi-ау, кетiредi екен олар, неге болса да көне беретiн төркiнiңнiң үйi емес, еркiңнен тыс тықсырып, қуып шығады екен. Онысы артынша-ақ анық болды. Ал сонда... ендi қайда бармақ тентiреп?

«Емдейтiн нақты ауруыңыз болмағандықтан бұдан ары ұстай алмаймыз» дедi. Денесi бiр ысып, бiр суыды. Тәнiнiң ыситыны – қуаныштан едi, сау екен, саламат екен. Шикi етiне дерт дарыса не болмақ? Соңы өлiм ғой оның, төбе шашы тiк тұрып қорықты. Ал өне бойының мұздап, суитыны – орын босатасың деген жайсыз хабарды естiп, көңiлi түсiп кеттi – жылы ұясына айналған мына ұйық ортадан айырылса қайда барады қаңғырып? Аштан қатады ғой. Дегенмен «шүкiр» дедi артынан жөнiне келiп. «Үзiлiп бара жатқанда болса да ұшып келiп, өзегiн жалғап алатын бiр қамқор қол бар екен ғой жуық манда» – дедi таяудан берi осымен үшiншi рет Қазақстанда әлi де үкiмет деген басие барын шала-пұла болса да сезiнiп. Бiрақ толыққанды тұшынып, жүрек түбiне еркiн жеткiзе алмаған, шала бауыздалған күйi емхананы қимай-қимай артына тастап бiр күнi жөнeй бердi орталық жақтағы аяз бүрiккен жалғыз ауыз жадау тұрағына.

Пәтерiне аман-есен қайтқанымен көңiлi алан. Алдында аурудан бетер ауыр

күндер күтіп тұрғаны өзіне белгілі, зіл-батпан уайым қонақтаған салбыраңқы қабақпен түнере жетті есігінің түбіне. Көршісінен кілтін алып, ішке кіргенде де өзін аса жайлы сезіне алмады. Дегенмен, бұрынғыдан әлдеқайда жеңілдеп, әлденіп қалғанын түйсінді. Қимылы ширақ, қозғалысы қунақ тартыпты. Қалай болса солай қылып жұмарлап жия салған төсегіне келіп отырып, ыбырсып жатқан жан-жағына сүлесок назар жіберіп, керек-жарағын түгендеді. Әй, құрып қалғыр қу дүние-ай! Ұшы-қиырына жете алмайтындай не мүлік бар еді мұнда, барлығы түгел, өз орнында секілді. Соны білген соң барып бір жағына қарай қисайып, жантая берді.

Алғаш келгенде тыныш сияқты еді, жатақхана өмірінің әуелгісінен бетер бүрк-сарқ қайнап, ернеуінен аса тасып жатқаны соңыра мәлім болды. Төңірек сенің бар-жоғыңа, өлген-тірілгеніңе қарамайтын сықылды, арнасына толған арынды ағын құсап алқына жөңкіліп, тынымсыз алға шапшуда екен. Өзі көптен бері көміліп, өтінде жүргенімен, терең иіріміне бойлап, іштесе алмаған, араласа алмай, тыс қалып келе жатқан мұндағы екпінді тірліктің ернеуіне қайтып келіп, жағада тұрып тағы да бажайлап бақылауға кірісті. Енді не істемек, қол-аяғы бос, ай күзетіп, жұлдыз санап, ұя басқандай жай қарап жатпайды ғой! Қаңғып жүргенде «жөргем боп ілініп» қарсы кездескен әлгі бір орайлы жұмысы әлдеқашан адыра қалған. Сонда тапқан табысының соңғы тиын-тебенімен өзек жалғап, итшілеп күн кешіп жатты.

Тірі кісі, дені сау адам ешқашан тыныш қарап отыра алмайды екен. Болмады дегенде, маңайдағы қыбыр-жыбырға назар аударып, төңіректе түртініп ғұмыр кешіп жатқан тірілердің әрекетіне зер салып, солардың жайынан хабар алып, жағдайын ұғуға тырысады. Сондай бір басалқы барлау барысында анық байқады, төңіректегі көршілердің көбі жалғыз басты аналар. Әрине, түтіні түзу, жұбы бүтін толық отбасылар да бар бүлінбеген. Бірақ, аз. Басым көп сандысы ажырасқан, божырасқан, одан қалды, жолдан тауып алған балаларымен базар болып отырған жартыкеш жанұялар. Ештеңеден хабары жоқ кінәсіз өскіндердің алды, ержетіп, азамат боп қалыпты. Басында таң қалып, «сонда әлгі кеңестік әділ заң қайда?» деп ойлап еді, артынан, елде «азаматтық неке» деген заң екені де, кеңшілігі мол ереже екені де белгісіз, көше сыртындағы суық жүріске көбірек мүмкіндік беретін, қауқары кәдімгідей бірдене бары санасына сап етіп, сабасына түсті. Бірақ, бәрібір, о пәлені көңілінен өткізе алмады. Бұрынғыдай жаға жайлауға кеткен, мамыражай заман болса мейлі, мынандай қара басты асыраудың өзі қияметке айналған қабағы қату қытымыр уақытта ауыр жүк қылып жолдан бала тауып алу деген заң рұқсат етсе де ақыл ырық беретін шаруа емес. Ал, еріксіздік болса, әрине, оның жөні бөлек.

Осыны ойлағаны сол, кенет есіне осында көшіп келген алғашқы күндердің бірінде болған бір жай түсті. Түн жарымынан ауған уақыт, әлдененің тықырынан оянып, есік жаққа еріксіз құлақ түрді. Жағаласып екеу тұрыпты босағаның түбінде. Тыста. «Жаныңның барында шеш» деп бұйырды тістене сыбырлаған еркек жанындағыны жеп жібере жаздап кіжініп. Аузы солай деген, екі қолы алдындағы қыстыға өксіген шарасыз әйел затының ышқырына жүгіріп кеткен тәрізді, болмашы қарсылықты елең қылмады білем, сырылған киімнің сытырлаған дыбысы іле төмен құлай берді де, ізінше өршелене пысылдаған есірік дем екілене апшып, қиян-кескі «шайқас» шырқау шыңына қарай шапшып бара жатты. Соның арасы болған жоқ, шүйдесіне шоқпар тигендей тосын үзілген құтырық үн бір сәттен кейін «үһ» деп қайта жалғанып, іштегі жалынын өрге қарай жалғыз тыныспен бүркіп тастап, балақ тұсына былш етізіп бір түкіріп алып, аяндай басып кете барды жайына. Тұрған орнында арқасымен там сызып төмен қарай сырғып түскен байқұс қыз алқымын өксік буып, құмыға қыңсылаған күйі болған жайға еш

айла қыла алмай, тұншыға ыңырсып қала берді... Міне, шарасыздық. Осыдан соң ерік туралы әңгіме айтуға бола ма, сірә? Былайша бәрінің беті жылтырап, ештеңе байқатпағанымен маңайда қорғансыз қалған бейбақтар толып жүр. Бас иесі кетіп, қараусыз, қараң қалған қайран дүние-ай! Жас бойжеткендер құсап тәлкекке түсіп, намысы тапталмағанмен, басқа зорлыққа амал таба алмай жаны күйіп жүрген сүйеніші жоқ салымсыз міскіннің бірі өзі екен, ойлап отырса!..

Ал, кіріптарлықтың кесірі ше? Ол да бір көзге көрінбес тұсау ғой, төрт тұрманы толық боп жаралмаған жұмыр басты пендеге. Осы жайды ойлағаны сол, құлақ түбінде бір таныс үн жаңғырды жер түбінен ызындап.

– Жұпа! Оу, Жұпа! Қайдасың, жаным? Мен сені сағындым! Келдім, міне, күнім... құшағыңды аш!

Әлемнің сонау бір алыс қиырынан шыққандай құмыға көтерілген еркек дауысы көш құлаш аралықтан үзіле қалықтап таяп келе жатыр. Айдалада жер тарпып, жар сүзіп, бойын қысқан бұла күшін қайда апарып саруды білмей өкіріп, лағып кеткен қаңғыбас бұқа дерсін. Таныс дыбысы құлаққа таңсық естіліп жақындай берді артынша. Маңайларында пайда болғанына біраз болған, ешкімнен именбейтін, айналадағылардан тірі жан, тісті пенде екен деп жасқанбайтын, ештеңеден қаймықпайтын көн бет, тексіз айғай барған сайын тақала түсті жақындап. Жанаса бере кенет мазмұны өзгерсін. Әлгіндегі өліп-өшкен махаббат, шексіз сүйіспеншілік жайында қалып, енді өзегіне кіжінген боқтық араласты. Ғашығымен орталарында болған әлдебір келіспестік есіне түсіп кетсе керек, аузындағы сөз тосын құбылып бет шыдамас янатқа ауысты.

– Жұпа! Қайдасың, Жұпа? Мен сені өлтіремін. Алдымен келістіріп бір нетіп алайын. Содан соң қылғындырып өлтіремін. Сен маған өтірік айттың!

Далада, аулада тұрып, өрге қарап, төрт әлде бесінші қабаттағы әлдекімге төте бағыттап, еркін жіберді. Әсілі екеуі оңаша отырып, бөлек айтатын әңгіме. Соны жұрт естісін, білсін деп терезе тұсынан әдейі әуелете ме, бар айтарын аспанға қаратып бүкпей, төкпей-шашпай армансыз аңыратты.

– Мен сені өлтіремін, Жұпа! Сен маған өтірік айттың! Бірақ, алдымен неғып алайын... қатынсырап өлетін болдым! Сосын... мен сені...

Тапа-тал түс пе, жоқ түн жарымы ма, уақыт талғамай келіп, іргеден озандайтын түйтіксіз жігіт тағы бірде күндіз келді, сонда көзі шалды, үстінде прокуратураның көкала киімі бар екен. Бет-жүзіндегі қытық-қымсынысты біржолата жиып, қалтаға басып қоятын кекселеген қырт емес, қырыққа толық іліне қоймаған, толған шағындағы келіскен азамат. Әрине, сырттай қарағанда. Ал ішінде ит өліп, сасып-шіріп жатқан болар, санасының тысқа тепкен сәулесі есебіндегі отыз тістен тараған одағай лепесі ешқашан оңалған емес. Ертесі есіне келіп, үсті-басы реттеліп, қарға аунаған түлкідей қайта бабын тауып, сымдай тартылған жарасымды жүріспен ұзап бара жатқанда, шалып қалған көз қарадай сүрінгендей еді. Әдібі мен әлпеті ешқашан бір деңгейден көрінбейтін пенде-ай десеңші! Қайбірінің жолы өрге тартылып, қайсы бірінің тағдырының еніс құлдағанын қоян-қолтық араласпаған кісі қайдан білсін, әлгі пақырдың басындағы бағы шайқалған бейбақ екенін кейін естіді. Сонысына қарамай, тағы өзі тым зомагер, зорлықшы. Әлде сол өктем, әпербақандығы үшін соры қайнады ма екен?

– Апай, ашыңызшы! Құдай үшін, ашыңызшы... жалынам! – деді бірде әлдебір әйел жеті түнде есігінің сыртын жанұшыра тырмалап. Шырт ұйқыдан шошып оянып:

– Кім? – деп жастықтан басын жұлып алды.

– Мен ғой, көрші... тірі жан есігін ашпайды...

Дәу де болса біраздың алдында жалға алып көшіп келген, екі есіктің арғы

жағындағы аяғы ауыр келіншек боларсың деп түйіп, барып ілгекті ағытты.

— Жаныңызда кішкене отыра тұрайыншы, өтінем, — деді табалдырықтан аттаған жас әйел жалбарынып. — Мені іздеп келетін жігіт бар ғой, сол тағы келе жатыр. Астыңғы қабаттардың бірінде жүр. Қазір келеді... сол кеткенше жасырына тұрайын.

Ай-күні жақындап қалғанынан ба әлде алқымдаған үрейдің қыспағынан ба — көмейі бітеліп, демі таусылып, айтқан сөзін ырсылдап әрең жеткізді.

«Иә» деп үлгерген жоқ, ұзын дәліздің арғы басынан тықыры білінген екпіні қатты еркек «Жұпалатқан» айғайына басып, бүкіл ғимаратты төбесіне көтеріп, таяп келе жатты.

— Құтыла алмадым бұдан, — деді келіншек қорыққаннан тізесі бүгіле отыра кетіп. — Құдай не оны алмады, не мені алмады... бүйтіп ит қорлықпен өмір сүргенше өліп қалғаным артық еді...

— Тс-с-с! — деді сен қасыңдағы адамның қыңсылынан гөрі сырттағы сұмырайдың сұсты әрекеті маңызды сезіліп.

Есікке жеткен жігіт тұтқадан алып біраз сілкіледі, аямай кіжінді, ондырмай балағаттады. Кекілге басылған қазандай қара құлпыны артынан барып байқаған болуы керек, енді кері бұрылып, азуы толы боқтықты залды бойлата іркіліссіз лақылдатты.

— Жұпа, шық бері! Бәрібір тауып аламын. Қошыныңның қойнына емес, жердің астына кіріп кетсең де суырып шығарамын. Жаныңның барында шық!.. Әйтпесе менен аяушылық күтпе...

Солай деген шылқа мас «таз ашуын тырнадан алыпты» дегендей есікті келістіріп бір тепті дейсің. Шалт қимыл кезінде өз аяғына өзі шалынған болса керек, артынша опырыла құлап, еденге «гүрс» ете түсті.

— Өлді-ау! — деді орнынан атып тұрған келіншек бармағын аузына тығып.

— Тихо!... — деді сен оның білегін үзе шымшып. — Құтыла алмай жүріп, жаның ашыған ненді алған, байғұс-ау. Өшір үніңді!

Кейде сондай да бір сәттіліктер бола береді, құлаған замат қалт есі кірген сияқты, өлді деген оңбағаны қылпығы да қисаймай, орнынан сау-саламат сүйретіле тұрып келе жатқандай болды. Ыңырсыған, ыңыранған жоқ, түк болмағандай сылбыр қимылмен тіктеліп, аяғын басты да ләм демеген қалпы кете берді жөніне. Сәлден соң маңай жымып, тілін жұтып, тынып қалды.

Төңірек түгел білетін шетін әңгіменің мән-жайын сәлден соң... шай ішіп отырғанда естіді. Шақырусыз келген қонақтың аузынан тандана отырып, тікелей тыңдады.

Келіншек емес, қыз екен. Шарасыздан «шалға» тиген үлбіреген бойжеткен. Қалаға жақын аудандардың бірінде тұратын інісі істі болып, осыдан екі-үш жыл бұрын абақтыға түсіпті. Жастықпен жаза басқан жақын туысты көзі бақырайған күйі бүлк етпей қапаста тастап қойған бар ма? Жан-жаққа шапқылап, жанұшыра әрекет етіпті. Біреудің дәнекерлігімен сонда танысады қазіргі қадірлі «күйеуімен». Артық айыптауға бармай, «мына кісі» деп атап отырды әңгіме барысында. Қазақта жақындықты білдіретін «мына кісі» деген атау жоқ. Басқа не деп атауды білмегендіктен, солай деп тергегені болса керек.

Белді, беделді прокуратура қызметкері. Байсалды, сыпайы, өз ісіне берілген атпал азамат. Жұмыс барысында істес бола жүріп тереңдей біліседі. Таныстық арта түседі. Сөйтіп жүрген күндердің бірінде жайсаң кісі «ғашық екенін» айтады. Бас тарта алмайды. Бауырдың жайы белгісіз ғой әлі. Әрі жақын болсам, бірден еркіндікке шығарып бермегенмен, кінәсін жеңілдетіп, жаза мерзімін қысқартуға қол ұшын созар деген үміт те қылаң ұрады бір тұстан. Бір көргенде жайдары көрінген жігіт адал жан екенін көрсеткісі келгендей басындағы бар ахуалын жасырмай жайып салады. Отбасылы екен. Бір-екі

емес, бақандай алты қызы бар. Қысқасы, бір ұлға зар. Өзін көргенде ұнатып қалғаны өз алдына, асыл арманы қолма-қол орындалатындай күй кешіпті. Сөйтіп, қалада тұратын кіші жар қылуға тастүйін бекіген. Жағдайы жаман болмайды. Көзімен көріп тұр, қызметі жақсы. Бұдан кейін бұдан да тәуір болуға тиіс. Өйткені кісің шаруаға шөгел, іске тыңғылықты. Ол қалай ойдан тасалансын, болашақ балдызының жайы да есінде, оны ескерусіз қалдыруға еш қақы жоқ, сәтті түссе, кешікпей бостандыққа шығуы мүмкін. Қатысты адамдармен сөйлесіп, жолдағы кедергілерді тазалап жатыпты. Аmandық болса, көпке қалмай бір жағына шығады. Оң шешіледі деген үміт басым.

Күтпеген жерден болған оқшау ұсыныстан кейін қатты ойланады. Бар-жоқты, келер-кетерді таразыға тарта келе тоқал болуды ар санайтын ішкі ыңғайсыздығымды төбеден бір ұрып тұншықтырып, келісім берсем бір оқпен екі қоян атқалы тұрмын: бірі, қалада жүрмін дегенмен, басымда баспанам жоқ, ол шешіледі; екіншісі, інімнің бас азаттығын ешбір шығынсыз қолға келтіремін деп түйіндейді таласқа түскен тартысты пікірін. Және ұзатпай осы шарттар орындалса, созылған қолды қармауға кет ары емес екенін жеткізеді. Әңгіме барысында көңілдері тоғысып, кең төсекте бастары қосылып, араға көп салмай жүкті болады. «Күйеуінің» ішімдікке жақын кісі екенін кешірек, сол шамада байқайды.

Бақыттан басы айналған «бал айы» болмағанмен, соның есебіндегі алғашқы тәтті кезде ауыздан не шықпайды, сезімге тояттап, шаттанған бір сәтте, қосағын да марқайту мақсатында, «саған ұл тауып беріп, бақытты етемін» депті, қалай айтқаны есінде жоқ. Көп өтпей аппаратқа түскенде, құрсақтағы шақалақтың «жылқышы» екені анықталады. Сол сол-ақ екен, барлығы өзгеріп, көтінен кейін кетеді. Ішкілікке біржола салынып кетті дейді жайсаң жан. Әдейілеп жаттап алғандай, таңертең де, кеште де аузында жалғыз ауыз сөз болды дейді. «Сен мені алдадың!». Ерніне бірдеңе тиді болды, соны айтып ұрандап, «Жұпаны» жан сала іздейтін болыпты. Жоқ, Жұпа емес, Жұпар. Еркелеткен түрі екен «Жұпа» дегені.

Кешікпей туған отбасы кетеді теріс айналып. Көлкілдеген көнтері алқашқа қайдағы есіркеу, артынан жұмыстан қуылады. Ендігі кезде арқа сүйер таяныш емес, көтеріп жүре алмас масыл боп бір-ақ шыққан. «Жайыма қалдыр» деп жалынса, «жарайды» деп кетіп, аз күннен соң қайта айналып соғады екен. Болмаған соң, із жасырып қашып осында келіпті. Бірақ, қалай дәл басқанын, ай өтпей соңынан қуа жетіп, тауып алыпты.

— Енді құтылам! — деді келіншек, жоқ, некесі қиылмаған екіқабат қыз. Осы тұста әлдебір бұлжымас шешімге бекінгендей тастүйін түр танытып. — Біржола құтылам!

Ертесі шынымен-ақ шұғыл жиналып, көшіп кетті. Бағыт, бағдары белгісіз. Бұл не деген махаббат екенін, араға апта салмай іздеп келіп, таба алмай кетіп жүрді «ана кісісі». Кейде еңіреп жылайды. Неге... қор болған алтын басына ма, әлде некесіз туылатын баласының тағдырын ойлай ма, беймәлім... өзін өзі тоқтата алмай, ал келіп ашына өксиді. Оның өкірген үнін естіп ары-бері өткендер түкке түсінбей дал болады.

Ал енді бұл жайды неге жатқызуға болады?

Аузында, бер жағында «көңілімнен өтпейді» дегенмен, осы бір ілкіде көп естіген, ал енді көміліп ортасында қалған жаппай етекалды құбылыстың сырына кәдімгідей саңы ауғанын артынан, арада күндер өте келе аңдады. Басында түкке түсінбей, не себепті осылай болатынына мән беріп, қалада бас қатырыпты. Алғашқы арында, тіпті, «Нәпсісіне ие бола алмаған ұшқалақ қаншықтардың жеңіл жүрісінің салдары» деп бір тоқтап еді, артынан шамалы іркіліп, аз-кем ойланған соң, «жасы өтіп, алда өзінің тағы біреумен бас құрайтынынан үміті қалмаған, отырып қалған қыздардың актық демде

қармаған жағадағы жалғыз талы шығар» деген уәжді көлденең қойды өзіне. Іле «Онда әлі он екіде бір гүлі ашылмаған жап-жас бойжеткендер неге жасына жетпей пұшпағы қанап жатыр?» деген сұрақ ұрандады ішкі жағынан қарсы шауып. Бірақ, оның да жауабы табылды. «Әлі ес жиып, етек жауып үлгермеген желөкпе немелерді «сүйемін», «күйемін» деп қармаққа ілдірген жырынды қулар максатына жеткесін обал-сауапқа қарамай, мөлдіретіп тастап кетеді жолда. Бәрін іс біткен соң барып бір-ақ ұққан сормаңдайлар кері қайтатын жол таппай, құрсағын құшақтап, зар-еніреп қала береді артта» деді жалма-жан. Осындай бір сұрау-жауабы арпалысқан итжығыс пікірлерге тым беріліп, бойлап кетіпті, соның неге керек болғанын соңыра барып әрең байыптап, сол арадан тізгін тартты. Сөйтсе, сол маңайдан, сол төңеректен өзі де бір «олжа» іздеген екен ғой әлдеқашан уақытын өткізіп алып, тұлыпқа мөңіреген құнажынның кебін кигені санасына кіріп-шықпай. Қайда?.. Түсіп қалған қайдағы батпан құйрық енді бұған мына жасында? Қайыс боп қатқан тұтам құйыршық болмаса, басқа еш нәрсе бұйыра қоймас мезгілінен кеш сермелген қолға... Соны байыптағанда, айтарға болмаса, еңсесі түсіп, кәдімгідей басылып қалды. Осы жайында неге ертерек ойланбады екен! Жастық қой баяғы... еш жағына қаратпай қарыса қақпайлаған. Өмір о бір кездегідей алаңсыз, уайымсыз өте береді деп қалыпты қара басып. Басыма қайғы келер, мұң үйірілер деп ешқашан күтпеген. Тіпті, жыл жылжыған сайын жас артып, адам баласының ақыры мәлкілдеген қарт қаңқаға айналатыны, сөлі қашып, тарамыс боп тартылатыны қаперіне келмеген. Қылаяғы сол ащы шындық та бір ұрылмапты санасына сарт етіп. Иә, махаббат жалынына шарпылып, жүрегі қатты-қатты соққан бір тәтті күндер болды. Бала кезі еді ғой... әлі мектеп құшағындағы балауса, балғын оқушы болатын. Қыздармен бірге үйірмеге қатысып, би билеп жүрді. Ауыл-аймақ түгел мереке шаттығына шомған бір думанды күні орталыққа жақын орналасқан әскери бөлімге барып, концерт қойды. Сонда көрді әлгі... әскери киімдегі от болып жанған орыс баласын. Байқамайтын ба еді, біріккен сауық кеште талайды тамсандырып ән шырқады әуелетіп. Үні қандай әдемі! Адам баласында ондай да көрікті келбет, сүйкімді әлпет бола береді екен. Соған бір сеніп, бір сенбей, қала қарап, аңырып қалыпты. Қасындағы қыз түртіп оятқанда барып есін жиды. Сөйтсе өнер көрсететін сәттері келіпті, шұғыл қамданып, сахнаға қарай жүгіре жөнелді. Қаңғырып келіп қалған қатардағы кезек болса шықпас еді, өзін көрсететін ұтымды шақтың ай болып туған орайын заматта шамалап үлгерген шайтан қыз мұрсатты қолдан бермей, тұра ұмтылды.

Билеп жүргенде жігіт отырған жақтан көз алмады. Сахнаның сыртында тұрып оның қайда барып жайғасқанын байқап алған, назары бастан-аяқ сол тұста болды. Оның алдыға беріле ұмсынып, үңіле қарап, өздерін қызыға тамашалауға кіріскенін көргенде жаны қалмай, барын салып бақты. Топтық бидегі орталық рөлде ойнайтын. Соңына шыққанда дүр көтерілген шапалақ даусының мұқым залды басына кие түндікті желп-желп еткізген алапат жаңғырығынан жаман өнер көрсетпегендерін байыптады. Өте-мөте ана жас сарбаз, тым әсершіл болар, қопандап орнынан тұрып кете жаздады. Соңына таман шыдамай тұрып та кетті. Жалғыз қара боп сорап бой созып, шаттана, шабыттана алақан соқты. Соның өзі ештеңеге айырбастамас жеңіс болды сол күнгі. Қалғанының құны көк тиын еді.

Қоштасар кезде жігіт өзі келіп, таныстық берді. Биік өнеріне деген сүйінішін ашық білдірді. Жүзіндегі сондай сүйкімді жымысының өзі айтқанынан да артық, жеткізгенінен де мол мағынаны айпаралап тұрғандай болды сол мезетте. Соңына дейін қастарында қалып, аттандырып салды. Сөйтіп, бала жүрегін алғашқы бұлқынысымен қоса көгендеп, сонда қалдырып кетті. Содан кейін сол бір қайта айланып соқпаған толқынысы мол, тәтті шақты

есінен еш шығарған емес. Тіпті, дәл қазірге дейін сол күйі жадында жаттап, сақтап келеді. Санасында ерекше тебіренісімен таңбаланып қалған ғажайып уақытты өмірдегі бірден бір бақытты шағым, ештеңеге теңгермес асыл кезім деп ойлаушы еді, енді сабырлы ақылмен сараптап қараса, ол — бақыты емес, соры болған секілді. Сондай бір оңсыз оқиға болып ұшырасыпты кездейсоқ кездескен бейсауыт жан тайқы мандайына. Олай болатыны, таяу уақыттан бері ғана байқап жүр, адам біткенді сол жігітпен салыстыра, салғастыра қарайтын шетін әдет тауыпты содан былай. Және ешкімді теңі көрмей, мұрын шүйіретін кесірлі әдет жабысыпты кене болып. Одан да сорақысы, сол сүйексінді нашар дағды осы күнге дейін бір елі арылмапты бойынан. Сонда ол қалай бақыт болмақ! Айдан анық — бастан ұшқан бақ құсы екен! Дегенмен, жасырып керегі не, жарық дүниенің жалғыз мәні сол жігіт болып сезілуші еді-ау о бір шуаққа толы ертегідей күндерде. Сәті түсіп, тағы бір кездесуді ұзақ аңсады. Іздеп баруға ұялды. Соған қарамай, неше рет сол манайды алыстан айлансоқтап, айнала торуылдады. Бірақ, еш нәтиже шықпады. Сандалып қайтып келді жұтаған жадау ауылына. Өзі ұмтылып, іздейтін шығар деп еді, не болғанын, ол тараптан ешбір әрекет болмады. «Бәлкім, келген шығар, кездестіре алмай, ақыры үміті үзіліп, тайып тұрған болар. Белгілі бір уәделескен жер болмаған соң, қайда барады, жан-жағына қарай-қарай, қабағына қалың мұң ұялап ұзай берген болуы мүмкін тұратын тұрағын бетке алып» деп ойлады кейін бір еске алғанда.

Баянсыз болса да сонда бұлқынған бұла сезімнің ыстық алауына шарпылып, шат болған шадыман қалпында біраз жыл ғұмырын алаңсыз өткізді. Кейін қалаға келген соң да алдынан қарсы кездесіп қалардай бір әсер иектеп, елеңдеп бағып еді, жоққа далбақтаған далбаса сезік екен, түк шықпады. Бірақ, біржола күдер де үзген жоқ. Сол үмітпен күн кеше берді қиялына қанат жалғап. Дәл қазіргі қиын күндерде де есіне алса, кәдімгідей жеңілдеп, жетісіп қалады. Көрген түстей бір жалт етіп өте шыққан елес болса да, жүрегіндегі бәсірелі орнын ешкімге бастырмады жазған. Соған қарағанда, оны шын сүйген болдым ғой деп, масаттана марқаяды кейде. «Мұндай шын бақытты бүкіл болмысымен сезініп, бар ділімен түйсіне алмай өткен қаншама мұңлық бар өмірде! Олармен салыстырғанда мен, қол жеткізе алмай қалсам да, сүйдім ғой, әйтеуір, арыстандай бір азаматты! От болып күйдім, өрт болып жандым! Бақыттымын!» дейді қайта тұтанған жанартаудай жалын атып. Ал әлгі... оның қайта кездеспей кеткен сұлу бейнесіне алданып, елесін малданып, басқа еркектің ыстық пейілінен құр қалдым-ау деген оқыс күдіктің омыраулап жүргені кейін... мұнда. Қараңғы үнгірге еніп, дүниеден түңіле бастаған таяу кезде ғана ойсыратқан оқшау ой тосыннан сап ете қалды. Онда да соншалықты бір кектеніп емес, солай болды ма деген батылсыздау байламмен жақаурата шолып өткен. Сол-ақ екен, түйықсыз салмағы артқан сол тұспал шүнетке шөккен тастай шойлап, байырқалап қалды. Содан қайтып іргесін көтеріп, көшіріп жібере алмай қор болды келген жағына.

III

Кісі қиялындай жүйрік нәрсе болсашы бұл жалғанда! Қас-қағымның арасындаашішекшесозылғансоншамаұзақуақыттыңаясынтінтіп, тіміскілеп, аралап өтіпті. Ал өзі әлі түртініп түнек ішінде отырған. Тас қараңғы үнгір. Соның соңғы көлденең қабырғаға тіреліп тоқтаған түкпірі. Өз үйінің есігінің алды. Жаңа бір әзірде күнделікті міндетімді атқарып тастайын деп сыртқа шығып еді, сол орнынан ешқайда қозғалмапты. Неше күннен бермен жарық жоқ екені есінен шыққан ғой, табалдырықтан аттаған қадамын кері алғысы келмей, табан тіреген жерінде бөксе басқан астындағы кішкене орындыққа

жамбасы жабысып, сол беті байланып қалыпты. «Ішкі жақ көрмей жүрген жерім бе, сонда омалып отырып-отырып әлгінде ғана құйрық үзген жоқпын ба» деп ойлаған еді артынша. Несі бар екенін, осы дәлізге шықса басқа бір әлемге кез болғандай күй кешеді... үнемі бола бермейтін сол сезімді де қиып тастап кете алмаған-ды екінші жағынан. Шынымен, қызық жағдай. Жатып-тұрып өбден жалыққан бөлмесінен алыстап, шаруасына дендеп кіріскен кезде ой мен қиялдың еңсені езген салмағынан құтылатындықтан болар, бойы кәдімгідей сергіп, жеңілдеп қалады. Оның үстіне, бұл ара күндіз аса тыныш болады. Тұрғындардың қарасын қайда батыратыны белгісіз, ұзаққа созылған кең дәліз қаңырап бос жатады. Тықыр еткен дыбыс естілмей, сілтідей тынады. Ел көшкендей құлазыған сол үнсіздіктің сырын кейін білді. Сөйтсе, адамдар, шамасы, уақытты солай өткізуді жеңіл санайды, ес-тұстан айрылып, аямай келіп ұйықтайды екен. Жұмысы барлары таң бозынан тұрып, жолына түсіп, қалған қолы бостары нас басқан жатыстарын арыға жалғайды екен. Не кінә қойғандайсың оларға, ерте тұрғанда не істейді түртініп, қой бағып, қора тазалайтын ауыл емес, көрпесін басына бүркеп, үлпершегі көмейіне жабысып қорылға баспағанда, не істемек? Жерге түскен алғашқы жарықпен таласып, өкшесі тыным таппай шапқылайтын уақ әлі келеді алда. Сол кезде табанынан тозып армансыз сабылмай ма жетпегірлер!

Түске таяу, сәске мезгілінде басталады мұндағы тіршілік. Бұрқ-сарқ қайнаған қызуы басылмас қара қазанға айналады. Алдымен балалар қимылға келеді, бірден, екіден тіріліп. Басым көп сандысы әлгі әкесінің кім екенін білмейтін, нағашылығының тізімін толықтырған тірі жетімдер. Оны ойлап жатқан олар жоқ, өздерін осы дүниенің жалғыз дара қожайыны сезінетін қараборбайлар түннің тең жартысын бастарынан аударып, қара тұяқтарынан хал кеткенде барып, тұмсықтарынан шаншылып тыным тапқан. Содан қайта бас көтеретін уақыттары, мана айтылғандай, келесі күннің сиыр түс әлеті, яғни, дәл осы шақ. Алтын күн тік төбеге көтеріліп, шарқыштана шақыраатын түс. Әр үйдің есігінен жылтың-жылтың қарап алып, суханаға қарай кезек-кезек бет алады. Таныс бокмұрындардың осы қызық қылықтары қалай есіне келді, солай сап етіп өз өмірінде болған, өзіне қатысты бір түсініксіз оқиға жадына оралады. Осыдан талай жыл ілгері танымайтын біреудің күтпеген жерден назары ауып, әлдебір құпияны ашқысы келгендей тікендей қадалып, құйтырқы сұрақтың астына алған-ды... сол жаңғырады сана түкпірінен жылтындап. «Сенің фамилияң – Қапанова ғой, ә?» болды қаймана кісінің алғашқы сауалы. «Иә» деді бұл ойында ештеңе жоқ жайбарақат бас изеп. Көкөрім жас болатын, бөгелмей, кідірмей, қолма-қол жауап бере берді білгісі келгеннің бәріне ағытылып. «Ал анаңның фамилиясы кім?». «Қапанова». «Ал әкенің?... ». Осы тұста іркілді. Төбеден ұрғандай бөгелді. Өмірі тап келмеген кілтің сұрақ. «Қайтыс болған» деген жалғыз сөзді ғана білетін, аржағы күнгірт. Тіпті, сұрап та көрмепті. Мүлде тектемеген. Дәл мына көлденең түсіп, алдын кескен қиғаш сұраққа дейін. Жауабын айтарда... жолы ғана емес, бүкіл ғұмыры тосылып, бұйымтайсыз кідіріп, ошарылып қалғандай болды. Солай болып барып, қайта жалғанды. Жауап бермеуге де құқы бар еді. Біреу айтқан, соттың алдынан басқа жерде таңдау бар деп. Тергеуде, тексеруде тұрмағаны мәлім. Дүкенге, шешесі жұмсаған бір зәру затты әкелуге жүгіріп келген беті болатын. Соңғы сәттегі шешімнен кейін, сірә, басындағы ахуал күрт өзгерді, кенет батылданып, «Оның сізге қандай керегі бар?» деді әлгі кісіге тік қадалып. Енді қарсы жақ мүдірді көзі жыпылықтап. Ішінде «жын» бар секілді, жүзі бірден төмен құлағанмен, қабақ астынан қарашығы тынымсыз ойнақтап қарай берді ұрланып. Сатушы есеп-қисабын жасап, ақшасын санап алып жатқанда да, артынан тиесілі дүниесін ұсынып, беріп жатқанда да беймәлім бір мазасыз күйге түскен көлденең көк атты андай жерде тұрып

тынбай жалтақтаумен болды бұл жаққа. Бұрын көрмеген адамның мұнысы несі екенін білмесе де көңіліне қарадай күдік қашып, лып етіп сыртқа шықты да алды-артына қарамай безіп берді. Соңына қайырылған жоқ. Бірақ, әлгі төңіректі түгендеген тіміскі жанардың ізін баса тысқа беттегенін, есіктен озғасын да сондағы бір ағаштың қалқасын тасаланып тұрып жон-арқасынан манағы аяздай зәрлі ащы сұғын өткізе, ұзақ телміргенін, сол сұғанақ қараспен ұзатып салғанын көңілдегі бір жаза баспас сергек көзбен анық көріп, қарасын үзіп еді. Әлденеден секемденіп аласұрған жаны әбден алыстап, ұзап кеткенде барып әрең жай тауып, тыныштанғандай болды.

Сілеусін көз сілімтіктің ойға келмес сауал тастап, «тергеуге» алғанын, артынша жауырын тұсын от боп қарыған сұқсыр қарашығымен жалынша қақтап жолына салғанын үйге келген соң анасына айтпады. Не дейді түктен түк жоқ, өзі ауырып жүрген адамға. Әкесі жайлы ешқашан айтқысы келмейтін, өткенін әлдеқалай есіне алса кірпідей жиырылып, күйген терідей қуырылып, аяқасты бүрісіп қалатын. Онсыз да науқас мендеп, қатқан тулақтай құрыса беретін тырысқақ кісіге ауыр тие ме деп аяды. Екінші жағынан, қаны қашқан әлгі бір сиықсыз жүзді, көңіліне күдік қашырған құйтырқы сауалдарды жадына қайта алғысы келмеді. Жастықтың әсері болар, сол оқиға сол күйі ұмытылып кетіпті. Содан кейін сол бір үсті-басынды тінтіп, ішіп-жеп қоярдай бағжия бағатын сүмелек көз, тозғын бейне де назарына қайта шалынбады. Енді ғой... арада көп жыл өткен соң, қапияда... өзі емес, өзі бұл уаққа жетпей баяғыда-ақ жер жастанған шығар, тегіне жете тергеген тікенек сөздері және бір айналып соғып, тақыр қолтық, талма тұстан қадалып, найза боп шаншылып тұрғаны. Айтарға болмаса, тіксініп-ақ қалды. «Рас, ә, осы уаққа дейін неге ойламағам... тегім кім менің осы? Мен кімін? Өз жөнімен ойнап жүрген балаларды «жолдан тауып алған» деп қыжыртып қоям, ал әлгі... нағыз не қылған... жолдан тауып алған «жолдыбайдың» үлкені өзім болып жүрмейін!..».

Барынша тез, жылдам құтылмасаң басынды жеп, жұтып қоятыны анық оппа қиялдан өзінді аулақтатпақ боп назарынды басқа тарапқа салдың. Дәл қазір жүзінді беріп отырған ұзын дәліздің келесі түкпіріне қададың. Айнала жым-жырт, тып-тыныш. Демек, осы бір жүріс-тұрыс әбден саябырлап, ел-жұрт толық жусап қалған тыншу аралық жұмысты еңсеріп, тындырып тастаудың таптырмайтын уағы. Талайдан бері қалыптасқан үйреншікті дағдымен үртіс қимылдап қалуға бекіп, жедел әрекетке көштің. Қырсық шалғанда, күтпеген бөгеттің алдыңнан қарсы шауып, қасарыса жол кескені – көз көлегейлеген қараңғылық жайы есіңнен шығыпты. Санаңа қайта сап еткенде, қыларға айла таппай, таусыла тоқырап, басыла бердің. Қарадай мысың құрыды. Манадан бері жолын бағып, сарғая күткенің аз болғандай, алда да сарылып, қарайлайтын түрің бар. Ештеңенің ентігіп жетіп келер сыңайы байқалмайды. Арасынан бірдеңе іздегендей бөксе басқан тұстан қадалып қанша тігілсең де, тұтасқан түнек ішінен дым шалындыра алмай, дінкең қатты. Соған қарағанда, қарашық қамаған көлкеш мұнардың жуық арада іргесі сөгіліп, ыдырай қоймасы анық. Дегенмен, жазған құлда шаршау бар ма, көрген дүниеден көңілің қалып, десің қайтқан жоқ, ары қарай да тесіліп, ала алмай жүрген көзақың бардай телміріп, баға бердің.

Түбі көрінбес терең қуыс. Таяқ тастам жерден ауаға шашылған бор тозаңындай болмашы ғана алаңғыт тұман байқалады. Шамалауынша, ол – астыңғы қабаттан көтерілетін баспалдақтың сырт жағындағы қабырғадағы терезеден түскен селдір жарық. Күнгірттеніп, аласақсактанып түсетіні, онда әйнек жоқ. Қысқы суыққа қамсау болсын деп көлденең тақтайларды қатарлап қағып, ілдалдалап қойған. Даладағы кең дүниені нұрға бөлеген шүлен шұғыла сол жалпақ ағаштардың арасынан қысылып-қымтырылып өтіп, соңғы жұғындары ғана ішке өлеусірей жамырайды. Одан сәл қашықтағы

аяқ басар текпішектерге жеткенше және біраз әлсіреп, сұйылып, тегіс текше – енді еденге ақтық жұқанасы ғана жағылады. Сүт төгілгендей сәуле тарап тұруға тиіс ауқымды аумақ соның кесірінен бұлыңғыр, бұлдыр.

Одан ары – саңылаусыз түнек. Ілгері үнгіп кеткен дәліздің ол жақ бөлігі – қасат қараңғы ұйыған тілсіз кеуек. Түсі суық, меніреу үнгір. Мың жыл бойы осылай демін ішіне тартып, тынып жатқандай түнере тұнжырайды. Артына бір қарауытқан құбыжық жасырынып алғандай, жүрек шайлықтыра, көңіл қаймықтыра сазарады. Сағаты соққан бір мезетте әлгі пәле қарғып шығып, бері қарай оқ болып атылардай. Сондай бір сұсты үрей тарайды маңайға. Қарап отырып адамның зәресі ұшады. Жанарын жылжытып басқа жаққа алып кетейін десе, қарашық тиянақтар өңге ноқат жоқ – назар ілетін, ықылас байлайтын жалғыз алданыш сол, енді сол манды – аңырайған апан аузын аңдып, омалып отырғаны.

Сескене үнілгендіктен болар, қайдағы жоқ ойына оралып, қарадай зықы кетті. Әйтпесе, күнде көріп жүрген жері. Бір емес, екі – қос кезек басып өтетін жолы. Алдымен табалдырық басын түгендеп, сырғытып сыпырып алады. Артынша сол ізді суытпай, үстін басып жүріп, суға малынған кенеп сүрткішпен айнадай қып сипап, сүртіп шығады. Күн құрғатпай емес, ара салып. Дүйсенбі, сәрсенбі, жұма күндері. Сол себепті онда қарашығы қадалмаған бүдір, табаны тимеген нүкте жоқ. Түк қалдырмай адақтап шыққан. Өйткені, артында қылайған қылпық қалмауы керек. Талап солай ғана емес, бастысы, жұмысқа айғайлап тұратын сондай адалдық керек.

Лат, қораш болғанымен, осы жұмысқа тұрғалы бері көңілі алаңнан, басы уайымнан арылды. Тазалайтын жеріне таскене боп қадалатын мұқияттылығының арқасында неше рет көлденең олжаға да тап болды. Кісі қиялына кірмейтін жәйт. Бір жолы шиыршықтап бүктелген көк қағазды түкпірдегі бір қуыстан көзі шалып, не екенін білмекке алып қарағанда су жаңа шетел ақшасы боп шығып, шалқасынан түсе жаздағаны бар. Қорыққаны да, қуанғаны да белгісіз, жүрегіннің тас төбесіне қарғып, капелімде не істерін білмей, қатты састы, әлі есінде. Қойнына сүңгітіп жіберді ізінше. Бағып тұрған ешкім байқалмағасын, жұмысын ары септеп, жалғастырып әкетті. Шаруа біткен соң, үйге әкеліп қайта баққанда, шынымен-ақ АҚШ доллары екенін көріп, кезекті рет әрі-сәрі күйге түсті. Санын шапалақтап шаттана да алмай, бейжай боп бейтарап та қала алмай, екіұдай халдің тартысында әбден абдырады. Нәпсісін қытықтаған әлдене тәтті дүниенің дәмін күні бұрын сезгендей көңілі құрғыр құмарта, құтыра лепірсе, артынша өзіне қатыссыз затты қанжығасына байлап, заңсыз иеленіп кеткен «қарақшылығы» есіне келіп, қарадай қорқып, іле, бар-жоғы белгісіз әлгі ар соты деген, сірә, сол болар, тамағына бірдене тұрып қалғандай жайсызданып, қарап тұрып қорланып, қай тарапқа ауарын ұқпай, қатты дағдарды. Аз іркілістен кейін ал келіп еңіреп жылады дейсің, өксіген баса алмай ұзақ солқылдады. Сабырын шақырып, өз-өзіне келген соң да әуелгі қалпын таба алмай, кәдімгідей берекесі кетті. Алдыңғы салған салабасы аз болғандай, енді қайтсем екен, не істесем жөн болар деген жауапсыз сауал тура өңменнен килігіп, қайдан барып шығарын аңдатпаған қуатты қақпақылдың ит жығыс додасында лақ боп тартылды. Неше рет орнынан атып тұрып, алған қуысыма апарып тастайын деп оқталса да, жеме-жемеге келгенде, бәрібір, өзін-өзі жеңе алмай, құйымшағына қорғасын құйылғандай зіл тартып, омалып орындығында қалды. Ал тыныш отыра берейін десе, өзі де білмейтін тағы бірдеңелер бүйірінен түрткілеп, жайына қалдырмай қинады. Сөйтіп, талайға дейін бір бекімге келе алмай, санасы сан бөлініп, бірде қарсы жағынан тас түрменің темір есігі елестесе, енді бірде ішіне әлі кіріп көрмеген, сырты әйнек, шыны такталардан қалап салған, еңсесі биік, маңы әсем су жаңа

сауда сарайларының айнадай жарқыраған кіреберісі шаң беріп, екі ортада алақтап, қарадай аласұрды. Қапелімде қақ жарылғаны сонша, қос басты қоржынның ешбіріне ауытқи алмай, еш тәуекелге міне де алмай, иден енді шыққан шылғи қайыстай кергіге түсіп, әбден кергіленді. Сағызша созылғаны сонша... жаны оңбай қысылып, соның аяғынан ақыры тағы бір кезек егіліп, көз жасына ерік берді... Кісі ақысын қисынсыз қымқырып кету деген айтарға болмаса, аса жеңіл шаруа емес екен. Масқара болғанда, жығылғанға жұдырық болғандай, қап түбіндегі жарты бақыр талқанның таусылар күні таяу еді ғой, бір қапталдан ол да қосанжарласып; ертең келіп біреу кеңірдектен алардай болған үрейлі, үркек хал де екілене қара таласып, екі ортада көкпар боп тартылып, дал-дұлы шықты. Аяғында, әйтеуір, өз қисынына өзін зорлықпен жығып, ұрлап алған зат емес, тауып алған дүние, орнына апарып тастағанда, иесі сол араға жасырған болып, қолына тисе жақсы, ал іс жайы басқа болып, андаусызда түсіп қалған, кейін жер сыпырған балақ лебімен сырғып, өзге жаққа қаңғып кеткен, әлгі қуысқа барып бекініп, нық орныққан нәрсе болса, қаймана біреудің қанжығасында кетпей ме, одан да тәлейіме тура келген «табысым», жанымда қалсын, деп ақтық шешімін әрең қабылдады... ал біреу-міреу байқап қалса, реті келгенде кейін бір қайтарармын деп, іс түйінін өлгенде барып зорға түйді. Сол байламды жөн көріп, құны артық көк қағазды шөнтегіне сүңгітті. Сөйтіп, қайта шыға алмас қылып құз теренге тастады.

Осында келіп ірге бекіткеннен бері бір андағаны: мұнда жарық жиі сөнеді. Рас, алғашқы кезде ондайы жоқ болатын. Қайталана беретін үйреншікті дағдысын кейін, жүре келе тапты. Жылжыған жылдарға ілесіп, тіпті, үнемілік іске айналды. Түсте кетіп, кешке келсе тағы мейлі ғой. Апталап, тіпті, айлап жоғалатын болды. Сондай ұзақ-ұзақ үзілістерден кейін білді, жарық деген тек айналаны жарқырататын шам ғана емес екен. Бұл оның, бар болғаны, бір қыры екен. Оған талай нәрсенің тағдыры ажырамас болып байланыпты. Тірнектеп жүріп тапқан тиын-тебеніне алып келген көже-қатығы кеңірдегі жұлынғандай сілейіп үнсіз қалған тоңызтқыштың ішінде бір жетіге (бәлкім, одан да аз) зорға шыдайды екен. Сонан соң ол ішпей-жемей бұзылып, қараптан қарап тұрып керексіз затқа айналды екен. Бәрін бірден пісіріп жеп алуға үлгермейсің ғой, өйткені. Сол қолдағы азық-түлігіңізді әзірлеп, алдыңызға ас қылып дайын ететін қазан-ошақ деген қат құралыңыздың кіндігі де сол қуат деген әлеуетті көзге шандыла маталыпты. Дамыған заманның күнделікті тұрмысты жеңілдетеді деп жиып алған жетістіктерінің бәрін қозғалысқа келтіріп, ырғап тұратын көмескі күш сол өзегі темір ұзын таспаларды қуалай жылжитын көрінбес ағын екен, ал аналар – соның ұзына желісіндегі бұршақтарға бекітілген басы байлы көген. Ал нәрін беріп, емізіп тұрған жомарт желін тосын қожырап, суала сарқылса, әлгінің бәрі табан астында түкке жарамай, қажетсіз терсек үйіндісіне айналып шыға келеді екен. Соған куә болды. Сонда барып қадірін білді о пәленің. Ал ол қасқалдақтың қанынан құнды зәрует дүниенің неге үнемі жоғалып, мұндағы жұртты қаран қалдыра беретінінің сырын одан сәл кейін, тағы сондай бір қолдан ештеңе келмей бос қаңтарылған шарасыз күндерде байыптады.

– Қыздар... қыздар, тез жиналамыз! Тез! – деп жаңғыртты бірде қаңырап қалған қараңғы дәлізді жау қуып келе жатқандай ұрандаған әлдебір әйел дауысы.

Есіктің ашығынан басын шығарып қараса, астыңғы қабатта тұратын жүз таныс кәрі қыз екен. Жолдан тауып алған баласы бар өзінің. Сірә, некесі түспегендіктен болар, пұшпағы қанағанына қарамай «қыз» аталатын. Дігірлеп таяп келген сол «бойжеткен» осындағы тірі жанның түгел көшіп төменге түсіп, есік алдына жиналып жатқанын хабарлады. Дауысының тым жарқын шыққанынан ұйымдастырушының өзі екені анық аңғарылады.

Не болатынын көппен бірге көрейін деп, бірдеңе шығатынына бір сеніп, бір сенбей, аяндап еніс құлдады. Шамасы, мұның осында тұратынын көп ел білмейді, байқап қалғандар мынау қайдан жүр дегендей танданып, үдірейе қарады. Көбі елең еткен жоқ, гуілдеп өз әңгімелерін жарыса гулетіп тұра берді. Әлдеқашан ұмытып қалған, бір кезде өзінің осы жатақхананың түкірігі жерге түспейтін әміршісі болғанын әлгіндегі тіксініске толы суық әлпеттерден жадына алып, әлденеге кінәлі адамдай ығысып, шегініңкіреп барып, бір шетке табан тіреді. Жоқ. Сол алғашқы қырағы назарлардан өзге танитындар кездеспеді. Мүлде өзгеріп кеткен беймағұлым қауымды көрді қарсы алдында жыпырлаған.

Іле камераларын көтеріп, аш итше жаланған тілшілер де келе қалды сау етіп. Тұрғандар лап қойып солай жапырылды келесіде. Еріксіз ілесіп, сондарынан ілбіді. Қызық екен. Бұрын-соңды араласып көрмеген тың өмір ғой, шымылдығы енді түрілген су жаңа қойылымдай көз алдындағы бейтаныс тіршілік жанданып, қозғалып қоя берді. Ілкіде теледидардан ғана көзайым болатын алыстағы жағдай мысықтабандай жылжып, әлдеқашан іргеге жетіп алыпты. Енді, міне, мені көрдің бе дегендей тұмсықтың ұшынан қылан ұрып, жүзіне тосылды. Жоқтан дәмеленіп, мойындамай жүргенімен, дүниенің тоны баяғыда айналып, өзгеріп кеткенінің бір дәлелі осы болар, тегі!..

Түсініксіз ғана емес, алғашқы сықпыты білініп, қалыпқа түсіп келе жатқан бүгінгі күн қызық та екен. Неге екенін, біреуді біреу біліп болмайтын қым-қуыт жағдай орнапты бұл елге. Бұрнада барлығы бір жерден, бір қолмен басқарылатын дүние енді тарау-тарау боп бөлініп, қырық тарапқа тарап, бытырап кетіпті. Басын қосудың өзі қиямет. Соның бір мысалы, міне, бүгінгі ахуал: жарқырап жанып тұрған жарық жалп етіп сөне қалса, себебін білетін тірі адам табылмайды жер-көктен. Білмеген соң, әрине, жан баласы жауап қатпайды жақ ашып. Еститін құлақ, көретін көз жоқ алыс-жақында. Сосын қайтесің? Қаңтарылып қараңғыда қалған мүшкіл халінді үкіметке жеткізуің керек. Ол үшін, міне, дәл мыналар құсап, тайлы-таяғың қалмай қотарылып шығып, дауысың жеткен жерге дейін үн қоса айғайлауың шарт, солай етуге міндеттісің. Оның өзінде елең еткен жан, тұяқ қыбырлатқан ынсан болмайды. Сонан соң не істейсің? Келесі зор, түкке керексіз болғанымен, аса қажет алып қадам тасталады — не көшеге, не үні бүкіл республиканың түкпір-түкпіріне жетіп, еркін тарап тұрған теледидарға шығып жабыла, жар сала, бөрінің көтіндей шулайсың. Жаппай. Сонда ғана бір тұстан жеті қат жер астынан шыққандай құмыға талыққан «мыңк» еткен бір дыбыс келеді құлағыңа. Сәті түссе, содан былай ғана сірескен сең біртіндеп қозғалады, ал сәті келмесе, ол да жоқ, қайта барып құрдымға батып, төңірек баяғы санырау, мылқау қалпына тағы түседі. Ары қарай тым-тырыс, жым-жырт мүлгіген өлі үнсіздік. Кісі екен деп бір пенде тырп етпейді. Әншейінде мемлекеттің басты байлығы, биліктің қайнар көзі деп есептелетін, саясаткерлер биік мінберлерден солай деп күнде озандап жатқан, өтірік-шыны белгісіз, әлемнің қай түкпіріне барсаң да қауқары күшті Ата заңдарына солай деп жазып қойған, соған қарамай, қазіргі танда бөрі керісіне бағып, тындырған ештеңесі жоқ, кешке шейін үкіметке қол жайып, сұрамсақтық қылғаннан басқа қолдарынан келері кем деп күстаналанып, қатардан шығып қалған, ендігі жерде бақыр басының көк тиындық құны қалмаған екі аяқты нәсәлдің қадірі әбден қашқан алмағайып заман орнапты. Ешкімді ешкім біліп болмайды. Басқалардан бағы үстем болуға тиіс адам баласының осынша құлдырап, қорадағы қой құрлы нарқы қалмаған жарытымсыз жағдайына таң қалып, бармағыңды шайнайсың? Бірақ одан не пайды? Жауап болмайды ешқайдан. Қимыжық, ұғынықсыз бір уақыт кезек алыпты сағаты соғып.

Ал сен білгенде, осыдан аз жыл ілгері... еңбек адамдарының, мемлекеттік қызметкерлердің мұндаймен шаруасы болмайтын. Әркім мойынына алған өз

міндеттерімен айналысатын. Мынау сияқты көді-сөді істердің жауапкершілігі арнаулы мамандарға тиесілі еді. Бір жерден ақау шықса, қайдан білетіндері белгісіз, тізгін ұшымен келіп, бір демде жөргегінде тұншықтырып, тындым қылатын. Мынаның аты не енді бейкүнә тұрғындарды босқа шулатып? Бұлар сандалып мұнда, болмас істің артында жүрсе, жұмыстары қайда қалады арқаларына артқан? Онда қалай шаруашылық ілгері басып, қоғам алға жылжиды? Осындай да бассыздық, жүгенсіздік бола ма екен, тәйірі? Осының бәрін ретке келтіретін бір пәрменді күштің болмағаны ма сонда? Ғасырлар бойы аңсап, өзгенің қолынан өлгенде әрең қайтарып алдық деп жер-көкке симай, масаттанып жүрген әлгі оңаша отау, көтерген шаңырағың, оның мықтап уысқа түскен жеке «тігін-шылбыры» осы ма сонда? Ой, бүйткен...

Бірінен-бірі асып даурыққан елдің дабыры біразға дейін басылмады. Қара сөздің нар қайысар салмағы, әлде басқа түскен жағдайдың қиындығы, бәлкім, кешке экранға шығатынын білгендіктен абдырап, ішкі тепе-теңдікті жоғалтқанда лықсып сыртқа тепкен толқу әсері, әйтеуір, сөйлеп тұрып өздерін тежей алмай көз жастарына ерік біріп, сорасын сығып алғандар да болды араларында. Лепіре көтеріліп, әуелей қалықтаған дауыстар жай ғана өжеттік боп қалды оның қасында. Соңыра барып ап етпедігі екпіндері қайтып, түгел сабыр тауып, сабаларына түсе бастады.

Іле жеке адамдарды оңаша шығарып алып, сөзге тартқан оқшау сұхбаттар басталды. Бәрінің ту сыртында топырлаған ашулы топ тұрды артқы көрініс болып. Барлығының қайталайтындары жалғыз ауыз сөз: жарық өшкелі жарты айдан асты. Қайда әлгі бар болғыр үкімет? Не қарап отыр?

Дәл осы кезде көше жақтан жиналғандарды бетке алып шыттай киінген, ресми адам екені сонадайдан танылған көзілдірікті жас жігіт келе жатты жаймен аяндап. Қолтығында қарны қабысқан жұқа папка. Соған қарағанда, дәу дәкей емес, қатардағы «жауынгер». Байқап қалғандар, беттерін солай бұрды. Күтпеген қадамын бажайлап, журналистер шақырған шығар деп топшылады ішінен. Іле алға аттап, топ бүйіріне барып қосыла берді.

— Жақсы... жақсы! — деді жас жігіт анталағандарды сабырға шақыра, қолын көтеріп. — Сабыр сақтаңыздар. Шуламаңыздар! Жағдай бізге белгілі. Өшіп қала беретін баяғы жарық қой... қосамыз. Қазір қуатпен қамту орталығымен келіссөз жүріп жатыр. Эcranға шығарып, дуылдатпай-ақ шешетін едік. Болды енді... болар іс болды... соның күтейік.

— Біз шарасыз қалдық, — деді осы кезде тұрғандардың біреуі жігіттің сөзін бөліп. Сөйтіп еді, қалғандар да кезек тоспай жамырай жөнелді. Армансыз бір ақтарды дейсің іштеріне жиналып қалған талай заманғы шер-шемендерін.

Шыққаным дұрыс болған екен дедің сен айтылғандарды тындай келе. Өйткені, арадағы әңгімеден өзің білмейтін, тіпті, болады деп ойламаған талай сұмдықты естіп, көп сұрқиялыққа қаныққан едің. Бұрыннан бар, әлде кейін төбе көрсетті, ПИК деген бір пәле шығыпты. Тіркеудегі тұрғындар қатарында жарық, жылу, суы бар айлық пәтеракыларын соған апарып төлейді екен, ал ол одан ары... тиісті жеріне. Мәселе ушығып, ашыққа шыққан осы кезде мәлім болыпты, көптен бері жарықтың ақшасы қажетті көзге жетпеген. Тау болып көбейген алашағын уағында ала алмаған жарықпен қамту орталығы одан арыға шыдамай, келген де, желіні қиып тастаған. Қарыз төленбесе, ендігәрі қоспаймыз депті. Мұны естіген тұрғындар одан сайын өршеленді. Айтуларына, пәтеракыны уағында төлеп тұрыпты, ендігісіне ПИК жауапты екен. Керек болғанда естеріне түсіп, оның жауаптысын іздеп еді, маңайдан таппады. Барам деп уәде берген кісі жеме-жемге келгенде жалт беріп, басын алып қашып, өкілін жіберген. «Мұнысы несі?» деп көзілдірікті жігіт қатты ренжіді. Өкіліне қайта-қайта хабарластырып жатып, ертесі әкімдікте өтетін жиналысқа қатысатын етіп, бұлтартпас қылып шегелеп

тынды. Бір рет алданған үкімет адамының істі түбегейлі бітіргісі келсе керек, «бізге ұсыныс енгізіңіздер» деді жауар бұлттай түнеріп. Биліктің иек астына баратын болғанына қуанған жұрт әлденеден үміттеніп, ақшаны бұлай далаға шашқанша, жарық есептегішті үйлерге кірізіп беруін сұрайық деп шешті ақылдаса келе. «Ортақ өгізден оңаша бұзау жақсы» деген осы болады» деді араларындағы есеп-қисапқа жүйрік үлкендері. Тоқтам осы болып тарасты.

Ертесіне бәрі қотарыла көшті әкімдікке қарай. Сонда көрді өздерін көрдей қара түнекке қамап қойып, көлеңкесін көрсетпей жүрген қашаған сұмырайды. Жиналыс тізгінін ұстаған көзілдірікті жігіт мәртебелі мейман – әкім орынбасарынан кейін едел-жедел «тұрмыс» деп аталатын ПИК-тің төрайымы Айжан Жақыповна деген біреуге сөз беріп еді, зал тілін жұтып, тынып қалды. Көп күттірген жоқ, алдыңғы қатардағы орындықтардың бірінен үлбірей көтерілген, өткендегісінен де әсем киініп, одан сайын құлпыра түскен әлгі бір түрік ерін келіншек тақ бір салтанатты рәсімде үлкен сыйлық алуға риза көңілмен қадам тастағандай жымия күліп, ырғала басып сахна шетіндегі баспалдаққа қарай қаздай қалқып жылжып бара жатты. Сен неше күннен бері есімі жиі аталып, елді ұлардай шулатқан, жұрттың діңкесін құртып, әбден шаршатқан дауасыз сұмның өзін танитын, танитын ғана емес, сұлулығына тандай қағып қатты арбалған, басың айналып, әлдеқашан құлап қалған кербез сылқым екенін біліп, есіңнен танып қала жаздадың. Бірақ, шыны керек, оны мұндай жаман атқа қимадың. Артынан «ондай қадамға барса, ел білмейтін бір себебі болған шығар» деп, қолма-қол ақтап алып, өзіңді әрең жұбаттың. Сен сөйтіп өзінмен өзін итжығыс түсіп, керісіп отырғанда басқышпен жоғары көтеріліп, бойына жабысқан асыл мата сымбатты тұлғасын одан сайын бадырайтып аша түскен, толысқан аршын төсі алдыға озып, қайқы қылыштай қайқиған қақпан белі жұмыр бөксесін бұлттытып кері толқытқан бұла бітімін ел көзіне бір сәт тосып алғысы келгендей толықсыған мінсіз мүсін бір шетке қарай ысырылып, көлбірей түрілген шымылдыкқа жетіп, әнтек кідірді де, іле ілгері аттап, сол маңға орын тепкен шешендерге арналған микрофоны бар мінберге жақындай түсіп тізгін тартты.

Ары қарайғы сөз көпке созылған жоқ, жұмыс салған жерден ойдағыдай болып шешім тапты.

– Әкім орынбасарынан қорыққаннан ғана шартқа келісті. Әйтпесе, қашқан түлкідей тағы бір бұлтаққа салар еді... Ертең оған күні түседі ғой. Соны ойлап, амалсыз мақұл болды, – деді кеше «оңаша бұзау» жайлы айтқан кексе әйел есіктен шыға бере. – Бірақ, бұл пәленің қашанда есебі түгел. Айтпады демендер, ебін тауып және бір жерден есесін қайтарып алады. Қара да тұр!

Ал, сен болсаң, Қазақстанда әлсіз де болса әлі де үкімет барына анық көз жеткізіп, таңырқап қалдың. Бірақ, тым дәрменсіз, пәрменсіз екен. Биліктің осыншама қауқарсыз болғанын көруің бірінші рет. Билік дегеннен гөрі елдің арасына кіріп, дау-дамайын реттейтін араағайын, үйлестіруші деген әлдеқайда дұрыс сияқты. Қайтесің енді, осының өзіне шүкір етпеске шара не қазір. Қайда... баяғы дүниені төңкеріп, орнына шыт жаңа әлем орнатқан жасампаз кеңестер билігі?! Жоқ қой ол! Қандай тегеурінді, қандай жойқын еді десеніңші?! Дүниенің бір бетін аударып, астына түсірді ғой өзінің дүркіреп тұрған шағында!

Араға аз күн салып барып жарық келді. Айға жуық жылт көрмеген тұрғындардың көздері ашылып, әй, бір жетісіп қалды дейсің! Кәдімгідей мерекеге айналды самала жамыраған шырайлы сәт. Балалар тіпті шаттыққа шомды! Бір таңқаларлығы, сондағы үй бас сайын салынған салық – жүктелген қаржылық міндеттеме, барлығы дерлік, тағы да айналып өтті сенің маңыңнан, шеніңе жуымай. Неге олай болғанын кім білсін, тартқан жарық желісі мен орнатылған есептегіш үшін ешкім келіп ақы сұрамады. Сен де үндемедің.

Қалай үндейсің, алдыңғысының өзін тиыннан құрап, тырмаштап жүріп әрең төлесен. Сол тырс етпеген қалпы жабулы қазан жабулы күйі қала берді. Әлгі әсем жаратылған әдемі келіншектің үнсіз келіп шарпып өткен кезекті шапағаты екенін сен іштей шамаладың. Бірақ, «неге» деген сұраққа қанша бас қатырсаң да, жарытымды жауап таба алмадың. Ақыр аяғы, құдды өткен жолғылардай өзіңнің кезінде тіке бағынышты болған бастығың тарапынан бір пәрмен болғанына жорып, төбеден нұр саулаған жарық бөлменде отырып, зор тебіреністен жүрегің тағы да дірілдеп, көзіңе жас алдың. «Қандай асыл адамдар! Кеңес үкіметі тәрбиелеп жетілдірген бір ауызды, уәдеге берік, көңілі құлаған адамын жер түбіне дейін аркалап апаруға дайын құрыштан құйылған болат бітімді сом жандар ғой олар!» дедің қатты толқып. Тағы бір жерінде «Қаусаған кәрі болса да кезінде содан бір бала тауып алсам жағдайым бұдан да жақсы болғандай екен ғой! Онда тіпті қала сыртындағы коттедждердің бірінде отырар ма едім, кім біліпті?» деген бір өкініш жылт етті тереңнен. Бірақ, бұл әттеген-айға артынша «шал байқұстың оған шамасы келмей қалды ғой. Әйтпесе, жайдан-жай мені жайыма қалдырар ма еді?» деген бір құпия күдігін тізгін ұшымен келіп жауап берді ізінше. Сөйтіп, жаңа басталған тәтті қиялың қас қаққанша болмай үзіліп, жөргегінде сөніп тынды.

Білінбей жүргенмен, «оңаша бұзаушыл» әлгі тәте әулие екен. Айтқаны айдай келді. Жарықтың жарты әлемді жаңғыртқан жыры бітіп, арада көп өтпей, басқа бір, мүлде күтпеген, ойға да кіріп-шықпайтын, тіпті, жүзеге асуы да мүмкін емес істің құлағы қылтиып, ұзын-сонар қиссасы басталып жүре берді. Басында бірден-бірге өтіп, сыбыс боп тарған қауесет ақыры шындыққа айналар болып, онсыз да күпті көңіл жандардың көмейіне тас болып тығылып, ары-бері ас өткізбей кептелді де қалды. «Сухана жабылады екен!». «Сухана жабылады екен!». «Жарандар, сухана жабылады екен, естідіндер ме?».

«Онда ел қайдан су ішеді?». «Білмедік!». «Түкпір жағындағы дәретхана ше?». «Ол туралы әңгіме жоқ әзірше».

Бұның елдің аңысын аңдыған алғашқы сыбыс екені айдан анық еді. Болмаса, бесенеден белгілі емес пе, сырттағы есік бекітелсе, іштегі бөлменің не болатыны. Ауыз ауыртуды қажет етпейтін шаруа.

Осы араның тұрақты тұрғынына айналғалы бері жел боп ескен кез келген лепестің түптің түбі шындыққа айналып тынатынына әбден көзің жеткен сен бұл қаңқуға аса мән бермедің. Ал, басқалар тың жаңалықты бастарына қара бұлт үйірілгендей ауыр, тұншыға, түнере қабылдады. Жайсыз хабарды естігенде ашу қысып, қатты ашынған біреу «сонда біздің алды-артымызға ағаш тығып, бітеп қоя ма екен?» деп мырс етіпті. Кешікпей сол сөз құйын қуғандай құйғып, жылдам тарап кетті сыбыр баққан жарғақ құлақтарға. Сыбысқа арқау болған іс бірден жүзеге аспай, сан саққа өріп, жылдам өрістеді де, қарға аунаған түлкідей болып неше құбылды. Көнігі тәсіл. Ақыры алып соқпай қоймайтын жымысқы амал. Сырын білгендіктен, тырс еткен жоқсың сен елден озып.

«Дәретхана мен суды ақы-пұлсыз өздері үйге кіргізіп береді екен» деп гуледі мазмұны бір өзгерген, жарқылы басымдау кейінгі жаңалық. Қарауындағы соңғы телім өрістерін тартып алғандай болған ыңғайсыз ісінің өтеуіне тағы... бұрын болған, бірақ, көптен бері қаңтарылып, тоқтап тұрған құбырдағы ыстық ағынды қайта қосып, сарқыратып ағызып бермек бопты қожайын және. Бұдан былай науамызға жылы су толып, қажет кезінде үстіден жаңбыр боп жауып, аядай айдында балық боп жүзеді екенбіз, кәдімгі қаладағы басқа үйлердегі секілді бақытты өмір басталады деп қағылды соны бір даңғаза дабыл алдыңғы қауесеттердің құйрығын баса бере. Біреулер оған тіс-тырнағымен қарсы болып, табанда шабуылға өтті. Ал сен... солай болатынына еш

күмәнданбай жылы орнында жымылып отыра бердің. Осында болған біраз жылдың мұғдарында мұндағы көрінбейтін пәрменді биелеушінің жұмыс тәсіліне біршама қанық боп қалғандықтан, ашыққа шығармағанымен, есебінді түгендеп, шотынды қақтың да сарыла күттің ақырын. Жинаған тәжірибен негізінде хабары сан тарау боп тарағанмен қолға алынған шаруаның аяғы, соңғы есепте, алдынала көздеген жеке маңында орын болатынына нық сеніп, артын бақтың. Алаөкпелене алға түсіп, аңқылдауға болмас еді, олай еткенде, қарап тұрып арандауын әбден мүмкін-ді.

Қарсылық танытушылар кешікпей жұдырықтай жұмылып іске кірісті. Жетекші, кейін белгілі болды, осы жердің ежелгі тұрғыны, алдыңғы неше ретке мүлік бөлісінде есесі кеткен, сол себепті өте ашулы, қайтпайтын қайсар, күрескер әйел екен. Болғызбаймыз депті. Кезінде несібесінен қағылған жалғыз ол ғана емес қой, артынан табандап еретін жақтаушылары да табыла кеткен жабыла ұрандап. Енді бәрі тізе қоса отырып жойқын шабуылға өтпек. Қалай дейсіз ғой. Ойлана келе, дәл осы тұста сөзі аса өтімді боп тұрған жүйрік журналисттерден біреуін табу керек деп шешіпті. Іздегенге – сұраған, ол да табыла кетеді тура іргелерінен. Әлекедей жаланған нағыз жалаңтөстің өзі боп шығады. Бірақ, өзі тікелей іске кірісе алмайды екен, себебі, жұмысы басқа бағытта. Бәлкім, өзін алдыға шығарып, ел көзіне түсіргісі келмейді. Бірақ, басқалардың қолымен көсеу ұстап, от көсейтін болып келіседі. Сол замат әлде кіммен қолма-қол хабарласады. «Жақсы, – дейді қарсы жақтағы адам бірден құлай жығылып. – Жұмысты мен өз бақылауыма аламын. Анау-мынау емес, біздікі қалалық әкімдіктің көз-құлағы, орган газет. Істі бастау үшін алдымен оннан артық адам қол қойған арыз керек. Еш ақысыз тексеріп, қоясын ақтарып, қолына ұстатамын. Заң тұрғысынан алғанда, олай істеуге ешкімнің құқы жоқ. Сухана мен дәретхана толығымен тұрғындарға ортақ мүлік».

Дереу қол жию басталады. Арыз қағазды көтеріп кеткен әлгі әйелдің сол күйі қарасы батады. Жоқ. Жер-көктен іздеп таппай қалады артындағы самсаған «қалың қол». «Өзіміз әрекет етейік» дейді басқа амал қалмаған журналист. Серкелерінен айрылып, аяқ асты жүні жығылған шуылдақ топ ойланып қалады. Ойлану емес, анығында, олардікі тұралаған дағдарыс еді. Себебін білгісі кеп қадала сұрағанда «Айжан деген өте айлалы сұм, қыламын деген ісін қылмай қоймайды. Заңына да, басқасына да жүйрік. Ештеңеге қарамайды, ешкімге тоқтамайды, Бір жерінен, әйтеуір, бір тесік тауып, кіріп кетеді, ал ұстап алсаң, бұлт етіп шығып кетеді. Жоғарыда отырған тамыртанысы да көп. Қарсы келсек, босқа жексұрын боп, бірдеңеге ұрынамыз» дегенді көйтеді алдында тұрғандар. «Айтпады демендер, алдыңғы кісінің жоғалып кетуі тегін емес. Мен бірдеңені білсем, ертең-ақ оның Айжанның қасында сөзін сөйлеп, сойылын соғып, сайрап тұрғанын көресің» дегенді қосады соңынан. Қасындағылар үнсіз келісіп, бастарын изейді. Түрлерінен жер түбіндегі әлде бір сұмырайдың суық сұсынан қаймығып, жүрексініп тұрған жасырын сескеністері анық аңдалады. Сөйтіп, жана басталған әрекет сол арада пышақпен қиғандай тиылады. Алдыңғы арызға, қадалып тұрып алған соң, қайтесің, сен де қол қойып жіберген болатынсың амалсыз. Орта жолда үзілгеніне кәдімгідей қуандың. Өйткені, найза ұшының кімге барып тірелетінін жобамен болса да білетін едің. Екінші жағынан...

Арқаң кеңіп, жетісіп қалатын тағы бір себебін, алда жабылмақ сухана мен дәретхананың тазалығы сенің мойнында еді ғой. Кісіні ығыр қылар лат қана емес, әжептәуір қол ұстайтын қиын жұмыс. Зіл салмағы иыққа ғана түссе мейлі ғой, ауырлықтың бәрі жиналып келіп намысқа тиіп, насырынды қаситын! Онда да басқа біреулерден емес, өзің аса ұнатта бермейтін жабайылардан қалған батпан «тең» болса, кісіге одан сайын ауыр тиеді екен! Тіпті, көзапара

маскара! Ал енді... иінінді көтертпей, еңсенді езіп жүрген осы қорлықтан аз күнде құтылатын болсаң, неге қуанбасқа? Қалай жұбанбассың?

Бірақ, бір өкініштісі, не себеп болғанын, Айжан төбе көрсетпеді бұл жолы. Араға ай салып, тұрғындар арасында «қарамағындағы ПИК-ті басқа біреуге өткізипті» деген сыбыс тарап еді, сол сөз шынға сайып, аяғы рас болып шықты. Біржола қоштасыпты шаруасы жалын боп шарпыған жатақханамен. Рауа болған екен дедің сен ішіңнен. Артынан шұбыртып сөз еріткенше, түбелікті қол үзгені оң болыпты. Енді іші-сырты бірдей таза, жарқыраған жақұттай пәк, жарқын өмір сүретін болды деп қуандың алыстан тілекші болып. Қанша дегенмен, ыстығы өткен, ықыласың кеткен адам ғой, бұдан былай жолдарыңның түйіспейтінін ойлап, ештеп қамықтың да.

Жоғалып кеткен күрескер әйелдің болашағын болжаған әлгі кісі көреген екен. Айтқаны келді. Төрт қабатты ғимараттың бір қабаттындағы сухана мен дәретхана соған тиіпті. Қалғаны түгел сатылған. Айжанның жолына көлденең тұрған соңғы тосқауылды дер кезінде байқап, шұғыл шара қолданып, тоқтау салған зор еңбегінің бодауына, әлде бұрыннан қалған бітпеген есептерінің ақырғы нүктесінің қойылуы, қайсысы екені білгісіз, ескіден қалған түйін әлгіндей боп тарқатылыпты. Өз аузынан емес, ұзын құлақтан естіді. Ақшаға айналған басқа үш қабаттағы жаңа бөлмелердің біреуінен түскен түсімнің өзі жатақханадағы барлық үйге су тартып, түзге отыратын үйшік салып беруге артығымен жетіпті. Қалғаны түгел тап-таза пайда ретінде қалтаға сүңгіген. Көк қағазға сындырып есептегенде, елу-алпыс мыңның айналасы. Құдай сәтін салғанда, күн тәртібіндегі басқа істер де жоспардағыдай болып рет-ретімен атқарылды.

Бірдене сұрап қала ма деп алаңдап жүрген сенің жүрегің сонда барып орнына түсті. Бүйіріңді түртіп, бүлкідетіп баққан тағы бір уайымың да дәл өзің күткендей болмай, оңымен, сенің миятыңа жығылып, сәтімен шешілді. Оны, тіпті, былай жүрген жан баласы елеген де, ескерген де жоқ: ендігі кезде көлемі кәдімгідей тарылған (сухана мен әжетхана жоқ қой) тазалайтын жер үшін төлейтін ақшаны қысқартам деп ешкім келіп қиғылық салған жоқ, бәрі түп-түгел бұрынғы күйінде қалды. Білген адамға бұл дағы бір жеңіс еді.

Жарығы бар, жылы суы дайын, әуелгісінен әлдеқайда жеңілдей түскен ырғақты өмір жаңылмайтын өз екпінімен алға шапшып, алқынып кете берді. Сол қарқынын жоғалтпай ұзаққа шапты. Өтемақы төлейтін уақытта болмаса, дүниеде қуат деген сиқырлы нәрсе болатынын, оның кейде арнасы құрғап, тартылып қалатынын ел есінен шығара бастаған бір кезде... иә, осы бір тақау күндердің бірінде, міне, атың өшкір әлгі пәленің неше жылдан кейін қайта айналып соғып, кісінің зықын кетіріп отырғаны. Не болғанын, барша тірлікті қозғайтын көмескі күш кенет тоқтап, бірнеше аптадан бері қаңтарып қойды. Қарашық қамаған қараңғылықта қалып, қиын болды, тіпті.

Ал, Айжанмен... әлгі бір әкімдіктегі жүздесу ақырғы кездесу болыпты. Кейін мүлде төбе көрсетпей кетті. Жұртпен бет келуге жүзі шыдамады, әлде басқа бір себебі бар, әйтеуір, жатақхана маңына аттап баспады. Бұрын да жолап жүргені шамалы еді, соңғы кезде, тіпті, қарасы біржола батты. Оның жарқын ажарына тәнті болғаннан басқа, жалпы кісілік келбетіне, адамдық сипатына анық жіп таға алмады. Алаяқ дейін десе, тікелей жақсылығын көріп отырып, қалай аузы барсын ондайға, жазықтылар қатарына еш жатқыза алмады. Жібі түзу дейін десе, естіп-білгендері ондай байлам жасауға көпе-көрнеу тосқауыл болып, қолын байлады. Сосын ақыры, көзқарасын толық түйіндей алмай, үнсіз қалды. Өзі тұманданып тұрған санасы одан сайын ылайланып, ол туралы пікірі, соңғы есепте, нақты бір тоқтамға келіп, айқындалған жоқ. Қалай болғанда да, оның бүгінгі бұлыңғырлау кейпі өзіне соншама қанық, ет пен терідей жақын, тым етене даңқты кеңес адамдарының нұрлы бейнесіне

сәйкес келмейтіні анық еді. Тіпті, маңайламайтын. Ал сонда оның кім болғаны? Білмеді. Сол... бір қабат тұман ішінен көрінгендей, күнгірт күйінде бірте-бірте алыстай берді арайлы асыл мүсін. Бәлкім, көп жылдардан кейін өсіп-жетілетін, жоқ, қайдағы көп жыл... дәл қазірдің өзінде, тіпті, әлдақашан есейіп, ержетіп, бүгінгі күннің бұрқ-сарқ қайнаған қызу тіршілігіне белсене, бел шеше, қоян-қолтық араласып кеткен сырты мен іші бірдей жылтыр жана заман адамдарының көркем кескіні осындай болатын шығар, кім біліпті. Нақты бір тұжырымға табан тіреп, тиянақтай алмады. Тағы сол бұлыңғыр, бұлдыр қалпында қала берді таныс, біліс, сүйікті өн.

Құдды дәл қазір көз алдында бұлдырай көрініп тұрған ұзын дәліздің ұзына бойы секілді. Шынтауайтында, әнтек шаңытып, көлкеш мұнар ішінде қалғандай көмескілене мұнартқан айнала маңы ғана емес, біраз жылдың алдында аспандағы «алтын күні» сөніп, адамзат баласы тас қараңғыда қалғалы бері барлығы... бүкіл әлем түсініксіз бір тұңғиық құшағына сүнгіп, батып кетті ғой! Әне, содан бері... әлі күнге сол мәңгі айықпас соқыр тұман аясында малтығып, шығар жол таппай адасып жүр. Тым қарақұрықтанып кеткен әлем содан қайтып жарқырап, шүлен шұғылаға мандып бір малына алмады. Самала сәулелер жамыраған ашық кеңістікке шығып, шексіз шуаққа шомылып, айызын бір қандырған жоқ. Түнек торлаған сол түпсіз кеуекте мігірсіз маңып келеді. Ал мына қарауытқан жатақхананың қалтарыста қалған аядай қуысы соның кішірейген бір көрінісі, үзгі, ажырамас пұшпағы тәрізді... Жоқ, бір бөлшегі емес, дәл сол құрдымның өзі болуы да мүмкін. Сондай бір сезік білінген... кеше, бүгін емес, осыдан біраз күн ілгері. Басында не болғанын өзі де пайымдай алмай қалды. Қараңғыда камалып отыра берген адамды, сірә, сондай бір шетін сезім иектейді, қашан түсіп кеткені білгісіз, қайдағы бір терен шыңыраудың түбінде үйелеп, мәңіріп жатқандай сезінді өзін. Бұрынғы түнек түнек пе, түк көрсетпес қалың пердесі одан сайын қаттала, қабаттала түскен беймәлім ортаға – адам түсіне алмас сондай бір жат әлемге тап болып, ғазіз басы маталып, байланып қалғандай сонда! Бір ғажабы, тыныстайтын ауасы, қажет деп тапса, қол-аяқ көсілтетін кеңістігі бар, әйреуір. Бірақ, қаншаға жететін ені, нешеге созылатын ұзындығы бары белгісіз. Әзірге қысылғаннан, қымтырылғаннан аулақ. Дем сығып, тұншыққаннан да аман. Бар гәп өзін жер бетінен тым алыс сезінген, айналасын жан ұшыра жатырқаған тым жиіркенішті сезімде еді. Ит байласа тұрмайтын ығыр маңнан қайткен күнде де құтылуға бүкіл ынтасымен бейіл болатын. Бірақ, қыларға айла кәне! Қанша тызақтаса да түк бітіре алмай, тізгінін тартып, талыға күтуге мәжбүр-ді.

Қиындыққа тап болғанда сансырап, ақылын шашып алмаған пенденің амалы таусылғанмен, сабыры сарқылмайды екен, тісін тісіне басып, ақырын бағып, түбін күтті. Ілгері мұндайды кім көрген, аздан соң үрей не мазасыздық екені мәлімсіз, бойы қатты ысып, терши бастады... сондай бір белгі білінді.

Жылан көрген кірпідей жиырылып, жиналып алғаны қандай жақсы болған, бір сәттен кейін – тағаты әбден кеміп, төзімі қожырай бастаған бір кезде сұмдық қорқыныштан безіп кетейін деп тұрған жанын қармап, кеудесінде ұстап қалды. Әлгінде бір жүрегі тас төбесіне шыға шошығанда «көрер жарығым таусылып, тамұққа құладым ба» деп, қойын-қонышын бір сұрқай күдік кеулеп еді. Бақса, ондан аман екен. Кісі қиялындай жүйрік нәрсе болсашы, не екенін өзі де ұқпайтын, оқыған кітабынан, әлде естіген әңгімелерінен, қашан екені белгісіз, сондай бір сұмдық... түбі жоқ құрдым болатыны, онда адамдардың тіршілікте істеген күнәлары таразыға тартылып, жасаған қылмысының ауыр-жеңілдігіне қарай жаза кесіліп, тиесілі қабаттарға орналасатыны санасына кіріп алыпты да, бір түкпірде бұғынып жатыпты... сөйтіп бұғып алған әлгі пәле шыбыны шырқырап мұрнына тақалған мына тұста тік қарғып, қаперіне ұрылып, алқымына жармасыпты. Қола кеңірдегін

ондырмай бір қысып алып, жағдайдың өзгеруіне байланысты, қауқары кеміп, шеңбектеген шеңгелін босата беріпті. Дегенмен, ақыл аударғандай зәрлі сесі жер түбінен сезіліп, жұртына тастап кеткен суық сұсы бойын құрсап, талайға дейін бүрмендеп, жібермей тұрды. Ең бастысы, өзі күткен жай болмай қалған-ды, соған қуанды. Өйткені, ол арғы дүниенің еншісіндегі... сол жақта өтетін өткелек қой. Беті аулақ екен. Іле белгісіз бір түйсігімен табы қайта бастағанмен, қоз астында көміліп, маздап жатқан тірлік шоғының әлі сөнбегенін сезді. Есі екеу, түсі төртеу боп сансырағанымен, кеудесіндегі жан сол орнында екен. Демек, тірі болғаны... пәни дүниенің қайбір жерінде жүріпті мәндуана жеген жаман түйедей мәңіріп. Ес тапқаны сол, бар екеніне шүкіршілік етіп, босап бара жатқан арқауын шұғыл ширатып, қайта тіктелді. Дегенмен, қандай ахуалға тап келгені әлі беймәлім еді. Түсініксіз, ұғынықсыз болатын.

Аздан соң маңайы мамыражай қалыпқа енгенін шамалады. Жым-жырт. Мүлгіген өлі үнсіздік. Уақыт ұзара келе аңдады, әлгіндегі бейтарап, мағынасыз, тілін жұтқан тылсым сәт болар деп күткен сұмдығы болмай қалғандағы көңіл аулаған, алдамшы жайлылық екен. Арада аз өткенде, құлаққа ұрған танадай тынып қалған меніреу мылқаулықтан ығыры шығып, тұра қашуға тағы да дайын болды. Бірақ қайда? Өзінің қайда екенін білмей тұрып қайда зытпақ? Сол тұсады аяғын тобанаяқ қылып. Жойдасыз жағдай жолын кесті. Кезекті рет талықсып кетіп, артынша ақыл жиып, сарылып соңын күтті.

Әлден уақыттан кейін сонау бір көз ұшынан әлдене жылт көрініп, шайтан отындай өшіп-жанып, жымың қакты. Бірде жақындап, бірде алыстаған тиянақсыз ұшқын не біржола сөніп қалмай, не күшейіп, отқа айналмай, жылыстай көшіп жүрді жүрді де, аздан соң қазығын тапқандай бекем байланып, бір орында қалтылдап тұрып қалды. Білтесінің ұшы қиылып, боғынан тазарғандай шамалы жарық тартып, бірте-бірте жандынып, таяп келе жатты. Ұлғайған, өрістеген сәуле жан-жаққа жайыла жамырып, құлаш жетер жерді өзінің қылаң нұрына бөледі. Кешікпей сол бозамық сағымды кешіп өтті ме, аттап өтті ме, білмеді, бері қарай озған әлдекімнің сидиған қос сирағының көлеңкесі кезек алмасып, жіті қадаммен жақындай түсті. Артынша тық-тық басқан өкше тықыры да естіліп, тақала берді. Тық, тық... тық, тық!.. Аңдай жерге жеткенде әнтек іркілді. Үдірейе ошарылып, үркектей бөгелді. Азкемнен соң тәуекелге мінгендей қайта қозғалып, ілгері басты.

Маңағы бір бөрте мұнар артта қалыпты. Сонадайда көлкілдеп бозара шаңытады. Көлеңке түсіріп жарытпағанмен, алыстаған кісінің тізеден төменгі балақ тұсын көруге артығымен жетердей. Соның көмегімен барлап, кірпік қақпай бақыланған бейтаныс қонақ әбден тақала бере, табанын бір жарқ еткізіп, басынан аттап өтті. Жасқана бұғып, еңкейіп қалып, ізінше қайта түзелді. Әлгі жан артқа кеткендіктен болар, енді ешкімнің қарасын көре алмай, жер сипап қалды.

Арада көп өткен жоқ, қайшыласа сабылған қалың адамның арасында, түкке түсінбей тосылып, аңтарылып тұрған жерінен өзін тапты. Үлкен алаанның ортасы секілді, мереке күні болар деді, сел болып ағылған бұқара-халық ана тараптан мына тарыпқа сендей соғылысып өтіп жатыр, өтіп жатыр. Қайда баратындары мәлімсіз, бағыттары әр жақ. Кенет есін жиып, тани қойды: өзінің бұрынғы отандастары, осы қаланың байырғы тұрғындары. Бірақ, қотарыла көшіп қайда бет алғандары белгісіз, бірін-бірі білмей, тасыған судай толассыз жөңкілуде. Мағынасыз сапырылыстарының жуық арда саябыр табар түрі көрінбейді. Керісінше, сәт сайын саны артып, молая түскендей. Бір демнен кейін ешкім айтпай бәрі мәлім болды, шұбырынды боп жосылған пенделер шуақты күнінен айрылып, қараң қалған әлемнің түнек аясынан бір уыс сәуле іздеп, шарқ ұрып жүрген пақырлар екен. Аш,

арық, талайдан бері нәр татпаған ашынған босқындар. Өзім де солардың бірімін ғой деп ойлағаны сол, жер бетінен енді табылмас әлдебір асылды аңсап, көмейіне ал келіп өксік тығылсын. Өрекип лекіп, өңеші түйілді. Неше қайтара ықылық атып барып өзін әрең тежеді. Көптің бәріне ортақ осы міскін халін мүсіркеп, жартыкеш жағдайын еске алғаны жаңа, пәни жалғандағы тамұққа бергісіз тұйықтағы өзінің қалтыраған суық сүлдерімен қауышты. Тірі екен. Бөксе басқан жерінен әлі қозғалмапты. Бірақ арқасын артындағы қабырғаға тіреп, жабысып алыпты. Аздың алдындағы ақыл-естен айырып, жұтып қойған жалмауыз оппаның не екенін ажырата алмай дал болды. Талып қалдым дейін десе, ауытқымай, аумай, қазық боп қадалған орнында әлі отырыпты, ал саумын дейін десе, қайда барып келмеді соның арасында өлі мен тірілер шегіндегі бұлыңғыр аумақты шарлап. Аң-таң! Тұйықсыз соғып өткен соқтықпалы халін шамалағаны сол, басына келіп байырқалаған қиын жайының мүлде ауыспағанын пайымдады. Баяғы қараңғылық бәз қалпы екен. Іш пен сырт қойындаса тоғысқан шөлкемшалыс күй енді қайта ажырамас болып кіріге ұстасқандай.

Иә, қақырай ашылған жер жарығына түсіп, біржола өшіп тынбаған болса, келер-ау бір жарық деген әлгі жарымаған немесі! Арайлы таң да бір атар, көбесі көктей сөгіліп! Бірақ... бірақ, одан не пайды... не қайыр? Келуін келгенмен, аспан асты, бәрі бір, баяғыдай жарқырап, нұрға бөленбейді ғой. Адамдар алдағы уақытта оң-солын, күнгей-теріскейін тани алмаған, баратын жері де білгісіз, баянсызға кеме салған бағдарсыз теңізшідей, сол жарықтың өзінде жүріп те адасып, лаға бере ме, кім біліпті?! Айқын, анық сілтенген айнымас бағыт жоқ қой, өйткені. Ал, адаспаса, лакпаса, мынау не... саулаған шүлен шұғыла астында жол таба алмай, тентіреп келіп тірелген тығырық? Басқаша қалай атауға болды мұны... немен сипаттау ләзім? Шамасы, адамдардың осы адасқаны – адасқан. Өйткені, ана... әлгі... не жоқ қой, ана... не еді... жоқ, болды, құрысыншы бәрі... қайтем соны, ол енді жоқ қой, бәрібір... жоқ дүниеге басымды қатырып қайтем...

Жоқты ойлап, болмас іске бас қатырғын келмеді. «Ми қажап, жүйке тоздырғаннан бірдеңе шыкса, осы уаққа дейін шығар еді ғой? Одан да ертеңгі күнім не болады, соны ойлайын» деп шештің ақыры.

Жанарың үйреніп, жандүниенің бейімделгендіктен бе, сонадайдағы бозамық нұр аздың алдындағыдан сәл молайып, алакөлеңке тартқан еден шамалы қылаңдап қалыпты. Баспалдақ маңы кәдімгідей айқындалып, ақсағалданған. Аз болмаса, бері жылжып, көлеңкелерді іргеге тықсырып, орнына өзінің тоқ бөрте бояуын жаққандай. Толық күш алып, еркін жамырай алмай жатқанына қарамай, өзі өте өміршен, қайтпас қайсарлықтың тебінін танытып, тегеуірінін көрсетеді. Соған қарағанда, сыртта күн шыққан болу керек.

Неше күннен бергі торлаған тұман сейіліп, аспан астын шашылып шуақ сүйгенін білді. Бірақ, одан не қайыр? Шаңқай түсте шақырайған ол шалқар әлемнен не іздемек? Іздейтіндер іздей берсін, қарсылық жоқ. Ал өзі... одан ештеңе дәметпейді, дәнеңе күтпейді. Өйткені, түк таппасын жақсы біледі. Себебі, адам ретінде несібесі осы қараңғы қамаған аядай аралыққа шашылған. Соны теріп жеп, тағы біраз жыл өмір сүрсе, жетеді, соған қанағат. Бұйырмаған және бірденелерге талпынып, сағым қуып, енді қартайған шығында таңы айырылып, жолда қалар жайы жоқ. Өткен күндерде өзелене ұмтылып, үзіле тентірегені жетеді. Тапқаны кәне содан? Неге ие болды? Сымбылбайдың сирағы да жоқ. Ақыры айналып келіп, қалқаға қамалып, қалтарыстан ырыздық емді. Енді отырған отырысы мынау, түнліксіз түнектің түкпірінде жынмен сырласып, шайтанмен сыбырласып! Тілдесетін жанпенде қалмады қасында. Демек, ештеңенің керегі жоқ. Тек... беті келмеске бұрылғанда, жүзін жасыратын біреу табылса болды, жетеді сол. Дегенмен,

оған әлі бар. Ертең-бүрсүгіні емес... кейін. Кетейін деп жатқан өзі де жоқ, денсаулығы жақсы, қол-аяғы қимылға келеді... әзірше өстіп, қыбырлап жүре тұрса... соңғысының тағы бір жөні болар...

IV

Қамалып отыра алмай бүгін де ілбip сыртқа шыққан. Сырт болғанда есіктің көзі ғой баяғы — қарға адым жердегі қараңғы дәліз. Талайдан бермен жазбас дағдысына айналған міндетті жұмысын атқарып тастамақ боп аяғына тұрған еді, онысының шамалы жеңілтектік болғанын артынан аңдады. Бұл ұмытшақтық деген қырсықты қойсаңшы, таяуда кеп жабысқан сол құрғыр түптің түбі басын жеп тынбаса жарады.

Табалдырықтан аттаған замат тақыр еденге табан тіреген. Артынша қос қабырғаның ортасындағы үнірейген ашық аралыққа қарашық қадады. Сонда ғана келіп санасына мұнда біраздан бері жарық жоғы, тіпті, талай күннен бермен тышқаққа қас қылғандай қасарысып келмей жатқаны ұрылды. Маңдайдан біреу періп кеткендей ошарыла тоқтады. Жоқ, электр қуатының маңайды нұрға бөлеп, төбеден саулап тұрмағанына емес, жадының, еске сақтау қабілетінің соншама әлсіреп, тозып кеткеніне. Болған істі жарты күнге жетпей ұмытып қалатындай не көрінді сонша? Бүтін сияқты еді ғой. «Сірә, көп ойланып, ұзақ толғанғанның салдары... қояйыншы осы күндіз-түні салынып сағым қуғанды! Содан бірдеңе шыкса, шығар еді ғой осы уаққа дейін. Ащы ішекше созылып, өзі аз миымды жеп бітетін болды».

Білек сыбанып шыққан шаруасын бірден бастап кетпегенімен, ішке қайта кіруге жеткілікті себеп те таппай, тұрған жерінде байланып, қалып қойды. Шамалыдан соң жартылай ашық есікті жауып, өкшесімен жер сызып кері шегінді. Талайдан бері мызғымас боп орныққан артындағы кішкене орындыққа жетіп, бөксе басты. Бос отырған кісі не істемейді? Әуелі ерігіп, көзін түнекке сүңгітіп, кеуек кеңістікті аямай тінткіледі. Әр ненің басын бір шалып, қыдырта шолды. Сергімейтін, серпілмейтін сол бұрынғы мыс басқан қасат қараңғылық. Қамалаған ол құрғыр да қай-қайдағыны еске түсіріп, онсыз да қиян құмар қиялды қаңғытып жіберетін қоздырғы емес пе, кешікпей зіл тартқан бойын әлгінде әкеп шөгерген жерінде қалдырды да, өзі... алып ұшқан асық аңсары, әлде басқа бір сиқыр, тік көтеріп әуеге қалқытты да, соның жетегіне еріп, алыстарға самғап кете берді.

Сірә, құсқа айналып қанат қақты... ашық тұрған терезе көзінен сып беріп сыртқа шықты да, алдымен төңіректі түгендей бір шолып өтіп, сонан соң шу қарақұйрық деп шалғайды бетке алып көсіле бір топшы сермеді. Кеудесін желге тосып, ауылға қарай маңдай түзеді. Көп жыл көрмеген бір кездегі қораш қонысқа әлдеқалай саңы ауған екен, ырқына көніп, еркіне бақты. Соншалық бір жалындаған махаббаты болмағанмен, қанша дегенмен, балалық шағының ұмытылмас бір бөлшегі қалған сүйікті орта ғой. Қарқынына қарқын қосып, құмарлана құйғытты... Міне, демнің арасы болған жоқ, сағындырған сабат мекеннің шетіне де ілінді. Жылдамдықтың бұл түрін не деп атаса екен, межелі маңға соншама тез жетіп келгеніне өзі де қайран болып, таңғалды.

Бәрі орнында екен. Анау ортадағы оқшау үй, маңдай тұсына желбіреген қызыл ту ілініп, аумағы қоршалған ауқымды жай — мектеп. Өзі оқыған таныс аула. Еш жері өзгермеген. Бірақ, неге екенін, қыбырлаған жан иесі көрінбейді. Сірә, жазғы демалыс кезі, жан біткен тыным тауып, үйінде жатыр. Сыныбының есігінен кіріп, терезесінен шықты да, одан ары тік көтеріліп, ескі жұрттарына қарай бет алды. Міне, мынау баяғыда өздері отырған жұпыны үй. Іргесі жерге кіріп, шөгіп кеткен жатаған там. Бұлар көшкен соң, ешкім келіп кірмеген, қарамаған сияқты, одан сайын жүдеу тартып, бұйыға түсіпті.

Төңерегі тым-тырыс. Ием келді деп селт еткен жоқ. Самырқау, салқын, сүлесөк қалыпта немкетті қарсы алды. Маңайын бір айналып шықты да, енді қайда барарын білмей әнтек қаңтарылды. Шамалы іркіліп, әуеге ілініп, даладағы бозторғай құсап бір сәт далбыр қақты.

Неге екенін, анасы осы ауылды ұнатпайтын. Біраз жыл қоныс етіп, тұрғанына қарамай, есіне де, аузына да алмайтын. «Барайық» деп бір ықылас аударып, ынта білдіргені жадында қалмапты. Неге? Белгісіз. Қысқасы, шешесінің өзіне ғана мәлім бір мәңгілік жұмбақ бар. Шешілмеген күйі бірге кетті. Бірнеше рет білмекке талпынып, айналдырып көріп еді, сірә, аса бір аянатын жері болар, тік шапшып, айқұлақтана оскырынбағанмен, салған жерден түлкі бұлаңға салып, ізін бастырмай, адастырып кетті. Содан кейін бұл тақырыпта әңгіме қозғамайтын болды. Тереңіне бүккен ішкі сырын сол жабық, құлпы басылған құпия қалпында өзімен ілестіріп ала кетті ана дүниеге.

Алаңсыз асыр сап мұнда жүргенде көп нәрсенің байыбына бармайтын бала болды ғой, албырттығы тағы бар, өз жобасымен, туыстарымыздың, не нағашыларымының, бәрі болмаса да, біразы осында ірге бекіткен деп ойлайтын. Соларды қара тартып келген ғой, әйтпесе, ешбір ілігі жоқ қаймана жұртқа ат басын бұрып несі бар деп, алдыңғы байламын одан сайын бекіте түсті кейін. Сол қисынға нанып, иланып алғандікі болар, соңыра кімнің кім екенін басын ашып сұрап, аражігін ажырата тектемей, үздіксіз алға шапшыған өмір ағысына еріп, ілгері озып кете беріпті. Енді ойласа, онысы аңқаулық та, алаңғасарлық емес, үлгі, өнеге жемісі екен: еркек тұрмаған үйде қазақтардың баласының тілі шыққаннан бал таңдайына, сол арқылы көкейіне тамшылатып құя берітін ата тек, әулет, тұқым қуған туыстық жайы көп қуыстырылмапты, тіпті, о тарапта ешбір сөз қозғалмаған. Содан барып маңайдағы жұрт өзіне алыс та емес, жақын да емес, жай ғана таныс, ары кеткенде, қиналғанда қол ұшын беретін қайырымды ауылдас, қомқор көрші ретінде ғана қабылданып, санасында сол бейнеде сақталып қалыпты. Енді байыптаса, солай болыпты.

Рас, мұндай ой қаперіне әлі келмеген кезде, сәл есейген шағында қалаға келген соң анасының артта қалған ел жайында, сол араға кіндігі байланған туыс, тамыры терең нағашылары төңірегінде жұмған ауын ашпайтынын аңдап, таң қалса да, ағайын арасында бола беретін өкпе-реніштің әлі тарқамаған салқыны деп, аса мән бермепті. Тек бертінгі бір жылдары, оқуын таусып, қоғамдық жұмысқа енді араласа бастаған бір тұста анасы қатты ауырып, төсек тартып жатып қалғанда, өзі шаруа басты болып, қарайтын кісі қажет болғанда, ауылдағы жақындарыңның бірін алдырайық дегенде ғана, «Қайдағы туыс... мен онда жұрт көзінен тасалану үшін барғанмын» деді бұл тараптағы әңгімені түбегейлі үзіп. Тілін жұтып қала берді айран-асыр болып. Жер жүзінің әйтеуір бір бұрышында қарайласып жарытпаса да, жан тартар бір жанашырымыз бар ғой деген пікірінің быт-шыты шығып, құл-талқан болғанына емес, шешесінің онда, әлгі талай жыл тұрған алыстағы елді мекенге неге барғанына, рас, «біреулерден тасаланып» деді ғой, сонда олардан не үшін жалтарып, қандай сұғанақ көздерге түсіп қалудан қорқып, тұра қашып, қиыр жайлап, шет қонған түсініксіз ахуалын ұға алмағаннан тосылып, дал-дұлы шығып еді. Демек, қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған заман орнаған кенес уақытының өзінде де сондай бір біреуден біреу безгелдек боп безіп, із жасыра қашқан, қашыққа бой тасалап, жүз көлегейлеген шетін жәйттер болған екен ғой... қызықтың әкесі осы емес пе?

Осы жайларды ойша бір шолып өткені сол... оқыс тіксініп, денесі түршікті. Аспан астында ешбір жақынсыз, сүйенішсіз сопайып жалғыз қалғанына емес, туған шешесінің қара басы ғана қалқиған тұлдыр жетім... жоқ, қайдағы

жетім, өмірлік қосағы жоқ жарсыз жесір, қу тізесін құшақтаған Құдай атқан кәрі қыз боп шыққанына. «Сонда сенің әке-шешен, өңге туыстарың жоқ па?» деп сұрайын деп оқталып еді, әлде шын, әлде өтірік, сол замат сырқатының қатты ұстап қалып, дәнеңенің жіп ұшын бермей, жалғанатын жіптік ұстатпай жалтарып кеткені. Кейін де ештеңені құтқуырлап, жоқты құзғындатуға ыңғайлы орай табылмады. Ұзамай қайтыс болды да, соңынан үн салып іздеген ешкімі болмай, жалғыз қызының аса ұзаққа созылмаған құрғақ өксігімен ғана аттанып кете барды. Соңғы бақылдасудың барлық жұмысын «жерлеу бюросы» атқарды. Оның болғанына да шүкір, әйтпесе, бас-көз болар естияр жақыны жоқ, әбден қиналғандай екен!

«Сонда менің туыстарым кім... олар қайда? Менде аса көп жақын-жуық болмағанмен, өмірге әкелген әкемің біреулері болуға тиіс қой?» деген түйткілді арқалап от басында қала бердің сен жалғыз сопайып. Содан былай жүрегіңе тікеннің ұшы боп тиетін өткір сауалдар күрт көбейіп кетті. Жауабы жоқ нәрседі тиянақ та болмайтын сияқты, ұзамай олар есіңнен шығып, жадыңнан өшіп, сол күйі қарасын батырыпты. Тек енді... қашықтағы тұйыққа тірелген мына жағдайдан соң... аспан кезіп, алысты қыдырып жүрген сандалбай шағында ғана солардың бір ұшқыны санаңда қайта жылт етіп, ештеңені байыптауға үлгертпей, жел үрлеген білте шамдай жалп етіп, едел-жедел сөне берді. Іс жайы бұлай болғанда, қаңғырып тағы қайда барғандайсың? Ешқайда бұрылмай, тіке неге қарай тарттың сен... әлгі неге қарай...

Иә, сен ештеңеге қарамай, ешкімге назар салмай ауылдың желке тұсындағы бір кезде үлкен әскери бөлім ірге тепкен оқшау тұйықты бетке алып қалықтап кете бардың. Ол маң да тып-тыныш екен. Қазір адам тұрмайтын секілді. Қатар-қатар салынған ұзын-ұзын жатаған үйлер, аралықтағы жаттығу алаңдары, ығы-жығы машық құралдары, үстіне неше қайтара ілмекті темір сымдар тартылған бойшаң бетон қоршаулар... бәрі-бәрі қаңырап бос жатыр. Ал мұндай тоны тозған, заманы озған қораш ортада баяғы балғын жігіт қайдан жүрсін? Жоқ еді. Бірақ, бәрібір, аз жыл болса да тағдыр жазып тұрақтаған жері емес пе, бір түрлі ыстық сезіледі екен... бір бұрыштан жарқ етіп шыға келердей сезіліп, тыншымас көңілі талмай елендеп, елегізумен болды.

Аздан соң бетін қайта төмен салды. Қанша дегенмен, ес біліп, етек жапқанша мекен еткен тұрағы ғой, төңірегін айналдыра орап жатқан дөң-жоталармен қоса, күллі таныс алапты кеудесімен омыраулай сүзіп, аралап өтті. Бөтегесі жер соғардай төмендеп, қанатының суылын естірте, қауырсын ұшымен аялай сипап, түгендеп шықты. Одан қайта кері бұрылып, қалаға қарай тартты.

Жоғары оқу орны. Ашық қалған терезе көзінен еніп, дәріс тыңдаған ат шаптырым аудиторияларды, далиған кең сыныптарды жоғалтқан бірдеңесін іздегендей бірін қалдырмай армансыз тінткіледі. Үздік оқып еді. Одан да маңыздысы, топтағы қоғамдық жұмыстарға белсенді, елпек студенттердің бірі болды. Сол озат, озық қасиетін алыстан таныған көреген комсомол ұйымы бірден ішке тартып, коммунизм істерінің келешек ізбасары ретінде жан сала баулыды. Сен де аянып қалған жоқсың, бойыңдағы барды түгел сарқып, сауып бердің. Жетекшілеріне жақын жүріп, жақсы сәйкесіп, беріле жұмыс істедің. Сол негізде, өзіңнің нағыз, шын мәніндегі коммунизм жауынгері екеніңді көп өтпей-ақ дәлелдеп шықтың. Соның арқасында, өзің секілді өрімдей жастар босқа қор болып, қараңғы қазақ даласының түкпір-түкпіріне бытырай тарап кетіп жатқанда, жалғыз жарылып, топтан озған үздік маман ретінде таңдалып, сол тұстағы дәурені жүріп тұрған үздік өндіріс орындарының біріне жолдама алып, қалада қалдың. Бақыттан басың айналып, көтеріліп кете жаздадың. Өйтпегенде-ше! Қатарластарыңды, сырттай білдірмегенмен, іштей биттерін салып қара таласқан бесекелестеріңді артқа тастап, шаң қаптырып кеткенің

өз алдына, алып шаһардағы дабысы алысқа кеткен құрылыс компаниясында шындалып, коммунизм істерінің тез қарқынмен алға басына басқалардан артық, мол үлес қосатын мүмкіндік туып жатса, қалай ғана мақтанбассың, неге шаттанбассың?! Қуаныштан есің кетіп, өліп-талып шалқыдың!

Өндіріс орны жаңа келген жас екпіндіні жылы қабылдап, ілгері алған теориялық білімін нақты іс жүзінде толықтырып, молықтара түсуіне, ұшталып, өткірленуіне, жетіліп, жебелуіне әкелік қамқорлық жасап, еңбектің ең қайнаған жері — құрылыс материалдарын өндіретін, тау-тау құм, тонна-тонна цемент жұтып, тақта-тақта қабырға, құлаш-құлаш арқалық шығаратын, басқа да сан алуан бетон құймалар құятын, ат шаптырым алқапты алып, қайнап жатқан алапат цех-қа тізгін ұшы бағыттап жіберді. Бір жақсысы, онда да комсомол ұйымы бар екен. Бірден соның тізгінін ұстатты. Жұмысты жаман істемеген болу керек, еңбектің домна пешіне түспей-ақ, ақ саусак, балғын білек, қып-қызыл шикі қалпында біршама уақыттан кейін... алты-жеті айдан соң әкімшілік маңына тартылып, өрге қарай өрмелеп, өсу жолына түсті. Арада жыл аунамай ашыққа шықты, оған өзі кейін тікелей бағынышты болған басшысының көзіне түсіп, назарын аударғаны себеп болыпты. Алдында жұмыстағы шөгелдігім, тиянақтылығым даралап көрсеткен шығар деп ойлап еді, көп өтпей жетекшісінің кеңсесіне жиі шақырғыштай беретін шетін әдетінен өзінің өң-түстен де құр алақан емес екенін аңдады. Заты әйел пенде ретінде бұл жайды түк жек көрген жоқ. Шаруа қажетімен шапқылап жүріп, еркек жайын ұмытқан екен, сол керекті нәрсені алғаш рет мейірімді де қамқор сақа менгерушісі есіне салды есіркеп. Сұмдық қуанып кетпегенмен, аса тыжырынып, қыңырая да қойған жоқ. Қайтесің енді, жас деген құрғыр да күте тұрмайды ғой адамды. Өне-міне дегенше болмай майда жастың бәрінің басына су құйып, бір қараса, отыз деген оқшау ортаға қарай үдіре көшіпті. Одан қалды, әкімшілік аталатын жұмысы таусылмайтын қарбалас маң еркек кіндіктіден басшылар мен оның жүргізушілерін қоспағанда, бірен-саран кәрі-құрған күзетші, жұмысшы болмаса, бір ыңғай шүйке бастар өріп жүретін жер екен. Қайдан таңдау болсын ондай мүмкіндігі аз, орайы кем арал текті арада. Барымен базар деп, бұйырғанына шүкіршілік етті. Сонысы өте дұрыс болыпты да, егер олай болмағанда, мәңгілікке өкініште қалып, бұл әлемде жер бетінің қай қиырынан шам алып іздесең де таба алмайтын құшақ ләззаты деген тәтті нәрсе болатынын мүлде білмей, кісі баласына тән жан рахатынан ада-күде мақұрым қалғандай екен...

Кешікпей самғап ұшып, бұл күнде жұртында жұрнағы ғана қалған, ұзын мойын крандары төбесі көкке жете сораыып, қармағына іліп алған затын көтерген күйі тоқтап қалған, тоқтаған замат жарандардың жадынан шығып, содан бері жан баласы тимеген иесіз цехтың орнына келді. Көптен бері маңайына жан жуымай, әбден тозған, тот басқан темірлері тау-тау боп үйіліп, төңірегіне сондай бір жағымсыз иіс таратқан алып алаңның үстінен қалқып өтіп, қос қапталдағы қабырғалары болмаса, кірер-шығар екі тарабы толықтай ашық, зәулім павильонның ішіне енді. Іле қалықтай ұшып қайта шықты.

Енді құйындатып қайда барса екен? Одан кейінгі өмірі әлгі жатақханамен байланысты болды ғой, біраз уақыт сонымен біте қайнасып, құшақтаса өрілді. Бірденеден құр қалғандай екпіндете құйғытып солай қарай тартты кешікпей. Екі өкпесін қолына алып ұшып жетсе, жатақхананың өзі білетін әуелгі тұрқы жоқ, орнында әбден көнеріп біткен, иінінен су кеткен ескі қаңқасы ғана қалыпты. Құлап қалуға таяп, иығынан дем алып, қалтырап әрең тұр. Көрген сәтте есіне өзі түсті. Кәдімгі өзі. Бағана сытылып шыққан терезенің жел көзінен қайта сып беріп ішке кірді де, тас қараңғы түнекпен бетпе-бет келіп, шамалы іркілді. Әлден уақыттан кейін бұрнағы орнында, кішкене орындықтың үстінде, алдындағы ұзын дәліз — үрейлі үңгірге телміре

қарап, тесіліп отырған өзін көрді. Айтарға болмаса, жүдеп, жадап-ақ кеткен екен байқұс. Әбден қажып, қартайған секілді. Көз алдындағы томпақ еттің маңы домбығып, ісініп кетіпті. Сораның сорабы болар деді, суағардан төмен тартылып бірнеше жолақ тік сызық ылдиға қарай ағып түсіпті.

Қарап тұрып аяп кетті. Адамның өзін өзі сыртынан көргені қиын екен. Негізі, қызық болуға тиіс жай, күнде кездесіп жүрген жоқсың ғой өйткені. Бұйрық осылай болса, қайтесің енді, мүсіркей көз салып, қиыла қарап аз тұрдың. Аздан соң орныңнан қозғала бергенің сол еді, қыран құстай қалықтап келген өзің... қиялың, әлде аңсарың, шыбын жаның болуы да мүмкін, сып беріп ішіне — қуыс кеудеңе ендің де, жылы ұянды қайта тауып, тас болып орнығып алдың. Сөйтіп, қайыра тоғысып, қауыша біріктің біраздан бері ажырап қалған арса-арса қаңқамен. Сөйтсең, бұл қызықты көріңіз енді, әлгі бір қараңғы кеукте әлі отырыпсың қамалып. Әлгінде бөлініп шыққан бір бөлігін қайтып келіп ұшқасқан соң, толық адам ретінде бәрі айқындалып, санаң тұнып, мөлдіреп жүре берді... ал сен болсаң, әлде бір шеңбектеген құрыш құрсаудан құтылғандай жырғап қалдың. Сонда білдің — ешқайда да кетпепсің. Тіпті, орныңнан қозғалып, ары-бері жылжымағаның, керек болса.

Ары қарай... манағы сейіл серуеннің әсері, әлде өзі тысынан байқаған өз ахуалының тым мүшкілдігінен, көңілі сондай құлазып, жаман боп қалды. Талайдан бері ойда жоқта тап келіп, тұрақты серігіне айналған сүркейлі халімен тағы бір беттесіп, қалтырай ұшырасқандай болды.

Жан түбінде қаталаған бір зарық бар еді. Ешқашан басылмайтын, ешбір қанбайтын шөл. Нені қалайды, нені сағынады, белгісіз. Әйтеуір, бірнәрсені сарыла, үздіге аңсайды да тұрады үзіліп. Тапса, қасқалдақтың қанындай сол зәрует дүние кенезесі кепкен мосқал жүрегіне дәру болардай. Аңқасы кепкен аңсарын басып, арқалап жүргелі көп болған зіл-батпан салмақтан ада-күде арылардай. Құлындаған құмарының қалтылдаған басын кесіп, көкірегін кемірген жегі құрттың көзін құртып, ауыр азаптан құлантаза айығардай. Күндіз-түні құлшынып іздейтін сол бір жанға дауа асыл нәрсеге қолы жетсе, уа дариға, әлдеқайда алып-ұшып тоқтамайтын алаң көңілі тасуы қайтқан дариядай арнасын тауып, жаны біржола жай табар еді-ау, шіркін! Не еді ол тұңғыық түбіне тартып, талықтырып біткен сұрамсақ күйі, тілемсек ындын?

Білмеді.

Осы жақында ғана келіп түп етектен алды. Сол бойда көкірек түбіне терең бойлап, қақ төріне барып қонақтады да, шипа табылмас жерік хал болып, бебеулетіп ала жөнелді. Содан бері бір басылып, сәл де болса тыныстамады!

Аз күннің алдында бір сырттан келе жатқанда қойын-қонышын жел кеулеп, зәрлі ызғар бойын қарып, қарадай жауратып ала жөнеліп еді. Күздің қара суығы сүйегімнен өтіп, аш өзегімді жалап, мұздатқан шығар деп аса мән бермеген. Соның соңы не көзге көрінбейтін, не толас тауып басылмайтын, азынаған аязға айналды да, тұла денесін тоңдырып, қалтыратып әкетті. Содан былай сумаңдаған сызды леп төңерегін торып, тәнін тітіркентіп, әлдеқайдан гулеп тұратын болды. Кейде, тіпті, ашық қалдырмай қымтаған күздік киім ішінен де боран соққандай боп сезіледі. Күндер өткен соң байқады, ұлыған үскірік, шынымен-ақ, көкірек тұсында екен. Неден болғанын кім білген, қолқа қуысы үңірейіп бос қалыпты. Ұлы үскірік сол маңнан сыздықтап, ысқырып тұрыпты. Содан бері жарып бір жылыған жоқ. Әрекет етіп, қам жасағанмен, түкке себі болмай, далаға кетті. Жылан көзіндей жылтырап, салқын дем бүріккен түпсіз кеук сол аныраған күйі қала берді.

Осы уаққа дейін өз өмір жайлы дұрыстап бір ойланып көрмепті. Жалғыз шешенің қамқорлығында бұлаңдап өсті. Алаңсыз, қамсыз. Әрине, оның ту сыртында жетімдерге әке, жалғыздарға пана, жоқ-жітіктерге жақ болған қамқор кеңес үкіметі тұрды алақанының табы алыстан сезіліп. Соның

арқасында оқыды, жетті. Топтан озып, қалада қалды. Ол да талайдың мандайына жазылмаған бақыт. Сонан соң жұмыс. Жұмыс болғанда, анау-мынау емес, ұлы коммунизм істерін ілгері жылжытушы – қарқынды еңбек басы. Қызу шаруаға кіріскен сәті... жоқ, одан сәл кейін, шешесінен айырылды қапыда. Ұзақ ауырып, мазасы болмай жүрген кезінде, қайта-қайта емханаға түсіп, етегінен тарта берген соң... мойын бұрмайын десе, басқа ешкімі жоқ, үкімет ынталандырып отырған іс – баланы неге кезінде көп туып алмағынын, шарасыз іркіліп, жиі-жиі қарайлай берді артына. Тышқаққа қас қылғандай жұмыстың қауырт кезіне тура келді ғой өзі де қасарысып, ондай кезде қатардан қалсаң, мәңгілікке құрдымға кетесің. Барын салып, тырысып бақты. Сөйтіп жүргенде ғой, анасының көзі жұмылғаны. Қалай аттандырамын білмей сасқанда... дәл сондай қиын тұста тіке басшысы қол созып, жанынан табылды. Жәрдем бергенде, өзі келіп, көр қазып, көміскен жоқ, жол нұсқады. Сөйтсе, жастықпен, тәжірибесіздікпен білмей жүріпті, бәрі оңай екен. Қажет десең, тіпті, сондай іспен айналысатын арнаулы мекеме бар екен. «Жерлеу бюросы» дейтін. Барлығы сәтімен бітті. Көңілдің бір бұрышын иелеп алып, мазалап жүрген алаңнан солай құтылып, өле бір «үһ» деді. Ешкім іздеп келген жоқ. Сол қаралы уақытта да, кейін де.

Бірақ, шынын айту керек, жақыннан айрылу деген өте қиын іс екен, бастапқыда қатты қиналды. Анырап айдалада жалғыз қалғандай өзін өте жайсыз сезінді. Желкесінен бір зіл қара тас басты да жүрді ұзақты күн салмақ салып. Соның кесірінен еңсесін тіктей алмай, жігері құм болды. Күндіз жұмысқа алданып ештеңе сезілмегенмен, кешке қайтып келгенде, қаңырап бос тұрған иесіз бөлме тозақтың есігі боп елестеді көзіне. Бір кіріп кетсе, мәңгілікке шыға алмай қалатындай қаймығып, қарадай тайсақтайтын.

Тұрмысқа аса қырсыз боп өскенін сонда білді. Шешесі үйретпеді, әлде өзінің құлқы болмады, қазан-аяқ жағына олақ, кір-қоң жууға салақ, тым икемсіз болып өсіпті. Әйтпесе, ол кезде де, қазіргідей болмаса да, мың болғыр үкімет халыққа қолқабыс тигізетін қолбала техниканың бәрін жасады ғой әлі келгенше. Тау-тау киім-кешекті демге қалдырмай шатырдай қылып тазалап шығартатын кіржуғыш тұратын бір бұрышта жұтынып. Ал қара қазан астын бөрте бұзаудың тілі болып жалаған көк жалын ішіндегі ет емес, қатқан қайыс болса да, бір сәтке жеткізбей былбыратып пісіріп тынатын. Бірақ, соның бәріне, соншама жеңілдігіне қарамай, меңгере білетін еп керек екен. Бірде құрылдаған құрылғының көмейіне сүңгіткен кір-қоңын қара басып ұмытып кетіп, керек болғанда іздеп жүріп әрең тапса, келесіде, тетігін бұрап қанша қосса да, жайшылықта өзі тіленіп лап ете қалатын ошақтың өндірісегіне от тұтата алмай әлек-шәлегі шықты. Артынан көршісін шақырып келгенде, бөшкесінің ішінде тамшы газ қалмағанын естіп, сонша жыл бірге өмір сүріп, қайнатқан асын аямай жегенде о пәлені үнемі ауыстырып тұру қажет екенін бірінші рет аңдап, қайран қалды. Шешесінің қашан, қалай, қайтіп алмастырғанын есіне түсіре алмай дал болды. Артынан осы мехнатқа байлап, неге тастап кетесің деп ышқынып, тұншыға өксіп, анасын кінәлады түк таппағанда. Жас бала құсап жер текпілеп жылады.

Рас, алғашында алдынан қарсылаған осы ауыртпалықтардың барлығының бастауы өзінің тұрмысқа бейімсіз, кіділігімде жатыр деп топшылаған, тіпті, тіршілікке керектінің бәрін басқалар секілді жүре келе игеріп, алып кетермін деп ойлап еді, сөйтсе, іс мәнісі болжағанындай емес екен. Балғын, жұмсақ кезде бойға сінбеген нәрсе, кейін желіммен жапсырсаң да жұқпайды екен, түк қонбады. Боғы ботқа, сідігі сорпа болған былықпа өмір аяғын бір көрсетер болмады. Сол тұста ғой жанына жұбаныш, тірлігіне таяныш болар бір жақын іздеп, шарқ ұрғаны. Құлындаған дауысы көкке жетті. Бірақ, қалың тұсқағазбен әдіптеген төрт кереге тамның құмығыңқы жаңғырығынан

басқа мәу деген жан болмады. Дүние тым тасбауыр екен. Сол кезде анық көз жеткізді, кісі баласының бүйіріндегі бір уыс ет қара тасқа айналған безбүйрек әлемде қалтырап, дірілдеп күн кешіп жатыпты және сол ақылға симас қаттылықтан сескенгеннен арқасына тірек болар таяныш іздепті. Ал ол жуық маңнан табылып, жуырманнан қол ұшын созса, кәне! Алақанына шам қондырып тінтсең де табылмайды екен таяу арадан. Сондай жаны қысылған шақта шолақ ақылымен бір түйгені, пенде баласына жақындық, еметайды езер етенелік қан арқылы беріледі екен. Басқаша болуы мүмкін емес. Пайымдауынша, жоғалтып алған соң шешесінің соншама ыстық, жұрттан асқан қормал сезілуі сол жүрек сөлі араласқан тамырластықтан екен. Демек, туысы көп, қарындасы мол адам – аспан астындағы ең бақытты адам. Ал әкесі бар және ол тірі болғаны – жер бетіндегі төрт құбыласы түгел, дүниесі толық жан. «Ал солардың бірі де жоқ мен қандай сорлымын!» дегенді ойлағанда, құрдымның түбіне бір-ақ құлады. Бұрынғы қайғы қайғы ма, құмыға күңіреніп, қасірет теңізіне одан сайын батты.

Онсыз да иінінен су кетіп, жадап-жүдеп жүрген күндерінің бірі еді ғой, жығылғанға жудырық болғандай жұмыста бірге отыратын апай ешқашан естімеген, мүлде күтпеген, бөгенайы бөлек әңгіме айтты. Әуелі о дүниелік болған анасын меңзеп, қайтқан адамға арнап апта сайын жеті шелпек пісіріп, таратып тұру міндет екенін ескертті. «Мұны саған мен айтпасам, кім айтады?» деп түйіндеді сөзінің соңын. «Неге?» деп сұрап еді, «солай» деп сабақтап, ұзақ бірделерді шұбыртты артынан. Түкке түсінген жоқ. Ұзын-ырғасынан там-тұмдап ұққаны, өлген адамға артынан барып тұруға тиіс «сауап» деген нәрсе болады екен. Жанағы шелпекті жегенде ауыз тиген кісілер «тие берсін» деп, бетін сипаса, содан пайда болған әлгі киелі нәрсе сол заматта адаспай, лақпай тура барып арнаған адамның рухын табады екен және қиналғанда жанына медеу болса керек. Тындап отырып, «қара жердің астындағы қабірін қайдан тауып, тау қылып үйіп тастаған қара топырақты қалай тесіп өтеді?» деп бір тұрды да, ары қарай басын қатырғысы келмей, қоя салды. Қараңғыда қалған жабайылардың әлі тастамаған далбаса қылықтарының біріне балап, жайына жіберді. Елеп, ескеретін несі бар, қарасын батырсын деді. Бірақ соған жалғап айтқан сұмдық әңгіме бей-жай қалдырмады. «Қазақта «тек» деген нәрсе болады» деді баптап сөйлейтін байыпты кісі қадай таптап. Соған жалғап тарайтын руын сұрады. «Білмеймін» деді бұл аса мән беріп кетпей. Апайдың көзі атыздай болды. «Білмегені несі дап-дардай басыңмен! Осынша өмір сүргенде ай қарап, жұлдыз санап жүрдің бе?» деді тақ бір алдында үлкен қылмыс өткізіп қойғандай ежірейе қарап. «Руын білмейтін қазақ бола ма екен? Жолдан тауып алған біреу болмасаң. Онда да ол кейін бағып алған кісінің тұқымы болып, соның руының өкілі боп саналады» деді сосын, бұл қазақ болуға соншалық құмартып, ұмтылып тұрғандай-ақ, толыққанды жабайы болудың шартын алдына көлденең тартып. Сөйтті де мұның қалаған-қалағанына қарамай «қазақта «тек» деген нәрсе болады. Онсыз – онбайсың» деп, түкке қажеті жоқ, түсініксіз бір хикаяны бастап кетті. Айтуынша, тек деген әлгі пәлесі сонау бір жер түбіндегі «Алаша» дей ме, «Қазақ» дей ме, бір ақ сақалды дәу шалға барып тірелетін тізбек екен. Ол өзі хан ба, би ме, бір үлкен лауазымды жан болыпты. Асқан бір феодал болса керек. Үш ұлы бар екен. Олар кейін өсіп, «үш жүз» деген бірдеңеге айналыпты. Одан қаншама тармақ тараған. Қысқасы, қазіргі қараңғыда қалып, тау-тасты кезіп, жер-көкке симай кеткен қазақстан тұрғындарының көбі солардың бүгінге жеткен ұрпақтары екен. «Ал сен қазақ болсаң, қалай болғанда да, осылардың біріне барып қосылуға тиіссің и содан тарауың керек. Әйтпесе, жағдайың қиын» деп түйіндеді алысты шиырлаған салақұлаш мыжымасын. «Қиын болатыны қалай?» деп сұрап еді, «Онда тексіз болғаның. Некесіз туған балада ғана

тек болмайды» деді, «білдің бе» дегендей көзін бақырайтып. Төбе шашы дүркірей көтерілді. Бұла денесі түгел түршікті. Күтпеген жағдай. Болады деп ойламаған іс. Еркінен тыс ығына алған ашу, не үрей екені белгісіз бір алапат сезім алпыс екі тамырын қуа, тұла бойын тінтікілей барып, тас төбесін шымырлата ұшып бара жатты. Демін ішіне тартып түйілген күйі үнсіз, қыбырсыз отырып қалды. Тісін тісіне басып шамалы отырды да, әлдебір өксік қысып шыдатпай бара жатқасын, орнынан көтеріліп, тысқа қарай ата жөнелді.

Жас деп аяған шығар, таныс апай сұқсаусағын көзіне сұға жаздап айғайлаған жоқ, бірақ «сен тексізсің» деп бар дауысымен тістене айтқаны анық еді. Әрине, ішінен. Сондай бір сыңайды айқын сезді қараған қарас, құбылған өңінен. «Мен тексізбін!» деген бір ащы айғай содан былай жаңғырып, талайға дейін басылмай, шынғырды да жүрді жүрегінде. Әлде жан түкпірінде ме екен? «Мен тексізбін!». «Мен тексізбін!». Кейде келіп, құлағының түбінен жаңғыратын.

Жабайылардың бағзы бір заманнан келе жатқан негізсіз сандырақтарының біріне себепсіз мойынсұнып, сонша мән бергеніне, мән беріп қана қоймай, өзіне қабылдап, қара басын сонша жерлеп, қарадай қорланғанына күн өткен соң түк түсіндей, қайран қалды. Не себепті болды бұл жағдай? Тегін тектеп, түбіне жете алмай, «арты» ашылып қалғаннан ба, әлде тағы бір құпиясы бар ма? Өткен-кеткенді түгендеп, толғана келе соңында, «құлан таза боп арылатын уақыт өткен жоқ қой, қалай болғанда да, бойымда жабайылардың былғаныш қаны бар, өлмей келе жатқан сондағы бір құтырық нәрселер әлгі ауыр сөздерді естігенде қопси көтеріліп, дүрлігіп кеткен шығар... денемнің түршігіп, дүр сілкінуі соның әсері болар» деген түйін жасады. «Қайтер дейсің, – деді сосын жаймалап. – Мына қиыншылықтан ептеп бір өтсем, бәрі сыпырылып артта қалады». Осылай деп басықтырды ішінде апшыған аласапыран шуды. «Сондан кейін барып жаным жайланып, өзімнің о бастағы жаймашуақ халімді табармын» деп қосты іле коммунизм ізбасарларының қай кезде де алға басар, үміткер болуы керек екені жадына оралып.

Бірақ, неге екенін, өзін қанша жерден алып қашып, алдаусыратса да «Мен тексізбін!» деген зәрені кетіретін зәрлі айқай маңында үйіріліп қалып қойды. Не істесе де ада-күде арылып, құтыла алмады.

Дегенмен, бұл пенденің құпия сырлары таусылған ба, кейін жұмысы көтеріліп, білдей бір директорға айналып шыға келгенде, әлгі пәлелер санасынан сәл де болса көмескіленіп, көлеңке тартыпты. Түбегейлі ұмыт болмағанмен, көңілінен көлегейленген. Содан тосын қайта жанданып, жанын жұлмалап кеткені әнеу күні... әлгібір жетімектердің кім екенін ойлаймын деп байқаусызда өлеттенген бітеу жараға тырнағы батып, соның салдарынан ендігері сақаймайтын сыздауықтың аузы біржола алып кетіпті... қайта-қайта жадына оралып, мазалауды бастап жіберді артынша. Ал енді емдеп көр оны, дәрулі дәрісін тауып!

«Мен тексізбін! Тексіз болмасам, неге менің туысым жоқ, неге жалғызбын? Ал шешемнің неге жақыны болмаған?». Жанын мүжіп, жүрегін қажаған бұл сұрақтарды өзіне қайта-қайта қоятын болғаны содан кейін... осы жақыннан бері. Маңайдағы әкесіз балалардан «шабыт» алып жиі-жиі ойлайтын болды. Сонда қалай? Менің анам кім? Ал одан туған мен кіммін? Бұл сұрамапты, ол айтпапты кезінде. Түкке керек болмаған ғой. Жабулы қазан жабулы күйі қала берген. Бәлкім, шынымен де ешкімі болмаған шығар... онда қазір де жоқ деген сөз! Іздегенмен, табылмайды...

Рас, әлгі көршінің қараборбайлары қайда жүр екен барған жерлерін думанға бөлеп?

Бірақ, қалай болғанда да, кім болса да, мейлі, біреуі болуға тиіс қой,

әйтеуір... шешесі күлге аунап таппаған шығар жарық дүниеге әкелерде? Біреумен жақындасты. Ал сонда ол кім? Қайда қазір? Жарайды, барлар құсап жеті атасын түгендемей-ақ қойсын... алайда, бір ие шығуы керек қой жалғыз қара болса да. Құдай бетін аулақ қылсын, арғы жағын қаза берсе, мына түрімен нағыз жетімектің... жоқ, қайдағы жетімек... жетім болса жақсы ғой, өлген біреудің артында қалған үзілмеген жалғасы, кейінгіге ұласқан құйрық-жалы, жалғыз тұяғы болып шығасын... мейірін, шапағатын көрмесең де, тапқызған кісің бар болып шығады, қандай жақсы... ал басындағы қарғыс атқыр мына жайдан көңілі бірденені сезеді, шамалауынша, жағдайы мүлде жаман... сорақы, тым сорлы болғалы тұр. Келген ізі де, кеткен сорабы да жоқ, жарық дүниеге бекер келіп, босқа өткен тұлдыр сормандай. «Сонда... өткеннен табар жұбанышы, келешекке байланар үміті жоқ, нағыз орта жолда қалған міскін мен болдым ғой, – деді ішінен күйрей құлазып. – Жоққа алданып, сағым қуып, қаңғып жүріп кеп тірелген тұйығым – мына жатақхана, оның түк көрінбес түнек түкпірі болғаны ғой».

Ары қарай қуып, құзғындата беруге жүрегі дауаламады. Онсыз да біраз жай белгілі боп қалды емес пе... кайтеді енді аржағын қазбалап. Сұм көңіліне суық күдік қашқалы қашқан?! Өз өмірі жайлы ғана емес, бақытты ғұмыр кештім деп келген өткен дәурені жайында да. Сонда ол уақытта да тегі белгісіз шаталар туылып жатқан болды ғой жалбызбалап. Қандай ауыр!?

Салмақты ойдың әсері шығар, осы аралықта ішіндегі аязды ақ боран қайта басталды азынап. Тұла бойы қалтырап, тоңып отырып өзіне не болғанын... не керек екенін тағы бір тектеп өтті тереңнен. Не керек? Жырым-жырым болған жетім жанына не зәру? Не?

Қайта бұрылмас болған баяғы жастығы ма? Әлде баста тұрған тұста бағы, бағасы болған, қадірін арттырған, тіпті, дүрілдеп, тасы өрге домалаған қан қызыл ту астындағы қызыққа, еңбекке толы және мақсаты айқын, нысанасы берік, сенімі кәміл, ал үміті мен межесі қол созым жерде ғана алау боп жанып, нұрлы болашаққа қарай жетектеп, сәт сайын желпіндіріп отырған, көңілде ешбір алаң жоқ дүркіреген сәл кейінгі заманы ма? Сірә, сол шығар... сол болуға тиіс. Олай дейтіні, сол бір арман құшағындағы арынды кезеңі есіне түссе, жүрек күйінің пернесі дәл басылғандай, кенет жадырап, жырғап сала береді. Жаны кіріп, жетісіп қалады. Еңсесі көтеріліп, желпініп кетеді... Омыраулап кешіп жүрген тұсында онсыз да қымбат бағасы одан сайын еселеніп, артып кетеді деп бір ойлап па еді! Енді соның бәрі айықпас арман, жер бетінен таптырмас сағынышқа айналып алыстап, құйрық ұстатпай кетіпті, қандай кереғарлық! Ойласан, тіпті, жаның күйеді. Ол ештеңе емес-ау, қашықтаса, заңдылық шығар, шараң жоқ, бәрінен ауыры, жығылғанға жұдырық болғандай, келіп қалған жас құрғыр да көкірек түбіндегі зар-запыранды молайтып, отқа май құяды екен. Бұған енді не істерсің? Соған қарағанда, жоққа қол созып, болмасты аңсау дегеннің тағы бір аты – дәрменсіздік, шарасыздық. Басқа бірдене болуы мүмкін емес.

Бажайлап қараса, шынымен де бәрі сол әлсіздіктен балалап, қауқарсыздықтан туындап жатыпты. Сүйеніші жоқ, саркідір тартқан жалқы бас адамға одан басқа не бұйыра қойсын енді діті қатты, діңі бекем бұл өмірде?

Әлден уақтан кейін есін жиса манағы тұрақты орнында отыр омалып. Көз алды ұзаққа созылған бітеу үңгір. Түкпір жағынан өшіп-жанып бірденелер жылтылдайды.

Жарық әлі келмепті. Оған сонша елендеп, құмартып отырған бұл да жоқ. Бейтарап, тыныш күйінде тырп етпей қала берді бөксе басқан жерінде. Білген кісіге табылған ақыл осы еді.



Әңгіме

**Нұрлыбек
САМАТҰЛЫ**



АППАҚ ҚЫЗДЫҢ МӘЙІТІ

«Облыстық ішкі істер басқармасының бастығы, милиция полковнигі Ораз Мақанов» деген жазуы бар емен есіктің алдына келіп еңтігін басты. Полковниктің көмекшісі жас лейтенанттың бастық шақырады дегенін ести сала жеткен беті. Көңілінде аздаған толқу бар. Өйтетіні полковниктің қос қабат ауыр есігі кім көрінгенге оңай ашыла қоймайды. Бұл аса маңызды істердің тағдыры шешілетін, пәрменді бұйрықтар берілетін құзырлы орын. Күні кеше ғана өзінің қызмет лауазымы өсіп, «Қасақана кісі өліміне қарсы күрес» бөліміне бастық боп тағайындалған кабинет.

– Милиция капитаны Әлімхан Досыбайұлы сіздің шақыруыңызбен келіп тұр!

Бет пішінін қорғасыннан құйғандай қарасұр полковник балбал тас тәрізденіп міз бақпаған қалпы оның баяндауын бөлмей, соңына дейін тындады да:

– Капитан, «Қасақана кісі өліміне қарсы күрес» бөлімі жігіттің жігіттігі сыналар бөлім. Қане, мында жақында, – деп, бұрышта тұрған нән сейфтің алдына барды. Кілттерін сатыр-сұтыр бұрап, есігін қышқырта ашты. Іші тола жуан-жуан қағаз бумалар. Бірінің үстіне бірін кірпіш қалағандай қалап, жинап тастапты. Толып тұр.

– Мынаның бәрі ашылмаған қылмыстар. Қозғалмай жатқынына берісі бір жыл, әрісі бес-алты жыл, – деді сұсты полковник бұған сынап қарап. – Бөлімді өзіңнен бастап кіл жастардан жасақтадым. Ал енді осыған кірісіндер!

– Құп болады! – деді Әлімхан тәртіп бойынша сөз қайтармай. Көңіл қобалжуын сездірмеуге тырысты. Енді ше? Мынаның бәрі болары болған, бояуы сіңген атам заманғы сүрленген қылмыстар. Ашылуы екіталай. Бұлар түгілі, осы қазір жасалған, ізі суып үлгермеген қылмыстың өзі жатқан бір жұмбақ.

– Полковник мырза, сенім білдіргеніңізге рақмет, – деді бөгеліп барып.

– Осы қылмыстарды түгел ашсаң, қызметіңді өсірем. Өз орнымды берем, – деді полковник сараң езу тартып. Өмірі жібімейтін жүзі сәл жадырады. – Иә, иә, рас айтам! Өйткені мен анда барам.

Саусағын шошайтып жоғарыны нұсқады.

Бастықтан шыққан соң саралап жатпай сейфтен суырып-суырып алған бумалардың қолға бірінші іліккенін шешіп, қағаздарды біртіндеп қарай бастады. Былтырғы, яғни 1992 жылғы желтоқсанның жиырмасында мәлім болған қылмыс екен. Сайрам кентінің Леңгір жақ сыртынан табылған мәйіт. Қыздың мәйіті. Бұзылмапты. Демек, жуық арада, сол желтоқсанның ішінде болған оқиға. Қапқа салып әкеп, сол күйі көмген. Аяқ-қолы ғана. Басы мен кеудесін қайда құртқаны белгісіз. Бөлшектеп көмгеніне қарағанда, қызды басқа жерде өлтірген.

Оқиға орнында түсірілген суреттерді шолып шықты. Осы іспен айналысқан жедел уәкіл, криминалист қызметкерлер сипаттап жазған мәліметтерге шүкшиды. Сонда байқағаны қыз денесінің айрықша аппақ екені. Аппақ қағаздай деп анық жазыпты. «Біздің Шымкентте ақ қағаздай аппақ қыз қайдан жүр?» – деген жылт етпе ой келді басына. Із-түзсіз кеткен қыздың дерегі бар ма екен деп мәліметтер қорына назар аударған. Жоқ. Соңғы жылдары ондай дерек тіркелмеген. Қала бойынша да, облыс бойынша да. Республика көлемі де тыныш. Қайран қаларлық іс. Егер қыз жоғалды деген дерек болса туған-туысқандарынан, таныстарынан сыр тартып көрер еді. Кімнен, неден күдіктенетінін сұрастырар еді. Ал мынаның жұмбағы қалың. Өзге істер сияқты мұрты шағылмай жыл бойы жатып қалған.

Әлде көрші Өзбекстан мен Қырғызстанның бірінен нәпақа іздеп кеп, соры қайнап қалған біреу ме? Олай дейін десе, о жақтан да қызға сұрау салынбаған. Ал жалпы сұрау салу (*ориентировка*) деген көп-ақ. Топан. Жан-жақтан тасқындап жетіп жатады. Бұрынғы жүйенің сілемімен Ресейдің жолдайтыны да пәшкі-пәшкі. Оларды бір-бір қарап шыққанның өзінде миың атала бола жаздайды. Ақыры сол сансыз сұрау салудың біреуіне көз тоқтатты. Ресейдің Мурман облысынан келіпті. Сол облыста Мирный деген қалашық бар екен. Сонда тұратын бір қыз ізім-қайым болған. Аты-жөні Катерина Ивановна. Былтыр жіберген. Қазан айында. Көп жағдайда орыстардың өздері онша біле бермейтін Мурман облысы сияқты шалғайдан жететін қатынас қағаздарға әдетте басқарма қызметкерлерінің көзқарасы салғырт. Мынау да топан қағаздың астында қалған. Әлімхан да солар сияқты ысыра салар ма еді қайтер еді, егер аппақ қыз оқиғасы болмағанда.

Әлем картасына үнілсе, Мурманның өзі батысында Финляндиямен шектесетін қияндағы облыс екен. Солтүстік-батысында Норвегия жатыр. Солтүстігі Баренц теңізі. Ол теңіз одан әрі Солтүстік мұзды мұхитқа ұласады. Мирный қаласы солтүстік полис жағында. Қыста поляр түні, жазда поляр күні болатын жер. Алты ай түн, алты ай күндіз. Бір жағы қызық, бір жағы тылсымды жұмбақ мекен. Қысы болса да ызғар. Жазы да жылып жарытпайды-ау. Адамның бойы жыл он екі ай бір жылымайтын, үнемі тоңазитын да жүретін құдай атқан өлке. Содан кейін денелері аппақ болмағанда қайтеді. Осыны ойлаған Әлімхан қамыс арасынан қырғауылдың ізін шалғандай шүкшия түседі. Басы мен кеудесінің жоқтығы зор кедергі. Дегенмен денесінің аппақтығы біраз нәрседен хабар беріп тұрғандай.

Әлімхан өзі өмірі естіп, білмеген өлке туралы біраз мәліметке қанығып қалды. Ал енді картаның өзінен табылуы қиямет қайым жерге бара ма, әлде бармай, жабулы қазан жабулы күйінде қоя сала ма? Бір ойы Мирный жердің түбі, ит өлген жер, оның үстінде қайдағы бір орыстың қызы үшін әлек боламыз ба дейді. Істейтін жұмыс таба алмай отырған жоқ. Жұмыс деген жетіп артылады. Осы Шымкенттің маңайында болған қылмыстардың өзі бастан асады. Тағы бір ойы айтады, бізге керегі орыстың мерт болған қызы емес, бізге керегі соны өлтірген қылмыскер ғой деп. Ол қылмыскер қазір мәйіт көмілген Сайрамда, одан асса Шымкентте тайрандап жүрген болар-ау. Адам өлтіріп көрген адам, егер қылмысы ашылмаса, тағы біреуді жазым етуі әбден мүмкін. Біреуін жылы жауып қоя салсақ, онда қылмысқа жолды өзіміз ашқанымыз. Сол ма бізге керегі? Ертең басымызға пәле болады. Қолы қанға малынған адам жазасын тартуы тиіс. Қылмыстың өтеуі жаза. Сондықтан жердің түбіне барсақ та қылмыскерді құрықтауға тиістіміз.

Неше қилы ойлар кезек ырғасып келіп, бірін бірі жеңе алмай, ақыры Мирныйға аттану керек деген ойға тас түйін бекінді.

Әуелі пойызбен төрт күн теңселіп Мәскеуге жетті. Ұшақпен ұшуға басқарма қаржысы көтермейді. Одақ ыдырап, мемлекет Тәуелсіздікке енді ғана қол жеткізіп жатыр. Экономика деген быт-шыт. Өндіріс орындары жау тигендей бірінен соң бірі тоқтап қалуда. Сомның құны құлдырап кеткен. Пойызбен бару

себебі сол. Мәскеуден әрі Санкт-Петербург, Мурман. Өткелектеп пойыздан пойызға ауысты. Мирныйға кемемен жетті. Мінбегені кеме еді, оны да көрді. Ұйқы шала, қарын аш. Көңілде өкініш. «Әй, өзім де ақымақпын. Тыныш жатпай, нем бар еді жыбыршып. Қатты ашқыш боп бара жатса, өзге қылмыс жететін еді ғой. Бастықтың сейфінде тұр емес пе тіреліп», — дейді іші удай ашып. Бір жағы кемемен жүзу де таңсық. Мұхитқа ұласқан көз талдырар телегей суды көріп тұрғаны осы. Не деген енапат су. Су дегенде ес білгелі көргені бұралып аққан Арыс, ылайлап жөңкілген Сырдария.

Айтпақшы, шалғай жерге, жат жандардың арасында жалғызсыратар қиын-қыстау сапарға шығуының басты себебі бар екен-ау. Оны бастықтың өзі айтқан, қызметінді өсірем деген. Менің креслома отырасың деген. Бастық болуға ұмтылмайтын, шенін өсіруге талпынбайтын милиция милиция ма? «Генерал болуды армандамаған солдат солдат емес» деген сөз ып-ырас. Сейфке сыймай тұрған қылмыстар түгел ашылса, әрине бастықтың ғарышқа самғаған ракета сияқты министр боп көкке өрлейтіні анық. Ол көкке өрлесе, бейнет шегіп баракатқа жеткізген бұны жерде қалдырмас. Басқармаға бастық қып жайлы креслоға қонжита салу бұйым ба? Бұйым емес. Бірақ қылмысы ашылмақ тұрмақ, бауы шешілмеген бума қаншама.

Осыны ойлағанда Әлімханның кеудесін Солтүстік мұзды мұхиттың суық лебіндей бір ызғар қарып өтеді.

Ақыры Ресейдің сұрау салуы (*ориентировкасы*) бойынша зым-зия қыздың ата-анасын тапты. Әкесі Иван Иванович әскери адам. Прапорщик. Шешесі Анна Ивановнаның да жұмысы әскери бөлім жақта, штабта әріп теруші.

— Былтыр күзден бері қапалымыз, — дейді шешесі еңірегінде етегі жасқа толып.

— Жалғыз перзентіміз еді... — дейді прапорщик жүнжіп.

«Кімнен, неден күдіктенесіздер?» — деген сұрағына олар жауап бере алмайды. Әлімханның Қазақстан деген жерден келгенін білгенде ғана Иван Иванович бұрын әскери бөлімде қазақстандық бір солдат қызмет еткенін есіне түсірді.

— Есімде қалатын себебі, — деді Иван Иванович, — ол армиядан соң, көп ұзамай Мирныйға қайтып келді. Жұмыс іздеп. Мен оны автопаркке слесарь қып алдым. Ну, ол жақсы жігіт. Бір мәрте үйге де келген. Контрактісі біткен соң ғайып болды. Еліне кеткен шығар.

— Аты-жөні кім еді?

— Біз Коля дейтін едік.

— Қазақстанның қай облысынан?

— Қай облысынан? Сен менен әуелі Қазақстан қай жерде деп сұра. Құдай білсін қай облыс екенін?

Ертеңіне полк штабына барды. Командирге жолықты. Оның рұқсатымен архив актарды. Ақыры тапты. Оның аты-жөні Хұршид Жалалаудинов болып шықты. Қазақстандық. Қай облыс екені жазылмаған.

Жіптің ұшын ұстаған сияқты.

* * *

Хұршид Жалалаудиновтың дерегі бұлайша оп-онай мәлім бола қалады деп ойласа кәне. Керісінше өткелектеп пойыздан пойызға секіріп жүріп, жердің шетіне дейін шеккен сапарым, көрген бейнетім ақталмайды-ау деп Мирныйдың күнін көре алмай қажып оралып еді. Сөйтсе, Хұршид-екең облыстық әскери комисариатта тіркеуде тұр. Ал ендеше. Мекен-жайы белгілі. Үйі Сайрамда.

Жедел уәкілдер оны желкелеп әкеп, Әлімханның алдына жүгіндірді. Ол болса мен не жазып қалдым дегендей, көзі алақ-жұлақ.

— Мына қызды танысың ба? — деп қыздың ата-анасынан алған фотоны көрсетті.

Хұршид Жалалаудинов фотоға үңіліп қарады да басын шалт көтеріп:

– Табылды ма? – деді тез-тез сөйлеп.

– Иә, табылды.

Күдікті есінен танып, тілін жұтып қойғандай үнсіз қалды. Ә дегенде күйгелектене бастап еді, артынша сабасына түсіп, өзінен көзін айырмай жіті бақылап отырған капитанға жалтақтай берді.

– Маған айтпай кетіп қалыпты, – деді. – Содан бері жоқ.

– Айта бер. Қайдан танысың? Басынан баста.

– Мирный деген жерде служит қылдым. Ресейде. Дембелден кейін жүріп-жүріп Мирныйға қайтып бардым. Бір прапор бар еді. Таныс. Сол мені жұмысқа алды. Со кісінің қызы. Катя... маған Катя деген атын. Жаңағы прапор бір жұмысқа көмектес деп үйіне апарған. Сонда көріп, танысып қалдым. Кездесіп жүрдік. Жасырынып қой. Екі жылдан аса контрактімен жұмыс істедім. Сосын қайттым ауылға...

– Екі жыл бойы кездесіп жүрдіңдер ме?

– Екі жыл емес, соңғы екі-үш айда.

– Не мақсатта кездестін?

– Еркек емеспіз бе? Еркектер қотынсыз жүрмеуі керек. Қотынсыз жүрген еркектің ісі алға баспайды. Ресейде өзбектің бәрі солай. Құр жүрмейді. Өзбектен туған балдар көп Мәскеуде.

– Ал ол Шымкентке қалай келді?

– Контрақтым бітті, Сайрамға келдім. Сайрамға келгесін бір күні телефон соқтым. Ол айтты: «Мен сенің Қазақстанына барғам келеді, жылы жақты көргім келеді», – деді. Мен: «мақұл, кел, күтіп алам», – дедім. Катя келді. Ескі жатақханадан алған бір бөлмем бер еді. Соған апардым.

– Шымкентке қай айда, қай күні келді?

– Қыркүйектің соңы еді. Сүйтіп ол сонда тұрып жатты... Бір күні барсам, сөмкісін алып, тайып тұрыпты.

– Ол қай күні еді?

– Ол ма? Ол... ол... қазан айының іші. Иә, қыркүйектен кейінгі ай. Дәл қай күні екенін ұмыттым. Әйтеуір он бесіне дейін.

– Ол кетіп қалмаған. Оны біреу өлтіріп, өлігін көміп тастаған.

– Өлтіріп?! Мен оны Мурманына кетіп қалған шығар деп ойладым.

– Шыныңды айт. Ерте ме, кеш пе, бір күні бәрібір анықтаймыз. Егер өтірік айтсаң, өзіне қиын болады. Жазан ауырлайды.

– Өлләһи, білләһи... білмеймін. Менің бар білетінім оған көп жақсылық жасағаным...

* * *

Аппақ қыз деп жүргені Катерина ма, Катерина емес пе, ол жағы әзірге беймәлім. Жұмбақ. Басқа біреу болуы да мүмкін. Катерина Ресейіне кетсе, кеткен шығар. Ресейді кең байтақ деуші еді ғой.

Әлімхан қилы-қилы ойға батып, ұйықтан шыға алмай отыр. Осы сәт бұған дейінгі әрекеттерінің барлығы құр әуре, бос тірлік сияқтанғаны. Өмірде не болмайды, бәрі болуы мүмкін. Жоғалып кеткен Мирныйдың қызына Сайрамның өзбегі – Хұршидтің байланысы барын білгенде, өзінің о бастағы болжамына күмәні қалмап еді. Енді ол ойы сан тарапқа тартып тұр. «Әлі де зерттей түсу керек», – деді іштей. Хұршидты босатып қоя бергені содан.

Хұршидтың Сайрамдағы көршілеріне жеке-жеке сұрау салуға өзі бармай, жедел уәкілдерге тапсырған-ды. Алайда Хұршидқа нашар мінездеме берген біреуі болсашы. Барлығы-дағы оның еңбекқор екенін айтыпты. Тірі пендеге жаманшылық ойлағанын көрсек, көзіміз шықсын депті. Оларды тыңдай берсең, Хұршидтен күмәндануға ұяласың.

Әлімхан сұрау салуларды мұқият оқып отырып, бір көршісінің жауабына назар аударды. Ол Хұршидтің: «Құмырсканың уынан адам өле ме?» – деп сұрағанын тілге тиек етіпті. Осы арасына келгенде Әлімхан буманы ақтарып

отырып, уға қатысты сараптама жасалмағанын білді. Енді жасай алмайды. Өлген қыздың аяқ-қолын сақтау мүмкін болмағасын, көзін жойған.

Түске дейін осы іспен айналысып жүрген жедел уәкіл Сапарға телефон соғып:

– Хұршидтің жатақханадағы көршілерімен сөйлестің бе? – деп сұрады.

– Онда қазір адам тұрмайды. Жылу жоқ, су тоқтап қалған. Күн суый бастағаннан-ақ тұрғындар тарап кеткен. Бөлмені жалға алып тұрып жатқандар ғой. Екі бөлмеде ғана тіршілік бар. Бірі ұзын дәліздің ана басында, екіншісі мына басында. Олардың өздері ерте кетіп, кеш оралады екен. Жауаптары тым қысқа. Білмедік. Көрмедік. Көрші үйдің бірінші қабатында дүкен бар. Сатушысы бір дерек айтып тұр. Аппақ орыс қызы дейді, қарашаның соңына дейін анау-мынау сатып алып жүріпті, – деп баяндады.

– Аппақ деп па?

– Иә, аппақ депті.

Түстен кейін мекен-жай агенттігінің көрсетуімен у сататын мекемені іздеп тапты. Хұршид сауда жасайтын базар маңы екен. Осының өзі көңілге күдік ұялатты. Кеше осы қалада у сататын мекеменің қаншасы бар екенін зерттеп көрген. Бес мекеме тізімделіпті. Мынау базарға ең жақыны. Хұршид у алса осыдан алуы мүмкін. Ақ халатты қызметкер қыз, клиент деп ойлап қалды ма, жылы қарсы алды.

– Сіздерде адамды сеспей қатыратын у сатыла ма? – деп мәселені төтесінен қойды.

Әлімханның мына сұрағына қызметкер қыз сықылықтап күліп жіберді.

– Немене, біреуді сеспей қатыру керек пе еді?

– Иә, сеспей қатыру керек боп тұр.

– Сатылады, – деді сонда ғана күлкісін тыйып. – Жеке куәлігіңіз жаныңызда ма?

– Иә, жанымда. Ол неге керек?

– Күшті улар онсыз сатылмайды.

– Сонда кімнің у сатып алғанын жазып қоясыздар ма?

– Иә, әрине.

– Олай болса, былтырғы журналыңызды көруге бола ма?

– Жоқ. Ол құпия.

– Мен милиция капитанымын, – деп, қалтасынан куәлігін алып қызға көрсетті. – «Қасақана кісі өліміне қарсы күрес» бөлімінің бастығы. Маған у емес, у сатып алған адам керек.

– А-а! – деп сасып қалды қызметкер. – Сіз бұл туралы бастықпен сөйлесіңізші.

У сататын мекеме бастығы таныстықтан соң сөзге келмей, бөлек бөлмеден қап-қалың журнал әкеліп, алдына тастады. Әлімхан өткен жылдың соңғы үш айын мұқият қарады да қайтарып беріп жатып:

– Мұнда жоқ екен, – деді.

У сататын мекемеден іздегенін таппай шықса да, әлденеден үміттеніп келеді. «Іздене берсе жол шыға береді екен-ау, – деп қояды өзіне өзі. – У алғандарды қатаң түрде тізімдейтінін бұрын қалай білмегем?»

Үміті алдамапты, у сататын төрт мекеменің бірінен Х.Жалаладдинов деген фамилия жарқ ете қалды. Қарашаның он сегізі күні сатып алған.

* * *

Өзін екінші мәрте уақытша ұстау абақтысына алып келгенде бұл жолғы қамаудан Хұршидтің көңілі үркіп, сілейіп отырып қалды.

– Карбюраторы бұзылып, машинамы жолға тастап кеттім. Милицияның жұмысы қиын. Біржола қойсам ба деп жүрмін, – деді Әлімхан алдына алып келген Хұршид Жалаладдиновке шағынғандай қажі сөйлеп. – Бизнеске кету керек. Не бизнес істесем екен? Сен білесің ғой. Ақыл айтшы?

– Көп қой бизнес, – деді Хұршид.

Жаңа ғана өмірден түңіліп отырған оның бозара қалған өңіне қан жүгіре бастады. Бір жағынан капитанның бұны не мақсатпен айтқанын тап баса алмай, жасырынбақ ойнаған балаша жалтақтап отыр.

– Жарайды, – деді сосын капитан. – Ол жағын кейін ақылдасамыз. Негізгі мәселеге көшейік. Сен Катяны қазан айының он бесіне дейін кетіп қалды дедің. Ал оны қарашаның аяғында көрген куә бар. Үйдің жанандағы дүкеннен қарашаның жиырмасында қарызға зат алыпты. Ол қарызын кейін сен өтепсің. Бұ қалай? Алдағаның ба?

– Мен ұмытыңқырап қаппын.

– Жаксы, ұмытсаң ұмытқан шығарсың. Ал саған құмырсканың уы неге керек болды?

– Құмырсканың уы? Жоқ, маған керек емес! – деді ол Әлімханның құмырсканың уы туралы неге сұрағанын ұқпай.

– Құмырсканың уы адамды өлтіре ме, өлтірмей ме, соны білдің бе?

– Е-е, түсіндім. Үйде құмырсқа қаптап кетті. Сосын көршімнен сұрадым, адам содан өле ме деп. Сіз соны айтып тұрсыз-ау. Өйткені үйде кішкентай бала бар. Сол жеп қоя ма деп... содан қорқып...

– Бұның мақұл-ақ. Енді мынаны айт. Қарашаның он сегізінде сен адамды сеспей қатыратын күшті у сатып алдың. Ол саған неге керек болды?

– Ұу! Сеспей қатыратын?! – деп саскалақтап қалды Хұршид. – Иә, иә, сатып алдым, – деді сосын сабасына түсіп. – Базарда тұр едім, бір жігіт келді. «У сатып әперші деді. Құжатым болмай тұр, ақша берем», – деді. Сосын бардым да, айтқан уын сатып алып бердім. Сол үшін ол маған төледі.

– Кім ол жігітін?

– Танымаймын. Келді де айтты.

– Уды кім алса, жауапкершілік сонда. Сенің мынауыңа сенбеймін. Жатақханада қашан болдың соңғы рет?

– Қыс түскелі бармадым. Суық. Жылу жоқ.

– Қазір барып көреміз, – деп капитан орнынан тұрды.

* * *

Жатақхананың жалғыз бөлмесі. Қапталда ескі диван. Бірер көрпе-төсек ыбырсып жатыр. Жиналмаған. Өзбекке тән ұқыптылық сезілмейді. Еденде арақтан босаған шөлмек құлап қалыпты. Бұрышта шкаф тұр. Суырмасын тартып ашты. Бірнеше қасық, шанышқы, пышақ көзіне ілінді. Ағаш сапты пышаққа үніле қарады. Сабының жарығы баттасып қалыпты. Қан ба немене? Қан сияқты. Ондайдың талайын көрген. Бір қарағаннан таниды. Жәй көзге тіпті аңғарылмайды да. Бұрылып қуықтай ванна бөлмесіне бас сұқты. Еденде қоңыр түсті футболка жатыр.

– Кімдікі? – деді Әлімхан. – Сенікі ғой. А?

– Менікі. – Дауысы әрең шықты.

Криминалист футболканы қолына алып, жарыққа тосып, мұқият қарады да:

– Етегіне әлдене жұғыпты. Қан сияқты, – деді. – Сараптамаға алу керек.

– Сен пышақтың сабын байқадың ба? – деді Әлімхан криминалист қызметкерден.

– Оны да алам.

– Ыстақан-бокалдарды да қалдырма.

* * *

– Ендігі өләһи-білләһиің жәрдем бола қоймас. Жатақханадан шыққан вешдоктар (*заттай айғақтар*) біраз құпияны ашатын түрі бар. Сараптама қорытындысы ертең дайын болады. Оған дейін абақтыда жата тұрасың.

- Сізге өтініш. Су беріңізші.
- Су жоқ бізде. Бүкіл қалада жоқ су. Тоқтап қалған.
- Екі күн болды су ішпегеніме. Тілім аузыма симай...

– Шындық та су сияқты. Сен суға шөлдесен, мен шындыққа шөлдеп тұрмын. Ал сен оны бермей жүрсін. Мен саған мынаны ескертем. Егер осы қазір шындықты айтып, мойындасаң бес жылға кетесің. Түрмеде тәртіпті болсаң, оны да кемітеді. Ал қылмысыңды мойныңа біз қойып беретін болсақ, онда арқалайтының он жыл. Ал таңдау өзінде.

Хұршид солған шөптей қуарып, басы кеудесіне құлап едәуір отырды. Әлімхан күдікті адамның мұндай күйін ешқашан бұзған емес. Ол қазір екіге жарылып өзімен өзі арпалысуда. Ар азабы деген осы! Қай жартысы жеңіп шығатыны адамның өзіне, кісілік қасиетіне байланысты. Көбіне әділдік деген сынары басым түсетінін бүгінге дейінгі тәжірибеде көріп жүр.

Хұршид осы кезде әлденеге батыл бекінгендей кеудесін тіктеп, басын көтерді.

- Мойындаймын, – деді қылғына сөйлеп. – Су беріңізші.

Әлімхан орнынан тұрып, графиндегі судан ыстақанға құйды да көз жанарына дейін құрғап кеткен Хұршидке ұсынды. Ол ыдысты қос қолымен жылдам алып, асығыс-үсігіс сіміре бастады. Шөлдеген адамның су ішкені де ерсі екен, баппен ішпей, қою тамақ жегендей асап-асап қылғыта ма немене.

- Тағы ма?

Анау басын шұлғыды. Шөлі қанбай қалғаны содан-ақ көрініп тұр.

Бұл жолы асықпай ішті.

- Ал, айт! Неге өлтірдің?

– Екі ай тұрды жатақта. Қайтуды ойламайды. Қашанғы асыраймын? Өзімнің котын, бала-шағам бар. Өзі бір тиынсыз келді. Сосын... жо-оқ, бірден емес...

...Катеринаның мінсіз аппақ денесі, тіпті қараңғы бөлменің өзін нұрға бөлеп, сәулелендіріп тұратындай еді-ау! Өзі болса, жас қыздың жалаңаш тәніне жаңа қол тигізген бозбаладай жүрегі тарс-тарс соғып, тұла бойын ыстық құмарлық кеулеп, өрекіп кететін. Базардан тапқан ақшасын Катядан сол себепті ғой аямайтыны. Алайда бас айналдырар осынау бақыт өзіне сор болып жабысатынын, қайран басы қайдан білсін.

– Хуршид, жан, сен маған жайлы пәтер жалдап әперем деп едің ғой, – деп Катя жаңа ғана аңсарын алып, талықси тоқмейілсіп жатқан бұның жалаңаш кеудесін сүйіріктей саусақтарымен сипалап, жүзіне күлімсірей қарады. Елден ерекше жасыл көзінен ескен солтүстікке тән ызғарды сезінген сонда.

Хұршидтің ысынған денесі суынып сала берді. Осымен екінші мәрте... жо-жок, үшінші мәрте айтып тұр. О басында иә деп, келісе салған өзі. Дәл бұлай болар деп ойламаған. Жайлы пәтер жалдап әперуге ақша қайда? Базарда сауда қылған адам бай деп ойлай ма екен?

– Мамаң, Анна Ивановна уайымдап қалмай ма? Мирныйға барып келсең қайтеді. Бізде қыста бәрі осындай. ТЭЦ-тер түгел сынған. Жылу бермейді, – деді Хұршид кеудесін қытықтай сипалаған қыздың қолын былай алып қойып. – Келер жазда келсең, бөлмені жөндеп, жарқыратып қоям.

– Саған бір құпиямды ашатын болдым-ау! – деді Катя тіктеліп отырып. – Білесің бе, маған Мирныйға баруға болмайды. Бір сүмелекті, оған өзі кінәлі, өлтіріп алдым. Әрине, кездейсоқ өлім. Өлтірем демеп едім. Барсам ұстайды. Одан кейінгісі түрме. Сол саған керек пе? Болашақ жарық дүниеге келетін перзентіңнің мамасын түрмеге қиясың ба?

Бұл төсектен басын көтеріп алды.

- Өлтіріп?! Қалай?!

– Успокойся! Бәрі дұрыс болады. Мен енді Россияға бармаймын. Сенің Чимкентінде де қалмаймын. Маған осы қыс көмектес. Сосын мені көрмейсің. Сенің маған берген сыйлығыңды – қызымды аламын да қарамды батырам. Біржола.

– Жаным, Катя... Дұрыс айтасың, бәрі дұрыс болады. Сәл күтші, – деп Хұршид жылы төсегіне қолтырауын өрмелеп шыққандай ыршып тұрып кетті. Апыл-ғұпыл киініп, тысқа беттеді. Катяның құрсағына біткен бәлекей туралы ойлағысы жоқ.

Катядан қалай құтылам деп басы ката бастағаны осы кез. Көшеге сүйреп тастай алмайды. Сүйреп те тастар еді, Катя кек алуы мүмкін. Ішіндегі баланы бұлдаса да бір жаманшылық істейді. Отбасын ойран қып кетуі мүмкін. Бұлардың қатігез екенін басқа білмесе де арасында біраз уақыт жүрген өзіне аян. Бұлар аямайды. Ойлап-ойлап у ішкізген дұрыс деп шешті. Қарақұстан тарс еткізіп балғамен бір сокса да сеспей қатар еді. Бірақ қалай, кешелері тәтті ләззатқа бірге батқан ұрғашыны қанға бояу деген... Онда татқан ләззаты тәтті естелік болудан қалады да. Жо-жоқ, Катя оған қиятын жан емес. Қиналмай ғана ұйықтап кеткендей болса. Әрі өзінің осы қастық пиғылын сезбей кетсе. Егер ол сезіп қойса, онда өмір бойы көз алдынан кетпей қоятынын түйсінді. Ал енді құтылмай тағы болмайды. Шегінетін жері жоқ. Бұл туралы ұзақ ойлану да жанын азаптайды екен. Сондықтан не болса да, тезірек болғанын қалады.

Одан кейінгісі ойына түссе жанын қоярға жер таппайды.

Сол жолы ғой, ұсынған суды сіміріп салды да созылып барып, басы жастыққа сылқ құлап еді. Бұл шыдамай теріс айналған. Қайта қарағанда көзі ашық қалыпты. Жасыл көзін өзіне қадап, тесірейіп жатыр екен. Жаманшылықтың өзінен келгенін бәрібір біліп қойғандай сезіне беретіні содан...

...Әлімхан Хұршидтің әңгімесін үнсіз тындады.

– Содан кейін жатақханаға баруға қорықтым. Катяның жап-жасыл көзі елестей береді, қайда барсам қыр соңымнан қалмайды... Бірақ ол бәрібір қатыгез... суық, – деді ақтала сөйлеп. – Отбасымды сақтау үшін амал жоқ сөйттім. Адам өлтіру маған жат еді.

– Денесінің қалғанын қайда көмдің?

– Есімде жоқ. Ол кезде мен жынды адамға ұқсадым. Оны қайтесің? Оның сұрауы жоқ. Әлеке... капитан... менің үш балам бар. Олар әлі кішкентай. Кішкентай балаларым үшін құтқара гөр. Тағдырым сенің ғана қолыңда тұр, – деп еңкілдеп жылап жіберді. – Оны іздейтін ешкім жоқ. Оның ата-бабалары біздің ата-бабаларымызды жүздеп... мындап қырған... атқан... асқан. Менің дадамды ашаршылық жылы біттә алмасын жұлып алғаны үшін атқан... ит сияқты атып тастаған. Бытыра мылтықпен. Көшеге қараған бұтақтан жұлып алған дадам. Сұраусыз атқан. Неге аттың деген ешкім болмапты. Сотталмай кеткен сұмырай.

Хұршид көзінің жасын сүртпестен, бұныма не дейсің дегендей капитанға тіктеле қарады. Оның бұл әңгімесінен Әлімханның өзінің де іші жидіп сала берсін. Ата-әжелерінің қиын өмірі көз алдына келгендей бір сәт үнсіз отырып қалды. Катеринаның озбыр туысқандары Әужан атама, атамның үш әйелі Ерімкүл, Аршагүл, Күліш әжелеріме небір қорлықты көрсеткен ғой. Колхоздасу кезінде. Бұлар ма, бұлар! Әуелі тігерге тұяқ қалдырмай бар малын тартып алған. Өздерін қудалаған, түрмеге тыққан. Содан үш кемпірі үш жақта қалып, өзі Өзбекстанға қашуға мәжбүр бопты. Үш әжем бала-шағасын қызғыштай қорып, жылап-сықтап, басына бұлт үйірілген атамның соңынан жеткен екен. Әкем ол кезде бала. Орыстардың қудалауынан ол да көп зардап шеккен. Атамның сүйегі со жақта, Аққорған деген жерде жатыр.

Әлімхан енді Хұршидке мұң шаққандай іштей өзімен өзі сөйлесіп кетіпті. Бірақ есін жылдам жиды. «Қылмыстың аты қылмыс. Оны ештеңемен ақтап ала алмайсың!»

– Заң бар, заң үстем, – деді капитан қалың ойдан серпіле орнынан тұрып. – Ал даданды атқан адам жазасыз кетсе, оны құдай жазалайды. Жазасыз кетпейді.

Хұршидтің жүзі аппақ қыздың мүрдесіндей қуарып, қан-сөлсіз бозарып бара жатты.



Лиқаият

**Дәурен
ҚУАТ**



БРУКЛИН КӨПІРІНДЕГІ КЕЗДЕСУ

«Үшбу хаттар, сәлем хаттар, жедел хаттар... Алты құрлықты мекен еткен адамзаттың ұрпағын бір-біріне жалғап, байланыстырып, хабар-ошар алғызып, жақсылығын жеткізіп, жаманатын естіртіп жаны қалмай жүйткіген, айналайын, ақ парақтар, сендер болмасаңдар, мына дүние қараң қалар еді!».

Көңілім тасып Нью-Йорк қаласына ұшып келе жатырмын. «Әлемнің астанасы» атанған әйдік қалада ұлым тұрады. Елшілік қызметте. «Көке, өзін ширек ғасыр басқарған пошта-байланыс мекемесіне сан тарау жолдармен жеткен хаттардың ізімен енді сіздің де саяхатқа шығып, сайрандайтын уақытыңыз болды ғой, мұхит асып «Америка» деген елді көріп қайтсаңызшы», — деп қоңырау шалған еді ол. Бәйбішем де ұлымның сөзін қоштап: «Көкесі, осы елге сіңірген еңбегің өлшеусіз, мұқым ауданның әр үйіне ерінбей-жалықпай хат тасыдың, зарыққан жандардың алғысына бөлендін, енді арқанды кенге салып, бейнетіңнің зейнетін көретін уақытың болды. Балаң елшіліктегі білдей бір қызметте, несіне тартынасың, бар, жолыңнан қалма», — деген-ді.

Қаладан біздің аудан орталығына пошта қызметіне бөлінген автокөлік қатынайтын. Жұмасына екі рет. Қорабы хаттар мен заттай сәлемдемелерге сықай толған машина аудандық пошта мекемесінің ауласына алқынып кеп тоқтағанда айналадан алақайлаған үндер жамырап кетуші еді-ау! Өйткені күтіп жүр ғой: ғашықтар, аналар, әкелер, аталар, әжелер, достар, тіпті сырттай таныс-білістер, мұраттастар, армандастар... Бірі әскер қатарында, бірі қалада оқиды, енді бірі қызмет бабымен қиыр жайлап, шет қонған... Тарату бөлімінде таудай болып үйілген хаттар — әне, солардан келген хаттар. Хат жаза білетін адамдар — сағына білетін адамдар. Мынау қызылды-жасыл конверттерді сағына, сарғая күтіп отырған адамдарға дер кезінде жеткізіп бере қою қандай ғанибет десеңізші?!. Конверт қолына тиген жан жайраң қағып, жүзіне жалын жүгіріп саған рахмет айтады. Алқайды, алғысқа бөлейді. Мен осы жасыма дейін қанша адамнан алғыс алдым екен?..

Алып лайнер мұхит үстінде шалқып ұшты білемін, құлдилап-көтеріліп, көтеріліп-құлдилап бұлаң қағады.

Жаратқан Ием мені алғысқа кенелткен соң өмірде тек жолым болды да отырды. Басым аман, бауырым бүтін. Аландап, алды-артымды ойлап, уайым қыларым жоқ. Тәңірімнің берген жасын жасап, баянды қарттығыммен бақиға аттануды ғана іштей тілеймін. Менің ғұмырым тек жақсылық пен қуаныштың тілінде сөйлейтін хаттар сияқты. Тәуба! Менен басталған осынау шуақты өмір ұрпағымнан жалғасын тауып, көңілімді жаз етуде.

Америка Құрама Штаттары. Бір замандарда алыстан, тым-тым алыстан аты естіліп, айбары сезілетін елге табаным тиеді деп ойлаппын ба? Ертеректе осы жақтан да бір құпия хат келіп, ол құпия хатты құпия қызметтегі кісілер мекен-жайына жеткізбей ұстап қалғаны бар еді... Қай жылдары еді сол? Жадымнан жаңылмасам, бір мың да тоғыз жүз жетпіс үш, әлде жетпіс төрт? Жоқ, жетпіс үшінші жылы болуы керек. Ұсқыны бөлек, жолданған мекен-жайы бөтендеу көрінген хатпен ілесе аудандық қауіпсіздік комитетінің қызметкерлері де сау ете түскен. Әлгілер кеңсеке кірген бетте тарату бөлімінде жатқан хатты алдырды. Қолдарына тигіздім. Хат баруға тиісті тұрақты нақтылап, қойын дәптеріне түртіп қойған комитет басшысы маған тесіле қарап отырды да: «Бұл адреске бұрын хат келіп пе еді?» – деп сауал тастады. Мен: «Жоқ», – дедім. «Есіңізге түсіріңіз, бәлкім, келген болар?». Мен жауабымды қайталадым. Олар: «Анықтаймыз», – деді де, төтенше хатта көрсетілген мекен-жайдағы адаммен аралас-құраластығымды сұрады. Мен күлдім. «Ауданымыздың жан саны 200 мыннан асады. Соның бәрімен...». «Иә, – деді құпия қызметкерлерді бастап келген қарасұр кісі, – иә, соның бәрімен сіздің етене жақын болуыңыз неғайбіл?». Осыны айтып аз отырған құпия адам сұқ саусағын ернінің ұшына тіреген: «Жария етілмеуге тиіс!». Сөйтті де, хатты портфеліне атып ұрып, шығып кетті. Нөкерлері бөлменің ішін тінте қарап, аз-кем аял қылған соң қоштасып, қол алыспастан олар да тайып тұрды. Қайтесің енді, қайсыбір хаттар адасқан тағдырларға ұқсайды: мекен-жайына жетпей, жарты жолда қалады.

Әуе кемесінің салонындағы ұсақ шамдалдардан төгілген жарық сәулелер қызыл-күңгірт бояғы еніп, торғын шымылдықтай толқиды. Байқаймын, жалғыз мен ғана ояумын. Менен өзгелері, сірә, аспан тұрғындарына айналып кеткендер болса керек, қалың ұйқының құшағында. Оларды табан астында күркіреген мұхит үні, мұхит демі толғандырмайды да, толқытпайды да білем, әйтпесе, адам деген осындай сәтте жанындағы сапарласына қарап ілтипат танытып, ізет білдіріп қоюы керек қой. Өз тілінде болса да, ортақ сапарымызға сәттілік тілеп, «пешенемізге жазылған кереметті көрмейсіз бе, сіз бен біз мұхит үстін көктей өтіп, көкте жүзіп барамыз» десе, мен оны түсінер едім. Себебі мен – конверттердің аузын ашпай-ақ хаттардың «тілін» білген пошташымын.

* * *

Ұлымның пәтері Нью-Йорктің елшілер тұратын ауданында екен. Елшілер орамындағы үйлерді әуеден салбырап түсе қалып, заңғар көкке қайта ұмтылған мұзарт шындарға ұқсатам: бір-бірімен бой таластырып, бірінің төбесіне бірі төніп тұр. Сол үйлердің біріндегі шырқау биікке ілінген самалдыққа шығып алып, сағаттап отыру әдетіме айналған.

Тегінде, өмір сапарын сақтықпен кешкен жанның көңілінде жүзін мұң торлаған адамның қасыретті келбеті көшіп жүреді.

Аспан зәулім үйлердің біріндегі самалдықта арқаны кеңге салып отырған менің көз алдымнан тағы та бейтаныс кейуананың бейнесі елестеп өтті. Тіпті «жарығым тірі, аман, әйтеуір бір жерде жүр, жүрегім сезеді» деген қоңыр үнін де естігендей болдым. Есімі Үзілдік еді. Төркіні күмәнді төтенше хат осы кейуанаға келетін.

Ұлық жиын, атаулы мерекелерге ешкім атап шақырмаса да, Үзілдік үзбей келіп қатысатын. Қара-құра көпшілік бас қосқан ортада суырылып шығып сөйлейтін шешендеріміз бар еді, солардың сөзін селқос қана тыңдап отыратын Үзілдік те кісі қарасын пайдаланып, Ұлы Отан соғысына аттанып, хабарсыз кеткен ұлы жайында сөйлеп қалатын.

«Әкесі жазықсыз жапа шегіп, жаламен ұсталды, – дейтін Үзілдік дірілдеген дауысын сыбызғыдай созып. – Елім-оу, оны өзге білмесе де сендер білесіңдер ғой! Зарыпханның не кінәсі бар еді? Үкімет алдындағы кінәсі – кітап жазып, оқымысты қаратаяқ атанғаны ма? Жә, Зарыпханды қойшы, заманымен сәйкесе алмады. Ана жалғызды айтсандаршы. «Әкемнің ардақты атын қара күйеден

ақтап аламын» деп жасы толмай соғысқа сұранды. Сонда баланың жалғыздығын, жасының әскерге толмағанын айтып, «оянкәматқа» барсамшы, жағдайды айтсамшы. Жоқ, мен сорлы көзімнің сорасын ағызып отыра беріппін. Сендерге мәлім, сол кеткеннен ұл мол кетті, әлі күнге хабарсыз. Бірақ жүрегім сезеді – бір жерде жүр ол, тірі. Жазған хаттары маған жетпей қалып жатыр».

Қағазға қаттап, тасқа таңбалап жазып алғандай осы сөздерін Үзілдік қайталап айта беретін. Ері саяси тұтқын ретінде ұсталып кеткен соң, ағынды Ақсу бойындағы ағайын арасын паналап келген қарт ана қалтаңдап мінберге қарай ұмтылғанда, әкім-қаралар жағы тіксініп, түсі суық әлдебіреулер шалт қимылдап, қормалдасып тұрған көптің ішін қозғалыстың толқынына толтырып жіберетін.

Кейін келе-келе Үзілдік мінберге көтерілмек тұрмақ, жиын топтан мүлде аластала бастады. Шамасы, ұрт сөйлейтін кемпірдің ері мен ұлы туралы жағынан жаңылмай айта беретін сөзі ұлықтарға жақпай қалса керек. Әлде оның таусылып бітпейтін ызыңы жұртты ығыр қылды ма екен?.. Кекеп-мұқап, әлдекімді әлденеге теңеп сөйлейтін жастар жағы күліп: «Үзілдік кемпірдің әңгімесі бір орнында тұрып, айнала беретін күйтабақ секілді – баяғыдағысын баянсыз қайталаудан танбайды», – десетін.

Бір күні аудан орталығындағы үлкен мектептің ауласынан өтіп бара жатып, балалардың сайқымазақтана шыққан дауыстары мен күлкісін құлағым шалды:

– Әкесі жазықсыз жапа шегіп, жаламен ұсталды, – деді дауысын дірілдетіп, сыбызғының үніндей соза түскен қыз бала, – елім-оу, оны өзге білмесе де сендер білесіндер ғой!

– Зарыпханның не кінәсі бар еді? – деді қыздың сөзін бөле-жарып, ортаға кимелей кірген бозбала. – Үкімет алдындағы кінәсі – кітап жазып, оқымысты қаратаяқ атанғаны ма?

– Жә, Зарыпханды қойшы, заманымен сәйкесе алмай кетті. Ана жалғызды айтсаңдаршы. «Әкемнің ардақты атын қара күйеден ақтап аламын», – деп, жасы толмай соғысқа сұранды ғой, – деді жанағы қыз.

– Сонда баланың жалғыздығын, жасының әскерге толмағанын айтып «оянкәматқа» барсамшы, жағдайды айтсамшы. Жоқ, мен сорлы көзімнің сорасын ағызып отыра беріппін, – деп тағы бір оқушы зарлай жөнелді.

– Ха-ха-ха!

Оқушылардың ойынына сонадайдан қызықтап қарап, дауыстарын анық естіп тұрған әйел, әлгі сайқымазақтардың сынып жетекшісі-ау деймін, сұқ саусағын шошайтып, іле жұдырығын түйген болып, күліп қойды.

Түсініксіз күйде басымды шайқап мен де езу тартыппын. Бұрынғылар «күлсең, кәріге күл» деуші еді. Заманы илеп, тасбауыр уақыт езіп-таптап тастаған ғаріптің қартайғандағы қайғы-қасыреті де күлкіге айналады екен ғой... Құрдымға жұтылып таусылғандай, кәрі көзден аққан жастың бастауын ешкім білмеген соң, ескермеген соң осы да... бәрі күлкі.

Ту сыртымнан да күлкі естілді.

– Көкемдікі не ой осы? Балконды жеке жайлап алып күнұзаққа ойланады да отырады?

– Қарт адамның серігі – ой, – дедім мен. – Ертелі-кеш өткен-кеткенді оймен шолып ораласың.

– Ой адамды қажытады, – деді ұлым. – Қайтесіз, көке, бұрынғы қателіктеріңізді ой түзете алмайды, қуанышыңызды да ой ұзарта алмақ емес. Одан да бүгінгі күніңіздің сәулелі сәттерін қызықтап қалыңыз, сол дұрыс болады.

– Бүгінгі күнмен өмір сүр дейсің ғой. «Бүгінгі күнмен өмір сүр» – осындағы жұрттың ұраны-ау, тегі...

– Ол сөз қазақтан қалған: «Барында оралыңның ойна да күл», «Өмір екі келмейді, өгіз аттай желмейді».

Кітапты қазақ ертегілерінен бастап оқыған ұлым ұтымды уәж білдіріп тұр, мен де оның сөзін қоштап:

– Иә, «бүгінгі күнмен өмір сүр» деген – іші суықтау сөз. «Барында оралыңның

ойна да күл» – адамға еркіндік сыйлайтын қызуы мол, өрісі кең қара өленнің қайырмасы, – деп бастырмалатып жібердім.

– Сіз көргені көп үлкеннің өнегелі сөзін айттыңыз, – деді елшілік қызметіндегі лауазым иесі, – ал, енді үйге кіріңіз, ас дайын.

Дастарханынан қызылкүрен сары бауыр бауырсақ үзілмейтін үйдің жұқалап май сінген ас бөлмесінен сүрі еттің иісі аңқып қоя берді. Қазы-қарта, жал-жая ақтарылған табаққа қол сала отырып, әңгіме болсын дедім бе, келіннен:

– Келін, айналайын, қорап үйдегі қонсыластар қоңырсығанның бәрін біліп, сезіп отыратын болар, май мен еттің иісінен көршілеріңнің тәбеті бұзылып жүрген жоқ па? – деп сұрадым.

– Жоқ, ата, – деді келінім шенді қызметкердің зайыбына тән еркіндік пен еркеліктің мінезін аңғартып, – бұл үйде бірыңғай дипломаттар тұрады. Ал дипломаттар ешнәрседен жиіркенбейді. Өткенде қарсы есіктегі көршіміздің әйелі үлкен тор себетке жуандығы жемді білектей тірі жылан салып алып келді. Кешке қуырып жейді екен. Мен де селт еткен жоқпын. Ондайға үйреніп кеткенбіз.

– Астапыралла!

– Америка – адам баласының аласы мен құласы емін-еркін араласқан ел. Бұл жерден күллі дүниенің халқы мен халықтардың салт-дәстүрін, иә, ішіп-жейтін ас-ауқатына дейін көруге болады, – деп жылан жегіш көршісі туралы әңгімені тарқата түскен ұлым: – Сізді қыдыртуға әзір уақыт таппай жүрмін. Балалар – сабақта, соларды мектепке алып барып, алып келуден келініңіз де босай алар емес. Әйткенмен төрт қабырғаға телміртіп қоймаспыз, мен сізді күнде түс ауа Бруклин көпірінің алдындағы алаңқайға жеткізіп тастайын, сол жерде отырып, ары-бері ағылған нөпір жұрттың жүріс-тұрысын тамашалаңыз, – деді.

– Е-е, сөйтші, мұндағы ел-жұрттың бет-жүзін көрейік. Алып бар сол көпіріне.

Арнасы кең өзеннің бетінде доғабелденіп жатқан көпірдің салынғанына ғасырдан асқан көрінеді. Көпірдің кіндік тұсынан биік қос бағана көтеріліпті де, сым бұраулар сол бағаналардан бастыра тартылыпты. Беріктігі мен мызғымастығын дәлелдеп, көптің көңілін сендіру үшін үстінен үйірімен өкіртіп піл айдап өткенде мыңқ етпеген көпірдің бас-аяғын ұстап тұрған осы шиыршық атқан сым бұраулар ма деп қалдым.

– Құрылысы 13 жылға созылып, әрең аяқталған көпірдің қауіпсіздігіне жұрт сенбей дал қылған соң, жергілікті билік көшпелі цирктің бағымындағы 21 пілді айдап әкеліп өткізген ғой, сонда бір бұрауы босамаған екен, содан бері мызғымай тұр бұл көпір, – деп Нью-Йорктің ендігі тұрғынына айналған ұлым жаяу жүргіншілер сабылған көпірдің жайынан аз-кем түсінік беріп қойды.

– Қара жердің қуатын әкеліп құйғандай тұтас бітімді бұл көпірің Американың қандай ел екенін де әйгілеп тұрған секілді, – деп мен, советтік карт пошташы, танданысымды жасыра алмай таңдай қаға бас шайқадым.

Енді, міне, түс әлетінде, кейде түс ауа Бруклин көпірімен жүріп өтіп, Ист-Ривер бұғазының арғы-бергі жағалауында серуендейтін әдет тапқам. Сол сейілсеруен күндерімнің бірінде оны осы арадан кездестірдім.

Алғаш көргенімде көпірдің жақтауына сүйеніп, бұғаз суының толқындарына үңіле қарап тұрды. Өкпек жел жүгірсе, жабыланып өскен ұзын ақбурыл шашы жалбырап кеп бетін жауып қалады екен. Оны әуелде қалада қаңғып жүрген көп үндістің бірі шығар деп ойлағам.

Бруклин көпірі – адамзат нәсілін Америка қоғамына алып өтетін өткел дерсіз... Әне, зәңгілердің бір тобы улап-шулап барады. Оларды мұнда «афроамерикалықтар» дейді. Түр-түсіне қарап аузыңыздан аңдаусыз сөз шықса, заң алдында айыптысыз. Сәлделі арабтар да осында. Қытай тектес ұсақ халықтар да алдыңнан жиі ұшырасады. Тақырбас тибет, жанарын әлдеқандай мұң торлаған мулат, сидам сирақ скандинав жұрты – түгел Бруклин көпірінің жаяу жүргіншілері. Ал ол осы нәсілдің біріне де ұқсамайтын сияқты. Бастапқыда әлгі адамды қалада қаңғып жүрген көп үндістің бірі ме деп қалғаным рас. Содан ту сыртынан әрі өтіп, бері өтіп, тұлғасына көзімді қанықтырып алған соң, мен де

көпірдің жақтауына сүйенген болып, бейтаныстың жүзін барладым. Атжақты, қараторы өнді, қыр мұрынды, қыран қабақ, оң жақ бетінде тыртығы бар, бойы ортадан жоғары аңсағай адам екен. Көптің шуылына, тап қасынан күміс қоңырау үнін төгіп, ағып өтіп жатқан велосипедшілердің жарысына да селт етпей, тұнжыраған қалпы көпірдің бауырынан үнсіз жылжып аққан ағыстан көз алмайды ол. Бала кезімізде судың бетіне қарап отырып, ағысқа қарсы зырлай жөнелгендей болатынбыз. Жер желқайыққа айналып, қара өзенді қақ жарып есетін. Сонда біз құла жон өзеннің бастауына жетіп, одан әрі ғажайып бір мекенді кезіп кететіндей күй кешуші едік. Мына кісі де сол балалық шағындағы базарлы күндерін шарлап, желқайығын ағысқа қарсы салып, қызықтап тұрғанға ұқсайды – өзімен-өзі. Өмірді ғалжа өткізуге бекінгендей тұнжыраған түр-сипаты бұйығы әлеміндегі оңашалықтан айрылғысы келмейтінін аңғартады. Көпірдің жақтауына шынтағымды таяп, бейтаныстың қасынан жай тапқаныммен, тілдесуге батылым жетпеді. «Менің ана тілімді бұл қайдан ұқсын, – деп ойладым ішімнен. – Ал орысшам өзім отыз жыл қызмет еткен пошта-байланыс мекемесінің кеңсесінде қалған».

Нью-Йоркке келгелі мұндағы жандардың бетіне жымия қарап өтетінін байқағам. Бастапқыда өзімді біртүрлі қораш сезініп, «мына немелер менің рең-басымнан, жүріс-тұрысымнан оғаштық көріп, соған ыржалақтай ма?» деп қысылатынмын. Сөйтсем, алпауыт елдің адамдарының әдеп-салты сондай екен: сені танымаса да ізет білдіріп, өтерік болса да бетіңе күле қарайды. Бірақ жылы жүз жүректі жібітеді емес пе – мен де осы күндері көзім түйіскеннің бәріне күлімсіреп, бас изеп қоятын болғам. Бейтаныс кісіде ондай мезірет атымен жоқ. Тастүйін. Жаратылысында дулы қалаға сіңе алмаған бөлек бітім бар. Пошташы конверттердің желімделген аузын ашып оқымаса да, кімнен кімге, қай мекеннен қайда жолданғанына қарап отырып хаттың мазмұнын түсіне біледі. Мен бейтаныстың ішіне бүккен құпиясы барын жазбай аңғардым. Әйтсе де, ол жайында балама ештеңе айтпағанмын...

Әйдік қаланы армансыз аралатып, сейдін-серуенге алып шығуға әзірше қолы тимей жүрген ұлым мені Бруклин көпіріне дейін күнде жеткізіп салады да, асығып кері қайтады. Маған да керегі сол – көпірдің аузындағы алаңқайдан түсіп қалған бетте бейтаныс жанды сыртынан бағып, аңдудан жалықпаймын. Дәл осы маңда әлдебіреумен кездесуге уағда байласқан ба, ол да Бруклин көпіріне араға күн салымай келеді. Жанына серік ертпей, жалғыз өзі көпірдің ана басынан мына басына, мына басынан ана басына барып қайтып, әбден табанынан таусылады. Көпірдің біз тұратын бергі беті – Манхеттен ауданы, арғы беті – Бруклин аталады екен. Осылай деп мұны маған ұлым ұқтырып қойған.

Бейтаныс жан кейде алаңда тұрған дүңгіршектердің бірінен газет не журнал сатып алып, күнқағарлы шатыр астындағы орындыққа жайғасып, газет бетін парақтап, оқуға кіріседі. Қалтасынан әнжімді қолдың саласындай сигара шығарып, балқоныр иісін аңқытып, ұзақ шегеді. Сүт қатқан қою кофе ішеді. Бірде оның көпірдің жақтауынан асырып суға түкірген зәңгіге жақтырмай қарағанын, әлденені айтып күбірлегенін көргенмін. Ол қазір де күбірлеп отыр. Өзімен-өзі күбірлеп сөйлесуді әдет қылып, сол әдеті дөйдалаға лағып сөйлеудің дертіне ұласқан, шамасы.

Мұндағы газет біткеннің бетінен түрлі-түсті суреттер сөйлеп тұратын сияқты. Жалт-жұлт еткен жарнамасы тіпті көп. Газеттің бейтаныс ашып оқыған бетінен Джордж Буштың екі езуленіп түскен суретін көзім шалған. Сойған түлкідей ыржия қалыпты, пәтшағар! Байқаймын, Совет Одағын тырапай асырғанына мәз. Мәз болмағанда қайтеді енді, біздің «қалшекенің» миын атала қылып, мылжындатып сөйлетіп қойды да, жарты әлемнің жалынан ұстаған Кремльдің аяғын көкпен келтірді емес пе? Қайран Совет өкіметі-ай! Келмеске кеткенің бе, шынымен?

Дүниені дүрліктіріп, Айдың жүзін, Күннің көзін сесімен жасқаған Совет өкіметі серен етіп құлағанда, қабырғасы қайысып қайғырғанның бірі мен едім,

жә, талқаным таусылмапты, міне, алшаң басып Америкада жүрмін. Құдайдың бұнысына да шүкір! Коммунистік партияға адалымнан ақтарылып, ант-су ішкеніммен, ішімнен Құдайды еш ұмытпаған едім, Құдай да мені ұмытпапты. Тәуба!

Бейтаныс сапырылыстыра ақтарып отырған газеттің қалың бетінің бірінен жарқ ете қалған жалаңаш әйелдердің мінсіз мүсініне көзім тұнып, төне түскен екенмін, анау сол әдепсіздігімді аңғарып қалды ма, маған алайып қарағандай болды. Мен жымып басып ұзай бердім. Ұзап бара жатып ойландым: бір елдің әйдік президенті суретімен шыққан газет бетінен ышқырелі лыпасы мен төсқабынан өзге дымы жоқ ұрғашының да бейнесі орын таба береді екен-ау, ә?.. Ай, Америка-ай! Мәселен деймін-ау, дүңгіршектен қолына тиген газетті бейтаныс қолтығына қыстырып үйіне қайтады делік, сосын оны айра-жайра қылып бір бұрышқа тастай салады, баласы я келіні, бәлкім, немересі Буш пен бұты сыйдиган әйелдердің бейнесін көреді. Сосын не істейді? «Буш былай депті», анау алай депті» деп, газеттен оқығандары мен көргендерін талқылай ма? Мысалы, біз талқылап, әңгіме қылатынбыз. Газет-журналдар сөрелеп жиналған пошташының үйінде баспасөзде басылған саяси мақалалар мен әңгіме, өлендер алдымен талқыланып, сөз болмағанда, не сөз болсын? Біз отбасылық бұл дәстүрімізді аудандық интеллигенцияның биік мәдениеті ретінде бек қадірлеп, берік ұстанатынбыз.

Ертеңінде, оның ертеңінде әдеттегідей Бруклинге үзбей келіп жүрдім, бірақ ары-бері сабылған көптің арасынан бейтанысымды кездестіре алмадым. Ұшты-күйлі жоқ. Бір жаққа тайып тұрды ма, сырқаттанып қалды ма, бейшара... Бәлкім, ол бұл қаланың тұрғыны емес — келді-кетті біреу ме екен... «Әлемнің астанасына» кім келіп, кім кетпей жатыр, тәйір-ау... Қала берді, миллиондаған тұрғыны бар Нью-Йоркке жалғыз қараны жұта салу қиын боп па, тегінде? Мүмкін сенделектеп бір жерде жүрген болар? Сонда да «не қылған адам өзі?» деп ойлады мен ол жайында. Кім өзі? Қандай кәсіптің иесі? Немен күнелтеді? Отбасы, бала-шағасы бар ма? Әлде қаңғыбасы, қаныпезері жыртылып-айрылатын жықпылы қалың нән қаладағы көп жырындының бірі ме? Осы сұрақтың жауабына бойлап, жан-жағыма абайлай қарағанымда, тұла бойымды үрей билеп, түршігіп кеттім. Иә, ол — қанқор қарақшы. Оң жақ бетіндегі тыртық — жай тыртық емес. Сұмырайға сыртынан үйіріліп, әуейі болғаным не сонша?

Мен қарадан қарап бейтаныстан қорқайын дедім. Әйтсе де, «не қылған адам өзі?» деп, тағы да ойдың жетегіне ілесем. Неге аландаймын? Неге іздеймін оны? Түсінбедім.

Ә-ә, енді есіме түсті, «есіме түсті» деймін-ау, мен оны алғаш кездестіргенде көзіме оттай басылып, көңілімде жатталып қалған бір нәрсе болды. Ол — тұмар еді. Көпірдің жақтауына сүйеніп, омырау түймесін ағытып тастаған бейтаныстың мойнынан үшбұрышты қиық тұмар көргенмін. Соның мән-жайын сұрамаққа сан оқталғам, бірақ батылым жетпеді. Неге екенін білмеймін, бейтаныстың қасына таяп барсам болды — тілім күрмеліп, дәрменім таусылып қалатын. Сонадайдан дайындалып, жарқын жүзбен, дауысымды көтере сөйлеп: «Ау, замандас! Өзіңді осы арадан жиі көремін, рең-басың көзіме жылы ұшырайды, қазақ-қырғыздың бірі емессің бе?» дегім-ақ келеді. Болмайды. Кейде сөзді төтеден бастап: «Әй, шал, сен де мен секілді Совет өкіметін құрдымға құлатып, ат басын Америкаға бұрған ысқаяқтың бірісің-ау, ә?» деп әзілдей жөнелгім келетін. Әйткенмен, әзілдің де оңайдан орайы табылмайды. Өйткені ол неме әзіл түгіл, әншейінгі сөздің өзін жақтырмайтындай жауқабақтанған біреу-тұғын. Қабарған жүзіне жылт жүгіріп жылығанын бір байқамадым: ызбарланып, шерленіп, түтігеді де тұрады. Мен жасқанып мойнындағы тұмарға қараймын. Қайыс жіппен жиектерін қайырмалап тіккен тұмар — қазақ молдалары ішіне құранның сөзін жазып салатын кәдімгі тұмарға ұқсайды. Ал тұмар таққан адамның тұрпаты бөлек, анда-санда өзіне өзі күбірлеп бірденелерді айтатыны болмаса, пенде баласына жақ ашып, тіл қатпайды.

Бейтанысымды ойлап бейқам отыр едім, біреу ту сыртымнан келіп иығымнан сипады. «Сол, соның өзі, — деген ойдың ұшқыны басыма шауып шықты, — көз алмай сыртынан бағып жүрген адамды ес-ақылы түзу адамның байқамауы мүмкін емес».

Жалт қарағам: жоқ, ұлым екен.

— Бір, бір жарым сағаттай бос уақытым бар екен, соны пайдаланып сізге соқтым, әкем не істеп жүр, кімді көреді, кіммен кездеседі, сөйлесіп, әңгімелесетін біреу-міреуді тапты ма — соны білейін деп әдейі келдім, — деді ұлым. — Жалғыз серуендеуден жалығып кеткен жоқсыз ба?

— А, жоқ-а! Халықтың қалың нөпірі. Әрқайсысы әр нәсілден, әрқайсысы әртүрлі. Соларға қараймын да отырамын. Қызық. Бұрын мұндайды кім көрген? Көремін деп ойлаппын ба? Құдайдың мұнысына шүкір! Еңбегімді ақтадың, балам. Ауданнан ұзап аяқ баспаған қара шалды көтеріп әкеліп Американың төрінен бір-ақ шығардың. Ризамын.

Қандай алыс елде жүрсе де, туыс жандар үйдегі тәрбиесі мен үйренген әңгімесіне орала береді екен ғой.

— Осының бәрі апам екеуіңіздің арқаңыз, көке, — деді ұлым. — Орнықты тәлім-тәрбие бердіңіздер, қатарымыздың алды қылдыңыздар. Қаршадайымыздан білімге, оқуға құштар қылдыңыздар. Еркін, ерке қылып өсіргендеріңізбен, еңбекке де ерте баулып, төзімді, шыдамды, сабырлы болуға үйреттіңіздер. Балаларыңыздың бүгінгі заман биігінен көрінуі сіздердің текті тәрбиелеріңіздің нәтижесі, көке.

— Е-е, оны түсініп, білгендеріне рахмет! — Көңілім көлдей тасыды. Қарапайым отбасында, қоңырқай ғана ауылда туып-өскен ұлым, міне, бүгін Америкада елшілік қызметте. Бұл өзі бәйбішеміз екеуіміздің балаларға берген орнықты тәрбиеміз бен ақ-адал еңбегіміздің нәтижесі емес пе?

Жүрегімнен әкелік мейірімім ақтарылып, жайдарлана күлгенмін. Сөйтіп отырғанымда ұлымның:

— Көке, сіз осы жасыңызға дейін ешкімге қиянат жасаған жоқсыз ба? — деп тосыннан сұрақ қойғаны. Мен шамданып, шытынай қалдым:

— Бұл не сөз, балам? Менің өткен-кеткенімді тергеп-тексерейін дедің бе? Әлде, бұрынғы-соңғы ісімнен бір оғаштық көріп пе едің?

— Сіз осы маңнан түр-келбеті көпке ұқсамайтын бейтаныс адамды кездестірдіңіз бе? — деп ұлым екеуара сұхбатымыздың мазмұнын мүлде басқа арнаға бұрды.

— Иә, кездестірдім. Сыртынан талай көрдім. Ол кім өзі? Үндіс пе? Жоқ, қызметтегі баласының үйіне келіп, мен сияқты жамбастап жатқан мақтаншақ қазақ-қырғыздың бірі ме?

— Ол — тағдырлы адам, — деді ұлым. — Екеуіміз көптен таныс-біліспіз. Қызмет ететін орнымды көріп, менің кім екеніме көзі әбден жеткен соң, бейтаныс жан маған басынан кешкен кешегі күндері туралы бір ұзақ хикая шертіп еді. Қаласаңыз, бейтаныстың хикаясын мен сізге айтып берейін.

* * *

— Мен туып-өскен өлкеде шенберін жел үрлеген қаңбақтар көшіп бара жататын, — деп бастапты әңгімесін бейтаныс адам. — Аяғымыз аяғымызға жұкпай жүгіретін көкжұлын кезімізде сол қаңбақтарды қуып, жарысатынбыз. «Қаңбақ қумандар, — деуші еді үлкендер, — қаңбақ қуғанға жын үйір болады. Жын жетектеп кетіп жүрмесін, байқандар».

Құдай жаратқан жынның жетегінде кетсем, ел ішінде «есалаң», «ауыш» атанып жүре берер ме едім, қайтер едім, мен байқұс маңдайына қасірет таңбасы басылған пенде болып дүниеге келіппін де, ұшарымды — жел білмей, қонарымды — сай таппай дедек қағып жоғалыппын. Жалған-ай десеңізші, ізіне еріп байқасам, менен қаңбақ бақытты екен. Қаңбақ жазғытұрымнан боқырауға дейін сайын даланы сапарлап, мың сан шөптің бояуы мен құнарын бойына сіңіріп, тұқым

жаяр өскіннің қауызына толған дәнін сауып алып, топыраққа сіңіріп, тіршілік нәрін себетін көрінеді. Қаңбақ – қураған қау тікен емес, қаңбақ – дихан. Ал маған туған жерінде ауа көшкен қаңбақтың да тағдыры бұйырмапты...

Сен, қарағым, арылып бітпес азаптардан кейін азаттыққа ұмтылған елдің құшағында ер жетіп, еркіндікті әлемге әйгілеп, үлгі етіп отыратын мемлекетке келіп қызметке іліккен азаматсың, сондықтан «халық жауының баласы» дегенді түсінбеуің де мүмкін-ау. Германияны ұлтшыл-социалистер билеген Үшінші рейх тұсындағы еврей нәсілі сияқты большевик-коммунистердің езгісіндегі елдерде «халық жауы» деп танылған талайсыз жандардың ұрпағы – «халық жауының баласы» деген көзтүрткі қорлықта күрсініп, өксіп жүріп күндер кешті. О, ол қоғамда «халық жауының баласы» дейтін қара талақтай жабысқан атпен қалтылдап өмір сүргенше, аяқтағы суға ағып өлген жақсы еді. Бірақ жан қимақ – жанның азабы. Өмірден түңіліп, өлімді аңсағанымен, көп пенде жанның шығар сәтіндегі азабына төзбейді, жаны түршіге қорқады. Беті енді бері бұрылмайтын ауыр дерттен айықпасын сезген науқас қана Ажал – періштені асыға күтетін шығар, ал тамырынан қанның ыстық бұлкілі үзілмеген пенде азапқа көніп, қорлыққа төзсе де, дәм-тұзы таусылғанша, далбасалай бермек. Мен бұл ойымды ешкімге еншілемеймін, өмір мен өлім туралы кім не дейді – өзі біледі. Менікі – өз тағдырымның баянынан бекіген байлау ғана. Анығы: өзекті жанға – бір өлім. «Ажалдан Қорқыт бабаң да қашып құтыла алмаған» дейді көнегі ырысты көнеден жеткен аңыз. Аңызда ықылым заманалардың сырын ұққан Қорқыт мәңгілік өмір іздеп шарқ ұрады. Тау асады, тас басады. Ұшы-қиыры ұшпағына жеткізбес сары даланы кезеді. Мүлгіген ормандарды шарлап өтіп, «өлмес өлке қайда бар?» деп, желмаясына мініп жер тауысады. Сонда, қайда барса да, алдынан қазылған көр, көр қазып жатқан адамдар кездеседі екен. «Ау, жарандар, бұл кімнің көрі? Сүйменің сумандап, күрегін жалмандап кімнің көрін қазуда?» – деп сұрайды екен өз-Қорқыт. «Бұл – Қорқыттың көрі. Қорқыттың көрін қазып жүрміз», – дейді екен адамдар. «Қайда барсаң да – Қорқыттың көрі» деген сөз осыдан қалыпты.

Қорқыт көзіне үңірейіп көрінген көрі мен ажалдан қашып келе жатып, арнасы алты айшылық алып дарияның жағасына таяғанда желмаясының басын іркеді. «Жер бетінің бәрі – көр, менің көрім. Ажал өкшелеп ізімнен қалар емес. Ажалдың аяғы жетпес мәңгі өмір аралы бір болса, судың бетінде болар» деген ойға қармақ тастаған Қорқыт сиқырлы кілемін жазып жібереді де, дарияның кіндігіне байлайды. Сөйтіп, «ұйықтап, қалғып кетпейін, қара басып ұйықтап қалсам, ажал аспаннан түсіп алып ұшып кетер» дейді де, күндіз-түні күңіреніп, қобызын шалып отыра береді. Күндіз-түні зарлы күй төккен Қорқыттың қобызы апталардың аптығын басып, айды ұрлап, жылдарды жадынан жаңылдырып уақыттың мірғайып шалғайына тарта береді. Қорқыттың күйін аспанда аунаған бұлттар үйіріліп тыңдайды. Жел желегін жамылып, ұйып тыңдайды. Дауылдар қаһарынан қайтып, қайрылып тыңдайды. Асқар таулар құшақтасып, құшырлана тыңдайды. Ұшқан құс, жүгірген аң, дарияның қатпар-қатпар қойнауындағы күміс қанат балықтар мен тірі мақлұқат тыным тауып тыңдайды. Шөп басы қимылдамай, дүние дел-сал күйге енеді. Қорқыттың кілеміне оралып келген улы қарыбас жылан бар екен. Қорқытқа өмір тілеп, ол да тыңдайды. Күндердің бір күнінде Қорқыт талады, шаршайды. «Мен дүниені уыз тыныштыққа бөледім. Енді ажал да баракат тапқан шығар» деген ой бір жағынан қамсаулап, Қорқыт бабаны сәттік ұйқының ұйығына тарта қояды ғой. Тап сол кезде тәтті қанға тәбеті шапқан т жылан Қорқыттың башпайына тісін батырған екен, уы ажалмен алысқан ұлы қобызшының бойына шауып, Қорқыт өлім құшады.

Мен де бабам Қорқыт сияқты ажалдан қашыппын. Жо-жоқ, ажалдан емес, азап пен қорлықтан қашып, ақ өлімімді іздеп сандалыппын. Дүниенің қорлығы – итқорлықпен өлу...

Жылан жылының жазында «жау» балаларының «бағына орай» немістер Совет Одағының шекарасынан баса-көктеп өтіп, соғыс ашты да, біздің елдегі қуғын-

сүргін науқаны жалт бұрылып, мал қайырып, қайла мен күректен өзгені қолына ұстап көрмеген адамдарды соғысқа айдады. Соғыстың аты — соғыс. Соғыс жау іздеп жалаңдағандарды ғана байлыққа кенелтіп, шексіз билікке жеткізіп, даңқ пен дақпырт биігіне көтермесе, жалпы адамзат үшін де, біздей қара таңбалы ұрпақ үшін де, бақ емес — көрбак. Жайнаған жасампаздықты күл қылатын сұмдық — соғыс. Бірақ тап сол кезде, бізге, «халық жауларының балаларына», соғыс болымсыз бір үміт сыйлаған. Ол үміт — соғысқа аттанып, қандыбалақ фашистермен аласапыран майданда алысып... әкелерімізді жалалы аттан ақтап, бар пәледен арылтып алудың үміті еді. Әкелерден әл кетіп, балалар жанұшырып әкелерін қорғауға ұмтылған сондай бір кер заман туған. Мен он алты жасымда майданға аттануға бел байладым.

Аудандық әскери комиссариаттың бастығы — Әзірейілдің киімшен бейнесіндей сұсы суық кісі еді. Мандайына қызыл жұлдызшалы кокарда қадаған кепкісін қоқырайтып, үстіне сұр плащ киіп жүретін әскери адам түріндегі Әзірейіл көшеге шықанда, жұрт оның көзіне түспей безетін. Ол түтін басына қаусаған қарт пен қызылсирақ балаларды қалдырғаны болмаса, ер-азамат атаулыны қисыпыра тізімдеп, қызыл жалынға оранған майдан даласына жөнелтіп жатты. «Жан алғыш Әзірейіл де Мүңкір-Нәңкірдің сотынан кейін барзақ әлеміне өткен күнәһар пендені тозақтың отына лақтырып жіберді», — десетін қариялар.

— Қай жылғы едің? Әкең кім? — Кабинетіне кіріп майданға сұранып отырған комиссар маған жылыұшырай қараған.

— Қоян жылғымын, жолдас комиссар, — дедім мен. Сосын тілім күрмеліп, күмілжи күбірлеп әкемнің де атын айттым.

— Қояның не, ей, сенің? Совет азаматының туған жылы, айы-күні болады. — Комиссар үстелдің бетін жұдырығымен қойып қалды. Сондағы қулығым — комиссар қазақша жыл қайыруды білмесе, он сегізден асып, он тоғызға аяқ бастым деп өтірікті соғып жіберу еді. Жалған айтамын деп жаңылыппын. Комиссар «қоян», «қоян» деп саусақтарын бүгіп отырды да:

— Биыл 43-жыл, сен қазір он алтыда екенсің ғой, — деді. Оның бұл сөзі маған «майданға баруға жасың толмайды» дегенді аңғартқандай еді, соны алдын ала ойлап келген мен бірден жалынуға көштім:

— Аға, жасымды өсіріп жазып, мені қайткенде соғысқа жіберіңізші. Майдандағы ерлерден жаным артық па, мен де соғысқа барайын. Бір фашистің болса да жанын жаһаннамға аттандырып, жаудың көзін құртайын. Жіберіңіз мені майданға! Отанымның адал ұлы ретінде соғыста ерлік жасағым келеді.

— Сарнама! — деді үнірейіп төрде отырған сұсты кісі сұрланып. — Одан да «халық жауының баласы» деген аттан арылғым келеді де!

— Әкесі үшін баласы жауапты емес қой. Мен — Отанға шын берілген совет азаматымын. Ал әкем... ол менің әкем емес! Менің әкем — коммунистік партия!

— Шын сөзің бе, ей?

— Шын сөзім!

— Коммунистік партияның бел баласы — комсомол. Сен — комсомол қатарына да өтпеген қу тұяқсың. Саған қалай сенуге болады? Рұқсат жоқ.

Мен таңғалдым. Соғысқа бармаудың амалын іздеп Сталин колхозындағы атпалдай азаматтардың қайсыбірі қылтасын шалғымен қиып, енді бірі тарантастың астына түсіп, тірідей туралғанда, селт етпестен әлгілерді алдымен әскери госпитальдарға жатқызып, соңынан Отан үшін от кешуге айдаған комиссардың маған «рұқсат жоқ» деуі қалай?

Мен сөздің ашығына көштім:

— «Рұқсат жоқ» деп қайтесіз, мендей халық жауының баласын аяйсыз ба? Жіберіңіз майданға! «Жау баласы» деген жанама атпен, жапсырмамен жүргенше, жастығымды ала өлейін. «Тыныштық — өлімде» дейді ғой білетіндер.

— Әлгінде сен: «Жаудың көзін құртқым келеді», — дедің ғой? Сөзіңе мән бере ойласам, дұрыс айтыпсың. Менің де солай істегім келіп тұр... Апта айналып

сок, майданға шақырту қағазың дайын болады. Жасың — он сегізде. Сен енді секектеген серек құлақ қорқақ «қоян» емес, Сират көпіріне айдалған «сиырсың» — 1925 жылы туғансың, — деп суық жымыды Әзірейіл-комиссар. Бастапқыда «Рұқсат жоқ» дегені қасарыспа мінезінен туған сөзінің әдеттегі салты ма деймін, сылқ етіп бірден келісті.

Мен анамды аныратып артыма қалдырып, түн-түнекке, кескілескен майдан шебіне аттандым. Анама: «Әкем енді қайтып оралмайды. Екеуіміз алдағы күндері адам санатында өмір сүру үшін соғысқа сұрандым», — дегенді айтып ұқтыра алмадым. Ал анам: «Сормандай боп туған сорлы балам-ай, қайтейін, қайда жүрсең де хабарынды үзбе», — деп жербауырлап жатып қалды.

* * *

Жарты жыл. Табан тіреп тұрар жер қалмай айналасы тегіс құлама жарға айналған жарты жыл... бала тұтқын басынан өткерген уақиғалардың байыбына жете алмай мәңгіріп отырып ойланған болады. Ойланып отырып, «осы мен бөгде әлемде өмір сүріп жүрген жоқпын ба?» деп ой үстіне әкеліп ой жығады да, ес-ақылынан және адасады. Кейде «қара басып қалың ұйқының ұйығында, қорқынышты түс көріп жатқан шығармын» дегендей өзін өзі басқа-көзге төпелеп, жұлмалап тастайтыны да бар. Сол кезде бала тұтқынның қасына келіп біреу күбірлеп отырады:

«Адамды қосүрейлі қорқыныштың қуыс-қуысына қуалап тығып шошытатын түстер болады — бітпейді, аяқталмайды; зәре-құтынды қашырған бір бейне ізіңнен қалмай жаныңды шырқырата түседі. Түс екен дейсің — өңің сияқты. Өңім бе дейсің — төңірегінді басқан буалдыр дүние «түсің ғой» дегенді ымдайды. Мұндай аласат түстің ақыры жақсы — шошып оянып кетесің. Ух!.. Қу жаныңды тірідей көрге түсірген түсіндегі көріністер көзінді ашқанда ізім-ғайыпқа сіңеді де, санаң сайрап қоя береді. «Түсім екен ғой, тірлікте абайламай жасаған қателігіме қайта айналып енді соқпаспын» дейсің. Түсінде жаналғышқа ұқсас бейне жаныңнан табылып, ербиіп ізіңнен еріп алса, ол — сенің жаңсақ ісіңнің ұйқыдағы жалғасы. Бәрі солай ойлайды. Әлгінде көрген түсін өңінде жасаған қателігінің сыбағасы деп қабылдайды. Сосын Құдайына тәуба қылады. Түстің бір құдіреті осы — адамға тәубаның тізгінін ұстатады».

Бала тұтқын да тәубасына келіп, түсінен оянуға талпынады. Бірақ бұл не қылған қайталана беретін қанжапқан түс: тік құлақ төрткөз иттер шынжырынан босап кетсе, жеп қоярдай болып арпылдап ұмтылады. Суық қоңыр түсті бояу араластырған сұр шинелдерінің қарына қара шүберекті орай бастырып, білегіне қара дақ сияқты жапсырма мен құзғынның суретін салып тіккен қара погонды біреулер өңкей жалаңаш, аш-арықтардың қабырғасынан қақырата теуіп өтеді. Әлгілерге көтерем болып қалған көп тұтқын орындарынан тұрып, бастарын иіп, құрмет мезіретін жасауы керек екен. Әлдекімге, әлденеге сүйеніп тәлтіректеп тұра берген бұл буынынан айналып қайта құлаған — құйымшағынан ала тиген етіктің добал басы бел омыртқасын бүктеп, мылжалап, езіп жібере жаздады. «Унтерменшам!». Аспандап өрілген тікенек торлы лагерьге келіп жығылғалы бала тұтқынның құлағы жиі еститін сөз — «унтерменшам». Бастапқыда былапыт, боктық сөздің бірі ме деп ойлаған. Кейін білді, боктықтан да әрмен қорлық сөз екен: «Тексіз. Адамзат нәсілінен жаралмаған мақұлық».

Кейде ес-ақылы жадына оралғанда бәрін түсініп, қабылдап жатады: бозжусан мұртты, үрпек бас балалар бір күнде пойыз вагондарына тиеліп, көрші қырғыз жеріне келіп түскен. Есінде, алдымен мылтық майлап, оқпанына оқ салуды үйренген соң, тарс-тұрс атып та көрген. Әйткенмен, соғыс ойыны мен жаттығудан гөрі тындап-баққандары — үгіт-насихат болды. «Төрткүл дүниенің халқы тегіс — жау. Езілген тапты еркіндікке жеткізіп, пролетариат диктатурасын паш еткен Совет Одағының тұрмыс-салтын көре алмай көзі қызарып жүргендер жер бетінде жетіп-артылады. Соның бірі — фашистік Германия. Жаудың бетін қайтарып, кері қуып, өз ұясында талқандау — совет азаматының Отан алдындағы

борышы. Коммунистік партия — қорлықта, қараңғы қапаста өмір сүрген ұлттардың әкесі. Партия мен Совет армиясы қазақ-қырғыз сияқты елдерді бай-кулактардың құлдығынан алып шығып, бостандық сыйлады. Енді соның қарымтасын қайтарып, жауға жасындай болып ұмтылу сендерге бұйырыпты. Бұл — зор бақыт! Ұрпақтың маңдайына біткен бақ! Ұлы көсеміміз Сталин жолдас майдандағы әр солдаттың ерлігін ескерусіз қалдырмайды. Әкелері қателесіп социалистік құрылысқа қарсы шыққан ұландардың ерлігі де ерекше дәріптеледі. Жауды аямандар, жас қырандар!».

Күнделікті қайталанатын бір сарынды үгіт-насихаттың соңы совет жауынгерлерінің ерліктерін әйгілеп жазған газет мақалалары мен очерктерді дауыстап оқуға арналатын. Құрғақ насихаттан оқу — озық. Майдандағы батырлардың бірі кеудесімен сақылдаған пулеметтің аузын жапса, енді бірі шынжыр табан танктердің астына түсіп снаряд жарады. Ішіне май құйылған құмырамен-ақ немістің пілдей танкісін жарып жібергендер бар. Біздің мергендер қандай?!. Сұр шинелді сұмырайларды шетінен атып, сұлатып барады. «Біз майдан шетіне іліккенше, фашист атаулының тұқымы тұздай құрып, жер жастанып қалмаса игі еді», — дейді бұлар ерлік дастанын жырлаған газет беттері парақталып біткен кезде. Ерлікті ерлікпен еселеп, батырлардың даңқына даңқ қосуға бәрі құмбыл: шетінен құлшынып, асығып жүр. «Халық жауларының» балалары да асығулы. Олар бір-бірін қабақтан ұғысып, әкелерінің аяулы есімдері жазылған әскери қызыл билеттерді сыртынан үнсіз сипап, омырау қалталарына ұқыптап тігіп алған.

Асылзада Зарыпханұлы да — қызыл билетті совет жауынгері. Жас жауынгер дайындық курсына келген бетте комсомол қатарына қабылданған. Жаттығу барысындағы ептілігі мен оқудағы алғырлығы көзге ерек түскен Асылзада қазір 7-8 адамның басын құраған бөлімнің командирі.

«Жолымды көлденең қырсық пен кедергіден аштым-ау, — деп іштей шүкіршілік қылды ол. — Майданда қайсар рухты жандардың қасынан табылып, қайтпай соғыссам, бейбіт өмірде еңбек етсем, оқысам, әкемді жалалы аттан ақтап алып, анаммен ел қатарлы өмір сүріп кетермін. Үйленермін. Үйлі-баранды болып, ізіме ұрпақ қалдырармын. Бір адамның басына бұдан артық қандай бақыт керек?».

Алыстағы анасына жазған алғашқы хатында Асылзада «Жолымды көлденең қырсық пен кедергіден аштым» деген көңіл жұбатар тілегін жасырып қалып, тіпті қолына қару алып, жаудың кеудесіне қырғыз даласынан мылтық кезеніп жатқанын да айтпай, «Халім жақсы, апа! Денсаулықтың арқасында қатарымдағы құрбы-құрдастарымнан кем қалмай ойнап-күліп жүрмін. Киімім көк, тамағым тоқ. Командир мені он шақты жігітке бастық етіп тағайындаған. Солдат ойынын ойнағанда әлгі он жігіт менің қарауымда болады. Біздің совет әскерлері қатты серпіліп, өңмендеп келген дұшпанның бетін қайтаруда. Біз жеңеміз! Ұлың батырлардың сапында елге аман-есен оралады, апа. Көр де тұр, сол күнге де жетеміз. Ал енді айтарым: өзінді ая, көп қайғырып, жүдей берме, — дей келіп, үшбу хатының соңын өлеңмен түйіндеді:

— Аман бол, аққорғаным, жаным, апа,
Жарқырап бір күн атар таңың, апа.
Күбірлеп дұғанды оқып кешіргейсің,
Еркелікпен ісімде болса қата.

*Асылзада Зарыпханұлы,
1943 жыл, Фрунзе қаласы».*

* * *

— Жадау жүзді аспаннан қара күзде сабалап суық жаңбыр жауатын, — деп әңгімесін жалғай түседі бейтаныс жан. — Арасына иненің жасуындай саңылау қалдырмай сарқыраған жаңбыр тамшыларынан құрғақ шығу мүмкін бе? Екі тараптан атылған оқтан қорғану да солай мүмкін болмай қалды. Өйткені біз —

карусыз кара жаяу солдаттармыз. Соның мәнісін әлі де жете ұғына алмадым, бізді әкеліп соғысқа салғанымен, қолымызға қуатты қару ұстатпады. Атқыштар – ту сыртымызда, жау – алдымызда. Біз табандап алға жылжыған атқыштар бригадасының бекініп жатып жау әскерін жайратуы үшін жанталасып окоптар, траншеялар қазамыз. «Біз» деп отырғаным, менің жерлесім – Қызырбек, қырғыз – Атай, өзбек – Абдолла, башқұрт – Ибадат.

Бір күні табандасып атысқан жау жағы шегініп, соңымыздан уралап бір батальон қызыл әскер келіп жетті. «Ура! Ура!». Урадан аспан мен жер тебіренді. Уралар ураға жалғасып, батальон, взвод, рота командирлерімен қоса ерен ерлік көрсеткен қатардағы жауынгерлер де наградаларға ұсынылып, қайсыбірінің әскери шені жоғарылады. Соғыс – солдаттарға шен мен шекпен сыйлауға келгенде қашанда мырза ғой, шен маған да бұйырды: кіші лейтенант Асылзада Зарыпханович Зарыпханов.

Оқпанына құм құйылғыр мылтық пен зеңбіректердің үні өшіп, аз-кем күнге тыным тапқандай болып едік, әскери бұйрықтар беріліп, дауылпаздар қағылып, қайтадан сапқа тұрдық. Батальон қосынына данқты дивизия қолбасшысының өзі келіпті. Бұйрық: «Батыр батальонның сарбаздары майданның маңдай тұсын бетке алсын. Барлық жауынгер басынан бақайшағына дейін қару-жарақпен сайланып, неміс-фашистерінен украин халқын, Харьков қаласын азат етуге ұмтылсын!».

Мына жарлық құлағымызға тигенде қуаныштан жүрегіміз жарылып кете жаздады. «Ура! Бізге де қару кезеніп, жауға аттанар күн туды». Ыршы Атай қойнынан қомызын суырып алып қағып-қағып жіберген. Баяғыда арқалы жыршылар батырлардың алапатын асырып, аруағын шақырып жорық жырын төгеді екен. Атайдың сондағы жыры мен сарыны әлі күнге құлағымда:

* * *

«О-о-уа!
Күндөн, күндөн күн өтүп,
Күн мезгили келиптир.
Айдан, айдан ай өтүп,
Ай мезгили келиптир.
Ошол кезде эр Манас
Жетиге жашы толуптур.
Мунун коюлган аты Чоң Жинди
Болкойгон жап-жаш баланын
Шер экенин ким билди.
Балача чуркап шашқан жок,
Бешке чыга келгенче,
Берениң Манас басқан жок.
Чакырған аты Чоң Жинди
Мунун чын Манас атын ким билди.
Сегизге жашы келгенде
Күйүп турған чок болду.
Күлді кыргыз ичинде
Мындай тентек жок болду.
Каары келип кармаса,
Чыңырып балдар чырқырайт,
Катуулукка чыдабай
Көзүнүн жашы буркурайт.

Кырк баланы кырк үйдөн
Манас бир күнү жыйнап алыптыр.

Чоң Алтайдын талаага
Чогултуп оюн салыптыр.
Кара кытай, манжуудан
Сексен бала барыптыр.
Сез көрсөтүп кыркына
Сестендешип калыптыр.
Сексенинин ичинде
Боз калмактын чоң уулу
(Ары чоогоол, ары эр)
Манастын жолун торгоду.
Сексен бала оңбоду,
Кызы талак бурут! – деп,
Беркилерди кордоду.
Тентип келген бурут! – деп,
Бул буруттун балдарын
Чуркуратып курут! – деп,
Сексен бала качырып,
Кырк балага асылып,
Далайынын кыркынын
Тизеси жерге бүгүлдү,
Сексен бала алдында
Келин болуп жүгүндү.
Жекелер жаным соога – деп,
Чымындай жандан түнүлдү-ей-а!».

Шыбын жаннан түңіліп, концлагерьде шырағы сөнуге таяған Асылзада Зарыпхановты сүйретіп әкеліп комендант Себастьян Эйкенің алдына тізе бүктіргенде ол: «Сен енді — «сиырсын». Сират көпіріне айдалған «сиырсын», — деп суық жымыған әзірейіл-комиссармен қайта жүздескендей күй кешті. Әлде комиссар мен комендант баяғыдан бір адам ба екен? Лагерьдің алты ай азабында неміс тілін шала ұғып, орыс тіліндегі сұрақтарға «иә», «жоқ» деп ауызекі тілде жауап қайыруға төселіп қалған тұтқынға сұрақ қойыла бастады.

— Атың кім?

— Асылзада.

— Әкеңнің аты кім?

— Зарыпхан.

— Әкең қайда? Ол да Ұлы рейхке қарсы ұран салып жүргендердің қатарында ма?

— Жоқ.

— Қайда ол?

— Қайда екені белгісіз. Айдалып кеткен.

Коменданттың жанарындағы қызыл-қоңыр бояудан әлде бір жылт ойнап барып өшті.

— Әкең коммунист пе?

— Алашордашы.

— Алашорда деген не?

— Партия.

— Кімнің партиясы?

— Қазақ оқығандарының партиясы.

— Коммунистерге қарсы партия ма ол?

— Жоқ. Коммунистер Алашорда партиясына қарсы болды.

— Сен кімсің?

— Мен — совет солдататымын.

— Анаң бар ма?

— Бар.

— Ол қайда?

— Алыста. Тым-тым алыста.

— Асылтаза Тсарыпханов, сен қанша жасыңа дейін емшек емдің?

— Үш жасыма дейін.

— Ешкі емдің бе? Сиыр емдің бе?

Коменданттың алдында сұраққа жауап қайырып отырған тұтқын Асылзада Зарыпханов қан кешулер мен зорлық-зомбылықтардың арасында да адам күледі екен-ау деп ішінен мырс етті: «Ешкі емдің бе? Сиыр емдіңбесі несі?».

— Анамның омырауын емдім.

— Шығыс халықтары, сендер адамның есіміне көп мағына беріп, оған ат қойғанда ырымдап қоясындар. Сенің есімің нені білдіреді?

— Асыл — өмірі тот баспайтын, шірімейтін зат. Зада — адам ұрқының асқан данышпаны. Асылзада — унтерменшам емес!

Комендант ендігі сөзді қысқа қайырды:

— Асылтаза Тсарыпханов — жас, қайратты. Адамзаттың нағыз асылзадасы — фюрер мен Германияға қызмет етуге мүмкіндігі жетіп-артылады. «С» тобына қосындар Тсарыпхановты!

* * *

Асылзаданың анасына жолдаған хаттары кейде көз ұшында ақ қанатты құстарға айналып, тізбектеле ұшып бара жататын. Сол аққанат құстардың топшысын ысқырған оқтар үзіп жібермесе екен деп тілейді бұл ішінен. Кейде мұның қорғансыз құстарының соңына жағалтайдай жалаңдап әскери әбжіл ұшақтар ілеседі. Ұшақтар биіктей көтеріліп, екпіндей құйылып келіп қауырсынына иректеліп әріптер түскен

құстарды өртеп, қорғасын құсқан әуеден уыс-уыс күлдей етіп төге салардай шүйіледі.

Тұтқындардың «С» тобына қосылып, ептеп адам кейпіне оралған ол ақ қанат құстарының қанатына байлап, анасына ойша хат жазады.

«Жаным, апа! Сағындым сені әбден. Сен де мені сағынып, зарықтың-ай, білемін. Сені сағыныштың сартабына салып зарықтырып, зарпы күшті замананың зараухасы қылғаныма өкінем, апа... Енді айналып қауышар күн басымызға туа ма, жоқ па – білмеймін, бірақ балаң аман. Ата-бабамның аты келіп суын ішпеген, жерін баспаған неміс дейтін жұрттың тұтқындар лагері темір торын жайған беймәлім бір қаласының іргесінде өмір сүрудемін. Комендант Себастьян Эйке мырзаның отбасына тікелей тиесілі шаруашылықта жұмыс істеймін. Тұлымшағын күн сылаған балалықтың тұсауын кесіп, қарақанаттана бастаған шағымда әкем мені қабырғасы қатая түссін дей ме екен, қаладан қырға алып барып әрнеге жұмсайтын: «Асқантай, ат ертте», «Асқантай, мал қайыруға көмектес», «Асқантай, отын бұтап үйрен». Мен сонда бұлғақтап, әкем тапсырған әлгі істердің басын шала қайырып, ойын қуып кететінмін. Ал қазір мені біреу жұмсаса екен, коменданттың мені құлақкесті құлша жұмсар жұмысы бітпесе екен деп тілеймін. Мен үшін жұмыс біткен күн – тындым күн, тіршілік таусылған күн, апа.

Есінде ме, Қырмызы жеңгем бие саууға үйден шыққанда, мен де оның соңынан ілесе шығып, жас құлынның аузынан жырып алған биенің көнектегі саумал сүтіне тостағымды батырып, тамсана жұтушы едім ғой. Осы әдетімді қызықтап әкем екеуің мені «торы биенің құлыны» дейтінсіңдер. Жасым ол уақытта – алты-жетіде. Таң атқаннан кеш батқанға дейін желіде байлаулы тұратын қоңыр құлынның енесін қақтап сауғызып, менің ауызыма тосатын едіңдер. Менің құлынға жаным ашитын. Қоңыр қасқа құлынның сетері боп туғандай ерке ұлдарың, міне, он жетіге аяқ басты, бүгінде ол ала сиырдың – «бұзауы». Фермада сауыс-сауыс боп сиыр сауамын, апа. Осының өзіне мың тәуба! Сиырдың желініне жабысып, бауырына бүктетіле кіріп, төрт емшектің бірін еміп аламын. Мен енді жуық арада өле қоймаспын. Мені емізетін сиырлар бар.

...Мен мұнда анталаған жау ортасындамын. Сен әкемді «халық жауы» деп көрсеткен жау ішіндесің – не деген тайқы шеке, тас мандай едік, апа?... Тағдыр бізді диірменнің тасына салып үгітердей не қылдық, Жаратқанға не жаздық? Әкем қайда екен? Өлі ме, тірі ме? Диірменнің тасындай шыр айналған дүниенің бір түкпірінде – мен, бір түкпірінде – сен барсың, әйтеуір... Әкем де бір жерде талқанының таусылар күнін күтіп жүр ме екен, кім біледі?..».

* * *

Офицерлердің клубына қайырма жағалы, қынама бел пальто киіп, төбесіне шілтерлі шляпа бастырып шығатын ханымның бұған аяй әлде аялай қарайтынын тұтқын тұла бойымен сезетін. Кешкі сауыннан алған сүтін жертөлеге қалдырып, лагерьге қайтуға ынғайланған беті еді. Қоңыр барқыт әуен ұйыған бөлмеден бой көрсеткен ханым жертөленің тепкішегінен көтерілген тұтқынды ымдап қасына шақырды. Сусылдаған қызыл жібек көйлегі төгіліп, аппақ жүзі уылжып тұр. Уылжып тұрып үлбірей тіл қатты ол.

– Ви хайст ду? – «Сенің атың кім?» дегені болса керек. Бұл капелімде абдырап, асып-састы да қалды. Ханым оң қолын кеудесіне қойды: – Майн найм ист Зелда. – Тұтқын да оң қолын кеудесіне басты:

– Майн найм ист – Асылзада.

– О, Асылзада! – Ап-анық айтты. – Вөр көммст ду? – Балдырлап, барқырап сөйлейтін немістердің аузынан жиі еститін сөздерінің бірі. Шамалап ұғады. Бірақ мағынасын жете түсіне алмай тұр. Бір таныс сөз болса ғой, арғы жағын долбарлап әкетер еді, көмекке ханымның өзі келді: – Ду бист Азият?

«А-а, «Азиялықсың ба?» деп сұраған екен ғой».

– Азият, азият.

– Хаст ду айн матер? – Ана деген сөз қай тілде айтылса да түсінікті ғой. Асылзада басын изеді. Осы кезде ғана ол еденде отырған сарыбас балақайды байқаған. – Иш бин ауш матер. – Зелда ханым да – ана. Тұтқынның жүрегін жас жуып кетті. – Дас ист майн беби Маркус. – Балақайдың есімі Маркус екен.

«Маркус – бақытты бала, – деп ойлады тұтқын. – Ата-анасы қасында. Дегенмен, кім білген, аспанда аждаһадай ыңыранып айырпандар ұшқан, оқ ысқырған әлемде бақытты бала болмайтын да шығар».

Комендант Себастьян Эйке бөлген «С» тобындағылар да өзінше бақытты. Олар – Ұлы рейхтің жасампаз өмір салты мен адамзатқа үлгі боларлық тұрмысының іргетасын мызғымастай етуге жегілген тұтқындар. Анығы – тандаулы құлдар. Құл да құлдан озғаны үшін Құдайына шүкірлік қылады. Асылзада да осы күніне шүкір дейді іштей. Алайда ол қанмайданда жаумен жағаласа жүріп, «әкемді жалалы аттан арылтып аламын» деген арманынан адасып қалғанын, аяулы арманына сатқындық жасап кеткендей болғанын бұл күнде анық біледі. Дүлей мінезді заман армандарды аяққа таптап, әне, тікенек темір тордың ішінен қол бұлғайды: «Бері кел, кір қойныма, сиыр еміп тойынған екенсің сен, сол тойынғаныңмен қоймай, батылың жетіп Зелда ханыммен тілдесесің тағы да. Жоқ, ол саған сәтке ғана бұйырған бір жарық сәуле. Сен сәулелі сәттер үшін емес, арсылдаған иеттерге таланып, керзі етіктердің добал тұмсығына қабырғанды төсеп жатуға жаралған пендесің. Пенденің тағдырына қарсы қадам жасауға қақысы жоқ»...

Әуелеп ұшқан құстың қанатын қағатын биік бағаналы тікенек тордың ауданы тым үлкен. Сол ауданды тор ішінде ұзыннан-ұзақ салынған барактың тұрғындары құтқарушы армияның жер солқылдатқан дүмпулі екпініне құлақ тосады әредік. Әйтеуір бір үміт дүниесі. Лагерьдің барактан қоныс таппай сыртта қалған «С» тобындағы тобан аяқтар арасында терісі қу сүйегіне ілініп ыршы Атай жатыр. Таң бозынан тұрып сауын фермасына асығатын Асылзада далада бір-біріне жабысып, құл-қоқыстай үйілген тұтқындар арасынан Атайды күнде көріп өтеді. Әзірге аман, тірі жүр бейшара. Бүгін оның сілеусін көзі шатынап, шарасынан ақтарылардай андағайлап кетіпті. «Әй, Асылзада! – деді ол сау адамша санқылдай дауыстап. – Мен «Манасты» отыз күн, отыз түн жырладым. Жырлап-жырлап Манас бабаммен бүгін қоштастым. Мен алып Манасты жерледім бүгін».

Соғысты ойын көрген – бала Атай; қарусыз майданға кіргенде де әзіл-қалжыңнан тыйылмаған қылжақбас Атай; тұтқынға түсіп жаяу айдалғанда да жасымаған Атай; комендант қызметкерлері кітап ашып, атын сұрағанда «Манаспын» деп қасқайып тұрған – қайтпас қайсар ер Атай; түнде жұлдыздарға қарап сөйлейтін – сәуегей Атай бүгін Манасты жерлепті...

Ымырт үйіріле, талактанып батқан күннің бетін ыстап, аспанға күйік иісі қолқаны қапқан түгін көтерілген. Ол – Эйкенің жендеттері газбен улап өлтіріп, отқа ораған тұтқындардың мүрдесінен көтерілген түгін екен. Атай жыршының да мүрдесі сол оттың ортасында жанып жатты.

«Жан апа!

Дүние жалаңдаған отқа оранды,
Аспаннан зауал оғы тоқтамады.
Алланың бұл да болса, хикметі,
Келеді Ол бар пендені соттағалы.

Дүние жалаңдаған оранды отқа,
Жаутандап күн кешеміз комендотқа*
Қара аспан төңкеріліп жерге түсті,
Біз тұтқын – осы күні бар мен жоққа».

Көзінің жасы шелектегі сүтке тамып отырып, тұтқын анасына зарлап өлеңмен

ойша хат жолдаған.

«Бар мен жоқ...». Бары қайсысы, жоғы не? «Мынау адам баласы қарманып тірлік қылатын шын өмір емес, — деді ағаш сәкіде қатар жататын карт кісі Асылзаданың құлағына сыбырлап, — біз тегі құрдымға жұтылып, бар мен жоқтың арасында сабылып жүріп, тозаққа өтіп кеткен күнәһарлармыз, ұлым».

Кешкі сауынның суып үлгермеген сүтін жертөлеге қалдырып, әдеттегідей тепкішектің сықырын сындырмай көтерілген тұтқынды алдынан көзі бұлаудай болып ісінген Зелда ханым қарсы алды. «Хөлле-хөлле!» — деп тұншыға жылады ол. Зелда ханымның «Тозақ-тозақ!» деп жылап тұрғанын тұтқын түйсігімен ұғып, түсінді.

* * *

Күз неміс жеріне де табиғаттың бар бояуын қашырып, төніректі бірыңғай сұрқай түске көшіріп, жаздағы жайнаған дүниенің сүлкінін кетіріп, аспанды қарасұр бұлттармен жауып, тұтасып бір-ақ келеді екен. Айнала суық дым бүріккен аксұр тұман. Сол аксұр тұман ішіне ұңғысы сорайған танктер, үш аяқты мотоциклдер сүнгіп, кіріп бара жатады. Кейде ызғырық жел тұрып, айналаны көз жетер жерге дейін түріп тастайтын. Сонда тікенекті темір торға ілініп қалған, ішек-қарны ақтарылып, асылып қалған тұтқындардың мүрдесі көрінеді. Әлгі мүрделердің лагерьден қашып шығудың қарекетін қылып атылған, әлде әдейі барып арандаған өзбек Абдолланың, башқұрт Ибадаттың жансыз денесі екенін, жансыз денелерге қалбандай кеп қарғалардың қонатынын, қарғалардың қызыл етке тұмсығын сұғып, кесектеп ет жұлып әкететінін бұл таяу жерден — коменданттың үйінен көріп, біліп отырды.

Зелда ханым комендант күйеуімен бірге ауқаттанатын ас бөлмесіндегі кофрейктің уақыты мен күйтабақ ойнатып, екеуі холлда музыка тындап, тыныс алған шақтарында болсын, туғаннан бері тілі шықпаған мылқау Маркус бақыр басын көтере алмай еденге құлап қалғанда да мейлі, тіпті екеуара айқаласқан төсектегі тоят сәтінен кейін де, жалқы өтінішін қайталай жүріп, түбіт мұрт тұтқын қазақты жертөлеге әкеліп жатқызған. Асылзада қазір қапқа салынып қатар қойылған картоп пен пияздың, үйілген қырыққабаттың ортасынан орын сайлап алып, сонда тұрып жүр. Картоп аршиды, қырыққабатты жапырақтап турап, пияз бен сәбізді, қызанақ пен қиярды жуып түскі, кешкі асқа дайындап қояды. Торайды өкпе тұсынан пышақ сұғып өлтіріп, союды да, бітеудей үйітіп, қабырғасын, бас-сирағын түрлі дәмдеуіштермен сылап әкеліп коменданттың алдына тартуды да тез үйренді. Себастьян Эйке торай етіне әуес. Өткір кездігін жалаңдатып, үйітілген торайдың қоң етіне бойлата сұғып-сұғып жіберіп, майлы қабырғасын сыпыра соғатын ол етке ұрты толғанда қызыл шараппен жүргізіп отырады. Шарапты көп ішеді. Шарапқа сылқия тойған соң, қақпағын серпіп тастап, пианиноның тандайында тізілген қарала тастарды саусақтарымен іліп әкетіп, күніренте күй төгетін. Ұзақ толғайды.

Бірде фрау Зелда немісше сөздерді тәп-тәуір ұғып қалған Асылзадаға комендант күйеуінің қабырғадағы суретін нұсқап: «Оның аты — Себастьян. Ертеректе, бала кезінде музыкалық білім алған. Бірақ бұл музыка пайғамбары Себастьян Бах емес. Бұл — зұлымдық күйшісі», — деген болатын. Зелда ханымның сөзінен ұққаны: Себастьян Эйке — бас құрап, үйленген кездерінде тәп-тәуір азамат болған көрінеді. Мамандығы теміржол инженері екен. Жұмысынан кейін әлдебір саяси клубқа үйірсектеп барып жүрген дарынды инженер күндер өте өзгеріп, өреки сөйлейтін, кіжінетін, тепсінетін мінез тауыпты. «Задында неміс адамы салқынқанды болады. Оны өзгерту, оның өмірлік ұстанымына әсер ету өте қиын. Ал өзгертің бе... өзгерген неміс ішкі механизмі кенеттен кері айналған сағаттың тілі сияқты бар болмысымен басқа адамның кейпіне еніп кетеді. Сосын салқынқанды немістей жүрегі суық адамды жер бетінен табу мүмкін емес, — деді Зелда ханым жұбайы

(* Комендат — комендант. Тұтқынның қазақ тілінің орамына келтіріп айтқаны).

жайында күрсіне сыр ақтарып.— Себастьянның өзгеруіне тағы бір себеп, — деді ол, — жалғыз ұлымыз Маркус — туа тілсіз. Тілсіз, мылқау және денесінен басы үлкен, қол-аяғы шидей. Көкқарын. Мешел. Бір күні жұмысынан үйге әдеттегідей кеш оралған Себастьян маған үрейлене қарап: «Сен оны көрдің бе?» — деп сұрады. «Нені?». «Көшедегі үлкен плакатқа түскен баланың суретін?». «Ол не сурет? Ол не қылған бала?». «Ол — жазылмайтын дертке ұшыраған ауру бала. Ал фюрер: «Ауру, кемтар, жарымжан атаулы Арий тұқымына жатпайды, олар — асқа ортақ, қоғамға масыл міскіндер. Ондай дерт соққандарды қинамай өлтіріп, құтылу керек», — депті». Осыны айтқан Себастьян ертеңінде инженер киімін әскери киімге ауыстырып, қолына қару алған. Ол Маркустың мылқаулығы мен мешелдігін сұғанақ көздерден таса ұстау үшін соғысқа кірісті».

Отбасының тағдырын оңашада көп әңгіме қылатын Зелда ханым кейде сыбырлай сөйлеп: «Эйкелер ешкімді аямайды. Жер бетіндегі жұмысқа жарамсыз, ауру-сырқау, әлсіз адамдарды тегіс қырып салып, өртеп жібереді. Әлгі зұлымдықтарын бұлар әлсіздерді азаптан құтқарудың амалындай ұғады. Менің сүйікті күйеуім — мылқау Маркусымның әкесі былтыр отқа оранып өлгендердің бәріне рахымшылық жасадық деп жүр. Тұтқындарды құтқарушы армия жақындап қалды. Сен қайткенде азаттыққа жетіп, ананмен қауышуды ойла. Ал біз бұл мекеннен жылыстап жоғаламыз», — дейтін.

«Зелда ханым... аяулы Зелда ханым. Жастың үлкен-кішілігі жарасқан жұпқа жапырақтай көлеңкесін түсіре алмайды ғой. Құтқарушы армия келіп мынау темір тордың қылбұрауын үзген күні Зелда ханымға сөз салсам қайтеді: «Жарығым, Зелда, азаттық армиясы мені бұғаудан босатты, мен де сені қанішер Эйкенің құрсауынан бостандыққа алып шығайын. Менің еліме жүр, соңымнан ер. Менің аппақ анамның аппақ келіні бол. Маркусты да ала кетеміз. Сөйтіп, бәріміз бақытты, баянды ғұмыр кешеміз».

Жібек көйлегі толқып, жұпар аңқып жүретін көрікті әйелдің келбетіне тойған көздерін жөртөледе жұмып жатып, қызметші тұтқын қисыны қиын қиялдарына әнтек ерік береді.

Асылзаданың қиялында зілмауыр танктерінің шынжыр табаны аунап басқан сайын қара жерді солқылдатқан азаттық армиясы салтанатты шеру тартып қалашыққа кіргенде, фашистер лагерьді тастай қашады. Бұлтты аспан жарқ етіп ашылып, дүние нұрға бөленеді. Құтқарушылар мен фашистердің құлдығынан құтқарылғандардың құшағы айқаса кетеді де, армия қолбасшысы қолына дыбыс ұлғайтқыш аппаратты ұстап былай дейді:

«— Сендер фашистердің арбауына көнбей, қорлығы мен зорлығына төтеп беріп, Ұлы Отан алдындағы адалдықтарыңды сақтап қалдыңдар. Жау қолына түссең де Отанға деген адалдықты іште берік сақтай білудің өзі ерлік. Біз сендердің ерліктеріңді барлық одақтас елдердің азаматтарына үлгі етеміз!».

Бұдан ары қарайғы қиялында Асылзада туған жерінде жүреді. Бұғаудан босап шыққан ұлын қарсы алған ел-жұрты дабырлап мынандай сөздер айтады:

«— Ау, ағайын, естідіңдер ме, соғыстан Зарыпханның ұлы аман-есен оралыпты ғой! Байқұстың азап лагерінде көрмегені жоқ екен. Әуелі майданға қарусыз кіріп, жаумен жалаңқол айқасыпты. Бірақ қарусыздың аты — қарусыз. Зеңбірегі от құсқан, пулеметі сақылдап оқ бүріккен, темірқанат соғыс ұшақтары әуеден бомба төккен бүгінгінің соғысында қарусыз жауынгер не істей алсын? Харьков майданында тұтқынға түсіп, ақырында немістің бір қаласына айдалып барып, сондағы абақтыда азап пен тозақты қатар кешіп өтсе де, жауыз коменданттың қатынын тартып алып, елге қайтыпты ерің!».

Өзіне тұтқын жастың тұнжыр көзі көбірек қадалып қалатынын білетін Зелда ханым қабағын шытады:

— Сен коменданттан барынша абай бол. Екеуіміздің сырластығымызды оған сездірме. Маған ұрлана қараудан мүлде тыйыл. Ол жақындығымызды білсе, бітті, сені табан астында атады да тастайды. Сен, балақай, аман-есен ананмен қауышудың қамын ғана ойла.

Дарылдаған үні дүниені көшіріп, аулаға үш дөнгелекті мотоциклдің бірнешеуі қатар келіп тоқтады да, сырттан барқыраған дауыстар естілді. Коменданттың сыбайластары – шені жоғары офицерлер. Олар әредік герр-полковник Себастьян Эйкенің қоршауы биік, көзден тасалау коттеджінде бас қосып, арақ-шарап ішетін. Мотоциклдердің дарылы басылғанымен, келген қонақтардың дабыры артқанын естіген бетте фрау Зелда мылқау Маркусты құшағына қысып, жоғары қабатқа ұмтылған. Қызметші тұтқын жертөлеге зып берді. Дабырласқандардың дауысына жертөледен құлақ тосып, кейбір сөздерді ежіктеп ұғатын Асылзада неміс офицерлерінің әлденеге ызалы екенін, әлденеден үрейленетінін көптен сезетін. Бүгінде сол сарындағы әңгіме басталып кетті.

- Біз жеңілдік пе, герр-полковник?
- Мұндай сұрақ болмайды, герр-майор!
- Жок, біз жеңілдік, герр-полковник. Біз Совет Одағының жеріне басып кірген күні жеңілгенбіз.
- Айтыңызшы, Сталинградты алғаннан кейін Гитлер соғысты тоқтаудың амалын іздеуі керек еді ғой?
- «Соғыс, соғыс, тоқтамай соғыс!» деп күшенді ғой менің фюрерім.
- Гитлер «бізде құпия қару бар» деген еді, ол қару қайда? Неге оны қолданбаймыз?
- Орыстар, әне, «катышалатып» кеп қалды.
- Катюша, катюша, ой, катюша, катюша!
- Орыстың маржаларының бәрі – Катюша. Төсекте тәнінді өртеп жібере жаздайды. Қып-қызыл от.
- Сол қып-қызыл от жақындап қалды, жолдастар!
- Қайтпек керек, мына қалашықты тастап шығамыз ба, герр-полковник?
- Аузыңызға ие болып сөйлеңіз, герр-капитан! Лагерьді одақтастарға қалдырып, қалашықты майдандаспай тастап кетсең, сатқын аталасың. Ал қалашықты тастай қашсаң, мұндағы лагерь сенің алдыңнан торын жаяды. Азапқа айналып келіп өзің түсесің.
- Герр-майор дұрыс айтады, герр-капитан. Бірақ, сіз, герр-майор, «біз жеңілдік пе?» деген сұрақты қайтып маған қоймаңыз.
- Ұқтым, герр-полковник. Әйтсе де мен... жеңілсек те, жеңсек те, «осы атын өшкір соғыс аяқталса екен» деп, іштей дұға етумен жүрмін.
- Оныңыз жөн, герр-майор.
- Герр-лейтенант, сіз неге үнсіз отырсыз?
- Мен... мен лагерьді ойлап отырмын.
- Герр-лейтенант, мен сізге талай ескерттім. Кітап оқуды қойсаңызшы. Әуес болмаңыз кітапқа. Соғыстағы солдат кітап оқымайды, кітапты өртейді.
- Герр-капитан, мен мына жерде кітап туралы бірдене дедім бе?
- Иә, сіз «лагерьді ойлап отырмын» дедіңіз. Демек, лагерьдегі тұтқындар туралы да ойланып отырсыз. Оларға ептеп жаныңыз ашиды, білемін. Соның бәрі кітап сөзінің әсері. Кітап пен соғыс – бір-біріне жуымайтын екі әлем.
- Жок, мен лагерьді ойлап отырмын. Ертең одақтастардың армиясы келіп тұтқындарды азат етсе, олар сайрап қоя береді ғой. Көргенінің бәрін айтады.
- Сайрай алмайды. Сталиннің не дегенін естімеп пе едіңіз, герр-лейтенант?
- Сталин не депті, герр-капитан?
- «Бізде, – депті Сталин. – Тұтқындар жок, сатқындар ғана бар». Сталин үшін біздегі тұтқындар тұтқындар емес – сатқындар. Бұлардың бәрін Сталин Сібірге айдайды да, құртады.

- Ендеше Сталинге рахмет!
- Сталинге не үшін рахмет айтқыңыз келеді, герр-лейтенант?
- Сталин біздің Құдай алдындағы кешірілмес күнәмізді бөлісейін деген екен.

Бастапқыда бір-бірін әскери шендерімен атап, стақан қағыстырып отырған офицерлер түн ортасы ауа соғыс жайындағы әңгімені ысырып тастап, бұрынғы өмірлерін, бордельдер мен барларды алаңсыз кезген күндерін жарыса сөз қылып,

дуылдасып жатты. Ал ертеңінде аспан күркіреп, жер тітіреп, бірқалыпты тіршілік ырғағына түскен лагерь мен қалашықтың астаң-кестеңі шығып, аласапыран басталды да кетті. Қалашыққа азат етуші армия келіп жетіпті.

Қорғасын ыстаған қара ала бұлттардың бауыры көкойықтана ашылып, ыдырап барады. Ауған бұлттардың шалғайына жармаса жерден түтін көтеріліп, қайсыбір тұстан аспанға қызыл жалын атады. Лагерьдің бағаналарына одақтастардың туы ілініп үлгеріпті. Орталық алаңға қарай сақсына басқан тұтқындардың қарасы көріне бастады. Қорабына пулемет, зеңбірек қондырған машиналар мен танктер қалашық пен лагерьді қоршап алған. Жертөледен шыққан Асылзада албарда екпеттей жығылған Зелда ханымның өлі денесін, өліктің қасында мелшиіп отырған мешел, мылқау Маркусты көрді.

* * *

«Коменданттың жертөлесіне тығылған сатқын мынау ма? «58-баптың 1-тармағы. 25 жыл».

Қызырбек екеуі жылап айрылысқан.

– Совет жағына өтпе, оған енді жолама, – деп жалынған еді Қызырбек.

Бұл көнбеді.

– Қызырбек-ау, неге, неге жолама дейсің?

– Сталин азап лагерінен азат етілгендерді жеріне мәңгі тоң қатқан, аспанында Күн шығып, Ай батпайтын беймәлім бір мекенге айдап апарып, абақтыға тоғытып жатқан көрінеді. Совет өкіметіне жолама қайтып!

– Осындай сөзді мен өткенде жертөледе жатып естігенмін.

– Естісең, сол – совет шекарасынан ары аттама, аяғыңды баспа ол елге!

– Мен сенбеймін. Қауесет, өтірік ол. Комендант пен жандайшаптарының, қала берді анау одақтас елдердің бізді үрейлендіріп, қорқыту үшін әдейі таратқан бопса сөзі. Біз қорықсақ, кері қайтудан бас тартсақ, неміс жағына өтсек немесе шетел асып кетсек... оларға керегі – осы.

– Адамдар азғырынды тілге еріп алдымен соғысады, содан соң соғыстан қашады. Мен бірдеңе білсем, комендант та, оның сыбайластары да бұл маңнан қарасын батырмақ. Әлпі тауынан аса ма, кемеге түсіп Америкаға өте ме – әйтеуір олардың енді Германияда қалуы мүмкін емес.

– Олар қайда қашса да, ізінен қалмай зұлымдық істері ілесе жүреді, Қызырбек. Германиядан қашып-ақ кетсін, бірақ қанқұйлы қылмыстарынан қашып құтыла ала ма? Ал мен қылмыскер емеспін. Сатқындық жасаған жоқпын. Жертөледе жатып жан бақтым.

– Жертөле сенің түбіңе жетеді, Асылзада! Сені жертөледе жүріп күнін көрді, жалданып жаның бақты демейді, ұлтшыл-социалистердің – фашистердің ұясында өмір сүрді, немістерге берілді дейді.

– Анамды қайтем? Анамның көз жасына басымның азаттығын айырбастау маған қиын тигелі тұр ғой, Қызырбек. Совет өкіметі алдымен тергеп-тексерер, тіпті әкеліп соғысқа қайта салар, бірақ азап лагерінен азат етіп алып абақтыға жаппайды, соттамайды. «Бір қылмысқа екі жаза жүрмейді» деуші еді ғой лагерьдегілер.

– Айнымасқа бет алыпсың, Асылзада! Тәңірім саған жар болсын! Ал мен – қағазда османлы түрік Қызырбекпін. Түркия азаматымын. Қазақ Қызырбек майданда қаза құшқан. Елге жетсең, осылай де. Қиямет-махшарда кездесерміз, кел қоштасайық, бауырым!..

Екеуі еніреп, жылап қоштасқанда, «бөтен елде қалай өмір сүріп, қайтіп күнелтпек?» деп, Асылзада Қызырбектің алдағы тағдырына көп алаңдаған. Лагерьдің бұрынғы тұтқындары ортасынан бөлініп, бір қауымы Советстанды, ендігі бір шоғыры шетелді таңдап, екі тарапқа бастаған жінішке жолға түскенде де ол Қызырбектің қалт-құлт еткен бейнесіне қарайлай берді. Сұйық қоңыр шашы жалбырап, қалқайған құлағы сырғалығынан төмен құлап, құр қаңқасы

қалған кеудесін етінен тұтас арылған аяғына әрең қондырып, ілби басып бара жатқан Қызырбектің бейнесі батқан күннің қызыл шапағына ілініп тұрған. Асылзада азап лагерінен құтылғандармен бірге іші көрдей суық вагонға келіп отырды.

* * *

Тергеу ұзаққа созылмады.

«Асылзада Зарыпханов Харьков майданында немістердің қолына түскен».

«Совет жауынгері жау қолына түспейді – не өледі, өлмесе, жаудың тылын бұзып шығады».

«Асылзада Зарыпханов азап лагерінде болған».

«Лагерде бұл СС құзғындарымен ауыз жаласпай, Отанын сатпай қалай аман қалды дейсің?».

«Асылзада Зарыпханов комендат Себастьян Эйкенің үйінде қызметте жүрген, жертөледе жатқан».

«Міне, көрдіңіз бе, осының өзі-ақ мұның сатқын екеніне бұлтартпас дәлел. Жертөледе жатып жау жағына өткен, Совет өкіметіне аса қауіпті адам. Диверсант болуы да әбден мүмкін».

Әскери соттың судьясы мен мұның ісін айғақтаушының арасында осындай аз-кем сұхбат болды да, сот үкім шығарды: «Комendantтың жертөлесіне тығылған сатқын Асылзада Зарыпханов «58-баптың 1-тармағымен» айыпталды. Жаза мерзімі – 25 жыл».

– Ал, қане, айт, – деген судья сұқ саусағын мұның өңменіне қадай сөйлеп, – Отан алдындағы опасыздығына өкінесің бе, жоқ па?

– Өкінемін, – деді Асылзада судьяның көзіне тайсалмай қарап тұрып. – Үш солдат бір мылтықтан оқ аттық. Немістер қанды шеңгелін тарылтып, жан-жағымыздан қыса түскен. Командиріміз: «Жағаласып, пышақтасып өліндер. Тірі қалғандарың қайткенде қашып шығып, жан сауғаландар. Мен сендердің обалдарына қалдым, ұлдарым!» – деп айқайлаған. Мылтық ату кезегі маған тиген еді. Оқшантайымда ең соңғы оқ. Сол оқты мен кезеніп келіп қалған жап-жас неміс солдатының мандайына қададым. Міне, мен соған өкінемін. Оны өлтіргенше, жалғыз оқты өзіме жалдап өлуім керек еді.

– Қорқақ, сатқын! – деп жын ұрғандай жұлынды судья. – Әкетіндер, құртындар көзін, тепкінің астына алындар, тепкіден тірі қалса, Колымаға, Магаданға айдаңдар!

«Колымаға жетпей желкем қиылар» деп ойлаған Асылзада. Жоқ, әзірге көретін жарығы бар екен, соттың үкімі күшінде қалып, еңбекпен түзеу лагеріне апарып, ақтарып тастайтын пойыздың вагонына кеше түндегі тепкіден қаусаған қабырғасын қолымен демеп келіп, бүктетіле құлаған. Міне, содан бері қанша апта, қанша ай өткені белгісіз, кейде ұзақ тоқтап, кейде арқырап ала жөнелетін пойыздың вагонында жатып есін жыйды.

Пойыз ілгерілеген сайын темір вагонды қаусырған аяз да азынай түскен. Манында – жағы сорайып, көзі шүңірейген бір өңкей ұсқынсыз жандар. Ұстара тимеген мұрт ауызды басып, иек пен жақтың қыл-қыбырымен араласып, алқымды бір-ақ қабады екен. Вагон толы қаба сақалдар. Сырттағы үскірік боран мен темір контейнерді қарыған аяз қабағат кеп ұрғанда сорлылар аяқ-қолдарын бүктеп алып, жалбыраған сақалдарының астына кіріп кетердей бүрісіп, бүрсен қағады. Этапты аштық жайлаған. Сырт көзге әскери адамдар тиелген пойыздың белгісін байқататын эшелон үлкен стансаларға еңтігіп кеп тоқтағанда, әккі зектер вагонның қабырғасын тықылдатып, хабар алмасатын. Сондай хабар алғыштың бірі жасы қырықтарды орталаған Вадим деген орыс азаматы еді. Жан қалтасынан тастамайтын рельстің бармақтай сынығымен контейнердің қабырғасын дыңылдата шертіп-шертіп жіберген ол алыс түкпірден құмыға жеткен дыбысқа құлағын түріп отырды да, көзі шарасынан шыға үрейленіп: «Сұмдық, – деді, – вагоннан аттап баспаңдар, этапта адам жейтіндер пайда болыпты. Өздері бір ұйымдасқан топ дейді. Әлгілер капелімде қақпанын қапқан

адамның қызыл өнешін жұлып алған соң, өкпе-бауырын қолқасынан ыстықтай суырып, шикідей жеп қоятын көрінеді».

Қалың қасы қабағын жауып, бетіне қылдан сірекап кигендей болған Вадим сақал-мұртын бұрқыратып тағы бірденелерді айтып келе жатыр еді:

– Жап аузынды, найсап! – деп зекіді біреу. – Осы күйсегеніңмен тоқта. Сен, найсап, тоқылдағынды тоқылдатып этаптың ішінен тараған сөзді жеткізіп қана отырған жоқсың, бізді жаманат хабарыңмен хайуани іске шақырып та отырсың.

Вадим қабағының астында қатқан көзінің мұздай қарашығын әркімге бір қадап, тесірейген қалпы тырс етіп үндемеді.

Пойыз найза тұмсық кеме сияқты ақ қар, көк мұз басқан айлапат дала мен келбетін мұң торлаған ормандарды қақ жарып, жүйткіп келеді. Осыдан апта бұрын, эшелон тау шоқылары алыстан қол бұлғаған, жер бедері Асылзадаға жақсы таныс жалаңаш стансаның біріне кеп тоқтаған. Қарауылдар еңбекпен түзеу лагеріне айдалған қауіпті элементтер мінген вагондардың темір есіктерін сарт-сұрт ашып тастады да: «Іштеріңді тазалап келіңдер», – деп бұйырды. Өздері автоматтарын кезеніп, арсылдаған қабаған иттерінің қарғыбауынан қағып, талтайып тұра-тұра қалысты. «Қашсандар ескертусіз атыласыңдар!» – деген бұйрық та берілген. Қауіпті элементтер ышқыр ауын ағытып, қалың ши мен қамысты айнала берген еді, кенет қайдан тап болғаны белгісіз, қарашұнақ балалар қаптап келді де, бұларға тас жаудырды. «Предетели!», «Быраги Сэбетский быласти!»* – деп жіңішке дауыстарын созып шәңк-шәңк етеді шетінен.

Тентек балалардың қолынан дәлдеп атылған тастар қамыс құшақтап, шиге құлаған қауіпті элементтердің бет-аузын қан қылған. Қарауылдар қарқ-қарқ күліп, қызыққа кенелді де қалды. Зырқырап ұшқан тастың бірі Асылзаданың да басына тиді. Атқан қол әлсіз бе, әлде тас дегені қара балшық па, Асылзада аса ауырсына қойған жоқ. Тек құтырынған мына пәлелерден қашып құтылмаса болмас деген оймен жалт бұрыла бере тасқа көзі түскен: шеті кетіліп, ағарып қалыпты. Ептеп еңкейді де, іліп алды. «О, ғажап!» Қара тас дегені – сыртын балшықпен сылаған кәдімгі құрт екен! Сықпа құрт! Тасқа ұқсап жауған құрттардың бірнеше кесегін Асылзада қалтасына ұрып, қойнына да жытырып жіберді. Мұның не істеп жүргенін көзі шалған тағдырластары да сонадайдан балалар ұшыртқан «тастарға» жабысты. Қайсыбірі ұсақ құм балшығымен қоса сықпа құрттарды күтір-күтір шайнап, қылғытып, жұтып та жатыр. Асылзада құртты жалап көрсетті. Сосын: «Құртты ұзақ жалап, шетінен талмап, кертіп жесеңдер сіңімді болады, бойға қуат береді», – деп ұқтырды айналасына. Осы кезде тарс-тұрс мылтық атылып, автоматтар сарнай жөнелген. Қауіпті элементтердің бір-екеуі қалың қамысқа сіңіп жоғалмаққа әрекет қылған екен, қарауылдар оларды жарты қадам аттатпай жайратып салды. Қарғыбауынан босаған иттер өліктерді қамыс ішінен серейте сүйреп әкеліп, пойыздың табанына тастаған. Пойыз кернейін созып озандады.

Ажал аузына ыңырашағы айналып, арбиған сүйек-саяғымен жұтылудың жарысына түскендей әбден жүдеп-жадаған, қайраты қашып қалжыраған зектер жер түбіне айдаса да қу жанын жалдап, аман-есен жетуді ғана ойлап жүр ме десе, қашып құтылудың қамын да қалтарысында ұстайды екен. Асылзада бұған таң қалған: «Жер әлемде алапат соғыс. Ана жақта – СС жендеттері. Мұнда – пенде баласын аяуды білмейтін Совет солдаттары, сонда бұл бейшаралар қайда қашып құтылмақ, қайдан пана таппақ?».

Басында қалқайған қарасы жоқ далалық бекетте болған қашқындар уақиғасынан кейін вагон ішінде ұйлығисқан зектердің үстіне қару асынған қарауылдар келіп жайғасты. Аштық қысқанда қауіпті элементтер қайыс белбеулерін шайнап, бәтеңкелерінің қонышын қажалап, жамбастарына басқан

* («Предатели!», «Враги Советской власти!»* – «Сатқындар!». «Совет өкіметінің жаулары!»)

сабанның сабағын сорып, вагонның бұрыш-бұрышына қатқан қырауды сыпырып алып, бір-бірінің аузына тосатын. Қарауылдар соның бәріне тыйым салды да: «Бір-біріңе көз сатушы болмандар, артындағы адам алдындағы адамның көк желкесіне ғана қарап отыруы керек», – деп, зектерді жүресінен тізіп қойды. Пойыз шайқалып, сілкінгенде ғана бұл қатар бұзылып, толқып кетеді. Теміржол мүлтіксіз созылғанда жүрелеген қауіпті элементтер қара тастай қатады да қалады. Тәртіп бұзғандар, талапқа бағынбағандар қарауылдардың жуан жұдырығын жеп, тепкісіне түсіп, аяз қарыған вагонда аяқ астында ыңырысып жататын.

Аштан аққұла қырылып, өліп қалмасын дей ме екен, күн аралатып зектерге қарауылдар қаппен әкеліп қатқан қара нан үлестіреді. Сол қара нан ғана талғажау. Құрт баяғыда таусылған. Нанды қарауылдар зектерге әуелете көтеріп, лақтырады да: «Маймылша қағып алыңдар», – дейді, «итше қақшып түсіндер», – дейді. Бұлар маймылша пырсылдап, итше арсылдап темір вагонның ішін азан-қазан қылады. Қарауылдар мәз. Нанның ішін ойып, тірі тышқан салып тарататын қарауылдардың тосын сыйлары да болушы еді. Тышқанды көрген бетте зектер жамбастарына басқан құрғақ сабанды үйіп жіберіп, үйітіп жеп алатын. Қарауылдар унтерменшамдарға жиіркене қарайтын коменданттың жендеттерінен әрмен тыжырынып: «Сендер хайуаннан бетер хайуансыңдар», – деп, қауіпті элементтерді адам санатынан мүлде сызып тастайтын.

Кезекті бір стансаға танауынан бу атып, ысылдай кеп іркілген пойыз біраз аялдаған. Сырттан әмірлі бұйрықтар естілді:

- Шығындар! Түгел шығындар!
- Тізерлеп отырындар!
- Бастарынды көтермендер!
- Жан-жақтарыңа қарамаңдар!
- Қиқаңдағандарың дереу атыласыңдар!

Асылзада көзін жерден алмай келе жатса да аңғарды: қауіпті элементтер аяқ артқан пойыз тежеуішін тартып тоқтаған станса – үлкен станса көрінді. Автобекеттің қасындағы бағана басына ілінген радишелектерден екпінді музыка құйылып, әредік орнынан ыңырана қозғалған пойыздардың қайда бет түзегені хабарланады. Қайшыласқан қара нөпір халықтың ары-бері ағылған жүрісін қабақ астынан шалып, зектер сіре боп қатқан қарға тізелерін қадаған. Бетін аяз құрсаулаған қар тізенің көзінен өтіп, қарып түсті. Асылзада «шоқ та бір, мұз да бір екен, – деді ішінен, – екеуі де етті күйдіріп, сүйекті кеміреді».

Аздан соң қапталдағы пойыздың вагондарынан қолдарын желкелеріне айкастырып, көздерін төмен салып, имендей басқан біреулер ақтарыла түсті де, қауіпті элементтердің қатарына келіп қосылды. «Шамасы, мына имендеген сорлылар да – қауіпті элементтер, былайғы жолаушылар: Магаданға, Колымаға қызметке бара жатқандар, әне, терезелерінен бас баға қарап, вагондарында отыр. Қауіпті элементтер... біз өзі көп екенбіз ғой» деп төңірегіне көз қиығын тастады Асылзада. Кенет, қыстыға үріп, қынсылаған иттердің де, «қатарға кел», «отыр», «тізенді бүк», «басыңды көтерме» деп алма-кезек бұйрық бере тепсінген қарауылдардың да үні өшіп, тыныштық орнады. Асылзада басын әнтек көтергенде көріп қалды: зектер үлкен зембілге салып, қауметті аппақ сақалы белуарына түскен, аппақ киінген, ақбурыл қасының шалғайы қыран қанаттанған, кеудесін шалқайта тастаған қарияны көтеріп келе жатты. Қария анау сұсы суық темір вагоннан емес, аспанда аунаған ала бұлттардың арасынан – көктен жерге түскен пайғамбардай көрінді.

– Бұл – авторитет, әулие адам, ғұлама оқымысты, мұсылмандардың молдасы, – деді қапталдағы пойыздан шыққан қауіпті элементтердің бірі дауысын сыбырмен көміп.

Иттер арпылдап, қарауылдардың әмірлі бұйрықтары қайта естілді:

- Тұрындар, ешқайда мойын бұрмаңдар!

— Соңғы тіркелген қосалқы вагондарға тиеліндер!

«Соңғы тіркелген вагондарға отырындар, мініндер» демейді, «тиеліндер» дейді, қарауылдар үшін біз жүріп-тұра алатын құнсыз зат болдық қой» деп күбірледі сап түзей жылжыған этаптың арасынан бір бейбак.

Жаңа вагонның еденіне қалындап сабан төселіп, қабырғасын қамсаулап қамыспен тұтыпты. Екеуара жамылуға жететін брезент сулық та үлестірілді. Вагонның төрін ала бөлек қоршалған темір торлы жеке жайда жаңағы әулие малдасын құрып, таспих тартып теріс қарап отыр.

— Авторитет бар жерде — тәртіп бар, қарауылдар бізді албаты басынып, қорлай бермейді, — деді қауіпті элементтердің қарасын еселегеннің бірі бәріне естіртіп. Темір тордың аузында қаруын кезеніп тік тұрған конвой үндемеді.

Пойыз бар қуатын бойына жиып, қос танауынан бу атып, дүр сілкінді де болат жолды солқылдатып тарта жөнелді. Сарт-сұрт, сарт-сұрт... Ілгері озған сайын сартылы үдеген пойыз екпінімен бірге Әулие жайғасқан тордың ішінен де бір сарын үзілмеді. Асылзада біртүрлі таныс сарынға құлағын тосады: Әулие тұтқын қирағатын баптап құран аятын созып келе ме, әлде қоңырлатып ән салып келе ме, белгісіз, байқағаны — айналасындағы адамдар тыныштықтың бесігінде тербелгендей ұйып қалыпты. Сол бетімен олар шанаға топтап бұғы жеккен, ит жеккен жұрттың байырғы мекеніне келіп жетті.

* * *

Асылзада көп ойланып, толғанып анасына хат жазбаққа бекінген.

«Апа! Ұлың немістердің тұтқынынан босап, майданға қайта оралды. Ұлы көсеміміз бізге, «жауынгер соғыста тұтқынға түссе, ол оның жаумен шайқасқандағы ерлігіне есеп. Азаматтар қолына қару алсын да, қас жауынан кегін еселеп қайтарсын» деп сәлем жолдапты».

Анасын алдарқатып, осындай уәзінде үшбу хат жазуға арнаған сөздерін үйдектүйдігімен төгуге ыңғайлана бере ықтияр бермес халін мойындап, Асылзада іркіліп қалды. Көкірегі удай ашып, көзіне жас тығылған.

«Ау, — деді сонан соң ол, — қиялымда жазған хаттарымды аққанат құстарым жеткізіп бермесе, немістердің тұтқынына түсіп, менің азап лагерінде болғанымды анам қайдан біледі?».

«Апа, мен жыл жарымға таяу уақыт жертөледе жаттым. Жертөледе жатып, Себастьян Әйке дейтін немістің қызметінде болдым. Ол — совет солдаттарын пенде қылған неміс абақтысының нәшәндігі. Обалы кәне, Әйкенің әйелі Зелда ханым маған баласындай өбектеп, жақсы қарады. Күндердің күнінде азаттық армиясы келіп, бізді тұтқыннан босатқан. Тұтқыннан босағандарды Ұлы көсеміміз Қиыр Шығыс майданына салды. Мен қазір Шығыс майданында жүрмін. Аман-есенмін».

Қайткенде ана көңілін алдарқатар, жер бетінде бар екенін білдіріп, жұбаныш қылар ойындағы хаттың сөзін қағазға түсіруге оқталған Асылзада және тартынды: «Жоқ, адал ұл анасын алдай алмайды. Ана жүрегі ұлының өтірігін бәрібір біліп қояды». Сосын ол майданға аттанған күндерінен бастап, лагерьде көрген сұмдықтарын шетінен тізіп, қазір қайда, не істеп жүргенін жасырмай хатқа түсіріп, еңбекпен түзеу мекемесіндегі пошта жәшігіне әкеліп тастаған. Ертеңінде зона әкімшілігіне шақырылды.

— Ей, жарым ес, жарамсыз элемент! — деді әкімшілік бастығы — комендант Револа Смирнов. Зектер оны оғаштау есіміне орай сыртынан «Тапанша» десетін.

— Сен не оттап жүрсің?

— Мен қия басып, қисық сөз айтқан жоқпын, — деді құлақшынын қолтығына қысып, басын төмен салып тұрған Асылзада.

— Мынау не? — «Тапанша» Асылзаданың пошта жәшігіне әкеліп тастаған хатын бетіне ызбарлана лақтырып жіберді. — Әрине, мен сенің хайуани тіліңді түсінбеймін. Бірақ маған оны түсіндіріп бере алатын жолдастар бар осында.

Өте сауатты жолдастар. Сол жолдастардың ұқтыруынан білгенім, сен Совет өкіметінің құпиясын ашуға әрекет қылып жүрген сұмның нағыз өзі көрінесің.

– Менде мүлде ондай ой жоқ, болған да емес, жолдас комендант. Шындығымды мойындап, анама ақтарыла хат жаздым. Бары – осы. Мен ана алдында шындықты мойындау – ар алдындағы, Отан-ана алдындағы шындықты мойындау деп білемін, жолдас бастық.

– Ей, қайсың барсың? – Есіктен ешкікөзденіп екі конвой жарыса кірді. – Мынаны апарып тәрбие сабағын өткізіндер. Хаттың қалай жазылуы керегін жақсылап тұрып түсіндіріңдер!

«Тапанша» «тайып тұр, қаранды батыр» дегендей бұған қолының сыртын сілкіп, қатулана қабағын түйді.

Зона әкімшілігінің бұлың-пұшпақ бөлмелері, қаракөленке қуыстары көп еді, екі конвой қолын жауырынына дейін жапсырып, қайырып әкелген Асылзаданы соның біріне бүктеп тықты.

– Жат осында!

Асылзада аяқты көсіліп, еркін жатуға тарлық ететін тасқаранғы бөлмеде қамалған күндерінен жаңылған. «Тапаншаның» алдына жүгіре басып, жанұшыра барған күні – бейсенбі болатын, содан бері қанша тәулік өтіп, сағат тілі кіндігінен неше айналды екен – ұмытты. «Түн – уақыт ұрысы. Уақыттан бәрі қорқады, ал уақыт түннен қорқады», – деуші еді азап лагеріндегі қарт. Рас екен, уақыт мұны тастап, қара түнек камераға қалдырып кеткен сияқты. Асылзада әкесін ойлады. «Мынандай ітқорлықты ол да көрген шығар, содан бір жерде жантәсілім қылған шығар, – деді қазіргі халін әкесінің тағдырына аударып. – Өліп қалғаны қандай жақсы болған әкемнің».

Түбінде түнекке көз үйренеді, адамның көзі түнектен де жарықтың жұқанасын табатын еді. Асылзада төңірегін қанша тінтісе де, сынық саңылауға қарашығы ілінбей сансырады. Енді ол қара тұңғиыққа, мәңгілік қара тұңғиыққа құлаған жанның күйіне енген. Құлап барады, батып барады – тұңғиықтың шет-шегі жоқ... Жоқ, бар екен, камераның төбесінен бір сызық сәуле тігінен түскендей болды да, іле жарқ ете қалды. Жап-жарық. Жай жарық емес, бет терісін күйдіріп, сылып алардай отты, өткір жарық. Камераға конвойлар кіріпті.

– Қабырғаға ұрып, қиратып құтыламын деп әуреленбе. Осыған қара да отыр, көзің ашылады, – десті олар мырс-мырс күліп. Соны айтты да, басына бастыра нокта кигізіп, қол-аяғын байлап, Асылзаданы камераның іргесіндегі қазыққа мықтап таңып тастады. Әйнегі қалың, беті торланған абажадай прожектор ну қаранғы ұйыққа сіңген тұтқынның көзін қарып түсті. Қарауылдар камераның піл қабырғалы есігін қайта жапқан.

Жазаланушының көзін алдымен түнекпен байлап, шала соқыр қылған соң алдына прожектор қойып, қарашығындағы нұрды сорып алу – Қолыма абақтысындағы азаптың соңғы, жетілген түрі еді. «Тапанша» жендеттеріне соны тапсырып, электр шамды басурман қазақ Асылзаданың алдына қойғызған. Көзінің жиегін түріп, кірпік арасына ши тіреп қоюды да жендеттеріне үйреткен «Тапаншаның» өзі.

– Көрейік, – деген ол, – басурман киргиз-қайсақ қашанғы шыдайды екен?

Револла Смирнов – орыс адамын адамзат нәсілінен артық көретін, туған халқын ерекше ыстық жүрегімен сүйетін азамат. «Ит те болса, өзіміздің ит» деген тәмсілді аққайнар атып, арақ ішіп, сауық құрған сайын қол астындағыларға қайталап айтып отыратын ол лагерьге «қауіпті элемент» аталып келгендерден бөлек, қылмыскерлердің арасынан керекті адамдарын тауып, оларға астыртын дем беріп қоятын. Қылмыскер – «жанама элемент», саяси тұтқындардан гөрі қауіпсіз. Лагерьдегі «жанама элементтер» жалдамалы жендеттердің қызметінде. Қауіптілерді көзден таса қылмай бағатындар да – солар, лагерьдегі құпия сөздердің құлпын ашып беретіндер де – солар, ыңғайға көнбейтін, қажетсіз тұтқындарды ылым-жылым жоқ қылатындар да – солар. Солардың сойқан-содыры Могильницкий – Могила

— «Тапаншаның» жасырын бұйрығын бұлжытпай орындайтын жantyғы еді. Қылмыскерлер тобын жатқызып өргізетін Могила орманда ағаш аралап жүріп оңбаған киргиз-кайсақпен жекпе-жек ұстасып, төбелесіп қалған екен, өлім аузынан қайтты. Бар бітіргені — басурманның бетін пышақпен осып жіберген де құлаған. Ана неменің қимылы сондай шалт болар ма, сілеусіндей атылып кеп қайың келтекпен тас төбесінен түйіп өткенде, таудай Могиланың пышақ сермеуге ғана шамасы жетіп, өкіре жер құшыпты. Могиланың жандайшаптарын «қауіпті элементтер» жабыла сабап, абыройдан жүрдай қылғаны «Тапаншаның» әсіресе жанына батқан. Содан кейін-ақ, басурманның беделі артып, зонадағы зек атаулы соның құзырына қол қусырғанға ұқсайды. Қылмыскерлерді бұл қылмыс әлемінің көкжалдарына балайтын, сөйтсе, шетінен құйрығын бұтына қысқан шибөрілер екен, ми сауыты сөгіліп, тілден айрылған Могиланың мүшкіл халін білген күннің ертеңінде-ақ, қауіпті элементтердің қатарынан табылып, солардың соңынан еріп кетті. Ал сорлы Могила қазір жанама элементтердің жаманы — есі ауысқан, еліріп жынданған, психикалық дерті асқынған аурулардың барагында жатыр. Осыдан кейін Асылзадаға «Тапанша» кектенбей қайтсін... Анасына жазған хаты арқылы себепке сылтау тауып берген ол, міне, күн ауды, көзінің майы мен етін электр шамның жарығына шыжғырып камерада шырқырауда.

Алдымен көзінен тоқтаусыз жас парлаған. Көл-көсір жас, сосын бойындағы бар сұйық: тізесінің көзіндегі қоймалжың су, жілігіндегі май, қуығындағы зәр, тамағындағы түкірік — бәрі-бәрі жанарынан ақтарыла төгіліп, тас камераның еденін дымқылдағандай болды. Отты жарық бетін қарығанда қатты, қалың шашының әр талы көтеріліп, лап беріп өртенуге шақ қалған. Аздан соң түбінен тер теуіп, селдей қаптаған тер төбесінен төмен қарай құлады. Маңдайдан төгілген тер — у. Асылзаданың жиегін ши тіреген көзіне у құйылып, күйдіре түсуде. «Мынадан көзім ағып кетсе, су қараңғы соқыр болып қалай өмір сүремін? Итжеккенде итқорлықпен өлетін болдым-ау», — деп зарлады ол. Отты жарық жанарын да, жанын да қуырған тұтқын сәлден соң электр шамының ішінен әлденені көргендей сілейіп қатты да қалды.

«Шам... ә, шам екен ғой бұл. Білте шамның сәулесі үнемі билеп тұрады». Әне, діріл қағып билеген сәуле арасынан тайрандатып түйе мінген адам көрінді де ғайып болды. Байып батқан күнді бетке алып атты адамдар шауып барады. Аттарының жалы қызыл жалынның түсіндей алаулайды. Аттар да, адамдар да шар табақ күннің албарқыт бояуына көміліп, сіңіп кеткен. Тағы да алдынан қызыл жалқын жайылды. Қанды өзен екен дейді, жо-жоқ, от дариясы екен. От дариясының бетінде мұның миын торлаған талшықтар үзіліп шығып, үйіріле билеп жүр. Әлде білте шамның сәулесі ме билеп тұрған? Биші — сәулемен құшақтары айқаса кеткен. Құшақтасып шырқобелек айналды. Айналып жүріп өртенді. Қара бақайына дейін өртенді де, қайтадан шырқобелек айналып, шырқап шыға келді. Биші — сәуле етегінен от өріп мұны жетегіне алыпты. Екеуі жетектесе жүгіріп, кейде айнала билейді. Сәулемен шарпысып, от ішінде жанған шырпыдай тұқылы қалғанша билей берді. Тұқылы қалғанша биледі де өшті...

— Жалп етіп жарық сөнбегенде, көзі ағып түсер ме еді, қайтер еді?..

— Ит жанды екен өзі.

— Сұмдық-ай, мыналардың сұмдығы фашистерден де әрмен болды ғой!

— Тыныш, абайлап сөйле! Мұнда «құлақ» көп.

— Мүкті сулап алып маңдайына тарта беріндер, көзінің ұясына қайыңның безін жаналап қойып отырындар.

Баракта миы шағып ояңған Асылзаданың айналасындағы адамдар осыны айтып күбірлесіп отырды.

* * *

Көктемі көктеп үлгермей қар астында қалатын Колымада қазір жаз. Сазды жердің дымқыл ауасын алдына салып тынбай жел соғатын мұндағы жаз мезгілі теңбіл көк аспаннан ғана білінеді. Жұмсақтап иленген жанат терісінің ішіне сүрме салып, көзіне тартқан Асылзада сыңсыған орманды аралап жүріп ағаштарды аяйтын. «Балтаның өткір жүзі шауып, араның қандауыр тісі тиіп, шетінен сұлап жатыр байқұстар. Бірақ адамнан ағаштар тәлейлі екен. Қара жерден тамыр тартып өседі, өнеді, бұтағын созып, жапырағын жаяды. Бір күні қуарады, семеді, құлайды. Отынға жараса, отқа айналады, өмір боп маздайды. Құрылысқа жараса, жаңа қалыпқа көшіп, игілікке ұласады, өнермен жалғасады».

Осы ойын ол немістердің лагерінен бері қалтандап тірі келе жатқан қартқа білдірген. Қарт айтты:

– Байламың дұрыс, ұлым. Иә, Құдай жаратқан жер бетіндегі жанды-жансыздан күрделі тағдыр иесі – адам. Әйтсе де орман ағашы: қарағай мен шыршаның, қайың мен самырсынның да бір-бірімен жағаласқан, қайшыласқан тағдыры бар. Бұлар да аспанға ұмсынып, бой таластырып, арбиған бұтағымен төңірегін жасқап, көлеңкесімен бүркеп бір-біріне күн көрсетпейді. Дән тастап, тұқым жаюына көлденеңдеп жол бермейді. Мықтысы әлсізіне әлімжеттік жасап, жанын күйзелтеді. Жай отына тастайды. Өмір деген – аспанда да, жерде де қатқабат қарсылық, таусылмайтын егес қой. Байқайсың ба, тобылғы орманнан жырақта өседі. Өйткені ол бауырларының орман алқабына сыймай алысқан жаулығынан қашып әрі ұялып, бойын аулаққа салыпты. «Тобылғының түсі қызыл болатыны ұяттан екен» дейді көне аңыз.

– Ал адамдар қабығы аршылған анау қайындай ұяттан мүлде жалаңаштанып қалған жоқ па, қария?

– Ұят – абақты. Лагерь. Мән-мағынасыз атысып-шабысқан дүлей күштердің тартысындағы тағдырлар: мен және сен сол ұяттың абақтысына жабылып, қоғамнан оқшуданып қалдық. Біз – Совет өкіметінің әскери соты мандайымызға қара таңба қылып басқан «қауіпті элементтер» емеспіз, санасы саясатпен уланғандардың қолымен жасалған қылмыстар мен ұятты істердің тұтқынымыз.

Көзе сауыт көк мұздың құрсауынан босанған даладағы оймақауыз ойық көлдер Күн көзімен шарпысып, көгілдір таулар алыстан бұлаңытады. Қаракөлеңке ұйыған ормандардың ту сырты түнерген тундраға жалғасып, теріскейден қалың тайганың көкжиекті жапқан сұлбасы мен мұндалайды. Екеуара қолдасып тартқан араның ызылы мен ағаш діңіне шабылған балтаның жаңғырығын алысқа ұзатпай мүлгіген орман жұтып алып, жым-жырт тыныштықтың қойнауына сіңіріп жібереді. Жер астынан шыға келгендей анда-санда дабырласқан адамдардың дауысы естіліп қалады да, қайта тынады. Соғыс аяқталған...

Темекі тартып, дем басуға берілген қысқа уақыттан орай тауып, аз-кем сұхбат құрған қария мен Асылзаданың қасына асыға басып Егор келді.

– Екеуің сөз ұғасындар, – деді ол көптен құпиялағандай аузын алақанымен көлегейлей сөйлеп. – Екеуің сөз ұғасындар. Кешегі көргенімді сендерге айтпасам болмас. Кеше осындай үзілісті сәтімен пайдаланып, орман ішіне сұғына түскем. Оңаша. Шіріп құлаған самырсынның діңіне құйрық басып отыр едім, ұзын қара сулық киген, күләпарасын басына тұмшалап бүркенген, иығына шалғы артқан біреу көрінді. Біздің зектерге мүлде ұқсамайды. Бөтен. Кім де болса, келсін деп, күтіп отыра бердім. Өлгі адам тап алдыма таяп келіп, аял қылған. Бетін ашпайды. «Кімсің?» деп сұрадым. «Ажалмын» дейді. «Е, Ажал, мені алып кетуге келдің бе?» дедім. «Жоқ, – дейді. – Менің сенде, сендерде еш шаруам жоқ» деп қояды өп-өтірік. «Ау, бізді өлтіретін, өлімге жетектеп әкететін сен емес пе едің?» десем, «Мен пенде баласына зиянымды тигізген емеспін, адамдардың өзі ғой бірін-бірі өлтіретін. Адамдар байлыққа таласады, баққа таласады, билікке таласады, ақыр соңында соғысады. Өліктер тау боп үйіледі. Қала берді ер әйелге

таласады, әйел ерге таласады, тіпті ұсақ-түйекке таласады, бір-бірін қажайды, дертті қылады – мұның ақыры да өлім. Өлермендене өмір сүру де – өлім» дейді. «Бетінді неге бүркеп жүресің? Жүзінді неге көрсетпейсің?» десем, «Ажалдың ажарын көзі шалған ер мен әйел өлімге асығар еді. Жарық дүниеге Жаратқан Хактың нұры ауған. Бұл дүниеде адамдар жарасып өмір сүруі керек. Ал Ажалдың жүзін көрген адам Ажалды ғана құшуға асығады. Ажалдың ажары Хактың ісіне қайшы келеді. Сондықтан мен күләпара жамылып жүремін» дейді. «Ал анау жүзі жалаңдаған шалғы саған не үшін керек?» деп сұрадым. Сонда Ажал: «Шалғының шауып, ағашын отап, мына ну орманның ішінен жұмаққа бастап апаратын жол саламын. Сендер сол жолмен жүріп отырып жұмаққа барасындар», – деді. Менің сөзіме күмәнданбаңдар, мен мұны Ажалдың аузынан естідім, біз бәріміз жұмаққа барамыз.

– «Тапанша» мен оның жендеттеріне де жұмақтың төрі бұйырып тұр ма екен? – деп сұрады Асылзада.

– Жок, – деді Егор, – олар – Ажалдың ізінен еретіндер емес, бір-бірін азаптап өлтіретіндер. Олар үшін жұмақтың есігі жабық. Олар үшін Ажал орман арасынан жұмаққа алып баратын жол салмайды.

Барактан барак аралап, адам сенбес қияли әңгімелер өрбітетін Егор махорка сорып отырған келесі топқа қарай емпендей жөнелгенде, атай Асылзаданы тізесінен қағып қойып:

– Азап вагонында айдалып келе жатқанымызда тоқылдақ Вадимнің: «Этапта адам жейтін жалмауыздар пайда болыпты» дегені есінде ме? – деп қияли сорлының сонынан мүсіркей қарады.

– Иә, есімде. Ол бір жантүршігерлік сұмдық хабар еді ғой, – деді Асылзада.

– Ал Вадимнің ұшындыра жеткізген сондағы сұмдық хабары шын болса, не дейсің?

– «Біз тегі бар мен жоқтың арасында сабылып жүріп, тозаққа өтіп кеткен күнәһарлармыз» дегенді сіз айтқансыз, қария. Тозақта сұмдықтан басқа не болсын?

– Пойыз ұзақ аялдаған стансалардың бірінде шыңғырып ашыққан зектер сонадайдан қызықтап, тамашалап тұрған балаларды вагонға алдап шақырып алыпты да, ұрлап әкетіпті. Ұрланған балаларды тұншықтырып өлтіріп, сабанның астына көміп тастап, жол бойы қол-аяқтарын бұтарлап жеп келіпті. Егорға да зорлап жегізіпті. Бейшара жігіт содан көтеріліп, жынданып кеткен. Сырттай сау адам сияқты көрінгенімен, ол – ауысқан, шала есті ауру. Әңгімесінің түрі – анау.

– Әлгі қандыауыздар Могиланың сүмелектері екен дегенді мен де естігенмін.

– Естісең, сол сүмелектерден өте сақ жүр, ұлым. Етіктерінің табанына кездік шаптап, жеңдері мен жағасына біз тығып, күндіз-түні андитыны сен екенсің. Сенен кек қайтармақ көрінеді. Адам етін жеп дәндегендер адамды аяушы ма еді?..

Асылзаданың Могиланы тілсіз меңіреу қылғанынан басқа қылмыскерлерді өзіне өршелене өшіктірген бір ісі тұтас лагерьді сілкіндірген еді. Содан бері олар қалайда басурман қазақтың сүйегін Колымада қалдырудың қам-қарекетіне мықтап бекіген. Қылмыс жайлаған әлем адамның болмысына біткен жауыздыққа жан бітіріп, жанықтыра түсетін көрінеді.

Могила мұрттай ұшқан соң, қауіпті элементтердің дегеніне бағынып, зектердің ішкі тәртібіне мойынұсынғандай болғанымен, қылмыскерлер көпке ұзамады, көзбен ұғысып, ерін ұшымен ымдасып, қатыгездік салтына қайтып оралған.

Жыл басынан бастап таусылып бітпейтін қыстың қысыр айларынан бері отыздан астам адам бұтақтары сүңгідей жуан қарағайлардың астында қалып өлді. Зона әкімшілігі тексере келіп оларды еңбек қауіпсіздігін ескермегендіктен аралап, балталап құлатқан қарағай мен шыршаның дініне бастырылып өлді дегенге есеп қылды. Далада қалып, қатып-үсіп өлгендердің маңдайына «қашқындар» деген қара таңба басылды. Асылып өлгендер қауіпті элементтердің



өзіне өзі қол салып, Совет өкіметіне жаулығын әшкерелеген әм қасарысқан қарсылығы болып тіркелді. Ал әккі зектердің із кесуі қылмыскерлердің апаны мен «Тапаншаның» кеңсесінде жасалған сұрқия келісімдерді тапқан.

Могиладан кейін мойнын күжірейтіп «Утюг» – «Үтік» деген біреу пайда болды. Тас шоқпардай жұдырығы мен қара күшіне сенген «Үтік» аш-арық тұтқындарды таптап, талтандап басатынды шығарған. «Үтіктің» «бауыры ыстық» деген сөз де барак аралап тез тарайды. Барактың бір бұрышын еркін иеленген «Үтік» маңындағыларды кезек алмастырып, түні бойы бауырына басып шығады екен. «Үтіктің» бауырынан өткен әлсіз, қорғансыз бейшараны жандайшаптары жабыла қорлап, есіріктенетіні де естілмей қалмайтын. Қызуы кіндігіне шауып құтырынған «Үтік» бір күндері баракқа таяу қыстақтарға жандайшаптарын жұмсап, балаларды ұрлап алдырып, қызықтайтын болыпты» дегенді естігенде Асылзада: «Бізді ұмытып кеткен Құдайдың атымен бұларды жазаламасам болмас», – деп шешті.

Түнгі тұңғық аспанды теріскейден түйдектеле жайылған бұлт басып, төңірек көзге тұртсе, көрінбейтін қараңғылыққа сіңген. Асылзада бастаған жігіттер таса-тасаны ықтай жүріп, «Үтік» жайлаған баракқа келіп кіргенде, мұндағы көрініс көрген адамның төбе шашын тік тұрғызатын еді. Барактың алакөлеңкелі түкпірінде тұттай жалаңаш ителмен-ебенек балалары отыр. Қыл тұзақпен езулері тіліп байланған балалардың көзіне үрей үйіліп, жан шырылын жаһаннамға созып тұр. Бірақ олар айғайлап, шынғыруға дәрменсіз. Аузын ашқан сайын қыл тұзақ қысып барады. Бейкүнә бір періштені тақымына қысқан «Үтік» төрдегі ағаш сәкінің үстінде ыр-ыр етеді. «Үтіктің» жандайшаптарынан өзге барактағылар бастарын төмен салып, үнсіз отыр. Қайың келтекті қолында шыр көбелек айналдырып бұлғайтын Асылзада «Үтікті» қарақұстан сілейте ұрды. Жекпе-жек төбелеске төселген жігіттері де «Үтіктің» құйыршықтарын жерге үйіріп соққан.

– Қол-аяқтарын керіп, сәкіге таңып тастаңдар! Езулерін екі айырып, тікенек сыммен ауыздықтандар! – деді Асылзада. Осыны әмірлі дауыспен бұйыра

сөйлеген ол жүзінен көк жалын төккен қандауырының бүктеуін жазған. — Енін сылып, шетінен әтектеймін!

Сол түні «Үтік» пен оның жандайшаптары адамның қоры — азбанға айналған.

— Бұларды жазалауға Құдайдың қолы тимей кетті, білемін. Мен азғындарды Құдайдың қаһарына ұшыраттым, — деді Асылзада ауынан кара қан дірдектеген «Үтіктің» азбандарына қарап тұрып. — Өлім — оңай олжа. Азғындарды азаптаудың төте жолы — өмір, ит өмір. Тырапай асып өліп қалмасын, азбандардың ашасына көсеуді қыздырып басындар! Азғындық таңбасы болсын ол, — деді сонан соң.

* * *

Түстігі мен теріскейін кемерлеп, жатаған таулар қымтаған жазықтағы барак үйлерді алыстан қараған адам теңіз жағасына кеп зәкір тастаған кемеге ұқсатар еді. Желкенін жел тоздырып, дауыл жұлған бағыт-бағдарсыз кеме. Барак тұрғындары да бағыт-бағдарсыз тірлік кешуде. Мән-мағынасынан жұрдай болған өмір де осы бір бағдарсыз кемеңің ішін келіп жайлаған сияқты. Адақан кеме, адақан тағдырлар. Жазықсыз, жапалы тағдырына көндіккендер. Солардың арасына алаңғасар Жолдыбай да болған.

Соғыстан жеңіл жараланып, есен-сау еліне оралған Жолдекең қан майданнан қандай жауды жеңіп оралғандарын желпіне жеткізгісі келді ме екен, жан тартқан жақын-жұрағатының ортасында отырып: «Ойбоой, несін сұрайсындар, неміс деген бес қаруы сай ел екен. Мылтығының ұңғысынан ұшқан оқтан май сорғалайды. Танкілері зауыттан жаңа шыққандай сырғиды. Солдаттары қалыңдығына ұрын баратын күйеудей сыптай боп киінеді», — деп әңгіме соққан ғой, ертеңінде 15 жылға сотталып, Қолымаға айдалыпты. Қолымаға жеткенше зар еңіреп, көзінен қасірет жасын төккен Жолдыбай ит терісінен аяғына шәркей тартып, бұғы терісін жамылған жұрттың мекенінен қазақ тұтқындарды кездестіргенде дал ұрып қуанғаны сондай: «Ә-ә, сендер де осында екенсіңдер ғой!» — деп көңілін бірлепті. «Жолдыбай атым бекер емес, үнемі жолым болады да тұрады», — дейтін Жолдыбай азбандардың қолынан ажал тапқан. Асылзаданы пана тұтып жүретін Жолдыбайдың кім екенін, қайдан келгенін иіс тартып сезген бұралқы қылмыскерлер оны қарағайдың бұтағына қадап кеткенін Асылзада қапияда естіп, қайғы жұтты.

«Етіктерінің табанына кездік шаптап, жеңдері мен жағасына біз тығып, күндіз-түні андитыны сен екенсің» дегенді ескертуден танбайтын қария Жолдыбайдың өлімінен кейін Асылзадаға: «Сақ жүр, ұлым, сақ жүр», — дейтін үнемі.

Богдан Шеффер — Асылзаданың азап лагерінен білетін қадірлі адамы, ақылшысы, қамқоры. Елуді енді ғана еңсерген ол қарттықтың бақшасына аяқ баса қоймағанымен, келбетін ерте зең жапқан, сүйегі жасыған, ой қамаулы жан еді. Асылзада оны үйренген әдетінше «қария» дей беретін.

— Жанымнан жанасып өте бере тоқылдақ Вадим сыбырлап кетті. Бүгін кешке «Тапаншаның» қарауылдары барактарды «шмондауға» шығатын көрінеді. Вадим байқұс әсіресе сенің құлағыңа тисін деді. Төсек-орның таза ма еді? — деп сұрады қария.

— Үнемі сілкіп, тазалап тұрамын, — деді Асылзада.

Тұтқындардың жатын орнын ақтарып, астаң-кестең қылатын қарауылдар жамылғы жастығынан бөгде заттар табылғандарды талай рет жазаға тартып, аяусыз ұрып-соғып, мүгедек қылған. Баракта осы күні сау адам кем. Бірінің көзі аққан, бірінің аузындағы бар тісі опырылып, қызыл иек боп қалған. Сынған аяғы қисық бітіп, сынған қолы шынашағынан айналған кем-кетік, кемтар жандар көп. Сонда да бұларды зона әкімшілігі жұмысқа аямай салатын. «Қауіпті элементтердің» қосынына жер түбінен вагондарға тиеліп кеп, басып жатқан

зектердің қарасында тіпті қисап жоқ. Жауған оқтың астынан жарақатсыз шыққан солардың қайсыбірі еңбекпен түзеу лагерьлерінде жарымжандардың қатарын еселеді.

Тұтқындар қарауылдардың айдауымен сап түзеп кеп кіргенде, нөмірі бесінші барактың әптер-тәптері шығып жатыр екен.

– 1371-ші кім?

– Менмін, – деді Асылзада. – Не боп қалды, жолдас бастық?

– Сенің жастығыңның ішінен күдікті хат табылды.

– Қайдағы хат? Қайыңның қабығы болмаса, бізге қағаз қайдан бұйырсын?

– Оны нақтылап, анықтаймыз әлі. Түс алға!

Қарауылдардың айдауында кетіп бара жатқан Асылзаданың соңынан үрпиісе қарап қалған тағдырластары: «Қайран жас қор болды-ау!» – десті.

* * *

Тұтқын тағы да қара түнек камераға қамалған. «Бұл – ең соңғы тұйық. Бұдан ары мен жүретін жол таусылды» деп түйді ол ішінен. Сосын түнекке саусағының ұшын малып хат жазған.

«Апа! Қолыңа қырғыз даласынан жолдаған жалғыз хатым ғана тиген шығар? Басқа хат жаза алмадым. Кешір. Сен мені кешір, апа! Мен сені алдап кетіппін. Мен сенің басыңа қайғының қара бұлтын орап, қасірет шектіру үшін құрсағыңа біткен бейбақ екенмін. Менен кейін анасын аңыратып, зар илетер ұл жарық дүниеге келмей-ақ қойсын. Тумай туа шөксін ондай ұл! Ей, тәкаппар дүние! Ау, қара аспан, қара жер! Осы сөзім аманат. Анасын жылататын ұрпақты тозаңға айналдыр да, ғаршына тартып кет. Ол сәби боп дүние дидарын көрмесін де, адам боп өмір сүрмесін!».

Түнек дәптерінің бетіне саусағынан қара сия төгіп, түн жарымын өткерген Асылзаданың көңіліне кенет: «Анам әлі жар құшып, бала сүйер жастан алыстап кете қойған жоқ қой» деген бір үміт шырағын жақты. «Егер анам әлдебір адаммен көңіл қосып, нәрестелі болса, мен құрбан. Мен ешқашан көрмейтін, кездеспейтін бауырымның жолын кес-кестеп кесір-кесапат жатса, Жаратқан Ием, маған бер. Бар азабын маған арт. Оның басына келер қиындықтың бәрін мен көтеріп кетейін».

Жазмыш па, әлде қисыны солай келе ме, біреудің өлімі біреудің өмірін ұзарта түсетінін ол сан байқаған. Әлдебіреуді торыған жамандық кейде сол әлгі біреудің етжақын адамына ауады. Ал өлігін көрсетпей ит өлсе, ірі-қара малдан шығын шықса, кәрілер жер ұшық жасап: «Тура кеп қалған жамандықты қағып кетті, Құдайы садақа беру керек», – десетін.

Кейінгі 4-5 жылда сүйегі іріленіп, бұлшық еттері тебініп, буыны қатқан Асылзада табалдырығынан аттаған адамның маңдайы төріне барып тірелетін камераның ішіне екі бүктетіліп әрең сыйып отырған. Жарық та жақпай, сыбдырын да сездірмей келіп есіктің құлпын еппен ашқан қарауыл тұтқынның көзін таңып тастады. Қолына кісен салып, кісенге бір ұшын шегелеп қаққан шынжыр шылбырды тартып тұрғызған ол ақырын ғана: «Соңымнан үнсіз еріп отыр», – деді.

Асылзада орнынан ширақ көтерілген. Бірақ жүрегі әнтек жиі соғып, кеудесі ысып кеткендей болды да, буындарынан әл кетіп, дәрмені құрығандай сенделектеп барып ес жиды. Табанына тас төселген ұзын дәліз. Дәліз қабырғасына ілінген шамдардың өлеусіреген жарығы тұсынан өткен тұтқынның таңулы көзіне жетіп үлгермей жыпылықтап қалып жатыр. Қазір, міне, санаулы уақыттан кейін мұның жаны тәнін тастап, Құс жолының сапарына барып қосылады. Алдында – комендант Әйке. Жоқ, қаһары қатты әскери судья, жоқ, комендант Револа Смирнов, жоқ, он алты жастағы баланы Сират көпіріне айдаған аудандық комиссариаттың командирі. «Қинамай, қорламай өлтірсе

екен, — деп тіледі тұтқын бір-бірімен қабат алмасқан бейнелердің ішінен қарауылды танып, — қинамай өлтірсе болды».

— Еңкей, — деді қарауыл бәсең үнмен, — еңкейіп ішке кір.

Қарауыл таңулы көзін шешкен. Сонда көрді: қызыл-күңгірт бөлменің как төрінде баяғы ақ сақалды Әулие отыр екен.

— Қолын кісеннен босат, — деді әулие пішінді адам қарауылға тігіле қарап. — Бері кел, балам, төрге оз. — Көмейіне толып құмбірлеп шығатын біртүрлі таныс дауыс құлағына анық жеткен. Асылзада ақсақалдың алдына келіп тізе бүкті. Бөлменің көлеңке ұйыған түкпірінен тағы үш-төрт адамның сұлбасы шалынды. — Төменшіктемей көзіме тура қара, жүзіме анықтап қара, — деді Әулие көріктей көтерілген кеудесі алқынып-басылып. Асылзада қарттың аппақ сақал жапқан омырауынан өрлете көз жүгіртті. Мұртының қылышын қағып, ұқыптап қойыпты. Маңдайынан тік түскен сайы терең әжім самайынан құдилап кеп екі ұртына шимақтала түйіліп қалыпты. Етінен арылған дөнестеу жал мұрыны, қыран қанаттанған бурыл қасы мына адамның ештеңеден тайынбайтын жүректілігін жүзіне теуіп тұрған сияқты. Ал көзі түнекті тесіп өтердей өткір екен. Сол өткір көз сәтке жібігенде ғана Асылзада екпеттеп құлауға шақ қалған.

— Әке!

— Иә, бұл менмін, — деді әкесі, — мен бармын, тірімін, ұлым!

Қасірет зарықтырған шөлгез тағдырлы құшақтар — әке мен бала құшағы айқаса кетті.

— Мен де бармын, тірімін, әке! — деді Асылзада солығын басып отырып.

— Мен сені этапта көргенмін. Көк керіш мұзға тізенді қадап, қалқайып отырғансың, құлыным. Сонда Тәңірімнің құдіретіне құлдық ұрып, тәуба айтып, шүкір қылғанмын. Менің аймағымда, айналамда жүрсе, өлмейді дегенмін.

— Біз Қолыманың еріксіз тұрғындары боп тірлік кешкелі 7-8 жылдың жүзі ауды, бір хабарыңызды неге білдірмедіңіз, әке?

— Мен сені сыртыңнан қас-қақпай бағып отырдым. Осындағы 4-5 адам түгел бағып отырдық.

— Қалай? Қайтіп?

— Оның мән-жайын сұрамай-ақ қой. Ол — ұзақ әңгіме. Сен тас камерада электр шамның бет қаритын отты жарығына көзіңнің нұрын сорғызып отырғанда жалп етіп жарық сөніп қалған болатын. Лагерьдегі жарықты жағып, өшіруді біз ғана білеміз. Біз көп сұмдықты білеміз, ұлым.

— Сіз...сіз... сіздер кімсіздер? Сіздер неге орманнан ағаш аралап, тақтай тілмейсіздер?

— Сендер — қауіпті элементсіңдер. Біз сендерден де қауіпті элемент — саяси тұтқындармыз. Мыналардың бәрі — саяси тұтқындар: оқымыстылар, инженерлер, геологтар, өлім жазасына кесіліп, қағаз жүзінде атылғандар. Біз және Магаданның қойнауынан дүр-маржан теруге келген құпия жандармыз. Бір оқпен бір елдің жерін жаулап алуға болар, бірақ оқ жердің қазынасын қазып бере алмайды. Қара жер мен көк теңіздің терең қабатына тек мұлы бастар ғана жетеді. Сталин дейтін мұртты залымға біз сол үшін керекпіз. Сол үшін біз өлмейміз.

— Мені жаңағы қарауыл атып өлтіретін шығар деп ойладым.

— Ол сені өлтірмейді. Ол сенің қарауылдар арасындағы — қарауылың. Поляк Богдан Шеффер, тоқылдақ Вадим — бәрі сенің амандығыңды күзетіп жүр, қарғам.

— Неге менің көзімді таңып әкелді, әке?

— Сақтығы ғой қарауылдың. Бізге келетін жол — барсақелместің жолы. Бұл жолды ешкім білмеуі де, көрмеуі де керек.

— Мен де енді қайтып бұл жолмен жүрмеймін бе? Көрмеймін бе сізді?

— Көрмейсің. Көрмеуге тиіссің. Сен лагерьден қашып шығасың. Саған біздің адамдар көмектеседі.

– «Халық жауының» баласы, Харьков майданында немістердің қолына түскен тұтқын, Отанын сатқан опасыз, қауіпті элемент... Қашып қайда барамын, әке?

– Ресейге ішкерілей сіңіп, бой тасалайсың. Қазір қым-қуыт заман, сенің кім екенінді түстеп танып, айырып жатпайды ешкім. Ресейде біраз жыл аяқ суытып, Украина барасың, Украинадан Қара теңізді кешіп, туысқан түрік еліне өтесің. Анадолыдағы түрік елінде ноғай ағайындармен ұшырасасың. Ер халық – ноғайдың бір ажарлы қызын өзіне жар етесің. Араға біраз жыл салып, Америкаға отбасыңмен қоныс аударасың. Америка – айбарлы да азат ел. Менің немерелерім құлдықтың құрсауына түспей, бодандықтың қамытын кимей, еркіндіктің құшағында еркелеп өсуі керек. Әрине, тұрмыс қиын, тірлігінді түзеп ел қатарына қосылу да оңайға соқпас. Әйтсе де, қауіп-қатердің қамауындағы Колымадан гөрі Америка қоғамындағы тұрмыстың қиындығымен күресу – қадірін білген жанға бақыт емес пе?

– Қаңбақтай ауа көшіп, қайдан тұрақ табарымды сіз қайдан білесіз, әке?

– Біздің байтақ далада дән тасып, тұқым себетін дихан – қаңбақ қой. Қара дауыл соққан мына заманда сен де қаңбақ бола біл, балам. Қаңбақтың көшпелі салты мен қасиетін бойыңа сіңір де, қаңбақ болудан қорықпа. Сенің атаң – Қизат қара суды теріс ағызған, көктен пері түсірген, құпия ілім – Әбжат оқуын білген қажы-молда еді. Менің де әкеме жетеқабыл ілімім бар. Совет өкіметінің жарты әлемге жайылған темір торындағы жақсы-жаман мені бекер «Әулие» атамаған шығар. Бәрін білетін Әулие жалғыз ұлының қайда барып, қай жерде өсіп-өнетінін де біледі.

– Анамды қайтем? Анама берген сертімді қайтем? Сіз мені ана алдындағы сертімнен айнытып, алысқа айдағалы отырсыз ғой...

– Амалын тауып анаңа жер бетінде бар екенінді білдіріп, үзбей хат жазып тұр. Сенің анаң – қайың, иілсе де сынбайды. Сенің анаң – жұлдыз. Заңғар көктен жолына сәулесін төгіп, қайда жүрсең де қаранды тұңғиықтан көріп тұрады. Сенің анаң – жел. Көкірегінің жұпарын аңқытып, ізіңнен қалмайды. Артыңа қарайлама, ұлым, алысқа тарт! Тастап шық мына тозақты! Үзіп кет, кісен бұғауды! Тағдыр мойнына артқан ажырықты талқан қыл, тек мына бойтұмар ғана бойыңнан табылсын, ұлым! «Жаптым жала, жақтым күйенің» науқанында «халық жауы» атанып, абақтыға түскенімде, анаң туған жерімнен бір уыс топырақты түйіп әкеліп, тұмар қылып мойныма таққан еді. Туған жердің топырағы жаныңда жүрсін. Ол сені, сенің үрім-бұтағыңды күндердің бір күнінде қасиетті туған жер – Атамекенге жетелеп жүріп жеткізеді, құлыным!

* * *

– Қарауыл мені тар қапасқа әкеліп қайта қамаған. Қатаң жазаламақ болған «Тапанша» райынан қайтып, бірер күннен соң босатып жіберді.

– Қарауылдар жатын орныңнан тауып алған хат сені Әулиемен жолықтырды-ау, ә? – деп жымыды Богдан атай. – Мұнда бір жасырын сыр бар.

* * *

Бөренелер тиелген төбесі ашық вагондардың біріне мені тоқылдақ Вадим мен жұмбақ қарауыл жеткізіп салған.

– Анау ортаңғы вагонда өзіңе арнап жасалған «купе» тұр, бар да жат, – деді қарауыл.

Зектерден, сірә, айла артылған ба? Бір шебер үйілген бөренелердің ортасын ойып, жел өтпейтін ағаш купе сайлап қойыпты. Жол азығымды да мольнан қамдапты. Самырсын иісі мұрын жаратын жайлы купемнің қабырғасына сәнді плащ, костюм-шалбар, жиегі делбегейленген шляпа ілініпті. Плащтың қалтасынан құжат табылды. Құжат тау-кен инженері Зият Безымянныйдың атына жазылған екен. Безымянныйдың Зияты Ресейді шарлап, Украинаның батыс аймағын советтендіру науқанына белсене араласып, Қара теңізді жалдап,

Түркияға табан тіреді. Зият есімі Задаға ауысқан түрік — Зада Зарыпханоғлы ақырында Атлант мұхитын көктей өтіп, Америка азаматы атанды.

Дестелеп бөренелер артылған пойыздың вагондары ауыр сілкініп, қозғала бергенде, аппақ Айдың нұрына оранып аспаннан ақ сақалды Әулие түскен. Мен оны анық көріп отырдым. Ақ киімді, ақ сақалды сол бейне мен алыстап кеткенше, беткейін қалың шырша мен қарағай көмкерген биік таудың басынан маған қарады да тұрды.

* * *

Алағай да бұлағай заманда бозбұлаулы тағдыр кешкен Асылзада ұзақ әңгімесін осылайша аяқтап, анасына жазған хаттарының көшірмесін ұлымның қолына ұстатып тұрып:

— Бұл хаттар — Колымадан қашып шығып, анама Ресейден, Украинадан, Түркиядан, ең соңында Америкадан жазған хаттарымның көшірмесі. Хаттарымды орта жолда суық қолды біреу қармап қалып, бермей отырды ма, кім білген, бірақ мен бірі болмаса, бірі анама жетер деген үмітімді үзбей жаза беріппін. Енді осының бәрі саған аманат. Аман, тірі жүрсе, дауыстап оқып бер. Дүниеден қайтса, қабірінің басына апарып көм. Сағыныштан зарығып жазған хаттарымды көріп жатсын, — депті.

Мен белгісіз халде абдырап ұлымнан сұрадым:

— Асылзада ұрпақ сүйген адам ба? Үй-күйі бар ма?

— Бар, — деді ұлым. — Ноғай бәйбішесінен екі ұлы, бір қызы бар. Ұлының үлкені — атаққа шыққан кәсіпкер. Нью-Йорктің ірі байлары мекендейтін салтанатты Манхэттен ауданында тұрады. Кіші ұлы — археолог әрі антрополог-этнограф. Қазір ол Магаданда қалған атасының ізін шарлап, Ресейдің Қиыр Шығысында экспедицияда — қазба жұмыстарымен жүр. Қызы — Гарвард университетінің студенті.

— Мен қанша ұмтылсам да, Асылзада сөйлесуге ыңғай танытпады. Шіркін, саған айтқан хикаясын өз аузынан естір ме едім?..

— Сөз жоқ, сіз жақсы адамсыз, — деді ұлым дипломатиялық қызметтегі адамның ұстамды қалпына ауысып, — бірақ жақсы адам да еркінен тыс біреуге қиянат жасауы мүмкін. Асылзада сізді сол қиянатыңыз үшін жазалап, тілдесуден бас тартты, әке. Өйткені ол сіздің КГБ жансыздарына қызмет қылған ісіңізден түңілді. Асылзаданың анасына: «Ұлыңыз аман, апа» деген сөзді айтуға батылыңыздың жетпегенін мен де білемін. Ұсқыны бөлек, төркіні жат хаттарды папқаңызға жасырып, КГБ-ның кеңсесіне қарай жортақтай жөнелгеніңізді талай көргенмін... көргенімді Асылзадаға жасырмай айтып та бергенмін...

Отбасында беделді отағасы, дәулеті шалқыған шаңырақтың иесі, қызметіне қылау түсірмей абыроймен атқарып, зейнетке шыққан мен — советтік пошташы — ұлымның: «Сіз жақсы адамсыз, бірақ, жақсы адам да еркінен тыс біреуге қиянат жасауы мүмкін», — деген сөзіне қарсы уәж таппай, күмілжіп төмен қарай бердім.

* * *

Алып лайнер ауыр тыныстап, ақжал толқын ата буырқанған мұхит үстінде бауырын ақ бұлттарға төсеп, баяу қалықтап келеді. Сірә, мендей күнәһар пендені көтеріп ұшу оған Бруклин көпірін алғаш басып өткен пілдерден де ауыр салмақ түсірген сияқты. Кейде солқ етіп құлдилап, сілкініп қайта көтеріледі. Мен асығулымын. Егер қолтығым қанат бітсе, мынау зымыран ұшақты тастай салып, шарқ ұрып туған жеріме жетер едім. Ә, айтпақшы, ауылдан аттанарымда, Үзілдік әжей жайында жаманат хабар естімеген едім ғой. Қайындай қарт ана иілсе де сынбаған болатын. Мен оған ертең ұлының жазған сағынышты хаттарын дауыстап, байыппен оқып беремін. Тәуба!



Сөз сәулесі

Қанипаш МӘДІБАЕВА,
филология ғылымдарының
докторы, профессор



ШЫҒАРМАДАҒЫ ДІНИ АРҚАУ

Белгілі қаламгер Мағира Қожахметова шығармаларындағы тұрақты желі – «сонау» XIX, одан арғы ғасырларда «қалған» зарзамандық сарын. Жеке отбасылық күйдің тұтас қоғамдық болмысқа ұласу қасіреті «Жантәсілім» романында тұтас бір дәуір, тұтас қоғам, бірнеше отбасылық тарих ауқымында ақырзамандық қауіппен ширыға баяндалады.

Бір қайран қаларлығы, бұл роман, кейін жарық көргенімен, кеңес өкіметі жасап тұрған кезеңде жазылған. Шығарма аса зор әлеуметтік түйткілдер жағдайында кеңестік жүйеге қарсы сөйлейді. Романда әр қазақтың шері бар.

Шығарманың аннотациясында айтылған Бұғылы ауылының тұрғындарының өмір қалпында, өткен тарихында тұтас бір дәуірдегі қазақ ауылының салты, санасы, жаны тағдыр ашады. Ауыл адамдарымен біртіндеп таныса бастаған оқушы жазушы кейіпкерлерінің қыр соңынан қалмай, ыстық-суығын бастан бірге кешеді. Қою оқиғалардың ішінде жүріп оқушы бір кезде нулы ормандай жасаған, жасанған ауылдың ендігі күйін, жазушы Мағира Қожахметованың «Ай, мен қауіп еткеннен айтамын» (Бұхар жырау) ойлауын тоқтатпайды.

Шығарма құрылымындағы жанрлық, стильдік жаңашыл сипаттан «постмодернизм» деп бірталай әспеттелген әдеби тәсілдің нышандары анық байқалып отырады.

Күні өтіп бара жатқан кеңестік дәуірдің, дәурені біткен жүйенің кесел-кесапатын сонау бір «сыншыл реализм» әдісі атанған, адам төзгісіз аярлық пен алдамшыға белуарынан батқан XIX ғасырдағы француз қоғамын әжуалап он-сан том роман жазған Оноре де Бальзактың жүрек шайлықтырған туындыларынан бір де кем түспейтін әсер бар.

Бұғылы ауылының ел-жұрты баянсыз дүниенің дақпыртына малтығып жүріп, саясаттың шылауына оратылып жүріп жарық дүниенің шалқар игіліктерінен кенде қалған. Қағажу көрген. Ата – әке – бала – немере – барлығы өмірді өгей еткен саясаттың құрбаны.

Ширақ жазу дағдысында аз айтып, көп гәпті көз алдыдан өткеріп отыратын жазушы алыс түкпірдегі ауыл тарихына, ауыл тағдырына оқушысын еркін араластырады.

Адамның күнделікті күйбең тіршілік әрекеттерінде бой тасалаған жан күйі, ар арпалысы. Мінезі мүлдем жат ендігі ұрпақ. Түксиген, түнерген таныс-бейтаныс түрлер. Көпжасардың солдатта жүріп аякасты кесапатқа душар болған баласы

Серік сол типтен. Шын мәңгірттер осылар-ау деп, біртүрлі шошынады оқушы. «Боранды бекеттегі» (Ш. Айтматов) Қазанғаптың ұлы қайта адам сияқты, ендігінің жатжүректерінің жанында рухани жұтағанда болмай қоймайтын аяқасты пәле Көпжасардың отбасына да келген.

Көпжасар іштен тынып, салғырт, салбырап жүретіні нендей себептен? Замана шері көп еді. Он баланың шешесі, Көпжасардың әйелі араққа салынған. Ауыл-үйдің берекесі әйелдер ер адамдардан қалыспай арақ іше бастағанда қашып кетті. Осы тұс ел тіптен жүдеп, күйі қашып, күйзелді. Аштық та, соғыс та, қуғын-сүргін де аздырмаған жұрттың буынын арақ алғаны – ауыл елдің бір қасіреті. Бір ақиқаты. Жазушы «Жантәсілімде» бұл кесепатқа екпін түсіреді. Жанды жаншып отыратын ауыр ақиқатының бірі – осы. Тіксіндіретін, түршіктіретін гәп. Оңалмайтын, қайтусыз рухани дерт.

«Қиянат» дейтін ауыр ұғым, адамшылықты безбендейтін категорияның бірі. «Жантәсілім» романында Бұғылының баяғысын да көрген, ендігісіне де қатысы бар Құрман қария қиянат жөнінде не ойлайды?

«Өзін бүйтіп жазғыра алмайды, арымен мұндасқан сәті кездескенімен, саудаласқан тұсы кем де кем. Сауатының, ақылының кемшін жағы көп шығар, бірақ жанының жылуын ешкімнен аямаған, ешкімді қиянатқа қимаған. Токта, токта, әуелі қиянат деп нені түсінесің?» (Қожахметова М. Жантәсілім. Роман. – Алматы: Ана тілі, 2002. – 288 б., 31-б.)

«Жантәсілімдегі» қосақабат қатар алынып отырып баяндалған отбасылық тағдырдың және бір ортанбел кейіпкері Құрман қиянат туралы ойланады. Бір қарағанда өзін бейкүнә санайды. Оның да өз жөні бар. «Ешкімді қиянатқа қимадым» деп көңіл тоғайтатын. Бірақ... Бетпелет ақиқаттарды өшіре ала ма?

«Мыналарың қиянат қой» дегенді қашан естіп едің, қалайша тез ұмыттың, ә. «Қиянат, қиянат» деп анталағандарды, жалбарынғандарды қайда қоясың. «Қиянат» деп үнсіз қарағандарды ше? Халық қажының үйіне жарты жылда он рет салық салып, өзіндей ұлдарын Көкшетаудың ой-қырына астық іздеттіріп сабылтананыңда, «шырағым-ай, қансорпамызды ішетіндей, не жаздың» деп жылаған бейбішесінің назасына қалмағаныңа кім кепіл» (31-б.)

Құрман шал заманының қалшақпары болыпты. Біреудің жалғызын жалалы етіп айдатыпты. Қатын-қалаштын қойны-қоншынан бір уыс дән тауып, қаншама тінту жүргізіпті. Жұрт жұтап қалғанда атқамінерлігі қарнын ашырмапты. Жағынудан, қолында билігі барды жағалаудан тыйылмапты. Ой түбіне түсіп, арғы-бергінің зауалын заманға ысырып, өзін ақтауға пейілді Құрман шал көрмегені қалмаған тұтас бір дәуірдің кәнігі, қалыпты пендесінің бірі. Саяси үстемдіктің ырықсыз құрбанының бірі. Адақанын аңдатып үлгірмеген уақыт өктемдігі туралы ойлағаныңмен енді қолдан келер қайран жоқ. Ылғи бір өлі тірлік кешкен. Өтірік өмір сүрген. Өмірзая деген сол. Адам құқын таптаудан алдына қара салмаған, небір аяусыз, өктем империялардан мың есе асып түскен кеңестік жүйе аздырды, тоздырды. Өзін ғана емес, ұрпағының ұрпағын кембағал, байғұс, бейдауа бақытсыз етіп кеткен. Заман екпіні құрбан еткен, құрдымға лақтырған Құрмандар өздері де тұтас бір елдің ендігі сыйқынан тіксінеді, түнілдірген түпсіздіктен іш жияды.

Кеңестік жүйеден жайылған ауыр әлеуметтік, рухани зауалдың адам еркін тас-талқан қылған тарихи зардаптары, дүниені «төңкеріп», алшаң басқан саяси жүйе құрбандарының ауыр ақиқаты.

Құрман көп жағдайда қара бастың қамынан аса алмапты. Бай қыздары «кәмпескеленіп» жатқанда Айғанымдай асылтектіні жар етіп алған. Сол Айғанымның туған бауыры Нұрхан жалалы болып кеткенде араласпаған.

«Не іздеп бармады, не көмектесудің амалын қарастырмады. Құрманның сондағы сақтығын қасындағылар не мақтамайды, не даттамайды. Өзі кейде сол сақтығында сатқындық жатқан жоқ па деп қуыстанғанымен, тіс жармайды

ешкімге. Іштері сезгендер бетіне басқан емес. Қуыстанатындай қылмыс жасаған жоқпын деп іштей ақталғанымен, неге екені белгісіз, өмірбақи сол ойы бір жағын ойсыратады да тұрады. Бүкіл тірлігінің мәнін ұқпаған сол бір бүгежектеу, сол бір сақтану, сол бір иіліп-бүгілуден ешқашан ажырамағандықтан да солай ма деп қалады. Әуелде ұрандап ортаға шыққанымен, өнештерін созып айғайлағанымен, орнатамыз, құрамыз деп, белбеулері босағанша тыртындағанымен, соның түп тамырынан титтей де ұғымдары болмапты» (42-б.)

Жазушы Мағира Қожахметова әдеби шығармадағы дәстүрлі көркемдік тәсілдің бірі – кейіпкердің ішкі ой ағынына сыйғызған саяси заман мазмұнындағы тексіздік, рухсыздық, аярлық, т.б. сынды мың-сан әлеуметтік кесепаттың адамның адам болып өмір сүруіне кедергі келтіретін имансыздықтың қасіреті ауыр.

Адам өз еркімен қатыспайтын, барлығы ырқынан тыс реттеліп жатқан қоғамда өмір сүре ала ма? Сүреді екен. Бұл қандай өмір? Бұл қоғамдағы адам мәртебесі нендей артықшылықтарға негізделген?

«Құдай берген қара күштің арқасында топты жарып жарқырайсың ба, адырандап арқырайсың ба, мейлің. Тек сана-сезім деп елендей көрме. О жағын реттейтін тасқын-тасқын нұсқаулар, жобалар, бұйрықтар бар. Сенің түйсігің, сезігің, ойлауың, шарықтауың, бәрін қосқанда өмір сүруіңе не қажеттің бәрін тасқындаған жоба, нұсқаулардан аласың, содан қоректенесің. Машықтанып алатының сонша, арқаң жеңілдеп, ішкі сарайыңда аландатар ой атаулыдан лезде адаланып, жеп-жеңіл, әп-әдемі, бірақ жанды қуыршаққа айналасың. Неткен сиқырлы сурет: дүниені қаптаған өңкей қуыршақ, әсемдігі жанарынды жыпылықтатады, бірақ олардың тынысын, демін, жүрек дүрсілін реттеп-жүйелейтін күш бойларынан әлдеқашан ұшып кеткен, әлде көкте, әлде жерде, әйтеуір бір алып күш бұлардың жанын өз қалауымен, өз әмірімен, өз әуенімен тербетеді. Тұр десе тұрады, жат десе жатады, тандай қақтырады, еріксіз сүйсіндіреді. Сырттай бақылағанға бәрі ғажап, бәрі жөн, бәрі риза. Аяқ-қолдар ғана ербендейді, қара күштің жетелеуімен қиналтып әрең жеткен қара дүрсін жаттығулар сол баяғы өлі жұмыс, өлі қимыл.

Құрман аякастынан жаңалық ашқандай болды, осы ғұмырында не істеп, не тындырса да бәрі айналып кеп өлі қимыл, өлі жұмыс деген ұғымға саяды екен. Сонда бүткіл тірлік-тынысының мағынасыз жалғасқаны-ау, ә» (42-б.)

Ой ағыны толқытпайтын пенде жоқ. Сұлдерін сүйретіп өмір сүрген, өкпесі де, өкініші де, өткінішісі де, өтірігі де қаумалап, ар күресі «ішіне түскен» жанның обалы кімде? Адамның өзінде дейтіндей, кейіпкерлерін аямайтын бірбеткей жазушы.

Мағира Қожахметова ақыл-есі бүтін, посткеңестік дәуреннің кез келген көзкөргені қол қоятын шындықты адамның ғажайып, құдіретті игілігі – өмірді ұрлауды, өмірді қорлауды, өмірден айыру опатын, кеудені кернеген бақытсыздық синдромын көзіңе көрсетіп, қолыңа ұстатып береді.

Ту-талақай жүйені көгенге байлап «баққан», «баптаған» бағынышты бақытсыздың бірі – Құрман.

Жаһанды билеп-төстеген алпауыт күштер қуыршаққа айналдырған жан иелерінің қасіреті қазақ баласын да құртып тынды. Жүнжітті. Жәдігөй етті. Жаман етті. Қуыскеуде қуыршақтар елінде тұру «бақыты» бұйырған Құрманның ішкі бір түйсінулері бір тұтас өмірдің нұрын өшірген қысас саяси жүйенің қайтымсыз қасіретін жалаңаштап тастайды. Кенестік жүйенің саяси образын осыншалықты айқын кескіндеу – жазушы Мағира Қожахметованың шығармашылық табысы. Адамға араша түсу. Адамды өзінен ажыратып, екі бөліп, шімірікпей жасаған Жармақтардың мемлекеті. Өмір тізгінің өзінде болмаған, болмайтын жүйе. Сен үшін бәрі де жоғарыдан реттеліп, жасалып қойылатын стандартты қоғамның адамы осы. Бір жалғаны жоқ. Жазушы Құрман Кәрімде баяндалатын құрып кеткен, пиғылы бұзық, ісі теріс, адамдықтан азған

елдердің ақырын алдыға тартады. Өзі тұрқын жалаңаштап отырған қоғамның ақыры неге соғарын ескертеді.

«Жантәсілім» романы қилы көркемдеу тәсілдерін оңтайлы кіріктіру дағдыларында мазмұн түзген. Ар сотына көзі тірісінде-ақ түскен Құрман. Жандәрмен, жантәсілім бұлқыныстар. Шындықтың қолына су құйған ойдан шығарылған қисындар. Құрман өзін-өзі жеудей-ақ жеп, ойдан ой қуып есенгіреген бір сәт. Көз алдында елес қаптап кетті. Осы елесте соғыстан қайтпаған қос бауырынан бірқанша жайдың гәбіне де қанығып қалады. Оқушыға да ғұмыры жұмбақ қалар сыр іш ашады.

«Қайран қазақты» айтатын Нұрханның тұлғасында тұтасқан дәуірлік нышан бар. Күжбан үйіндегі шілдехана. Жазушы Мағира Қожахметова сол түнгі ауыл-үйдің күй-жайын тарауық намазына жиылған жамағаттың қалпымен астастырса, бұл да бекер емес.

«Желпінген жұрттың ризашылығы жаппай батаға ұласты. Тарауыққа жиналатындарды білесің ғой, нақ солардың Аллаға жалбарынып, жайнамазға бүгілгеніндей, жүздеген дауысы бір нақышпен, бір жүйемен үндесе қосылып, біздің, жігіттердің аман-сау оралуын тілеп жатыр. Сол бір тілекті сансыз қайталап, ақырын аят оқығандай топтың нақ ортасында «Қайран қазағын» құстай қалықтатқан Нұрхан» (49-б.)

О дүниелік болған бауырлары өмірдің киесі туралы ұзақ сыр айтқан Құрманға.

Токсейіттің жәйі Құрмандікінен басқа. Токсейіттің ойы шарлаған иманды кеңестік оқушыны бейтарап қалдырмайды. Иландырады. Иітеді.

«Зарыққанын, сарғайғанын, күйрегенін жеңілдететін күш қайдан, қалай бойына дарығанына қазір өзі таңырқайды. Асылы, кінәсіз, қылмыстан құлантаза екенінді сезінуден ғана тараса керек мұндай үміт, мұндай күш» (20-б.)

Токсейіт тағдырында бәйбішесі Жанғаным, ұлы Қалқан бар. Айғаным, Құрман баянынан кейінгі Қалқан мен Гүлсән, олардың өзара «ғашықтық» баянындағы бақытсыз түйін тіксіндіреді. Жазушы ар, иманға ұйытып отырып, өмірде болған қайтусыз бұзылулардың зауалын біртүрлі суық үреймен төндіре, жақындата баяндаған.

Гүлсән күйеуі, балалары бар жас келіншек. Бір белгісіз дүлей күш оны көп жыл отасқан жарынан әлі перзент сүймей жүрген, ауылға сыйлы, көрнекті азамат, Токсейіт пен Жанғанымның ұлы Қалқанға ғашық етіп қойған. Көңілін жігітке өзі білдірді. Тас-талқан ашумен жазғырып, жер-жебіріне жеткен Қалқанды қайткенде де өзіне қаратты. Ақыры... Аяқасты орын алған опат. Гүлсән мен күйеуі Сапар ұлдары Сайраннан айрылды. Қалқан, жары Сана тұңғыш перзенттерін көтеріп жүрген ел ағасының аяғы кесілді. Оған шейін... оған шейін Қалқанның әкесі Токсейіт орманға барған.

«Құдайға құлшылық ету үшін тым құрығанда жүз, мың адамға жақсылық жасау керек сияқты» (77-б.) Бұны Токсейіт айтады. Бөрікті қарағайды көріп қайтуға шыққан Токсейіт. «Беті қалың, жанары суық» Меңтайды көрген, өзгерген Меңтайдан тіксінген Токсейіт. Сонау бір жылдарда...

Шығармада жазушы кейіпкердің ағынан жарылуына бой тасалап айтылмаған шындықтарды айтқан. Екінші дүниежүзілік соғыстың талай сұмдығы баян етілген. Алайда Токсейіт, сол кейіпкерінің аузына сөз салған қаламгер Мағира Қожахметова айтатын мына бір ақиқат айтылмаған сияқты.

«Әлі есінде, Рыбинскінің маңындағы лагерьде, дәл сол жылдары аспаннан немістің истребительдері ұшып, қап-қап азық-түлік, листовкалар тастайтын (90-б.)

Айтылмаған сияқты.

«Жер қазады, ұзындығы сегіз, көлденеңі бес километр каналдың ауқымынан, жүз метр төмендікте әрқайсына үш текше метр жер қазасың деп тапсырды. Орындағанына күніне бір килограмм нан береді. Тас, бетон, қайла,

кашау, күреппен ертелі-кеш дамыл таппай жұмыс істейді. Норманы қайдан орындасын, тастай қатты бұ жердің ерекшелігі — бір сантиметрі жүз сексен килограмм салмақ көтереді. Қанша күшенгеніңмен, тырысқаныңмен былқ етпейді. Жарып жатқанның өзінде сәл ғана үгітіледі, сөйтсе, каналды әдейі осындай жерден салады екен, мұны кейін білген» (91-б.)

Бар құбылыс Аллаға апарып соғады. Қатер билеп ғұмыр кешетін, арқасы босамаған адам-пенде. Әлеуметтік шер. Азған ұрпақ. Күйреу. Әлемдік сөз өнері адам құкын бұлдап жасампазданған. Қор болғандар мен қорланғандар сынды екіұдай жаңылтпаш ұғымда жасайтын адам ғұмыры. Бальзак романдарында сорғалап тұратын адамның көз жасын «Жантәсілімнен» көргеніміз қуантты.

«Жантәсілім» романының жеке тараулары келесі тараудың басталуымен аяқталғандай әсер тудыратыны мақсатты түрде қисындалған айрықшалық деуге болады.

Тарау атаулары қысқа бір өлең желісін құрап тұр бір қарағанда.

Қартты мүжіп ой, нала / Бізғар шашты сай-сала / Зарла, мейлі айғайла / Біғына жел ұшырған / Ажал, апат айнала / Ноктаға сап сау басын / Ар адыра қалғасын / Сөніп шамы, шырағы / Біза, қайғы-тұрағы / Басынан бақ тайғасын / Әуреге бір салғасын / Тағдырына нәлет деп / Иман ұшты, жан қасым / Медет тіле, қарғашым / Аруақтар жебей гөр / Алла жалғыз қолдасын.

Алыстағы Бұғылы жұрты. Әркім өз отбасы, өз әулетінің тағдыр-талайымен күн кешіп жатқан ауыл-үй. Жазушы саяси жүйе сергелдеңге салған адам тағдырларына Құрманның, Токсейіттің, Итемгеннің, Көпжасардың үй-ішілік баянында қайырылып соғып отырған. Заман тоздырған қайран өмір бар бұзылған сиқымен, жасырып, жабуға келмейтін ауыр күйігімен көз алдыдан өтіп жатыр.

«Он жыл, жиырма жыл аралатып, заңдылығын, шартын өзгертіп шыға келетіні, ес жиғызып үлгермей, он, жиырма жылдан кейін тағы да өре түрегеліп, тағы да бөлек заң, бөлек шарт, бөлек ереже ойлап таба қоятынымыз қалай. Жұртты ауыл-елінен әдейі айырумен, қастандықпен пара-пар ғой мұнымыз. Жүз жылмен, мың жылмен шындалған жөн-жосық, әдет-салт қайда. Ауылының ауыл, жұртыңның жұрт екенін айқындайтын дәстүрін, ғұрпын неліктен он жыл, жиырма жылдан кейін өзгеруге тиісті, неліктен?..» (81-б.)

Автор Токсейіттің ой ағынына түсіп, ауылдың түгін қалдырмай бұзған құбылмалы заманды аяусыз жазғырады.

Кейіпкер мың-мыңдап мал өргізген ата-жұрттағы айтсаң таусылмас апаттарда ғайып болған ауылдың киесін, адамның құрыған өмірін жоқтайды. Заманға зар айтады.

Шығармада құбылмалы уақыттың құрбандығына шалынған адам өмірлері, қилы характер, мінез, этникалық, ментальдік айрықшалығы, не дегенде де, әлі де, жұрнағы калса да, сақталып отырған ауыл адамының тұтасқан образы сомдалған.

Айдауды, аштықты, аяр қаттылықты, жатбауырлықты бір халықтай-ақ көрген қазақ баласы, қандай сәтте де Алладан медет сұраған жан иесі.

М.Қожахметованың «Жантәсілім» романы кеңестік социалистік реализм әдісінің шарттарында жазылған болса Бұғылының өмірі мүлде басқа, кемелденген социализм ырқында мазмұн түзер еді. Шығарма әдеби дамудың әлемдік озық тәжірибесінде айғақталған ақиқаттарда өмірге келген. Ұлыбритания тарихының дәуренді кезендері, постотарлық кезеннің әдеби дамуға ықпал-әсері жеткілікті баяндалған «Әдебиет теориясы» антологиясының III кітабындағы XX ғасырдың 70-жылдарындағы қазақ этносының қалпы барынша баяндалған «Жантәсілім» романына, осы мәндес постотарлық аңсарда туған шығармалар ашылатын теориялық түйін-тоқтамдар не айтады?

«Империялық майданның нәтижесінде көптеген әдебиеттер дүниеге келді. Отарлаушылар мен отарланушылар арасындағы шиеленістер қызғаныш

пен жағымпаздықтан, үрей мен реніштен тұратын жаңа әдеби мектептің қалыптасуына ықпал етті. Империялық майдан шебінің бір жағында Эдуард Морган Форстердің «Үндістанға сапар» (Passage to India) және Редьярд Киплингтің «Ким» (Kim) еңбектері тұрса, оның екінші жағында Джин Ристін «Шексіз Саргасс теңізі» (Wide Sargasso Sea) мен Ямайка Кинкейдің «Шағын мекен» (Small place) еңбектері орналасқан. Әрбір отарланған ұлт империялық тағдырын баяндайтын немесе ұлттық және мәдени бірегейліктің (identity) постимпериялық түсінігін анықтап беруге тырысқан өзіндік әдебиетін қалыптастырды. Осындай еңбектердің арасынан Воле Шойника мен Нгуи Ва Тхионгоның туындыларын айрықша атап өтуге болады» (Әдебиет теориясы: Антология. 3-том (Джули Ривнин мен Майкл Райанның редакциясымен. — Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. — 440 б., 238-б.)

Отарлық езгіде болған халықтар әдебиетін зерттеу 1960 жылдардың аяқ шені мен 1970 жылдар басында ағылшын тілді зерттеу институттарында қолға алына бастаған. Этнос пен нәсіл тақырыптары өзекті жаңа әдіс ретінде пайда болады. Бұл мәнде қазақ әдебиетіндегі отаршылдыққа наразылық таңбаланған лайықты көркем туындылар арнайы тұтас, кешенді зерттеу нысаны мәнінде әлде де қағаберіс қалып отыр.

«Байырғы америкалық халықтар әдебиеттануының зерттеле бастауы 1968 жылғы Н. Скотт Момадейдің «Күн шапағынан жасалған үй» (House Made of Dawn) атты мақаласынан кейін басталған байырғы америкалық халықтар ренессансын (renaissance in Native-American literature) зерттеу уақытына сәйкес келді. 1960 жылдардың соңы мен 1970 жылдардың басында америкалық үндістер қозғалысы байырғы америкалықтарға ұзақ уақыт бойы көрсетілген қысымға назар аудартты. Байырғы америкалық халықтың қиындықтары англо-америкалықтардың қажеттіліктері мен тауқыметтерінің себептерінен туындаған еді. Кимберли Блойзер мен Паула Ганн Аллен сияқты алғашқы жазушылардың туындыларының көпшілігі байырғы америкалықтардың мәдениетін, дінін, мифологиялық және ауыз әдебиетін зерттеуге арналды (Әдебиет теориясы: Антология. 3-том, 244-б.)

Отарлық езгіде жасаған жергілікті этнос — қазақ халқының әдеби шығармашылығы Ресей империясы тұсында хатқа түсіп, баспадан шығып, зерттеле бастағанымен, түбегейлі айрықшалықтар негізінен біржақты, билеп-төстеушілік мүддеге бейімделіп сараланды. Кенес әдебиеті бойынша зерттеулердің жағымды, жағымсыз кейіпкер, социалистік «жасампаздық» ауанында жүргізілгені өз алдына жеке бағыт болғандығы жасырып, жабылатын құбылыстар емес. Кенестік кезеңдегі әдеби үдерісте орныққан төлтума, баянды, түбегейлі көркемдік кеңістіктің түптөркініне бойлап, зерттеулер жүргізуді жүйе қаламады. Шынайы заманауи туындылар ұраншыл әдебиеттанудың тасада қалдырған құндылықтары мәнінде толыққанды ғылыми саралауларды күтеді.

Әлемдік зерттеу тәжірибесінде орныққан озық танымның басым ұстанымдарына қазақ әдебиеттануы ара-тұра көз тастап қояды. Кейінгі кезеңде модернистік, постмодернистік көркемдік нышандар арнайы зерттеліп, зерделене бастады. Мәселен, бұл мәнде әлемдік тәжірибеде жіліктеп, жіктелген ондаған зерттеу бағыттары қалыптасқан. Қазақ әдебиеттануында кенжелеп қалған постотарлық негіздерді сол тәжірибеде қисындап, дамыту ықтималдығы туралы ойланған жөн.

«Тапанша ұстаған жан» (With His Pistol in His Hand, 1958) атты еңбектің авторы Паредес сияқты, латынамерикалық және чиканолық мәдениеттерден шыққан сыншылар да әдебиетті зерттеу барысында фольклорлық әдіспен шектелмей, өзге де әдістерді кеңінен қолдана бастады» (Сонда, 244-б.)

«Әдебиет теориясы» антологиясының «Этностық, байырғы халықтық, постотарлық және трансұлттық таным» тарауында осы әдістердің зерттеу негіздері бойынша назар аударарлықтай танымдық-ақпараттық деректер

мазмұн алады. Шекара концепті, костілділік, иммиграция, аумақтық, будандық, постструктуралистік, феминистік концептілер бойынша зерттеу үйлесімдеріне мән беріледі.

Осы бағыттағы зерттеу нәтижелерінен алары болғанымен, қазақ әдебиетінің тарихи даму алғышарттарындағы поэтикалық төлтума дара негіздерде әлемдік постотарлық әдебиетте баламасы жоқ айрықшалықтарға мән берілуі; және теологиялық тұрғыдан зерттеу өзектілігіне ден қойылуы міндет.

Қазақ елі – отар болғанда да Ресей империясы, кеңестік жүйе сынды саяси қондырманың тепкісіне көп түскен ел. Оның әдеби мұрасында қолдан жасалған қырғын – ашаршылық аярлығы; нақаттан күйіп айдалу, атылу ақиқаты, не дегенде де таңбаланды.

Бейімбет Майлин кеңестік жүйенің «жыршысы», Мырқымбайдың «жақтасы» бола тұра, ел басына түскен аштық нәубетін бір әңгімемен-ақ айдай әлемге жар етті. Қу сүйек болып далада қалған, аштан өлген халық әлемдік постотарлық әдеби шығармашылық тәжірибесінде кездеспейді деуге де болады.

«Баяғыда құрбандыққа мал ғана шалынатын, ал бізде адамдар қырылды» (Қожахметова М. «Жантәсілім». Роман. – Алматы: «Ана тілі», 2002. – 288 б., 13-б.)

Бұғылы басынан ел басынан өткеннің бәрі де өтті. Аласапыран, күйсіз өмір табандап отырып бұл ауылдың адамдарын да абыройдан, ардан ада қылған. Итемген шал кешегі шолақ белсенді, өзі де мәніне түсіп ұғынып жарытпаған өмірінің көбі кетіп, азы қалған шағында кемтар қызының қолында күн кешіп жатыр. Қарағайдай ұлдардан біртүрлі қайыр күтпейді. Бәтуасыз, берекесіз ұрпағына несіне өкпелейді – өз жемісі.

М.Қожахметова киесі қашқан ауылдың қуыскеуде күн кешіп сабылып жүрген адамдарын бейберекет бақытсыздықта аямай әшкерелейді.

Атасын адам ғұрлы көрмей шаптығып сөйлейтін келін Итемгеннің келіні ғана ма екен. Ендігі ауыл әйелдері ызалы. Ашынған. Біртіндеп бұзылған күй, қайта оралмайтын, баяғыда қашқан құт бұлардың әйелдік қалпын бұзған.

«Алғашында Итемген келінінің не айтып, не қойғанын ұқпай, жүзін тілгілеген сөздерден есін ерең жиған. Өзінің де тақ-тұқ жауап қатқанына енді таңғалды. Аталы-келін екеуінің бір-бірінен ұялмай, шімірікпестен бет жыртысқандарына ешқайсысы да қысылмайтындай» (Сонда, 97-б.)

Кесір келін бір Итемгеннің шаңырағында емес. Ауыл-үйде екінің бірінің басындағы күйге айналған сияқты. Тек десең тегі, кісілік десең кісілігі жалпақ елге өнеге болған Айғаным бәйбішенің келіні Шекер Итемгеннің келінін жолда қалдырады дерсің.

«— Кеңес ызадан жарыла жаздады, келіншегінің қайта-қайта «мола» дегені жанына батыңқырап кетті. Өзін қатынмен қатын болмайын деп қанша зорлағанымен, әттең, шыдамады. Ішіндегісін бүкпесіз ақтарып келіншегің дөрекі сөзбен сыбап алды» (113-б.)

Кеңес балалар үшін деп сүріп жатқан берекесіз отбасылық өмірін жануардан да сорақы бір мағынасыз жабайылыққа балаған. Мағира Қожахметова өз кейіпкерлерінің өмірдағдысындағы осы әбден ыдырап, бүлінген адам болып өмір сүру парызын, ең әуелі, саяси жүйеден де, басқа себептен де гөрі адамның әу бастан беймәлімдікке, бейберекет, іркес-тіркес алдамшы дүние тұзағына түсе қалуға бейім, жаратылыстың шалқар игіліктерінен көр-жермен ғана көңіл жұбатуға, алдамшыға алдана қалуға бейім екіұдай болмысымен ұштастыру ұстанымын «Жантәсілімде» де жалғастырып, жақсы мағынасындағы «тәптіштеу» тәсілінде жазған. Жазушы адамның күйбеңге, күңкілге бейім осал болып кеткенін, жаратылыстан дарыған зор мүмкіндік-игілігін қаперден шығарып, өзін бақытсыз сезіну қорлығына байлап бергенін, адам жаратылысындағы жарық нұр қуатын шалқытып өмір сүру рахатынан неге бас тартқанын тұтас шығармашылық бағытының асыл өзегі мәнінде маңыздандырған.

Мағира Қожахметова өзі бір сұхбатта айтқанындай, жазу машығында қандай да бір ағым, бағыт, жанр, стиль салттарына әуес болмағанын айтады. Алайда, жазған сан тарап мазмұнды шығармаларына қарағанда қаламгерге адам баласының жазу өнеріндегі бай тәжірибе мықтап сіңгені даусыз. Соншалықты жан-жақтылық, кейіпкерін адам құпиясының әр құбылысында талқыға салуында классикалық мұраның мызғымас өнегесі маңызданған. Жазу тәсіліндегі заман ырғағынан туған жаңашыл өзіндік дара сипаттар адамзаттың ендігі жасампаз дәуіріндегі жедел, суретті, ақпараттық, ілгері озған жаңаша ойлау түйіндерімен өзектестікте танылып отырады.

Неге Бұғылы ауылындағы келіншектердің басым көпшілігі Кеңестің келіншегі Шекер типтес? Неге бұл ауылдың ақсақал қарттарының іштен тынған «құпия», уайымы басым? Неге ауыл жігіттері біртоға, тартыншақ, бейтарап көрінеді?

«Ата-әжелеріміздің «құдай өзімді алса да пейілімді алмасын» деген сөзін талай естігенбіз. Кейде «ойпыр-ай, түбі қалай болар екен, пәленшенің ниеті тарылып барады... түгеншенің пиғылын-ай...» тәрізді тіркестерді де құлағымыз шалатын. «Бәрі де адамның өз ниетінен ғой» деп анамыз төңірегіндегі өзгерістерді пейілге, ниетке байланыстырып айтқанда, пәлендей мән бермейтін едік. Жақын жекжат, бауырларының не болса соған тарылып қалғанын байқаса, қатты уайым шегетін» (Қожахметова М. Адам – құпия. – Алматы: Ана тілі, 1997. – 234 б., 14-б.)

Жазушы Мағира Қожахметованың адам баласының «қылдан тайса» тартар тауқыметі тақау тұратынын, зардабын ұрпағының ұрпағы тартар зауал келетінін мұсылмандықтың шарттарында, қазақ халқының этникалық болмыс-бітімі қалыптанған дәстүрлі ұстанымындағы діни-рухани негіздерде байыптауы қазақ сөз өнеріндегі кеңестік жүйе шорт кесіп, түбіріне балта шаппақ болған тұрақты, тұғырлы рухани желіге қайта оралудың баянды бағыты болды.

«Жантәсілімде» барлық келеңсіздікті кеңестік саясатқа ығыстыра салмағанымен, тұтас бір этностың тұғырлы тарихи, аксиологиялық мазмұнына бұл жүйенің қазақ өміріне ұр да жық, ұшпа болып көрінгенімен, адамды адамшылықтан айырудың аяр, аяусыз міндеттерінде сауатты, жүйелі әрекет-күреспен араласқаны қайтусыз тарихи қатыгездік, адасу факторында ашылады. Сонымен қосақабат адам-пенденің Алланы ұмытып, содан барып өзін де ұмытуы, өзгені де ит құрлы көрмеу бақытсыздығы сәт сайын қилы өмір көріністерінде әшкереленіп отырады.

«Ойдың, пиғылдың құдіреті шексіз. Сана сезімнің деңгейі, ең алдымен, соған байланысты. Ой, ниет адамның тұтастай тағдырын билейді, бүкіл тіршілігімізге өктемдік етеді. Жан мен тәннің азық түліктен, сыртқы ортадан ғарыш, жұлдыздардан алатын қуатын ұдайы жақсылыққа бағыштау қайдан оңай болсын. Пиғылды ерікке бағындыру да дәл солай. Асау аттай атойлап, бабын таппасак, ішкі пейіл дегеніңнің тізгінін ұстатуы қиын. Бабаларымыз мұны асқан сақтықпен, парасаттылықпен түсінген. Жақсылық, жамандық атаулыны пейілдің түр-түріне орай анық та дәл ажырата білген. Тірлік мазмұны қазақ көзқарасында пейілмен, ниетпен өзара ұдайы өзектес. Жеке құлқынның құлы болмауы, барын төңірегіндегілермен бөлісуге бейімділігі, қызықта да, қазада да мал дүниесін шашып, ештеңе аямайтыны пиғыл-қасиеттің жаратылысынан қанына сіңгенінен шығар, кім білсін. Әйтеуір қандай тағдыр кешсін мейлі, соның себеп-салдарын қазақтардың пейілімен астастыруында асқан көрегендік бар» (Сонда, 15-б.)

Мұсылманшылық, адамшылық шарттарында жасаған сөз өнерінің бояуы солғындап, бағыты бұзылғаны өтірік емес.

Саяси қаһарлы, өктем өкімет үстемдігі қазақтың жанын, дағдылы, қайталанбас өмір салтын өзгертуге бар күшін салды. Тұнығын шайқауға дендеп кірісті. Дегеніне жеткені аз емес.

Бұғылы ауылының ХХ ғасырдың 70-жылдарындағы қалпы осыған айғақ. Бұл ауылда атамзаманнан іргесін сөкпей келе жатқан Ауыл институтының енді аты қалған, заты бұзылған.

Бұғылы – қазақ ауылының белгілі бір тарихи кезеңдегі тұтастырылған қалпы. Оның тұрғындары не тапса да ниетінен тапты деу – обал. Бір мәнде ниеті, пейілі бұзылғаны, кісіліктен кетіп, бірінің көзін бірі шұқығаны – сұмдық уақыттың ғана өткіншісі де емес. Адам баласының сайтанның жетегіне ілесе кетуге ынтық жаны сірі нәпсіқұмарлығының таңбасы де айқын. Жазушы онсыз да қалт-құлт, сынағы шаштан көп дүние-жарықтың саясат былғанышына батқан қасіретін аяусыз, бар тұсынан көркем шығарма қалпына сыйғызуды көксейді. Шеркөкіректі жылумен, жарықпен жібітуге ынтығады.

«Ұрпақтан ұрпағына жалғасатын аурулар бар. Жағымды қасиеттер ата тек, генетикалық код арқылы қалай берілсе, жағымсыз жәйттер де солай беріледі» (16-б.)

Адам құпиясын арқау еткен шығармашылық кеңістікті зерттеудің кезеңдік, дәуірлік теориялық бағыт, мектептерін кең шолып зерделеу үлгісін осызаманғы өзектілігінде қисындаған «Әдебиет теориясы» антологиясындағы жеке сыншы, зерттеушілер еңбектерінде Мағира Қожахметованың қазақ әдебиетінде дәл сол мағынасындағы жаңашылдық мәнімен көрінген «Жантәсілім» романы сынды шығармалардың көркемдік негізіне тиесілі пайымдаулар да мазмұндалған.

«Адам өмірі мен айнала қоршаған биологиялық тіршіліктің аражігі қай жерден өтеді? Біз өмірді мұндай шекарасыз және адамдарды тіршілік ортасымен я болмаса жануарларды адаммен байланыстырып, өмірді үздіксіз қайталау циклі арқылы материяны басқалармен салыстырғанда, артық та емес, өзектес те емес айырма деңгейіндей көретін өзара тәуелді тұтас орта (contineum) ретінде қалай қабылдаймыз? Постгуманистік көзқарас тұрғысынан қарастырғанда, мұхит пен жағажай сызық та, шекара да, қарама-қайшылық та емес, бұл – материяның әр алуан формасы, жуан немесе жіңішке молекулярлық күйдің контрасты» (Әдебиет теориясы: Антология. 3-том (Джули Ривнин мен Майкл Райанның редакциясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 440 б., 36-б.)

Мағира Қожахметова «Жантәсілімде» қосақабат алып отырып, адам құлқын өзгертпей қоймайтын озбыр отаршылдық жүйенің нақтылы бір этностың бірегейлік қалпына соқтығу зардаптарына баса мән береді.

«Отаршылдық ешқашанда бірімәнді болған емес, бірақ мұндай көпқұрамдылық пен салыстырмалы бірегейлік оның салдарын тіптен шиеленістіре түсті. Отаршылдар империялық біртектілікке сіңістіру мақсатында өздерінің мәдениетін мүлдем басқа мәдениетке барынша теліп, өздеріне ессіз еліктеуге мәжбүрледі.

Үстем топтың біртұтас бірегейлікке деген өктем ұмтылысы билікке деген әрқилы наразылықты туғызды, өйткені мұндай талпыныстар ерік пен ішкі қалаудың қандайына болсын қайшы келетін үрдіс болатын. Этностық мәдениет өкілдерінде көбінесе табиғи еліктеуден гөрі, ишаралы мысқыл басым шығып жатты. Кейбірі өздерінің сынақтан өткен тәжірибесі мен ана тіліне негізделген байырғы, көбіне ауызша мәдениет немесе фольклорлық ұлттық мәдениеттің идеалдарынан пана іздеді. Оған аландаудың мәні мынада болатын: тіл – жалпы ұлттық дүниетанымның көрінісі, сол себепті империя тілін қабылдау, шын мәніне келгенде, империализмнің дүниетанымын, өз мүддесіне қайшы келетін барлық өктем, жымьскы пиғылдарымен тұтас қабылдау деген сөз еді» (Райан Майкл. Әдебиет теориясы: Кіріспе. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы», 2019. – 292 б., 200-б.)

Бұл отарлаушының аса қатпарлы, күрделі бейімдеу ынтасын «Әдебиет теориясы» көптомдығының кіріспе кітабында Майкл Райан келтірген

пікірлер. Майкл Райан осы тұста Ресей, Кеңес отаршылдығының діни ұстаным құқына қол сұғуы сынды ұстанымын ескеріп отырмағанын көреміз. XIX, XX ғасырлардағы жергілікті халықты шоқындыру саясатының рухани салдарлары туралы арнайы сөз қозғауға Батыс әдебиеттануы құлықсыз. Қағаберіс қалдырып отыратыны шет жұрттар үшін бұл мәселенің көкейкестілігі болмауынан деп ойлаймыз. Басқа да астыртын ағыс, себептері бар болуы бек мүмкін. Отаршылдық және отаршылдықтан кейінгі рухани-көркемдік аңсарлар қазақ әдебиеттануында кенжелеп қалыптасып келе жатқан бағыттың бірі.

Мағира Қожахметованың «Жантәсілім» романында отарлық езгіден қалпы өзгерген жұрттың дәстүрлі өмір салты мен заманауи үрдістердің қақтығысы, қайшылығы бастан-ақ, қосақабат, адамның жан күйіне тиген уақыт пен саясат әсерінде қатар екшеледі.

Романдағы Құрман, Тоқсейіт, Итемген сынды әкелер мен олардың Кеңес, Қалқан, Кенжеболат, Көпжасар сынды балаларының басынан өткен қилы жағдайлардың арқауында өткен мен бүгіннің, замана ағысының адам тағдырын билеп-төстеу еркі; жеке адамның қилы сәттегі жан толқыны ішкі, сыртқы күйі арқылы көрініс тауып отырады.

Кеңес өкіметін «құрып» жүрміз деп көп құндылықты құртып алған буынның өкілі Құрман – саяси жүйенің құрбаны. Отбасылық ырың-жырың, ендігі, зауал шақ жақындағандағы жан алаңы – уақыт шындығы.

Тұтас бір уақыттың аясында белсеніп «жау» аулаған, аштық көрген, соғыс жалмаған, алма-кезек ауыса беруі таусылмайтын саяси жүйе ойынынан жүйкесі жұқарған Бұғылы ауылының ендігі тұрғындары тақыр жерде қалғандай тірліктен біртүрлі жерінетіндей. Ауыл-үй бұрынғы береке, дәуренін жоғалтқан. Тіл бұзылған. Ой бұзылған. Шылқып отыратын игіліктің орнына қуаяқ бір бақытсыз тобырдың күйбең, күйкі тірлігі орныққан.

Әлемдік романшылдықта отарлық езгіде қалған этнос өкілдерінің таңбалы тағдыры сан қырын ашып баяндалады. Мағира Қожахметованың «Жантәсілім» романын бір мәнде Элас Манроның «Тағылық мекені», Тони Моррисонның «Нағыз көккөздің өзі», Киран Десайдың «Тоналғандар мұрасы», Луиза Эрдрихтың «Дәрігерлікке құштарлық» сынды романдардың талдану, талқылану тәсілдерінде саралап көру ойға келді.

XX ғасырдың тоқсаныншы жылдарында жазылған «Жантәсілім» романын тұтас бір саяси дәуір құшағындағы қазақ ауылының әдеби портреті десе де болады.

Бұғылы тұрғындарының өмір салты, жеке тұлғаның жан алаңы, ішкі күйі, төбеден төніп тұрмаса да халықтың этникалық айрықшалықтарын, салт-дәстүрін ту-талақай еткен, аннан-мұннан құралған қоспа дәстүрмен алдаған қайтымсыз қайырсыздық.

Жазушы Мағира Қожахметова «Жантәсілім» романында отарлық езгі зардаптарында қалыптанған бір замандардағы қалпы да, салты да өз өмір дағдысымен біте қайнаған жұрттың жаппай ішімдікке үйір, атакқа, мансапқа арын айырбастауға бейіл, жалған жүйенің отыр, тұр үкіміне бейім, кішілік ізеті, үлкендік ілтипаты қызыл кітапқа енетін деңгейде ғана сақталып, әйтеуір ілдалдалап, діні де, тілі де жұлма-жұлма болып, талапай көрген, таусылып бара жатқан жұрттың қасіретін кескіндейді. Бұл роман қазақ әдебиетінде аз жазылған әлеуметтік роман жанрындағы туынды. Шығармадағы қазақы болмыс, кейіпкерлер тасасында тұратын типтік тұтастық – жазушы табысы.

«Жантәсілім» романының атап айтылуы тиіс көркемдік айрықшалықтары бар. Автор әйел адамның отбасы шырқын бұзар жағымсыз әдеттері туралы басымдау жазады. Жолдан тайған, жүріске салынған, бейпіл сөйлейтін ауыл әйелдерінің бірі Гүлсәннің баласы Сайраннан айрылып қалуы тітіркендіреді.



*Күміс қанат
тырнақалар*

**Голи
ТАРАФИ**



ШАМИРАН БАҒЫТЫНДАҒЫ АВТОБУС

(әңгіме)

70-ші бағыттағы автобус біз жете бергенде орнынан қозғалды. Кішкентай қызым соңынан бірнеше қадам жүгіріп, бұрылысқа жетпей, күдерін үзіп, тоқтай қалды. Келесі автобусты күтіп тұрмыз. Кенет қар жауа бастады. Кеңістік мөлдір тозаңға толды. Қаланың күнделікті шуының орнын тұнық тыныштық басты. Айналаның бәрі аппақ әрі тымық. Жүргіншілер жалған көлеңкелер сияқты тұманға сіңіп, ғайып болуда, ал төңіректегі ағаштар мен үйлерден бұлдыраған сызықтар ғана көрінеді.

Парижде тұрып жатқанымызға сегіз жыл болды, бірақ мұндай қалың қарды бірінші рет көруіміз. Құлағымның түбінде әжемнің дауысы жаңғырып тұрғандай: «Періштелер үйлерін жинап әлек. Бұлттардың шаң-тозаңын қағып, аспандағы кілемдерін сыпырып жатыр».

Тегеранның қысын, көгілдір аспан астындағы асқақ та аппақ Әлбөріз тауларын, бағымыздағы ұйқыға кеткен жалаңаш ағаштар мен жыл құстарының оралуын армандап тұрмын. Балалық шағымда қар жауа бастағанда тоқтау дегенді білмейтін. «Сенбі, жексенбі, дүйсенбі» деп күн санайтынмын. Сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі күндері де қар жауатын: он сантиметр, жиырма сантиметр, жарты метр... Соңында есіктер қатып қалып, мектеп бір аптаға жабылатын.

Қандай ғанибет... Адам сенгізсіз неткен бақыт еді! Бір апта бойы төсектен тұрмау, апта бойы қаптаған немере аға-әпке, жиендермен көшеде ойнау, бір апта оқу ісінің меңгерушісі ханымды көруден немесе есеп сабағының қабағы қатұлы мұғаліміне жолығудан қорықпау, іш пыстыратын кітаптарды оқымайтын, үй тапсырмасын жазбайтын тұтас бір апта. Ұзақ әрі мағынасыз өлеңдерді жаттаудан, қамыс қалам, қара сиямен көркем жазу жаттығуынан құтылған, оқу мен мектептің шеңгелінен босаған жеті күндік еркіндік пен ойын. Үйге қонақтар келгенде қар жолды жауып тастап, біздің үйде жүргендердің бәрі екі-үш түн қонып қалған қандай рахат еді! Біздің үйдің тұрақты қонақтарының қатарында менің арықша келген мейірімді әжем болатын. Ол күні-түні намаз оқып, Құдайдан біз үшін бақыт, байлық, денсаулық пен ұзақ ғұмыр тілейтін.

Анамның құлағы естімейтін, ақыл есі де кіресілі-шығасылы Бибіжан деген кәрі тәтесі де бар еді. Ол мені бауырыммен, бауырымды нағашы ағамның баласы деп, ал нағашы ағамның баласын көрші деп, көршіні мен деп шатастырып жүретін.

Сүйкімді Азар тәтем мен оның дәлізде алысып-жұлысып, есік-терезе мен ағашқа өрмелеп, жабайы маймылдардай улап-шулап, баспалдақтың жақтауларымен сырғанап жүретін кішкентай, тентек балалары да үйде қонақта жүретін.

Әлемдегі ең мейірімді тіс дәрігері Ахмет ағам болса, ешкімнің тісін жұлғысы келмейтін. Қайсыбіріміз жыласақ болды, оның көзіне жас үйірілетін.

Әскердің артиллерия офицері болған үлкен ағам аттан қорқатын, зеңбірек пен мылтықтан зәресі ұшатын. Сондықтан ол әу бастан офицерлік киімін шешіп тастап, алдына әйелдердің алжапқышын байлап, үйде отырып қалды. Дәмді тосаптар қайнатып, түрлі-түсті жүн жемпірлер тоқитын. Және тағы таңғажайып ертегілерді білетін, жын-перілермен байланысы бар, сиқыршылықтан хабардар, бізге түрлі фокус көрсететін толық әрі жалқау Туба ханым да болатын. Осы адамдардың бәрі қар ерігенше біздің үйде тұратын.

Мен адамға толы бөлмелерді, кілем үстіне қатар-қатар жайылған көрпелер мен неше түрлі дәмді тағамнан белі қайысқан дастарқанды жақсы көретінмін: шәрбат құйылған құмыралар, анар дөңдері аузы-мұрнынан шыққан тостағандар, тәтті күріш ботқасы, пісте, соһан, Исфахан гәзі мен анам пісіретін дәмді пәхләуәлар...

Үйдің әр бұрышынан шығып, дәлізде аңқыған мыңдаған хош иіс қандай керемет еді: әжемнің қорқорынан шыққан темекінің иісі, Бибіжан қайнатқан шөп дәрілердің жағымды буы, ыстық күріштің бетіндегі шафранның жұпары, оған қоса даршын, зире мен раушан суының, қуырылған пияз бен ыстық шоқта жартылай күйген қауаптың иістері мұрын жаратын.

Үлкендердің көрші бөлмеден естілетін сыбырлаған әңгімелері мен тығылып шығатын күлкілеріне құлақ түріп ұйықтағанды сондай жақсы көруші едім. Кіші ағам тартқан «тардың» жағымды үніне, Азар тәтемнің жағымды сыбыры мен анамның баспалдақпен жүргендегі сүйретпесінің шылпылдаған дыбысына елітіп, ұйқыға кететінмін. Түн ортасында қайта ояңғанымда, үлкендердің әлі ұйықтамағанын, шамдардың жанып тұрғанын көріп, ас үйде арлы-берлі жүрген адамдар мен кастрөлдердің салдырлаған дыбысы шығып тұрғанын еститінмін. Содан соң қайтадан ұйқыға кететінмін. Менің ұйқым ерке самалмен ұшқан батпырауықтан да жеңіл еді.

Бүгін түнде де тура бала кезімдегідей жауған қарға қарап, ерекше толқып, қуанып тұрмын.

Қызым да мәз-мейрам. Өз-өзін айналып, билеп жүр. Кішкентай жұдырығымен қарды домалақтап, жан-жағына лақтырады. Ол оқтын-оқтын көшенің ортасына жүгіріп шығып, 70-ші бағыттағы автобустың келуін тағатсыздана күтуде. Оның осы шыдамсыздығы маған мектептен кейін күн сайын кешке көшенің шетіне көз тігіп, досым Әзиз ағаны көру үшін минут санап күткен кезімдегі кішкентай жүрегімнің лүпілін еске түсіреді.

Басымды жоғары көтеріп, қар ұшқындары тіліме қонуы үшін аузымды ашамын. Қандай тамаша дәм мен жағымды жұпар! Аспан бақшаларынан жасмин гүлінің мыңдаған жапырағы төгіліп жатқандай. Аяғым жерден ажырап, кеңістікте қалқып жүргендей сезінемін. Құдды шыны көпіршіктің ішіндегі құпия тыныс мені уақыт арқылы кейінге қарай жетелейтіндей.

Айналаға көз саламын. Мен он жастамын. Мектеп жанындағы қиылыста Шемиран автобусын күтіп тұрмын. Біздің жаңа үйіміз алыста. Төбелердің артында, бос жатқан жерлердің арасында тұрамыз. Айналамызда ешқандай үй жоқ. Кей түндері қорқаулардың ұлыған дауысы естілгенде анамның үрейі ұшады. Аспаз Хасан аға да қорқатындықтан төсегін дәлізге, әкемнің бөлмесінің есігінің түбіне салып алады.

Ал маған иен даланың ортасындағы үйіміз ұнайды: үлкен су қоймасынан, бақаға толған хауыз бен жаман адамдарға ұқсайтын ағаштардың кара көлеңкесінен қорықпаймын. Бақтың түкпірінде, шамшат бұталарының тасасында ескі жаймадан өзіме кішкентай үйшік жасап алғанмын. Ол жерден

мені ешкім таба алмайды. Жейтін тәттілерімді кірпіштердің астына тығып қоямын, ал анамнан қорыққандықтан, тапсырмаларға «нөл» қойылған дәптерімді жерге көміп тастаймын.

Тәбриз теректері – менің ойын серіктерім. Әрқайсысының есімі бар, олардың ең ұзындары – ұлдар. Мектептен келе сөмкемді тастай саламын да, соларға қарай тұра жүгіремін. Күні бойы не істегенімнің бәрін оларға айтып беремін. Салған суреттерімді көрсетемін, парсы тілі оқулығындағы мәтіндерді дауыстап оқимын. Кейбір теректер ақымақ. Мен сөйлегенде есінеп тұрады. Кейбіреулері қызғаншақ, зұлым, тіпті мені тыңдамайды да. Ал менімен достарын сүйіп, жапырақтарына шайнаған сағыздарымды жапсырып кетемін. Менің сыртымнан өсектегендері болса, сабап аламын немесе бұтақтарын жіппен бір-біріне байлап тастаймын.

Егер «Фирузкуһи» мектебіне автобуспен барсақ, бір сағаттан артық жол жүреміз. Ағам менен үлкен. Оған өзі жалғыз барып-келуге рұқсат. Ал мен әрқашан Хасан ағаға қолымды ұстатып, оның рұқсатынсыз бір қадам да баспауым керек. Бұл анамның бұйрығы. Бірақ мен не қаласам, соны істеймін. Егер Хасан аға анама бір ауыз сөз айтса, жонынан таспа тілемін. Өйткені жоғалып кеткен қойма кілті оның пальтосының астарына тығылған. Анама үйде жоқта қаптардан уыс-уыс жасымық, күріш, бұршақ ұрлап алып, бәрін бақтың түбіндегі дәретхананың артындағы жәшікке салып қояды да, демалыс күні өзімен бірге алып кетеді. Сондықтан біздің бір-бірімізбен ісіміз жоқ, күшіміз тең.

Сағат төртте сабақ біткенде, Хасан аға мені алуға келіп, қиылыста Шемиран автобусын күтіп тұрамыз. Бүгін қар жауып тұр. Қар ұшқындарының үлкендігі сондай, көлемі шәй ішетін күрешкенің астына қоятын тәлеңкедей. Айналаның бәрі аппақ, ал Хасан аға дуалдың түбінде көмескі елес сияқты қақиып тұр. Оның жүзі мөлдір бұлттың кесіндісіне, тура мен түнде аспаннан көретін, мың жыл бұрын өмір сүрген адамдар екенін білетін бұлттарға ұқсайды: бастарында тәждері мен ұзын сақалдары бар олардың кейбіреуі атқа мініп, зулап бара жатады.

Егер айға мұқият қарасаң, ішінен тізесін құшақтап, басын соған қойып, жылап отырған кішкентай баланы көруге болады. Мен оны ақымақ ағам қанша көрсетсем де, ол көрмейді. Анам толған айдан қорқатындықтан, менен жұлдыздарға қадала қарамауды сұрайды. Кейде аспанның қою күлгін түкпірінен дәу айдаһар шығып, Құс жолына сіңіп кетеді. Мен мұны Хасан ағаға айтсам, ол шыңғырып, көрпемен басын бүркеп алып, дауыстап дұға оқи бастайды.

Шемиран автобусы әлі көрінбейді. Мен болсам мәзбін, жолдың ортасында мұзда сырғанақ теуіп жүрмін. Басыма қар сауласын деп теректердің діңін теуіп қоямын. Хасан аға менің сөмкем мен тамақ салатын ыдысымды қолтығына қысып алып, қалтырап тұр. Аузынан әлсіз бу шығады. Ол аяғына әкемнің ескі топылайын киіп алған. Оған бірнеше өлшем үлкен. Өкшесі аяқ киімнің артына жетпей тұрған саңылауға қар толып жатыр. Кішкентай қолына бірі қоңырқай қызыл былғары, екіншісі тор-тор қара анамның екеуі екі түрлі қолғабын киіп алған.

Әкем жыл сайын Наурыз мерекесінде бәріне жаңа кәстөм, көйлек, топылай, шұлық пен іш киім сатып алуды бұйырады. Бірақ Хасан аға жаңа киімдерін кимейді. Оларды шабаданға салып қояды да, жаздың соңында ауылына барғанда өзімен бірге алып кетеді немесе оларды сатып жіберіп, ақшасын бөлмесіндегі пештің құбырына тығып қояды. Оның ақшасы қайда екенін білетін жалғыз адам менмін, бірақ оған ешқашан тиіспеймін. Ант ішемін.

Алыстан автобус моторының гүрілі естілгенде Хасан аға орнынан атып тұрды, ал мен әрі қуанып, әрі уайымдап, теңселе жақындап келе жатқан аппақ үйшікке қарап тұрмын. Ішімнен: «Егер ол шамдарын жағып-өшіріп белгі берсе, мінемін, әйтпесе келесі автобусты күтемін. Тіпті, Хасан аға суықтан қатып

қалса да, анам уайымнан жынданса да, өзім аштық пен шөлден өліп кетсем де мінбеймін», – дедім.

Бұл – ешкім, мүлдем ешкім білмейтін құпия. Бұл мені мен Әзиз ағамен арамыздағы құпия. Басқа түгіл, Хасан аға да бұдан бейхабар, ол менің неге кей күндері Шемиран автобусына мінбей, қаша жөнелетініме, оның айқай-шуы мен қарсылығына неге пысықырып та қарамайтыныма түсінбейді. Ол мені бірнеше рет анама айтамын деп қорқытты, ал мен оған кәстөмнің астарына тығып қойған қойманың кілтін ишараладым. Сол себепті ол енді маған тиіспей, жөніме қалдырды. Алыстан шамдарын үш рет жағып-өшірген автобус – Әзиз ағанікі. Мен әр түнде ұйықтар алдында анам үйреткен дұғаның орнына: «Мен Әзиз ағаның автобусынан басқа ешқандай автобусқа мінбеймін», – деп үш рет қайталаймын. Бұл – қиямет қайымға дейін біздің бір-бірімізге берген сертіміз.

Алайда, бұл – сөзсіз бекітілген серт. Өйткені мен әкемнен де бойы ұзын, тіпті тәртіп сақшыларының өзі қорқынышты түрінен сескенетін мына дәу досыммен сөйлеспеймін, сөйлесуге батылым да бармайды.

Алыстан келе жатқан автобустың шамдары жанып-өшіп, белгі бергенде менің жүрегім зырылдауықтай шыр көбелек айналып кетті. Автобус тоқтады. Біз міндік. Хасан аға менен бұрын ішке енді. Әзиз аға маған қарап, ісіңкіреген қызыл көзімен сәлемімді алды. Бұйра шашы майланған. Хасан ағаның айтуынша, ол шашына алты айлық химиялық бұйралау жасатқан. Қасы қап-қара, ал қалың мұрты бүкіл аузын жауып тұр. Мен оның тура артындағы орындыққа отырамын. Хасан аға автобустың жылырақ түкпіріне барып, сол жерде ұйқыға кетеді. Жолаушылар санаулы ғана, бәрі қалғып отыр.

Мектептен үйге дейінгі жол – әсіресе қар жауып, шынжыры жоқ көліктер жол ортасында сырғанап, кептеліс болатын қыс мезгілінде нағыз саяхат. Кей күндері Әзиз аға шаршап, аузын кере есінейді. Сонда оның аузынан шыққан өткір иіс анам менің тіземе жағатын йодтың иісінен де күштірек сезіледі. Басым айналып, ішім шұрылдап кетеді. Ол айнадан маған қарап, түрлі кейіп көрсетеді: ұртын толтырып үрлейді, мұрнын қисайтып, көздерін қылилатады. Жолаушылар күлкімді естімесін деп аузымды қолыммен басып аламын. Күлкіден ішегім түйіле жаздайды.

Менің досым диюға ұқсайды, кішкентай балалар одан қорқады. Қолдары мен кеудесінің жоғарғы жағында күйдіріп салынған суреттер бар. Құлағының түбінен мойнының екінші жағына дейін жуан, күлгін сызық созылып жатыр. Біреу оның тамағын орып жібергісі келген сияқты. Анам ешқашан автобусқа мінбейді. Оның өз көлігі мен жүргізушісі бар, бірақ ол дүниеде Әзиз аға сияқты «дәулердің» бар екенін білетіндіктен мен үшін қатты аландайды. Ол менің мектепке автобуспен барғанымды қаламайды, бірақ бұл – әкемнің бұйрығы, оған қарсы шығу мүмкін емес.

Хасан аға автобустың түбіндегі орындықта бүрісіп ұйықтап қалған. Терезенің сынған әйнегінен енген суық желден жолаушылар тоңып отыр. Әзиз аға күртешесін шешіп, менің аяғыма жапты. Күртешесінен жаман иіс мұңкиді. Жолаушылардың маған қарағанын қалап, қолымды оның май сіңген жағасына мақтанышпен жүгіртемін. Саусақтарымнан оғаш иіс шыға бастады: бұл біздің үйде де, нағашыларым мен әпкелерімнің үйінде де жоқ иіс. Ит пен мысықтың, сиыр мен қойдың да иісі емес. Бұл – беймәлім әлемнің саңылауларынан есетін, жасауға болмайтын барлық жаман істердің және әзірге білуге ерте нәрселердің иісі.

Анамның иісі барлық иістен өзгеше: шетелдік әтірлер мен опалардың, кино жұлдыздары мен сән журналдарының, Лалезар көшесі мен муниципалитет кафесіндегі би залының иісі. Анамнан болашақ күндердің, ертеңгі күн мен мені күтіп тұрған барлық жақсылықтың иісі сезіледі.

Аяғымдағы осы күртешемен мен мүлдем басқа адамға айналамын. Таза, тәрбиелі, сабақты жақсы оқитын озат оқушы болуға, шашын сәндеп қойып,

бәріне сәлем беріп, иіліп тұруға, барлық қонақтықта бейтаныс адамдарға мектепте үйренген, өзі де дұрыс білмейтін өлеңін жатқа оқып беруге, пианинодағы алғашқы сабағы «до, ре, ми, фа, сол, ля, си» дегеннен басқа ештеңе емес дыбыстарды іші пысқан, көп сөйлейтін туыстарға ойнап беруге, «Ең сұлу бала» байқауына қатысып, жеңілмеуге міндетті емес адаммын.

Әзиз ағаның күртешесін аяғыма жауып отырғанда мен сол кісінің өзіне ұқсап кетемін. Бүкіл денемде күйдіріп сурет салынғандай, ал тістерімнің жартысын алтын сияқты сезінемін. Көшелерде жалғыз өзім кезіп жүргенімді, кір жуушы Фатиманың қыздары сияқты қарқылдап күлетінімді елестетемін. Ауданымыздағы ең көрікті жігіттің мотоцикліне мінгесіп, онымен бірге Тарзан туралы фильм көруге бара жатырмын.

«Абшар» бекетіне жеткенде Әзиз аға тоқтайды. Жолаушылардың көбі жол бойындағы дәмханадан шай ішу үшін автобустан түседі. Хасан аға екеуміз орнымыздан қозғалмаймыз. Әзиз аға түсер алдында көліктің алдыңғы жәшігінен кішкентай пакет шығарып, менің алдыма қояды. Айнадан маған қарап, көзін қысады. Оның бүкіл жүзі мейірімге, жұмсақ әжімдерге толы, құдды матадан жасалған қуыршақ сияқты. Менің досым – әлемдегі ең мейірімді дәу. Оның қол-аяғынан, аузынан шыққан түсініксіз иістен, қызарған көзінен, майланған ескі күртешесінен менің айналамды қоршап алатын мөлдір бу сияқты бірдене шығады. Мен осы сиқырлы будың ішінде өзімді еріген қардай сезінемін. Бақыттан басым айналатыны сонша, осы жерде, осы күйімде, есеймей, өзгермей, тас мүсіндей мыңдаған жыл бойы тұра бергім келеді.

Бүгін Әзиз аға маған кепкен шие сатып алып берді. Хасан аға автобустың түкпірінен дауыстап, не істеп жатқанымды сұрады. Оған жауап бермей, шиелерімді тез-тез санай бастадым. Жолаушылар түрегеп тұрып, шай ішуде. Әзиз аға бөтелкесіндегі арағынан бір-екі жұтым ішті. Сосын ағаштардың тасасына дәрет сындыруға кетті. Мен қарамаймын, басымды төмен салып, шиелерімді тез-тез шайнап жатырмын, бірақ ойымда оны көріп тұрғандықтан құлақтарым дуылдап барады.

Жолға шықтық. «Ванак» алаңына дейін құмырсқалар сияқты өте баяу жылжып келеміз. Кейде артқа қарай сырғимыз. Басқа көліктер де тайғанап, тура алдымызда, жолдың қақ ортасында тоқтап қалады. Күн батты. Бүкіл әлем аппақ. Хасан аға қорқып, автобустың түкпірінен мені қайта-қайта шақырады. Бірнеше минуттан кейін оның көз жасы көл болатынын білемін. Ол жылауға дайын тұрады. Күніне екі-үш рет түкке тұрғысыз нәрсеге бола еңіреп қоя береді. Анам Хасан ағаның жылауын тауықтың қытқылы сияқты, ешқандай ерекше себебі жоқ санайды. Әкем болса Хасан ағаны «нағыз есек» дейді, ал Хасан аға бұған күледі, өйткені есек болғанды ұнатады. Ол қуанып жүріп, ыдыстарды жинайды да, әкемнің аузына қарап тұрады. Әкем кәуап кесектерін ризашылықпен шайнап, оның дайындаған асына көңілі толып отырады.

Жанымдағы терезенің әйнегі сынғандықтан бетімнің бір жағынан суық жел соғып тұр. Мойыным құрысып, арқам суықтан мұздап кетті. Әзиз аға айнадан маған алаңдап қарап отыр. Ол автобусты тоқтатты. Бір жапырақ газет пен бірнеше ескі шүберекті терезенің тесігіне тығындап, қайтадан рөлге отырды. Мен оның үнсіз тілін түсінемін. Оның уайымдап отырғанын, менің орнымды ауыстырғанымды қалайтынын білемін. Ол көзімен маған: «Тұр, қырсық кішкентай қыз. Жаурап қаласың. Автобустың түкпіріне бар. Ол жақ жылырақ. Ауырып қаласың ба деп қорқамын», – деп тұрғандай. Мен де оған көзқарасыммен: «Жоқ, мен орнымнан қозғалмаймын. Бұл менің жеке орындығым. Бұл жерден тұрмаймын», – деп жауап беремін.

Маған Әзиз ағаның алаңдағаны ұнайды. Оның анадай мейірімі достығымыздың тереңдігін көрсетеді. Көзімді жұмып, қиялыммен көне заманға, ұлы патшалар дәуіріне саяхат жасаймын. Адал батырлар патшаға

өздерінің риясыздығы мен берілгендігін дәлелдеу үшін қызыл шоқтың үстімен жалаң аяқ жүріп, жеті басты айдаһармен соғысқан заманға кетемін.

Автобус енді қозғалмайды. Жолда кептеліс. Суық барлық жерде үстемдік етуде. Денемнің оң жағы ұйып қалды. Саусақтарымның ұшы шаншып, аяғымды сезбей отырмын. Басым зілдей: ісіп кеткендей, біресе үлкейіп, біресе кішірейеді. Қатып қалдым, жартылай жұмулы қабағымның арасынан далада қар астында айналып жүрген көлеңкелерді көремін. Мұрнымнан су ағып, көзім ашып барады. Бір сәтте денем мұздап, біресе қызып, қалтырай бастадым. Суықтан тістерім сақылдайды. Көз жасым тоқтамай ағып жатыр, оған ие бола алар емеспін. Әзиз аға бұжыр саусақтарымен бетімді сүртіп, аузын ашпай күледі. Оны танитын көмекшілері оның барлық тісі алтын дейді. Мен сенбеймін. Анамнан сұраймын. Ол да білмейді. Әзиз ағаны танымайды да... Бірақ ол мені сұрағымды ұнатпай, ашуланып, егер автобус жүргізушілеріне қарасаң немесе олармен сөйлессең, терінді сыпырып аламын деп қорқытады. Анамның ойынша, тек жаман адамдар мен бұзақыларда ғана алтын тіс болады. Олардың бәрі ұры, қанішер және кішкентай қыздардың басына небір пәле орнатады. Мен бұған сенбеймін және анамның кейде қатыгез әрі өтірікші болып, Азар тәтені «семіз әрі көріксіз» дегенін естігенде жаным ашиды. Анамның көп нәрседен хабарсыздығына, мысалы, көптеген елдің астаналары мен қарапайым есеп ережелерін білмейтініне қапаланамын. Соған қарамастан, меніңше, ол әлемдегі ең жақсы және ең сұлу ана. Түнде ұйықтар алдында ол қасымда отыруы үшін ішім ауырды деп өтірік айтамын. Басымда ол туралы қандай жаман ойлар барын мойындағым келеді, бірақ анамның әрқашан бір шаруасы шығып тұрады, асығып жүреді де, менің сөзіме құлақ аспайды. Егер оның және әкемнің сөздерін есік сыртынан ұрланып тыңдағанымды білсе, мені қатты жазалайтынын да білемін.

Әзиз аға қалың қар мен жол кептелісінен әбден шаршады. Автобусты бірнеше қадам алға жылжыту үшін қанша тырысса да, қолынан келер емес, бейне бір аппақ шөл далада адасып қалғандаймыз. Хасан ағаның даусы алыстан талып естіледі. Ол қорқыныштан налып, қатты-қатты ықылық атып жатыр. Менің де хәлім де түсініксіз. Ауырып қалғанымды сезіп тұрмын. Кепкен шие ішімді түйнеп, жүрегім айнып, құсқым келеді. Әзиз ағаның күртшесін екі қолыммен өзіме қатты қысып алдым, басым айналып барады. Тұрғым келеді, бірақ аяғымда әл жоқ. Аузымды ашамын, бірақ даусым шықпайды. Айналаның бәрі қар: бүкіл автобус, бүкіл қала аппақ. Мен мұздаған ақ күмбездің астында қатып қалдым. Осы қалыпта қатып қалғанымға неше жыл болғандай. Тек екі көзім ғана оттай жанып, жасым тоқтамай ағып жатыр, ал құрғап, кермек дәм татыған аузым су іздейді. Су, су, су...

Опа мен кремнің иісі аңқыған, салқын әрі жұпар иісті қол маңдайымнан сипады. Біреу құлағыма дұға оқып, бетіме үрлеп жатыр. Төсегімнің айналасында таныс жүздер тұр. Шамның жарығында Азар тәтенің үлкен әрі мейірімді көзі жарқырайды. Бибіжанның қайнатқан шөп дәрісінің иісі шығады. Көрпемнің жұмсақтығы мен таза жаймаларымды бірден таныдым, өз төсегімде екенімді және анамның қасымда отырғанын білдім. Жүрегімді жайлылық пен тыныштық сезімі кернеді. Ұйықтап кетіп, түс көрдім: Әзиз ағаның арқасына мініп алыппын. Ол мені ұшатын кілемдей бұлттардың үстімен ұшырып, алыстағы беймәлім қалаларды аралатып жүр. Оның аузын ашып, алтын тістерін көрсеткенін қатты қалаймын, бірақ, тіпті, оның еріндері асыл тастарға толған сандықтың қақпағындай тарс жабық.

Қатты науқастанып қалдым. Доктор Кәусәри әр аптаның бейсенбі күні менің көңілімді сұрап келеді. Кеудем сырылдап, түнде қызуым көтеріледі. Ол келген сайын дәрілерімді ауыстырғанымен хәлім одан сайын нашарлап барады.

Арықтап, өнім сарғайып, өлімші күйге түстім, шашым да сиреп қалды. Маған басқа дәрігерді алып келгенімен оның өзі менен бетер жөтеледі, ал жазған дәрілері ешбір дәріханада жоқ,

Күндер мен апталар желдей есіп, өтіп жатыр. Сабак пен мектеп жайына қалды. Күндіз ұйықтаймын, тіпті ұйықтағанда да жөтелемін. Әжем төсегімнің аяқ жағында отырып, ерні жыбырлап, зікір айтып, дұға оқиды. Оянғанда маған ертегі айтып беріп, аузыма қасықтап ас салады. Күн сайын бөлменің терезесінен бұтақтары жалаңаштанған құрма ағашына қарап, көктемнің келуіне дейінгі күндерді санаймын. Күнде түскі сағат төртте мектептің алдындағы қиылыстан өтіп бара жатқан Шемиран автобусын көремін. Әзиз аға мұнайып, менің бос орныма мұңая қарап, өте шығады. Бәлкім, ол мені ұмытып та кеткен шығар, көлігінің алдыңғы жәшігіне мен үшін салатын тәттілерін басқа қызға беретін болар. Ішім қызғаныштан өртеніп, жөтелім үдей түсті. Анам дереу доктор Кәусәридi шақыртты. Әкемнің мені шетелге апаруға дайындауға бұйрық берген даусын естідім.

Биыл сыныпта қалатын болдым. Мен жылағанда Азар тәтем денсаулықтан маңызды ештеңе жоқ деп жұбатады. Шіркін, жаз тезірек шықса ғой, шие ағашы жапырақ жайып, жеміс берсе екен. Жазда біздің үй әдеттегіден де шулы болып кетеді. Әулетіміз үлкен бір тайпа сияқты. Менің ондаған тәтем, нағашыларым, жиендерім мен бөлелерім бар. Әкем – осы тайпаның көсемі, бәрі оның қас-қабағына қарайды. Жұма күндері бұл тайпа біздің үйде түскі ас ішеді, ал анам қонақтардың жартысынан көбін үйде қондырып алып қалады. Бәріміз жаппай бактағы «ейванда» ұйықтаймыз. Балалар қатар-қатар тізіліп, үлкендер сәл әріректе, Тәбриз теректерінің астындағы ағаш сәкілерде, торлы шіркейханалардың ішінде жатады. Әкем жалғыз өзі алашықта ұйықтайды. Алашықтың екі жағынан ағып жатқан арықтың сылдыры таң атқанша естіліп тұрады. Әжем балалармен бірге жатып, бізге қарайды. Әрқайсымыздың басымызға ішіне мұз салынған бір стакан су, ал жастығымыздың астына бір уыс хош иісті жасмин гүлін қойып шығады. Бәрінің өз орнында екенімізге көз жеткізу үшін балаларды санап, әрқайсымызды атымызбен атап шақырады.

Мен түн тыныштығын жақсы көремін. Піскен жемістердің жүрек соғысы мен жас бүршіктердің жеңіл тынысын естимін. Ұйықтар алдында жұлдыздарды санап, адам кейіндегі бұлттарға қараймын. Солардың бірі Әзиз ағаға ұқсайды. Ол жоғарыдан маған дауыстап, бет-ауызын неше түрлі кейіпке келтіреді. Нағашы ағаларым, бөлелерім сыбырласып жатады, ал әжем жатқан жерінен ұзын шыбығымен олардың аяғынан тартып жібереді. Кіші нағашым қорылымен кирандылар арасындағы иттерді үргізеді. Бибіжан ұйқысырап сөйлейді, ал Туба ханымның таң атқанша үсті қышып, қасынып шығады. Балалардың бірі қайта-қайта осырып, жағымсыз иіс шығарады. Әжем ашуланып орнынан атып тұрып, мұны кім істегенін білгісі келеді. Бәрі ұйықтаған болып, ешкім дем алмай, тым-тырыс жата береді.

Масалардың ызыңы мен жұлдыздардың жыпылықтауынан көзіме ұйқы тығылады. Кей түндері жаңбыр жауғанда әжем қасында дайын тұрған ұзын, үлкен полиэтиленді үстімізге жаба салады. Мен бөлем екеуміз сол қалың жамылғының астында бір-бірімізге тығылып, жер астындағы құмырскалар сияқты басымызға тамған жаңбырдың тырсылына құлақ түреміз.

Ауырғаннан бері бөлмеде қамалып отыруға мәжбүрмін. Қазір мен бәрінен қорқамын. Қорқыныш көрінбейтін адам сияқты барлық жерде жүр. Кейде есікті сәл ашып қояды, ал түстен кейін үлкендер көз шырымдарын алғанда маған келеді. Кейде терезенің әйнегінің тасасында тұрады немесе анамның етегіне тығылып алады. Бүгін таңертең ол айнаның ішінен мені мазактағандай көрінді. Мені жөтелдіретін де осы қорқыныш. Анам енді доктор Кәусәриге сенбей, ол жазған дәрілерді қоқысқа тастайды. Дәрігер нағашым түнде біздің үйде қонады. Ол анаммен келісіп алған: бір түн ол, бір түн анам маған укол салады.

Әкем: «Шетелдік дәрігерлер данышпан. Олар алғашқы рецептпен-ақ ең ауыр ауруларды жазып жібереді», — дейді. Азар тәтем маған мұнды көзбен қарап, мені енді көрмейтіндей бетімнен сүйеді. Хасан ағаның қолында барқыт пен тордан тігілген көйлек киген, сары шашты толық әйел бейнеленген ескі ашықхат бар. Ол бұл әйелді «Париж патшайымы» және Құран мен Мұхаммед пайғамбарға сенбейтін жауыз әйел дейді. Хасан аға мені мен анамды уайымдап, әжемнен бізді сол кәпір патшайымның құрығынан құтқару үшін күні-түні намаз оқуын өтінеді. Анам қуанышты күйде жол сандықтарын дайындап жатыр. Мен болсам қорқыныштың Парижде де бар екенін, қайда барсақ та артымыздан қалмайтынын білемін. Әжем тоқтаусыз намаз оқып, бетіме дем салады. Туба ханым әр кеш сайын маған бауырдың бір стақан сорпасын ішкізеді. Мойныма да, аяғыма да мың түрлі бойтұмар байлап тастаған, ал жастығымның асты төрт бүктелген кішкентай қағаздарға толы.

Әлі күнге дейін күн сайын сағат төрт болғанда мектепте сабақтың аяқталуы мен алыстан келе жатқан автобусты ойлаймын. Ол автобус маған жетпей жатып, жартылай ұмытылған түс сияқты аппақ тұманға сіңіп кетеді.

Әлі де ұйықтар алдында ішімнен: «Мен Әзиз ағаның автобусынан басқа ешбір автобусты мінбеймін», — деп қайталаймын. Бұл — екеуіміздің арамдықтағы серт. Мен бұл сертімге қиямет күніне дейін адал қаламын. Ант етемін. Ант бергенде көзімді жұмып, демімді ішіме тартамын. Сонда жүрегім дабыл қаққандай дүрс-дүрс соғады. Әзиз аға жүрегімнің дүрсілін еститініне және маған жауап беретініне сенімдімін.

Үш күннен кейін жолға шығамыз. Әжем терезенің алдында жасмин гүлдерін жіпке тізіп, маған алқа мен білезік жасап отыр. Барлығы қандай мұнды, тіпті үнемі билеп, саусақтарын шытырлатып жүретін Тоба ханым да баяғыдай емес. Көзі жасқа толып, мұрнын жеңінің ұшымен сүртеді.

Есік қағылғанда ішімнен: «Бұл жаңа дәрігер немесе әпкелерімнің бірі шығар», — дедім. Бізге мың түрлі адам келіп, есік күніне жүз рет қағылады.

Хасан аға бөлмеге кіріп, есіктің қасында тұрып қалды. Ол аң-таң күйде анама есенгіреп қарап тұр. Бірдеңе айтқысы келгенімен батылы бармайды. Әдеттегідей, қорыққанынан ықылық ата бастады. Бөлменің сыртындағы біреуге немесе бірдеңеге ишарат жасағанымен дауысы шықпайды.

Анамның мазасы кетіп, шыдамы таусылды. Ол орнынан тұрып, Хасан ағаның соңынан дәлізге қарай жүрді. Оның: «Кім?» — деген дауысы құлағыма келді.

Хасан ағаның жауабын естімедім. Тек анамның дауысы ғана барған сайын күшейіп, қауіп белгісі сияқты бәрінің мазасын кетірді.

Әжем орнынан тұрып, терезені жапты. Көрпемді иегіме дейін қымтап қойды. Анамның дауысы тағы да естіліп: «Автобус жүргізушісі ме?» — деп сұрады.

Жүрегім зырк ете қалды. Орнымнан жартылай тұрып, төсекте отырдым. Хасан ағаның жауабы сойылайын деп жатқан қойдың маңырағанына ұқсайды. Анамның айғайы басымда жаңғырып тұр: «Кім? Не? Қайдағы автобус?».

Байғұс Хасан ағаның жаны мұрнының ұшына келіп, кекештеніп қалды. Анамның: «Бір бейбақ жүргізуші қалай батылы барып, қызымның жағдайын сұрап келеді?» — деп айқайлаған дауысы құлағыма жетті.

Ол Хасан ағаны «Егер осы маңнан тағы бір рет көрінсе, аяғын сындыруға бұйрық беремін» деп айтуға жұмсады.

Мен көрпемді ысырып тастадым. Төсектен атып тұрып, жалаң аяқ, түнгі жұқа көйлегіммен дәлізге қарай жүгірдім. Тоба ханым мені тоқтатпақ болды. Мен оны итеріп, қолын тістеп алдым. Анам менің бұл оғаш қылығыма таңғалып, тезірек орныма баруымды бұйырды. Қорқытуға еш құлақ аспастан, дәліздің соңындағы әкемнің жұмыс бөлмесіне қарай жүгірдім. Ішке кіріп, есікті ішінен құлыптап алдым. Бөлменің терезесі көшеге қарайтын. Пердені түріп тастап, орындықтың үстіне шығып қарасам, Әзиз аға бейшара әрі ұялшақ бала

сияқты көшенің ортасында не істерін білмей тұр екен. Қолында кішкентай пакеті бар. Ұйысқан шашын тарап, жейдесін тамағына дейін түймелеп алыпты. Кеудесіндегі күйдіріп салынған суреттердің көрінгенін қаламайды.

Терезені ашып, оны шақырдым. Ол жан-жағына қарап, кетпек болды. Дауысымды қаттырақ шығарып, оған қол бұлғадым. Ол бұрылып, басын көтергенде көзі маған түсті. Баяғы сол мейірімділігі жүзін жауып кетті. Көз жасым тыйылмай ағып жатты, тіпті өз сөзімді өзім түсінбедім. Эзиз аға тұрған жерінен басын изеп, менімен амандасты. Оның қуанышында шек жоқ еді. Ол күлімсірегенде дәл сол күлкісімен бірге ғажайып оқиға болды. Оның еріні ашылды. Аузы қараңғы үңгірдей көрінді, ал оның түкпіріндегі бір алтын тісі Аладдиннің шырағындай жарқырады. Осы сиқырлы шырақтан не тілесем де орындалатынын білдім. Көзімді жұмып, қайтадан сауығып кетуімді тіледім. Жөтелім тоқтап, қорқыныш менен кетсе екен дедім.

Парижге жеткенде «Ваграм» қонақүйіне орналастық. Үш күннен кейін француз дәрігері мені қарап, рецептті тәптіштеп жазып берді. Менің жағдайым әлдеқашан жақсара бастаған, жөтелім де азайған еді. Менің құпиям мен алтын шырақтың сиқыры туралы ешкім білмеді. Анам менің бетімнің бері қарағанын француз дәрігерінің біліктілігінен деп түсінді. Бірақ маған кімнің және ненің шипа болғанын өзім білетінмін. Түнде қараңғы бөлмеде жамылғының астында қиялымдағы Аладдин шырағын сипалап, әдеттегі дұғамды қайталайтынмын.

Парижде алты айдан астам уақыт болдық. Тегеранға оралғанда менің мектебімді ауыстырды. Жаңа мектеп үйден бірнеше қадам жерде ғана еді. Сабакқа жаяу барып-келетінмін, бірақ көшеден өткенде көңілім құлазып, көзім Шемиран автобусын іздейтін.

Жылдар зымырап өтіп, мен абыройлы бойжеткенге айналдым. Ескі автобустарды алып тастап, олардың орнын жас жүргізушілері бар жалдамалы көліктер басты. Бірақ уақыт өтсе де, мен өзімнің ескі досым мен сол баяғы сертіме адал болдым. Көңілім түскенде немесе бір қайғыға тап болғанда, кенет балалық шақтағы естеліктерімнің арасынан досымның сол бір таңғажайып тудыратын аузы көрініп, алтын тісінің жарқылы түн қараңғылығында Шолпан жұлдызындай жарқырайды.

70-ші бағыттағы автобус бұрыштан көрініп, баяу жақындап келе жатты. Құлағым баланың: «Мен Эзиз ағаның автобусынан басқа ешқандай автобуска мінбеймін», – деген дауысы келді.

Қызым менен озып барады. Ол автобус жүргізушісіне қолын бұлғап жатыр, ал көзі тентек әрі жұмбақ ойларға толы. Мүмкін, оның да менің ешкімге, анама да, Хасан ағаға да, тіпті бақшаның түбіндегі Тәбриз теректеріне де айтпағаным сияқты, маған айтпайтын бір құпиясы бар шығар.

Парсы тілінен аударған – Айнаш ҚАСЫМ

Голи Тарағи (1939) – Иранның қазіргі заман әдебиетіндегі қаламы қарымды, танымал жазушы. Ол Тегеранның Шамиран ауданында жазушы, журналист Лутфолла Тарағидің әулетінде дүниеге келді. 1954 жылы Америкаға оқуға кетіп, философия мамандығы бойынша білім алды. Қазір Францияда тұрады.

Жазушының ең атақты повестер жинағына «Мен де Чаварамын», «Шашыраңқы естеліктер», «Басқа жер», «Екі дүние» деген кітаптары жатады.

Тарағи «Қысқы ұйқы», «Оралу» және «Оқиға» деген романдар жазды. «Теніз, пері және алтын кекіл» поэмасының, «Анар Бану мен ұлдары» повесінің авторы.

1985 жылы жазушының «Менің рухымның ұлы бануы» шығармасының француз тіліндегі аудармасы Францияда «Жылдың ең үздік повесі» марапатына ие болды.



«Жұлдыздың» шеберлік мектебі

«Жұлдыздың» шеберлік мектебінің осы жолғы дәрісін жапон жазушысы, әлем әдебиетінің классигі Акутагава Рюноскэ (1892-1927) жүргізеді.

ӨНЕР БӘРИНЕН ЖОҒАРЫ

«Өнер бәрінен жоғары» деп түйіндейтін қағиданың шыңы – Флобердің шығармашылығы. Оның айтуынша, «Құдай өзі жаратқан нәрселердің бәрінің бойында бар, бірақ адам баласына өз бейнесін ешқашан көрсетпейді. Суреткердің өз шығармашылығына көзқарасы да сондай болуға тиіс». Сондықтан «Мадам Боваридағы» өзіндік әлем сезімімізге ешқандай әсер етпейді.

«Өнер бәрінен жоғары» деген қағида адамды жалықтырып жібереді, тіптен ұйқың келеді – әйтеуір әдеби шығармашылықта солай.

ЕШТЕҢЕНІ АЛЫП ТАСТАУҒА БОЛМАЙДЫ

Тозығы жеткен киім киген біреудің басындағы қалпағы жап-жаңа делік. Көптеген адам сол қалпақты кимей-ақ қойғаны дұрыс еді деп есептейді... Мәселе мынада, оның әлгі қалпақтан басқа тәуір киімі жоқ. Өзі де ұсқыны келіспеген біреу.

Біреудің жазған әңгімесі жылаңқы сезімге толы, екіншісінің драмасынан зиялылық байқалады, бұл да әлгі қалпақ сияқты. Егер қалпағың ғана тәуір болса, оны шешіп тастаудың орнына соған сәйкес жаңа шалбар, пиджак пен пальто ки. Жылаңқы жазушылар кейіпкерлерінің сезімін тежеуге тырыспай, зиялының бойына өмір нәрін сіңіргені жөн.

Бұл мәселе өнерге ғана емес, өмірге де қатысты. Бойындағы бес сезімін түгел басып ұстайтын діндәрдан әулие шықты дегенді естімеппін. Бес сезімді бірдей тежей отырып, басқа қасиетін дамытқан діндәр ғана әулие дәрежесіне жетпек. Әсіре діндәрларды малша піштіріп тастайтынын естіген Унсенің өзі де (1827-1909 жж.. өмір сүрген буддист) шәкірттеріне: «еркектік қабілет толық көрініс беруге тиіс» деп ақыл айтқан.

Бойымыздағы қабілеттің бәрін шегіне жеткізе дамытуымыз керек. Кемелдікке жетіп, Буддаға айналудың бірден-бір жолы осы.

ШЫНДЫҚТЫ АЙТУ

Сіздер маған ылғи: «Өз өмірің туралы жаз, сырынды ашудан қорықпа!» – дейсіздер. Онсыз да ештеңе жасырмауға тырысып жүрмін. Менің әңгімелерім – белгілі бір деңгейде өз басымнан өткен жәйттер. Бірақ сіздер үшін бұл аз. Одан әрі итермелей түсесіздер: «Әңгіменің кейіпкері өзің болып, басыннан өткен оқиғаны ұялмастан жазсаңшы». Сосын тағы

қосасыздар: «Әңгіменің соңында таблица жасап, кейіпкерлердің ойдан шығарылған есімдерінің қасына шын аты-жөнін жазып қой». Жок, ондайға бара алмаспын!

Біріншіден, сіздерге қызық болса да өмірімнің қыр-сырын түгел жайып салғым келмейді. Екіншіден, бар сырымды ақтару арқылы атағымды шығарып, ақша табуға арланамын. Егер мен де Исса секілді (1763-1827 жылдары өмір сүрген жапон ақыны, швед Стриндбергтің француз тілінде жазған шығармасының еркін аудармасын жасаған) «Кого-кироку» тәрізді өлең жазып, оны «Тюо-короннын» немесе басқа журналдың жаңа жылдық санында жарияласам оқырмандар шу ете қалар еді. Сыншылар жаппай мадақтап, достарым мен таныстарым ақыры ішін ашты-ау деп риза болары сөзсіз... Соны ойласам денем түршігіп, жонымды суық тер басып кетеді.

Егер ақшадан тарықпаса Стриндберг «Ақымақтың жан сырын» жарияламас еді. Басқа амалы қалмаған соң ғана, соның өзінде ана тілінде емес, өзге тілде жарыққа шығарды оны. Қарным ашса мен де өйтіп-бүйтіп тамағымды тауып жермін. Әзірше кедей болсам да ашыға қойған жоқпын. Тәнім ауру болса да жаным сау. Мазохизмге де шалдыққан жоқпын. Еске алуға ұялатын жәйттерді көркем шығармаға айналдыруға кімнің дәті барады? Сол үшін алғысқа бөленсе де!

МЫСЫҚ

«Гэнкай» түсіндірме сөздігінде мысыққа мынадай анықтама беріпті.

Мысық... тұрқы шағындау үй жануары. Кең танымал. Қолға онай үйренеді, еркелей біледі; оны тышқан аулайтыны үшін асырайды. Бірақ ұрлыққа бейім. Сыртқы түрі жолбарысқа келеді, ұзындығы екі сякуға (30,3 см.) жуық.

Әрине, мысық үстелдің үстінде жатқан балықты жеп кетуі мүмкін. Саған қарап оны «ұрлыққа бейім» десек, онда иттер – ұятсыз, қарлығаштар – бөтеннің баспанасына басып кіргіш, жыландар – қатер төндіруші, көбелектер – қаңғыбас, акулалар – жаналғыш болады. Меніңше, «Гэнкай» түсіндірме сөздігін жасаған Оцуки Фумихико – біреулерге жала жабуға бейім кәрі шал, әйтеуір жан-жануарларды қаралауға құмар жалақор.

БОЛАШАҚ ӨМІР

Болашақта танымал боламын деп ойламаймын. Жұртшылықтың, қоғамның пікірі үнемі қате кетіп жатады.

Қазіргі қоғам туралы айтуға да тұрмайды. Периклдің кезіндегі афинылықтар мен Қайта Өрлеу дәуіріндегі флоренциялықтар үлгі тұтар қоғам бола алмағаны тарихтан белгілі. Кешегі және бүгінгі қоғам сондай болғанда ертеңгілер қандай болатынын болжап білу қиынға түспес. Өкінішті, бірақ солар жүздеген жылдан кейін де алтын қиыршық пен кәдімгі құмды ажырата алмай ма деп күмәнданамын.

Жарайды, жұртшылық күндердің күнінде кемелдікке жете қойсын делік, бірақ өнер әлемінде мінсіз сұлулық болуы мүмкін бе? Менің бүгінгі көзім – бүгінгі көз, ол ешқашан ертеңгі көз бола алмайды. Сосын ол европалықтың емес, жапонның көзі. Уақыт пен орынға бағынбайтын сұлулық болады дегенге не үшін сенуім керек? Бірақ Дантенің тозағының жалыны Шығыстың ұлдарын да тітіркентпей қоймайтыны рас. Алайда сол жалын мен біздің арамызда тұманданып он төртінші ғасырдағы Италия жатқан жоқ па?

Оның үстіне, мен қарапайым әдебиетшімін. Бәлкім жалпыға ортақ сұлулық деген шынымен бар шығар, бірақ мен өз шығармаларымды таудағы үңгірге тыққым келмейді (бұл жерде Қытай тарихшысы Сыма Цянның: «жазған кітаптарымның тізімін келер ұрпақтарға жеткізу үшін тас жәшікке салып, таудағы үңгірге тықтым» деген сөзін келтіріп тұр - аудармашы). Мені келер ұрпақ мойындайды деп күтпеймін. Он бес, жиырма, тіптен жүз жылдан кейін мен секілді бейбақтың бұл өмірде болғанын да ешкім білмейтінін көз алдыма анық елестетемін. Мүмкін сол кезде шығармаларымның жинағы Канададағы (Токио қаласындағы кітап дүкендерімен аты шыққан көше) букинистің сөресінде оқырманын күтіп шаңға бөгіп жататын шығар. Әлдебір кітапханадағы жеке томдығымды қағаз құрттары жеп, әрпі танылмастай болып іріп-шіріп кететін болар. Дегенмен...

Кейде ойлаймын, дегенмен...

Дегенмен біреу-міреудің қолына шығармаларым кездейсоқ түсіп қалып, әлдебір қысқа әңгімеді немесе соның бірер жолын оқитын шығар? Тәтті үмітке осылай бөленеміз - сол әңгіме немесе әлгі жолдар болашақ бейтаныс оқырманыма қысқа да болса бір сәттік ләззат сыйлап қалар?

Қайткен күнде де болашақтан мойындау күтпеймін. Сондықтан ондай қиял атаулының бәрі сеніміме қайшы келетінін түсінемін.

Әйтсе де солоқырманды – жүздеген жылдардан кейін шығармаларымның жинағын қолына ұстап көретін оқырманымды көз алдыма елестете беремін. Болашақ оқырманымның қиялында сағымданған тұманды бейнем пайда болар ма екен?..

Ақылды адамдар бұл аңғалдығыма күлетінін түсініп тұрмын. Мен де күле аламын, ол жағынан ешкімнен кем түспеймін. Алайда өзімнің аңғалдығыма күле тұрып, сол аңғалдыққа алданған әлсіздігім үшін өз-өзіме жаным ашиды. Өзіммен бірге барлық әлсіз адамдарға деген аянышым оянады...

КЛАССИКТЕР

Классик жазушылардың бақыттылығы сонда, олардың бәрі өліп қалған.

СОЛ ТУРАЛЫ

Біздің – әлде сіздің бе – бақыттылығымыз да олардың өліп қалғанында.

СЫР АШУ

Ештеңені жасырмай, бар сырын жайып салуға ешкімнің дәті бармайды. Алайда ішкі сырынды ашпасаң жан байлығыңды жеткізе алмайсың.

Руссо сырын жасырған емес. Бірақ ол «Жан сырында» бар шындықты түгел ақтарып салды деп күтпей-ақ қойыңыз. Мериме ішкі сырын ақтаруды жаратпаған. Бірақ қанша жасыруға тырысса да «Коломбода» өзі туралы айтып тұрған жоқ па? Әдебиетте мына шығарма автордың жан сыры, ал мынау олай емес деп нақпа-нақ ажыратып беру мүмкін емес.

ШАЛАҒАЙЛЫҚ

Шалағай шығарма, көлемі қанша ауқымды болса да, терезесі жоқ бөлме сияқты. Қанша үңілсеңіз де адам өмірінің қыр-сырына қаныға алмайсыз.

ДОСТОЕВСКИЙ

Достоевскийдің романдары карикатураға толы. Бірақ, солардың көпшілігі ібілістің өзін мұңға бөлеп, жабырқатар еді.

ФЛОБЕР

Менің Флоберден үйренгенім – адамды жалықтырып жіберетін әсемдік қана.

МОПАСАН

Мопассан мұз сияқты. Бірақ кейде мұзкәмпитке ұқсайды.

ПО

«Сфинксті» жазбас бұрын По анатомияны зерттеген. Кейінгі ұрпақты таң-тамаша қалдырған құпияның сыры осы зерттеуде жатыр.

МЕНІҢ СҮЙІКТІ ШЫҒАРМАЛАРЫМ

Менің сүйікті шығармаларым, әдеби шығармаларды айтып тұрмын – автордың өзі адам ретінде сезіліп тұратын шығармалар. Миы, жүрегі, шынайы сезімдері бар кәдімгі адам ретінде. Бір өкініштісі, жазушылардың басым көпшілігі әйтеуір бір кемістігі бар мүгедек болып келеді. (Бірақ кейбір мүгедектердің ұлылығына тағзым етпеу мүмкін емес).

ТАЛАНТ

Талант пен біздің арамыз бір-ақ қадам. Сол қадамның қандай екенін түсіну үшін жоғары математиканы меңгеру керек, өйткені онда жүз ридін (ежелгі жапон өлшемі, 3,927 км.) тең жартысы тоқсан тоғыз риге тең.

СОЛ ТУРАЛЫ

Талант пен біздің арамыз бір-ақ қадам. Замандастарымыз сол қадамның мың риге тең екенін ешқашан түсіне алмайды. Келер ұрпақтың көзі соқыр, олар да түсінбейді. Замандастары талантты сондықтан өлтіреді. Ұрпақтар сондықтан талантты көкке көтереді.

СОЛ ТУРАЛЫ

Таланттың қасіреті оның «сүйкімді де жанға жайлы даңққа» бөленуінде.

ӘДЕБИ ШЫҒАРМА

Әдеби шығармадағы сөздер сөздіктегідей жалаң да әрсіз емес, көркем болуға тиіс.

1922-1926 жж...

Орыс тілінен аударған *Нұрлан ҚАМИ*



Тілде сүйек жолы

ТОТИЯЙЫН ТІЛДІ ТАРЛАНДАР

«СӘБӘКІ» ДЕСЕҢ ҰТЫЛМАЙСЫҢ

Бір күні әлдебір танысы журналист-жазушы Әшірбек Амангелдиевтен «Құдамның аты Итбай, Итеке дейін десем ұят, ақыл қосшы, қалай атасам болады?» – дейді. Сонда Әшірбек «Сәке» деп атай бер» – дейді еш ойланбастан. Әлгі танысы «Сәке деген нені бідіреді?» дегенде, қушықеш Әшірбек «Сәбәкі» деген емес пе!», – деген екен.

АЛАША ҚАЙДА?

Достығы мықты, әзілі қатты ақын-жазушылар Жүмекен Нәжімеденов пен Қалихан Ысқақ көздері жұмылғанша сыйласып өткен жандар. Қалекен Жүмекенді руы бойынша «Алаша» деп атайды екен. Бір күні Қалихан баспаға телефон шалып:

– Сіздерде Алаша бар ма? – дейді.

Тұтқаны көтерген әйел ашуланып:

– Шырағым, үйдегі сілкіп салар жалғыз сырмақ, жалғыз алашамызды кеңсеге сүйреп жүреді деп пе едің?», – деген екен.

ҚҰЙЫМШАҚТЫҢ ҚҰДІРЕТІ

Ана бір жылдары Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, әйгілі палуан Қажымұқан, әйелі Мінәйім, тағы да басқа бірнеше өнер адамдары тойдан келе жатып, жолшыбай тағы да дастархан жайып, табиғат аясында отыра кетеді. Дастархан басында Сәбит Мұқанов палуанның зайыбына ерекше құрмет көрсетіп: «Батыр жеңгем!» деп бәйек болады. Соны байқаған Ғабит: «Сен бүгін жеңгемізге айрықша жылпылдап кетіңіз ғой», – деп қағытады. Сонда Сәбен: «Ай, Ғабит-ай, аңғалсың-ау, мына шөккен атандай Қажекенді құйымшағымен көтерген жеңгемді батыр демегенде, не деймін!», – деген екен.

АРУАҚТЫ ҚОНАҚҚА ШАҚЫРУ

Бірде әйгілі жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісов әлдебір мерекесін атап өтуі үшін өзінің көңілі қалаған замандастарының, іні-қарындастарының, ұзын-саны отыз бір адамның тізімін жасайды. Сол отыз бір адамға шақыру қағазын жазып, оны таратуды жиені, ақын Мырзан Кенжебайға жүктейді. Бір аптадан кейін жиені нағашысына телефон шалып: «Отыз адамға шақыруынды тапсырдым, тек біреуіне бере алған жоқпын, оны өзің апарып берерсің», – дейді. Қикар шал жиенінің дымын қоймай, сықпырта жөнеледі. Сөйтсе, Әбең әлдеқашан дүние салған, қайтқанына 35 жыл болған Оспанхан Әубәкіровті де қонаққа шақырған екен.

ТӘРЖІМАШЫЛАР ТАПҚЫРЛЫҒЫ

Осыдан он жыл бұрын, 2015 жылы Ли Бао деген қытай ақынын Ли Бай деген қазақ екен, біздің Шу бойында туыпты деп, оның өлеңдерін жаппай қазақшаға аудару басталды. Мазмұнына көз салған біреу әлгі қытай ақынының бір өлеңін екі ақынның аударғанына көзі түседі.

Аудармашылар Ғалым Жайлыбай мен Жаркен Бөдеш. Содан әлгі адам Ғалым Жайлыбайдан: «Бір өлеңді Жәркен екеуің тең бөліп аудардыңдар ма?», – деп сұрайды ғой! Сонда Ғалым: «Жок, Жәркен орыс тілін білмейді, мен былай-былай деп, ұзын-ырғасын қазақша айтып бердім, Жәркен соны өлеңге айналдырды», – деген екен.

ПАРЫЗЫҢДЫ ТОЛЫҚ ӨТЕГЕН АБЗАЛ

1994 жылы Н. Назарбаев ораза кезінде Алматыдағы ескі мешітке келіп, мінәжат етеді. Сол кездегі бас мұфти Рәтбек қажы Нысанбайұлымен әңгімелесіп тұрып: «Реке, мен мемлекет шаруасындағы адаммын ғой, түрлі кездесулер, сапарлардан қолым босамайды. Сондықтан мен ораны 30 күн ұстамай, басында 3 күн, ортасында 3 күн, аяғында 3 күн ұстасам қайтеді?», – дейді. Сонда мәймөңкені білмейтін, тік мінезді Рәтбек қажы: «Нүреке, сіз біреуден 30 теңге қарыз алып, соның тек 9 теңгесін қайтарсаңыз қалай болады? Сондықтан, парызыңызды толық өтегеніңіз дұрыс», – деген екен.

ТАУЛАР МЕН ШАЛДАР

1960 жылы Қазақстанда Сәбит Мұқановтың 60 жылдығы кеңінен аталып өтіледі. Алматыдағы алқалы жиынға Кеңестер одағының түкпір-түкпірінен қонақтар келеді. Ташкенттен Сәбиттің жан досы Ғафур Ғұлам да қатысады. Алайда, бұл салтанатқа Алматыда бола тұра, Мұхтар Әуезов келмейді. Осыны көңіліне қатты алып қалған Ғафур Ғұлам ертесіне көңілсіздеу Алатауға қарап тұрып: «Е, бұл қазақтардың таулары мен таулары қосылғанмен, шалдары мен шалдары қосылмайтын көрінеді ғой», – деген екен.

АЙТЫЛҒАН СӨЗ – АТҚАН ОҚ...

Әйгілі суретші Леонардо да Винчидің туған күніне байланысты Қазақтан Суретшілер одағында үлкен жиналыс өтеді. Одақтың төрағасы Әбілхан Қастеев орысша білмегендіктен, біреулер баяндаманы орысша жазып береді. Оны да дұрыс оқи алмаған Әбілхан қағазды жинап қойып, енді қазақшаға көшеді.

«Құрметті халайық, Леонардо және да Винчи деген екі ағайынды адам болыпты, екеуі де суретті жақсы салыпты» дей бергенде, президиумнан әлдекім: «Әбеке, екеуі бір адам ғой», – деп сыбырлайды. Сонда Қастеев: «Ху...ним», айтылып кетті, енді өзгерте алмаймын», – деген екен.

НЕКЕ ДАУЫ

Бірде Мұхтар Әуезов орыспен бас қосқан суретші қарындасына (Гүлфайрус Ысмайылова) кейіпті. Қаракөз қарындасының бөтенге кеткенін ұнатпаса керек. Қарындасы да жазушының үйіндегі орыс жеңгесін айтып қалыпты. Сонда сұңғыла жазушы: «Менің балам қазақ болады, ал сенікі қазақ болмайды ғой», – деген екен.

Дайындаған: Жұмабай ҚҰЛ

Қадірлі ағайын!

*2026 жылға «Жұлдыз» журналына жазылу жүріп жатыр.
Әр айдың 10-на дейін жазылсаңыз, келесі айдан бастап журнал
қолыңызға тиеді.*

Жеке адамдар үшін	қала	ауыл	Мекемелер үшін	қала	ауыл
Индекс: 75685	бағасы	бағасы	Индекс: 25685	бағасы	бағасы
1 айға	1183,86		1 айға	1449,52	1403,86
3 айға	3551,58		3 айға	4348,56	4211,58
6 айға	7103,16		6 айға	8697,12	8423,16
12 айға	14 206,32		12 айға	17394,24	16846,32

«Жұлдыз» журналына жергілікті «Қазпошта» бөлімшелері, сондай-ақ «Эврика пресс», «Евразия пресс», «Ернұр пресс», «Қазпресс» мекемелері арқылы жазылуға болады.

Құрметті оқырман!

*«Жұлдыздың» электрондық нұсқасын juldyz.info
сайтынан оқи аласыздар.*

Juldyz (Star): 050000, Almaty, pr. Ablai-khan 105; tel. 8 (727) 272-59-44;
f. 1922; monthly; magazine of Writers of Kazakhstan; literary, artistik,
socio-political; **Editor-in-Chief Dauren KUAT**

Мұқабаны даярлаған М. ТҰРСЫНОВ.

Нөмірдегі авторлардың фотосуреттерін әзірлеген —
Б. БАЙҒОНЫСОВА.

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050000. Алматы қаласы. Абылай хан даңғылы, 105-үй, 3-қабат.

**Байланыс телефондары: 8 (727) 272-59-44, 8 (727) 261-65-74.
e-mail: juldyz_kz@mail.ru**

Журнал Қазақстан Республикасының байланыс және
ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп,
2011 жылғы 21 қарашада № 12121-Ж куәлігі берілген.

**Меншік иесі: «ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫ»
Республикалық қоғамдық бірлестігі (Алматы қаласы)**

Айына 1 рет шығады. Таралым 5000. Тапсырыс 284. Басуға қол қойылды: 1.02.2026 ж.
Қағазы 70x108 1/16. Офсетті басу. Баспа табағы 13.

Журналды жеткізу және тарату ісі жергілікті байланыс мекемелерінің міндетінде.
Журнал редакцияда теріліп, беттеліп,
«Алматы-Болашақ» АҚ баспаханасында басылды. С. Мұқанов, 223 «В».